

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

I-том

МАҚАЛАЛАР, ПЬЕСАЛАР

1917–1920

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанапиянов Б., Қасқабасов С., Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш., Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

1-том: Мақалалар, пьесалар. 1917–1920. – 464 б.

ISBN 978-601-294-143-2

Қазіргі заман әдебиетінің ұлы классигі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің көзі тірісінде алты томдық (1955–1956), ал қайтыс болғаннан кейін он екі томдық (1967–1969) және жиырма томдық (1979–1985) шығармалар жинағы басылып шықты. Ал шығармалар жинағының елу томдық академиялық толық басылымының 1-томына жазушының 1917–1920 жылдары жазылған мақалалары мен “Еңлік – Кебек” пьесасының 1922 және 1943 жылдардағы нұсқалары енгізілді. Бұлардың көпшілігі осыған дейінгі басылымдарға енбеген және ертедегі газет-журналдарда жарық көргеннен кейін қайтып ешқайда басылмаған. Жалпы жазушының алғашқы туындыларының қатарына жататын бұл еңбектерден қаламгердің ойшылдық қарымы, шығармашылық бет алысы, қоғамдық, ұлттық, рухани-әлеуметтік мәселелерге деген көзқарасы анық танылады. Бұл басылым Әуезовтің көркемдік әлемі туралы түсінігімізді бұрынғыдан да кеңейтіп, тереңдете түседі.

Кітап қалың оқырманға, сондай-ақ ғылыми жұртшылыққа арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-143-2 (1-том)
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014

ӘУЕЗОВКЕ ЖОЛ

Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама ғасырлар өтсе де сол ұлттың мөрі секілді санаға соғылып, адамзаттың ортақ құндылығына айналады. Ағылшындар үшін – Шекспир, француздар үшін – Бальзак, орыстар үшін – Пушкин, үндістер үшін – Тагор, өзбектер үшін – Науаи, түрікмендер үшін – Мақтымқұлы, азербайжандар үшін – Низами, қазақтар үшін, әрине, Абай. Сол Абайдың ұлылығы мен данагөйлігін ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ әдебиетінің алыбы.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ әдебиетінің алтын ғасырының бастауында тұр. Ол қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқын жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Бір сөзбен түйіндеп айтсақ, энциклопедиялық ұшан-теңіз білім дариясының кемеңгері әрі ұлы қайраткері.

Ұлы суреткер феодалдық қоғам ыдырап, қазақ қоғамы капитализмді айналып өтіп, социалистік қоғамның орныға бастаған тұсында әдеби өмірге келді. Сондықтан да білімділердің бел ортасынан өз орнын ерте ойып алды, ерте жарқ етіп көрінді. Бірақ замана сұранысына дендеп кіріп, кеңестік әдебиеттің күрескері де, жаршысы да болып кете алмады. Қытай ойшылы Конфуцийдің «ауыспалы кезеңде өмір сүрме» деген даналығы дөп келді. Мұхтар Әуезов революцияның қызыл қыраны да, дауылпазы да бола алмады. Ол өзінің жан дүниесін баурап алған ұлы мақсаттарды бірте-бірте жүзеге асырды. Ол жазушылық хәм ғалымдық жол еді. Осы жол Мұхтар Омарханұлына азапты жолға апарды, осы жол Мұхтар Омарханұлын әлем мойындаған қаламгерлердің сапына қосты, осы жол Мұхтар Омарханұлын академиктік дәрежеге, Лениндік сыйлыққа алып келді. Осы жол Мұхтар Омарханұлын шын мәніндегі халықтық жазушы деңгейіне көтерді. Ал халық ижадына енген адамды уақыт

та, заман да, қоғам да тарихтан сызып тастай алмайды. Бірақ осындай халық махаббатына жету үшін Мұхтар Әуезов «тар жол, тайғақ кешулерден», жабыла қапқан аш бөрі сыншылардан, екіжүзді саясаттың, ауыр идеологияның қанды қақпанынан өтті.

Мұхтар Әуезов қандай адам еді! Халық махаббатына қалай жетті, оның озық ойлы дүниетанымын тану жолдары қандай? Сондықтан да жылдар жылжып өткен сайын, жаңа Қазақстанның жас ұрпақтары ұлы классик жазушы туралы көбіне интернеттік ақпаратпен ғана таныс болады да, оның өмір жолының сан соқпақ жолдарынан бейхабар қалады.

Абай Мұхтарды әдебиеттің шыңына көтерді, Мұхтар Абайды әлемге танытты. Бұл – ақиқат.

Абайды тану арқылы Мұхтар Әуезов қазақты, оның тарихын, ұлттық құндылықтарын, салт-дәстүрлерін, аңыз-әңгімелерін, фольклорын таныды. Бұл өз кезегінде Мұхтар Омарханұлының өмірлік принциптерін қалыптастырды. Ол қандай принциптер:

Өз ұлтының ұлы мұраларын тану арқылы өз халқына қызмет етесің.

Ұлт мұрасына адал болу арқылы халқының санасын оятасың.

Халық ұлағатын насихаттау арқылы жас ұрпақты тәрбиелейсің.

Өзін өссең – халқын да өседі.

Осылай Абайды тану арқылы Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің классигі дәрежесіне көтерілді.

Мұхтардың көзқарасын қалыптастырған тағы бір үлкен саяси мектеп бар. Ол – Алаш идеясы. *«Бұл бала Мұхтардың көзі ашық, көкірегі ояу кезіне тап келді. 20 жасар Мұхтар Әуезов «Алашорда» үкіметінің мақсат-мүддесін өмірлік мақсатым деп түсінді, әрі оның жұмысына белсене араласты»* (И. Тасмағамбетов, Т. Жұртбай. Кіріспе сөз. М. Әуезов. 1-том. Алматы: Ғылым. 1997, 16-б.).

Атақты Мұхтар Әуезовтің қолжазба қорында «Өз жайымнан мағлұмат» атты жазбасы бар. Сонда Мұқаң:

«Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарты бітірдім. Бұл кездерде февраль төңкерісі болған. 19-жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік. Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ араласқаным 1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты. Ондағы сөздер сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың,

жастықтың әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты», – деп жазыпты. (Қолжазба қоры, 382-бума).

Тағдыр Мұхтарды «Абай» журналына алып келіпті. Абай жас Мұхтардың алдынан қайта шықты. Атына заты келе бермеген журнал қызметі оны қызықтыра қоймады. Көзқарастағы ішкі қайшылықтар жас Мұхтарды жегідей жейді. Оны М. Әуезовтің «Оқудағы құрбыларыма» атты мақаласынан айқын аңғаруға болады.

«Ендігі халық болуымызға ұйытқы болатын нәрсе – құрыш құрсаулы әділ, қатал билік. Ендігі хакімнің негізге құрылған законы болмаса, жуан атаның еркі ел ішінде жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп-төстеп, қадірлі болатын болса, автономия деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтін болады. Бірақ мұндай күйді бұрынғы уақыт көтерсе де қазіргі уақыт көтермейді... Біз әлі ішкі жұртпыз, талай өзгеріске мойын ұсынамыз. Заман еріксіз мойын ұсындырады... Бұл халді әркім ескеру керек» (М. Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 1984. 15-т. 10-б.).

Мұхтар Әуезов Ресей құрамындағы «Алашорда» үкіметінің жолы дұрыс болғанымен, дербес ұлттық мемлекет құруға жол берілмейтінін түсінеді. Ойын ашық, бүкпесіз жариялайды.

1919 жылдың 1 желтоқсанында Семей губерниялық революциялық комитеті жанынан қазақ бөлімі ашылып, Мұхтар Әуезов соның бір бөлімін басқарды. Жоғалғаны табылып, өшкені жанғандай еді. Енді халық үшін қызмет ететін шақ туды деген ойға келді. Және бұл көзі ашық, сауатты жастардың бәріне ортақ міндет деп есептейді. Осылай М. Әуезов «Қазақ оқырмандарына ашық хат» жазды. (М. Әуезов шығармалары. 1984. 15-т. 30-б.).

«Осы күнде не қылса да оқығандардың бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бағудың ешбір себебі жоқ. Совет өкіметі үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп, пайдалы қызметтерді істеймін десе – қумайды. Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: Оқығанның қайсысы болса да азгантай пайда келтіре аларлығы болса, тезірек қалаға келіп қызметке кіруі керек ... Қазақтың қамын жейтін оқыған болса ...бос жүргеннің бәрі келуі керек» (Сонда).

Бұл ұлттық патриотизмнің жарқын көрінісі. Қалай болғанда да оқығандар мемлекеттік қызметте көп болса, соғұрлым қазақтың, соғұрлым халықтың көзін ашады. Ол жаңа заманда адаспай өз орнын таба білгенін қалайды. Кейін большевиктер партиясының бір мемлекет құру идеясын жүзеге асыра бастағанын көрген соң, саяси жұмыстан біржола қол үзеді. Жан күйзелісін жазудың бір ғана жолы бар еді. Ол – қалам, ол – әдебиет. Әдебиет – үлкен әлем. Оған қаламгер бәрін де сыйғыза алады. Ақ қағаз бен сиясауыт Мұхтар Әуезовті әдебиеттің шыңына көтерді, ол өз қиял-дүниесінің билеушісі болып, сөз патшалығының хакіміне айналды...

Мұхтар Әуезов халыққа өз сөзін, өз көзқарасын жеткізудің бір ғана жолын көрді. Ол – драматургия еді. Әуелі «Ел ағасы» деген 4 көріністі драма жазады. Бірақ ол ізім-қайым жоғалып кетеді. Ал, «Бәйбіше-тоқалдың» жөні бөлек. Бұл шығарма әлі күнге театр сахналарынан орын алып жүр. Әр режиссер «Бәйбіше-тоқалды» әртүрлі қойғанымен, пьесаның негізгі лейтмотиві сақталады. Бір-бірін көре алмайтын бәйбіше-тоқал орыс офицері келгенде жайылып төсек, иіліп жастық бола қалады. Авторлық ремарканың күштілігі сондай, мұнда М. Әуезов қазақ болмысының трагедиясын күнделікті өмір көріністері арқылы дөп көрсетеді, іштегі қыжылын сыртқа шығарады.

1921–1922 жылдар қазақтың басына қара бұлт болып келді. Елді аштық жайлады. Бұл жас Мұхтардың көзқарасын толықтай қалыптастырды. Енді шыдау да, үнсіз қалу да мүмкін емес еді. Ол қазақ қызметкерлері Одағы кеңесінің мәжілісінде запыран сөзін айтты.

«Шындығына көшсек, ашаршылық жайлаған қырдағы елдің қырылғанының жанында, қаладағы аштықтың үрейлі көріністері ойын сияқты әсер етеді. Егерде бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде шешуші шара қолданбаса, онда Қазақ Республикасы қазақсыз қалады».

...«Өкімет басында отырған қазақ қызметкерлері, бұл істі дәл сол күйінде қалдырып қоюға болмайтыны өз алдына, бұл сіздер үшін қылмыс, біз бұл үшін қазақ елінің алдында, өзіміздің арымыздың алдында жауаптымыз» (ҚР МОА. 82-қор. 42-іс. 23–24 парақтар).

Мұхтар Әуезов халық трагедиясын өз трагедиям деп білді. Ащы шындықты ашық айтады, батыл айтады. Мұндай сөзді,

әрине, жүрегінің түгі бар, ұлтжанды адам ғана айта алар еді. Міне, осындай жағдаяттар Мұхтар Омарханұлының жанын күйзелтті, мұндай қылмысты көру де, оған ортақтас болу да өліммен парапар еді. Сондықтан да Ташкентке барып, Орта Азия университетінің дәрісханасына отырды, бұдан кейін де пайыз таба алмай Ленинградтағы университетке ауысып кетті. Елден кеткенмен, ел елесінен кете алмады. Біраз әңгімелері, атап айтқанда, «Қыр суреттері», «Жас жүректер», «Заман еркесі», «Кім кінәлі» атты шағын хикаяттары бірден Мұхтар Әуезовтің атын шығарды. Топ жарып шыға келген жас дарынға біреулер қуанып, біреулер кектеніп қарады. Оның үстіне 1922 жылы «Шолпан» журналында Мұхтар Әуезовтың «Қазақтағы қалам қайраткерлеріне» атты ашық хаты жарияланды. Онда Мұхтар баспасөздің қоғамда алатын орны һәм оқырманға жазушы қандай материалдар ұсыну қажеттігі туралы бүкпесіз ойын айтады. Әрі ұлттың басындағы жағымсыз әдеттерді сынап-мінейді.

...«Бұл баспасөздің басылуы, күшейген уақыты деуге болады. Бірақ, қалың қазақтың тілегіне келгенде, бұл саны бар, сапасы жоқ сөздерге ұқсайды. Өте көп, өте қиын жаңа сөздер сөйленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі қазақтың миына кеп, рухына сіңді ме? Сіңген жоқ. Себебі, бұл сөздер суықтық қылып отыр. Елдің қышулы әсерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен, оқушыны таба алмай отыр.

...Біздің осы күнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ...

...Жазушының міндеті: ел неге қызығады, нені көксейді, қандай рухы бар, соны ұғып алу, һәм соған лайықтап сөз жазу.

...Қазіргі кейбір баспасөздерде көбіне, қазақтың мақтан-шақтығы шығатын болды.

...Шығып жатқан газеттердің бұндай істерге жамандау мен мақтаудан қолы тимейтін болса, оларға бетіңнен жарылқасын дейк... Таза әдебиетке бір жол салу, бет түзеуде, бүгінгі күннің қарызы сияқты...» («Шолпан» журн. 1922. № 2, 3. Алматы: «Анарыс» баспасы, 2010. 70–71-бб.).

Содан бері 90 жыл өтіпті. Ал қазақ баспасөзінің сол кеселі әлі күнге сол қалпында тұрған сияқты. Ойланатын, ойлантарлық мәселе. Хош делік. Мұхтар Әуезовтің бұл хаты биліктегілердің шымбайына тигені анық еді. Ашық ойдан жау іздеу қара шегіркедей қаптап, қоюланып келе жатты. Енді әдебиеттегі «жолбикелермен» күрес мемлекеттік саясаттың бір тармағына

айналды. Әрине, мұндай мақала үшін өкімет Әуезовті қалай жақсы көрсін. «Жолбикелермен» күрес басталды. Өкіметтің «жолбикелері» дегендері кімдер еді? Олар – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Даниал Ысқақов, Жанша Досмұхамедов, Қошке Кемеңгерұлы сияқты Алаш ардақтылары болатын.

Осылай Мұхтар Әуезов пролетарлық әдебиеттен шошынған, ескі дәуірді аңсайтын, оның құндылықтарын жаңа заманның парасат биігінен жоғары қоятын қаламгерге айналып шыға келді. «Қарагөз» трагедиясы сол садақ қадалатын жамбыға айналды. «Қайран елім қазағым, қайран жұртым». Ақыры «Қарагөз» сахнадан алынып тасталды. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал» сынды классикалық шығармаларында Мұхтар Әуезов қоғам мен адам арасындағы тағдыр таласы туралы трагедиялық шешім арқылы тұспалды ой айтты. Бұл ұлтты түзеу үшін қажетті дүниелер еді. Бірақ «тырнақ астынан кір іздеу» оңайдың оңайы. Бұл ретте Иманғали Тасмағамбетов пен Тұрсын Жұртпай жазған мына бір пікірге толық қосыласың.

«Әуезовтің бұл кездегі жан дүниесінің толғағын аңғартқан да, кейін сан өкініріп-опындырған да, ашындырып-аялаған да – осы «Қарагөз». Әлеуметшіл сыншылар әр сөз бен әр нөқаттың арасынан жасырын сыр, емеурін іздеді. Олар үшін «Қарагөз» өткенді аңсаған зар, көшпелі әлемнің жоқтауы ғана еді. Сырымның Қарагөздің қабірі басындағы монологынан құранның уағызын естігендей болады» (М. Әуезов. 50 томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1997. 23-б.).

Бұл дәл айтылған сөз, ащы да болса шындық.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің «Абай» эпопеясына бастаған әдеби жолдың бірі оның «Еңлік-Кебек» пьесасы болды. Бұл пьесаның тарихы, архитектуроникасы, көркемділігі мен бейнелілігі туралы көп зерттеу жүргізген – драма табиғатының тамыршысы, академик, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғали еді.

Рекең «Еңлік-Кебек» аңызының екі әңгіме, екі поэма түрінде төрт нұсқасы болғанын, және ол нұсқалардың барлығы да бір-бірімен алшақ еместігін мысалға ала отырып, Еңлік пен Кебек тағдыры найман-тобықты конфликтісінен туындаған махаббат

трагедиясы екендігін дәйектейді. Нақты мысалдар келтіре отырып, Әуезов пьесасының кезінде сыншылар қаһарының ілігуінің себептерін түсіндіреді. Сөйтсек, мәселе мынада екен. М. Әуезов «Еңлік-Кебектің» алғы сөзін өзі жазыпты. Мұны бүгінгі ғалымдардың көбі біле бермейді:

«Айнымазған: кешегі күні жақынымен жатша жағаластырған алтыбақан алауыздық. Алаштың аты озғанша, ауылдасының тайы озсын деген берекесі, тыныштығы жоқ, бітімі, тынымы жоқ қазақ әлі сол қазақ. Өз қайратын өзі жойып, қасындағы туысқанын қарақтап, өз қолын өзі байлап берген қазақ әлі күнге сол қазақ, өшпеген мінезі осы. Ұмытылмаған әдет, жазылмаған дерт осы». (М. Әуезов. «Еңлік-Кебек». 4 перделі пьеса, 5 суретті трагедия. Орынбор, 1922. 2-б.).

Мұхтар Әуезов жазған сол қазақ бүгінде пәлендей өзгере қойды деу де қиын. Дегенмен, автор 1943 жылы бір рет, 1956 жылы екінші рет пьесаны қайта өңдеп жазып шығады. Егер бірінші нұсқада «Еңлік пен Кебектің» трагедиясы *«алауыздық пен билердің қатыгездігінде»* деген ойлармен тұспалданып айтылса, соңғы екі нұсқасында М. Әуезов екі жастың Шекспирдің Ромеосы мен Джульеттасы сияқты қатыгез заманның құрбаны болғанын шеберлікпен шеше білгенін, оны Жапал мен Абыз аузынан шығатын тебіреністі монологпен бергенін және ондағы халықтық, елдік идеялар туралы ғалым бүге-шігесін қалдырмай талдайды. «Еңлік-Кебектің» үш нұсқасын, ондағы өзгерістерді салыстыра отырып, Рымғали Нұрғали оның *«образдары кесек-кесек, тартысы шыңыраудай терең, тілі жағынан шұрайлы классикалық туындыға айналды»* деп бағалайды. Бұл шынында да кеңестік жүйенің социалистік реализм принциптеріне ыңғайлана түзетілген туынды болғанымен, енді ол оптимистік трагедияның биігіне көтеріледі. Тұрмыстық деңгейдегі шиеленіс әлеуметтік, халықтық сипат алды. Міне, осындай терең ойларды сыншы жымын білдірмей талдап, авторлық идеялардың ұлттық сипатына ерекше ден қояды. Драма-трагедияның жеке тағдырдан туындайтын даралық сипатын халықтық қуатты күштің тууымен дәйектейді. Зерттеуші эстетикалық міндеттерді шешумен, оны санамалаумен әуестенбейді. Ол өзгертілген сөз, сөйлем, образдар арқылы М. Әуезовтің рухани тазарудан рухани биікке көтерілгенін ұлықтайды.

Сонымен, Мұхтар Омарханұлының жағдайы 1930 жылы күрт төмендеп, тұтқында отырады. Тергеу екі жарым жылға созылады. Осы тергеу материалдарын тауып, халыққа жеткізу міндеті тұр. Бұл күнге де жетерміз. Бұл зобалаңнан Мұқаң «Социалды Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттеріне өз қателігін мойындаған ашық хат жазып, әрең құтылады. Бірақ шындықты айтудан тартынып қалған жоқ. Күллі түркі әлемінің құндылығы – қырғыздың «Манасын» қорғаған ерлігі не тұрады?! Бұл, әрине, айтуға ғана жеңіл.

1947 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты қызметіндегі өрескел саяси қателіктері туралы қаулысы шықты. Қазақ әдебиетіне, ауыз әдебиетіне тағы да қауіп төнді. 1953 жылдың 11 сәуірінде аталмыш қаулының орындалу барысы туралы Академияның үлкен залында Президиум мәжілісі өтті. Қазақтың батырлық жырларының халықтық сипаты туралы филология ғылымдарының кандидаты, Совет Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин баяндама жасайды. Қанша батыр болса да, Мәлік ағамыздың партиялық тапсырмаға қарсы тұрар күш-жігері жоқ еді. Партиялық аппарат адамды таптаудың, жоқ қылып жіберудің неше түрлі алғы-шарғыларын жетік меңгергенін жұрттың бәрі білетін.

Пікірталасқа шыққан Мұхтар Әуезовтің көзқарасы қандай? Әуелі Әуезов сын мен өзара сынның принциптерінен кете алмайтынын түсінді. Сондықтан да ол өзінің өткен жолындағы ұлтшылдық һәм пантюркистік пиғылда болғаны туралы баяндамашымен келісетінін жеткізеді. Бірақ бұл идеялардан өзінің баяғыды-ақ бас тартқанын жариялайды. Сондай-ақ өз кемшіліктерін тізбелеп шығады. Сонан соң баяндамашының жеке көзқарастары мен саяси ұстанымдарына ауысады.

М. Әуезов: *«Талқыланып отырған мәселелер бойынша баяндамашы Ғабдуллин қаншалықты принципшіл, қаншалықты әділ. Мұндай сұрақтарды айтпасқа болмайды. Оның баяндамасының бірінші бөлігінде Едіге, Қобыланды, Ер Сайын, Кенесары және басқа эпостар жөнінде бір-бірімен үйлеспейтін керегер пікірлер жоқ па?»*

...М. Ғабдуллин бар кінәні маған артқаны несі? Айта кетейін, сыналған том дайындалған кезде Ғабдуллиннің өзі әуелі институт директорының орынбасары, одан соң директоры болды

емес пе? Онда Исмаиловтың, Жұмалиевтің томды дайындауға қатысуына неге мен ғана жауап беруім керек, бірінші кезекте Ғабдуллин жауап бермей ме?

...Мен партияның әділ және объективті шешіміне берік сеніммен қарап өмір сүріп жүрген адаммын.

...Мен Ғабдуллиннен маған тағылған айыпты жеңілдетуді немесе алып тастауды сұрамаймын, оны өз ұяты білсін.

Мұнан кейін М. Әуезов «Қобыланды», «Қамбар», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» сияқты эпостарда хандардың жағымды бейнесі жоқ екендігіне тоқталады. Орхон жазуларындағы Білге Қаған, Күлтегін, Тоныкөк жырларының тарихилығы мен формалық ерекшеліктері бар екеніне қызығушылық таныту керектігіне назар аудартады. Әрі халық мұрасын тазалап, қолдан жасалған қоспалардан тазартып, халық қазынасын қайтару қажеттілігіне баса назар аударады.

Бұл Қазақстан қаламгерлерінің абыройлы міндеті екендігін айтып, сөзін тәмамдайды.

Мәлік Ғабдуллин азамат, өз-өзіне сын көзімен қарай алатын бірегей тұлға екенін кейін дәлелдеді де. 1955 жылы 28 қазанда Мәлік Ғабдуллин «Қазақ әдебиеті» газетінде «Мұхтар Әуезовке хат» жолдайды. Сонда мынадай жолдар бар:

«...Бір кезде сын деп, сынау деп сыңаржақ кеткен, асыра сілтеген жеріміз болды. Ондайымыз үшін кешірім етуіңізді сұраймын».

Мұхтар Әуезов бұған қалай қарады? Кешті ме, қазақтың екі ұлы тұлғасы түсіністі ме? Түсінісіпті. Мұхтар Әуезов Мәлік Ғабдуллинге «Кірбің кеткен көңілден» деп қолтаңба қойып, «Абай жолын» сыйлайды.

Алды кең, жүрегі таза, озық ойлы Мұқаң ғана мұндай кеңшілік жасай алар еді. Ұлылық деген осы болар!

Қазір «Абай» эпопеясындағы кейбір кейіпкерлер туралы тың деректер айтыла бастады. Мәселен, Мұхтар Әуезов романындағы Шұбар ақын кім? Ондай ақын болған ба? Бұл ретте филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаевтың «Сөз туралы сөз» деген кітабындағы Әуезов туралы естелігіне назар аударған жөн. Мұнда Сұлтанғали Садырбаев 1951 жылғы наурыз айында Мұхтар Омарханұлы Әуезовпен өткен кездесудегі мына бір жәйт туралы жазады:

«Абай да, Көкбай да бәрімізге белгілі, ал осы Шұбар деген ақын кім? Менің білуімше, Шұбар дегеніміз «Еңлік-Кебектің» уақиғасын жыр түрінде жазған Құнанбайдың Күңке деген бәйбішесінен туған Құдайбердінің ұлы Шәкәрім шығар», – деді өңі суық жігіт.

– «Ақын аға» таза тарихы роман емес. Басты кейіпкері Абай тарихи тұлға болғанымен, оның айналасындағы адамдардың көпшілігі авторлық ойдан шығарылған образдар. Солардың қатарында Шұбар да бар. Шұбар Шәкәрім шығар деп, дыбыс қуалаудың қанша қажеті бар?!» – деп М. Әуезов сұраққа шамдана жасауа берді». (С. Садырбайұлы. Сөз асылы сөзде. Алматы: Қазақ университеті, 2009. 224–225-бб.)

Өңі суық жігіт кім, Мұқаң неге шамданды? Әуезовтанушылар үшін бұл қажетті дерек болар деп жазып отырмын.

Бұл кезде Мұхтар Омарханұлы Әуезов кім еді? Бұл кезде Мұқаң «Абай» романын жазған, сол үшін I дәрежелі Сталиндік (Мемлекеттік) сыйлық алған ірі жазушы еді. Бірақ атақ-даңққа Мұхтар Әуезов оңайлықпен жеткен жоқ.

«Абай жолы», «Абай» эпопеясы Мұқаңның бағын да ашты, теперішті де көрсетті. Қоғамдық пікір сан алуан болды. «Абай» романы бірнеше мәрте талқыға түсті. Соның ең токетер сөзін, 1943 жылғы талқылауда қазақтың Ғабені, Ғабит Мүсірепов айтты. Сол сөйленген сөздердегі үзік-үзік пікірлерге ден қойып көрелікші.

«Абай» – қазақ совет әдебиетінде «роман» деген үлкен мағынаға толық жасауа беретін бірінші роман».

«Абайдай» шығарма бұл күнге дейінгі бүгінгі қазақ әдебиетінде болған емес».

«...Қазақ деген елдің елдік дәрежесі шынында қандай еді, тарихтың қай сатысында тұрған еді, осының бәрін «Абайдан» толық көресің».

«Бұл – жазушының өз өзегін өртеп, өз жүрегін тербетіп шыққан өз еңбегі!..»

«Абай» романы бүгінгі қазақ совет әдебиетінің жаңа белі: бұл – «роман» деген үлкен ұғынысқа толық жасауа беретін қазақ әдебиетіндегі бірінші роман, «Абай» шын мағынасында европалық озық әдебиеттердің піскен, саналған үлгісімен жазылған».

Қайран Ғабек! Қалай айтқан! Мұқанды «Абай» романы үшін сынаған ғалым Есмағамбет Ысмайыловтың өзін сын тезіне алады, таққан айыптарын жоққа шығарады. Ұлыны ұлының тануы деген осы емес пе? Бұл талқылаудың да стенограммасы қолда жоқ сыңайлы. Өкінішті. Бұл біреуді айыптау үшін емес, қызыл империяның әдебиеттің өзін идеологиялық құрал ретінде пайдаланып, қаламгердің тағдырымен ойнауды машық еткен, шынайы түр-тұрпатын ашу үшін қажет.

«Менің Әуезовім» деп роман-эссе жазған академик Зейнолла Қабдолов *«Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды, Әуезовті оқымай қазақты білдім деу сондай қиын»* деген келелі ой айтады.

«Романда ... ең бастысы – ұлы Абай өзінің бар болмысымен, тұлғасымен көрінген. Шығарма бізді оның өмірімен қоса, бүкіл творчествосымен, әр шығармасының туу жолымен таныстырады. Абайды көп елдердің өз шығармалары арқылы емес (оларды аудармасы әлі де қанағаттандырмайтыны белгілі), Мұхтар романы арқылы тануы да осының дәлелі» деп жазған академик Серік Қирабаевтың пікірі әлі де өміршең.

Ұлы Абай шығармаларын орыс тіліне ғана емес, ағылшын, араб, француз, испан, неміс тілдеріне кемеліне келтіріп аударуымыз қажет. Өйткені Абайды таныған ел қазақты таныр еді, қазақты таныған ел Мұхтар Әуезов сынды ғұлама ғалымды, классик жазушыны тани түсер еді.

Мұхтар Омарханұлы сомдаған Абай Құнанбаев – ірі тарихи тұлға ғана емес, өз өмір сүрген қоғамның шырмауын үзіп шыққан ұлы ақын да. Ол образ ерекше болуға тиіс. Бірақ тарихи шындық бар емес пе? Абайдың өзінің өлмес өлеңдері көз алдында тұрған жоқ па? Міне, ұлы суреткер Абай бейнесін сомдағанда оның өмірбаянын романтикалық сарыннан арылтып, тарихи шындықтың шымылдығын ашады.

«Абай образын оқығанда, бізді жалықтырмауы былай тұрсын, не нәрсе болсын, ол Абайша түсініп, Абайша сезінуге мәжбүр етеді, – деп жазыпты академик Мұхамеджан Қаратаев. – Абай образының еліктіргіш, иландыргыш күші міне осында».

Әрине, мұндай аталы сөзге иланасың, өйткені «Абай» романы бойындағы бұл көңіл күй оқырманға өте түсінікті. Осылай Әуезов әлеміне өзің де бой алдырасың, оқи бергің, тоқи бергің келеді...

Академик Зәки Ахметов Мұхтар Әуезовтің романындағы әлдебір алыстағы, басқа бір күндердің елесін көргендей болады.

Бұл «Абай» эпопеясының эпилогындағы толғаныс-толғам:

«Алда – өмір, тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз. Шынға келсе, жас-жалғыз. Рас, оның бір қуаты, бір үміті бар екені рас. Қуаты – ақындық, үміті – халық. Бірақ бірі оянбаған күш болса, бірі танылмай, ұғылмай кетер ме? Жетер ме сабыр, жетер ме қайрат?»

Бұл Абай арманы еді. Мұхтар Әуезов Абайды мұндай тебіреніске, жан күйзелісіне неге салды? Соның аржағынан Мұхтар Әуезов армандаған егемендіктің ұшқынын көргендей боламын...»

Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақ әдебиетін әлемге танытты. «Абай» эпопеясы эпостан – эпопеяға дейінгі қазақ әдебиетінің жүріп өткен жолының кемел кезеңін көрсетті. Үлкен әдеби мектеп қалыптасты. Әбдіжәміл Нұрпейісов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Ілияс Есенберлин, Шерхан Мұртаза, Сәкен Жүнісов, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов сынды қазақ әдебиетінің алыптары Әуезовтің рухани мектебінен өтті. Осылай М. Әуезов ғалым, академик, жазушы ретінде жалпы әдебиеттің өркендеуіне үлес қосып қана қоймай, халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларын, көшпенділер мәдениетін жинастырып, зерттеп, оны сахналап ұлтының ұлы тұлғасына айналды.

«Өз басым өзге елге сапарға шығып, өзге жұрттың табалдырығын аттай қалсам, әрқашан қасиет тұтып, өзіммен бірге қастерлеп ала жүретін екі түрлі ұлттық асылым бар: бірі – «Манас», бірі – «Мұхтар Әуезов», – деп еді кезінде Адамзаттың Айтматовы.

«Біздің Әуезовтен үйренеріміз көп. Әуезов Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуірінде алғаш рет лирикалық, психологиялық биік өрелі прозаны жазуды үйретті». Бұл қазақ әдебиетінің бүгінгі абызы Әбдіжәміл Нұрпейісов айтқан сөз.

Бірі Әуезовті «Манаспен» қатар қойса, екіншісі ұстаз деп бағалайды.

Әлемді аузына қаратқан Мұхтар Әуезов туралы әлем қаламгерлері қадап айтқан пікірлерді тағы бір рет жас ұрпақтың жадына жаңғыртсақ артық болмас.

Луи Арагон:

«Эпикалық роман «Абай», менің ойымша, ХХ ғасырдағы ең

үздік шығармалардың бірі. ...Әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын».

Леонид Соболев:

«Мұхтар Әуезовтің «Абайы» – бұл нағыз роман, басқаша айтқанда өмірдің тұтас қыртыстарын қопарған, тұрмыстың, адамдар арасындағы құштарлықтың, махаббат пен өшпенділіктің айқын бояулы суреттерін жасаған және, ең бастысы, есте қаларлық жарқын образдар арқылы халық тарихының өмірлік процестерін жинақтаған, құлашы кең кітап».

Альфред Курелла:

«Сіз әлі Абайды оқыған жоқпысыз? Онда сіз мүлдем ештеңе оқымағансыз... Сіз сол дәуірді көзіңізбен көргендей айна-қатесіз танысыз. ...Қандай тұнық поэзия! Проза формасымен басылған осынау қалың-қалың екі томның өн бойында бір жол қара сөз болсашы!»

Бенжамен Матип:

«Қазақтар туралы бұрын-соңды ештеңе естімегенмін. Шынында, бұл қазақтар – неткен ғажайып халық! Осы кереметтік «Абай» романында қандай тамаша суреттелген! Сіздің бақытты халыққа мен шынайы көңіліммен қызығамын...»

Иә, бүгінгі қазақтың өмірі де, әлем картасында алып отырған орны да бөлек. Абай армандаған, Әуезов армандаған егемен Қазақстанның жаңа тарихы жазылып жатыр. Оның ұлттық паспорты ретінде Абай сол жылнаманың басында тұр. Қазір Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты ұлы жазушының 50 томдық толық шығармалар жинағы мен Әуезов энциклопедиясын шығарды. Бұл – ұлттық қазына, ғылыми қазына.

Абай дегенде – Әуезов, Әуезов дегенде Абай көз алдына келіп тұра қалатыны бүкпесіз шындық.

«Сіз Әуезовті әлі оқыған жоқсыз ба? Онда әлі ештеңе оқымаған екенсіз...»

*Уәлихан Қалижанов,
М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының директоры,
ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы*

Мақалалар



ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ МІНЕЗДЕРІ

Газета* жүзінде қазақтың һәртүрлі* кемшіліктері түртіліп жазылып жатыр. Мысалы: ұйымсыздық, күндестік, парақорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің халі деген сияқтылар. Рас, мұның бәрі аянышты халдер, бірақ бұлар әр міннің бұтақтары. Роман, өлең, мақала жазушылар да осындай ұсақ кемшіліктерді көрсетпек¹. Қазақтағы неше түрлі болып тұрған ауыр халдердің түпкі негізгі, тамыры қайдан тарап, бұл күйге ұшырағанын ешкім қолға алып, мәтбуғат² жүзінде қозғап көрген жоқ. Соның үшін бұл терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректерді қыздыруға сөз бастап отырмыз³.

Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл әрі жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен. Рас, ол уақыттағы ұйымшылдық күні үшін болса да, жүре-бара бет түзеп, қалып алатын сүреңі бар сияқты еді, естуімше. (Әрине, халық болған соң түгел самдай, мұнтаздай еді деуге келмейді, надандық уысында талай оқшау мінездер болған, оған орын беруді артық деп білеміз).

(... . . .) ***

Ол қылықты түсініп, түзу жолға салушылар болса да дүниауи ғылымдарда кіріп, тамырлап, бұтақтап кетуге ықтимал еді, бірақ кожа, молда, ишандардың схоластик (алық) ғылымын таратып⁴, елдің ойын, рухын, қол-аяғын кісендеп, бір кесімді тар жолға тығып, адамшылықты тағдырдың қазығына қылқылдатып байлады да қойды. Түсінгенше қазаққа дін де оп-оңай сіңіп кеткен

* Газета — газет.

** һәртүрлі — әртүрлі.

*** (... . . .) — жойылып, өшіп қалған сөз орны.

жок, түсінген соң табандап іске асырғыш еді. Сол кезде халықты меңгеріп ұстап тұратын азулы, айдыңды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күші кетіп, мынадай соққы жолықты. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұды басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. «Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» деген халге ұшырады. Қеменгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті⁵.

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның өсімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады. Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл — бір. Екінші, сол уақта, өзі сурет ала алмаған бірлікке⁶, қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздық залымдық, қара бұлттай қоршап, халықты астан-кестен қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен-күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне — осы күнгі.

Партиядан тарайтын фитнәнің⁷ бірсыпырасын айтайық: партия басталғалы мал азайып, кедейлік килікті. Себебі: болыс болатындар аямай малын шашып, құрып болған жағдайда сол малын өзіне түсіре алмай, қалғаны онан жаман құриды. Екінші, партияның малын жаудың малындай ішіп-жеген халық (оны) қайта құсып, қолындағы өз малын азайтты. Партия кәсіпке кіріспеуге үлкен себеп болды. Шаруа жағының қырсығы бұл.

Енді «дін» жағымызға не келтірді?

Қай жұрттың болсын қасиеті уағдашылық, антқор еместік, құдайдың атын жеңілге саймаулық еді. Біздің қазақта аруақ, құдай, ант-иман, құран дегеніңіз бержебайшының ісіндей қадірсіз⁸. Құдайға қылған құлшылық, қайыр-садақа партияның берімсегіне жүріп кетеді. Дінге келген кемшілік осы.

Енді қазақтың мінезіне (ахлаққа)⁹ тигізген зияны мынау: ұрлық, зорлық, қорлық, өтірік, өсек, алдау, қулық, сұмдық, айдау, байлату, кісі өлу — рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, тұрақсыздық, настық, жалқаулық деген нәрселерге шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. Бір туысқан түгілі әке

мен бала партияға таласып күндескен соң, адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жақыны — досы, жалғыз ғана басы — құлқыны.

Партия халықтың бірлігіне, ерлігіне қолқабыс қылды ма? Намысты қоздырды ма? Жок. Бұған таласымыз жок. Бірлікшіліміз, ұйымшылмыз, жауынгерміз дейтіндер табыла қоймас, алтыбақандық, қазанбұзарлыққа мақтансақ, мақтанайық¹⁰.

Сүйтіп, ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды.

Осындай ортада өскен бала да жамандыққа салынып, жіті оқығандарында да көпке шейін таты кетпейтін көрінеді. Мысалы: «Ұлтым», — деп оқып шыққандар халық арасына келсе, қарая бастайды.

Сайып келгенде, қазақта қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын — тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын — өзімшілдік, ездiк.

Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз — оқығандарда. Оқығандар ендігі жас балаларға өздері үлгі болып, надандықтан шығарып, адамшылықтың жарық жағына сүйреуге міндетті. Соларға қазақтың мінездерін тастатып, айнымай, қажымай, таза жүрекпен кемшіліктерге қарсы тұрып, бірлік жібіне жармасуынан басқа не тілей аламыз.

Семей семинариясында оқитын:

Аймауытов Һәм Әуезов

АДАМДЫҚ НЕГІЗІ — ӘЙЕЛ

Адамның ғұмыр кешірімек кәсібінің терең түбіне қарасақ, хайуанша күндік қоректі таспен атып, ағашпен ұрып аң аулап жеп немесе жеміс теріп жеп, қарны тойса аңша бір жерге жата кетіп жүрген. Ер жағы қара басынан басқаға қарамай жүргенде, балаларын баулып, асырап, үйлік ұйымның басын құраған — әйел¹.

Адам баласы қызықты ғұмыр кешірімек боп қуанып, үмітпен өсіп, жылдан-жылға қызуы басылып, суынып, ақыры кейін өледі.

Неліктен? Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі — тіршілік қамы, бірі — адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайдамақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаным, ең болмаса аталасым болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып, талап қылу, бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады². Екінші, менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл — инсаният, яғни адамдық жолы³. Бұлар бұрынғы Толстой сықылды хақимдердің айтуында⁴, екінші, марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың»⁵ — деген мақалы да, һәм пайғамбар ғалаи-с саламның: «Адамның жақсысы адамға пайдасын тигізген»⁶ деген хадисі де көрсетеді.

Бүгінгі дүниеде бұрынғы тіршілік кәсібіне тас пен ағаштан басқа амалы жоқ боп жүрген адамның баласының өнері қандай өскені һәммеге* мағлұм. Яғни, аспанға құс боп ұшады, суда балық боп жүзеді, жансызға жан бергендей от арба, кеме жүргізген сықылды санан та болмайды. Бірақ адамгершілік құлқы өспеген соң жақсылықтың бәрі жамандыққа айналып, бар дүниедегі маңдай басы елдердің үш жылдай адамның көзінің жасы мен қанынан дария ағызып жатқаны мынау⁷.

* Һәммеге — баршаға.

Осы айтылған мағыналы адамшылық туралы өзіміздің ішімізге келсек, бір атаның көздің қарашығындай екі баласы бірімен-бірі аңдысып, алдына таман, алысқа қарамай, бірін-бірі қарауылдап, қыли болып отырғаны мынау. Адамның кейіп, «дүние шіркін-ай!»— деп өлмегі екі көздің бірінен күткен достығы қастық боп шығып, әмсе жер соға бергендігінен. Әйтпесе, жасындағы алланың дүниесінің қысы, жазы, күні, түні өзгергеннен емес! Енді дүние осылай әмсе өте ме? Дауасы бар ма? Бұл туралы адамның ішкі сырын ақтара қарап, аудара сынаған кемеңгерлердің сөзіне қарасақ, әділет мархаметтің негізін былай деп шешеді⁸.

Әуелі адам баласының келешектегі адамшылығына ірге болатын істі сол адамның ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді⁹. Сонан кейінгі ол адамның өмір жолында көретін жақсы-жаман үлгісінің бәрі жамау, ия бояу болады. Жә, сол адамшылығымызға үлгі салатын органың көп түрлі түрлі істерінің ішіндегі бізге ең әсерлісі қайсы?

Бұл туралы және сол білгіштердің шешуі мынау: адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады¹⁰. Сол сүйген кісісінен сүйіп алған үлгі жүрегіне нық орнайды дейді. Бұған қарағанда біздің ой-буынымыз қатпай тұрған бала күнімізде ең әуелі елжіреп сүйетін кісі кім? Ол анамыз... Бұлай болғанда біз адамшылығымызға ірге болатын құлықты әкеміз қандай ғалым болсын, қой сауып, тезек теріп жүрген анамыздан аламыз. Бұлай болғанда өмірінде әділет, мархамет, махаббат деген нәрсенің атын естімеген ананың харекеті үй іші мен от басынан, ғайбат өсектен аспаған анадан ақ жүрек, адал ниетті қамқор жан тууы мүмкін бе? Бұл себеп әр адам өзінің балалық күніне көз салса, бір қазақтың баласының анасынан болатын мына түрде болады: әуелі, ана — балаға байлық, барлықтың өзінде болғандағы бағасы, дәмі қандай, өзгеде болғандағы көзге күйіктің пайдасыздығы қандайын үйретеді. Онан соң өзің ретті құрбының өзіңе қатарласа алмай қалып жүргенін жақсы деп үйретеді. Және неше түрлі өзінің ауданы аз¹¹, түрсіз¹², қараңғы ойына кіретін жаман мінезінің бәрін баласының сіңіргіш жүрегіне жұққызады, бұдан кейін әр бала қызғаншақ, өзімшіл, мақтаншақ, пайдакүнем сұмырай мінездерді ойына артып алады¹³. Ана талқысынан асқанда бала шет жағалап әке ақылына құлақ салады.

Бірақ оның жақсы түрлері болса да әлгіндей түрі тағлім* көрген балаға көбінесе жұқпай кетеді. Бұдан кейін бала құрбы арасына кіріп, құрбының мінезі мен әдетін көреді. Ол құрбылардың бәрі де әлгі баланың шыққан анасындай аналардың қолынан шыққан соң, олардағы адамшылықтың нәр жұғынының шамасы да белгілі болады.

Бұдан кейін бұл бала қандай оқысын, қандай үлгісі мол ортада жүрсін әуелгі анандан алған өрнек ішкі сырының арқауы болады. Бұл арқауының маңызы қара тастай болып салмағы бір кездегі көрген, естіген, білгенінің бәрін басып жағып алады. Сол себепті бізде қайратының жалыны жаланған айқынды ұлтшыл шоқ саны белгілі бірлі-жарымды айтып та керек емес.

Қай уақытта қай халықта болсын, білім жолында жұрт қатарына жетерлік халық болу жолымда ең керекті шарт — ақ жүректі екпінді ерлер¹⁴. Халықты ілгерілететін дөңгелек солар. Оларсыз мақсатқа жақындау мүмкін емес. Бұлай болғанда алғашқы сөзімді қайта айтамын. Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежесінде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп үй ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген.

Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген — әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты¹⁵ әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігінді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!

Семинарист Әуезов

* Тағлім — тағлым.

ОҚУДАҒЫ ҚҰРБЫЛАРЫНА

Өзіміз көріп жүрген қандай үлкен нәрсені алсақ, сол үлкенді үлкен қылып тұрған, біраз ғана жиылып шоғырланған алғы кішкене нәрсе¹. Осы кішкене нәрселер мықты болса, ана үлкендеріміз де мықты болмақ. Ол морт, сынғақ осал болса, әлгі үлкен нәрсе де осал болмақ. Бұл бірді-бірге себеп қылып тізіп, жалғастыра жаратқан жаратушының шебер қолының дүниенің ісіне кіргізген өзгеріссіз жолы.

Жә, осыған қарағанда ұлт тізгінін ұстап тұрған оқығандарымыз, солардың істерінің таудай болып үлкейіп, дабырайып көркеймегіне не шарт? Әрине, бірінші — сол оқығандардың бірлік, берекеде болып шоғырланбағы шарт. Екінші — (олардың) істері маңызды, орнықты, табанды болуы үшін әрбір оқығанның ақтығы, екпіні, білімі (шарт)². Рас туғаннан білімді, ұлт ісіне екпінді ажзүрек болып туа қоймалық³, бірақ алдыңғы оқыған қамқор ағалар не ойлап, нені істеп, нені арман қылып жүр. Соны біз істемесек те білу, бетін ұғу керек емес пе?

Біздің мақсатымыз — мал табу, шен тағу емес, надандық неше батпан (болып), үстіне артылып зілдей қылып жатқан ауыр халқымызды өрге сүйреудің әдісін, тәсілін табуға тырысу керек екенін ұмытуға жөн бе? Қашан да болса адам махаббат, мархамат, ақтыққа жастай шөлдесе, жастай сағынып талпынса сүюге, ұлтшылдыққа, адамшылыққа жеткізбекші емес пе?

Бұл жүректің сіңіргіш таза уақытын өткізіп алсақ, үлкейгенде жыласақ та, қалай өзімізді күйінішке жегізсек те әлгі нәрселер келер ме?

Осы туралы өзіміз ретті оқып жүрген бір буын құрбыға айтатын аз назымыз бар. Бұл мезгіл халқымызға ақыры тез. Бұдан кейінгі мінез өмір бойы мінез болып қалады емес пе⁴? Осыған қарағанда біздің көбімізде халыққа мінезімен жақсы болмақ

түгіл, оқығандар деген атқа кір жұққызатын, жаман мінездер көп. Оның бірі — карта⁵, газет бетіне қарамайтын, қазақ ісінен хабарсыздық, басы құралмайтын берекесіздік, үзілмейтін маскарад*. Жас уақытын мұнымен өткізген жігіттің үлкейгенде отты, қажымайтын отаншыл болуы дүдәмал.

Жігіттер! Ендігі уақыт жазғытұрғы күншуақтай жанға жайлы емес пе⁶? Осы рахымды күннің жылуына қызып біз де аз ғана білімімізді, аз ғана қайратымыздың кішкене қызметін адамшылық жолына салып, ақтыққа жұмылайық. Қала-қаладан ұйым ашалық. Халықты түзетуді жол қылайық. Бұрынғы жаман әдетті тастауға тырысалық, әйтпесе болыстық тигізетін інілеріміз жетіп келеді деген алдыңғы ағалардың қуанышын күйінішке айналдырып, «қарғайын десе жалғыз, қарғамайын десе жалмауыз» болып жүрмелік. Онда біздің оқымағанымыз, болмағандығымыз артық.

Мұхтар Әуезов

* Маскарад — ойын-той, ырду-дырду мерекелік кеш.

ҚАЙСЫСЫН ҚОЛДАНАМЫЗ?

Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен-күнге мұхтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұхтажымыздың ішінде ең ірісі — ғылым. Рас, мұны ұқтық. Құдайға шүкір, бетіміз жаман емес. Азды, көпті білімін халықтың жолына салып, соның бақытын арман қылмай жүрген оқыған қазақ аз. Бірақ қай істің болсын, өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі, ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек¹. Қазіргі біздің жұмылып, қолға алалық деп тұрған ісіміз — оқу². Бұл оқу туралы әлгі айтқан үш шарттың алғашқы екеуін бізде бар деуге болады, бірақ үшінші жоқ. Мұсылман медреселерін бітірген мұғалімдерді, семинария бітірген учительдерді алсақ, бәрінде де бірінші, қазақ баласына білім білдірсем деген ниет бар: екінші, қолынан келетін күш бар; бірақ мақсатты жерден шығаратын тәртіп жоқ. Жә, бұл, қолға түспей тұрған тәртіп қайсы?

Қай мектептің болсын жаны — оқу құралдары. Ғылым жолында талай басқышқа мініп кеткен өзге жұрттарды алсақ, бәрі де жылдан жылға оқу кітаптарын жаңғыртып, бір жақсыдан бір жақсысын таңдап отырады. Сүйтіп, оқу кітаптары ылғи жазылып, жаңарудан бір босамайды. Қазаққа келсек, мектепке арналған ретгі бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол — ғылым тілі³. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жамау қылып, неше түрлі болып аламыштанады.

Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күніндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді.

Бұл, ғылым тілі деген мәселе — өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын «шеш» деп, дікілдеп қысатын мәселе. Сондықтан бар қазақтың оқитын баласының бірінің білімін біріне жанастыра, бір жолмен оқытуы керек. Һәркім Һәр жерде өз машықты жолымен төпей берсе, ол аз күшті ыдыратқан, береке ұйымы жоқ бір оқу болғаны. Бізге осы күннен оқу тілі мәселесін ашып, бір жолға бетті түзеу керек. Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек. Сонан соң не мұсылманша оқығандар болып, не орысша оқығандар болып, бір жағына елігіп, белгілі-бір жолға түселік.

Мұхтар Әуезов

ҒЫЛЫМ

Адам баласының ақылының ғылым жолындағы тарихын қараған кісіге белгілі: әуелі адам жыртқыш хайуандар дәрежесінде жүріп, өмірлік мақсаты — ішпек, жемек, жылы, жайлы жерде жан тыныштық қылып, қайраты мол аңдардан қашып-пысқанды айла қылып, күндік қорегі өлексе, айласыз, айдынсыз, әлсіз ұсақ аңдар болып жүрген. Бұл — адам баласы жуан аңдардың тізесінен құтыла алмай, ақылының кеңі алмай, қашқын, қуғымда өлмесем деген сезімнің ғана артында, сыбағасыз жүрген өміріндегі бір буын еді.

Бірталай заман алыс-жұлыс, ит жығыспен өтті. Жүре-жүре ақыл-айла үстке шықты. Адам өзгеден сытылып жекеленді. Бұрынғы күндік қорек, дене тірлігі қауіпсіз сатыға мінді¹. Ендігі өмірдің беті құлаштаған кең ақылдың ізінде болатын болды. Бұрын адам ағаш, су, тау-тасты керемет деп қана санан жүріп еді². Бертін келген соң олардан ексе егін, тапса пайда шығатынын дүниедегі хәр нәрседе өзінің есебі барлығын тауып, хәр уақытта айламен ерінбей ізденіп, сыбағасын жырып алып қалып жүрді.

Адамның ғылым жолындағы өрлеуі — алғашқы жуан білек аңдарға жем болмауға айла тапқаны секілді. Өмір жолын арттырсам, дүниедегі көрнекті сатыға шықсам, кісі жуандығын көрмесем, молшылықта болып, зарықпай жетсем деген жігері мен талабынан болған. Әрине, өнер-ғылым бар адамның басынан бірдей шыққан емес, хәр заманда өмір ауқымы адамның ілгері басуымен хәм бірен-саран сол заманда шыққан жолбасшы білгіштерінің арқасымен табылған. Бірақ көптің нәпсілік керегін іздеп, адасқан жолын білгіштердің мақсатына тіркеп, барлық жазық сендерде деу — зор қиянат. Олардың іздегені — бір ғана хақиқат³.

Адам баласы өсті, өнді. Бұрынғы кең жер, кең тамақ азайды. Айла құрып, ебін таппаса, тегін еш нәрсе болмады. Ел болғанда лаж тапты. Мал бағу, егін салу секілді кәсіп шығарды. Шаруашылық кіріп, адам көбейіп, жер азайып тозуға айналған сайын шаруа ғылымы түр тауып, гүлдене бастады. Жұрт патшалық-патшалыққа бөлініп, бірінің жері аз, бірінікі көп болды. Бұдан, тіршіліктің ауырлығынан соғыс шықты. Бірін-бірі жеуге найла* арттыруға тырысты. Ол көп соғыс, көп найла туғызып, арты бүгінгі күні мынадай сатыға шығып тұр⁴.

Адамға киім керек болды. Жұрт ылғи аңшы болмады, Аңның терісі киюге ыңғайсыз болды. Жүннен, қылдан бұл тоқуды тапты. Қолдан тоқыған бұл көпке бірден жетпейтін болған соң, ақыры келіп ісі өнімді фабрика шығарды. Сауда шықты, есеп ғылымы шықты. Бір патшалықтан бір патшалыққа, бір қаладан бір қалаға тез баратын төте жол керек болды. Бұдан, әуелі су үсті қайықтар, одан кемелер, аяғы пароход, от арбалар, аэропландар шықты.

Өмірдің тізесі өткен сайын адам күннен-күнге түр тауып, дүниенің (жаратылыстың) һәртүрлі сырын ашқан, сол сырлардың қорытындысынан шыққан осы ғылымдар. Бұл — бар адам баласының тіршілік ету жолына жұмсалып, жанасып отырған дүниауи ғылымдар⁵.

Бұдан соң өзгеден һәр қилы білімі, адамшылығының кеудесі асқан кемеңгерлер адам баласының адам деген атына лайықсыз хайуани бұзық мінездерін көрген соң, соны түзейміз деп адамшылыққа, хақтыққа жөн сілтеп, жол нұсқады. Бұл шешен, терең сөздер талайдың көкейіне қонып, кеңіліп оятты. Көп көруді ғана мақсат қылмай, шапағатты көксейтіндер де шықты. Бұлар көпшіліктің жаман мінез, жаман ісінен жиренді. Қайтсек осы жаманшылықтардан халықты сергітеміз деген ой бәрінің миын шірітті.

Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге білетіндігін және түзелу, бұзылу жас уақытта болатындығын тапты⁶. Осымен көпшілікті адамшылыққа жеткізу үшін жас буынды тәрбиелеуді қажет ұғып, оның жолымен жүргендерді таза деп білді.

* Найла — айла.

Адамшылықты таза жүргізу үшін көп ой керек. Ой ойлау үшін оқу керек. Және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, хақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңілін хақтықпен тәрбие қылу керек деп, шқолдарға һәртүрлі ғылымдар кіргізді. Олар: шежіре, әдебиет, жаратылыс ғылымы һәм заңы, өлшеу тағы басқалар.

Бұл ғылымдарды жалғыз жаттап қоймай, алған білімін іске асыра білсін деп, мысалы Америкада әуел бастағаннан іспен араластырып оқытады⁷. Ғылымның артынан еріп, көрсеткен жолымен жүрген жұрт бұл күнде өмірдің төрінде. Әуелгі ғылымсыз адам мен бұл күнгі ғылымды адамды алсақ, екеуінің арасы айласыз хайуан мен ақылды, айралы адамның арасындай.

Ғылымның қазіргі халіне қарасақ, аспанда ұшып, су астымен сүңгіп, тау тесіп жол қылғанды місе қылман, күннен-күнге жасырынды анық қылып, бұлдыр нанымды қалдырып келеді. Қазіргі ғылым айтқан сөздерінің шындығын көп дәлелмен жан-жағынан тіреу қойып, бекітіп, айқын нәрселерден мысал келтіріп, көзге көрсетіп, қолға ұстатқандай қылмаса, өзі де тастым демейді. Ғылымның мұндай бекітіп шығарған жолдарын дәлелсіз мансұқ қылуға болмайды. Бұрынғы мұқтаждық шығарған бірен-саран ғылымның бұл күнде ұрығы әлденеше тарауға бөлініп кетті. Бұл уақытта сол көп тараудың бір тарауын түгел біліп шығуға бір адамның өмірі эзер жетеді. Және ғылымның һеш уақытта кәмелетке жетіп тоқтауы жоқ. Адам құрымаса, ғылым өрлей бермек, адамның түсіне кірмейтін неше түрлі ғажаптарды шығармақ. Ендігі көпшіліктің тілеуі, беті сол ғылымның сүрлеуімен барып хақиқат тауып, қараңғы өмір жолымен құтылып, жарыққа шықпақ.

Қазіргі адам баласының наданын былай қойып, білімдісін алғанда, ғылымның жолына түсінген жоқ деуге болады. Түсінген жолдары тән рахаты, нәпсі құмарлығы, өмірдің ғана керегі. Бұл — ескі бабалардың өмір қалпы. Шын ғылым жолына түсінсе, шын көздеген мақсаты — адамдық, ақтық болар еді⁸. Бұл — мақсат болып, тәрбие жақсы тәртіппен кіріп, жүрегі махаббатқа толған адам көп болар еді. Бірақ мұндай адамдар көпшілікке қарағанда, сирек шығып жатыр. Бұл — тәрбие ғылымын таза тұтынбағандықтан, әзір адамның нәпсілік керегінен ұзай алмай, һешкімнің ірілігін көтермесем, өзім ірі болсам деген секілді мақсаттардың ғана маңында жүргендігі.

Әйтпесе, ақылдың терең көзімен қарағанда, осынша ақылға қожа болған адам бұл хайуан мақсаттан алыстап кетсе керек еді. Мұншаны тапқан көркем ақыл, көсем ғылым осы араға ғана келіп тоқтап қалмай, адамшылықтың иман жүзді жарық күнінін астына апарып, бар адам баласын бұрынғы қаскүнемдік, қанішерлік жауыздығын тастатып, бір сүйіспеншілік, бір туысқандық жүрекпен табыстырса керек деп білемін.

Мұхтар

БУДДА

(Перевод Толстойдан)

Ғайса пайғамбар¹ дүниеге келместен жүз жыл бұрын Гималай тауынын етегінде бір Саки² деген халық тұрыпты. Патшасы Судходана³ деген кісі екен. Патшаның екі қатыны болды. Бірақ ешбірінен де бала болмады. Кәрілік алқымдап қалып, артында бала қалмайтындығы уайым болып жүрген уақытта патшаның зор қуанышына үлкен қатыны Майядан⁴ бір еркек бала туды. Баланың аты Сейдхарта⁵ болды.

Сейдхарта 19 жасқа келгенде әкесі бір ағайынының Базугар⁶ деген сұлу қызын баласына алып береді. Баласы мен келінін бір тамаша бақшаның⁷ ішіне салынған салтанатты сарайда тұрғызды. Жас Сейдхартаның бақшасы жүректің бар тілегі табылғандай жан саясы бір көрікті орын еді. Судходана жанындай көретін жалғызы мехнат көрмесе екен деп, баласының нөкерлеріне: «Баламның көңіліне уайым түсіріп, күнгірт ой ойлатарлық көзіне һеш нәрсені көрсетпендер», — деп қатты тапсырып қойды. Бақшасының ішінде не кірлеген, не тозған, не бұзылған еш нәрсені көрмейді. Қасындағы нөкерлері баланың көзіне һешбір жаман нәрсе көрсетпейміз деп, ағаштың сарғайған жапырақтарын да жұлып тастап, оған кәртайған хайуандарды да тұрғызбай, орындарына жас, сау хайуандардан әкеліп қойып жүрді. Маңындағы нөкерлері ылғи жас қыз, жас жігіт болды. Осымен баланың көргені өзінің жас бітіміндей саулық, қуаныш, қызық, жарастық қана болды. Осылайша бұл бақшаның ішінде үш жыл өмір өтті⁸. Бала бұл қалыпты өмірден жалығып, басқа адамдардың да өмірін көргісі келді. Бір күні таңертең ерте тұрып Шанна⁹ деген көшіріне ат жеткізіп қалаға келді¹⁰. Қаладағы үйлер, көшелер, көп халық, лавке, бұлдар — бәрі де көруге қызықты нәрселер болып, Сейдхарта көңілін көтеріп жүрді. Бір уақытта Сейдхарта адам суретті бір

кейіпсіз нәрсе көрді. Бұл көргені беті албырап, еріні кезеріп, дем алысы бұзылып, ыңқылдап, күрсілдеп қораға сүйеніп отырған бір ауру адам еді. Сейдхарта көшіріне:

— Мына кісіге не болған? — дейді.

— Бұл ауру, — деді көшір.

— Ауру деген не?

— Ауру деген: адамның денесі бұзылып мехнат тартады.

— Бұл неге мехнат тартып отыр? Біздің ортамызда мұндай кісі неге жоқ?

— Жоқ, бұл адамның бәріне де келеді.

— Бұл ауру маған да келе ме?

Көшір жауап бере алмады. Сейдхарта да қайырып сұрамады. Біраз жер жүрген соң Сейдхартаның пәуескесінің жанына қайыр сұраған бір шал келді. Белі бүкірейген, денесі можа болған, буыны қалтылдап, жыртыған көзінен жасы аққан, беті бейнеусіз қырысқан, аузы опырайылған бір жан еді. Сейдхартаға жақындап былдырлап ұғымсыз бірдеме айтты.

— Мынау да ауру ма? — деді Сейдхарта.

— Жоқ, бұл, шал.

— Шал деген не?

— Шал деген, кәрілік.

— Не себепті мұндай болды?

— Дүниеде көп ғұмыр сүргендіктен.

— Адамның бәрі кәртая ма?

— Бәрі кәртаяды.

— Мені үйге алып жүр, — деді Сейдхарта. Көшір атты айдап үйге қарай келе жатыр еді, алдынан көп адам килікті. Бұлар бір өлікті табытқа салып көтеріп әкеле жатыр еді.

— Мынау не? — деп сұрады Сейдхарта.

— Бұл өлген кісі, денесін отқа жаққалы әкеле жатыр.

— Өлген деген не?

— Өлген деп өмірдің біткенін айтады.

— Өмір бітуші ме еді.

— Өлген соң өмір бітеді.

Сейдхарта арбадан түсіп, өлген кісінің түрін көрді. Көзі ақшиған, жақтары тістескен, денесі сірескен бір адам жатыр.

— Бұл неге жалғыз осындай болып қалды? — деді Сейдхарта.

— Бұл әркімнің басына да келеді. Жұрттың бәрі де өледі.

— А!? Бәрі де өледі? — деді де пәуескесіне мініп терең ойға түсіп үйіне келді. Бақшаның ішінде бір оңаша жерге барып күні бойы қадалып, көргендерін ойланып отырды.

— Адам біткен ауырады, кәртаяды, өледі. Ендеше, несіне бұл адам өмір сүріп жүр? Бір сағатта ауырып қалатын болса, сағат сайын әлі азайып, сиқы бұзылып кәртаятын болса, болжаусыз бір сағатта өліп қалатынын біліп отырғанда не қуаныш, не жұбаныш бола алады? Бұны біле тұра қызық көріп қуануға бола ма? Бұл жөн емес, бұдан құтылу керек. Мен бұған жол табамын, тапқан жолымды жұртқа ұқтырамын деген ойға Сейдхарта бекінді.

Түн болды. Сейдхарта Шаннаға атын ерттетіп, қақпаны ашуға бұйырып, өзі қатыны жатқан үйге кірді, қатыны ұйықтап жатыр екен. Қатынын оятпай жүрегімен қоштасып, нөкерлеріне тықырын білдірмей әке-шешеден, елден безіп атына мініп жүріп кетті¹¹. Көп жер жүрді. Қалжыраған соң атын да қоя берді. Бір кез келген сопымен киімін ауыстырып, адамды адасқан жолдан құтқару дауасын іздеп жүре берді. Әуелі бетінде халқына ұқтырып жүрген тағлымын білу үшін быраһманидардың¹² (бұдқа табынушылардың)¹³ данышпандарына келді. Бірақ олардың ұғуындағы адамның жаны өлген соң хайуанға көшеді және нәфсіден тазартуға денені әртүрлі азапқа салу керек дегені Сейдхартаға ұнамады. Бұлардан кетіп қалың орманның ішіне барып алты жыл тұрды¹⁴. Мұнда ғұмыры ылғи оразамен, ауыр мехнатпен өтті. Ақырында бұл жолды да ұнатпады. Денені азапқа салып, аштық бейнетін тартып, арып-ашып, жүруге жарай алмай да қалып жүрді. Құр азаппен жанды құтқара алмаған соң өмірін терең ойға, өкінішке жіберуді мақұл көрді. Бұл мақсаттың жолында бірталай қызмет қылған соң, атағы зорайып жұрт ғалым деп құрметтеп, алдына көп шәкірт жиналды¹⁵. Жұрттың мақтауынан, құрметінен қашып, мақсаттан тайып, әке-шешесі, қатынына қайтқысы келді. Бірақ бұл ойы мінезінің бұзылайын дегені екенін біліп көтермешілерінен, шәкірттерінен қашып ешкім білмейтін бір оңаша жерге кетті¹⁶.

Оңашада көп заман нәфсі жауымен алысып, ағаштың түбінде әуелгі тыныштығын бұзған ойды қуып отырғанда адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты. Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша ғана нәрсе, уақыт бітсе күйремеке, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланысып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәфсінің тілегін жоғалту керек деген Сейдхартаның

үмігі төрт түрлі хақиқатқа тірелді. Бірінші хақиқаты: адам баласы ғазап көрмек. Екінші хақиқаты: ғазап нәфсіден тұрады. Үшінші хақиқаты: адам нәфсін жойса, ғазаптан да құтылады. Төртінші хақиқаты: нәфсіден құтылуға төрт сағы бар: 1) жүректің оянуы, 2) бұзық мінезден, кекшілдіктен құтылу, шүбәланудан, жаман тілектен, азадан құтылу, жалғыз адамға емес, барлық жан иесіне рахымды, махаббатты болу. Жанның ағаруы ұрғашықұмарлықты жоғалтумен болмайды, жаман, бұзық ойдан құтылумен табылады. Жанның нағыз тазарып ағаруы, бостандығы махаббатта. Нәфсін махаббатқа жеңгізген адам надандық шынжырын үзіп, өлім ғазабынан құтылады¹⁷, деген.

Сейдхартаның бұл хақиқаты 10 фарызға бөлінеді:

1. Өмірді өлтірме, қор қылма, сыйла.
2. Ұрлама, тонама, еңбегіңнің пайдасын әркімге тигіз.
3. Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол.
4. Өтірік айтпа, шынды айтуға қорықпа, бірақ махаббатпен.
5. Ойыңнан өсек шығарма, біреудің айтқан өсегін қайта айтпа.
6. Ант ішпе.
7. Бос сөзге уақыт бөлме, істі сөйле, әйтпесе үндеме.
8. Мақтан қума, күндеме. Жақыныңның жақсылығына қуан.
9. Жүрегіңді ашудан тазарт, дұшпаныңды жек көрме. Бар жан иесіне махаббат көзіңмен қара.

10. Сенімсіздіктен құтыл, хақтықты ұғуға тырыс¹⁸.

Осындай тағлымды Сейдхарта адам баласына насихат қылды. Әуелде шәкірттері бұл жолына түсінбей, артынан қайта алдына жиылды. Быраһмандар¹⁹ Сейдхартаны бұзық көріп қуса да, Сейдхартаның тағлымы халыққа жайыла берді.

Будда²⁰ қажымастан 60 жыл бір жерден бір жерге көшіп жүріп халықты үгіттеді. Ақыры бір-екі қышлақтың арасында келе жатқанда ажал сағаты келіп жетті. Сол уақытта жасы 80-де еді. Әбден нашарланып әлсіресе де, үгітін қоймап еді. Шәкірттерімен бір асуда келе жатып: «Мен қатты шөлдеп тұрмын», — деді. Шәкірттері су ішкізді. Аз дамылдап тағы жүрді. Кішкене жүріп Хараке Абад²¹ деген өзеннің жағасында бір ағаштың түбіне келіп отырып шәкірттеріне айтты: «Шәкірттерім, маған ажал уақыты таянды, менің өмір бойы айтқан насихатымды естеріңнен шығармаңдар», — деді. Өзінің бір жақсы керетін Ананда²² деген шәкірті бұл сөзін естігенде шыдай алмай, қырындап аулағырақ барып жылап жіберді. Сейдхарта шақыртып алып: «Сабыр

кыл, Ананда, жылама, уайымдама! Ертелі-кешті бұ дүниенің қызығынан айырылмақпыз. Дүниеде мәңгілік не бар дейсің, достарым! — деп басқа шәкірттеріне қарап, — «Менің үйретуімше өмір сүріңдер, нәфсінің тозағынан құтылыңдар, мен нұсқаған жолмен жүріңдер. Әрдайым естерінде болсын: тән ойран болмақ, бұзылмайтын мәңгілік жалғыз хақиқат, сол себепті хақиқатқа жабыссаңдар, жандарыңды құтқарасыңдар».

Данышпан Будданың ақырғы сөзі болды. Сонан кейін көзін мәңгілікке жауып, ақырын дүниеден көшіп жүріп кетті²³.

Мұхтар

АБАЙДЫҢ ӨНЕРІ ҺӘМ ҚЫЗМЕТІ

Абай¹ 1845 жылы дүниеге келіп, 60 жыл өмір сүріп, 1904 жылы дүниеден қайтты. Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық-аждаһаны өртеуге Құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды. Табиғаттың қиыңыр жолы кімді билемеген?!

Өскен орта, көрген үлгі, тоңмойын надандық толқыны ағызып, ақыл көзін шын хақиқатқа ашқызбай, заман тонын кигізіп, 35 жасқа шейін ықтиярсыз айдап келді. Бұл жасқа келгенде маңайында жұрттың кір, бұзық мінездері — бар қалпымен көзіне айқын суреттелді. Өкінді, өксіді, жиренді... Осы өкініш, өксіктің уыты бойын кернеп, сөзінде азалы, кекті, улы көп әсер, көп із қалдырды.

Өткен өмір — қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім таппақ,
Салды соны санайды².
Нені тапсаң, оны тап,
Жарамайды керекке.
Өңкей ұды жиып ап,
Себеді сорлы жүрекке
Адасқан күшік сықылды,
Ұлып жұртқа қайтқан ой,
Өкінді, жолын бекінді,
Әуре болма, оны қой.

Абайдың белсеніп, қолына қалам ұстап надандықпен алысуға кіріскенге шейінгі өмірінің сыртқы пішіні осы болды. Енді Абайдың сөзінің бағасына келейік.

Абайдың ең бір артық өзгешілігі заманның ыңғайына жүрмей, өзінің «өздік» бетін мықты ұстап, ақылға, ақтыққа, көңілдің ша-

бытына билетіп, көз тұнжырарлық кемшілік, міннің ортасында тұрып, ортасында жүріп, үлгілі жерден өрнек алып келген кісідей ашық көзбен қарап, барлық мінді мүлтіксіз суреттеуі жырақта жүріп қылт еткенді көретін қырағы қырандай сыншылдығы.

Мұндай сипат Абай бұл жүрген адамдарға ұқсамай, өзгеше зор мақсат үшін дүниеге келгендігіне дәлел.

Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл-білімінің әр тарауынан көкірегінде асыл қазына көп. Сол көп қазынаны барлық ырғағы, нәзік сипатымен қазақтың ұстармаған, ысылмаған жуан тілімен биязы ғып шығаруы әрі ақындығы, «қызыл тілді» шешендігі.

Абайдың ақындық өнері, тар жолды, бірбеткей емес. Әр тараулы, сегіз қырлы. Ол тараулар мынау:³ мінез түзететіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылдық (критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілділік, ызалықпен күлетіндік (сатира), хәм керемет переводшиктік.

Мұндай әр жақты, сегіз қырлы өнер басқа ақындардан табыла бермейтін Абайға ғана хас сипат.

Абайдың өлеңінің көбі-ақ мінез түзеу жолына арналған. Көп өлеңнің ішінен мысал үшін мына бір сөзін алайық.

Мағлұмға жанын, ашып, ішің күйсін,
Харекет қыл, пайдасы көпке тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мен сүйгенді сүйді деп иен сүйсін⁴.

Тереңнен толғап, хақиқатты болжап, пәлсәпа жолымен де сөйлегендігіне кейінгі сөздерді мысал қылуға болады.

Кім жүрер тіршілікте көңіл бермей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың
Терең ойдың телміріп соңына ермей⁵.
Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек?
Замана оны илемек⁶.

Және «Алла деген сөз жеңіл» деген сөзі де пәлсапамен сөйлейтіндігін көрсетеді. Абайдың басылмаған қара сөздері көп.

Сол сөздерінің бәрі терең ойға салып толғап жазылған. Ахлақ, адамшылық, дін, халықтың мінезі неше түрлі хақиқаттар туралы

жазылған сөздері Абайда пәлсапа қуаты барлығына үлкен дәлел. Абайдың данышпандық белгісі — өзі шығарған он алты мақалы бар. Мақаланың біреуі: «Әкесінің баласы — адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың», — деген.

Заманындағы өнерсіз, қалжыңбас жігіттерді, шен құмар ел адамдарын сынағаны, өлеңге, ән-күйге баға қойғандығы Абайдың сыншылдығын көрсетеді.

Өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің, сыры мен жүрегінің жалғасып, ымдасып кететіндігі. Жылдың төрт уақытын қазақтың өмірімен үйлестіріп жазғандарын оқып отырғанда сол уақыттарды көзіңмен көріп, денеңмен сезіп отырғандай суретін алдына әкеліп елестетеді. «Сөзімде жаз бар шыбынсыз» — дегені өзінің ақындығына көзі жеткендігімен айтқан. Мысалы, Абай көз алдына мынандай дүниенің түрін келтірген: желсіз, жарық түн, әдемі тау, ағашты су, су бетінде дірілдеген айдың көлеңкесі, ұйықтаған ауыл, үрген ит. Бұл дүниенің бір ұнасымды суреті. Нәзік мінез, ыстық махаббатқа жүректері толып айқасқан екі ғашықтың сұлу халін дүниенің әлгіндей сұлу суретімен құбылыстырып «Желсіз түнде жарық ай» деп жазған өлеңі суретшілігінің зор куәсі.

Ғашықтық жайын, әйел турасын жазғанда Абай аса шеберлеп, қызықтыра сипаттайды. Ондай өлеңдерінде ахлақ жолынан алыстау кететін орындары болады⁷. Бірақ мұнысы ақындық жолында кешірерлік іс. Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейді. Жүрегінің сезімі, көңілінің шабыты билеп, өз бетімен жазып кеткен сөзін былай неге жазбадың ахлаққа хлаф⁸ деу жол емес, ол зорлық. Оның суретшіл көңіліне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу емес.

Абайдың бірсыпыра өлеңдері жүрегінің сырын, шерін толқытып қанымен, мұң-зармен шығады. Мысалы, «Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?..» «Ішім өлген, сыртым сау...», «Жүрегім менің қырық жамау...» деген өлеңдері.

Шаншып алма ащы тіл, ызалы күлкі, кекесін де Абайдан табылады. Ұнатпаған қылықтарды көріп, кекеп, жерлеп, мысқыл қылатын жерлері де көп. «Болыс болдым мінеки» деген өлеңі жаман болысты сықақ қылған ылғи кекесін. Мінді кекеп айтқанына кей жерлерде үстірт қараған кісі түсінбей қалуға да болады. Мысалы, парақор болыс туралы кекеп айтқан бір сөзі мынау:

Кісімсі қайда болса олжаға тоқ,
Шұқыма халық көзінше қарғаша боқ!
Жұрт — бала, еш нәрсесін тартып алма
Білдіртпей ептеп алсаң залалы жоқ.

Жатты жау деп елінді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез⁹!

Көп өнерінің бірі — Абай керемет переводшы болған. Переводқа шеберлігі мынадан білінеді: кейбір орыс өлеңдерін қазақ тіліне аударғандары өзінің тән өлеңінен артық деуге болады. Орыстың әдебі болған толғаулы, ырғақты, нақысты бай тілімен жазылған сөздерін қазақтың кедей, дөкір тілімен ұғымды, мағыналы, терең, тілге жеңіл келтіріп переводтауы мейлінше ұсталығы. Кейбір өлеңдерді, мысалы: «Қараңғы түнде тау қалғып»¹⁰, «Тұтқындағы батыр»¹¹, «Кинжал»¹², «Жолға шықтым бір жым-жырт»¹³ қалыбынан, мағынасынан һеш аудармай перевод еткен. Кей жерлерде сөздің мағынасынан ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткен. Абайдың ақындығының еркіндігі сол: кейбір переводты өз өлеңінен асырып, түрлеп жіберген. Мысалы: «Теректің сыйы»¹⁴, «Онегиннің хатын» Пушкиннің геройынан¹⁵ өзгертіп, тілін сұлулап перевод қылған.

Енді Абайдың тіл жағына келсек, тілі ұғымды, қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш. Өрнекті, дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келеді. Тіл терең мағыналы болғандықтан жұрттың көбіне ұғымсыз, ауыр жерлері де болады. Жалпыға түсініксіз сөздері туралы: «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін»¹⁶, — деп өзі де айтып кеткен, «Көкірегі сезімді, тілі орамды, жаздым өлең жастарға бермек үшін»¹⁷, — деген сөзінен; «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар»¹⁸, — деген сөзінен Абайдың жалпы үшін өлең жазбағандығын көрсетеді.

Бұрынғы ақындармен Абайды салыстырып көрейік. Бұрынғы ақындардың, шешендердің өрнекті, түрлі мағыналы тілдері болмағандық па? Болса да көбі жазылып, нұсқауға түспегендік пе, қазақ тілі аса ұстарып өрнекті келмеген. Қазақ тілін анық түрлеп, керекке жаратып, түзеген Абай.

Бұл бір. Екінші Абайдан бұрынғы қазақ әдебиетінің беті мақтау, жамандау, асыру, кеміту, болмаса зарлаған сары уайым болып келген. Мінезді суреттеп, мінді айтып, адамшылыққа жөн сілтеген ақындар болмаған. О кездегі ақындар ия қошеметшіл,

ия тіленші, ия мақтаншақ болып заманның ыңғайымен кетіп, сөздеріне баға қойылмаған һәм баға қойдыра алмаған. Мұның себебі: ол кезде ақындық өнер орнына жүрмей, жан сақтап, дүние табу жолына жұмсалғандықтан: ақыл көзінің шарасы кең, халықтың бетін бұрарлық, жол көрсетіп, түре саларлық, білімді, дана ақындар шықпағандықтан: ақындық пен тіленшілік жанас жүрген соң халық ақындыққа терең көзбен қарап қадірлемегендіктен, һәм ақындар төмен, нашар жерлерден шығып, аталы адамдар ақындықтан жиренгендіктен еді¹⁹.

Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақындардан ақыл көзінің артықтығы болды — бір; ақындығы күшті болды — екі; өлеңнің өнер екендігін білді — үш. Сонымен Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетін бұрып, мүйіс шығарды. Өлеңшілікке өзгеше түр кіргізді. Осы күнгі қазақ әдебиетінің түрі Абайдың көрсеткен бетімен келеді. Абайдың ақындық күшінің зорлығы — өз заманында жұртты өзіне қаратып алып, кейінгілері де сол ізбен әкеле жатыр. Кейінгі жазушылардың бәрін Абай өзіне еліктетіп, соңынан ертіп шәкірт қып әкетті. Абай өлеңнен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр кіргізді. Бұл күнде ақындар Абайдың салған көп түріне түр қоспақ түгілі, әлі сол түрлерді түгел сіңіріп ала алған жоқ. Көптің бетін бұрып алғандығы — ақындық екпіннің күштілігі. Абайдың өлеңін пайдаланып, еліктеу әлі қызған жоқ, бірақ мұнан да артық қозып, бірталай заманға шейін бармақ. Ақындығы Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі»²⁰ деп аталады.

Қазақтың әдебиеті ілгері басып, өрлейтін болса, Абайдың бұл қызметі әдебиетімізге негіз болып, келешектегі көтерілуіне тұрғы болмақ. Пушкин айтқандай, Абай «өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті»²¹.

Абайдың пайдасыз сөзі жоқ. Ахлақ, адамшылық туралы айтқан терең мағыналы, үлгілі сөздері кемшіліктің мінезін тәрбиелеп, ақыл көзінің ауданын кеңейтпек. Жүректен толғанып, ыза мен қайрат айдап шыққан қайғылы, қапалы²², зарлы сөздері адамның ақылын өз ішіне үңілтіп, жанымен сырластырып ұғып, оқып түсінгендердің сөзімін тәрбиелемек.

Бұл күнде жұрт Абайдың сөзімен пайдаланып, айтқанын ала қоймайтындық — көптің қараңғы, надандығынан. Бірақ Абайдың

соңынан ерген, сөздері әсер берген кісілер жоқ деуге тағы болмайды. Халық жалпы ғылымға бет қойып, көзі ашылған сайын Абайдың сөзінің бағасы артылып, өзінің нұсқаған жолдарына халықтың ұғымын сүйреп, көпшіліктің қараңғы надандығына қарағанда Абайдың көп сөзі ертерек айтылғанға ұқсайды, бірақ іске аспай, керекке жарамай қалмайды. Жұрттың хақиқатқа көзі ашылуға айналса, тағы бірталайға шейін созып барады.

Қазақ жұрты кең дала, еркін ауада сайран қылып, жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып, біте қайнап, басы бос, қиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы. Сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар — бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымында надан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындарымен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қарағанда, біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз.

Абайдың істеп кеткен қызметі әдебиетімізге асыл іргетас. Бұл асыл іргенің үстіне салынатын ілгергі қазақ әдебиетінің дүкені көрікті, көрнекті, нақысты, өрнекті болуына лайық. Қуанамыз! Нанамыз! Марқұм атамыз қазақ халқына халықтығын жоғалтпайтын өшпес белгі орнатты!²³ Еңбегіңнің жемісін өзің көрмесең, аруағың көріп қуансын!

Екеу

ҚАЗАҚ ІШИНДЕГІ ПАРТИЯ НЕДЕН?

Әрбір халықтың өзгеден өзгеше халықтығында екі түрлі шарт бар. Бірі — сол халықтың кәсібі, екінші — жұрт билеу тәртібі. Осы екі шарт қазақ өмірінде қандай түрлерде? Тексеріп көрейік. Қазақ мал баққан жұрт. Мал бағуды кәсіп қылған ел не қажымайтын, қайратты ер, жігерлі, жауынгер келеді (бұрынғы Орта Азиядағы көшпелі жұрттар)¹, не ездікке мінген кең, салақ, сөзуар келеді. Һәр бір мал баққан халықтың бұл екі жолдың қай-қайсысына болсын жақын болуына, бірінші — заман ыңғайы, екінші — ел ішін билеу тәртібі себеп. **Қазақ халқы қараңғы надан болып, қысымсыз еркін өскен табиғатына лайық жауынгер мінезде келіп, билеу тәртібінде қысым, қаруы көп орыс қолына тиді^{2,3}. Тез құрылды, қақпан көбейді. Халықтың бетіндегі бұрынғы келе жатқан жауынгерлік мінез қаққы көріп өмір жолынан шығып қалды. Қандағы жаңа тамыр жайып келе жатқан жауынгерлік қызуы жүре-жүре солғындап келіп, салқындады. Жұрт бір тегіс тыныштығы мол өмірге қарай етпеттеді. Бірақ ол күндегі бағынған үкімет халықтың сыртқа жайылған мінезіне бақылаушы болғанымен, ішкі ісіне ілтипатты көзімен қарамай, өзіне-өзін тастай салды. Бұдан кейін қазақ сөзуар, жершіл ұсақтыққа таман айнала берді. Бұрынғыдай «ел шауып, егер қылатын» біреуден біреуге күштілігі, жаулығы азайды. Ірі жаулық азайған соң, басшының қадірі азайды, береке кетті. Бірақ бұл күнге шейін ол уақыттағы өрісті жаудық, әрі кең басшылық кетсе де ұсақ жаулық кеткен жоқ, ұсақ басшылық кеткен жоқ.** Осымен ел тыныштығын сүйемелдерлік тәртіп көрмей, өмір жолы, ыңғайы партия қорлықты мінез қылып, сіңіріп отыр. Енді сол партияқорлықты сіңірген өмірдің ыңғайы мен жолына келейік.

Осы күндегі қырдағы тәуір деген адамдар азға да болсын басшы болуға құмар. Және сонысы ықтиярсыз құмарлық.

Қазіргі қырдағы өмірде біреуге біреу ылғи жалынышты: байға кедей, кедейге бай, жуанға нашар, нашарға жуан. Бұл неден? Бұл қырдағы басшылыққа құмарлық. Сыпыра жалыныштылық неден? Бұған беретін жауабым мынау:

Адам баласы, әсіресе надан, енбексіз болса, құлқынына құлдығы күшең болмақ. Сондықтан тамаққа адамшылығын айырбастайтындық әр кедейдің жұмысы. Егер сол кедейдің ешкімге жалынбай, өз қорегін өзі тауып отыратын hareketі болса, оның адамшылығы басқалырақ жолда болар еді⁴. Бірақ қазіргі біздің кедейде бұл соңғыны үлгі қылатыны жоқ. Үлгі қыла аларлық жолы да жоқ. Себебі: қырда отырып өз бетімен істей берерлік hareket жоқ. Басқа жерге hareketке баруға көп кедей еріншек. Амалсыздықпен шығып айдап отырған қырда аштық жоқ. Және көп кедей қырға керек. Керегі әрбір ауқатты адам жамап, жалғап, есебін таппаса, бір ауылды ұстап тұруға басыбайлы 5—6 малшы керек. Мұның бәрінің ақысы, киімі жылында жеңіл шығын болмайды. Бұл орайда бұл адамның бір ағайыны, бір сыбайласы маңында бірталай кедей отырады. Бұлардың бірінің қой сауысып, жұмыс істесуге қатыны болады. Бірінің қозы бағып, мал қайыруға қолайлы баласы болады, не біреудің қауға тартып, бие саууға өзі ыңғайлы болады. Осылардың біріне пәленше сауын беріп, біріне киінерлік киім беріп, біріне тамағынды асырасаң да нең кетіп барады деп, біріне мен де бір керегіңе жарамас дейсің бе деп⁵, матап отырады. Бұл байға қолайлы, еріншек үй күшік кедейге де ауыр емес, бірге отырса, тамағын көтереді. Басқа жерге кетіп, ашығайып десе, «шауып келіп тамағын тойғызады» және барлығынан дәме ететін көңілдерстер бір байдың маңында әлденешеу болып, байға қоғам болады. Бұлай болып қосылып, өмір жағдайын жалғаған ниеттестер бір-бірінің жақсылығына бәрі ортақ болып, кедей байдың итаршысы да, сойыл соғары да болады. Міне, осындай болып үйлескен ұйымның бір кісісіне біреу зорлық қылайын десе, болмаса бір іспен келіп жармасса, әлгі бай кісісін бермеске тырысады. Артында жарға жығылып бара жатса, құтқаратын мықты түпқазығы болып бай жатқан соң, кедейде мұны арқа тұтатын көп тентектер шығады да, содыр сойқандығын күшейтеді. Не бұл құралдарына сүйеніп, бай өзі зорлықты ұнатып, бәле іздейді. Мұнда біреу зорлық қылайын десе, ызғар болып, бетін қайыруға жарайтын, өзі зорлық қылам десе, сүйеніш бел болатын қоғамы — кедейі байға күнде керек.

Байдың ел ішіндегі жақсының ығында кедейін жығып бермейтіндігі осыдан. Мұнымен бұл бай іргесін бермейтін паналығы бар иығы зор болып, маңайына үйіретін саяқ-сандырақ көбейеді. Міне, осындай жақсы әр жерден шығады. Мұның біріне біреу соқтықса, істеген зорлығын үкіметке шағып отырмайды. Ол үкімет қашан теңестіреді. Көмегі жоқ кісіше соның артынан дауласып, шарласып неге жүреді. Одан да терезесі тең ағайын сойыл соғар көмегі қолында. Бұл да барып кектескен кісісіне бір сезінерлік зиянды істеп тастайды. Бұл жол оңай және мұны істесе, қазір теңеседі.

Осындай кикілжің, оның аяғы өкпе, әрбір ортаның тұрғыларының арасында болады. Ниеттері бір, достықтары жақын көптің ішінде өкпелеген бірен-саран болса, алғашқы өкпелеп кеткен жалғызды тауып алады. Мына жағы жиі тұрса, жырыла жайылған бірен-саран бұлқынып ешқайда бара алмайтын болып, елеусіздік, кемдік, зорлық көреді. Әр жерде аздығынан қаққы көреді. Сол себепті ел ішіне жік салып, жұртты қоздыру керек. Бір қозып алса, мұны өшірмеуге тырысып, болып тұрғанынан пайда алатын жұрт рухының жұлын құрттары әр елдің ішінен табылады. Алғашқы партия бір айқындалып, ел беті ашылып алған соң, бастапқы бас қорғау амалына көп сұрқия мінездер жамалады. **Ұрлық, жала, зорлық көбейеді. Бұған басшылардың жуандық құмар, жемқұмар мінездері және үкіметтің байшыл, паракор мінездері қосылады.** Бұдан барып, екінші партия шықпасына болмайтын болады. Осындайлармен партияны жүрегі сүймесе де жанындағы досын бере алмай, не өз басын қорғамай отыра алмай, амалсыздан партия толқынына кіріп кетіп жүрген де адам бар. **Әділетпен іс тексеріп отырған қырда әрі жуан, әрі ісі адал кісі жоқ. Азғана адалдығы бар кісі адалдығын ұстап отыра алмайды⁶.** Күндік керегі отырғызбайды. Сонымен біреуге адалымды айтқызам десең, не досы, не құдатамыры болуында керек.

Осындай шиеленіскен себептермен ел іші партия деген пәледен құтыла алмай отыр. Құтқармай отырған қырдағы өмірдің ыңғайы. Біреуінің еңбегі ортақ болса, біреуінің ісі, бір уақыттағы қорғандығы ортақ, біреуінің селбесерлік көмегі ортақ. Біреуге біреу жалынышты⁷... **Ел ішінде тентек, зорлықшы, жуан көп. Істің салмағын өлшеп, ақтықтың маңызын айырып отыруға құрылған әділ таразы жоқ.** Бұған қарсы біздің қалада жатып, «партияны қой!» дегенімізбен ел ақылы кірмейді. Ол елсізде «аттан!» салғанмен бірдей.

Менің ойымша, партияға қарсы қару қылатын үш түрлі құрал бар: бірі — ел ішіне үш облыстың ішінен біреу болса да өзі күшті, басындағы кісілері әділ, оқыған, істі тез бітіретін суд* болсын. Мұнымен біреудің ұрлығы, біреудің сотқар бүліктегі жылауларға есесімен қайтарылып отырады. Істі әділетке жеңгізіп отырған соң, біреудің зорлығын көрмесем деп, жуанға жалпылдайтын жалыныштылық қалады. Жуанның қадірі кетеді. Тап таптың бұл күнгі береке деп жүргені кетеді. Бұл пайдалы береке емес, сойқандылық, құқықтыққа дем беретін береке болатын.

Екінші, ел ішінде уақ қарыз серіктері, потребитель лапкелері көп ашылсын. Мұнымен бірге нашардың жалыныштылығы азаяды.

Үшінші, жұмысшының еңбегі бағалы болсын. Еңбегінің өнімі жоқтықтан еріншектікке салынып, байдың барына ортақ болып, тамақты тіленшілікпен асырап жүрген әншейіндегі бағасыз көп кедей партияның бір дінгегі.

М. Ә.

* Суд — сот.

МӘДЕНИЕТКЕ ҚАЙ КӘСІП ЖУЫҚ?

Бұл күнде адам баласы тұтынып жүрген кәсіп көп. Бұл кәсіптердің ішінде адам баласы алғашқы отпен майданға шығып, аштан өлмеуге құрал қылған кәсіп — айлалары да бар. Бұл айтқанға қарағанда, ол кәсіптер адам баласының ұзын-ырғағы тарихымен қол ұстасып келе жатқандар. Әрине, бұл түрлі кәсіп деген болмаса, бұлардың һәр* қайсысына да адамның сезімді, орамды тәжірибесі өз жобасын кіргізбей қойған жоқ. Тәжірибе өрнегі, сыры сол кәсіптердің суретін көп өзгертіп әкетті.

Осы күнгі адам баласы тұтынып жүрген кәсіптер мынау: отырықшы болып егін еккен, мал баққан, аңшылық, балықшылық, кен қазу, фабрикалар, сауда һәм басқалар. Бұл кәсіптердің ішінде адам баласының алғашқы айналысқан күніне қолайлы болғаны аңшылық. Аңшылықпен біраз заман өткен соң мал бағушылық пен егіншілік араласып кіріп, артынан аздан соң балықшылық кірді. Бұдан кейінгі кәсіптер адам(ға) өнер-білім басқшының бірталай сатысынан өткенде кіреді. Енді осы кәсіптердің һәрқайсысы тұтынушыға қандай мінез береді. Соған келейік.

Адам баласына сыртқы өмірдің ыңғайы (кәсіп), тұрған жерінің табиғат жағдайы (ыстық, суық, салқын, тау, дала) дене пішіміне һәртүрлі әсер береді. Табиғат жағдайының адамды шын билейтіндігіне мысалға, суық үйдегі таршылықта өсірген, үскірген қаһары қайтпайтын суықтың асыраған баласы мен ыстық үйектің баласын алайық!. Бұл екі жердің адамы, үлгілері басқа. Екі ананың асыраған баласындай болады. Суықтағы аяз бен қар ұйтқыған боран, күңгірт күн, түнерген аспан, уайымды ақ дала өзгермейтін бір сурет адамға салбыраған салқын пішім,

* һәр — әр.

қайратты, көндімбай, шалқыған өр мінез береді. Жарық күн, көрікті аспан, кең қоныс, еркін тамақ, еңбексіз өмір, жеңіл, қызу мінез береді. Бұл адамды табиғат ыңғайы билейтіндігі.

Енді кәсіптің билейтіндігіне келейік. Мысалға, аңшылықты аламыз, Аңшылық өміріне (Ақылбай Құнанбаев сөзі): «Бейнет» ішіп күн көрген қатер киіп?...» — деген сөз дәл сыпат. Қиын қия, шың тау, биік құз, жыныс тоғай, ұзақ сар дала ер еңбегін көп жұтады. Мұндай жерде аң қуу ерінбейтін, қажымайтын, шаршамайтын, пісіп шыққан кісінің қолынан келетін жұмыс. Мұның үстіне аңшы адамның жанына қатер(лі) һәртүрлі аңдармен кездеседі. Мұндай жерде қорықса, сасса, тездікпен қару қылмаса, жан қауіпте тұрады. Аңшы осы бейнеттердің бәрімен туысып кетеді. Бұдан бұлардың мінездеріне тарамыс, қажымайтын ер, жауынгер, ірі сыпаттар сінеді; ұсақтық, өздік бұларға жат. Бұлардың денесі де ыңғайлы, жіңішке, тарамыс, әлді келеді. Бұл мінез осы күнгі шеркес, арнауыт³ халықтарында бар. Аңшылық кәсібі — мәдениеттен алыс кететін кәсіп емес. Аңшы болған жұрт қайратты, шыдамды болған соң, басқа ғылымға жақын келтіретін жолға түсіп кетуі қиын жұмыс емес. Және осы күнде бүтін бір халық болып, аңшылықты кәсіп қылған ел жоқ. Бұл кәсіпті отырықшылық жеңіп барады. Ендігі үлгілі жұрттардың арасында бұл кәсіп шашыранды күйде ғана аз қалған. Шеркестің осы ірі мінездері орыстың Лермонтовының⁴ ақындық шері тарқаған мінез болатын.

Мал бағушылық адамға басқа бір мінез туғызады. Мал баққан елдің сырттан қысып тынышсыздық келтіретін мазасыз көршісі болса, мінезінде жауынгерлік тауандай** қайсарлық болады. Егер тыныштығын бұзарлық сырттан мазасыздық болмаса, мінезі басқа, бір түрге мінеді. Бұл халық ғылым жарығынан аулақ кең дала, таза ауа, күшті тамақ оның үстіне көп еңбек керек қылмайтын мал бағу кәсібі болса, мінез жолында өңгеден көп төменгі басқышта болмақ. Мұның үстіне бұл халық қысты күнгі қазақтың қорасындай малмен араласып, үйі шаң, сасық, һауасы*** жаман болса, денесінде саулық аз болып, әрі еңбексіз болған соң мінезі тауансыз, еріншек, ұсақ болмақ. Егер бұл халық сол мал баққан қалыпта болып, жазғы еркіндігі де малға

** Тауан — беті, мәселесі.

*** Һауасы — ауасы.

еңбек сіңіріп, өмір алысын көрсе, мінезі басқа жақсы жолға бет алар еді. Мысалы: бұрынғы қыста киіз үйде өмір сүріп жүрген қазақ жасынан денесі суыққа шынығып ширақ болып, еңбекке жаны қайраттанып, отгы болып, адамы жауынгер, тарамыс күшті болған. Мал баққан елдің мәдениетке тез түсініп кетуі қиын. Өмірінің ыңғайы ғылым жолына жанаспайды. Бұл турада мал бағып жүріп ғылымды болған Швейцария, Голландия мысал болуға келмейді. Бұлар нағыз мал баққанды кәсіп қылған көшпелі ел емес. Егер мал баққан ел ғылымға түссе, басқа кәсіппен жүріп түсінген жұрттан ақыл, сезім жолында артық болады. Себебі: бұлардың рухы күшті, дүниенің сырынан жүрегіне жиылған әсері көп деген Еуропа ғалымдарының сөзі бар⁵.

Егін егуші отырықшы жұрттардың мінезі бұдан басқа бір жолда. Ыстық күнде, ауыр жұмыстың соңында, денені езіп, күндегі тамақты күндегі термен, бейнетпен тауып, өзін ерінбей ауыр азапқа жегін отырғандық адамның мінез қалпына тағы басқа бір түр береді. Таза ауада тынымсыз қозғалып, жалықпай жұмыс қылып жүргендік алдымен денені қайратты, құрыш қылады. Бұлардың мінезіндегі көбінесе бір айқын тұратын жол: беттеген жағына күрт кететін тауандылық және дүлей ерлік. Жуастық, өр мінезділік, бірақ бұл соңғы екі түрлі (қасиет) ылғи болып тұрмайды. Уақыт жеткенше билейді. Түптеп келгендегі шын мінезі — шыдамдылық, ерлік. Мұндай соғыста намысты, қайратты, істе тауанды, ұйымшыл болған соң, артықшылықты, көп еңбекті мойнына алған ел бір беттесе, мәдениетке тез жетіп, тез буыны қатып аяқтана қалады. Ғылымға бұлардан жақын тұрған кәсіпші жоқ. Бұлардың күндегі өмірі үйретіндіні керек қылып, түстен түр тауып, еңбегінің өрнегін түземеуіне өмір тізесі езгілеп, тыныш бір қалыпқа қоймайды. Бұл халық ғылымға түскенінде кәсібінің реті сезімді қылғандығынан емес, қайта бұл кәсіп сезімнен, ойдан ең соңында қалдыратын. Бұлардың ғылымға жанасатын өмір халінің күннен-күнге ауырлап, мұқтажы аса беретіндігінен. Осымен осы күнде егіншілдік ғылымның өкшесін басып келе жатқан кәсіп болып тұр. Және бұл жоғарыдағы айтылған кәсіптердің ішіндегі ең ұзаққа баратын, түрден-түр табатын ұзақ өмірлі кәсіп.

Төртінші көптің бір тұтынған кәсібі — балықшылық. Балықшылықтың күшті кәсіп болып тұрған жерлері, көбінесе өңге кәсіп қолайлы келмеген жерлер. Өзге кәсіп болмай, болуын

жер ыңғайы көгермегендіктен, кей жерлердің халқы түгелімен балықшы болмақ түгілі, бар тамағы балық қана болып тұрған халық бар. Бұларды — ихипала (ихиофаги)⁶ дейді. Бұл — Солтүстік Американың солтүстігінде тұратын халық. Суық жақтағы халықтардың бәрінің ең зор кәсіптері балық болады. Балықшы болған халық су үсті өмірге түсінген. Су үсті өмір бұрынғы уақыттарда ең қатерлі, қиын кәсіп болған. Су үстін адам баласының еркін билеп-төстеп кетуіне ең әуелгі адым осы балықшылық болған. Бұл балықшы дегендегі мысалға алып отырғанымыз теңіздегі балықшылар. Соғып тұрған түрлі дауылда, құйып тұрған жауында, төбе-төбе болған толқында, кішкене қайықпен бір жұлынғанда аспанға шығып, бір жұлынғанда құздан құлағандай болып, толқынның арасында жоғалып кетіп келе жатқанда қажымайтын жан қайраты, дене піскендігі керек. Балықшының мінезі аңшының мінезіне келеді. Бұлар да ғылым жолынан алыс емес. Түсінуі оңай, бұлардан басқа кәсіптердің ішінде бір ел болып, өзі білмей істейтін кәсіп жоқ. Және басқаларының бір тұқымға түгелімен әсер беретіні жоқ.

Ақыры бұл кәсіптердің бәрін қарап келгенде, мінезге, мәдениеттің күшеюіне біздің кәсібімізден қолайсыз кәсіп жоқ. Мұның біздің (.....) сiңiрген бiрталай мiнез таңбасы көп жерге барады.

Енді ол таңбаны кетірсе, не өзгерген отырықшылық секілді кәсіп түрі жоғалады. Не соғыс жоғалтады. Соғыс болса, елде уақыт толқынымен денедегі арам еттің арасына тарап, жоғалып кеткен жауынгерлік, қайраттылық қаны қайта жүрекке жиылып, қазақ жұртын бір қалыпқа мінгізер.

Мұхтар

ФИЛОСОФИЯ ЖАЙЫНАН¹

Адам баласы тұтынып келе жатқан ғылым екі түрлі. Бірі күндік керек мұқтаждық шығарған, адам баласының тіршілігіне нық байланысқан ғылымдар². Бірі кең ақыл, терең қиял шығарған адамның жанын тәрбиелейтін ғылым³. Алғашқы айтқан ғылымдар да, соңғы түрдегі ғылым да әр тарауға бөлінген. Бірақ соңғы айтқан ғылымның тарауының бәрінің түйіскендегі түп негізі философия болады. Философия грек тілінде хақиқатқа, даналыққа құмарлық деген сөз. Бар ғылымның да құмары — хақиқат. Бірақ бұлардың айырылатын жолы іздеген жолында. Өзге ғылымдар мақсұдына жеткізетін басқыштаған дәлелді адамның көз алдындағы дүниеден алады. Және сол көз алдымыздағы дүниенің жеке-жеке өзгеріс, сырын іздейді. Философияның құралы толғаулы терең ой. Іздейтіні мүтіл* дүниенің ең әуелгі сыры, негізгі хақиқаты.

«Философияның басы — тандану»⁴, — дейді Аристотель⁵. Танданудан барып адам бір нәрсені тексере ойлайды. Тексерген соң шынынан бұлдырды айырады. Бұлай болғанда философия бір нәрсені тереңдеп ойлау болады. Біздің күндегі көріп жүрген өмірімізде шын тереңдеп ойлап, таза ақылмен шешеміз дерлік жасырын терең сыр жоқ. Және бұлардың көбінің соңына алғы түскен бір беткей ғылымдар бар. Философияның кірісетін жері қолға ұстанып, көзге көрсетерлік дәлелдер табылмайтын, таза ақыл ғана шешетін сауалдар. Философия адамның басынан шыққан бар ғылымның тамырын бір араға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылып береді. Философияның жолымен хақиқатты іздеуге адам құлаштаған

* Мүтіл — мұқым, бүкіл.

кең ақылдың ғана нұсқаған жолында болып, терең ойдың түбіне телміре қарауына керек. Мұндай тереңдеп ойлаған ой бірден адамның көкірегін оятып, ақыл көзін дүнияға жайнатып ашқызады. Екінші адамды ұсақтықтан, басқа әртүрлі мінезсіздіктен құтқарады. Қай уақытта болса да, адам ақылының аймағы шынды, ақтықты іздеумен кеңейген болса, ол адамның адамшылығының жүзі жарқын болмақ. Және оның жүрегіне нық бекіген хақиқи жолдың беті ездікпен толқымайды. Бұл терең ойдың, ойшылдың өз басына келтіретін пайдасы. Адам баласы өзінің, өзгенің дәрежесін ұғып, шын адамның мағыналы өмір қалпына жетуі терең ойға қожа болуына байланысады. Дүнияға таза адамшылық сипаты, таза мінездердің күші жетпейді. Олардың әлі аз, өрісі жоқ. Дүниеде мәңгілікке орнан қаларлық адамшылық хақиқат жеке ғана мінезге сүйеніп тұра алмайды. Бұған ең бір күшті дінгек, бар адамның көкірегіне сіңген толғаулы терең ой. Соның себепті философия адам баласының жан тәрбиесінің, адамшылығының бірінші — өрлейтін басқышы, екінші — көркі. Бұл терең ойдың адам баласына жолдасшылық істей бастағанына үш мың жылдай болды⁶. Адамның әуелгі аясы аз ақылының туғызған қараңғы танымын, меңіреу надандығын философия кетірген. Бұрынғы уақыттағы халықтың надандығы қандай болған, бұл надандықтан туған соқыр таным қандай болған, мұның бәрі тарих жүзіне қарасақ белгілі. Бірақ ол заманда да оқығандар, ойшылдар болмай қалмаған. Бұлардың көбі халыққа шешен тілімен кемшіліктерін суреттеп үгіттеген. Көбі соңдарынан шәкірттер ерткен. Бұлардың артынан ерген шәкірттері ғылым үйреніп, дүниеге соқыр нанымнан құтылып, өздері жұртқа ғалым болатын болған. Сол ойшылдардың бәрінің сондағы тұтынып жүрген жолдары, айтып жүрген сөздері философия ғылымы болатын. Терең ой сондағы істеген басшылығынан әлі жаңылған жоқ. Философия заманның жай қозғалысының артынан еріп, бақылап отырып бір жол ескіруге айналса, я теріс болса, оң, жаңа жол нұсқамай қойған жоқ. Адамның өмірін көкірегіндегі ақылдың (идеясы) билейді дейді. Ақылдың жолы билейтін болса, ол идеяны философия билейді. Осымен адам баласының ақыл жолындағы тарақиятын, бұған жалғасатын адамшылық жолындағы тарақиятын» да философия билейді.

Адамның жүрегін ағартып, адамшылығын арттырып ақтыққа сүйрейтін үлкен күш — дін. Философия дінмен бастас ғылым. Себебі: екеуінің де іздейтін мақсұды бір түрлі. Философия шыннан шынды туғызып һаман⁷ ізденетін жолда әуелгі ашпақ сыры дүниенің ең жоғарғы негізін таппақ, қайдан жаралғанын шешпек. Екінші, адамның жанын, ішкі қалпын тексермек, үшінші, адамның дүниеге келген мақсұдын тексермек. Бұл айтылған жолдар діннің де мақсұдтары. Бірақ бұған ғана қарап философия мен дін бірігуге болмайды. Философияның айтатын жолы жалғыз ғана адамның таза ақылына сүйеліп айтылады. Және ол адамның ақылы айтқан жол болған соң, сынға алып, алғашқының дәлелін орынсыз тауып, әрлі-берлі толғап өзгертуге болады. Діннің жолы үлкен неден келді деп танылады, сол себепті мынасы дәлелсіз, мынасы қате, өзгертем деуге, шүбалануға болмайды. Даяр, анық, даусыз нәрсе деп тануға керек. Бұдан соңғы бір айырмыштары: діннің мақсұдының аймағы, философияның мақсұдының аймағынан кең. Дін адамның ақылына аз да болса қорек берудің үстіне, алдымен жүректі тәрбиелейді, мінезділікке үйретеді. Еріктің күшін тәрбиелейді (мұнда бір дін мақсұд болып айтылып отырған жоқ, бар діннің дін болғандағы мақсұды осы болатындығы айтылды). Философияның бар тәрбиелеп орын беретіні толғаулы терең ой.

Философияның керектігін басқа дүнияуи ғылымдармен салыстырғанда бұрынғы уақытта да, осы уақытта да бір дәрежеде. Бұрын ғылым көп тарауға бөлінбей тұрған уақыттағы айтылған шын деген жолдар философияның шын, шын емес деуіне байланушы еді. Себебі: тапқан жолын қолға ұстатып, көзге көрсетіп, дәлелге сүйей қоярлық дәлшіл ғылым жоқ болатын; ол күнде философия бар ғылымның қазысы болып тұрды. Бұл уақытта ғылым көп тарауға бөлінді. Әрқайсысы өз ізденген жолындағы хақиқатын өзі таппақ. Бұлардың тапқанын дәл болмайды деуге болмайды. Ендігі табатынының бәрі де шын болмақ. Бірақ сонда да философияның керегі мол. Себебі өзге ғылымдардың бәрі де бірбеткей болып өзді-өз жағына кеткенде, әрқайсысы өз алдын ғана көретін аудансыз тар соқпақтың үстіндегі ғылымдар болып табылмақ. Бұлардың тапқанының бәрін жиып, қорытып жаңадан жөн тауып, жол салып адамның ақылын тәрбиелейтін бір ғылым

тағы керек. Ол ғылым — философия. Философия ғылымның тарау-тарауларының бәрінің мақсұдын қорытып, қысқартып әкелгендегі жетпегі екі түрлі ғана мақсұд. Бірінші мақсұды адамның ішкі қалпын анықтап біліп, ақыл ауданын кеңейту (познание)⁸, екінші мақсұды дүниедегі шын барлықты білу (бытье)⁹. Бірінші бөлікке кіретін философияның тараулары: 1) Адамның жанының сипаттарын, мінезін оқитын ғылым — психология. 2) Көңілдегі ойлаған ойдың қалпын, мүсінін сынан отыратын ғылым — логика¹⁰. 3) Философияның тарихы — адам баласының ақылының қай заманда тереңдігі қандай болды, қалайша өсті, бұл күйге қалайша жетті. 4) Әлгі айтқан ғылымдардан шығады — гносеология¹¹ — адамның білімі қайдан туды, білімінің қандай түрлері бар, дәлдігі қандай, шегі қандай екенін айырады. Екінші бөлікке кіретін дүниедегі барлықты әр жағынан қарастырып айыратын ең кең, ең ауыр ғылым — метафизика¹². Бұл өзі бірнеше түрге бөлінеді. Мұның біріншісі негізгі дәлелдерге сүйеп мүтіл дүниядағы барлықты айырмақ (онтология)¹³, екінші — дүниенің түп иесін құдай жолын(ан) іздейді (рациональная теология)¹⁴, үшіншісі — дүниедегі тәннің (көзге көрініп, қолға ұсталатын нәрселердің) барлығын тексереді — (рациональная космология)¹⁵, төртіншісі — адамның дене тірлігін қойып, жан бағасын ғана алып, жан суретінде тексереді (рациональная психология)¹⁶. Философияның тарихы екі дәуірге бөлінеді. Бірі ескі философия, бірі жаңа философия деп аталады. Ескі философияның басы Ғайса пайғамбар тумастан мың жыл бұрын басталған. Бұл ғылымның алғашқы буынын бекітіп, ілгері қадам басуына себепші болған грек жұрты. Оның ішіндегі философия дүкенінің іргесін көтерушілер белгілі тарихтағы гректің жеті данышпаны¹⁷. Сол жетеуінің ішіндегі философияның ең жақын атасы деп саналатын кісі — Фалес¹⁸. Ескі философияның дәуірі XV—XVI ғасырлардың ішіне шейін жүріп келген. Бұл уақытта тарих жүзінде болған белгілі үлкен өзгерістер (ғылымның кіндігі болып тұрған Стамбұлдың түрік қолына түсуі секілді) философияның бетінің толқуына себеп болып жаңа философия дәуірі өрлеп кетті. Жаңа философия Декарт¹⁹, Бэкон²⁰ деген кісілерден бері қарай басталады. Жаңа философияның ең гүлденіп, көркейіп, өрісінің кеңейген уақыты XVIII ғасырдың орта шенінде

шыққан Германияның философы Канттың²¹ заманында болды. Тарихтың ұзақ жолында әрбір ғасырда андыздап, үздік-создық шыққан кемеңгерлер әр ғылымды көтермелеп, тартып бірталай жерге ұзатып апарып тастап отырды. Философияның сондай көтермешілерінің ең белдісі Кант еді. Қай ғылым болсын әр уақытта ескіріп қалып жаңартуды керек қылып отырады. Философия да сол жолмен барып Канттан біраз кейін әртүрлі жолдарға түсті. Мұның аяғы көп керіс, талас болып, ақырында осы жаңарақ уақыттарға философия қайта айналып, сол Канттың пікіріне бір иығын сүйейтін болды. Ақыры Канттан бергі философия көзге түсерлік жол тауып кете алған жоқ, әр ғылымның тапқанын қорытам деп, философия өзінің жеке ғылымдығынан айырылып, бірбеткей бір-ақ ғылымның жетегіне ғана кетіп қала жаздаған уақыты болды. Ондағы ерген ғылымы жаратылыс (естественная наука). Осы күнгі уақытта да философия жаңа жол тауып, ескірек философтардың пікірінен ұзап кете алып тұрған жоқ. Философияның тарихын тексерушілер бұл уақытты үлкен адам істеуінің алдындағы мезгілі деп есептейді. Мұның анығын келешек заман көрсетер²².

Енді философия мақсұд қылған жолында ұсағырақ мақсұдтарын қоя тұрғанда, жасырын, алыстағы әрі сырдың қайсысын айқын қылып көрсете алды деген сауал болуға болады. Рас бұл турада философия пәлендей мақсұдына жетіп болды деп кесіп айтуға болмайды. Бірақ философияның көздеген мақсұдына жетерлік басқышы өзге дүниауы ғылымдар. Сол ғылымдар бұл уақытта тереңдеп бола алған жоқ. Сол себепті философия да шарықтап шығып кете алмай тұр. Бірақ философия көркейеді. Көркейгендегі жемісін адамның жаны қорек қылады. Және ол қоректің алдын философия бұрынғы заманда да, бұл күнде де бермей тұрған жоқ. Адам баласының көкірегіне адамшылықтың таза нұры кіруіне үлгілі тәрбие шарт. Тәрбиенің мақсұдын орындау үшін тәрбиешінің көкірегінде терең ойы болуына керек. Тәрбиенің жолымен өскен уақытта да адам баласын бауыр тұтым, бақытын ойлап, қамын жейтін болуға да терең ой керек. Адамның бойындағы қандай таза мінез болсын жалғыз ғана өзі болса, берік болуына болмайды. Билеп отырып, нығайтып, әуелгі таза қалпында сақтайтын қарауылшысы таза ақыл. Сол

себепті әншейін жай адамның адамшылығын сақтауына терең ой керек болғанда, көпшіл, қамқордың терең ойсыз болуына тіпті болмайды. Бұл адамдағы терең ойды тәрбиелеп жетілтетін философия. Сол себепті философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ. Адам баласы жан жемісін татпай, өмірдің терең мағына, шын мақсұдына түсіне алмайды. Дүниауы ғылымдар күндік керекті жеңілдетіп беріп, дене тілегін күшейтпек. Бұл ғылымдардың бетінен мағына шығарып, жанға азық жиып беретін терең ой. Адамның жүрегіне бақыт, махаббат ұрығын орнататын да көкірекке сіңген сол толғаулы терең ой. Сол себепті философияның өркендеуін ғана тілек қылу керек.

Мұхтар

ЯПОНИЯ

Бұл күнде қай халық тәртіпсіз¹, ғылымсыз, елеусіз қалыптан асып², алдыңғы дәрежеде жүрген халықтармен тізелесіп отырарлық теңдікке жетуі тездігінен болатын оңай жұмыс емес. Бұрынғы бір беткей аяласыз, ғылымсыз қара күштің заманында ілгергі дәрежеге тез жету халықтың өз еңбегімен, басшының епті саясатымен ғана әзер болатын. Ал бұл заманда надан халықтың қатарға кіріп кетуіне себеп болатын жүз тараулы шарттар бар. Ол шарттардың бәрі де бас-басына терең оймен, еппен, қажымайтын қайратпен, малды, жанды аянбай сарп етерлік талап еткенмен ғана орнына келтіріп, одан кейін орыннан үміт қылуға болады.

Бұл тарихта һәрбір жетілем деп талпынған жұртқа неше жүз жылдардан бері қарай құлағын бұрап, жаттап келе жатқан тарих болғандығы бір негізі. Бірақ тарихтың осы айтылған жолы Японияға келгенде өзгеше бір рақымдылыққа түсіп, өзі демеп, бойын зорайтып, көркейтіп, қалпына бүткіл дүниені әрі шамдандырып, әрі қызғантып, ішін қайнатып отыр.

Японияның әуелгі мешеу болып, дүние жарығынан меңіреу болып, өзінің, өзгенің не күйде екенін білмей отырған қалпынан шығуына себеп болған нәрсе — өзге Англия, Франция, Голландия секілді білімді жұрттардың Японияның надандығымен пайдаланғысы келген қомағайлығы болды³.

XVIII ғасырдың әуелгі жартысында Қытай мен Америка һәм басқа Еуропа патшалықтарының саудасы қызды, бұлардың бір-біріне қатынасатын жолында Япония болды. Білімді жұрттар Японияның да ішіне өз саудасын кіргізіп, олардың қанын соруға айналды. Япония білімді жұрттардан келетін зиянды көрген соң, оларға өткел бермегісі келді. Бұған бастығы Америка болып, Еуропаның көп патшалықтары ықтиярсыз өткел беруге

мойынсұндырды⁴. Бұл оқиға 1853 жылда болды⁵. Японияның бұларға қарсы бетке ұстайтын қаруы болмады. Көп айлалы, қомағай, білімді жұрттардың ортасына түсіп, өзіндігінен айрылып, халыққа жем болатын уақыт келді. Осы себеп қамшы болып, Японияның сүйегіне сіңген ұлтшылдық, жігерлілік қаны оянды. Айлалы, азулы жауға өзінің ұстап келген қаруындай қару ұстап, өзінің сүйенген тәртібіндей тәртіпке сүйенбесе, басқа лаж болмайтын болды. Жұрт басшысы, қамқорлары бұл халді ұғып, осының жолына бастарын сарп етіп, жаңа жол табуға ізденді. Солардың талпынуының себебінен 1868 жылдағы жаңалық (реставрация) дүниежүзіне келді⁶. Бұл жаңалықтан бұрын Японияда Микадо (патша) болса да оны ешкімге иелетпей, бар билік қолынан тарайтын, бұрын соғыс басшы ханда Сиогундік⁷ болатын. Сиогундарды әуелде патша сайлайтын болса да, соңғы уақытта Сиогундар күшейіп кетіп, Токугава деген тұқым 265 жыл бұл дәрежені ұстап тұрды⁸. Сиогундардың көбі бір жағынан патша секілді халықтың бар міндетін артқан кісісі болмаған соң, екінші жағынан қолында үлкен күш болған соң, халыққа, патшалыққа зиянды көп істер істеді. 68-жылдың бір жаңалығы: сол сиогундардың ең соңғысы Токугава Кэнки деген кісіні жаңалықты бастап жүрген халық қамқорлары орнынан түсіріп, Сиогун деген дәрежені жоқ қылды. Бұдан соңғы бір жаңалығы: бұрын Японияда һәрбір тайпаны бір даймиос, яки князь билейтін⁹. Бұлардың бәрі де қол астындағы халқынан алым алып, қолдарына көп батырлар, яки ғәскер сақтайтын. Бұлардың өзі білімсіз, өзі жуан болған соң, елге келтіретін зияны көп болады. Жаңалық оларды да орнынан домалатты. Бірақ Японияның бетін түзеп алып, ретке кіруге аяқ басқанын 68-жылдан бері қарай деуге болмайды. Бойға сіңіп қалған надандық мысқалдап шыққанша, ескіден шығып, жаңаға түсініп кетудің ауырлығы жеңгенше, бірталай жылдар өтті. Японияның дәлді бетін түзеп алып, ілгерілеуге аяқ басқанының басы 1885 жылдан бері қарай басталды¹⁰. Бұл — Японияның ғылымға нағыз жұмылған уақыты. Ал басқа жұрттардан үйреніп, фабрика, завод ашып, солардың ғылымдарын өздеріне жұқтырғысы келгендік сиогундар заманында да бар еді.

Японияның жаңалықтан кейін ұзап, ілгерілеп кетуіне

себеп болған — екі уақиға дейді. Японияның Маркиз Ито деген президенті¹¹ (Министрлер советінің бастығы). Бұл кісі Японияның ең көрнекті халық басшысы, өзге жұртты Япония жатырқап жүргенде, бұлармен араласуына, ғылымға аяқ басуына себеп болған Херобуомы Итоның¹² мұндағы көрсететін уақиғаларының бәрі — Япониядағы патшалық түрі өзгергені. Халық алдында жауапты Министрлер болды. Патшаның өмірі бұрынғысынан әлсіз болып, конституция кірді. Бұл оқиғаны 1889 жыл әкелді¹³. Японияда 265 жылдай патшалық құрып келген тұқымның ақырғы патшасы¹⁴ бұл жаңалыққа көніп, өзі орнында қалды. Мұның себебінен халыққа әділ билік орнады. Ішкімет пен халық арасы жақындап, теңдік туды. Ішкімет басындағы кісілерді халық өзі сайлайтын болды. Японияның ілгерілеуіне екінші себеп болған нәрсе — 1894 жылда болған Қытай-Япон соғысы¹⁵. Бұл соғыстан кейін Япония ғылым, шаруа, сауда жолында аса көзге көрінерлік екпінділік істеді. Мысалы: 1880 жылы Японияның сауда пароходы 310 еді. 1899 жылда 1221 болды. 1888 жылда Японияға кіретін хәм одан шығатын бар пұлдың бағасы 98 миллион иен еді (иен 1 сом 29 тиын). Бұл 1900 жылда жарты миллиардқа барды. Оқу жолында 1901 жылдағы есепте Япониядағы оқуға жасы дәл келген еркек баланың шқолда жүргенінің саны 94% (жүзден 94), әйел баласының саны 81 процент болды. Бұл талап. Сол талаптың осындай жемісі хәр жүректі осындай болсам деп үміттендіріп, екпін, жігер беріп, талпынтатын тарих жүзіндегі үлгісі мол бір сабақ. Жаңалық басталғаннан-ақ Япония жастары ғылым дүкені құрылып тұрған жақтарға ағыла бастады¹⁶. Бәрінің хәр жерге келгендегі мақсаттары жалғыз Японияның бақытты болу қамы болды. Сол себепті бұлардың Еуропа ғылымын біліп алғандары тоқтамастан жеріне қайтып, жиып апарған білімдерін елдеріне егін отырды. Японияның бір патшалықтың ішіне келіп, оқу оқығандары сол патшалықтың жұрт билеу тәртіптері қандай, шаруаларының қандай түрлері бар, өзге патшалықтармен арасындағы саясат (дипломатия) қандай, — солардың хәр тарауынан Японияның гүлденуіне керек бұйымдарды қойны-қоныштарына толтырып әкеліп отырды. Японияның хәрбір еуропа патшалықтарының іштеріне барған жақсылары, сол патшалықтардағы жақсы

кылықтарымен жалғас жүрген қандай міндеті бар; солардың жетсек-ау деп жүрген қандай таза, жаңа түрлері бар, олардың бәрінде де толық мағлұматтармен қайтып жүрді.

Япония Еуропа не істесе, соған көз жұмып ере берген жоқ. Әрқайсысының жиып апарған білімін зейінге салып, сынап, өздерінше қолайлы, жақсы дегендерін ғана алатын болды. Бұл турасында (...) деген професеордың айтқан сөзі мынау: «Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің жақсымыз да ұмытылмасын»¹⁷, — деген.

Жаңалық бола бастаған соң Японияда һәртүрлі өнерліге, һәртүрлі білгіштерге мұқтаж болды. Ол мұқтаж адамдары Еуропада мол. Сол себепті олар күнбатыстан професеорлар, өнерлілерді шақырып әкеле бастады. Бірақ шеттен келген адамдарға шарт қойып отырды. Ол шарттар: Японияның ұлттығына зиян келтірерлік нәрселерді оқытып жүрген шәкірттерінің жүрегіне сіңірмеулері, мұндай мінездері байқалған адамдар болса, қызметтеріне кіргізбеді. Бұл уақытта Японияда жаттан келген професеорлар да, өнерлілер де жоқ деуге болады. 1900 жылдағы есепте Японияда тұрған жат професеорлардың саны он шақты-ақ болған. Бұлардың азаюының себебі Япония өзінен білгіштер шыға бастаған соң жат адамдарды бір-бірлеп шығарып орындарына өз кісілерін қоя бастады. Японияның патшасы, Министрлері түгелімен білімді адамдар болған соң, бәрінің де жаттан алған жолдары малды-басты аямай, Японияға ғылым, өнер кіргізу. Осы себепті Японияның жас оқығандарының халыққа істейміз деген жақсылық мақсаттары болса, бәріне әлгілер алдымен өздері көмекші болып тілеген жаңалықтарын орнатып беріп отырады. Японияның алға басу жолындағы тағы бір көзге көрінген мінездері — басшылары, білгіштерінің арасындағы ұйым, береке. Бұлар біріміздің істемек бір мақсатымыз болса, сол мақсатымыз алдымен патшалықтың күшті болуына зиянды болатын болмасын. Екінші, халыққа ауырлық келтіріп алатын болмасын деп өздеріне шарт қоятын. Осымен бұл күнде Япония тура күшею жолында, ылғи іске жаралған халық болды. Япония халқы — тарамыс, жігерлі, зейінді жұрт. Бұл турасында Еуропаның Японияға таңданып айтатын мына бір сөзі бар: «Күнбатыс халқындағы бір мінез — жас күндерінде адамдары зейінді, талапты болып

келіп, үлкейген соң талабы азайып, зейіні солғындап, істен қала беруші еді. Япония адамдарын жас күндеріндегі күн шығысқа тиісті зейінді талаптылыққа үлкейгенде күн батыс халқының тарамыс ісшілдігін қосып алатын болды»¹⁸,— деп.

Өткен нөмірде Японияның бұрынғы қараңғы надан күйден не себептермен тез құтылып кеткендігін және қысқаша сыртқы түрін жазып едім. Енді сол қараңғылықтан құтылуға істеген еңбегі һәм сол еңбегінің жемісін, Японияға соңғы уақыттарда қандай халифа келгендігі туралы жазбақпын.

Японияның басты адамдарының әуелгі Япония жетілмей тұрған уақыттағы қатты сақ болып, естерінен шығармаған нәрсесі, — халқының буыны бекіп, піспей тұрған кезде соғыстан аман сақтау болды. Бұл туралы өз араларында айтысып жүрген пікірлері: «Сыртымыз басқа жұрттармен тату, сыпайы болсын, іштен тарахиат (өнер-білім) аса бағалы болып, еркін өесін»¹⁹, деген. Осы себепті сырттан келуші өнеге аларлық адамдарға Японияда қағусыз, соғусыз еркін жол беріліп отырады. Өзге жұрт еркін болғанда, Японияны илеп-билеп кете ме деп қорыққаны көршісі Қытайдың осалдығы еді. Осыны ойлап, Қытайды ұйқысынан оятам деп те Япония адамдары көп еңбек қылып әуреленді. Ақырында сыртқы ашқарақ жаудан қысылып жүріп асығумен Япония ғылымның бірталай сатысына шығып қалды. Бірақ өнер-білім жолында қандай шарықтағанымен мұндай тез қатарға кірген жұрттың ірі жұмыстармен алданып жүріп, ұсақ, пайдалы, жақсы жұмыстардың талайы ескерусіз, солақай қалуы мүмкін еді. Бар мақсаты күшею болған соң, әлгі айтқандай көп пайдалы жұмыстардың басынан аттап кетпеді деуге болмайды. Ғылым, қуат қай жұртқа болсын мысқалдап бірте-бірте сіңбек, орнамақ һәм бойға баптанып, кемеліне келіп, жай орнаған нәрсе нағыз берік болмақ. Өзге жұрттың ептеп жай жеткендерінің бәрін түгелімен тез сіңіріп ала қою мүмкін жұмыс емес. Мұндай бірбеткей сыңаржақ қалғандық Японияның ішкі хал-жайын тексерсек көрінеді. Әуелі Япониядағы оқу жолын қарастырайық.

Япония hükümeti жаңалық кірген соң-ақ халық жалпы оқуға міндетті болсын деп жарлық шыққан. Бұл жарлық бойынша жасы алтыға толған бала сабаққа беріледі. Япониядағы төменгі дәрежелі мектептер жігі университеттер Еуропа үлгісіне ерте

түскен. Мысалы: 1880— 1890 жылдарда Еуропадағы не түрлі университеттер болсын, Японияда да ашылды. 1890 жыл мен 1900 жылдардың арасында сол университеттерді бітірген Япония студенттерінің саны 3126 болған.

Япония оқушыларына осы күнге шейін қиындығы кетпей жүрген бір нәрсе — Қытай мен Японияның әдебиеті ерте уақытта қосылып кеткендігі²⁰; бұл қосылу себепті Японияның жазба сөздерінің бәрін қытай тілі кернеп, Японияның өз тілін жеңіп кеткендік. Міне, сондықтан Японияның кітап тілі мен сөйлейтін тілі жат²¹, екі басқа. Оқушылар әуелі қытай тілімен таныс болып һәм басқа жұрттардың тілін тағы үйренуі қажет.

Енді Японияның әйелінің хәліне келейік. Бұрынғы уақытта Японияның әйелі елеусіз күйде болып, ескі ата-бабаларының салтымен әйелге өсіп-өну көзімен ғана қарайтын. Бұл күнгі жаңалық ағымы ол салтты қалдырып, әйелді де мемлекеттің құрметті мүшесінің бірі деп біліп, қатарға кіргізіп барады. Әйелдер үшін төменгі дәрежелі мектептер өз алдына жоғарғы дәрежелі мектептер де салына бастады. Японияда әйелдер оқитын мектептердің тәртібі бұл күнде Еуропа әйелдерінің мектептерінен артық бір түр тапты. Әйел оқығанда бір жағынан үй ішінің шаруасын үйрену керек, бір беткей оқумен кететін еуропа әйелдері үй шаруасына ыңғайы аз, еркек секілді сөлекет болады, өмірден алыстап кетеді деп, бар әйелдер мектебінде шаруа жағын құнттап тәрбие қылады. Японияда бір мектептегі оқушылар бір-ақ жерде тұрады. Мысалы бір мектепте бес жүздей кісі болса, жиырма-жиырмадан топқа бөлініп һәр топты басқаруға бір үлкен қатын қойылады. Бұл қатынды бір топтың ішіндегі қыздар шешесіндей көріп, өз араларында апалы-сіңілі кісідей жақын жүреді. Онан соң күндегі тамақ дайындау, кір жуу, үй тазалау және тиісті басқа шаруа, есеп-қисап — бәрі ол қыздардың мойнында болады. Қыздар һәрі ғылым үйреніп білімі артады, һәрі шаруа жүзінде, өмірге керекті тәжірибе алады. Бұл — Японияның басқа халықтардың қатесін көріп тапқан өзгеше түрі.

Өзге Еуропа халықтарымен қатар қоюға бөгет болатын бір нәрсе — Японияның діні, Япония бір дінді тұтқан халық емес, қашаннан неше дінді ұстанып келе жатқан жұрт. Бұлар Будда дінін де²², Конфуци дінін де тұтынды²³. Мұның үстіне Қытай

мен Японияны көбінесе ілгері бастырмауға себеп болған ата-бабасының ескі салтын қуып, жолын ұстау болды. Мысалы, өлгеннің аруағын құрметтеу (культ предков)²⁴. Бұл сияқты әдеттер неше түрлі қараңғы наным, зиянды туғызды. Будда діні сондай салтқа қарсы болатын, бірақ халықты түзеуге шамасы келмей, ол діннің өзі былғанып, бұрынғы тазалық, жақсылықтың бәрінен айырылып қалды. Конфуций діні ескі ата-бабаларының да салтымен алысты, оның да әсері артық сінбеді. Еуропа әсері де ата-бабаның ескі жолын әбден жоя алмай отыр.

Ескі салттың күші неке, талақ, мирас жолдарында аса айқын көрінеді. Мысалы: Япония халқының ұғынша: «дүниеде артында бала қалмағанның жаман нәрсе жоқ». Сондықтан бала таппаған қатынды шығаруға жол бос. Қатын бала таппайтын болса, тұқым үзіледі, тұқым үзілсе, ата-бабаның аруағы ұмытылып кетеді дейді. Және Японияда атаның қанын өзгертпеу керек деген бір әдет бар. Қатын алғанда өзімен тұқымдас жақын атаның қызын алу керек. Басқа атаның қызын алса, қан өзгеріп кетеді-міс. Қатын жүріс қылып, осалдығы біліне е де, шығарып жібереді. Себебі, әйелдің мінезі бұзылды, еріне қиянат қылды емес, атаның қанын бұзғысы келді деп шығарады. Бұл әдеттер осы күнге шейін күшті. Японияның оқығандары ескі салттан жерініп, көбі басқа дінге шығып кеткен. Кейбіреулері мүлде дінсіз, бірталай еуропа философтарының жолдарын тұтынды. Японияны көбінесе аударып бара жатқан христиан діні²⁵. Бұл күндегі оқып жүрген шәкірттерге ешбір дінді зерттеп оқытпайды.

Енді Японияның баспасөзінің жайына келейік. Японияда ретті газеттер шыға бастаған уақыт 1870 жылдардың шамасында²⁶. Газет шығарумен таныстығы ертеден бар-ды. XVIII ғасырдың басында Японияның ең алғашқы газеті шыққан²⁷. Ол уақытта Японияның Қытайдан басқа жұрттармен қатынасы хабары болмайтын. Ол уақыттағы газеттерде керекті мағлұмат берерлік еш нәрсе болмайтын, оның үстіне тақтайға басылып, алып жүруі де ыңғайсыз болатын. Жаңалыққа шейін баспасөз сол газеттер маңайыман ұзай алған жоқ. Жаңалықтан кейін 1899 жылда шығатын газет-журналдың саны 978 болған. Бұлардың ішінде саяси, ғылыми, әдеби, діни жолдарын тұтығандары да бар. Газет, журналдың саны болмаса, Япония әдебиеті аса

гүлдене алмаған. Японияның әдебиеті басталғалы талай заман болды. Бұл күнге шейін тұтынып келе жатқан — ескі әдебиеттің жолы. Өзге жағынын ілгерілеуіне қарағанда, солақай кем қалған нәрсе — Японияның әдебиеті. Бұл турада Япония жайын жақсы білген адамдар «Япония өзге жағына сонша бой салып, әдебиетке айналысуға қолы тимеген»²⁸, — дейді. Сондықтан Японияда адамның адамшылығын түзеп, дүниенің терең мағнасын ұқтыратын кітаптар аз. Бірақ бұған қарап Япония оқығандары терең ғылымнан хабары аз деуге болмайды. Япония оқымыстыларының Еуропа білгіштерімен тайталасып, ғылымға қызмет қылып жүргендері де бар. Мысалы, жер сілкіну өзгерісін оқитын «сейсмология» ғылымына Япония білгіштерінен жетік Еуропада оқығандар жоқ деп саналады. Бұл ғылымға әуелгі жетік болған Секия. Бұдан басқа да һәртүрлі ғылымдарға түр кіргізуге еңбек қылып, үлкен атак алып жүрген адамдары бар.

Мұхтар

АБАЙДАН СОҢҒЫ АҚЫНДАР

Қазақтың мінезін суреттеп, мінін жазып, сырын ашып, көзге көрсететін, елдің халін қайғырынып, жақсылыққа сүйреген сөздер Абайдан бері басталды. Абайдан бұрын қазақтың мінез-қалпын суреттеп берген айна болған жоқ¹, міні айтылмай, жүзі жуылмай, бітеу, тұйық күйде келді. Сол уақыттағы сөздер таразыға тартылып, ақылға салынбады. Надандық пердесін жырта алмады. Таяз, ұсақ, көрнексіз түрде болды. Абайдан бері әлгі өмірдің тұйығы жойылып, түйіні шешіліп, сыры сыртқа шығып, мінез айнаға түсіп келе жатыр. Қалам шамасынша шеберлеп, келісті жақсыны да, кейіпсіз жаманды да суреттеп отыр.

Әдебиетіміздің атасы болған Абай туралы өз пікірімізді жазып едік², енді Абайдан соңғы ақындардың өнері туралы пікірімізді жазбақпыз.

Қазір бізде өлең жазушылар көбеюіне себеп болып отырған нәрсе — бір «оянудың» барлығы³. Бұл оянуға бірінші — Абай, екінші — «Қазақ» газетасы⁴, үшінші жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды. Абайдың қай өлеңі болсын кейінгі буынды жетектеп, түртіп, қозғайтын әсер берді. Кейінгілерді бұл әсер ойлантты, оятты, бұған жалғас оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған «Қазақ» газеті.

Бұл газет халықтың саяси көзі ашылуына, «жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды. Егер келешекте қазақ әдебиеті буынын бекітіп, қатарға кіретін болса, «Қазақ» газетасына борышы үлкен. Бұл газеттің әдебиетке істеген аталық қызметі мәңгілікке атағын шығарып, қадірін күшейтеді.

Осы күнгі өлеңшілердің⁵ жалпы бетінде халықтың жалғыз ғана мінін айтып, жақсылыққа нұсқайтын, бірақ ақындықтың

түгел шартын көксемейтін бірбеткейлік бар: көбіндегі бір мінез — халықтың мінін айтса да, жақсылыққа тартса да, тірелетін қазығы — «ұлтшылдық»⁶ болып отырады. Бұл ұлтшылдық қазақ жұртының қысылып, таршылықта келіп, өнер, білім жүзінде өзгеден кейін қалғандығынан. Енді сол қысымшылдықтан босанып, тез ілгері бассам екен деген табиғи мақсатынан шыққан нәрсе. Бұл ұлтшылдық қазақ газетінің рухында бар-ды. Газет тұрмысқа жанасатын керекті көздеп, жұртты өнерлі қылуға, көзін ашуға тырысады. Өлең ұлтшылдық жолмен кетіп отырса, газеттің соңынан ергендік, ақындарымыз өлеңнің мағынасына түсінбегендік. Бұған газет кінәлі емес, ақындардың солақайлығы кінәлі.

Өлең бір мақсатқа жұмсалатын құрал болу керек емес. Жалпы еркін, азығы талғаусыз өнер болу керек. Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік, өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нығыз тіл. Осы айтылған шарттарды түгел сіміріп, төрт табанды, сегіз қырлы болып шығатын өлең Абайдан соңғы ақындарда некен-саяқ.

Тегінде «ақын» бар, «өлеңші» бар⁷. Ақынға қойылатын шарттар: әлгі айтылған өлеңшілікке ол шарттардың кейбірі болса да жарай береді. Бұлай болғанда біздің өлеңшіміз көп, ақынымыз аз. Сілтеген қаламы, сермеген талабы көлемденіп, төгіліп, түрленіп, жапырағы желкілдеп, қолмен қойғандай мейірін қанып, тойғандай болып шығатын өлеңдер бұл күнгі ақындарда аз. Көбінің өлеңі — шеберлеп айтқан қара сөз⁸. Мәдениеттің төменгі басқышында жүргендіктен әдебиеттің өзге түрлері тараулай алмай, кешегі өткен ақындар мен билердің сөзіне еліктеп, не жазса, өлеңмен жазу бұ күнгі өлеңшілерге сән болып жүр. Бірақ бұл әдет ілгері басқан сайын қала беру керек. Өлеңшілікке өнері жоқ, жай тілді кісілер өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін; және өлең болуға лайықсыз сөзді жұрт өлең қылып жүр. Шарты табылмай, зорлықпен қылғынып отырып жазылған өлеңнің әдебиетті күшейтуге септігі жоқ. Қайта сыңар жақ қылғаннан басқа.

Біздің ойымызша, қазіргі жазылып, шығып жүрген өлеңдерде мына сияқты міндер бар: Табиғаттың һәртүрлі түрімен сырласып, мұңдаса алмайды. Өлеңдерін оқып отырғанда көңіл жоғарылап,

қиял шарықтап, басқа бір дүниеге кіріп кеткендей болатын қуат аз. Адамның жүрегінің сыры табиғатпен жалғасса; қиялы күшейіп, мінезі көркейіп, сезімі нәзіктене бермек. Және ақынның қиялы жай ақын емес кісінің қиялынан артық болу керек. Салған жерден оқушыны соныға салып жібергендей болсын. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып» деген өлеңдеріндегі бұл күнгі ақындарда өлең жоқ⁹.

Көрген нәрседен көңілде өзгеше артық бір әсер қалып, аудармай, бұлжытпай тілмен суреттеп беру соңғы өлеңшілерде күшті емес. Сезім, көңіл суретін тілмен үйлестіріп көлтіру ақынның ғана қолынан келетін жұмыс. Бұл турада Абайдың суретшілігіне жеткен әлі ақын жоқ. Аңшылықты, жылдың төрт уақытын суреттеген өлеңдеріндегі суретті сөздер қай ақында бар?¹⁰ Және сол төрт уақытты суреттегендегі Абайдың қиялымен сезімінің күштілігі соңғы ақындарда кем.

Кейінгі ақындардың тағы бір міні — сыршыл еместігі. Һәркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, Һәрбір пернесіне тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үңілетін бір әсер пайда болады.

Онан соңғы бір міні — тілдерінің шебер, кестелі еместігі. Сөздерінің сырты тақылдап, үйлесіп келсе де нәзік сипаттарды жетік суреттей алмай, жадағай, үстірт кетіп, айтпақ суретін көңілге берік қондыра алмайды. Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілдігі бар — Мағжан¹¹. Бірақ оның тілі де кестелі, толық келмей, өлеңінің әсері көңілге ала қонады. Мысалы: «Жолда» деген өлеңінде боранды сипаттағанда тілін жеткізе алмай: «Жел... ішін тартып осқырып» деген жерінде көңілге байланып келе жатқан суреттің түрі бұзылыңқырап кетеді¹². Өлеңде, әдебиетте жанды нәрсенің сипатын жансызға жамайтын жол бар; бұл бірақ ұнасымды болған жерде қосылады. Мысалы: сол өлеңінің ішінде: «Жел... кейде қатты ысқырып» дегені ұнан тұр. «Осқырып» деген сөз желге жанаспайтын сипат. Бұл айтылған суретшілдік, терең қиял, сыршылдық, кестелі, шебер тіл, нәзік сезім ақындардан ғана сұралатын сипат.

Өлеңдерінің сыртқы түрі мен қалпына қарап қазіргі өлеңшілерді бірнеше жікке бөлуге болады.

1) Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі¹³. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар. Жүрегінің сезімін суреттейтін, жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар — сыршыл (лирик) ақындар.

2) Екінші жіктің өлеңшілері — Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шаһкәрім, Бекет Өтетілеуов¹⁴. Бұлардың өлеңі сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар — халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

Осы күнде сәні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе-жортақтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қарашев¹⁵.

Енді осы жоғарғы атанған үш жіктің өлеңшілерінің бас-басына тексереміз.

Алғашқы айтылған төрт ақынның ішінде Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұт бөлек, Міржақып бір бөлек. Алғашқы үшеуінде орыс ақындарына еліктегіштік бар. Еліктегіштік ақындық жолында мін емес. Пушкин¹⁶ мен Лермонтов¹⁷ өлеңінің көбінде Байронға¹⁸ еліктеген деп айтылады; бірақ еліктеумен олардың ақындық дәрежесі кеміген жоқ, қайта орыста оларға жеткен әлі ақын жоқ.

Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын Мағжанның өлеңдері. Мысалы: «Орамал», «Жолда», «Туған жер» сияқты өлеңдері. Мағжан өлеңіне ұқсайтын Ахмет Мәметов пен Сұлтанмахмұттың кейбір өлеңдері. Бұлардың еліктеу күші де, көңіл қиялы да қалаған жерден дәл шығып отырмайды. Сыршылдық сипатын көрсететін Сұлтанмахмұттың «Жас жүрегі», Ахметтің «Су жағасында» деген өлеңдері сияқтылар.

Бұл айтылған өлеңшілердің ішінде өзінің ақындық беті күшті, түр тапқыш, аса еліктегіш емесі — Міржақып. Кенеттен келген оқиғаны тез сезіп, тез сіңіріп, тез жауап тапқыш, жүйрік қиялды өлең Міржақыптан шығады. Мысалы: Сүлеймен Бижановтың,

Қазы Нұрмұхаммедовтың өлімдеріне шығарылған: «Жұт», «Қайда едің?» деген өлеңдері сияқты^{19,20}. Жүрекке әсер беретін өлеңдері: «Сағыну», «Қиял», «Шәкірт», «Қажыған көңіл», «Айырылу», «Жамалдың зары». Осы өлеңдерінде адамның жүрегіне тиетін қасіретті, зарлы, салмақты әсер бар. Міржақып өлеңдерінің кей жерлерінде тілді тұтып қалып отыратын сөз, буынында не артықтық, не кемдік болып отырады. Мысалы, «Айырылу» деген өлеңінде:

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келесің жаным сезіп, қайтып жуық.
Рахат рухына тілеп хақтан,
Хош айтып кетпес бе едім көңілім суып²¹,—

дегендегі «Рахат рухына тілеп хақтанның» бір буыны басқаларынан кем. Бұл — сөздің маңызын қуғандықтан. Міржақыптың алғашқы кездегі өлеңдері шұбалаң, маңызсыздау еді; ақындық күші соңғы сыршылдыққа айналған өлеңдерінде көріне бастады.

Енді екінші жіктің өлеңшілеріне келейік.

Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсынөвтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Бірессызмен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, ие қылса халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері — переводқа шеберлігі.

Халықшыл ақындардың ішіндегі алдыңғы қатардағы Сәбит²². Сәбиттің өлеңі қысқа, дәмді. Аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, сөзді ойына құл қылған, тілі тәтті, дәл келеді. Сәбит өлеңінде көңілге тақ еткізе түсіретін тапқыштық, салыстырғыш, сыншылық, аса терең болмаса да, төрт тағандап түсетін нығыздық бар. Мысалы, «Һәр жан һәртүрде», «Той», «Азаттық күні», «Жаңа жылға» һәм басқалар сықылды өлеңдері сұлулығы, ұғымдылығы, тілге жеңілдігі, тәттілігімен қандай надан адамның болсын,

көңіліне қона кетеді. Сөзге еркін, бай екендігіне қаптап тізген өлеңі дәлел.

Сыртының сұлулығы, тақылдақтығымен Ахмет пен Сәбитің өлеңіне Шаһкәрімнің өлеңі ұқсайды. Бірақ терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін созыңқырап, шұбатып әкетіп, оқушыны тез жалықтыратын қалпы бар. Шаһкәрім көбінесе өлеңі халыққа ұғымды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып, жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да ішкі мағынасымен еліктеген кісі — Шаһкәрім. Мінді, кемшілікті айтқанда жерлеп, кекеп, шенеп, оңдырмайтын Шаһкәрім өлеңінде шанышпа, ащылық бар.

Бекет Өтетілеуовтің өзімен, өлеңімен таныстығымыз аз. Переводы ұғымды, жеңіл, тәуір.

Ғұмар Қарашевта Марабай ақын²³, Бұхар жырау²⁴, тағы сол сықылды бұрынғы ақындардың қалпымен кеткен ескінің саркыты бар. Бірақ ескілік сөздер батырдың батырлығын, бидің шешендігін, ханның хандығын, салтанатын жетілдіртіп, ескектетіп айтқанына келісуші еді; ол кездегі халықтың рухы да, тұрмысы да ескек, асқақ сөзге лайық келуші еді. Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең пәлсәпә сөздерді желдіртіп, ескектетіп айту бұл заманда артық, ұнаспайды. Өлеңнің сыртқы ағымын қуып отырғандықтан, ішкі мақсат анық шықпай, иленіп, бытырап, бірін-бірі басып, көкірекке айқын із түспейді.

Осы күнгі өлеңшілер туралы қысқаша пікіріміз осы. Бұл ақындардың өнері туралы бар болған сыны бұл емес. Нығызырақ сынауға бас-басына арналып бір мақала жазылып, өлеңдері әбден сай, бақса қылыну керек. Бұл жазғанымыз бір сыдырғы жалпы қарап өткендік.

Жоғарыда айтып едік; өлеңші бар, ақын бар деп. Қандай өлең жазған кісі ақын болатыны аз да болса байқалған шығар. Бұл айтылғандардан бізде ірі ақындардың аздығы сезіледі. Әдебиеттің күшейуіне осы күнгі ақындардың үлкен себі әзір тиген жоқ. Тимегені белді, күшті ақын шығып, жазған өлеңінің бәрі маңызды болып, әдебиетке түр тауып бере алмай отыр. Бірінің 4, бірінің 5, бірінің 6 өлеңі ғана көңілдегідей болып шығады және һәр ақынның беті һәртүрлі. Күштеп көп жазған

бір кісі болмаса, әдебиет беті түр таба алмайды. Кейінгі қалам ұстағандарда не жазса өлеңмен жазғысы келетін бір әдет бар. Тіпті, өлеңге ыңғайы жоқ кісілердің ақын болам дейтін ойы бар. Бұл ой — қате, ақындық бар болса өзі де түртіп шығады. Жанды артық қинатпайды. Шабыт айдамай, жан қиналыл, келісіз жазылған өлеңнен ақын еместігі беп-белгілі көрініп тұрады. Әдебиетімізге жақсы өлең, шын ақынның сөзі көрік беріп, күшейте алады. Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қықым-сиқымды балаларға алдап сатып, тыға беретін. Әдебиетке қызмет қылуды әркім-ақ тілейтін шығар; бірақ қолдан келмейтін нәрсеңмен қызмет қыл деп әдебиет қыстамайды; өлеңнен өзге ертегі, жұмбақ, мақал, тақпақ, қара сөзбен қызмет етуге де болады. Шамасы келетін де, келмейтін де өлеңге жұмылғандық — бәрі бірдей не тойшы болғандық, не қойшы болғандық. Тегінде әр жақты болмай, бір беткей сыңар жақ болу да қате деп білеміз.

Екеу

БІРІНШІ ЖАЛПЫ ЖАСТАР СЪЕЗІ

Өткен майдың 5-нен 13-іне дейін Омбы қаласында Жалпы қазақ жастарының съезі болды. Съезд шақырушы Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымы¹. Съезге қазақ-қырғыз жастарының һәр ұйымынан бір-бір өкіл шақырылып еді, өкілін жіберген ұйым 15 болды. Съездің шақырылған себебі һәркімге мәлім. Еркіндік, жұрттың жауы — большевик билігі дәуірлеп², жұрттың ақ жолды қамқорын істеп келе жатқан ісінен, көздеп келе жатқан мақсатынан айырып әкеткендігі. Тұтынған жолына кедергі болып шыққан большевикке қазақ басшысы келін болып, бетін көрсетпей кете алмайды: беті ашылып, ниеті көрінген соң, большевик сыйғызбады, һәрбірін әр жаққа қуып, бытыратып тоздырды. Басшының жоғын көксетпей жұрттың тізгінін мықты ұстап қалуға тырысу һәрбір ұлттың рухы сіңген азаматтық борышы еді. Жастар һәр жердегі ұйымдар арасында бұл борышын бұрын ұғып, аз қайратымен көсемдік қылған «Бірлік» ұйымы.

Ұйымдардан басқа жерлерден өкіл шақырылмаған соң, келген өкілдердің аздығына қарамай, съезге жалпы қазақ жастарының съезі деп ат қойылып, айдар тағылды. Бұл жиылысты жалпы съезд деп атауға себеп болған бірінші, заман халінің ауырлығы, «кемеліме келіп, кер торымды мінемін» дегенге көнбейтіндігі, екінші, қазақ жасының рухына ұлтшылдық сіңсе де³, саясат майданына бел шешіп түспеген көк қауырсын балапандай тез шомылып, тез құрала алмайтындығы болды.

Бұл съездің қаулысы бөлек кітапша болып басылып, қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдарына тарады⁴ және бір уақытта газетке де басылып шығады.

Мұхтар Әуезов

ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНА АШЫҚ ХАТ

Омбыда болған жастар съезінің¹ бірінші мәселесі — ұйымдасу. Бұл мәселе турасын айрықша ұйымдардың құлағына салуды съезд маған тапсырған соң жазып отырмын². Ұйымдасу турасындағы съездің жасаған жобалары төмендегі:

1. Қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдары біріксін.
2. Бар ұйымдар ортасынан бір кіндік³ комитет сайлансын.
3. Кіндік комитетке әрбір ұйым өзінің барлық қазынасынан 15 процент берсін.
4. Бар ұйымдарда бір-ақ программа, бір-ақ ат болсын. Бұған съездің қойған аты — «Жас азамат»⁴.
5. «Жас азамат» атынан газет шықсын.
6. Мәтбуғат⁵ пайдасына кіндік комитетке ұйым басы 300 сомнан ақша берсін.

Саны мағлұм ұлт⁶ деп жанын отқа салып жүрген қазақтың қамқорын алсақ та, жұрт деп артына қарап игілік күтсе де, үлкен үміт қылып көз тіккені — оқыған жас. Қырдағы көкірегі қараңғы, ақылы мешеу надан елді алсақ та, күтетіні оқыған жас. Бұл іс — ұлттың ұлы болып, ұлттың қарызы оқығанның бәріне мәлім. Қазақ ерте ұйықтап, кеш оянған жұрт, қазіргі жүз құбылып толқып отырған саясат күйі қандай жұртты ұлы, қандай жұртты құлы қылады. О да ойланған адамға мағлұм. Қазіргі қазақтың қамын ұққан азамат қазақтың ел болуы берекемен күш біріктіріп, тәртіппен іс қылған уақытта болатынын ұмытпастай болды.

Енді қай жолмен іс қылу керек, жастар соны ойлансын.

Бұл уақытта тәртіппен бастай білсе, оқыған жастар ойлаған мақсаттарын ұйымдар арқылы жүргізуіне болады. Осы күнде талапты жастары бар жердің көбінде ұйымдар ашылып жатыр. Бірақ ұйымдар істерін қай тәртіпте, қандай жолмен істеп жүр? Ол турасы мағлұм емес.

Әзірге жиылып күш құрап, өндіре іс қылып кеткен һешбір ұйым көрінбейді. Ұйымдардың бұл көзге көрініп іс қыла алмағандығын бір жерге күш құрап, бір жолға пікір қоспағандығынан деп білу керек! Тәртіпсіз еңбек һәр уақытта істің бойын көркейтпейді. Қазақ жұртының бұл күндегі ең қымбатты мүшесі оқыған жастар. Өз дәрежесінде оқыған жас ұлт басына келген күннің ыстығына алдымен күйіп, суығына алдымен тоңамын деген иманды нық ұстауына керек. Бұл иман көкірегіне нық орнаған адам тәртіпке түсіп, күш біріктіру керектігіне шұба етпес деп сенемін. Заман халін, оқыған адамның басын, білімін, күшін сарып етемін деген уақыты жетті. Енді мақсатқа асығу керек. Атаның сай-сайға бытырап, тоз-тоз болып күш, берекеден айырылған қатасын ұғып, жиренетін уақытқа келдік. Жас болып үлгілі жол салып, қазақтың досына да, қасына да санаулы күш болу жастардың ойланарлық ісі. Бір даңғыл жол салып, бір жалаудың астына кіріп алған соң, жақсылық іс келсе бір араның жасы болмай, бүкіл қазақ жасы болып, жұмылып, көмектесіп, жаманшылық, зиянды іс келсе бүкіл қазақ жасы болып қарсы тұрса, жас — адал басшының оң қолы арамның елеулі жауы, надан жұрттың тәрбиешісі болмай ма? Қазақтың бұл күнге шейін таба алмай сандалған қазақ қамын шын ұққан жас керексіз деп айтады деп білемін.

Бұл болып өткен съездегі қаулы бар ұйымдарға уақытша салынған жол деп саналады; бірақ бұл қаулының жөн-терісін жалғастырып, қисығын түзеу жастардың жалпы съезінің ықтиярында. Қазіргі бұл съездің қымбатты ісі — жастардың пікірін біріктіруге жол салғандығы. Ендігі іс ұйымдардың талабы мен жігерінен күтіледі.

Съезд 5 кісілік кіндік комитетін сайлап (...) * Бұл комитет Омбы қаласында тұрмақ. Комитетке сайланған адамдар: председатель Троицкідегі «Үміт» ұйымының өкілі Ғазиз Мурзин⁷, жолдасы Г. Досымбекова⁸, екі мүшесі Ғабдырахман Байдильдин⁹, Мұратбек Сейітов¹⁰, секретарь Смағұл Садуақасов¹¹.

Хабарласушыларға адрес: г. Омск, Учебная, 86, «Жас азамат».

Мұхтар Әуезов

* (.....) — бұл жердегі сөз түпнұсқада өшіп қалған.

ҒЫЛЫМ ТІЛІ

(научный термин)

Ғылым тілі — бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының, бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі. Қазақ мәдениеті жер жүзіне бой көрсетіп, дүние майданына шыға алмай тұрған уақытта, бұл мәселені бір жөнге салудың пайда, зияны жұрт көзіне байқалмайды. Бірақ бұл күндегі қылтанақтап келе жатқан мәдениет — Қазақ жұртының бүгіндік қана керегі, ертең тағы тосыннан бір жол салып алуымыз оңай десек, сөз бір басқа: егер де бүгінгі жол, бүгінгі еңбек мәңгілік дейтін болсақ, ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе¹.

Мәдениет бәйгесінде алда келе жатқан жұрттың қатесі кейінгіге сабақ. Алдыңғы келе жатқан жұрттың жығылған жары, сүрінген томары кейінгінің бетін еріксіз бұрғызады. Өзге жолдағы істерінің оң, терісін қойып, осы тіл жолындағы орыс пен жапондардың істеген қаталары бізге айқын үлгі боларлық. Орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде, жазушылардың қолданатын әдеби тілдері «церковно-славянский» (дін кітаптарының тілі)² болатын. Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов³, Кантемир⁴, Тредьяковскийлер⁵ жұрттың бетін бұра алмай, өлеңі, қара сөзі болсын, бәрін де сол тілмен аламыштап былғап жазған. Орыс ол қатесін бері келген соң зорға түзетті.

Бұдан кейін Жапония жұрты надан күнінде жазу оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы қытай болып, қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады⁶. Бұл күнде қытай жұртта қалып, Жапония ұзап кетсе де қытай тілі әдеби тіл болып қалып, Жапонияға дерт болып, құтыла алмай әуреді жүр. Қазіргі уақытта Жапонияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың өнерін, басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды.

Қытай оқуы Жапонияда ешбір пайдалы оқу емес: жалғыз-ақ ерте уақыттағы Жапонияның басшыларының ойланбағандығынан өз оқуларын қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінікі қылып әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр⁷. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек біз де бір күні ұрынатын секілдіміз.

Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін олар арабшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі — орысша оқығандар жолы, ғылым тілін орысшаға, Еуропа негізіне тартады. Бұл жік-тәртіп бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білген негізіне тартатыны мәлім нәрсе. Мұсылманша оқыған мұғалім Еуропаның ғылым тілін білмейді, орысша оқыған учитель мұсылманшаны білмейді. Осыдан ошақтың үш бұтын үш жаққа тартып отырғандық — ғажаптанарлық нәрсе емес. Бірақ салыстырып, осы екі жолдың бірін алып, бәріміздің бетіміз бір жөнге сайып келуі мұқтаж. Бұл мұқтажды ұғу — бәрімізге парыз.

Қазақ мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің тұтынатын негізгі жолдары — «пантюркизм», «паниеламизм»⁸ тағы әртүрлі «панпәленизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол «пандардың» жолына қай жұрт болсын надан күнінде ғана мойын ұсынады. Мәдениетке бет қойып, басқыштап ілгерілеген сайын пандардан жұрт жерініп, пайдасыз бір іс деп санап, далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті қиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан кейінгі «пан» — саясат ауасы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақып жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буып бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл — адам баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі. Қазақ кешегі езгіде жүрген уақытында «пантюристер» үйретпей-ақ қырда жүрген қойшы-қолаңшы да түріктің тілеуін тілейтін. Бұндай екі халықтың бірін-біріне иілтіп, мейірлендіріп отыратын: 1) дін туысқандығы⁹; 2) сыртқы саяси қалпы; 3) надандығы болады. Егер осы жұрттар қатардағы жұрт болып, еркіндік пен мәдениеттің төріне шыға бастаса, бірінен-бірінің берекесі, мақсаты айырылып, аздан соң қас та жұрт болып кетуі оңай.

Бұның мысалын діні бір, қаны бір, тұрмыс ыңғайы бір болған Еуропа жұрттары баяғыдан бері көрсетіп келеді. Қашан болсын, адам баласының қазіргі «өз шыққан тауым биік болсын» деген мінезі қалмаса, еш уақытта күндегі саясат ауасының артынан ермей, бүгінгі досымен ертең қас болмай отырмайды. Бұлай болған соң ақ жолды, әулиелікті дүниежүзіне мен орнатамын деп мәдениеттің түзу, кең жолын тар, қисық жолға салам деу — қазақтың алға басуына кедергі шығарамын дегенмен бірдей.

Бұл сөздің қорытындысы қазақ жұрты қазіргі уақытта күндегі саясатының ыңғайымен жүріп отырып, түзу жолымен мәдениеттің буынын бекітуді ғана мақсат қылуына керек. «Пан-тюркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туыскандық, жақындық деген нәрседен айырылады.

Енді әуелгі ғылым тіліне қайтайық. Туыскандық дегенді қолмен аз да болса бұрауға келетін саясат көтермейтін болса, бірбеткей ғылым жолы туысқан едім деп бұрауға тіпті көтермейді. Біреу оңға, біреу солға тартып, илей бергенге көне беретіп ғылым жолы — терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттетсе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап, ойланбай іс қылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек.

Қазір бізде ғылым тілін арабшадан аламыз деген ағыс бар екен. Арабшадан алудың ғылыми дәлелі не! Біз ғылым тілі туралы сөйлесек, қазақтың оқуының жолын бір түзу жөнге салу турасын ғана еске алу керек. Оқу мәселесіне туыскандық, болмаса келешектегі саясат бетін қосып шешеміз деу — кімнің ісі? Ешбір істі алға бастырмайтын ретсіздік сол емес пе? Болмаса, заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойынсыну керек. Ол дәлел мынау: біз ғылым тілін арабшадан аламыз дегендегі дәлеліміз — арабта да бұрынғы уақытта мәдениет болған, сол себепті ендігі бізге керек болатын ғылым арабтан табылады дейміз. Ертеде араб мәдениетті болған бір заман бар. Бірақ ойлап қараңыздар, біз осы күнде оқысақ, сол XIII, XIV, XV ғасырлардың ғылымын оқимыз деп отырмыз ба? Мәдениет «пантюркист» болып, сол арабта болған қалпын сақтап тұр ма? Осы күнде дүниежүзіне жарығын шашып отырған ғылымдардың қайсысын аласыз, біреуі сол күйінде ме? Алайық медицина-

ны (дәрігерлікті), механиканы (машина ғылымы), химияны (химия), политик-экономиканы (саяси-шаруа ғылымы), кооперацияны (сауда ұйымдары) һәм басқаларды. Біреуі осы күйде ме еді? Бұның көбінің ол уақытта аты да жоқ еді? Ал қазіргі уақытта күндегі қолыңа ұстайтын құралың болды. Бұның бәрін кім шығарды? Еуропа шығарды! Бұдан кейін қазіргі мұсылмандардың мәдениетін алайық. Мысалы, Түркияның университеттеріндегі тіл, онан соң жайшылықтағы ғылым тілдері кімдікі? Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер Англия, Франция, Германиянікі. Бұған біз не айта аламыз? Сол боламыз деп отырған түркіміздің өзі Еуропа жұрттарының өз арасында солай-ды.

Қай жұрттың бір білгіші бір жаңалық шығарса, сол нәрсеге өз тілінде ат қояды: бұл атты өзге жұрттың бәрі сол тілде қолданады. Біз көбінесе татар мен түріктің Еуропа тіліндегі сөздің «г» харпін «ғ» қылып, «к» харпін «қ» қылып алып жүрген сөздерін өз тілі деп, сырттан жала жауып жүрміз ғой деймін. Болмаса, бұл күнге шейін түріктен білгіш шығып, оның тапқан нәрсесін түрік тілімен қолданып жүрген Еуропа жоқ. Міне, заман көрсетіп отырған дәлел — осы.

Жә, түріктің өз бетімен тапқан мәдениеті жоқ болса, өзі де Еуропаның дастарқанының шетінен орын алып отырса, біздің не істеуіміз керек? Ол уақытта да мәдениеттің кіндігі болған жерге тура тартпай, өзіміздің қалпымыздағы түрікті өткел қылғанымыз — оқу ісін түзу жөнге салғанымыз ба, салмағанымыз ба? Қазақтың оқуын Еуропа жолына салғанмен — қазақ түріктен алыстап кетіп, оқу үлгісін түріктен алумен — түрікпен туысып кете қоюына кімнің көзі жетеді? Жұрттың рухы бірігуде тұрса, саясат ыңғайы жұрт рухының сол күйіне қарап бет алатын болса оқу ісі, оның ішінде, ғылым тілі еш уақытта алыстатып әкете алмайтынын біздің ұғуымыз керек. Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндағаны жөн. Осымен тезірек оқу ісін бір негізге құрып, мұғалімдер, учительдер ғылым тілінің жолында бір-ақ түрлі құралды қолдануы керек. Биылғы Омбыда болған жастар съезінде де ғылым тілін Еуропадан алуды қаулы қылып жасаған жобалары: әуелі ғылым тілдерін жеткенше қазақтың ауыз тіліне аудару керек. Қазақ тіліне аударуға болмаған тілдерге ғана Еуропадан алу болатын. Жастар съезінің қаулысында қазақ тілінде шығатын журналдарда ғылым

тілі деген бір бөлімі болып, сол бөлімге Еуропа қолданып жүрген ғылым тілдерін әркім өзінше перевод қылып оқушының сынына берсін дескен. Бұл жоба да хәркімнің есінде болсын.

Мұхтар

ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ

Қазақ жұртының бойында әйел халі үлкен аурулы жараның бірі. Бұл мәселе қазақ емес, бар мұсылман дүниесінде шіріп жатқан үлкен дерттің бірі еді. Әсіресе түрікте, иранда болған «Гарем»¹ (қатындарды қамайтын үй) мәдениетті жұрттардың жағасын ұстатып, бұл жұрттардың тарихын сорғалап аққан қаннан, домалап аққан жастан құралған қанды тарих деп ат қойғызып еді. Ол уақытта Түрік, Иран аты аталса, «Гарем» еріксіз аталатын да күн болған. Сол күнде мұсылманның өзінен шыққан ақ жүрек ақындардың мұсылман әйелі дүниеге ортақ: күннің жарығынан, жан иесінің сыбағасы бас бостандығы, жүру-тұрудан айырылып, өмірден қуылып, көңілсіз шойын есікті қараңғы гарем бұрышында сыртқы дүниені бір көруге зар болып, сарғайып отырған қайғылы күйін айтып зарлаған жүректі ерітерлік шешендік сөздері бүгінде артта қалып, қуәлік беріп отыр². Осы күнде сол жұрттардың кейі сондағы ескі ғадатын тастаса да, кейбірі әлі күнгі тастаған жоқ.

Жұрт ауруының шектісі қай жерде болсын ескі ғадет, ескі ғұрып. Мәдениеттің аталы жауы — осы ғадет пен ғұрып. Тарахиат³ жолына сиымсыз, икемі жоқ аулақ, ғұрыпын жоғалтып, заман қалпына бойсынып, етек-жеңін түрінбеген жұрт бойы өсе алмай мешеу болып қалатыны мәлім. Жоғарыдағы айтылған әйел еншісіне күндікті ғана берген жұрттар мәдениеттің әуелгі басқышында бойын бекіте алмай, талай заман өтсе де әлі күнгі әуелгі құрылған қалпының маңайында сабыр қылып, әлі отыр.

Барлық мұсылман жұртында ескі ғадеттің ішінде өте сүйіп, бауырына басып, һәрқашан мәдениет ырқына көнбей отыратыны әйел турасы. Әрине, бұл күйден қазақ та аман емес екені әркімге мәлім.

Еңірегенде етегі толып, алдағы өмірдің қызығынан үміт үзіп, үлбіреген жас жүрегін қайғы, шерге толтырып, кеуіп, семген шалға барып, өмір бойы тіршіліктің күйігін ішуге душар болып отырған сорлы жастың көзінен аққан қанды жас ол істің растығына куә. Жүрегімен сүйісіп, тілегімен қосылған жас тең досынан айырылып, көп қатынның үстіне барып, не біреуге бала тауып беруге, болмаса өмірдің қызығын жойып, отын тауысқан бір кәрінің көрпесін салып, аяғын сипап, аю күндеспен, кемкетік шалмен үйлесе алмай, жаратқаннан өлім тілеген шерлінің зары, мұңы тағы да растығына куә. Мәңгілікке қосылып, жаныменен туысып, айнамайтын киянатсыз достыққа уағда еткен алған жардан қатал тағдыр айырған соң, не ақсақ, соқыр, жас балаға, не кешегі аға болып, бүгін қатын қылам деп асығып отырған сүйкімсіз үлкенге тиіп, тең жолдасын ойлап: көкірегін керген өкініш, өксік растығына куә. Қазақ даласын күңіреткен қыйғылы зар, жас өмірін өртеген сарғайған дерт, қайғы уынан өлген қыршын жас — бәрі де қанды, қайғылы куәліктер. Бұның бәрі жыл, ай емес, ескі ғадеттің күндегі жауыз істерінің айғағы.

Осы күйден аман қазақ бар ма? Жоқ. Себебі: не қызын, не қарындасын, не қатынын, не келінін жылатпай отырған қазақ жоқ. Бұлай болса, бұл бар қазақтың міні, бар қазақтың дерті.

Ал қазақ өмірін тезге салатын қырағы басшы, жігерлі жас! Надан атаның надандық ісінің арты қазақ әйелінің мойнына бар салмағымен түсіп, алдарында құлдықта езіліп, күндікте шіріген апа, қарындас, шешелерің үміт көзін сүзіп келіп тұр. Әйел түзелмей, мәдениет көркеймейтініне, әйел қалін түзетпей, қазақ басына бақыт орнамайтынына әркімнің де көзі жетер. Енді қайтсек әйел халі түзеледі? Соны ғана еске алу керек.

Бұл күнде қазақ әйелі: «Теңдік» дегенді ұғатын дәрежеден алыс: мойын бұрмай, еркектің күні болу әйелінің имандай берік тұтынған жолы.

Көп қатын алған қазақтың қайсысын алсақ та, құмарлықтан құмарлық қуып, нәпсінің жемсауын толтырам деп, дүниенің бар рахатын кезіп, шарлап отырған бір еркеліктен басқа іздері жоқ. Талайының ісінен жүгене із нәпсінің адамшылықты мазақ қылып тұрған жауыз пиғылы көрінеді. Ойлаңыз.

Дүниеде мұқтажы жоқ: қозғалып қиналатын жұмысы жоқ,

мінетіні жылжыған жорға, жылмыйған жүйрік, ішетіні мол, тәтті, еркін тамақ: көшсе шалқар су, салқын көгал, самал қоныс жайқалып алдында тұр, айтқанынан шықпай, арамнан қорғайтын елпілдек ағайын айналасын қоршап аялап жүр. Кәрі көңілдің енді не тілегі бар? Әрине, бұралған жас сұлудың нәзік белінен құшақтап, үлбіреген тамағынан иіскеп, нұрлы қара көздің қызуымен қуарған денені жібіте алмай бара жатқаны үлкен арман: «Жас иіс» — жас тоқал керек. Бұл халді ұғынып, «Көнбейін» дерлік жігер әлі біздің әйелдің көкірегінде оянған жоқ. Оята алар қисын да жоқ. Әрине, мұндай көкірегі оянып, теңдік — «Права» дегенді іздеп, бұл үшін алысып-салысып, жылаулар әйелдің жасын жоқтап, қайғыдан өлген әйелдің басын жоқтарлық намыс, жігер қазақ әйеліне оқу оқымай келмейді. Сол себепті әйел оқымай, шын жігермен тартыса алатын әйелдер шыға қоймас. Ал енді бұған қарап: әйел халін қазір түзеймін деу қате дейін десек, баяғы, ескі ертегі мысқалдап жетуді (эволюцияны) иман қылған боламыз⁴. Тегінде революцияны⁵, бұзып-жарып жұрт мінін түзеді тастағанда екі түрлі жол бар: эволюция — мысқалдап жету; реформа⁶ — істің ағысын байқап отырып, кезі келгенде жаңалықты кіргізіп қалу. Біз соңғы айтқан реформа жолын тұтынамыз. Олай болса, қазіргі әйел ісі туралы басталып келе жатқан бір ағысқа көз салсаңыздар. Ол ағыс бұрыннан да байқалушы еді, бостандық туып, қазақ хукіметі жасала бастаған соң көзге айқын көрініп отыр. Ол сүйгенімен қашатындық. Қазіргі уақытта сүйгенімен қашу, ата-ананың зорлығына көнбеу күннен-күнге күшейіп, әйел арасында жұқпалы мінез болып келеді. Әрине, бұл қуанарлық іс. Осындай қаша беруге жол кең берілсе, біздің әйел бұзылып кетеді деген бір пікір бар. Ол пікір теріс. Ол адамның мінезімен, жанымен таныстықтың аздығы. Болмаса көңілдегідей жайлы болып, күйеуімен шын сүйісіп, махаббатты өмірдің ортасында отырған әйел бостандық болыпты деп желбендеп байын тастап кез келген еркекпен «Айда жүр!» деп тұра жөнеледі деу дұрыс емес. Өмірінің шырқын өзі бұзу қазақ мінезінде жоқ. Оның үстіне қазақ әйелі болса ол тіпті мұндай мінез шығармайды. Қазақ әйелінің ғұрып пердесін жыртып, бір жігітпен қашып кетуі де үлкен қайрат керек қылады. Тегінде жоғарыдағы пікірді айтатын адам көз алдына бұзылған

әйелдің суретін келтіріп сынайды. Бұзылған әйелді алсақ, ол жай күнде де алты бай, жеті байға тиіп жүре береді. Тегінде іс көптің қалпына қарап істеледі. Олай болса әйелдің мына беттеп келе жатқан ағысына бақытты бол! Бақытты бол! — деп, алдыңғы жолын тазартып, күліп қарап тұрудан басқа дәнеме жоқ. Қазақ теріс мінезін өзі істеген ісінің қатесі шоқпардай болып өз басына тисе тез түзетеді. Қазіргі қыздардың, келіншектердің зорлыққа көнбей қашуы сол шоқпар. Сол себепті: Қашсын бай қызы, қашсын бағлан қызы, ешбір хүкімет тарапынан қысымшылық болмауына керек.

Мұхтар

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КҮЙІ

Мағыналы жұрттың көзімен қарағанда біздің жұрт дүниежүзіне жаңа туып, тіршілігі бар жанды нәрсе екендігінің белгісін енді көрсетіп отыр. Қазақтың бұрынғы өткен заманында жорықта тіршілік болды деуге болмайды, себебі ол өткен күндерді біз соқырлықпен өткіздік.

Һәр жұрт өзінің жұрттығын біліп, өзгемен тізелесіп отырып, жұрттық сыбағасын жырып ала алмаса, қасындағы іргелі көршісі қандай саясатты қолданып отыр, достығы қандай, дұспандығы қандай екенін білмесе, өз ішінде жұрт едім-ау деп ояну, сілкіну болмаса, онда не тірлік, не жұрттық болады? Біздің жұртта осы айтқан көрбалалық болды¹. Қайда айдаса жүре беру, қалай илесе көне беру, басқа ұрса өлу, көтке ұрса көну, мінеки, февраль өзгерісіне шейін біздің көрсеткен жұрттығымыз.

Енді ол ұйқы, мастық түні өтті. Ол күнді көрген ащы мен тұщыға һешкімді кінәләп уақыт өткізу керек емес². Шүкіршілік. Қазақ өз басшысының етегінен мықтап ұстап, білімді көсемін ақ батасын беріп аттандырып, соның тілегіне алты алаш болып алақанын жайып, тілек қосып, дұғада отыр³. Міне ояну, міне, тіршіліктің қуаты сілкініп дүниені сергітуге айналғаны. Жә, қазақтың сол баста деп алдына салып отырған көсемі кім? Ол — қазақтың оқыған азаматтары, зиялылары. Енді бұдан кейінгі қазақ жұртының күзетшісі осы оқыған азамат. Бұдан былай қазақ жарға жығылса обалы, жақсылыққа жетсе мақтаны — оқыған азаматта. Қазақтың жұрттық қалпын тезге салып, астын-үстіне шығару шексіз оқығанның билігінде. Оқыған азамат жұрт қалпының тезі⁴ екендігіне төменгі жұрттардың басынан кешірген халдері дәлел болса керек.

Мысалы, Япония* әуелгі сиогун, даймпостар билеп, ел атабабасынын надандығым парыз қылып тұтынып отырғанда⁵

* Япония — Жапония.

Япония еліне сыртқы жаудың саясаты килігіп, патшалықты құртуға айналғанын көріп, оқыған азамат күшін салып, өнерлі жұрттардың бәріне барып шарлап үлгі алып, Японияға сол үлгілерді жайып, белді бір патшалық қылып әкетіп отыр⁶. Жұрттың кешегі ата-бабамның жолы дегенін бұл уақытта жоқ қылуға айналды. Жұртын тазартып, ағартты. Бұдан кейін Түрікті алсақ тәртіпсіздік, үлгісіздік, надандық өрт болып лаулап, кешегі қол астында отырған ұсақ жұрттар Түркияны жұтып қоюға айналғанда, негізінен, қопармаса түрік оңбайтынын біліп, оқыған жастар шығып, патшасын түсіріп-түсіріп, жаңалықтарды кіргізіп, бұл уақытта Түрікті қандай қылып отыр⁷. Оны көзімізбен көріп отырмыз. Мысалыға, Россияны алайық. Орыстың оқыған азаматының халқынан алғыс алғаны да, қарғыс алғаны да бар. Алғыс алғандардың қызметі 80 миллион мұжық бай мен ақсүйектің құлдығына түсіп, адам баласы аярдық сорлылық езгіні көргенде, оқыған азаматы жанын отқа салып, зарлап, кітап жазып, сөз сөйлеп, асылып, атылып, айдалып, 20—30 жыл тұтқында отырып, өмірдің рахатын, қызығын далаға тастап қызмет қылды⁸. Бұндай қайғылы ауыр қызмет 150—200 жылға созылды. Сонда да оқыған азамат қажыған жоқ. Аяғы мысқалдап келіп нашарға өз дәрежесін түсіндіріп, ақырында Николайды түсіртті. Көгендеулі сорлылар азаттық дүниесіне кіріп отыр. Бостандығы тиді, бірақ оқыған азаматтардың жартысы Достоевскийдің сөзінің шын екенін осындай кең байтақ заманда көрсетіп қалғысы келді. Ол сөзі: «Орыс шек білмейді, бір құласа басы жерге жеткенше құлайды, көтеріліп алса тағы сондай екпінді болады», — деген⁹. Соңғы сөзі қашан анықталады? Мәлім емес, әйтеуір алға шығысына дау жоқ болды. Бұл күйге ұшыратып отырған азаматтары тағы нанғыш, желекшіл, нашарын артынан ертіп алып, түсте көрген сағымын қуып, ірілеп кеткен орысты ойрандап-ойрандап, қазір де қоңын айырып, зарлатып, Россиядан қарғыс алып отыр. Ал бұл уақытта орыстың үлгі алып жүрген Англия, Германияларының азаматтары әншейінде социалист болып жүрсе де, Германия, Англияның амандығын бәрінен артық жоғары ұстап, социализмді тастап, ұлтшылдықтың барып тұрған жері шовинизмге шығып кетті¹⁰. Оқығанның бетінен ауа жайылып, бөлек жол іздейтін бұқарасы осы күнде ұлтшылдықты иман қылып отыр. Міне, осы айырылған халдерге қарағанда оқыған азаматына бастатпайтын жұрт болмайды. Өл десе өлу,

тіріл десе тірілу бар жұрттардың мойынсұнатын нәрсесі(н) жоғарыдағы мысалдардан көріп отырмыз. Азаматы түзетем деген ел түзеліп кетіп, бұзам деген елдер бұзылып отыр. Мұның себебі: білімсіздің ақылы білімдінің арқанында. Бұқара алал** көңіл, шын ниетпен еремін десе де, тіршілік тартысы еріксіз оқығанды бұқараға, бұқараны оқығанға тықсырып көп отыр. Бұдан кейін бұқара сыналса, оқыған, заман ағысын ұққан адам екі сыналады.

Бұл күнге шейін елдікті ойламай тәртіпсіз, бағытсыз келген елдің ішінде неше түрлі кемшілік, неше түрлі жұртқа сыймайтын өрескел міндер бар. Қазақтың ендігі басшысына бірбеткейлік жарамайды, талай бетті қызмет, айла, тәсіл керек.

Қазақтың ішінде арқалы жуан бар, әлсіз нашар бар. Зорлықшыл, жылатып жүрген қиянат, тізе жуанды көріп жылап жүрген бар. Осы күйлердің бәрін басшы жаттап алып, әр қашан есінен шығармауына керек. Қиянатшыл, көптігін, жуандығын құрал қылатындарға оқыған басшының еш рахымы болмауы керек. Шын ел болатын көпті бауырға тарту, есеге жеткізу керек. Қашан болсын, жұрттың жұрттыққа шығуына әуелі сол жұрттың өз ішіне тәртіп кіріп, бұрынғы жаманы жойылып, орнына жақсы жаңалықтар кіруіне керек. Жұрттық аяқтап басталады, әрқашан жұрттық негізгі қалың елдің ішіне құрылады. Жұрттық дүкенін құруға оқыған азаматтың қандай әсерінің бар екенін айттық. Енді оқыған басшылар қазақтың азуына себеп болған шетін мінездерден сақ болып, өзінің ақылмен құрған бір негізін темір қазық қылу керек.

Мұхтар

ҚАЗАҚ ҚАШАН ЖЕТІЛЕДІ?

Он жылда, жиырма-отыз жылда қазақ ел қатарына кіріп түзеліп, өнерлі жұрт болып кетеді деп шамалайтындар бар. Олар тек тәтті қиялшыл, үмітшіл болдырғыштар (оптимист) ғой деп ойлаймын¹. Менің болжауымша: қазақ жуырда ел қатарына кіре қоятын сиқы жоқ. Тек мен уайымшыл (скептик, пессимист) болайын², менің мұным тек сары уайым болып, қазақ тез жетілсін, бірақ тез жетіле алмайды, оған кейінгі себептерді көрсетемін.

Адамның өміріне, істейтін кәсібіне неше түрлі әсер, реңк беретін табиғаттың һәм түрлі шарттары, орысша (физическая природа)³ жердің бет бітімі, жаралысы, ауданы, топырағының құнарлы, құнарсызы, үстіндегі жанды, жансыз, өсімдіктердің көп-аздығы, ауаның ыстық, суықтығы — осылардың бәрі бір сөзбен табиғат (природа) деп айтылады. Адамға қорек беретін табиғат, адамның тұрмысын, кәсібін, жан сипаттарын һәртүрлі түрге салатын табиғаттың шарттары һәр халықтың мінезі, қылығы, салты, ғайлы⁴, талабы, жігері өз маңайындағы табиғат әсерінен пайда болады; бірақ адамды ілгері басқызып, өнер тапқызатын жалғыз табиғат емес, табиғат берген қазынамен адамның қалай пайдалана білуінен. Сондықтан ауқат арттыру, тұрмыс түзеу адамның өз hareket, сүйегіне біткен зеректігі, қайратының арқасымен табылады.

Мәдениеттің тез жайылуына яки кеш тарауына тағы әсер беретін себептер: сол халықтың аз-көптігі, Жәми сергектігі⁵, тұқымы-табы, отырықшы, көшпелігі, шаруасы, кені, фабрика, зауыттары, сауда кәсібі, халқының рухы, аһлағы⁶, діні, көзін ашатын баспасөз, мектеп-медресе жайлары, саяси қалдері, мемлекет құрылысы, ғаскер күші, қазына байлығы, көрші халықтардың өнерлі, өнерсізі һәм басқалар. Осы айтылған себептерді түсімдірек қылып айтпақпын. Әуелі табиғат әсерінен бастайық.

Мәдениетке жердің таулы, тасты, құмды, қырат, сортаң болғанынан, ойпаңы, жазығы көп, өсімдігі, хайуаны тұрмысқа пайдалы, топырағы қара құнарлы болғаны қолайлы. Жерінің шеттері (ғранида)⁷ жырым-балақ, ортасы айқұш-ұйқыш өзен су шарлаған, ортадан шетке, шеттен ортаға қатынасы оңай болғаны мәдениетке ыңғайлы.

Пайдасыз ұлан-байтақ кең жерден, пайдалы, елі жиын, қатынасы оңай аз жер артық. Біздің қазақ жері алып жатқан кең сары дала, елі бытранды, пароход, кеме жүретін өзені, көлі аздықтан бір жерімен бір жерінің, қатынасы кем, топырағы құнарсыз, құмды, тасты, шөл даласы көп, ащы, тасынан кернеп ағып жатқан суы жоқ, жауын аз, көбінесе құрғақшылық болады. Оңтүстік жағы Түркістан өлкесі болмаса, көбі қоңыр үйекте⁸, ауаның суық жағына жақын; сондықтан өсімдігі де сараң, кесір бетеге, көде, жусан болмаса, салалы, шиманды өсімдік шықпайды. Егін салғаннан мал баққанға қолайлы. Мал өсірген кәсіп мәдениетке шабандық беретіні белгілі. Қазақ жерінің табиғат жайын мәдениетке қолайсыздығы бұл.

Ел ретін алсақ, жеріне қарағанда қазақ аз, шашырап сирек отырады; мұның себебі жерінің көбі борбасқақ, қызыл құм, шөл дала. Бұлар әр жерінде неше жүз шақырымға созылып, біріне-бірі қысылып таяу отыруына бөгет қылады. Сирек халықтың арасында бірлігі, қатынасы, күші аз болмақ, аз да болса, бір жерде шок тұрса, күшті болмақ. Мәдениеттің кеш тарауына бұ да себеп. Бір тәуір жері қазақтың іргесі бөлініп, артық алыстап кете қойған жоқ, тұтас, мұжық шұбарлап келе жатқаны болмаса⁹.

Тұрмыс жағына келсек, қазақ көшпелі жұрт. Көшпелі жұртқа мәдениет тез орнамайды. Қазақ отырықшылыққа айналғанша көп заман бар. Мал баққан кәсіпті өзгертуге жер-судың ыңғайы келмейді, өзгерткен күнде де егін сала білмейді, немен жан сақтайды? Отырықшылдыққа тез түссе, кедей болып қалуы ықтимал. Жерден кен шығару, фабрика-завод ашу, сауда, кәсіп жүргізу жуырда қазақ қолынан келмейді. Мал өсіруді тастай берсе, басқа ұстай алар кәсібі жоқ. Олай болса, надандық созылады. Ал енді қазақтың рухы, мінезі, талабы, жігері қандай? Мәдениетті Еуропаға, тез жетілген Японияға қазақтың мінезі жанаса ма? Еуропа адамы табанды. Жабысқақ, ісшіл, зерек, ерінбейтін жан себіл келеді.

Япония да сондай тірі, пысық, жігерлі жұрт. Біздің қазақ ше? Өзімізден озық жұрттарда жоқ «жақсы» мінездің бәрі бізде:

керенау, кежір жалқау, салқам, табансыз, басын бастап, аяғын тастап жүре беретін, жуырда селт етіп ұмтылмайтын, өзіне-өзі сенбейтін, өлі сүйектік, ездік — бәрі біздің ауылда, қайтіп үміт қыларсың?!

Адамшылық, кісіге пайда тигізу, ел қамын ойлау, өнер, білімге ұмтылу деген сияқты жақсы ой, таза ниет қазақта әлі жоқ. Бас пайдасы, құлқын, мақтан, атақтан басқа қасиетті жоғары мақсат аз. Оқығандар болмаса, жалпы жұртқа кірген жоқ. Жазылған, айтылған жақсы ақыл, шын сөз желге кеткенмен бірдей, жұқпай өте шығады. Баспасөзге құмар болып, қолтықтап, қаламы, қаржысымен көмек көрсетуші аз; бұл нені көрсетеді?

Қамыңды қыл, балаңды оқыт, милиция бол, қазына толтыр, шаруа түзет, уақ қарыз серіктігін, ұйым дүкендерін аш¹⁰, бірік, сыбағанды жіберме, малыңды бір қолдан өткіз, пұл алсаң елге әділдікпен тарат, бірлік қыл: партияны таста¹¹, араздықты қой, ұрлығыңды жой, аурудан сақтан, таза бол деген сияқты талай қамқорлық сөздер айтылып жатыр. Бұларды орындаған жұрт қанша?.. Білгені істемейді, наданы білмейді, білейін деп ұмтылмайды. Жұртта жапатармағай оянған бір сезім, өзгеше бір ұмтылыс, бұлқыныс артық байқалмайды. Партиясын қойған, ұрлығын тыйған, береке қылған ел бар ма? Бұл халықтың рухын мәдениетке даяр еместігін, әлі тұнық жатқандығын, жуырда қатарға кіре алмайтындығын көрсетеді.

Қазақты жуырда жетілдірмейтін тағы бір себеп діни фанатизм¹², надандық, ескі ғұрып, ғадат. Бұл қашаннан бойға сіңген дерт. Ескі молдамен алысып, елді адастырған қатесін жойғанша, тіршілік жұмысының барлығын дінге байлағанын қойғызғанша¹³, жаңа оқу харам, жаңа мұғалім кәпір дегенін тоқтатқанша, талай заман өтер. Ақыл мен адамшылық сыйғызбайтын надан атаның ескі ғұрып-ғадатын жоғалту да оңай емес. Бұлар күшті тұрғанда мәдениет кірмейді.

Тәртіпті мектеп медреселер жаңа ашылғалы жатыр. Олардың бөгетсіз іске асып, қандай жеміс беруі әртүрлі мәдени, мағлұм, саяси шарттарға байлаулы.

Саясат жүзінде һәр халықтың өз билігі өзінде болуы бәсекелесіп тез жетілуіне бір үлкен себеп. Қазіргі саяси қаліміз, мемлекет құрылысымыз не болары әзір белгісіз. Автономия алу мәселесі мен қазақтың тез жетілу мәселесі байлаулы деуге болады¹⁴. Осы уақытта Россияда неше түрлі хукімет туып

отыр¹⁵. Олардың ішінде қазаққа автономия бергісі келмей отырғаны да бар. Ішіп-жеп, азық қылып үйреніп қалған жұрт тіліне тәтті, тісіне жұмсақ қазақтың айырылғысы келмейді. Қазақ сияқты жұрттар автономия болса, Россия бөлек-бөлек мемлекет болса, күші азаяды деп ойлайды. Ол адасқандығы, Россияны тез жетілсін дегені. Германия, Северный Американский Соед Штат¹⁶, Швейцария неше автономиялы халықтардан құралған мемлекеттер. Олар кімнен осал болып отыр. Бізге автономия бермеймін дегені — жерімізге, елімізге қызыққаны, қомағайлығы, өзіміздігі.

Ішке айбар, сыртқа қорған болатын ғаскерсіз қай жұрт болсын. Жұрттығын сақтап, ілгері баса алмайды. Онан соңғы зор керек қазына пұл. Екеуі де жуырда көңілдегідей бізде самдай болады деуге болмайды.

Ілгері тез басуға себеп болатын көршілес халықтардың мәдениетті болмағы. Бір көршіміз Япония өнерлі болғанмен жері шалғай, Қытай өзі ылғи қотан ақсақ, шылғи надан Бұхара о да тоғышар, Ауған, Фарсы шала, орыс өзі шикі, не қылса тәуір көршіге жарығамыз жоқ.

Міні, осы жоғарғы айтылған себептерді дәлел қылып, қазақ жақын арада жұрт қатарына кіре қояды деген пікірді асығыс көремін. Батпандап кірген дерт мысқалдап шығады. Сүйекке сіңіп, бойға жайылған қараңғы надандық қазақтың бойынан тез шығып, қазақ буынын бекітіп, оңалып жүріп кеткенше тамыздықтап талай жылдар өтіп кетуі мүмкін. Қатты ұйықтаған алыпты қатты соққан боран, шатырлаған жай, сатырлаған оқ оятпаса, ірге желінің түрткенін, масаның ызындағанын, бүргенің шаққанын, тұрымтайдың шоқығанын елең қылып серпіліп оянабайды. Жұрт — сол ұйықтаған алып. Ызындаған тиіп-қашпа сөзінді, кемеліне келмей, ұйқысы қанбай құлағына алмайды, міз бақпайды. Қазақ шаң жұтып, тесік өкпе болып соғыс көрсе; ер басына күн туса, қысылса, тез серпіліп оянар еді, ерленер еді, білімге тез бет қояр еді (қырғын көріп жатқан Жетісу елінің жан себіл ерлігі бұған дәлел)¹⁷; бірақ ғылымсыз, өнерсіз надан жұрт соққы көтере алмай, шаруасы күйзелген соң басқа кәсіп тауып, жан сақтай алмай азып-тозып, құрып қалуы мүмкін. Ондай күнді қазақтың басына салмасын, мимырттап жетер.

Мұхтар

МӘДЕНИЕТ ҺӘМ ҰЛТ

Мәдениет деп адамның дүниежүзіне алғаш келгенінен осы күнге шейін тапқан һәм сол білімге сүйеніп істеп отырған өнерін айтамыз. Мәдениеттің адам қолына бірақ күнде қазіргі күйде келіп түсе қалмағаны һәркімге мағлұм. Мәдениетке негіз салушы адамның ақылы һәм жүрегінің көрген нәрседен әсер алғыш сезімділігі. Бірақ адамның ақылы мен ізденгіш сезімділігі де дүниеге алғаш келген уақыты мен қазіргі уақытта бірдей емес. Ақыл мен сезімнің өсуі екінші бір себепке тіреледі. Ол себеп: тұрмыш* ыңғайы, өмір жасаудың ауырлық, жеңілдігі һәм ауыр өмірдің тізесінен қысылып тапқан өмір тәжірибелері.

Тұрмышы жайлы болып, өмір жасауы оңай болған ел бүгінгі шаруасына, біліміне түр қосайын деп ойланып, тәжірибесінің үстіне тәжірибе жасай бермейді. Ол жұрт ізденіп, тінтінбей-ақ бір қалпында отыра береді. Мысалға жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауы бар қазақты алсақ, бұның жерінде қыс қоңыр жайлы болса, қыс та, жаз да мал аяқ астынан жем алып, иесінен һеш еңбек сұрамайды. Осындай күйде тұрған адам шаруама түр қосайыншы деп, тұрмысы турасынан һешбір ой ойламайды. Осымен қазіргіден 200—300 жыл бұрын мал баққан қазақты алсақ та, шаруасы бүгінгісінде бір-ақ түрде, тұрмышы бір-ақ қалыпта. Ақыл, білімі, өнері, мәдениеті ұйқысын бұзбай, әуелгі күйінде отыр.

Ал бұған қарсы Күнбатыс Еуропадағы 7 шаршы шақырым жерге 4—5 миллион халық сығылысып отырған елді алайық¹. Олардың шаруасы жүз жылдарды қойып, он жылдар өткенде көрсең, адам таңқаларлық күйге түсіп өзгеріп, түрленіп отыр. Бұл мысалдарға қарағанда, мәдениеттің негізгі басшы, қожасы

* Тұрмыш — тұрмыс.

тұрмыс ыңғайы болып шығады. Бұлай болса, адамның тұрмысы өзінің өсіп-өнуіне қарап, мысалдап өрлеп келеді. Бұнымен қатар мәдениет те мысалдап кірді. Бір білімге негіз салушы ерте заманның бір адамы болса, ол сол өз заманындағы ауырлықтың ғана тетігін тапты. Бұл тетікке келесі заманның адамы өз білген тәжірибесін жамады. Осы ретпен һәр заман беріп кеткен бұйымынан құралған мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр. Осы күнде мәдениет жерде — суды, һауаны биледім, аспанда — Ай, жұлдыз, Күнді биледім, жаһанды жаратқанда, жаратушының жалғыз мақсаты мен болмасам да, сол көп жаһанның ішіндегі шын асыл гауһары менмін дегізіп, адам баласын мақтандырып отыр.

Енді сол мәдениеттің нағыз жайы қандай, соған келейік. Мәдениет — дүниежүзіндегі адам баласының пайдалануына даяр болып ағып жатқан бір кен. Мәдениет бір бетті, бір жолды емес, (оны) адам қалай пайдаланам дейді, өз еркінде, жақсылық хақиқатқа жұмсасын, жаманшылық жауыздыққа жұмсасын — екеуіне бірдей елгезек. Мәдениетті ылғи дүниежүзіндегі ақтықтың ғана ұйтқысы болмады², жауыздықты да осы туғызды деп өкпелеп, «жолы болмас» деп қарғаған да білгіштер болды. Соның бірі XVIII ғасырда Францияда болған Жан Жак Руссо деген данышпан³. Бірақ ол қарғысы әділ емес.

Мәдениет айтып отыр: мен жалғыз ақтықтың жолымен ғана тұрғам жоқ. Мені тудырған адам баласы. Адам баласының жүрегінде ақтық та бар, жауыздық та бар. Мен де сол екі заттан құралдым. Шыным да, мен — дүниенің айнасымын. Дүниенің өз беті қисық болған соң, маған не жолмен өкпелейсің депті⁴. Бұлай болғанда, мәдениеттің хақиқаты мен зұлымдығы егіз. Енді сол екі тарауына келейік. Әуелі мәдениеттің хақиқатқа істеп отырған қызметін аламыз. Ол қызметтері адамды үстіндегі аспан, астындағы жер, барлық дүниенің сыр-сымбатымен таныс қылып, көкірегін ашып, ақыл ауданын кеңейтіп, бір жағынан, дүниені адам ақылына құл қылу. Бұл жолға қызмет қылатын ғылымдар: бірінші — астрономия (ай, жұлдыз, күн қалпын айыратын ғылым), екінші — зоология, биология (хайуандар тіршілігін һәм дүние жаратылыстарын оқитын ғылымдар). Үшінші — микро-биология (көзге көрінбейтін ұсақ құрттардың өмірін оқитын ғылым), төртінші — бу қуатын, ауа сырларын оқитын һәм телеграф, телефон жайларын тексеретін ғылымдар, тағы басқалар.

Жұлдыздар қалпын айырғанда ғалымдардың қолданып отырған құралы телескоп деген сайман. Телескоп алыстағы нәрселерді жақындатып үлкейтіп көрсететін пияладан жасалған ұзын мұржа секілді нәрсе. Телескоптарды жай аласа жерге қойып қарауға болмайды. Сол себепті не үлкен мұнаралардың басына, не биік тауларға орнатады. Телескоптарды үлкені алыстағы жұлдыздарды қараушының көзіне 15 мың есе жақындатып әкеледі. Бұлай жақындататынының үстіне айналар қойып қарағанда айды 7-ақ шақырым жерге әкеліп көруге де болады десіп отыр. Бірақ ондай жақындатып әкелгенде айдың үсті қараңғы болып, еш нәрсені айыруға болмайды дейді. Телескоппен қазіргі уақытта Күн мен Жердің арасындағы алыстықты да айырып отыр. Астрономдардың айтуынша, бұл екі ара 40 миллион шақырым. Күннен шыққан жарық жерге сегіз минутта жетеді. Ал ең жақын жұлдыздың жарығы әлгіндей тездікпен жүріп отырғанда, үш жарым жылда жетеді. Ең алыс жұлдыздың жарығы 35 мың жылда жетеді. Осы ретпен сол жұлдыздардың қайсысының қызуы көп, қайсысы жаңарақ туған, қай жұлдыз ерте бітеді, қайсысы соң бітетіндерін де айырып отыр. Телескоптар тұратын жерді «обсерватория» дейді. Телескоп секілді пияладан жасалған, жанындағы кішкене үлкейтіп көрсететін микроскоп деген сайман бар. Мұнымен ұсақ құрттардың өмірін оқиды. Мысалы (ол) микроскоппен үлкендігі миллиметрдің (жуан иненің жасуындай нәрсені) 10 миллион бөлігінің сегіз бөлігіндей құрттарды көріп, оқып отыр. Ол құрттардың кішілігінің қандай екенін мынау мысалдан білуге болады. Мысалы, ұзыны мен ені әлгі иненің жасуындай болған бір кішкене тамшы су болса, сол су әлгі құрттар өсіп отырғанда 2 мың жылда толады.

Дәрігерлік ғылымы жалғыз осы микроскоптың себебімен өсіп-өркендеп отыр деуге болады. Осы күнде адамның қандай ауруы болса да, өзінің бас-басына құрты бар екенін, ол құрттарды немен өлтіруге болатынын микроскоп айырып беріп отыр.

Телеграф пен телефон ісіне келсек, бұнда да ғылымның адамды таңқалдыратын حرکتін көріп отырмыз. Неше мың шақырым жерлерден минут аралығында, қолма-қол жазысып отырғанның үстіне, қазір сонша алыс жерлерден шыбықсыз телефондармен ауызба-ауыз күлісіп, сөйлесіп те отыр.

Мысалы, 1915 жылы Америка мен Францияның екі инженері, бірі Америкада, бірі «Эйфель» мұнарасының басында отырып

сөз сөйлесіпті⁵. Бұның үстіне адам баласының ақылы бу күшіне не істетіп отыр? Англия, Америка, Германиялардың кемелерін көрсен, су үстінде қалалар көшіп жүр деуге болады. Үстіне неше жүз мың халықты мінгізіп алып, бақша, гостиница**, базарын орнатып, еркімен кешегі надан адамның: Құдайымыз(дың) үстінен жүрсек, қаһарланады деп жүрген теңіздерінде сейіл құрып сайқалдап жүр.

Бұрынғының надан адамы дүние турасында екі түрлі наным-да болушы еді. Бірі — жер барлық жиһанның ортасы, еркесі, күндізгі күнді, түндегі ай, жұлдызды мезгілімен жерге керекті жарығын беріп, әлпештеп, көрікті Күн аспан жарастығын толтырып тұрсын деп жаратты деуші еді⁶. Екіншісі — тағы дүние адам үшін жаралды, жерге шөп, су берсе — хайуан үшін, хайуан — адам үшін, еркелік, қожалық, махаббат, тіршілік — адам үшін деуші еді⁷. Қазіргі хақиқатты тауып отырған ғылым, мәдениет бұл екі танымды да мансұқ қылып, теріске шығарып отыр⁸.

Алғашқы танымның терістігі: жер үстіндегі тіршіліктің бәрі бір-ақ күннің қолындй, күн қызуы болмаса, жер үстінде өсімдік болмайды. Өсімдік болмаса, хайуан болмайды. Бұлар болмаса, адам да болмайды. Жер мұз болып қатып қалады. Және сол тіршілік беріп тұрған Күн жерден үш жүз мың есе үлкен, ал әлгі жарығы пәлен жүз, пәлен мың жылдарда жететін жұлдыздардың әрқайсысы — бір-бір күн. Күннен де әлденеше үлкені бар. Сол жұлдыздардың һәрбірінің маңында әлденеше жерлер бар деседі⁹. Бұған қарағанда, көп жаһанның ішінде бір тозаңдай белгілісі жоқ. Солардың бірде-бірінің тіршілігі, не беріп тұрған әсері жоқ. Осы жер неғып кең, жаһанның дінгегі бола алады? — депті. Екінші, дүниені адам үшін жаратты деген сөзді теріс қылып отырған — жоғарыдағы айтылған биология һәм эмбриология ғылымы (дүниежүзіндегі жан иесінің анасынын ішінде қалай етіп (бітіп), қалай өсетінін оқитын ғылым). Эмбриология ғылымы дүниедегі тірі нәрсенің үлкені — пілді һәм судағы жайын, китті алсақ, дүние қожасы мен деп отырған адамды алсақ, онан соң, микроскоппен эзер айырып отырған кішкентай микробтарды алсақ, осылардың балалары, я ата-ананың қосылғанынан, әрі хайуандардың өсуіне денесі екіге бөлініп, бірі — бала, бірі — ата болып шыққаннан (микробтардың өсуі) жаралады дейді.

** Гостиница — қонақ үй, мейманхана.

Бұлардың жаратылысындағы ғажап нәрсе сол — жан иесінің бәрі де ата-ананың шағылысқан ұрықтарының ішіндегі бір болар-болмас жан сипаты бар тәннен жаратылады дейді. Осымен барлық жан иесінің негізі — бір кішкентай тән. Бұның үстіне адамның артық деп жүрген сипаттарын алсақ, соның бәрі хайуаннан да табылады. Мысалы сағыну (ит пен жылқыда), қызғану, сүйіну, күйіну (бар хайуанда), кек алу (маймылда), берекешіл, ұйымшылдық (арада, құмырсқада). Бұның үстіне бар жан иесіне бірдей өлмесем деген сезім бар. Бұлай болғанда, адам осының бәрінің аз алдында деген болмаса, бәрінің тірлігі адам үшін деу де сыйымды сөз болмай шығады.

Осы айтылған сөздердің бәрі де адам баласына дүние хақиқатын ұқтырамын, дүниенің сыры мен адам ақылын жалғастырамын деген мақсаттардан шыққан. Бұдан басқа данышпандардың адам баласына ұқтырып келе жатқан тағы бір жолы бар. Ол — адамшылық хақиқаты. Адамшылық турасын сөйлеп, адам баласының бауыр екенін, бірімен-бірі дос болуының керектігін талай жүз жылдардан бері қарай, білгіш кеменгерлер сөйлеп келеді. Бірақ хақиқаттың бұл жолына түсініп кеткен ел әлі жоққа тән. Сол адамшылықтың жөні деп, бір адамды бір адамға дос қылудан асып, бір ұлтты бір ұлтқа, барлық дүниежүзіндегі ұлттарды бір адамшылық жалауының астына кіргізем деген де мақсұд шықты. Ол мақсұдтарды көздеп отырған — социализм¹⁰ ғылымы һәм эсперанто тілі¹¹. Бұлардың ішінде бабы келмеген жұртқа социализмнің не сый көрсететінін Россия халі көрсетіп отыр. Эсперанто жолын ұстанам деген адам да өз ұлтынан кетпесе оны жол қылып ұстай алмайтынын көрсетіп отыр. Эсперанто жолын ұстаушы жасынан эсперантоның атаған тәрбиесімен атаның баласы болмай, адамның баласы болып, бұл адамнан өзге жайда өсуі керек. Осындай себептермен екеуінің де күйі келмей, ұлт мақсаттары қағысқан жерлерде арашашы болам деп, өздері күл болып аспанға ұшып отыр. Түбінде адам баласы бір туысқандыққа келеді деген пікір дұрыс емес деп таласуға болмайды. Ол заман болсын-ақ деп тіледік. Бірақ бұл замандардағы барша патшалық бар ұлттық өнер, білім байлығы милитаризмді (соғыс ісіне қамсыз болып күшейіп алуды) иман қылып отырғандар, ел болуға қарамай отырған елдің жалпы адам баласының бақытын іздеуі шортанның тышқан аулауы секілді болады. Социализм мен эсперанто жайылса, жайылып ірге тебетін

жері, осы соғысып жатқан Еуропа патшалықтарында болады¹². Өнер, білім, мәдениетін сол жолдарға жұмсаймын деп, Еуропа патшалықтарына жау болып шығып, жонын қоятын жуан ел жоқ екені мәлім еді ғой. Бірақ пәленің басын өздері бастап отырған соң не ылаж бар? Еуропа жұртынан кеміп отырған елу миллион адам¹³. Соғысқан патшалықтан шығып отырған екі жүз он бес миллиард шығын өз бетіне¹⁴. Оның үстіне кешегі қан жалап қалған 21 дүйімді зеңбіректер, оның үстіне үш-төрт зеңбірек, әлденеше пулемет, көп ғаскер*** отырып алып ойын салған тсебипелиндер, су астынан жылпың қағып жүріп, қырғын салған қайықтар, тұншықтырып өлтіретін газдар¹⁵ менде болмады-ау деп Англия, Франция, Россияның желкесін қасытып отырған жоқ па?

Бұл жұрттар бұдан былай, соғысты құдай қолға берсе, өз қылғаныңды өзіңе мен де істеп бағармын деп кіжініп отыр. Социализмнің ұясы болатын жұрт осыны айта ма?¹⁶ Бұл қанды соғыс социализмнің сапарын тағы әлденеше жылға созып кетіп отыр.

Россияның мына омбылап жатқаны кейінгі жұрттарға жақсы сабақ. Енді талай жылға шейін социализмнің бүйтіп топыр салуы қиын жұмыс. Осы себептерден һәр бір ұлт мәдениетін ұлттық қылып салуды енді иман қылатын күйге келді. Әрине, өзге дүниежүзіндегі ұлттармен бірге асыл мәдениетке мойынсұнып, соның тұтқан жолына, тұрған қалпына қол болу қазақ ұлтының да бірінші намысы болу керек.

Мұхтар

*** Ғаскер — әскер.

ЗЕМСТВО ҺӘМ КООПЕРАТИВ ҚАУЫМДАРЫ

Ел қамына еңбек қылу бұл уақытта екі жікке бөлінеді. Бірі — ел иен жайылып еркін кетіп, жұрттық деген үйден айырылып, ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кететін болып қиюы қашқан күнде, сансат құрсауын салып ел қылып қалқитам дейтін саяси қамқорлардың қызметі. Екінші — елдің мұнын ұғып, мұқтажын толтырып, елмен қол ұстасып, еңбекке түсіндіріп, шаруасын, оқуын, өнерін түзеп іштен жетілтем дейтін земство, кооперативтер¹ жұмысы. Осы екі жолдың негізгі мақсаттардан бірінен-бірі теріс кетіп, қайшы келетін жері жоқ. Ал екеуінің жұртқа керекті дәрежесін алсақ, заман сабасына бір түсіп алған соң әуеліге жұрт мұқтаждығы азырақ болып, көптеп тартатын сыймды сүйеніші земство, кооператив бойы өсіп, буыны бекіп алса, сыртқы саясат бұлтын елемей-ақ, ел ұйқысын бұзбай аман әкететін жерлері бар. Бұның мысалын қазіргі Россия халі көрсетіп отыр, фабрика-заводтары күйреп, енді Россия шаруасы тақыр жерге отыр деп отырсақ та әлі күнге кооперативтер аянбай еңбек қылып, жұрт мұқтажын жеткізіп отыр. Бірақ Россия земствосы кооперативтей күшті емес. Себебі Сібірге земство осы бостандықтан бері қарай ғана кірді. Ал Еуропа земстволары жалпы Еуропа шаруасының ерте күйзелгендігінен көркейіп көп іс қыла алмады. Бірақ қазіргі Россияның жалпы халіне қарасақ, земствосы мен кооперативтері болған облыс (округ), край* болса, басқа түрі үлкен хукімет іздемей-ақ, жалпы мемлекеттен енші алып шыққан отаудай болып, өз шаруасын өзі басқарып, өз билігін істеп автономияларын алып, өз алдына хукіметтерін шығарып отыр². Орыстың ұлтшыл таптары қазіргі уақытта үлкен Россия осындай облыстар автономиясынан құралсын дейді³.

* Край — өлке.

Мұның себебі облыстан үлкен автономия берсек, патшалықтың іргесі ойсырап, берекесі кетеді. Ал облыстық қып берсек, әрі шаруа тез түзеледі әрі Россия берекесі ішінде қалады дегендік. Бұл халдер земствосы мен кооперативтері болған елдің кемшілік көрмейтінін көрсетеді. Земство мен кооператив — егіз нәрселер. Жұрт игілігі деген пайдалы жақсы істің бәрі осы екі ұйымның негіз(гі) мақсаттары. Қараңғы қара кедей халықтың өмірлік керектері не? Бірінші — тамақ, киім, екінші — мал бағушы болса мал шаруасын түзеу, мал ауруын жою. Егінші болса, егін шаруасын түзеп беру. Үшінші — адам дәрігеріне больница салу⁴, дәрігер шығару, елді аурудан сақтау. Төртінші — оқу, жалпы қараңғы жұртты өмір жарығына жеткізу. Елдікке аяқ бастырып қатарға кіргізу, жұмысын жеңілдетіп, білім-өнер құралын жалпы жұртқа қолдандыру. Тәртіппен почта жүргізіп, дүниедегі болып жатқан халді жұрт құлағына естіртіп, зейінін ояту, көзін аштыру, тағы-тағы басқалар. Міне, бұл екі ұйымның мақсаты осы. Бұл ұйымдар жұрттың ғазиз атасы мен анасы⁵. Бірақ осы ұйымдар қазіргі күнде әлгі мақсаттарын орындай алып отыр ма? Бұлар көп мақсаттарын қиял қылып қана сақтап, өмір жүзіне іс қылып асыра алмай отыр. Себебі земстволарды алсақ, қолында пұл** жоқ. Жоғарыдағы ниеттерді орындап шығу үшін үлкен пұл керек. Пұлды елден алым қылып алуға болар еді⁶, оған не мұжық күйсіз. не қазақ күйсіз болады. Осымен земство өзге әрі мақсаттарды, көбі орындауға бапсыз болып, өмірдің аса тығыздап, керек қылып отырған қамдарын ғана іс қылып отыр. Сол асығыстап отырған қамның бірі елге пұл, шай секілді нәрселерді жеткізу. Қазіргі күнде бұдан басқа мақсаттарға кірісейін десе, елде қамды жедің деп айтатын емес. Пұл, шай жеткізу турасында Семей уездный земствосы мен Алаш*** қаласындағы⁷ уақ қарыз серіктігінің істеп отырған ісін оқушының есіне салайық. Ол осы елге пұл алу үшін бұл ұйымдар басқа патшалықтармен, басқа ұйымдармен айырбас сауда істемек болды. Ақшаға алған пұл қазіргі уақытта әрі қымбат, әрі сортысы жаман болады⁸. Біріккен ұйымдар бұл халді біліп, пұлы бар жерлермен айырбас қылу үшін ол жақтың шөлдеп отырған нәрсесі қазақтың шикі малы екен⁹. Соны жиғызуды қазірде жиылған малға айырбас

** Пұл — ақша, қаржы; ә) товар, материал.

*** Алаш қаласы — қазіргі Жаңасемей қаласы.

жасауға күншығысқа кісі жіберіп отыр¹⁰. Ол жақтан келетін пұл әрі арзан, әрі сұрыпты жақсы болып халық қолына қарағалы отыр. Бұл сауданың арасынан айырған аз ақшалары болса, бұл екі ұйым да жоғарыдағы айтылған жұрт игілігіне жұмсағалы отыр. Осы арада жалпы халықтың істеп отырған бір қатесін айтқым келеді. Ол ғана ел қамын жеп земство, кооперативтер жүрсе, бұлар буынын бекітсінші деп, аз да болса есіне алып жүрген ел жоқ. Мысалы елдің жүн, жабағы, тері-терсегін комиссиямен алып отырған әлгі ұйымдардың алушылары бар. Бұлардың беріп отырған бағалары жай алушыдан артық болмаса, кем емес. Бірақ ел қолындағы малын частный сәудегерге****¹¹ беріп отыр. Ол сәудегер де қалта қамынан өзге қам жоғын ел біледі. Елдің ұйымсыз бытырандылығынан жем айырып жүргенін біледі. Сонда да ертеңгі он есе пайдамен қолына қайтып келетін пұлын сол сәудегерге беріп отыр. Жай сәудегердің қолын хукімет қағудан тыйылған соң, осы күнде базар қожасы ұсақ сәудегерлер болып барады. Солар бірінен-бірі асып, қымбатшылықты арзанға түсіріп, жұртқа жайлы, берік баға орнатуды земстволар ойлайды. Бірақ пұл жоқтықтан, пұл болмаса елдің саппайтындығынан бұлар бүктемеді қалып отыр. Ұйымға кірмеген, салт басымен іс қылып жүрген сәудегер қашан болсын елге зиянды заттың бірі. Россияның әуелгі қымбатшылығы да фабрика-заводқа ие болып тұрған бір-бір байдың ынсапсыздық қылып, қолымен баға жасап, базар нарқын өрбіте бергенінен. Нәрқашан потребительный обществолар¹², уақ қарыз серіктері, земстволар, тебендеп жиған тиынын сондай қомағай қалталардан сақтау үшін іс қылады. Бұл ұйымдардың шын мақсаты осы екен деген бұрынғы уақытта жұрт білмесе де осы қымбатшылықтан бергі істеген еңбектермен ұқтырып отыр. Осы күнде Еуропа патшалықтарының саудасы осындай ел қамы деген ұйымдар қолында. Ол жұрттардың бұқарасы тіршілік тартысында өзінің мұнын жоқтайтын нағыз достары солар екенін білген. Осы күнде бұл ұйымдар дүкендері дүние саудасын билеймін деп тұр. Қанша шабан десек те қазірде Россия саудасын да осы ұйымдар бүктеп билеп алды. Осы күні Россиядағы потребительный обществоның саны жиырма бес мың болды. Бұлардың мүшесі он екі миллион. Ал барлық Сібір саудасын басқарып тұрған сол барлық әлгідей игілік ұйымдарынан құралған «закуп сбыть»¹³ деген ұйым. Бұл ұйым сауда жөнін басқарып алып, саясат ісіне жұртқа тарататын

жерлерге қол сұғып, жуан козырь болып отыр. Міне, бұл күйге, заман ағысына азырақ көз салса, қазақ та бір күнде амалсыз мойынсұнады. Бірақ оған шекте заман шырқап кетіп кешіккен екенбіз деп бармақ шайнатып кететіні бар. Соны аңғарту керек, бұл күйді елге түсіндіріп, игілікке жұмылдыру, қаламен араласып, ел, заман ағысын байқап келе жатқан ел жігіттерінің міндеті деп саналады. Бұл іс ел жігіттерінің қолынан келмейтін қиын жұмыс емес. Мысал үшін Тобықты Бұғылы болысынан Машан болысының азаматтарының бір ісін айтып өтейік. Ол елдің жігіттері елінің жүн-жабағысын жиып, Төлеуғазы Абылайхан баласы деген өкіл арқылы земствоға тапсырып отыр. Осы секілді талаптан айырылмаса, уақ қарыз серіктігін, потребительный обществоларды ашу да қиын жұмыс емес. Қазіргі уақытта Қарқаралы уезінде болыс басы потребительный обществолар бар деуге болады. Ол елдерде инструктор¹⁴ Жақай Байыров деген жігіттің талабымен аяқтанып кетіп отыр.

Міне, бұл халдер елдің шын қамын жейтін азамат болса, игілік қылатын істің бәрі ел ішінде екенін көрсетіп отыр.

Мұхтар

ЕСКЕРУ КЕРЕК

Кешегі ешкімге бағынбай, елді хан билеп, көсем билеген заман — киіз туырлықты қазақтың тарихында әркімге белгілі бір дәуір. Ол заман өтті. Одан бергі біздің хал бұлқынбай, жатқа бағынудың жолында болды. Кең қазақ даласын әлденеше указ сайқалдап шықты¹. Көп өзгеріс, жаңалықтар болды. Әуелгі қазақтың халықтық қалпы неше толқып, неше кішірейіп, шымшытырық түрлерге түсті. Әртүрлі указдардан шыққан өзгеріс халық бақытын мысқалдап жылжытып, құлдық құшағына тастағалы әкелді. Неше рет қазақ халқы зынданның ернеуіне келіп қайтты. Бұл уақытта заман ол тұманды сейілтті. Енді қандай өзгерістер болса да, халықтық жоғалмайды. Бақыт қайта оралып, күліп қарайды деген үміт алаш жүрегін қуантып тұр. Бір жұрттың басынан кешкен әртүрлі дәуір сол халықтың мінезіне, халықтық қалпына әртүрлі із қалдырып отыратыны тарих жүзінен белгілі. Бастан кешкен шабыншылық, бұзақы, тентектік, батырлар, хандар заманы қазаққа өзге бір мінез беріп, халықтың қалпын басқа бір түрге түсірген. Заман талқысы: шабыншылық, бассыздық еріксіз сондай қылып отырса да, кешегі өткен ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін елшіл билердің заманы, жұрт мінезінде о да өзінше бір із қалдырды. Одан бергі арты бүгінге шейін сейілмей отырған ел қамқоры басшыдан, берекеден, тәртіптен, намыс-қайраттан айырылып, құлдық пен зорлық арқанына матаулы болған заман тағы да басқа түрлі із тастап, келешектегі жұртшылыққа өзгеше рухты бұ да беріп кетіп отыр. Енді бұл соңғы айтқан дәуірге басымызда оқыған біліміміз, қолға ұстаған саясат деген құралымыз барлар бір келіп алынып отырмыз. Әрине, оқығаны бастаған бұл соңғы дәуір қазақ жұрттығын гүлдентіп, ажарлайтын дәуір, бірақ көкіректі қарс айырған арман-қуаныш болып тарқап, көксеген бақыт қанат

қағып қолға елпiлдеп келе жатқанда бiздiң қолға қазақ қандай күйде тиедi. Соған сын көздi салу керек. Өткен күннiң iстеген қатасын* есептеу керек.

Қазақ бұрын пәлендей батыр едi, ақылды, адал едi деп, күр сөзбен желiктiрiп, осы күнгi жұртты батыр, намыскер қыла қояйын деген ой менде жоқ. Онымен халық селт етiп, қалпын аудара алмайтыны белгiлi. Бiрақ заман ыңғайы ерiксiз қорқақты көп қуып батыр қылды ма, өздiгiнен сүйегiне сiңген мiнезi ме едi, әйтеуiр бұрынғы қазақтың бұл күнгiден бар мiнезi iрi екенi анық едi. Бұған ешкiмнiң дауы жоқ. Бұл күнде қазақтың сол нәрлi мiнезiнiң бәрi де азды. Қазiргi жұрт ұсақтады. Сыртқы халы қысып, күнде айдап тықсырып отырғандықтан болса да басшыдан қалмайтын намыскер, шыныққан, тарамыс, қайратты елдiң орнын бұл күнде қуанышқа қуана, күйiнiшке күйiне бiлмейтiн, салбыраған, намыссыз, қорқақ, ұсақ, өтiрiкшi жұрт алды. Бұл ұсақтық бастан кешкен дәуiрдiң қазақтың мiнезiне қалдырған әсерi.

Ендi өмiр қалпы, жұрт тұрмысы қандай халға қойылды. Соған келейiк. Қазақтың қазiргi қалпында жұрт еңбектi, еңбексiзге бөлiнiп, бiреу еңбек жеушi, бiреу жегiзушi болып әлi айқындалып шыққан жоқ. Бiздiң жұртта бiреу табанын жер тесiп, маңдайын күн тесiп, арқасын ауыр жүк тесiп жүргенде, бiреу байлықтың, дүниенiң алғы рахатына көмiлiп отырған жоқ. Бұл мәдениеттi жұрттың ауруы. Бiз мұндай аурумен ауыра алатын күйге жеткенiмiз жоқ. Осы себептен бiзден социализм әзiр алыс. Бiзде бұл күнде адамшылық алдында жүзi жарқын, иман жүздi социализм емес, басқа түрi, бықсыған ескiден жиылған бiр дерт бар. Ол — ата, ру — тап бөлiс. Бұл күнге шейiн бiздiң жұрт өзiне жақын бiр билiкке бағынған соң, тар тәртiпсiздiктен бiреу бiреуге сүйенiп, бiреуге бiреу шоқпар болып, ата, тап жiгi үлкейiп келдi. Әуелгi уақыттағы жауынгерлiк, атыс, шабыс, тынышсыздық бiр туысқанды бiр туысқаннан шет жайылдырмай бiрiне-бiрiн тығып, ерiксiз осындай iшкi өмiрдiң ыңғайы әлгi ата, тап жiгiн шығаратын болды, шығарды. Бұдан барып көп ата — жуан, аз ата — жiңiшке болды. Сол жiктiң арты бұл күнде неге соғып отыр? Қай елдi, қай тапты алсақ та жаз жайлау, күзеу, қыс қыстауды жiңiшке атаның ортадан ойып алғаны бар ма? Қай елде болсын кем болса жүз үйден он үй бiр тiлiм жерсiз келiмсек бо-

* Қатасын — қатесiн (кәте).

лып жүрген жоқ па? Қай жерде болсын әреке², бүлік жуан атаның баласынан шықпай ма? Жуан ата бақ қуады, өзінше абұйыр** қуады, біреуге қожақтап, корқытқысы келеді. Осының бәрінде бір тайпа (тайфах) ел солардың шоқпары емес пе? Біреудің жесірін тартып алады — есе бермейді, малын тартып, ауылын шауып алады — бітім бермейді. Осындаймен ел ішіндегі бүлікке алғы жуан ата бас болады. Елдің тыныштығы да, бүліншілігі де солардың қолында. Талай ел осындай басшысының жемінде, не шығыным деп алады, не қисынбайтын жерде айыбым деп алады. Осыларды шын басшылар қосарға алса, ел елдікті ойлайтын ретті жұрт бола алады.

Жуан ауыл қырдағы бұзық мінездің ұясы. Қазақтың жәй*** өмірінің шырқын бұзатын партия болса, оған солар басшы екен. Ұрлық болса, ұрыға құрық беретін тағы солар. Ел арасында жүрген жаман ұры өзінің туын жоғалтумен ұрлықтың тамыры құрымайды. Сол ұрылардың атасы болып отырған жуандар жақсы ұрыларын бауырына басып бермей қалады, не ұры еместі ұры қылып алады. Бұған қарағанда алдымен тию қиянат секілді көрінеді. Және бір жуанға тисең бар жуан шұрқырап жиылып ара түсе кетеді. Осымен елдің шын тентегі тек кете барады. Ол уақытта ел ішіндегі жылаулар нашар жуанның езгісі, ермегінде, құлдық арқанында мойны шіріп, тағы сорға қамалып жүре береді.

Ертеңгі милиция қызметін де көрерміз. Қызметке келген бір кедейдің өзі бір кедейдің жалғызы болғанда, жуанның баласының он-оннан саусылдап мырзалық құрып, нашарды зарлатып жүргенін Абайдың: «Мен закон қуаты қолымда тұрған кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім»³,— деген сөзінің қазақ тұрмысында еске алынатын кезі келді.

Осы кезгі дүние майданының ең биік тұрғысына шығып отырған жұрттардың қайсысын алсақ та, осынша дәрежеге жетуіне әділ билік, тәртіпті, епті саясат себеп болған. Олардың басшысы ел қамын жақсы ұғып, әуелгі мақсұдына көптің қамын қойған. Осыдан басшысын көбі сүйіп, артынан ергіш болған. Біздің басымызға келіп тұрған осы күнгі заман жұқалаған, жуастықты, қайырымдылықты көтермейді. Әуелгі халықтың

** Абұйыр — абиыр.

*** Жәй — жай.

жұрттығынан айрылуына себеп болған нәрсені қайта алып келіп, енді халықтық дүкенін құруына құрал қыламын деуге болмайды. Ендігі халық болуымызға ұйтқы болатып нәрсе құрыш құрсаулы әділ, қатал билік, ендігі хакімнің⁴ алдында нашар да, жуан да теңшілікте болып, белгілі негізге құрылған закон болмаса, жуан атаның еркі ел ішіне жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп, төстеп қадырлы**** болатын болса, автономия⁵ деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтіннің ісі болады. Бірақ мұндай күйді бұрынғы уақыт көтерсе де, қазіргі уақыт көтермейді. Іші түтін болса сыртында бүтіндік жоқ, ертең күл болып көкке ұшады. Егер бұл күнге шейін келген осы хал, бұдан кейін де созылатын болса, елдің елдікке махаббат рухы оянбайды. Енді нашарды өрге тартып, теңдікке алып, әділет көзбен қарап, есесін өзіне тапсыру керек. Осы жолды тұтынған хакімшілікке не жұрттың мейірімді атасы болып, шын жұрт болуға жаратылғанына көз жеткізіп, жүрегіне жігер құюына болады. Әуелгі жуан ата, жіңішке ата жігінің қайта тууына себеп болған, сол көпке бірдей қорған боларлық біліктік жоқтығынан болатын.

Өзге жұртты алсақ, бай өз бетіне, кедей өз бетіне, әркім өз ісіне ерікті. Біздің жіңішке атаның балалары жуаннан бөтен іс істемек түгіл, содан бөтен ой ойлауына да болмайды. Жуанның ісінің, ойының беті нашарға діндей. Мұның түбі ойланып қараған кісіге құлдық. Өзге жұртта әркім өз басы, үй ішінің қамынан басқа баққа таласып, не бірінікін бірі ұрлап алып, біріне-бірі зорлық қылып жұлқысып, партия қылатындары еш уақытта болмайды. Бізде не сөзуар, не малды кісі болса әуелі ауылына қожа болып, одан ағайынына, одан ауылнай, болыс ісіне қожа болғысы келеді. Осыдан жоғарыдағы айтылған көп шатақ еріксіз шығады.

Біздің енді ескеретін нәрсеміз сол жуан мен нашар арасындағы айырмышты***** жоғалтып, жұртты бүліксіз, тыныштық өмір қалпына түсіндіру. Бұл үшін ел ішіне күшті әділ хукімет***** орнап, нашар мен жуанды теңестіріп, жуан зорлықшылды не қылса да елден айырып әлсіретуге тырысу керек. Осы айтылған жуан, нашар деген жіктік кетсе, қазақ жұрты мәдениетке шылбыр

**** Қадырлы — қадірлі.

***** Айырмышты — айырмашылық.

***** Хукімет — үкімет.

берерлік қалыпқа жақындауына болады. Бұлай болмай ел меншын басшы жақындаса алмай, жуанды басшы қылатын болса, ел ішін сарысу кеулеп, жұрттың буынын бекітіп, бойын өсіре алмайды.

Жұрттың жұртшылыққа рухын ұялатайық деген тарих жолы мысқалдап бойға сіңген ғылым дейміз. Сол тарихтың жолы осындай өзгерісті керек қылып отыр.

Біз әлі шикі жұртпыз. Талай өзгеріске мойынсұнамыз. Заман еріксіз мойынсұндырады.

Биылғы жастар съезінің қаулысындағы⁵ — Николай заманында іс басына мінгендер, енді ел ішіндегі кісілікке сайланбасын — деген қаулы осы негізге тірелетін. Бұл халды әркімге де ескерту керек.

Мұхтар Әуезов

ОҚУ ІСІ

Бұл күнгі біздің үстіміздегі заман алып ұшқан ұшы-қиыры жоқ көп қаулының заманы. Барлық Россиядағы һәртүрлі ұйымның канцеляры*, шығып отырған газет-журналдардың беті толған мұң-мұқтажы бар жұртты қарық қылып жатқан неше түрлі қаулы. Жұрт басшылары Россияның ішіндегі жыртық-тесік, кем-кетікті парызы жоқ қаулымен тығындап-ақ жатыр. Жалғыз-ақ бүгінгі тіршілігінің қорегін бер деп жаланған елдің алдабайға** жаратпай дікілдеп отырғаны болмаса, қаулы иесі, бұқара бір нәрсені тілек қылғанда саясатты сылтау қылады. Бұқара басшысы бір нәрсені тілек қылса, күйсіздігін сылтау қылып, қыңырлыққа салады. Осымен орыс басшысы мен бұқарасының арасындағы береке түлкі мен тырнаның қонақ асындай күйде тұр.

«Саясатың құрысын», — деп екі құлағына мақта тығып алған орыс бұқарасы Россияның ішіндегі өзгерістің бәріне жайымен қарап: «Бірің өл де бірің қал», — деп үйінде отыр. Бұл осы күндегі орыс басындағы күй.

Құдайға шүкір, біздің бұқарамыз әзір бұл күйден аман. Біздің еліміз орысты елдіктен айырып бара жатқан берекесіздікке: «Бізден аулақ, таздың үйіне бар», — деп, ел болатұғынының белгісін көрсетіп, талпынып отыр. Бірақ жалпақ Россияның қаулыдан асып іске аяқ баса алмай жүрген ауруы бізді де ала тастап кетіп отырған жоқ. Рас, оқығанының аздығына, күшіміздің шағындығына қарағанда, саясат деген нәрсе біздей жұрттың бар күшін басқа жаққа бұрғызбайтын батпандаған ауыр жүк екені шын. Бірақ жауырды жаба тоқығанмен елдің негізі ірге теуіп нығая алмайды. Елге, елдікке мұқтаждығы саясаттан артық болмаса кем болмайтын біздің даусыз бір мұқтажымыз бар. Ол —

* Канцеляры (канцелярия) — кеңсе.

** Алдабайға — құр емексітіп, алдап.

оқу. Оқу ісінің қазіргі сыртқы көрінісін қарасақ, саясаттың бөгет қылатын ешбір*** реті жоқ-ақ секілді. Оқу ісін басқаратын облыстық, уездік земстволар бар¹, барлық қазақ-қырғыздың оқу ісіне аңдушы болатын бес кісілік оқу комиссиясы бар², жақсы оқыған мұғалімдер, семинария бітірген учительдер бар. Осыдан артық оқу ісіне не керек болады? Бірақ үстірт қарамай қазіргі қазақ оқуының шым қалпына жақынырақ келіп үңіліп қарасақ түк нәрсені қиратпаған болып шығамыз. Біз де жыртық-тесігімізді қаулының³ астына көміп тастап, сұп-сұлу болып отырған жұрттың бірі боламыз. Бұл сөздің себебіне келейік.

Қазіргі оқу жолындағы бірінші мақсатымыз⁴ ұлт мектептерін (национальная школа) ашу. Бұл тәртіптің керегіне ешкімнің дауы жоқ. Бірақ осы ұлт мектебін ашуға қазір де біздің алдымызда қиын асудай үш түрлі кедергі тұр. Бірі: бастауыш мектептің бәріне мұғалім жоқтығы, екіншісі: оқу құралдарының жоқтығы, үшіншісі: ілгері оқитын мектептің жоқтығы һәм тез уақытта бола алмайтындығы.

Бастауыш мектептерге мұғалім жетпейтіні һәркімге де аян, бірақ былтырдан бері курстар ашыла бастап, атағы болса да, мұғалімдер шығарып жатырмыз. Бастауыштарда бұлардан басқа мұғалімдер жоқ. Жә! Осы шығарып отырған мұғалімдеріміз қандай? Бұлардың жартысы екі-үш айлық курстарын бітіріп, жартысы бір-екі жылдық курстарды бітіріп, мұғалім болады, көп болғанда бір жыл, я екі жыл оқыған шәкірт барлық керекті пәндерден өзі біреуді оқытатындай білім алуға бола ма? Бұның үстіне ол курстарда оқытындар ескіше оқып, пікір, зейін жолында буыны қатайып кеткендер. Олардың курс программасындағы пәндерден жалпы ұғым алуына талай уақыт керек. Ал олар ертең барып бастауыш мектепте өздері шала сіңірген пәндерін жас балаға оқытпақшы. Бұның үстіне бастауыш мектепте оқытатын қазақ әдебиеті мен есептен басқа пәндердің бірде-бірінің қазақ тілінде кітабы жоқ⁵. Бұл кітаптарды әлгі мұғалімдер басқадан перевод қылып оқытуына керек. Ол қандай перевод болып шықпақшы? Бұл мұғалімнің алдынан шыққан шәкірт ұлт мектебінен шыққан, ұлт мақсатымен өскен, жақсы тәрбие алған бала болып табыла ма? Әлде кешегі «Мұхтасар» оқыған⁶, «үлкен молдадан» тәрбие алған баланың қасында бола ма? Бұл біздің

*** ешбір — ешбір.

бастауыш мектептеріміздің халі. Ал енді сол бастауыштарға мұғалім шығарып отырған курстарға келейік. Курстардың әзірге ашылған бірен-сарандарының оқытушылары ылғи мұсылманша оқыған мұғалімдер (орысша оқыған учительдер саясат майданында палуандық құрып жүр). Ал мұғалімдердің Россия ішіндегі жоғары мектептерде оқығандарын алсақ, айыпқа бұйырмасын, көбі мұғалімдіктің жалғыз құралы — тәрбие ғылымын (педагогика) оқып көрмегендер⁷. Бұлардың қолында не тұтынатын құрал жоқ. Өзге барлық пәнді переводпен оқытады. Бұл ретте биыл бір мұғалім бір кітаптан өз тәртібінше перевод қылып оқытса, келесі жылы бір мұғалім сол синфқа**** басқа кітаптан басқа тәртіпше перевод қылып оқытады. Осы тәртіптермен оқытқанда оқыту ісінің жолымен (дидактический методпен)⁸ оқытушының жалпы біліміне қарап, соған салыстырып белгілі программа тұтынуды былай қойып, бір кітаптан түзу перевод жасап беріп отыру да оңай жұмыс емес. Міне, курстар халі осы⁹. Бұл курстар біздің орта дәрежелі мектебіміз, бұдан тәрбие алып шығатын шәкірттер келесі жас тұқымды қазақтың шын алал ұлы қылып шығаратын тәрбиешілер. Бұның үстіне надандықтың қараңғы түні қаптаған қалың елдің ортасына мәдениет шырағын ұстап барып елдікті ұқтыратын, үлгі жаятын, саясат, земство, кооперативтер туралы мағлұмат береді деп сеніп отырған сүйеніштеріміз. Олардың қолына осы міндеттерді атқаратын қандай құрал беріп отырмыз? Құрал сиқы әлгі.

Бұдан соң бізде бастауыш мектеп пен курстардан басқа мектеп жоқ, басқа түрлі мектеп ашамын деп дайындалған ел де жоқ. Рас, ол мектептерге дайындалудың уақыты ертерек шығар. Бірақ бір-екі жылда оның да керек болатын уақыты келеді. Мына куреты зорға (алып) келе жатқан мұғалімнің ол мектептерге жарамайтыны айдан-айқын. Ол мектепте оқытуға семинария бітірген учительдер де жарамайды. Бұл үшін орыстың учительский институтын оқыған учительдер керек. Ондай мұғалімдердің курстерде де кем болса біреуден болуы қажет. Ал қазіргі күнде оқуға дайындалған нешбір оқушы да жоқ, содан барып оқы деп жіберіп отырған хүкімет те жоқ. 13—14 жылда бастауыш мектеп бітірген қазақ баласы қайда бармақшы? Бір жыл, екі жыл оқып мұғалім болуға ол балалардың көбінің жасы да келмейді. Және бәрін бірдей курске тыға берудің лайығы да жоқ. Баста-

**** Синфқа — сыныпқа (класка).

уыш мектепті бітірте салып орысша мектепке түсіріп жіберетін болсақ, өз тілімізбен неш білім бермейтін болсақ, ұлт мектебі деп алқыну неге тұрады? Тағы қаулыны көлденең салып қойып, көркін қорек қылғаннан басқаның не орны болады?

Саясат өзге жолға оқығанның күшін бөлгізбесе де, оқу жолына мойын бұрғызбауы зор қиянат. Ғылым жарығынан алыс қалған елден қарғыстан басқа неш нәрсе алмайды. Біз ең керекті істі салақсып артқа тастап барамыз. Көшершілік заманы болғанда да барлық бұған-түйгенін ұмыт тастап кеткен ауылдың кешін байсалды болды деп айта аламыз ба?

Оқу ісіне менің ұсынатын жоба(м): Бірінші, жалпы қазақ-қырғыз съезі сайлап шығарған Алашорданың оқу бөліміндегі бес кісілік оқу комиссиясы¹⁰ тез уақытта іске кірісіп, барлық бастауыш мектептерге һәм курстерге белгілі бірақ түрлі программа жасап, оқу құралдарын толықтыру керек. Оқу құралдарын толықтыру үшін арнаулы бір комиссия жасап, кітап перевод қылуға отырғызу керек. Бұдан соң саясат ісінде жүрген семинария бітірген учительдердің бәрін жиып, өзінің түбегейлі пайдалы жұмысы — оқытушылыққа белгілеу керек. Учительский институттарға шәкірттер жіберу керек. Екінші, жаздығүні сабақтан босаған уақытта барлық қазақ ішіндегі мұсылманша оқыған мұғалімдерге жоғары курс ашу керек, бұл курстардағы сабақ лекционный (сабақты сұрамай, ылғи айтып кетіп отыратын) жоғары дәрежелі мектептер сабағынша болу керек, курста оқылатын сабақ тәрбие ғылымдары, земство, кооператив һәм басқа халыққа пайдалы шаруа ұғымдарын жүргізу, бұның үстіне мектептегі баланы оқытудан басқа күндегі сабақ уақыты біткен соң, жай қара халықты оқытып білім, үлгі тарату жолдарын оқыту мектептегі баладан басқа мектеп программасынан тысқары жолмен халықты оқыту; қырға шығатын мұғалімдердің қыр халқымен жақындасып, қалаған игілік жұмыстарын жұрт құлағына тез сіңіруіне үлкен себеп болатын нәрсе қара халықты оқыту үшін мұғалімдердің жоғары курстағы оқитын сабақтары:

1. Халыққа қысқаша лекция (әр тараудан келетін үлгі сөз) сөйлеудің жөні, жақсы кітаптар, газет-журналдар оқып түсіндірудің жөні.
- 2) Ел арасында кітапхана ашудың жөні.
- 3) Театр (үлгілі ойын)¹¹ жасаудың жөні һәм басқалар болу керек.

Мәдениетті жұрттарда қара халық ішіне шығатын мұғалімдерге әдейі мектептен тысқары оқу оқытудың жөнін үйрететін белгілі

курстар бар. Бұл курстарда сабақ беруші професорлар да болады. Олардың мұғалімнің қамын сонша жеп жүргені: қара халық ішіне барып басшы болатын білімі бар түзу адам жалғыз мұғалімдер болған соң, ел ішіндегі сүйенішіміз солар ғана деп, қамын жейді. Ондай курстарда жалғыз мұғалімдер емес, басқа неше түрлі жолдармен жүрген адамдар да оқиды. Осындай куреттың бірін биылғы жазда Томскінің губернский земствосы ашып, студенттер һәм басқа неше түрлі халық ішіне барып қызмет қыламын деген адамдар оқып шықты¹². Біз әзірге мұғалімнің өз басының білімін толтыратын куреты һәм мектептен тысқары сабақ оқытудың жөнін үйрететін куреты екі бөлек қылмай-ақ қояйық. Бұл екеуінің жолын бір курсқа да сыйғызуға болады. Курсқа шығатын шығын оқушылардың киім, тамағы өзінен болғанда тіпті азға түседі. Бұл турадағы түбірлі мәселенің бірі, осы куреттың оқытушылары университет бітірген қазақ оқығандарының екі-үшеуі болу керек. Бұған бөлген үш ай өнімсіз жұмысқа кеткен уақыт болмас. Аз көрнек жолында құба төбелдігі болмаса, бір жазда одан артық елге пайда істейтін азамат бола қоймас. Егер өзімізден оқытушы шықпаса, татардан я басқа мұсылмандардың жоғары оқу бітірген жарамдылауынан шақырып алу керек.

Біз қараңғы түннің тұманы сейілген соң, тіршіліктің жарығын жаңа көріп отырған елміз. Біздей жұрттың мәдениет жүзіндегі істемек ісі жас баланың мінезі секілді: көрсеқызар, желіккіш, бір бетпен солақай кеткіш, үстірттігі көп болуға лайық қазіргі оқу ісін алсақ, тәртіппен бір ісін істемей, саясат ауасы толқынып кетсе, «оқуды ойлайтын күн болды ма» деп, саясат тынышталса, «қарбаласып жүрміз, қайтейік» деп, солақай қалдырып, шұбатып барамыз. Бұл әлгі бір бетпен сыңар жақ болып үстірт кеткіш, піспеген елдің қылығы. Бұл халді ұлт оқуына көбірек жауапты болатын адамдардың тезірек еске алып, іске кіруі қажет. Қажет деп білемін.

Мұхтар

ӨЛІП ТАУСЫЛУ ҚАУІП

Адам баласының тұрмысы тарих тезіне ілінгеннен бері қарай дүние майданына талай жұрт келіп көрнекті орын алып, азды-көпті өмір сүріп артынан іріген қардай тартылып келіп, заман тұманында арасы өшті. Сол жұрттардың тарихын алсақ, һәрқайсысының бастарынан кешірген һәртүрлі дәуірлері бар. Бір дәуірі: өзгеден шоқтығы асып, ісі өркендеп, «тасы өрге домалаған» кез¹. Бұл уақыттың адамы өмірдің қуанышты, көрікті жағын көп көріп, күліп туып, күліп өткенге ұқсайды. Бұдан соңғы бір дәуір: елдің шебі жарылып, ірге ыдырап, «Ері мойнына кетіп» жұртшылығымен қоштасуға айналған кезі². Бұл уақыттың адамы жанашыр жақыны жоқ, жетім қалған жас баладай; тірлігінде баға жоқ, азып туған, жылап туып, жылап өткенге ұқсайды.

Һәр адамның туып өскен елі, жасынан жаттап өскен ғадаты, нанымы, тұрмыш қалпы сол адамның ақыл, мінезіне із қалдырмай тұра алмайды. Бұл қалдырған із көңілге кіріп, ерікті билеп һәр адамға өзінің елін сүйгізіп, елдігін іздетеді. Елдікке келген қауіпке оқыған, оқымаған бірдей күйініп, қарсысына бірдей шығады. Елдігі аман қалуы үшін екінің бірі бейнетке, өлімге, ия басқа түрлі қазаға шыдап кететінін тарих жүзінен көріп отырмыз. Ерте заманнан бері болып келе жатқан бес-он, жиырма-отыз жылдық соғыстардың бәрінде болатын екі-ақ түрлі мақсат бар. Бір мақсат — бір жұртты жем қылу³, екіншісі — елдіктен айырылмай, өзгеге жем болмау⁴.

Соғыс деген нәрсе — адам баласының жыртқыштық, құлқына айғақ болған бір іс. Соғысып жеңіп алған жұртыма жеңген жуан ел не істейді!? Бұған ескіден келе жатқан даңғыл жол, жеңілген елді өз бетіндегі жұрттық қалпынан айырып, өн бойына сіңіріп, бөтен ниет ойлатпай, бөтен тілеу тілетпейді. Алдымен торыған елдің дінін қақпайға алады, бұдан соң ғұрып-ғадатын араласты-

рады, артынан аламыштап жүріп тілін жоғалтып, елдің белгісін күнгірттендіріп, ақырында бір ұлтты жұтып кете барады. Әрине, бұл айтылғандай болып жұтылып кететін қандай ел: мәдениеті төмен болған ғана ел. Бұлай болғанда мәдениет жүзінде төмен болған елдің дүниежүзінен жоғалатын зор себебінің бірі осы.

Бұдан басқа, жолына жалпақ ел болып, жанды қиып отырған сонша қымбатты елдіктің жоғалуына тағы бір үлкен қауіп бар. Ол — елдің өсімі азайып, өлімі көбейіп ақырында өліп таусылуы. Бұндай хал мәдениеті аса төмен болып иен жүрген бір ел, мәдениетті алдыңғы қатардағы іргелі елмен араласқан уақытта болатын іс мәдениетті елмен араласқан соң бұрынғы санаусыз еркін жүріс бола алмайды. Тіршілікті сақтау үшін өзге жолға түсіп алдындағы жорықтың қалпынан үлгі алу керек. Бұл ықтиярсыз мойынсынатын нәрсе. Бірақ мәдениет жолында төмен болған жұрт үлгілі елдің қалпын толық сіңіре алмайды, әр істі қорытып зиянды, зиянсызға айыра алмайды. Өзінің ескі жолымен басқа жұрттың үйлеспейтін бір жолын араластырады, былықтырады. Ақырында белгілі тәртіпті бір кәсіп, бір қалып ұстай алмай кедейшілікке, неше түрлі ауруға ұшырап азып-тозып таусылады. Еуропа ғалымдары һәртүрлі ірі патшалықтардың қол астына қараған ұсақ бұратаналардың өліп таусылып жатқанына қарап, мәдениеттің алғашқы кірісі ауыртпалықтан басталады дейді⁵. Бұл ауыртпалықты көтере алмай салмағымен жаншылып таусылып қалатын жұрт көп шығып жатыр. Мысалы: орыс патшалығының ішінде самоед⁶, остяк⁷, чукча⁸, камчадал⁹ деген жұрттар осы ретпен бітуге айналып отыр. Бұларда өсім аз, арасын кеулеген неше түрлі өзге жұртта жоқ аурулар. Бұлардан басқа да орыс ішіндегі ұсақ жұрттардың еріген қардай таусылып келе жатқаны, көбіне осы хал Солтүстік Америкадағы индейц деген жұртта да болып отыр. Орыс ішіндегі самоед, остяктарды тоздырып отырған себеп не? Соған келейік. Бұл жұрттар солтүстікте мұз теңіздің бергі жағасында, одан бергі тайга деген тоғайдың ішіп тұрақ қылып, кәсіптері аңшылық, балықшылық етіп, бір жағынан бұғы асырайтын. Бұлардың тұрмыс қалпы көшпелі, бірақ қазақша бір жерді қыстап, (бір жерді жайлап, белгілі мекенге ие болмай, кезбе өмір қалпына жақын еді. Көшкенде ата-ата, тап-табымен көшіп, қонғанда сығылысып бір араға үйіле қонатын.

Бұл жұрттардың тұрған жері түсінбеген жұрт өмір сүруге қолайсыз болса да бертін заманда мәдениетті жұрттың халқы

бір жағынан кеміртіп, татымды жерлерін алып, сол араны мекен қылып тұрған халқын ар жағындағы суық өсімдігі жоқ, өмір сүруге қолайсыз, үнемі қыс үзілмейтін далаға алдап тастады. Тоғай арасында аңшылыққа, су бойында балықшылыққа соңғы келген жұрт айбынды болды. Аңды азайта бастады.

Суыққа, қу далаға сығылып шыққан елдер бұрынғысындай ру-румен жүріп аң тауып, балық алып, мал бағып жүре алмады, бытырау керек болды. Бұрынғы қазына жию, баю үшін істеген кәсіптері енді күндегі өлместік қорек болуға әрең жарайтын болды. Егін егін, отырықшылықты қалып қылуға жүрген жерінің ыңғайы жоқ. Шығуға қолайлы өсімдіктерді егін көбірек еңбек сіңіруге оларда білім, тәсіл жоқ. Осымен бір жағынан тамақ табудың ауыр бейнеті, бір жағынан қысы-жазы қабағы жадырамайтын табиғаттың ызғарлы қалпы, мұның үстіне мәдениеті жоқтық солтүстік халқын тіршілік тартысында айласыз қып, неше түрлі сорлылыққа душар қылып отыр. Бұл жұрттардың жаңа туған баласынан қартайған шалына шейін пішіндерінде түнерген аспан, күнгірт өмірдің ізі айқын көрініп тұрады. Бар адамдардың бет ажарында жалыққан, талған, қажыған, жоғалып тегіс келіп тұрғанның белгісі бар. Енді бірнеше жылдарда бұл жұрттардан белгі қалмауы мүмкін.

Міне, осы аянышты халдың барлық белгісі қазіргі уақытта қазақ ішінде білініп келеді. Жетісу, Сырдария облыстарындағы жаудан, аштықтан көріп жатқан бөгде шығынды есептемегенде тоқ, тыныш отырған облыстардың бәрінде қазақ әуелі сансыз көп, көрші отырған мұжықта, ноғайда, басқа жұртта еш белгісі жоқ аурулар қазақ ішін кеулеп отыр. Аз жылдардан бері қарай кейбір аурулар белгілі әрі жұқпалы аурулардай бір уезден бір уезге, бір облыстан бір облысқа қалыпты сапар жасап, талай жерді жалпақ аралап отыр. Өлімін елетпей көтеріп кетерлік есім де қазақ ішінде азға ұқсайды. Жалғыз санақтың жоқтығы себеп болып, қанша азайғанымызды білмей отырмыз. Россия патшалығында өсім мен өлім қаралас болып, жұқпалы аурулар болмаған уақытта ең өсімі көп облыстарда жылына жүз адамға екі-үш өсім болып жамалады. Барлық Россиядағы жылдық өсім жүзге бір жарымның шамасындай. Арасында ауруы жоқ, әрі өсімтал мұжықтың өсімі мұндайлық шабан болғанда не өсімтал емес, әрі арасынан ауру арылмайтын қазақ халқы өліп таусылады деуге әбден болады.

Мәдениетті орыс патшалығымен араласқалы біздің қалпымыз да солтүстік халқының қалпындай көп өзгерісті көрді. Мысалы,

кей жердің қазағы көшпелі өмір қалпын біржолата жоғалтып, отырықты егіншілікке айналды, көп ел бұл күнге шейін көшпелі қалыпта болса да бұрынғы нағыз көшпелі түрін көп бұзып алды. Қазіргі қазақтың өмір қалпы көшпелі мен отырықшылықтың арасында тұр.

Бұрынғы уақыттағы қыстың суығын киіз үйдің ішінде өткізген қазақ пен қазіргі жер үйде тұратын қазақ бір емес. Бұрынғы аязда, боранда аласа, төбесі ашық тас қорада жататын мал мен қазіргі тығыз, жылы қорада тұрып, азғантай суық көрсе пішенге тығылатын мал бір емес. Қора салу, үй салу қазақтың орыстан алған үлгісі. Үлгі алуы жақсы-ақ, бірақ ұқсата алмағандық сол үлгіні зиянға шығарып отыр. Отырықшылыққа түсініп, егіншілікті кәсіп қылған жұрттың үй, қорасы қазақтікіне ұқсамайды. Үйі болса таза, жарық, денсаулыққа қолайлы, қорасы да аз малына арнаулы, күйлі болады. Қазақ отырықшылықты ұқсата алмап отырса, мал бағушылықты тағы ұқсата алмай отыр. Себебі бұрынғы таза көшпелі қалыпта жүргендегі малынан қазіргі малы көп төмен. Қазақ қысқы қорасына, үйіне аз уақыттық баспана деп қарайды. Қазіргіден жүз жыл бұрын киіз үйде отырған қазақ тас қорасына осы көзбен қараушы еді. Тұратын үйінің іші жарық болуы, дым болмай құрғақ болуы, бүтін болуы, әсіресе мал жататын қора мен өзі тұратын үй аралас болса, бұзық ауа қатынасып, аурулы болатын бұл уақытқа шейін қазақ байқаған жұмыстар емес, жаз шыққан соң көшіп кетеміз, шыдар керек дейді.

Бірақ қыстауда жеті-сегіз айдан кем отыратын қазақ жоқ. Сонша уақытта ылғи бұзылған ауаның ортасында келетін қонақпен сығылысып, өмір сүрген адам ауруға жақын болмасқа шарасы жоқ. Бұның үстіне таза ауада қозғалыс жасап, қызмет қылу аз. Осындай себептерден қыстан қандай күйлі шыққан елді алсақта, жазғытұрымғы уақытта үлкеннің де, баласының да пішіні аса ажарсыз, қурап, сарғайған өзгеше ауруға ұшырағандай болады. Әрине, тек жүрген уақытта мұндай болып жүрген қазақ бір ауру келсе, «айтқан тоқтыдай» іліне кетуі оп-оңай. Бұның үстіне ел арасының сапырылысқан қатынасы көп. Мінеки, неше түрлі өзге де аурудың қазақ ішін ұя қылып алып жүргенінің себебі осы және биылғы Сібірдің бірнеше облысында шет жағасы білінген оба ауруы да қазаққа өзгеше қауіпті. Бұл ауру қазіргі суықпен жоғалған сияктанып отыр, бірақ оба ауруында көп болған дәрігерлердің тәжірибесіне қарағанда бұл биыл ұрығын

ғана көмеді, «жемісін» ендігі жылы, одан арғы жылдар тартқызса керек. Бұл «қонақтың» қазақтан алатын бүйімтайы* қандайлық болады оны уақыт көрсетер.

Мәдениеттің кірісінің бізге салып отырған ауыртпалығы — осы. Көшпелі қалыптың әуелгі түрін өзгертпеске болмады. Ең жайылып, еркін қона беруге кең қоныстардың өрісі тарылды.

Қаскүнем хүкіметтің шырғалаған қазақты жақсы жерлердің көбінен айырған, сыйымсыз көршілерді көбейткен, бір жағынан ел өсті, ақырында бұрынғы қалып өзгерді. Бірақ өзгеден алып отырған үлгі пайдалы ма, зиянды ма? Қайтсе тұрмысына қолайлы болып, пайдасы артық болатынын мәдениеті жоқ елдің айыруы қиын. Осымен қазіргі қазақ қалпы не отырықшы егіншілік, не көшпелі мал баққандық қалпының ешбіріне толық қосылмайды.

Әртүрлі тұрмысты араластырған, былықтырған, бір беткей қалыпты тәртіптен айырылған, істеп жүрген кәсіптің бірін ұқсата алмай, жылдан-жылға кедейшілікке аяқ басып біздің жұрт азып келеді. Көшпелі қалпы — мәдениетке жанастырмайды, отырықшы болу керек дейміз, бірақ Еуропа ғалымдарының егінші болған ел бай болмайды деген сөзіне қарағанда егіншіліктің тәртібін білмеген ел кедей болады және қай ел болсын мәдениетті буынын бекітпей, егіншілікті ғылым жолына сүйеп тәртіппен жүргізе алмайды. Оның үстіне қазіргі қауырт ауру, күтімсіздік қазаққа бұл күнгіден де үлкен соққы болуы мүмкін. Бұлай болғанда отырықшылыққа тез түсіп кетеді ғой деп айтуға да бірталай көзді жұмған ерлік керек.

Қазақтың өзгеден ала бөтен түрлі түрлі ауруларға, жиі өлімге ұшырап, өліп таусылуға аяқ басып келе жатқан халі, оқыған басшының өзгеше ойланып, тез ескеріп, ерекше қам қылатын жұмысы. Рас, елдің толып жатқан басты мұқтажының ішінде, бір жағынан ел қамына арналған күштің аздығы, бір жағынан саясат тұсауы себеп болып бұл секілді халдерге әдейілеп көп-көп күш бөліп шығару қиын шығар. Бірақ дәрігерлердің жасаған белгі жобасымен земстволар, яки басқа ұйымдар болсын өзге алдыңғы қатардағы тығыл-таяң мәселелермен бірге осы халді де қатардағы міндетті жұмысының бірі деп білулері керек. Себебі бұл хал ел қамқорының алдынан шыққан өзгеше міндетті, әсіресе сынды мәселенің бірі.

Мұхтар

* Бүйімтайы — бұйымтайы.

ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНА АШЫҚ ХАТ

Россияның ішінде көбігі аспанға атып жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүниежүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдан құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарын ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны әркімге мәлім. Енді біраз заманның ішінде осы толқын осы күйінде бетін аудармай харжыт қылса, ол қорғандар құлайтыны анық, һәм кең жалғаннан пана таба алмай, сол қорғанның түбіне тығылған ақ сүйек жуандар қалтырап отырып соның астында жан беретіні де мәлім. Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күнгірт жүзді қожасы — жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлттарын Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр¹.

Мақшар² күнінде ақ-қараның таразысы құрылғандағы сағаттай, өткен күннің күнәсі есіне түскен адамдар басына күн туып, қашып-пысып, сорлы жанды қорғаудың айласында жүр.

Орыстың жуаны басына айналып келе жатқан қара бұлттың қатерлі пішінінен, бірінші, өмірі үшін қорықса, екінші, кешегі күндегі істеген қаталдық жауыздығынан ары қысылып айдап отыр³. Басына келе жатқан бұлттың арасынан қысылып үріккен көзіне дария болған нахақ қан, көздің ыстық жасы, қажып тозған дененің ащы арам тері көрінеді.

Осының бәрі ескі күнде өзі туғызған бақытсыздық болған соң, солардың суреті елестейді. Қорқатын жөні бар, қашпасқа шарасы жоқ.

Жә! Кешегі сол жуандардан кәпшілік бұқарамен қатар қуғын көріп соққы жеген кең заманды сағынып көксеген қазақтардың неше қилы замандағы басшысы, оқығандары қайда⁴? Олар неден

қашып жүр? Өзге жұрттың қашып жүргендерін көрсек, неше жүз жылдар елді жеп келген, қылығы асқан, жауыздар, обыр бек. Қашушының ішінде болып, қазақ оқығандары да өзінің ақ жүзіне сол қара таңбаны салғысы келе ме? Жоқ, әлде олардың да жуан болып қазақтың нашарының дәнін сорған жері бар ма?

— Қой, қазақтың баласы ол күйге жеткен жоқ. Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноктасы болатын. Бірінен-бірінің қара үзіп, артып кеткен еш жері жоқ. Бәрінің көргені де өгейлік, жетімдік. Бәрінің көргені де қуғын-сүргін болатын. Әсіресе оқығандарының бой жазып кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ. Қашан болса күні қысылу, бұғып қорқу болатын. Олар болса, кешегі басынан сырық, малынан құрық артпаған жауыз үкіметтің артынан қай қызығын көксеп кетіп отыр. Осы күнде сол үкіметтің жауының бәрі тік көтеріліп, совет өкіметінің қатарына кіріп отыр⁵ қазақ оқығанының жартысы солардың ішінде. Қырда жатқан, қашып-пысып жүрген жартысы не оймен жүргені мәлім емес. Оқығанының да бірінен-бірі айырылып жарылатын заманы болған жоқ секілді еді. Олай болса, осы қашудың себебі не? Жұрт артқы күндердегі күнәсінен қорқып қашса, ол күнә қазақ оқығанының мойнында жоқ. Жұрт жуан болып біреуді жылатқандығынан қашса, кісі жылатпақ түгілі жылағанының бірі болып, жігері құм болып, кең заманды қашан бересің деп жүрген қазақ оқығаны еді.

Жұрт кең заманнан пайдаланып, тиісті сыбағамды жырып алып қаламын десе, ауыр заманда ауыр бейнет, қиын жұмыста бар қайратын салып келіп, мақсаты іске асатын күні, еңбегінің жемісін оратын күні қашып кетуінің не мағынасы бар? Бұл шалалық, елдік сезімінің әлі күнге басшы мен деп жүрген оқығанның өз бойына сіңбегендік. Әйтпесе, осынша сыңар езу болуға мүмкін бе? Қазақ оқығаны екі жарылатын замандар әлі күнге туған жоқ. Оның тууына да талай жылдар бар.

Оқығанның өзі жартысын ауыр күндерде-ақ Совет үкіметіне қосып бірігіп іс қылмақ болып, енді қырға барып бұғып жатуларының ешбір көрнекті себебі жоқ. Рас бұрынғы тұрған қалаларында өшті-қасты жазықсыздан зиян келтірерлік адамдары болса, басқа қалаларға бару керек. Қазіргі күнде қай қалада болса

да мекеме атаулыда үйіліп, қақтығып, арызын жеткізе алмай көзін сүзіп жүрген қазақ көп. Өзге уақыттардан осы күнде олардың арыздары, мұңдары тіпті көп. Себебі көп ел ары-бері өткен қазақтан көп зиян шекті және мына үкімет езілген жылдардың досы деген сөздерді оқыған соң талайдан айта алмай, сөзін жеткізе алмай жүрген қышулы мәселесінің бәрін де көп тобымен келіп айтып жатыр.

Бірақ бұрыннан саны аз оқығандардың көбі бытырап кетіп, қала-қалада жоқ болған соң, әрін әлі де жеткізе алмай, ешкіммен ұғыса алмай, бостан бос қамалып жүр. Осы халдерді ойлағанда елдің қамын жеген оқыған азаматтар не қылса да қолынан келген шарасын істеп; осы үкіметтің арасына кіріп, қазақтың есесін әперіп қалатын уақыты келді деп білеміз.

Қазақтың оқығаны елдің қамын шынымен жейтін болса, қай күнде болсын пайда келтіре аларлық шағулы жерін аңду керек емес пе? Қазіргі заман қазақтың басына келіп тұрған, әрі ең қиын, әрі ең пайдалы жайлы заман, құр елдің мұны тындалмайтын бірен-саран кісінің басына ғана жайлы, ет азу келген заманда ғана оны істеймін, мұны істеймін деп, анығында еш нәрсені істей алмай, шағулы заман келгенде қашып жүрсек, елдің қамы деген сөзді айтып не керек. Осы күнде не қылса да оқығанның бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бұғудың ешбір себебі жоқ. Қазақ оқығанының Совет өкіметі үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп пайдалы қызметімді істеймін десе, қумайды.

Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезінен қала-қалаға келіп қызметке кіруіне керек. Ел шақырып отыр. Талай-талай пайдалы жұмыстар шешілуін күтіп дайын отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргенінің бәрі де келуі керек.

Жоқ, егер де кешегі ананың қатыны маған өш еді, мынаның малшы-қосшысы өкпелі еді деп қашып жүрген болса, олардың жолы болсын, игілікті сол ұзақ жолынан тапсын.

Жылы күнде жайлы орында отырып, еріккенінен елге тәтті сөзді сайрап-сайрап, күннің түсі бұзыла бастағанда жылы жаққа ауа жөнелетін жаздық гүлі, қарлығаш тоты болмақ болса, оның жөні бір басқа. Айналып келгенде жақсы жігіттердің көбінің себебі осы болып шығатыны да мәлім. Әйтпесе, қазіргі күнде қалада отырып Совет өкіметімен қызмет қылып отырған кейбір кісілерден жазықты емес сол қашып жүргендер. Бірақ қайтеміз. Дүние дүние болғанда оған жарастық үшін де жаралатын нәрселер бар. Кейбір азаматтар, қарлығаш, тоты болғандар, дүниенің сол кетігін толтырмақ шығар. Ол да болса мақсұд, жолдары болсын.

Мұхтар

БҮГІНГІ ЗОР МІНДЕТ

Қазіргі күнде үкімет мақамаларының мол шаруаны меңгере алмай, ойындағы көп істерін зерттеп, тәртіпке қоя алмай жатқанына қарап, көп жұрт бұл өкімет өнімді іс істей алмады дейді¹. Бүлінген шаруа, шашылған дүние әлі күнге бүлінген, шашылған күйінде дейді. Мұның үстіне ел қолындағы мүлкі де күннен-күнге сусып, қолынан шығып бара жатқанын ойлап, жұрт шаруасы шарасынан кеміп, әлсіреп бара жатқанын көріп, мемлекет әлсіздікке айналды, ел сымпыс шолақ кедейлікке түскелі тұр дейді.

Енді осы қалыпты ой ойлап, ел қамы, кедей қамы үшін қайғыратын кісілер болса, төмендегі сөзге кеңіл бөлсін.

Үкімет ісінің ретке түсе алмай тәртіпсіз болып отырғанына мақамалардың басында отырған жаңа адамдардың іспен таныс еместігі қаншалық себеп болса, елдің өз шаруасын өзі жөндеп ала алмай, беріп отырған нәрсеге ие бола алмай отырғандығы соншалық кемшілік. Хатта бұ күнгі жалпақ мемлекеттің шаруасы күйзеліп отырғандықтан, ел шаруасына да түсіп отырған ауыртпалықты айтпай тұра тұрайық. Ол — бәріміздің басымыздағы саяси халдің салмағынан туып отырған бір ауыртпалық шығар². Бірақ бұдан басқа да арысы жалпақ елдің, берісі ел ішіндегі көзі қаракты жігіттердің істеуін күтіп, иесіз тұрған қызмет көп. Қазіргідей шаруа жүзінде күйзеулік болып, елдің қоғамды көп тілегі орындалуға жол болмай тұрғанда елдің қамын шын жейтін азаматтар мың тілектің бірі орындалатын болса да, соған еңбегін салмаушы ма еді?! Төс табандап тартып, соң да болса жемісін елге жегізем демеуші ме еді?

Мінекей сондай тың тілектің жарым-жартысы болғандай, ел өміріне өте қажет істердің бірталайын істеуге осы күнде кең орын, ашық жолдар бар. Бойына азын-аулақ шыдам жиып, аз ғана еңбек қылса, көркейіп кеткелі тұрған істер көп. Ол істердің

бірі деп менің айтатыным — оқу жұмысы³. Совет һүкіметінің заңынша оқу жұмысы қаншалық бағалы, қадірлі екенін іске араласқан кісінің бәрі де біледі. Бұл жолдағы кеңшілік, дүние аямайтын молшылық, барып бермек болып отырған мырзалық, қай жұртта болса да жеткілікті.

Оқу ісіне қазіргі һүкіметтің артық екендігіне барлық жаулары да қол қойған. Ескі үкіметтердің шашпауын көтерген оқытушылар да бұ күнгі оқу жолындағы кемшілікті көріп, әбден риза болын отыр.

Жә, оқу ісіне һүкіметтің істеп отырған қызметі, беріп отырған кеңшілігі қайсы? Бұған дәлел — қалың солдат, қалың жұмысшы, аяғы жалпақ кедей елдердің арасындағы қызметтер, бұған дәлел — орыс, қазақ, бай, кедей, жас, кәрінің арасындағы надандықты құртуға істеліп отырған қызметтер (ликвидация безграмотности)⁴. Бұл—жалпақ мемлекеттің қолданып отырған ісі. Енді қазақ ішіндегі оқу ісіне келейік.

Қазіргі күнде губерниялық оқу бөлімінің жасап отырған жобасы бойынша келесі жазда қазақ ішінен 300-ден аса мектептер салынбақшы. Оқу бөлімдерінің бәрі де осы жоба бойынша жаз шыға осы қызметтеріне кіріспекші. Бұл турада «губкомтруда»^{*} тиісті көмегін беріп отыр. Салынатын мектептердің әрқайсысына 50 кісіден жұмысшы берілмекші. Оның жұмысына кіріскен кісілер басқа қызметтерге алынбайды. Және де мектептерге керекті ағаш саймандар қазынадан берілмек. Енді болыс ішінен⁵, старшын ішінен мектеп саламыз деген кісілер болса⁶, ел ішінен жұмысшылар дайындап алып, оқу бөлімдерінен керекті көмектерін алады. Міне, осы ретпен қыр ішінен ашылатын мектептердің жұмысы реттеледі.

Енді қала ішіне келейік. Бірталай жылдардан бері қарай қазақ оқығандары қалада тұрып бас қосып, елді ағарту жолына қызмет қылар десе де әлі күнге бір қалада қазақ халқына арналып салынған бір мектеп, бір клуб жоқ. Қазақ көшпелілігін қойып, қала болса, мәдениет тез орнар еді дейміз. Сол мәдениет қайтсе орнамақшы? Қазақтың әр жерде отырған жалғыз-жалғыз ауылдарын бір жерге әкеліп құр ғана үй салғанмен мәдениет өзінен-өзі қаулап кетпек пе? Ол да осы оқығанның қызметін керек

^{*} Губкомтруда — губерниялық еңбек комитеті.

қылмай ма? Біздің сол күнде қызмет өндіретін қайрат, талабымыз осы күнде неге көрінбейді? Қазақтың келешекте салынатын қалалары осы күнгі Семей губерниясындағы қалалардан үлкен болмайды. Қазағының саны осыдан артық болмайды. Ал біздің осы қалаларда салған бір мектеп, бір клубымыз жоқ. Керек десе, салуға істеген қамымыз да жоқ.

Мінеки, қазіргі күнге қолға алатын жұмыстың тағы біреуі — осы. Бұлардың қай-қайсысын болса да сәтті қылып, келістіріп салуына болмаса да, орташа қылып салуға болады. Қай қалада болса да ерте күндегі лавкалар осы күнде керексіз болып бос тұр. Іздеген кісілер қанша мектеп, қанша клубқа болса да сол лавкалардың ағашын алуға болады? Әрине, бұл айтылғандардың бәрі де оқу бөліміне тиіс шығар. Бірақ осының бәрін басқарып, аз уақытта ойындағы ісін істеп қою олардың қолынан келмейді. Сондықтан қыр мектебінің турасында қырдағы көзі ашық жігіттер, қандай жерде барлық қызмет басындағы оқығандар оқу бөліміне көмекке келуіне керек. Оқу бөлімінің ойында жоқ істер болса, есіне салып соны басқарудың міндетін өз мойындарына алу керек. Ел ішіндегі мектептерді көбейтіп, жандарынан балалар тұратын үйлер салынса, қалаларда клубтар салынса, ол аз қызмет емес қой. Бұл — бір.

Екінші: осы күнде қыр қазағы бұрынғы қаладан алынатын ұсақ нәрселердің бәріне де мұқтаж. Ол нәрселер айтуы ұсақ болса да бүгінгі шаруа жұрттың керектігіне қарағанда, ат-түйеден кем емес. Мәселен қыр елдерінің мұқтаждары: бұл былғары, ыдыс-аяқ. Бұлардың кейбірін елдің қолдан істеп жүргендері бар. Бірақ не жөнді қылып істерін білмегендіктен, не тез уақытта іс қылып шығара алмағандықтан шаруаның мұқтажын әлі күнге шығара алмай тұр. Кейбір адамдардың әр нәрсені істеймін деген талаптары болса да, оны үйрететін, не қолына сайман тауып беретін кісі жоқ. Мінеки, осындай жұмыстардың ретінде ескеретін бір үлкен іс мынау:

Губерниялық уездің шаруа бөлімдерінің жанында қол шаруасына үйрететін (кустарный отдел)** бөлімдері бар. Оның ішінде бұл тоқу, былғары илеу, шыны ыдыс-аяқ істеуді үйретеді. Түскен жігіттер әбден үйреніп болған соң, қалаған жеріне барып,

** Кустарный отдел — колөнер бұйымдары бөлімі.

мастерской*** ашады. Оның қолына керекті машиналарының бәрі де**** беріледі.

Міне, егер де осындай шаруа оқуына көп жігіттер түсіп үйренетін болса, бүгінгі мұқтаждықтың күнінде солардың қызметінен пайдалы қызмет бар ма? Және біздің естуімізше, жоғарыдағы айтылған бұл тоқитын, ыдыс-аяқ істейтін машиналарды қолдан істеп алуға да оңай дейді. Бәрінің саймандары ағаш болса керек. Егер де осыларды қырға апарып көрсетсе, талай қазақ өзі істеп алып ыдыс-аяқ(ты) өзі істеп, шекпенін тез тоқып алып отыратын болса, онан артық олжа бар ма. Шекпен тоқитын машина тәуір үйренген кісі ұстаса, күніне бес кез бұл шығарады, ыдыс-аяқ істейтін машина істеушінің қолында боры***** және басқа саймандары болса, күніне қанша шыны, аяқ болса да жасай береді.

Қазіргі күнде Семей қаласында сол бөлімге жиырмадан аса жігіттер берілгелі отыр.

Енді осы ретпен болыс-болыстың бәрінен жігіттер келуіне керек. Ел ыңғайлы жігіттерін жіберсін. Түбінде әр болыстың адамдары өз болыстарына шығады.

Мінеки, осы айтылған екі-үш түрлі істерге күш салып, көңіл бөлсе, талай пайдалы көрікті істер шығаруға болады. Тегінде іс қылуға көңілі бар жігіттердің бұл жұмыстарға ықыласын салу — борышы. Бүгінгі секілді күндердің зор міндеті осылар.

*** Мастерской — шеберхана.

**** Машиналарының бәрі де — құрал-сайман.

***** Боры — саз балшық.

Пьесапар





ЕҢЛІК – КЕБЕК

**3 перделі, 5 суретті трагедия
(Қайғылы хал)**

**Тарихи әңгіме ескі қазақ тұрмысынан
1922 жыл**



СӨЗ БАСЫ

Ардақты оқушы!

Кей кездерде қазақтың өткен күнін сен де еске алушы едің! Атаңның кешірген дәуренін, істеген ерлігін, тауып айтқан сөзін жұбанышпен, құрметпен сөйлеуші едің ғой. Қайратына қуанушы едің, ақылына сүйінуші едің. Өз заманыңды қызығы кетіп азған заман, ел берекесі кетіп тозған заман деуші едің.

Мен өткен күндегі аталарыңның бір мінезін алдыға сынға қойғалы отырмын. Мақсатым атаңды жамандап, сені мақтау емес және атаңды мақтап, сені де жамандау емес. Шын мақсатым: осы қазақтың даласында кешегі күндердің бірінде болып өткен бір оқиғаны сол аталардың бүгінгі ұрпағы сендердің көз алдыға көрсетіп қана өту. Сындарыға тапсыру ғана. «Оқушыдан», «көрушіден», әңгімені тыңдаушыдан жалғыз тілейтін тілегім, ескі әңгімені тыңдағандағы айтатын әдеттегі «жарықтықты» таста, екінші ол күнгі қазақ надан, үлгісіз, білімсіз деген орны жоқ зор кеуделікті таста. Бәрін де қасыңдағы жақын адамдай көр. Мінезі мен құлқын, әдеті мен үлгісін, жақсылығы мен жамандығын, өнері мен кемшілігін көңіліндегі таразыға сал.

Сенен екінші сұрайтыным: сол күнгі атаң мен бүгінгі өзіңнің араңда, сол күнгі қазақ пен бүгінгі қазақтың арасында қандайлық айырым бар, қандайлық артық, кемдік бар, соны салмақта.

Ол күнгі қазақ «жарықтық» емес болатын. Өткеннің бәрі де әулие дегенің, өткен күнді көксегенің, бүгінгі күннің алысынан қашқаныңды көрсетеді, келер күннен үмітіңнің қайтқандығын, қалғандығын көрсетеді. Өткен күн сондай-ақ жақсы ма еді. Сен ойлағандай «қой үстіне боз торғай жұмыртқалап» па еді. Оны көрерсің.

Өткен қазақты білімсіз, надан деп кемсітпе. Бүгінгі қазақ та жетісіп отырған жоқ. Оларды үлгісіз, өнерсіз деме, бүгінгі

қазақ та «кемеліне келіп, кер торысына мініп» тұрған жоқ. Рас, айырмышы бар, ол неде? Айырмыштың жоқ жері бар, ол неде?..

Кешегі арқаның ескек желі желдеткен ала тудың астына жиылған жер қайысқан қол қайда? Оның орнында бұл күнде күңгірт пішінді, қоңыр момын қазақ ақсақ-тоқсағын түртпектеп жүр.

Кешегі ұраншыл ел, аламаншыл батырдың орнына қараңғы түнді жамылып, ағайынның малын жетектеуді өнер қылған қорқақ ұры жүр.

Кешегі сарнаған қобыз, тамылжыған шерлі сыбызғы, күңіренген домбыра дауыстары қайда, о да өшкен. Бұл күнгі дала жым-жырт мұңды, жүдеу..

Кешегі сері жігіт, ерке ақын әнін тоқтатқан... дауысын өшірген, тыңдаушы қазақ қаяуланған...

Кешегі тентек батырдың ойнағы болған жасыл пейілдер бұл күнде сарғайған... сағынышпен жүдеген. Енді сол заманнан қалған не?.. Айнымаған не нәрсе? Айнымаған: кешегі күнгі жақынымен жағаластырған алты бақан, алаауыздық ол, әлі күнге сол қалыпта «алаштың аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген берекесі, тыныштығы жоқ, бітімі, тынымы жоқ қазақ әлі күнге сол қазақ.

Өз қайратын өзі жойып, қасындағы туысқанын қарақтап өз қолын өзі байлап берген қазақ әлі күнге сол қазақ. Өшпеген мінезі осы. Ұмтылмаған әдет, жазылмаған дерт осы.

Оқушы! Зор кеуделі оқыған болсаң, сен де осы мінезден арылған жоқсың. Атаңның ескі жолында сен де жүрсің. Әлі де оқушы қара қазақ болсаң ойлан. Өзінді-өзің сына. Сен де осы аурумен ауырып жүрсің. Туысқан бауыр, туған ел! Ойлансаң осыған ойлан, сынасаң осыны сына. Алдымен көзіңнің құйрығымен өз ішіңе үңіліп өт.

М. Әуезов

ОЙНАУШЫЛАР

- Абыз — Әйел ардақтаған сәуегей қария. Құрметті шал. 80 жаста.
- Таңшолпан — Абыздың қатыны, білімді әйел, ел анасы болғандай ақкөңіл кемпір. 65 жаста.
- Ақан }
Қалампыр } Меймандос кәриялар, момын. Еркек баланың жоқтығы армандарының үлкені, 60-80 шамасында.
- Еңлік — Ақанның қызы, жасында еркекшора болған ашық, өжет, адуын, еркек мінезді, 20 жаста.
- Кебек — Тобықтының атақты батырының бірі, ел аузынан аты түспейтін жаужүрек ел қорғаны, 28 жаста.
- Кеңгірбай — (Қабекең) Тобықтының қабырғалы, айдынды биі. Ел ішінде өте қадірлі, сөзі қабыл болатын дуалы ауыз, 60 жаста.
- Көбей — Қабекең мен елдің арасындағы сөзді алып жүретіп, пысық, жүйрік би. Қабекеңнің жұмбақтап айтатын сөздерін тез шешетіндіктен Көмей би деп атанған, 45 жаста.
- Матақ }
Кембай } Көбейден соңғы елдің басты адамдары. Ел сөзінің бір қабырғасын ұстап жүргендер.
- Есен } — Найманның батыры. Еңліктің әмеңгері.
- Жомарт }
Еспембет } Найманның елшілері, ашулы. Айтқан сөзінен қайтпайтын, қатты адамдар, жалғыз жуаस्ताуы Жомарт. 20—30 жаста. Жолдастары бар, бітімшілер.
- Қосдәулет — Дадан Тобықтының басты кісісі.
- Қараменде — Дадан Тобықтының биі, ақжүрек, ел қамқоры болған әділ, таза би, 75 жаста.
- Жапал — Ақанның, малшы баласы.
- Жәуетей — Кебектің жолдасы, таза жігіт. Тобықтының кісілері. 2-3 бітімшілер.

БІРІНШІ ШЫМЫЛДЫҚ

Абыздың үйі, үй ішінде көзге түсерлік қызылды-жасылды нәрселер көп емес, жалғыз-ақ Абыздың жер төсегінің тұсында тұтулы кілем, жайылған алаша бар, босағада ілулі жіп шідер, қара үзеңгісі бар, биік қасты қоқан ер, қыстырулы сойыл, айбалта, шашақты найза, шоқпар, үлкен қара кебеже, бір-екі қап құрт, тесектің тұсында ілулі қобыз, бір сапы.

Бірінші көрініс

Абыз (*жалғыз*). Жаратқанның жарлығына ризамын, аз ауыл Тобықтының алақанына салған батагөйі қылды. Сақал-шашым ағарғанша, тұғырымнан тайғам жоқ. Қара, би, төре, батыр бағлан әлі де болса алдымнан өтеді. Оң батама ынтық болады (*көтеріліп, саспай.*) Келе жатқан күндегі көмескіні болжасам да болатынына сенеді, иенің сәуегей қарты адастырмайтынын біледі (*тоқтан.*) Ел бастаған қабырғалы билерім, қол бастаған батырларым, асқар белдерім, оң батамды алған жолы жарға жығылған емес. Жаратқаным сансыз шүкір етемін. Олар бастағалы Тобықтының жығасы жығылған жоқ. Мерейі үстем болып, тастаған тасы өрге домалап келеді. Қайратын қара тауға меңзеген талай жауы тізесін бүгіп жеңіліп отыр (*Таңиолтан кіреді.*)

Екінші көрініс

Таңшолпан. Көбейлер бүгін сізге келіп сәлем бермекші екен, келсе құр ауыз шығара алмаймыз ғой, соған бір мал алып қалайын деп тұрмын?!

Абыз. Шіркін қатын-ай! Сондай сөзді маған несін айтып келесің, мен қонақтан ас іріктеуші ме едім, билеген өзің билей берсең болмай ма, келген ағайынға өзің біліп ішкіз де, алғыс ала бер. Бізге ел тілеуін тілеп, бір азаматқа бата беріп отырғаннан басқа не керек.

Таңшолпан. Абыз-ау, мен оны ұмытады дейсіз бе, білем ғой, әшейін мал мен басты билеп-төстеген кісіше сізге сөз қатпай істегенді лайықсыз көрем. Әйтпесе сіз тірі тұрғанда ел тастайды, мал таусылады дейім бе, менің де тілейтінім өзіңнің батаң мен сол атқа мінген балалардың тәңір жарылғасыны да.

А б ы з. Дұрыс айтасың, кемпірім! Ондай жағулы жерге жететін толғауың бар еді ғой.

Т а ң ш о л п а н (*күліп*). Мені сөйтіп мақтаған боласыз ғой. Енді сол малымды алғызып қалайын (*шығады*.)

Үшінші көрініс

А б ы з (*жалғыз*). Сорлы кемпіріме ризамын, өзіме сай жолдасым ғой, дүние үшін назаланбайды, қолы ашық, пейілі жомарт, ақкөңіл бейшара ғой. Анда-санда сөз қатып сөйлесетін сырласым да осы.

Төртінші көрініс

Т а ң ш о л п а н. Әлгі кісілер ғой деймін, бір үш атты келеді Әнікем бейітінен өтіп.

А б ы з. Болса болар, келсе келсін азаматтарым.

Т а ң ш о л п а н. Бұл жолаушы жүріп қайда бармақшы екен? Тағы да бір жайсыз сөз туып қалды ма екен әлде? Тынымы, тыныштығы жоқ қарашықтарым, бұлар да бір ел қамын жеген Едіге ғой.

А б ы з. Ей, кемпір! Көбейдің қай жүрісін санап отырсың сен, Көбейдің алдына келмейтін сөз бола ма (*тым-тырыс*.) Әлі осыны сырттың тартысына салды ма екен? Сыртпен арбасқанға шыдаса төс табанды би сонда болады ғой. Өзіңнің толайым туысқаны бітімшіл, дәнекершіл болғыдай.

Т а ң ш о л п а н. Өзінің айтқан сөзіне жұрт тоқтағыш дейді ғой.

А б ы з. Ел тауқыметін көтерген жақсылар сегіз қырлы болмаса бола ма? Сыртқа салсам екі жүзді наркескенім, ішке салсам ел шеңберін аудармайтын Көбейім бар, не мұңым бар?

Т а ң ш о л п а н. Тек, қарақтарым тірі болсын (*тоқтан*.) Абыз! Мен сізге жорығайын деп ұмытып отыр екем, бүгін бір түс көріп едім, көңілімді сол қобалжытып жүр, жақсылығын ер азаматқа жорыңыз, жаманшылығын мен бейбаққа жорыңызшы.

А б ы з (*түксіпін*). Е, мұрадар не көріп ең, қабағыңда кейіс бар ғой, айтшы!

Т а ң ш о л п а н. Түсімде ел бір үлкен сергелдеңге түсіпті. Тобықтының игі жақсысы жиылған екен, бәрінің де пішіні түнерген, күнгірт, біріне-бірі жөнді жауап қатпай, бір нәрсенің

тетігін таба алмай, дел-сал болған секілді, ел әрі-бері сабылып сергелдең болып жүр.

Бір уақытта біреуден келіп: не болды деп сұрасам, күн шығыстан өрт келіп қалды, соның ақылын таба алмай дағдарысып отырмыз дейді, сол арада біреу келіп: Тоқтамыстың қолы сынып қалды, сорлы мүгедек болды-ау!—деп қайғырады. Би көзінен кәдімгідей жас ағызып жылайды: «Ел басына күн туып, тебінгіден тер жауып, тар өткелден өттім бе деп едім, әлі де бір сыбағам алдымда екен ғой» деп осы сөзі аумастан есімде қалыпты, бір түрлі шошып ояндым (*түнеріп отырады.*).

А б ы з (*басын шайқап*). Өзімнің біргалайдан түсім бұзылып жүр еді, тек ер-азамат аман болсын, күн шығыстан шыққан өрт болса, Матай мен біздің ел бүлінісе ме, қайтеді, бүліншілік шықса тағы да талайға баратын сергелдең болар (*басын шайқап*) хай-хай! (*Күрсінеді.*)

Т а ң ш о л п а н. Жасаған, өзгесі болса да, қолдасқан болмаса екен, ел болып шабысқаннан, елдің көрген әлегі жеткілікті болды ғой.

А б ы з (*азырақ күрсініп*). Жаратқанның бір жазғаны болар. Орынсыз бүлікті ешкім де іздемес, егескен жауың тізесін бүгілтіп еді,.. ендігі іздейтін береке болу керек.

Т а ң ш о л п а н. Көбей келсе үгітіңізді айтып қойғаныңыз лайық-ау деймін, жеңбеген жауым бар ма деп, кеудені көтеріп тасқындап кеткен де жаман ғой, әйтеуір осы түсімнен қорқамын.

А б ы з. Көбей бастаған жерде бүлік шықпас, таразыны аудармай ұстауды білер, бірақ ел ішінде есер көп, Көбей қайсысының қолына матау, аяғына тұсау салады, пәле шығаратын тентек, дау шығаратын сылтау аз ба?

Т а ң ш о л п а н, Үйтсе де «сақтықта қорлық жоқ» жұрттың көбі сізге келгенде азды-көпті өсиет есітсем деп келеді, естеріне салып қойыңыз, пәледен машайық қашыпты деген емес пе? (*Көбей, Матақ, Кембай кіреді, бәрі де қол қусырып сәлем береді.*)

А б ы з (*сәлем алып, көзін салып қарап*). Жарқыным, Көбеймісің? Жоғары шық! (*Бәрі де жоғары шығып, қол беріп амандасады*). Азаматтарым, аман-есен жүрмісіндер! Аз ауыл тобықтың аман ба?

К ө б е й. Шүкірлік, баба, амандық (*өзгелері де амандасады*).

А б ы з. Ел іші әлді-сәлдіден тыныш па?

К ө б е й. Әзірге тыныштық (*тоқталыңқырап*), баба, күйің қалай? Біңқыл-сыңқылдан саумысың? Талайдан бері келіп сәлем

беріп, қал-жайынды білейін десем де, анау-мынаумен алданып келе алмадым: бүгін енді жолшыбай ғой, соқпай кеткенімнің жөні болмас деп келдім.

А б ы з. Балам, оқа емес! Қайда жүрсен аман жүр, біздей кәріге анда-санда көрініп кетсеңдер де болады ғой, барыстарың қай жер еді? Шет пе? Ел іші ме?

К ө б е й. Бір ел ішінің сөзі болып, би шақыртқан екен, соған барамыз.

А б ы з. Олай болса жақсы келдіңдер, тығыз жүріс жоқ екен, кемпір мал алып қалып еді, дәм татып кетіндер, қазан көтерсін.

Т а ң ш о л н а н. Қарақтарым келеді дегенді естіп, қазанды асқызып қойғанмын, Абызбен бірге отырып, дәм татып кетіндер!

М а т а қ. Қазан көтеріліп қойса, асығып қайда барамыз, бабамның дәмінен үлкен не жұмыс болушы еді?

К ө б е й.) Мақұл дұрыс. (*Аз тын-тырыс.*)
К е м б а й.)

А б ы з. Балаларым, ел жайының әдгімесі болса, бізге сөйлеңдер, көптен мұнда келген жоқсың, ел сөзінің немен тынып жатқанын әлі күнге құлағым қанып естіген емеспін. Әлдекім бала-шағадан ел әңгімесін естігім келмейді. Көбімен әңгімелеспеймін, көңілім үйлеспейді.

К ө б е й. Баба! Бұл күнгі күнде ел ішінде соны айтайын дерлік даурыққан бөтен сөз жоқ.

А б ы з. Ұлым, маған сөздің бүгінгі, кешегі деген сүрі жасының керегі жоқ қой, біз секілді заманы өткен кәріге күнде болып жатқан жәбірдің бәрін жіпке тізіп отырам деуге бола ма? Маған керегі көңіл сүйсініп, құлақ құрышы қанатындай, билердің істеген шешендік-көсемдігі, батырлардың істеген қайраты керек.

М а т а қ. Бабамның сөзі шын ғой. Елдің астын-үстіне шығаратын пәле келсе де, шабыншылық соғыс болса да соның бәріне төтеп беріп, артынан ел аузында әңгіме болып қалатын өнерлер бар ғой. Ол өнер сол, шешендік, батырлық, ел сүйсінген қайратты мінездер, баба, осы елдің елдігі де сондай мінездерден сыналады ғой деймін? Тілеуін тілеп алғыс айтқан билері, бата бергелі батырлары бар, қандай қайраты бар, соны білгісі келеді ғой.

А б ы з. Жарқыным, рас айтасың.

М а т а қ. Олай болса, Бабамды сүйіндіретін әңгіменің бәрін де айтыңдар, елге еңбек қылып жүрген ұлы кім, шешені, батыры кім екенін біліп отырсын.

К ө б е й. Баба! Сұраңыз, білгенімізді айтайық.

А б ы з. Әлгі осы, тоқсан сусар тон берсең де, тоқсан қара нар берсең де бітпеймін деп, басқа шауып, төске өрлеген Матайдың әптігін немен бастыңдар? Маған көмескі әңгіменің бірі осы. *(Бұл уақытта Таңиолтан сабадан үлкен керсенге қымыз құйып, сатырып, еркектерге шарамен беріп отырады.)*

К ө б е й. Баба! Матайдың сөзінің басы таудай болса да, аяғы сиыр құйымшақтап келіп, қылдай болып кетті. Өткінші жаңбыр секілді болды. Басында бұрқ-сарқ етіп келген бетінде ашуы өшпес жауып тұрған жалын секілді еді, бірақ біздің бидің айбыны ол ашуын басып кетті.

К е м б а й *(күлін)*. Матайдың әуелгі беталысында қара борандатып келуі осы айтқандай-ақ болды.

К ө б е й. Би осындай ашудың өзін шұғылынан қайырам десең дәуірлей беруші еді, одан да әрісіне жіберейік дейді, сонан соң тас табандап шындай бердік. Матай: қоралаған қойыңды, қостаған жылқыңды шұбыртамын деп келіп еді, бетін қайырып жіберіп, біз барып бір кілем, бір тонып асырып түсірдік. Ел шабамын деп еді, елді одан бұрын біз шаптық.

А б ы з. Бәрекелде, би ақылын табады ғой, сол қара шал кеменгер болмаса Тобықты неге аға болып жүр дейсің? Ия!

К ө б е й *(күлін)*. Аяғында батыр болсаң бопсаға шыда дегендей, айыптың үлкені бопсаға шыдау екеніне көзім жетті. Жүрек қобалжымай, табан таймай, қасқайып тұрып салысуға шыдаған соң, Матай шыр айнала бастады.

А б ы з. Тоқта, сөздерің не болды, сонымен?

К ө б е й. Айтқанның бірі де болмады, би майталмандыққа салып отырып алды, киіз туырлықты қазақтың баласысың, елді бақадай шулатып, қайтып қуып тастайсың. Тобықты іргесінің Шыңғысқа осы орнағаны орнаған, енді қоқан-лоқыңа кетпейді, алысам десең алысуыңа дайынмын, өлісем десең өлісуіңе дайынмын, білгеніңді қыла бер дейді.

А б ы з. Бәрекелде! Әй, Арғыннан туған ардагерім, әй, ел қамын жеген Едігем-ай! Тусаң ту.

М а т а қ. Біздің бидің өзгені оқ бойы орап, оңдап кететін осындай жері ғой.

К е м б а й. Жарықтық сырттан ғой, Тобықтының асқар белі емес пе?

А б ы з. Ия, айта бер, жарқыным.

К ө б е й. Сонан соң, оның алғашқы ызғары қайтқан соң біз де азын-аулақ еліктік, сонан соң тай-тулақ, анау-мынау берісіп, бітім таптық.

А б ы з. Солай балам, басыңа қилы-қилы күн туса, түрлі түрлі күйге түсерсің, «Заманың қызыл түлкі болса, қарғылы қара тазы болып бір шалып қал» деп неге айтты дейсің.

М а т а қ. А-ай! Сол кезең өзі, Тобықтыға, өте бір қысылшан кез болды ғой, алысқан жауымыз Матай болды ма? Матайды қабаттап келіп талай елдің бізді талағысы келді ғой.

К ө б а й. Уай, оның несін айтасың баяғыда үзілді-кесілді болып біттім, тындым деген бура да көтерілді, алты аласысы, бес бересісі жоқ Шорда Тобықтыны ойпап алғысы келді. Әйтеуір құтылдық қой. Қабырғалы би тұрғанда, білегі жуан батыр, бағыландар тұрғанда, анау-мынаудың жаулығы түк болмайды екен *(Малшы кіреді.)*

Бесінші көрініс

Малшы кіріп, Таңшолпан сыбырласып ойлесіп, шәугім мен шылапшын әкеліп, кісілердің қолына су құяды, ас беруге айналады, кісілер әңгімелесе береді.

К ө б е й. Әйтеуір кезінде әлсіз, айдынсыз елге өзіміздің соқтығып егер қылғымыз келетіні бар шығар, үйткенмен, дақ сол біздің әлсіреген кезімізде талай жұрттың араны ашылып кетті. *(Табақпен ет келді, әңгімелесіп отырып, етті турап жеп отырады.)* Матай да, Шора да, Бура да, құлындағы сақау, құнандағы тістеуін айтып, қолдан келсе Тобықтыны жырым-жырым қылып әкетпек болды.

А б ы з. Ол бір анда-санда кез келетін өткел секілді заман ғой. Жә, ел басына күн туғанда, бидің істеген еңбегі әлгі екен, енді батырлардың еңбегі қандай болады? Санаулы батырларының ішінде ерлігі асқан, еңбегі асқаны қайсысы болды?

М а т а қ. Баба! Ол уақытта еркек кіндікті азаматтың іркіліп қалғаны жоқ, тіпті әуелі бірен-саран келіндеріңнің ішінен де жау жүректері шығып қалды.

А б ы з. Атын аташы, солардың атын біліп отырайын.

К ө б е й. Еркек кіндікті азаматтың ішінде батырлығы асқан Кебек болды.

А б ы з. Бұл Тоқтамыстың інісі ме? Сол ауылда бір отты бала бар деп естіп едім, сол екен ғой.

М а т а қ, К е м б а й. Ия.

К ө б е й. Матаймен алғашқы бір ұрыста біздің қолымыз жиыла алмай қалып, Матайдың күші үлкейе берді, сонда Кебек, бұлардан бір жеңілсек бел алып кетеді деп, іріктеп қырық жігітті артынан ертіп алып, жаудың қамалына қарсы шапты, артына ерген кәртең батырлар айтады: сонда өзімізге неше рет ар келіп, жүрексініп қалғанда самсаған сары қолға, айнымастан түйғынша түйіліп, үш кіріп, үш шықты дейді.

М а т а қ. Сабаз-ай десеңші.

А б ы з. Ой, қарағым! Ұл туса, осындай тусын, сонан соң.

К ө б е й. Сонан соң жұрттың бәрі де бара араласыпты. Аяғында Матай бұлардың аянбайтын түрін көрген соң, серпіле жөнеліпті. Сол жолы артынан тұра қуып, талай Матайды түсіріп әкелді.

К е м б а й. Кебектердің туысы бұл жүргеннің көбінен сонау құрым бөлек жатыр, ел басына күн туғанда шоктықтанып, жауланып кетеді. Және бір уақыт қапысы болмайды. Қай қауып болса, алдымен Кебек жүреді.

М а т а қ. Бәрінен де Шор шапқандағы еңбегін айтсаңшы.

А б ы з. Ия, ия, онда не істеді? Айтыңдаршы!

К ө б е й. Онда Шор қапылыста келіп, кез келген елді шауып, малды айдап жөнелген ғой.

А б ы з. Ия, Шордың шапқапып білем ғой.

К ө б е й. Сондағы арттағы ел жиылғанша бөгемек болып, үш жүз кісінің артынан жалғыз жөнелген, қуып жеткен. Астындағы аты жүйрік, қашса жеткізбейді, қуса жетеді. Әншейін тамам қолды айнала түйреп, алды, артып орап, ет асымдай бөгеген. Сол уақытта жиналып қалған ел артынан жеткенде, малды айырып алып қалған.

М а т а қ. Кебектің онан соңғы бір қайраттылығы, асылы жас болып қажыған, талған дегенді білмейді. Сол Шор қаптаған замандар өте тынышсыз болған мезгіл ғой, сонда тыным алып үйде жатқан емес. Анда-санда кез келіп «сені тыныққан жоқ дейді. Кішкене көзіңнің шырымын алсаңшы» дегенімде: «Ой, ағалар, аламанын қуып, аттанғанын кұмай жатып, көздің шырымын аламын деп кім жатады» деп жүре береді.

А б ы з. Жарайды, тек арыстаныма өмір берсін. «Қас жүйрікте күй болмас» деген сол ғой. *(Табақ жиылады, малшы қолдарына су құяды.)* Жә, бұдан соңғы батырлық қылған кім?

К е м б а й. Онан соңғы ерлік қылған осында бір Шынасыл деген келінізіз болды. Шор алғашқы шапқанда Қартпай ауылының Мақан деген бір жігітін өлтіріп кетті ғой. Қасқиып қарсы келе жатқанда, мандайынан салған найза желкесінен бір-ақ шығып ұнғысынан омырылып қала беріпті. Сонда Шордан қолға түскен бір жігітті қанды қанмен жусын деп, көшті жүргізіп жіберіп, тамам келіншектердің ортасына тастап кетіпті. Әлгі жігітті өлтіруге жұрттың бәрі де бата алмай тұрғанда Шынасыл қолына қарыс кара пышақты алып барып, ішін бір-ақ пісіп өлтіріпті.

М а т а қ. Осыныкі де ерлік-ақ.

К ө б е й. Бәрекелді!

А б ы з. Ерлік болса солай болат та. *(Тым-тырыс.)*

К ө б е й. Жә, енді біз атқа қонайық... Баба! Енді бізге жақсы, жаманнан айтарлық сөзіңіз бар ма?

А б ы з. Жарқыным, бөтен не айтайын, жалғыз-ақ соңғы уақытта түсім бұзылып жүр, енді әлдеріңнен келгенше елді басып ұстауға тырысыңдар, бәлеге бас болып жүрмесін біздің ел, түбінде сондайдың арты жаман болатын түрі бар. Осыны естеріңе саламын, жолдарың болсын.

К ө б е й, М а т а қ. Мақұл! Баба! *(Қоштасып шығады.)*

Алтыншы көрініс

А б ы з *(ойланып отырып)*. Кемпір бүгінгі сенің түсінді әлгілерге айтқамын жоқ, көңілдеріне күдік түсе ме, жасаңдап қала ма деп.

Т а ң ш о л п а н. Оныңыз да мақұл ғой, жаратқанның нені жазатынын кім біледі?

А б ы з *(қобалжып қозғалақтап)*. Сенің түсің кеудеме жүз түрлі ой түсіріп отыр *(таңданып)* бұл аз ауылды елде тағы қандай пәле бар, қобызды әперші, аз ғана болжайын. *(Таңишолтан қобызды әпереді, де шығады.)*

А б ы з. *(Жалғыз. Корқыттың күйін тартып, кейде мыңқылдап сөйлеп, кейде дауысын қосып сарнап отырып, қозғалақтап)*. Сорлы-ы, ә-ә, е, басына бұлт үйірілген біреу ғой, жалыны шоқтай, қайнаған қыршын жас па екен, қайраны қайтқан карт па екен?

А-а-а... *(Тоқтап қобызын жерге тіреп таянып отырады, сол уақытта Есен кіріп, қамшысын босағаға тастап, қолын қусырып.)*

Жетінуі көрініс

Е с е н. Салаумаликум, баба!

А б ы з (*басын жоғары көтеріп*). Әликсәлем! Уа, қай ұлсың?

Е с е н (*Абыздың қасына отырып*). Баба! Арғы атам Найман, бергі атам Сыбан, өз атым Есен. Ел қосқан атым — батыр Есен. (*Абыз ел жайын сұрап амандасады.*) Келген шаруам: әлемде екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, палуан білек керек. Бірінен өту үшін тәңірім үстем қылып жаратқан талай керек. Ақыл, айла керек. Осының екеуіне де өзіңнен бата алайын деп келдім.

А б ы з (*аз тым-тырыстан соң*). Ұлым, екеуіне де кеудесі қуыс пенде беретін көмек жоқ екен. Өз өнеріңе сенерсің, әйтсе де айт жөнін.

Е с е н. Баба, айтайын: алғашқы айтқан кезегім: қайраты тең батырмен, күшімді сынасайын деп жүрмін. Кездескелі ізденіп жүргенім өзіңнің батырың — Кебек! Екінші кезек: жастық, аптығымның кезегі Матай қызы жесірім, інімді менсінбей, кетем дейді. Ерден кетсе де елден кетіргім келмейді. Жігіттігімді сынға салғалы тұрмын.

А б ы з. Батыр! Қайратың адам дұшпаны арыстанға біткен қайратпен тең екен. Төңірегінді торып жүрген кәпірді көрмей, іздеген жауың мұсылман баласы болса, алты алаштың баласын көрмей, тапқан жауың туысқаның болса, өрісің ұзақ болмас. Кер заманға кез болып, кер кеткен елдің кер тартқан тентегі шығарсың. Басқа айтар сөз жоқ.

Е с е н. Баба! Мен сенен жеңілдім. Жалғыз-ақ Тобықтының баласы осы ақылыңды естімеген болып жүрмесін. Қош, Баба (*тәкаппарланып басып шығады.*)

А б ы з. Қош ұлым, түзу беттеген жолыңда бетіңнен жарылғасын (*Есен шығады.*)

К е б е к. Салаумәлейкүм!

А б ы з. (*Үндемей көзін салып қарап*). Әликсәлем, уа, қай ұлсың?

К е б е к. Баба! Тоқтамыстың інісі Кебек балаңмын.

А б ы з (*Басын шайқап*). Былай шық, батырым екенсің ғой. (*Кебек жоғары шығып жүзініп отырады.*) Жарқыным, ер азамат аман ба? Ел жайы не?

К е б е к. Ел тыныштық, ер аман, Баба!

А б ы з. Балам, мен сенің жайыңа қанып жүрмін, шынжырлы балақ, шұбар төсім екенсің, әмсе абыройың асып, алапатың қандай болсын.

К е б е к. Айтқаның келсін, Баба!

А б ы з. Ұлым, не жаймен жүрсің?

К е б е к. Баба! Көптен келіп сәлем бергенім жоқ, сәлем берейін, сонан соң батаңызды алайын деп едім. Және келер күнімде не қауіп, не қуаныш бар, оқ астына, найза ұшына кездесіп қалып жүруші едім. Ажал күнім қашан екен? Соны болжап берсеңіз деп едім (*Қойнынан қағаз шай алып.*) өзіңізге сыйға әкелген мына бір құйрық шайым бар еді. (*Алдына қояды.*)

А б ы з (*қынжылып*). Ай-й, балам! Алдыңғыны болжатып қайтушы едің. Ол тұңғыық сыр ғой... Сыр ғой... Аруағың өрмелеп келе жатқан ұлымсың, жаман-жақсы сөз есігіп, жабығып қалмасаң.

К е б е к. Баба! Жаман айттың деп жабықпаймын, сезгеніңді айқын қылып айтып беріңіз.

А б ы з. Иемнің сөзін жасырмаймын, бекін, жабықпайтып бол.

К е б е к. Бекіндім, Баба! Болжаңыз.

А б ы з (*ілулі тұрған қобызды алып Қорқыттың күйін тартып анда-санда бетінің терін орамалмен сүртіп, қобызды бір алып, бір жерге қойып, аа-а деп отырып бір уақытта сайрай бастайды*).

Ал піріңмін! Піріңмін! — піріңнен туған еріңмін.

Аз ұл Олжай ішінде — таңдап бір қонған жеріңмін.

(*Бақсының сарынынан бірталай сөздерді өлеңдетіп айтып келіп, анда-санда мыңқылдап, былдырлап.*) Мұңдар шіркін не дейді?!. Алтын берсең алмаймын, айтқаныңа нанбаймын (*сілкініп басындағы тақиясын ұшырып жібереді, аздан соң қызуланып тағы сарнайды, үйдің іші шылдырлайды; аздан соң саңқ етіп.*) Қыз?! Қыз ба? Не дейді? Сұрлау?.. ей... ой шіркін... жартас дейді. (*Үйдің іші тағы шылдырлайды, тоқтап терін сүртіп отырып, басын шайқап.*) Батырым! Сұңғақ бойлы, биік қабақ, сұрлау қыздан ажалың бар. Ол қыз қақпа жартас түбінде кез болады, кез болса, кешікпейді тез болады. Сақтықта қорлық жоқ, осы сөзді есіңе ал!

К е б е к (*теріс қарап*). Ендігі жас дәуренімді, сұлу жар алып соның қызығыменен өткізем десем, сәуегей қария не дейді? (*Абызға.*) Мақұл, Баба?

А б ы з. Ұлым... Атаның ұлы азбайды. Екі сөз айтам! Бірінші жауды жақыннан іздеме, жақыннан жау шығарсаң азғаның. Екінші әйел жынысы бірде досың болса, бірде қас болып кез келеді. Оған бойыңды берсең де азғаның, азып кетіп жүрме, аңғал батыр атанып қалма! Сақ болмай салқамдық қылсаң бойыңа мін болар.

К е б е к. Баба, ұқтым өсиетінді. *(Аз тым-тырыс.)* Енді мен жүрейін.

А б ы з. Ұлым... Әрқашан қолдаушың аруағың болсын және есінде болсын, ердің бір басшысы түсі болады, түсіне көңіліңді бөле жүр! Енді қолыңды жай бата берейін. *(Кебек қолын жаяды. Абыз қазақша ұзақтай бір батаны сартылдатып сөйлеп, бата береді.)* Енді жолың болсын, айтқанымды ұмытпа Сақ бол, сақ жүр.

К е б е к *(тұра келіп)*. Қош, баба! *(Шығады.)*

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ШЫМЫЛДЫҚ

Ақанның үйі, қысты күнгі мезгіл, үйдің ішінде айнала киіз, кілем ұстаған, ортада жанып тұрған от, асулы қазан, үйдің бір жағында тұтулы ши, ілулі найза, шоқпар, оң жақта таза жиылған биік төсек, батсайы шымылдық. Перде ашылғанда үйде Қалампыр күпі жамылып, от жағып отырады. Ақан кезең тай терінің үстінде отырады, үстінде қалың киімі, қолында таяғы бар.

Бірінші көрініс

А қ а н. Осы күн суытып кетті ме? Немене? Ызғырықтап. Әлгі бір әзірде реңкі бұзылған секілді еді. Еңлік жан қайда жүр *(тоқтан)* мал жайласып жүр ме?

Қ а л а м п ы р. Малда емей, қайда дейсің? Біздің малға көз болатын кісіміз жоқ деген сайын тақаты қалмайды, күн суық болса үсіп қалып жүрер ме екен, жарығым!

А қ а н. Қарағым еркек бала болса, ел аузындағы азаматтың бірі болар еді. Құдайдың мұны бергеніне де шүкіршілік. Еңлік жаным болмаса, кімді ермек қылар едім?

Қ а л а м п ы р. А-а-а-й, шал-ай! Әйел бала болып жынысын басқа қылып жаратқан соң, әншейін біраз күндік қонақ қой, көңілдің бүгінгі жұбанышы ғой.

А қ а н. Қайтесің, алтын басты әйелден бақыр басты еркек артық екенін бүгін біліп отырмыз ба? «Әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып» бала тілеген кісінің бірі біздей-ақ болар, тілегенің қабыл болмаған соң қайтерсің. *(Мұңайып отырады.)*

Қ а л а м п ы р *(отты көсеп, мұңайып жылап)*. Би Фатима пірім-ау! Не күнә сұмдығымнан осындай болдым, мал бітті дегі пейілімді бұзған жерім жоқ еді, мезгілсіз келдің деп, тарығып бір қонақтың атын басқа қаққаным жоқ еді. Ағайын, туғаннан береген, қолы ашық, меймандос, алғыстан басқа қарғыс алған пенде емес едім.

А қ а н *(түнеріп отырып)*. Пәке, паруелерге не! Мұнша назаландырғандай не қылмыс қылдым. Қыруар мал, ұшан теңіз дүниені бергенінді қайтейін, қу бас шал қылып, қу тіземді құшақтатып қойғаныңды қайтейін.

Қ а л а м п ы р. Атқа мініп сойыл соғар азамат балам болса кімге жалынар едім, «Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытар ма еді». *(Жылайды.)*

А қ а н. Біз өлген күні бұл дәулетке кім ие болады *(жылап)*. Жалшы жайдақтап, құл құрықтап тауысқаны ма?

Екінші көрініс

Бұрынғылар һәм Есен кіреді. Амандасады.

А қ а н. Батыр, қайдан жүрсің?

Е с е н. Ата, батыр күні кезбелі емес пе, күш сынау мен бақ сынаудың кезуінде жүрмін.

А қ а н. Ұлым, күш сынауыңды ұқтым, бақ сынауың неменен? Бағыңды немен сынамақшысың?

Е с е н. Ата! Тілім қысқа, ебім аз, топассың деп сөкпе, бүгінгі күнде бағымның сыншысы сенің балаң — Еңлік.

А қ а н. Бізге неше тақпырт айтқан сөзің ғой бұл. Баланың райын кім біледі.

Е с е н. Еңлік бұл күнге шейін жауап берген жоқ: сөзге сараң, бойына дарытпайды. Бүгін өз аузынан байлаулы сөзін естігелі келдім. *(Еңлік кіреді.)*

Үшінші көрініс

Қ а л а м п ы р. Жарығым, тоңған жоқпысың?

Е н л і к. Жоқ, апа, тоңғаным жоқ.

А қ а н. Кемпір, далаға шығып мал жайғасайық жүр. (Екеуі шығады.)

Төртінші көрініс

Е с е н (Еңлікке қарап отырып). Еңлікжан, не айтасың, сөйлеші (Еңлік үндемейді.) Неге үндемейсің сөйле дейім.

Е ң л і к (аз тым-тырыстан соң). Не айт дейсің, менің саған айтпақ сөзім бар ма еді?

Е с е н (ажарлы дауыспен). Ерке қыз, бұл кемсіту ме? Мазак па? (Қатты.) Найманның неше ұлын алдамақшы едің? Мен де алданайын ба? Бірақ мені алдауың құр кетпейді. Мен батырмын.

Е ң л і к (саспай). Батырлығыңды қайтейін, аңғалсың. Алдайын деген кісіге кез келсең, жұрттан бұрын сені алдар.

Е с е н. Не қыл дейсің, жөнінді айтшы.

Е ң л і к. Жөнінді өзің айт. Аңғал батыр, менің затым әйел. Қайратыңмен жұмсатам деме, ебіңмен жұмса. Ақылы дұрыс жас жігіт мінезімен алар болар.

Е с е н (жұмсап). Еңлікжан, сенің сының-құрулы мылтық, құрсаулы жаудан да қиын болды-ау, ұрмай-соқпай қинаған кісім сенсің. Ерден кетсең де елден кетпе, аталы рудың, елдің келінісің, аруақты қорлама, күйеуіңді менсінбесең, маған ти. Мен саған құмармын дедім. Осыныма не жауап бердің?

Е ң л і к (кекетін). Көрде жатқан аруақтың басын ауыртып қайтесің, атаның намысын қуған ұл болсаң өз құлқынды қоя тұр. Ініңнің намысы қайда? Ол сенің мойныңа қарыз емес пе? Мен әлі саған ініңе бармаймын деген сөзді айтқаным жоқ.

Е с е н. Ата-анаң атастырған ініме тием десең дауым жоқ. Онда мен тоқтадым, бірақ көңілің азған, тұрақтамаса басқа кісінің ортағы жоқ, сен менікісің.

Е ң л і к. Ондағы күнді көрерсің. Бірақ бүгінгі күнде әдепті бол, қайнағалық жолыңды біл. Мен үйреткенім мақұл емес.

Е с е н (ашуланып). Тоқтат қыз, тіліңді шанышпа енді. Сенің шараң жетті маған. Бұл жолы жеңдің сен, сөзіңнің артын түсінемін.

Е ң л і к. Бәсе, ер болсаң сабырлы бол.

Есен (қайтарып айтады). Сабырлы бол (Салмақпен.) Алдымен сен сабырлы бол, сен азған күні менен сабыр сұрама. Мен енді күндегі ізінді аңдимын. Батырдың басы әйел мазағына

көнбейді. Алдасаң менің кегім бітпейді. Осыны жадыңа тоқып ал. Қош, мен кеттім. *(Түрегеледі.)*

Еңлік. Неге қонбайсың?

Есен. Сенің шырайың түзелмей, мен үйіңе қонбаймын. *(Шығады.)*

Бесінші көрініс

Еңлік *(жалғыз)*. Шырағым түзелгенін күт! Олай болса сыныма толғаныңша, мен де қорқып қатын болмаспын саған.

Алтыншы көрініс

Ақан мен Қалампыр кіреді.

Жапал *(тыста)*. Ассалаумағалейкум! *(Бөтен дауыс.)* Әлик-сәлем. *(Үйдегілер құлағын салады.)*

Еңлік. Қалампыр. Ия, біреу келді.

Дауыс. Бала, бұл кімнің ауылы?

Жапал. Ақанның ауылы. Өзің кімсің?

Дауыс. Мен қонақпын. *(Тыста киімін қағып Кебек, Жапал кіреді.)*

Жетінші көрініс

Кебек. Салаумағалейкум! Кеш жарық. *(Төрге шығады.)*

Ақан. Әлик-сәлем. Е, жарқыным, қай ауылсың, танымадық.

Кебек. Ата, мен Тобықты Тоқтамыстың інісі, атым Кебек болады. *(Еңлік қарайды.)*

Ақан. Уа, Тобықтының ер-азаматы аман ба? Елдерің тыныштық па?

Кебек. Шүкірлік, аман, ата! *(Үй ішіндегілердің бәрімен де амандасады, біраз тым-тырыс.)*

Ақан. Жарқыным. Беймезгіл уақытқа келдің, мына пісіп тұрған аз дәмге ырза боламысың, жоқ қайтадан қазан көтерсін бе?

Кебек. Осы да болады ғой, ата! Көтермей-ақ қойсын. *(Бұл уақта Еңлік шешесімен сыбырласып отырады. Жапал тысқа шығады.)*

Ақан. Өзің түнделетіп қайдан жүрсің, балам!

Кебек. Бүгін бір аңшылық қылып шығып едім, әлгі бір әзірде бір түлкінің ізі кездесіп еді, аң көздің құрты ғой, күн батқанға,

соның ізіне түсіп, жаңа міне бір шатқалда алғыздым. Соған алданып жатқанымда, бұлыңғыр түсіп кеткен екен, әйтеуір иттің дауысымен осында әрең жеттім.

А қ а н. Мақұл, балам. *(Айғайлап.)* Жапал-ай, Жапал.

Ж а п а л *(тыстан)*. Ау, немене?

А қ а н. Қойды күнге қайырып қой, балам! Ығып кетіп жүрмесін, боран болып үйтсе-мүйтсе. Мына қонағыңның атын ыққа байлап қой, балам, шарбақтың ішіне кіргізіп.

Қ а л а м ы р *(Кебекке)*. Балам! Сен әлде Тобықтының Кебек деген батырымысың? Еңлікжан атын есітіп едім деп отыр.

К е б е к *(күліп)*. Батыр дерлік, сонша ел шауып, ығыр қылған өнерім жоқ. Әншейін жұрт қатарлы елге істеген азын-аулақ еңбегіміз болмаса.

Е н л і к. Бөтен елде отырған соң сыпайылық жөні осы дейсіз ғой. Өз жайыңызды өзіңіз жасырып сөйлейсіз. *(Күледі.)*

К е б е к *(күліп)*. Сіз қанық болсаңыз болады да. Мен батыр едім, палуан едім деп, не дейін.

Е н л і к. Кім біледі, баяғыда жауласқан Матайым еді деп, сақтық ойлап отырмасаңыз.

К е б е к. Сақтық ойласам қоналқаға келіп нем бар, ондай ойқыры жоқ сақтық бола ма? *(Жапал кіріп үйге ас ішіп отырады.)*

А қ а н. Батырым! Елің алды-салдыдан тыныш па? Матаймен тыныштасқан соң енді тыным алып тұрған шығарсындар.

К е б е к. Осы күні тыныш-ақ. Құлаққа ұрған танадай деуге болады.

А қ а н. Бәрекезде! Тыныштық жақсы да! Осы екі елдің тыныштасқанына көп шүкірана қылдым өзім, алаш ұранды бір қазақтың баласы жатша жұлысып жатқаны жақсы ма? Жер, су жетпейді деп ұрысқаны сылтау ғой, тіпті.

К е б е к. Ата, оның рас, бірақ жер-су деген әуелдегі сылтау ғой, біраздан соң ел намысы, ел ұраны деген шығады да тартыстың көбі сол үшін болады ғой.

А қ а н. Ел ұраны дегеннің өзін де жөндеп қастерлей ме осы ел, Тобықтымен жауласқанда ел ұраны болсын-ақ, бірақ осы Шыңғысты Матай емін-еркін өзі билеп отырғанда да тыныш отырды ма? Өзімен-өзі күнде қиян-кескі болған жоқ па?

К е б е к. Онда да солай болып па еді?

А қ а н. Бәрекезді, болды! Бұл Шыңғыс жердің сауыры ғой. Осының өзінде бір желік бар. Баяғыда жарықтық Асанқайғы

айтыпты ғой: шөбін жеген мал құтырар, малының етін жеген адам құтырар деп. Шыңғысты мекен қылған елдің жұлыстан аман отыратын күні болмайды (*Тым-тырыс.*)

Ж а п а л (*Еңлікті түртіп*). Қонаққа әңгіме айтқызайық, өзі батырмын дейді ғой, (*басын изеп*) жорыққа аттанғандарын айтсын. (*Токтан.*) Батыр болса болғандай екен, өзі де алпамсадай ғой тіпті. Айтқыз, Еңлік.

Е н л і к (*кекетін*). Жарайды, дәмесінің зорын, сен әмір қылсаң айтатын шығар (*Күледі.*)

Ж а п а л. Е, айтса қайтеді, әңгіме айтпайтын қонақ бола ма? Айтпағанда кәрі кісіше жантайып жатқан жақсы ма? (*Ақырын күледі.*)

Е н л і к. Өзінің жамбастап келе жатқанын қара.

Қ а л а м п ы р. Е, айтқызсаңдар, айтқызыңдар, естиік.

К е б е к (*басын көтеріп*). Бала, осы сенің айналдырып отырғаның мен бе? Қонақтың ырымын істе деп отырмысың? (*Еңлік күледі.*)

Ж а п а л. Ұрысқан кісіше томсырап отырғанша, әңгіме айтсып отырайық.

Қ а л а м п ы р. Батыр әңгімесін айта берсін, біз қазан түсірейік. (*Түрекеліп, Жапал екеуі қазан түсіріп, тамақ дайындап жүреді.*)

А қ а н. Батырым, олай болса бір әңгіме қозғай отыр.

К е б е к. Мен ертегі анау-мынауды білмеуші едім, не әңгіме айтам.

Е н л і к. Әңгіме жалғыз ертегі дейсіз бе? Өзіңіздің жүрісіңізде талай ертегі бар шығар. Соның бір қызықтысын айтсаңыз да болады ғой.

А қ а н. Ия, канекей, қатерге ұшыраған жерде, қайрат қылған батырлығың, болмаса жортуылда жүргенде, қысылшанда жырындылық қылғаның болса, сондайларды айт, соның бәрі ертегіден артық әңгіме емес пе? (*Жапал қолдарын жуғызды.*)

К е б е к. Енді сондай әңгіменің біреуін айтсам айтайын, бірақ онда әңгіме ұзын болмайды ғой. Әйтеуір қонақтың ырымы деген ғой (*Ет келеді, Еңлік бірге отырады.*)

А қ а н. Оқа емес батыр, ұзақ әңгіме айт деп зорлағанымыздың мәнісі болмас, өзің күні бойы анда жүрсең, қажыған да шығарсың шаршап, азғана әңгіме айтсаң болады да, көңіл көтеріп аздан соң жатармыз.

К е б е к. Мақұл, енді, айтайын.

Еңлік. Әңгіме айтамын деп, ет жей алмай қалап көрмеңіз. Ет жеп алып айтсаңыз қайтеді.

Қалампыр. Рас-ау! Бәрің бірдей тақымдап әңгіме айт деп, ет жегізбей жүрмеңдер.

Кебек. Оқа емес, әже, ет жеп отырып-ақ айтамын ғой, етті де ұмытпаспын.

Жапал. Олай болса құлағымызды түріп отырайық.

Кебек. Бес-алты жыл болды, баларақ кезім, Шормен біздің елдің жаңа-жаңа ұстасайын деп жүрген кезі.

Ақан. Ия, Шор да қылып еді-ау, бір кезде сіздің елге, айта бер, қарағым, мәртебең өссін.

Кебек. Қарашаның күні еді, бір түні кезекте отырғанымызда жылқыны тиеп әкетті деген хабар келді. Беті қай жақ деп едік, осы Найманға қарай деді. Ер-азамааттардың бәрінің де аты белдеуде болатын, атқа міне шаптық, ай көзге түртсе көргісіз қараңғы екен. Артынан қуғанмен жете алатын емеспіз, адастырып кететін болды және жылқышылардан сұрап едік, келген кісінің қарасы бізден көп болып шықты.

Ақан. Ел шабуға келген соң аз келе ме? Саптанып келген шығар.

Кебек. Саптауында қапы жоқ десті, сонан соң мұның бетімен жүріп отырып, таң атқанша алдын орап барып тұрғыны бұрын алайық дестік, солай қылсақ қамсыз кезеңде жолығармыз және атты да сабылтпаспыз дедік.

Ақан. Бәрекелді, не...

Кебек. Айтқандай, бөгелместен желе отырып, таң ата қарауылға келдік, тұрғыны бұрын алып, жұрттың бәрін сақадай сайлап, саяға қойып, таң белдеуленіп атып келе жатқанда-ақ тұрғыға шығып отырдым. Елендеп тұрған жұрттың кейбіреуі: сарын естіледі, өтіп кетпесін деп тұрды. Бірақ жер шаршысы белгілі ғой, әлі жете қоймағанын біліп отырмын. Сөйтіп, біраз отырдық. Бір мезгілде қарасам көз үшінде шаңы аспанға шығып бұрқылдатып келе жатыр екен.

Ақан. Бәсе, олар да топылдатып айдаған ғой, қуғыншы жетіп қала ма деп келеді ғой арсалаңдап. Ия сонан соң.

Кебек. Сонан соң аз отырдық. Жақындап келіп қалды. Байқаймыз жылқыны сойылдап келеді. Бірақ тіреліп тұрған жылқы жүруге жарамай қалжаурап қалған көрінеді.

Еңлік. Ет жей отырыңыз, етті аз жедіңіз ғой.

К е б е к. Жоқ енді тойдым, тәңірі жарылқасын, табақты әперіңіз.

А қ а н. Қарағым, асат қонағыңа.

Е ң л і к. Олай болса мынаны асаңыз. *(Кебекке асатады.)*
Артынан табақты әпереді.

А қ а н. Кемпір! Ағың болса қатірім жаса. Батыр ішсін, *(Кебекке.)* Ия, сонан соң.

К е б е к. Сонан соң, жау алдына қарамайды, бірісін-бір, екісін-екі арттарына жалтақтай береді, сонда қолында шоқты найзасы бар, бір қылаң атты жүгіртіп биікке шығып алға қарауылдап отырып келеді. Бір мезгілде арттан қуған кісі жоғына көзі жетті-ау деймін, қолына келіп жылқыны тоқтатты. Тәрізі аз ғана тыныстап алғысы келген кісінің түрі бар.

Ж а п а л. Е, құдай сөйтіп төбесінен ұрады ғой *(күледі.)*

А қ а н. Қой, сөзді бөлмей отыр.

К е б е к. Айтқандай-ақ бір шоқының түбіне келді де, жылқыны сайға иірді. Мен қарап отырмын, байқаймыз аздан соң будақтап түтін де шыға бастады, өздері қалжаурап қалған ғой деймін, ыстық істеп ішуге айналса керек. Сол кезде әлгі қылаң атты нақ бізге қарсы тұрған бір шоқының басына шығып, қарауылдап тұрды. Мен бір тастың жанында таяу отыр едім, әлгі көретін болды, сонан соң шекпенімді шештім де жалпылдатып етекке қарай ұшырып жіберіп, өзім бұғып қалдым.

А қ а н. Ия-ия. *(Бәрі де сорпа ішеді, асжаулық жиылады.)*

К е б е к. Енді құс екен десін, кісі екенімді сезбесін деп, өзім еңбектеп түсіп кеттім, әлгі қылаң атты мені құс екен деді, жайбарақат түсіп кетті. Сонан соң айылды мықтап тартып, тымақтың құлағын жымыра байлап алып бір жылғамен жүгіртіп келіп, тиіп кеттік.

А қ а н. Пәлі, енді бір араласшы.

К е б е к. Күілдетіп найза қағып қиқулап қуған соң, жылқы жосылып шығып кетті, жаудың бәрі атынан айырылып, жаяу қалды, сонан соң немене жартымыз жылқыны қуып, жартымыз жауды топылдатып жыға бастадық.

А қ а н. Бәрін түсірдіңдер ме? Жоқ қалғаны да болды ма?

К е б е к. Сонда атын ұстап қалған жалғыз әлгі қылаң атты болды, біз келіп қалғанда қолында шашақты найзасы бар екен, қап-қап деп жөнеле берді. Соның соңынан түстім, атым ұрт еді, ананың аты бауырын жазғанша қоя ма, қолтық келіп қалдық.

Найза салуға шұғыл болып қалды. Сонан соң топ етектен келе алдым, сонда шу-шулеп тебініп жөнелгенде әлгі сытылып шыға берді. Үстінде бота ішігі бар екен, қолымда соның бір өңірі жұлынып қалғаны, алғызбай жүре берді, тақымы мықтыда, соны көрдім. Артынан сұрастырсам, сондағы қылаң атты Найманның Есен деген батыры екен.

Ө з г е л е р. Есен бе? Біздің Есен ғой.

К е б е к. Есенді біледі екенсіздер ғой?

А қ а н. Білуші едік, біздің құдамыз еді, Сыбанның батыры екені рас.

К е б е к. Есен сонда: қапыда кеттім. Кебекпен бір кездесем деп ізденіп жүр дейді (*күліп.*) Батыр сондай бәсеке егеспен жүреді ғой.

Е ң л і к. Қашып кетіп егескен батырлығын қайтейін. Қарапайым қазаққа ғана батырсыды екенсің ғой. Ер болса сол арада жолдастарымен бір көрсеші не көрсе де.

А қ а н. Ал қалғанын қайттыңдер?

К е б е к. Қалғанын байлап алып, жылқыны аман-есен алып қайтқанбыз (*тоқтап.*) Бар білген әңгімем осы-ақ.

А қ а н. Жарайды, қарағым! Рахмет, өмір жасың ұзақ болсын. Қалампыр. (*Тысқа шығуға ыңғайланады.*)

Ж а п а л. Жарайды. (*Тұра келіп керіліп.*) Жә, енді жатайық.

А қ а н. Қарағым. Еңлікжан, төсек сал енді. (*Ақан, Қалампыр, Жапал шығады. Еңлік төсек салып жүреді.*)

К е б е к (*шығуға ыңғайланып*). Құрбым! Сенің қолқаннан мен құтылдым ғой енді? Солай ма?

Е ң л і к (*күліп*). Құтылдыңыз, ия (*Кебекке қарат.*) Оның несін айттыңыз? Көмейіңізде бірдеме тұр ғой...

К е б е к. Несін айтайын (*Күліп*). Әншейін сыйға-сый, сыраға бал деген болмаса.

Е ң л і к. Сіздің көңіліңіз әлденеде шығар, бірақ анық Кебек батыр сіз болсаңыз менің сізге айтпақ арызым бар, мезгілімен тыңдарсыз.

К е б е к. Мақұл, тыңдамастық шарам бар ма? (*Шығады.*)

А қ а н (*тыста*). Жапал! (*Жапал дыбыстайды.*) Балам, қонағынның атына шақтап шөп салып қой, шөптің өзі де аз ғой, таң ата ана қақпатастың түбіндегі орманға аяғына өре салып қоя берерсің, өзін айтақташы!

Ж а п а л. А-а-а-ат-айт... (*Ақан, Қалампыр кіріп жатады.*)

Қ а л а м п ы р. Қарағым, Еңлікжан, қоламтаңды көміп, көжені қазанға құйып қой, таңертең қонағың ішіп кетсін.

Е ң л і к. Құйып қойдым өзім де. *(Кебек кіреді.)*

Сегізінші көрініс

Кебек төрге шығып төсегіне отырады, Еңлік тысқа шығады.

К е б е к. А... бұл маған не арыз айтпақшы екен, өзім көріп жүрген қызымның ішіндегі қылықтысы, сөзі де, отырысы, тұрысы да, кісіге өте жұғымды, мінезі көрген жерден көңіліме майдай тиді, өзім қыз дегенге құмартып, бой беріп көрген жоқ едім, мынау не жұрттың бәрінен асқан ала бөтен, не мені албырттық, жастық жеңейін деп отыр *(Еңлік кіріп жатады, жарық бәсеңдейді, екі-үш минуттей тым-тырыс, Ақан, Қаламтыр қорылдап ұйықтайды.)*

Тоғызыншы көрініс

Е ң л і к *(басын көтеріп төсектің үстінде аяғын салбыратып отырып)*. Батыр! Бері таман кел, менің әлгі айтқан арызымды тындап кет *(Кебек басын көтеріп баруға ыңғайланады)*, ұйқыңыз қанар, бүгінсіз де түн бар ғой.

К е б е к. Бүгінгі түгілі сан күнгі ұйқыны сарып қылмаймы ба? Сіз қолқа қылсаңыз, қимайтыным ұйқым ба менің! *(Қасына келіп.)*

Е ң л і к. Ендеше, менің аз сөзіме көңіл бөл. *(Тоқтап.)* Ойында көрінгенге көз сүзген әлде қандай қыз деп тұрған шығарсың. Бірақ сен батыр болған соң, мен шынымды айтсам, түсінер деп отырмын.

К е б е к. Әлі күнге менің көңіліме жаман ой кіргізетін сөз сөйлеген жоқсың. Мен сені сөкпеймін, жалғыз-ақ ойындағыны маған көмескі қылмай ашып сөйле.

Е ң л і к. Олай болса менің арызымның, мұңымның үлкені — өз басым, мына көзің көріп отырған әке, шешемнің жалғыз баласымын. Әкем менің, жас кезімде өзіңдей батыр болған, шешем Байжігіттен, ер Қабанбайдың қызы, о да тексіз кісі емес. Бірақ өткен күнін қайтейін, осы күнде халі бітіп, қартайған түрі мынау. Осы әке-шешем мені бір байдың баласына атастырған болатын, күйеуім былтыр ұрын келді, келгеннен бұрын да атағын есітуші

едім, одан беріде көзім көрген соң бір жолата көңілім қайтты, теңім емес, жаман көңілім оған баяндамайды. Қасына да жоламадым. Жолдас болмайтынымды өзіне де сездірдім.

К е б е к. Ия, айта бер!

Е ң л і к. Сол сөзімді естіген боз баланың көбі жағалап келіп жүр. Бірде-біреуіне бой ұрғам жоқ, көңілімдегі іздейтінім — теңім. Бұрын сенің атағыңды есітуші едім, бүгін құдай кез келтірді, кез болдық, өз көзіммен сынап көрдім. Бұрынғы естілген даңқың шын екеніне көзім жетті, мен тең болуға жарасам, сен жарайсың, менің сұрайтыным өмірлік жолдастығың (*бетіне қаран*) осы тілегіме табыламысың? Жоқ па?

К е б е к (*күліп*). Еңлікжан! Сөзіңді ұқтым, (*ойланып отырып*), бірақ бүгінгі күннен үзілді-кесілді сөз байлап алды-артымызды тұйықтамасақ болмай ма? Жастықтың да достығы бар емес пе? Соны аужал қыла тұрсақ қайтеді? Күйеуің жас шығар. Жас өсіп, жарлы байымай ма? Жаман болса, жаман еркекті жақсы ұрғашы түземей ме? (*Күліп қарайды*.)

Е ң л і к. Батыр! Маған аз күнгі, арам жүріс аужал емес, Менің көңілім ондай іске баяндайтын болса сізге айтпас та едім, арызданбас та едім, күйеуім жас смес, құдай жаратқаннан ынжық болса оны қайтіп түзетерсің. (*Тым-тырыс*.)

К е б е к. Ол күннен мен қашпас едім, бірақ сенің басың бос емес, өзің Найманның жесірісің, сені алсам Найман мен Тобықтының арасына тағы бір от жақпаймын ба? Осы екі елдің пәлесі онсыз да жұртты тойғызған жоқ па? Бұған не айтасың?

Е ң л і к (*салқындан*). Мұндай қауіпті сенің айтатын шағың емес. Есеппен жүрген батыр болсаң өзің білесің. Онда сені қорқытатын тағы бір әңгіме бар, айтқан соң сырдың бәрін айттайын: жаңағы әңгіменің ішінде айтқан Есен менің күйеуімнің ағайыны, бір қыздың басына татимын деген көңіл онда да бар. Сол осында күнде келіп інімді менсінбесең өзіме ти деп жүр. Менің оған да көңілім толмайды. Ол құмармын, асықпын деп жүр, мұны да коса ойла.

К е б е к. Шын ба, Еңлікжан, о да саған құмар болып жүр ме?

Е ң л і к. Неменесіне таң қалдың әлде көңіліңе сақтық кірейін деді ме?

К е б е к. Тоқта, Еңлікжан, олай емес. Есенмен күш сынасып бір кездесіп едім. Енді бақ сынасып тағы кездеседі екем. Ол менімен таласқанда, мен онымен таласпаймын ба?

Еңлік. Мен сенің басыңа ынтық болған адаммын, сөзімнің бәрін айтып болдым, бұнан әрі көндірем дер жайым жоқ. Жалғыз-ақ, маған үзілді-кесілді жауабыңды айтып кет. Екі елдің пәлесінен қорқып сақтық қылам десең өзің біл. Бірақ жыны қозғанда бір белге таласатын ел ол.

Кебек. Олай болса, мен сен өлген жерде өлдім, әлде қашан көңілім саған ауып еді. Бағанадан бергі сынамақ үшін айтылған сөз еді. Енді мен бекіндім, жалғыз-ақ жолығып жүретін, қашатын күнімізді байлайық. *(Құшақтасып сүйіседі.)*

Еңлік. Күнді кезек ақылдасып байлармыз, әзірше жұмасында бір жолығып тұрайық, үйдің артындағы тасқа кезінде келіп тұрсаң болады, қалай көресің?

Кебек. Мақұл, қалқам... *(Ұзақ сүйіседі. Сол қалде олар отырады, жарық қайта өседі, таң атады.)*

Еңлік. Міні, таң атып, күн де шықты, өмірге сүйсініп ерген күнім бүгін. Кәне батырым, мен сендік болдым ғой, жалғыз-ақ есіңе салатыным, бүгінгі түн ұмытылмасын, көңілде бір көрген түс секілденіп қалып жүрмесін.

Кебек. Еңлікжан, көңіліңе енді алаң кірмесін, бұл күйде де жан тұрмаса тұрмас, бірақ саған айтқан уәде тұрар. Хош бол!

Еңлік. Батырым, мен разымын, қош бол! *(Құшақтасып сүйіседі.)*

Кебек *(төсектен түсіп, ыңғайланып)*. Мен атымды алып келейін, үйдің іші тұрса енді жүрер едім *(шығады)*.

Еңлік *(әке, шешесін оятады)*. Апа, тұрындар! Қонақ атын алып келіп, жүремін деп кетті. *(Екеуі де тұрып сыртқы киімдерін киінеді.)*

Қалампыр. Жүремін десе, түндегіден қалған тоңазып тұрған ет бар, соны бер. Қарсақжон ішсін. *(Ақан шығады.)*

Еңлік. Дұрыс.

Қалампыр. Әкең екеуміз малды жайлап өргізейік қонағың асықса, тамағын беріп, жүргізе бер! *(Шығады.)*

Оныншы көрініс

Еңлік үйде жүріп тамақ дайындайды. Кебек кіреді.

Кебек. Енді мен жүрейін, атымды әкеп, ерттеп қойдым.

Еңлік. Ас дайын тұр, ішіп кетіңіз. *(Тамақты әкеп қойып, тысқа шығады.)*

К е б е к *(жалғыз)*. Еңлік үшін құрулы мылтық, құрсаулы жауға кездесем де шыдадым *(Еңлікке)* Еңлікжан, ас иесімен тәтті деген, келіп тамақ же. *(Еңлік келіп отырады. Ақан кіреді.)*

Он бірінші көрініс

А қ а н. Батырым, жүруге айналдың ба?

К е б е к. Ия, ата!

А қ а н. Қарағым, арлы-берлі өтіп жүргеніңде соға жүр. *(Кебек ас ішіп болып, киініп, жүруге ыңғайланып.)*

К е б е к. Ата, мына түлкі олжа ғой, құдай кез келтірді, сіз байлаңыз, шығыт тымақ істетіп алыңыз *(Ақанға береді.)*

А қ а н *(алып)*. Балам, рахмет, қайда жүрсең де аман жүр, қош бол! Еліңнің ер-азаматына сәлем айт.

К е б е к. Қош бол, ата.

А қ а н. Қош! Еңлікжан, қонағыңды аттандыр. *(Кебек, Ақан, Еңлік шығады, біраз тым-тырыс. Есен кіріп, домбыра тартып, күйлеп отырады, Еңлік кіреді. Есен ән салады.)*

Е с е н. Ару ен, ата-ананды мақтандырған,
Мен едім кеше сені сақтандырған,

(көзінің қырымен қарап)

Бүккен сыр ашылатын жер болды ма!
Ерке қыз, қонағың кім аттандырған?

Е ң л і к *(домбыраны алып ән шырқайды)*.

Ата-анам еркелеткен баласымын,
Көзінің ағыменен қарасымын,
Қонағын үйге келген кім күтеді
Алдымда аға-інім жоқ дарасымын.

Е с е н. Жауап бер, сұлу бикеш, жөн сөзіме,
Құбылтқан мен сенбеймін жел сөзіңе.
Атанның бас сыйласқан құдасымын,
Неге мен ілінбеймін оң көзіңе?

Е ң л і к Ұсақтық батырлықпен егіз емес,
Қызды аңду ер жігітке негіз емес.
Күймей-ақ айла, сабыр, ақылмен ал,
Ой жетпес қыздың көңлі теңіз емес.

Құбылма мінезің бар неше түрлі,
Жігіт бол батыр болсаң сегіз қырлы.

Анду мен қызғануды өнер қылсаң,
Қайрат жоқ сенде мақтар әйел құрлы.

(Есен жылдам басып шығып кетеді. Еңлік домбырасын ұстап аңырайып қалады.)

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ШЫМЫЛДЫҚ

Ақанның үйінің сыртындағы жартас. Жартас ойын бөлмесінің екі жағында қақпа секілденіп келеді, орта ашық, алыста биік тау. Жартастың арғы жағы аздаған тоғай. Уақыт жазғытұрымғы күн, түс мезгілі. Перде ашылғанда аз тым-тырыстан соң ойын бөлмесіне жақындап, алыстан салып келе жатқан қыздың әні естіледі... Дауыс басында алыстан үзіліп шығады, жақындаған сайын күшейе береді.

Д а у ы с. Жар көрсе сүйінеді сағынған жас,
Толқытпай оған көңіл ерікке қоймас.
Сұраймын уәде ұстап келді ме деп,
Бауырына жан батырым айтшы, жартас.

(Тым-тырыс.)

Жауап жоқ, меңіреу жартас мұңға батқан.
Дыбыс жоқ, дүние жым-жырт тастай қатқан,
Қуанту, суалту да өз қолында

(Ойын бөлмесіне шығады.)

Асықтық! Қиын дертсің жастай тартқан.

Бірінші көрініс

(Тастың жан-жағын таңданып жүріп қарайды)

Батырдың бүгін еді келмек күні,
Тәңірдің өтпеп пе еді күн мен түні.

(Қиналып.)

Сағынып көрмегелі апта болды,
Естілші тым болмаса жалғыз үні...

(Тым-тырыс. Жартастың басына шығады. Ақ көйлек, қара кемзалы бар, белі қыналған, басына үкі таққан үлкен қамшат бөркі бар, қолында бүктеулі қара шапан күн батысқа көзін салып қарап, бір қолымен мыққынын таянып, ән салады.)

Бұлғыр тау бұлдырамай қойынды ашшы,
Шырқашы есітіліп даусым ащы!..
Салақсып салғырт батыр салқын жүрсе,
Оятып, асықтыршы, болшы, баршы...

Зорайып қатарланған белден ашшы,
Созылып батыр жүрген сайды тапшы.
Жайылып әлде жүрген даласына,
Қайытпас тас жүрегін маған тартшы.

Сағынса құрышын қандыр құлағының,
Қажыса күшін ендірі білегінің,
Жау оғы душар болып, әлсіз болса,
Суын бер Әбілхаят бұлағының.

*(Соңғы өлеңнің орта кезінде жартастың екінші жағынан
Есен шығады. Белінде садағы, қолында найзасы бар.)*

Екінші көрініс

Е с е н (Еңлік әнін тоқтатқанда, жерде тұрып ән салады).

Ерке қыз, иесіз тауда неғып тұрсың,
Құрбысыз жалғыз көрген көзім құрсын.

(Кекетіп.)

Шыңғыстың шыңында өскен тағы болып,
Таста ойнан ор қоянша неғып жүрсін.
Қадалған қара көзің мөлдіресін,
Үніңді досың естіп елжіресін.
Сырнаймен жау тартатын сыбызғыдай,
Белгіні кімге беріп келтіресін.

Е н л і к (тастың үстінде тұрып, көңілсіз пішінмен).

Беретін бұл сөзіңе жауабым жоқ.
Аңдысар сеніменен көңілім жоқ.
Сақ жігіт ізді қуған сен бола ғой,
Әзілдеп жала жабар дәрменім жоқ.

Үй-жайым жат болмаса саған мәлім,
Білесің әкемнің де бойында әлін.
Мал көздеп шаруаны басқармасам,
Ата-анам кім сақтайды қолда азын.

(Есен қыз тұрған тастың түбіне келеді.)

Есен (*қатты*). Еңлік, жетті енді алдауың, аңқау, нанғыш болғандағы сенен көрген сыйым осы ма? Не ойың бар, жөніңді айт?

Еңлік. Не айтқызбақшысың маған?! Білгенінді өзің айтшы әуелі.

Есен. Бикеш, көлгірсіме, мен сенің артыңнан бақпай жүрген шығармын. Аптасында осы жерге бір келесің, не аңдып жүрсің? Кімді тосып жүрсің? Айт осыны.

Еңлік (*күлімсіреп*). Батыр, сөзіңе сенемін. (*Басын изеп.*) Андитының рас, ол мінезің маған белгілі, мен аптасында емес, күніне бір келемін, тіпті құдайдың құтты күні осы тауда жүремін. Не қыл дейсің? Көргенінді айтшы сондағы.

Есен. Мен өзім бағып жүргем жоқ, бойыма мін болатын нәрсені білемін, андисың деп түйремей-ақ қой! Бағып жүрген кісі менен басқа, сол айтты.

Еңлік. Оның да бір тәуір екен. Олай болса сол бағып жүрген кісіңнен көргенін сұрап кел? (*Күліп.*) Бет алды байланысқаныңның жөні бар ма?

Есен (*найзасымен жерді түйін*). Бұлтарма, шыныңды айт. Қасына келген кісіні көрген, оны қайда тығасың.

Еңлік. Көрсін. Тасқа талай кісі келеді, оны айтсаң, батырсың ғой, Шыңғыстың тауынан кісі жүргізбе? Далада жүргенде, аң қуған аңшыны, жау қуған батырды, жоқ қуған жоқшыны да көрдім. Қызды қуған боз баласын да көрдім. Андыған кісің бұны да көрген шығар, не қыл дейсің.

Есен (*наныңқырап*). Өтірік айтасың, сенің іздеген кісің бар. (*Еңлік күледі. Тым-тырыс.*)

Есен (*Еңлікке қолын созып*). Еңлікжан, шыныңды айтшы, қинамашы, көңілің ауған кісің болса, білдірші! Маған, мен жайыма жүре берейін.

Еңлік (*Есеннің тымағын алып, қолымен төбесін басып тұрып, күліп қарап*). Батыр, сабырсыз болма, менде жат ой бар деп қиналма. Мен әйелмін ғой, маған сыр білдіріп кішірейме. Сенімсіздік қылып ұсаққа да сатылма.

Есен (*қуанып күлімсіреп Еңлікке қарап*). Еңлікжан, ақылың асқар таудай емес пе? Айтшы осындай сөзіңді, көрсетші жылы шырайыңды, көңілімдегі бар күмәнімді кетірші, мен сенен жеңілейін. Бір жағы шынымды айтайын, қорқамын сенен. Ай-лалы әйелден қиын қамал жоқ екеніне көзім жетті.

Еңлік. Батыр көңілінді орнықтыр, күдікті кетір, үш күннен соң осы араға кел. Байлаулы жауабымды естіртейін *(Тымағын басына кигізеді.)* Әзірше қайт *(күліп)* аңдытқан кісің тағы да тағар есекке.

Есен. Енді өсектің керегі жоқ. Жұрт сөзіне нанбаймын. Өзіне нандым, болады. *(Жүруге ыңғайланады.)*

Еңлік. Жә! Аңдытқан кісің кім? Атын айт енді?

Есен. Айтайын, бірақ оған ұрысып жүр ме?

Еңлік. Ұрыспаймын, айт?

Есен. Жапал!.. Одан артық аңдушы бола ма? Бірақ құдай атқан еш нәрсені біле алған жоқ. *(Түсін суытып.)* Еңлік менің көңілім саған әбден ауған. Мазағыңды көтермейді. Мұны ұмытпа, жалғыз-ақ *(Кетіп бара жатқанда бір жағынан Кебек шығады, екеуі біріне-бірі қарап аңыраяды.)*

Үшінші көрініс

Есен *(Кебекке қарап)*. Еңлік, бұның кім?

Кебек. Еңлік, бұл кім?

Еңлік *(Кебекке қарап)*. Әуелі жатқа жақынымды таныстырайын *(Есенді көрсетіп.)* Бұл менің қайнағам батыр Есен. *(Кебек таңданады, Есенге Кебекті көрсетіп.)* Бұл жігітті жоқ қуып жүргенде бір көріп едім, ұмытпасам аты — Кебек *(Есен басын жұлып алып, Еңлік пен Кебекке қайта-қайта қарап таңданады. Тым-тырыс.)*

Еңлік. Неге аңырып тұрсыңдар, лайығы жоқ болса да екеуіңе жөнді мен айтайын ба? Екеуің де кісілігің бар азаматсың, сабырлы батырсың, жауласқан елдің ұлдары болсаң да, біріңе-бірің амандықты қимаймысың, неге амандаспайсыңдар.

Кебек. Бикеш, сөзің дұрыс сенің. Мен өз басымды, өзім ақтайын... Аңнан басқа жан жоқ деп келе жатқанда ойда жоқтан алдымда бір қыз, бір жігіт тұрған соң өнім бе, түсім бе деп таңырқап қалып едім. Біріңе-бірің бөтен кісі емес екенсің, түбінде қайда кездессеңдер де оқасы жоқ екен.

Еңлік *(Есенге)*. Батыр, сен не айтасың? Ана кісінің сөзінің құйрығы екеуімізге соғып тұр ғой.

Есен. Жұрттың жаласынан жасқанбаймын. Көлденең келген көк аттыға сынататын жат қылығым жоқ. Құдай қосқан жесірімсің, жұрттың сенде не жаласы бар, менде не ақысы бар.

К е б е к (*ашуланып*). Батырлықтың бір міні тасырлық деуші еді. Өзге өнеріңді білмеймін, тасырлығың бар көрінеді. Бірақ екеуміз қан майданда кездесіп тұрғанымыз жоқ. Екеуміздің де сыншымыз — әйел затының жанында тұрмыз. Сөзіңе азырақ ие болу керек емес пе екен?

Е с е н. Сен де тіл жағына сүйеніп ұрыншақтық қылмай-ақ кой, сен кірісетін сөз жоқ. Еңлік мені сынап болған.

К е б е к (*Еңлікке қарат*). Рас айтасың, дөң астында кездесетін келін, қайын ағаның сырын білетін шығар. Қайын ағасына да келін сыры мәлім шығар. Бірақ өткен-кеткен дос-дұшпанға әйгілеткенің не? Әлде келініңе о да жаға ма екен?

Е с е н (*басын жоғары көтеріп, ашуланып*). Қысқарт енді сөзіңді, қалай тигізесің сөзіңді, тіліңді, ізденіп жүрген жаумысың әлде?

К е б е к (*саспай қатты*). Издегенде не қыласың? «Өтпес жарлық, бойға қорлық» дегенді білемісің? Айбынды батыр сен болып, ағып кететін қатын мен болыппын ба? Көрсетші тағы ашуыңның артын.

Е с е н. Сенімен езіп тұрар жайым жоқ. Издесең мен де сені издегенмін. Шық жекпе-жекке.

К е б е к. Ә-ә, кел-кел «ер шекіспей бекіспейді» сырлас келініңнің алдында мақтанбақ шығарсың (*Екеуі де ыңғайланады.*)

Е с е н. Мен келінімді саған мазақтатпаймын.

Е н л і к (*тастың үстіне тұрып*). Е, е, ей батырлар, жігіт болсаңдар тоқтандар. (*Екеуі де жалт қарайды.*) Екеуіңнің ортаңа әйел басыммен төрелік айтпасам, басқа кісі жоқ.

К е б е к (*ашуланып*). Бикеш, сен де мұның кісісің, төрелігіңді алмаймын. Екеумізге тең кісі болсаң, жөніңді айт қазір.

Е н л і к (*Кебекке*). Батыр, шараңнан аспа, сен адасатын іс болған жоқ, аңғалдық қылсаң, ер емессің (*Есенге жақындап құлағына сөйлейді, сол уақытта артындағы Кебекке қой деп, ым қағып қолын шайқайды, Есенге*) сөзге шалысып, ұрысқа неге ренжимін, ол табалаушы дұшпан. Жұртқа жаман атым жайылады. Қызғаншақтығыңды мен білейін, өзге кісі білмесін. Жігіттігіңе мін болады. Ашуыңды тоқтат. Сенен бір тілейтін тілегім осы.

К е б е к. Бикеш, оңашалап айтқан бітіміңе мен разы емеспін. Айтатын болсаң, екеумізге бірдей қылып ашып айт.

Е н л і к. Мен айтсам, екеуің де тентексің. Алдымен жақынымның тентектігін айтайын (*Есенге қарат.*) Есен, менің

басымды қорғамақ кісі болсаң да олақтық қылып тұрсын. Кебек екеуімізге бірдей арам жала жауып тұр. Сен қорғамақ болсаң, сөзіңмен ағартып қорғасаңшы, пәледен сөйтіп құтқарсаңшы. Соғысқаның ағартқаның ба? Жаланы мойынға алғаның емес пе?

К е б е к. Бәсе, ақылың дұрыс қыз болсаң да намысыңды өзін қорғасаңшы сөйтіп.

Е н л і к (*Есенге*). Қорғамағың мен болсам, бұнына разы емеспін. Батырдың жаққан күйесімен қарайтып әкеткенің болысу емес.

Е с е н. Олай болса әзілің жарасқан батырың екен ғой, жағынам деп жаныңды бер. Өзінді-өзің ақтай бер. Тентек мен екенмін ғой?!

Е н л і к. Жалғыз сен тентек емессің (*Кебекке қаран*.) Қонақ батыр, сен де тентексің. Батырлықтың жөні бар. Бір жақтағы Матай қызының намысын жыртып, жөн-жосығын білмейтін жат біреумен арандасудың саған да орны жоқ. Кекетіп қағысуың орынсыз.

К е б е к. Мақұл, мейлің, бұл болмасаң күл бол, сен үшін менің нем шықты.

Е н л і к. Енді екеуіңе айтатыным: екі ру елдің атқа мінген азаматысыңдар. Ен далада қызға таласып арандасыпты деген атақ екеуіңе де жаман. Әсіресе ол атақ маған жаман. «Ел құлағы елу» бұл сөз жұрттың бәріне де жайылар. Енді мен қастарыңнан кетемін және мен үшін таласатын, мал емеспін, жер емеспін, менсіз де күштеріңді сынамақ болсаңдар, сылтау табылар, екеуің де жөніңді тап, жайларыңмен жүре бер.

(Батырлар аңырып қалады. Еңлік кетіп бара жатып ән салады.)

Шын батыр уәдесінде ұдай тұрар!
Кездесіп қира керің тұрған шығар.
Бой беріп сабыры мен ақылына.
Келер деп көзін тосып әлі шыдар.

(Кетіп қалады, әнінің аяғы естіліп тұрады.)

Төртінші көрініс

Е с е н (*Теріс қаран*). Маған айтқан жұмбағы ғой, уәделі үш күніне шыдармын.

К е б е к (*Теріс қаран*). Маған айтты, кетіп қалма, тос дегені ғой.

Е с е н (*Кебекке ашуы тарқаған кеудесін көтеріп*). Кебек! Сенімен мен мұндай жерде кездесем деп ойламап едім. Бірақ ниетім қай жерде кездесем де, бір шайқаспақ еді. Қыздың сөзі тоқтатып кетті.

К е б е к. Изденіп жүрсен неменесі бар. Тоқтамаймын десең әлі де еркін өзінде, батырдың кегін қыз билеуші ме еді. (*Көздерімен айтысады.*)

Е с е н (*қатты тәкаппарланып*). Жок, мен қыздың сөзін мақұл көрдім. Бұл жерде соғыспаймын, жесірімді Кебек әкетіп бара жатқанда соғысқан болам. Атағым солай шығады. Өйтіп аруағымды кішірейтпеймін.

К е б е к. Олай болса бағана несіне арам тер болдық? Әуелі қыздан ақыл сұрап алмай.

Е с е н. Ендігі сөзім мынау. Бұл қыздың турасынан бұдан былай екеуміз кездеспейік. Кездесек сол жерде оң-терісімізді найзаның ұшы, білектің күші айырсын. (*Кетуге айналады.*)

К е б е к (*Салмақпен*). Мақұл, мен кездесуді тіледім енді. (*Екеуі екі жаққа кетеді. Біраз тым-тырыс.*)

Бесінші көрініс

Тасты жағалап ойын бөлмесіне қойшы Жапал шығады. Беліне ақ таяқты көлденең ұстап, екі қолын артқан, ыңыранып, қазақша ән салып келе жатады.

Ж а п а л. (*Аз тым-тырыстан соң*). Осы жартасқа Еңлік неге келе береді бұл, ә! (*Тастың жан-жағын еңкейіп қарап жүріп.*) Бірдеме бар ма әлде? Дәнеңе жок. Бүгін де осы арадан кетіп бара жатыр. Әлде ертегідей жер астына түсетін есік бар ма екен (*айналасына қарап*) тұтқа болады деуші еді ғой әліден өзімше жер астына түсіп, алтын, гаухар тауып алсам. Бір жағында жібек шымылдықтың ішінде отырған ай мен күндей әмбеге бірдей перінің сұлу қызын тапсамау, ай-жал-ған. (*Тоқтап, басын шайқап.*) Бұл Еңліктің несі бар? Тоқтай тұр: өзі осы араға келген сайын ән салушы еді ғой, қыз болып ән салайын, кім келер екен, не болар екен? (*Тастың үстіне шығып ән салады.*)

Тор айғыр тоқпақ жалды қорада тұр,
Пат құндыз, дүрия камшат қалада тұр.
Алыстан ат арытып келгенімде,
Мақпал қыз, мойның бұрып қара да тұр.

Ажарың ақ түлкінің ажарындай,
Жаманға салма құдай назарымды-ай.
Аулыңнан қыз кеткен соң қызық кетер
Тарқаған жәрменкенің базарындай.

(Тамағын кенеп, жан-жағына жалтақтайды.)

Ой, қалқа, сен ақ қоян шыннан қашқан,
Артыңнан мен ақ сұңқар тілеп ұшқан.

(Тағы да қарап.)

Айырылман бұл дүниеде деген сәулем,
Айырған екеумізді қандай дұшпан.

(Тағы да жалтақтап қарап.)

Әй, түк шықпады ғой, ешкім келмей жүрмесе игі еді. Еңлік жанынан шығарып айтушы еді, соның бір өлеңін айтайыншы:

Мекенім хан Шыңғыстың саласында,
Көп Матай қонысым бар арасында.
Шыңғыстан айырылып өтіп шыққан,
Ауылым тоғайлы өзен жағасында.

(Жан-жағына қарап тұра келіп), Дәнеңеге де болатын емес қой, қой, енді кетейін, қойым ұзап кеткен шығар (Кетіп бара жатып ән салады, арт жағынан ойын бөлмесіне Кебек шығып, әнін тыңдайды, ақырын жартасқа қарап келе жатады. Жапалдың әні.)

Ұрпағы ата-анамның, мен жалғыз бас,
Сүйенер аға, інім жоқ, қуатым аз.

(Ойын бөлмесінен кетеді.)

Ерігіп іш пысқанда келетінім!
Меңіреу тіл-аузы жоқ, қақпа жартас.

К е б е к *(Әнге құлағын салып, тасқа жақындап келіп шошынып қатты).* Қақпа жартас! *(Екі жағындағы тасқа қарайды: Қақпа жартас осы ғой. Ойланып.)* Абыз айтқан қақпа тас та осы ма? А-ә-ә!! Бүгінге шейін шыққыр көзім шығып кеткен бе? Неғып көрмегенмін. *(Тасқа қарап.)* Мынау қақпа! *(Ойланып салмақпен.)* Қақпа тастың түбінде биік қабақ сұрлау қыз кездеседі деген. *(Басын көтеріп қатты.)* Ол Еңлік *(тым-тырыс)* шын ба? Өтірік пе? Өнім бе? Сандырақ па? Бұл күнгі батыр не? Енді кездесек өліспекші болдық *(Ойланып.)* не Еңлікпен

көңілі қосылған. Не ойында қосылу бар. Ол шын айтады. Енді кездессек қағысамыз. Әлде соның қолынан өлем бе? *(Созып.)* Ах-ах бұл күнгі көргенді ойын секілді көрсем ойын емес екен ғой. Ә-ә!!! Еңлік кім маған? Қас па? Дос па, Абыздың айтқаны болса мен қыздан өлемін ғой. Бүгін менімен қашпақ күні еді *(асығып.)* Қазір сынаймын. *(Далаға қарайды.)* Келе ме? Келмей ме? *(Біраз тұрып.)* Енді келмейді, өзім барайын *(Алдынан Еңлік шыға келеді.)*

Еңлік *(Кебекке құшағын жая жүгіріп)*. Батыр, сөзімді ұққан екенсің ғой. Ризамын. *(Келіп мойнына асылады.)*

Кебек *(салқын)*. Еңлік, әуелі маған жауап бер! Бүгін менімен кетемісің? Жоқ па? Әлде тағы аялық бар ма?

Еңлік *(таңданып, Кебекке қаран)*. Көрмей жатып неге бастырмалаттың? Ойында бір қорқыныш бар ма?

Кебек. Ойымда не барын не қыласың? Түзу сөзіме жауап бер, әуелі.

Еңлік *(күлімсіреп, Кебектен алысырақ кетіп)*. Қорқынышың болса ойланып ал. Көңіліне іс өткен соң кобалжу кіріп жүрмесің? *(Кебекке қадала қаран.)* Бүгін кетпеймін.

Кебек. Еңлік, бүгін менің сынымдасың, бүгін кетпейтінің шының болса, сырыңды білдіргенің, сенің жайыңды түйдім, онда *(Еңлікке қаран)* кетпейсің ғой бүгін.

Еңлік *(күліп)*. Бұл мінезді қайдан таптың? Іш тарлығың ба? Жоқ шынымен істеп тұрған сақтығың ба? Жөнін ұқтыршы? Мен кетпегенде не үшін кетпейді дейсің?

Кебек. Маған бүгінгі күні кетем деген бір ауыз сөзіңді айтпасаң, жөнімді ұқтырарым жоқ. Айт шыныңды, кетемісің, кетпеймісің?

Еңлік *(қасына келіп, таңданып)*. Бұл қыңырлыққа не дауа? Әрине кетемін, бағанада киімімді киіп дайындалып келгемін. Әлгі біреу бөгет қылғаны болмаса... Жүр. Қазір-ақ кетейік, енді көңілің көншіді ме? Сенімсіздігіңнің жөнін айтшы кәне?..
(Кебектің мойнына асылады.)

Кебек *(құшақтап сүйіп)*. Қалқашым, көңілім жаңа орнықты. Бағана сен кеткеннен бері ойыма не кіріп шыққанын білмеймін.

Еңлік. Айтшы, не кіреді? Әлде, мені Есенге азды деп ойладың ба?

Кебек. Оны ойлап бұзылғам жоқ. Бірақ көңіліме ойда жоқтан бір түйін түсті, соны әлі күнге шеше алмай тұрмын.

Еңлік (*Қадалып*). Не түйін айтшы?

Кебек. Екі-үш жыл болды. Абызға келер күнімде не қауіп-қатер бар деп болжатқанымда айтып еді. Тез заманда қақпа тастың түбінде биік қабақ сұрлау қыз кез болады. Ажалың содан деп. Бүгін қайдан келгенін білмеймін, сол сөз есіме сап өте түскені.

Еңлік (*шошып*). Кебек, жаным не дейсің, сені өлтіретін кісі мен болғаным ба? Сенің жолыңа басым құрбан болсын деп жүрсем, не деген сұмдық (*Кебекке*.) Батырым, Абыздың сөзі мені шошытты ғой.

Кебек (*күліп*). Еңлікжан, шынымен айтып тұрмысың, ер емес екенсің ғой. Мен сенін, қастық қылып өлтірмейтініңді білемін. Оған Абыз түгіл Әулие айтса да нанбаймын. Одан басқа неменесі бар! Өлімнен адам баласы құтыла ма? Мен биттей шошымаймын.

Еңлік. Маған қайда жүрсең де аман жүргенің керек, ойда жоқтан қауіп пен қатерге ұшырап жүрмесең?!!

Кебек. Еңлікжан, нар тәуекел, осы жүргенде мен де ермін деп жүрмін ғой. Баяғыда айтылған бір сөзден несін шошыын (*тым-тырыс*.) шапаныңды киіп ал, жүрейік енді, аруаққа тапсырып.

Еңлік (*шапанын киіп, белінен бір кез шытты алып*). Абыздың сөзі рас болса, қақпа тас деген осы ғой, бұның да иесі бар ғой. Мына біреуді ырым қылып байлап кетейін (*тасқа байлайды*) батыр, неғайбыл жолға кеткелі тұрмыз, көңілімде сенен іркіп қалған сөзім болмасын, сырымды айтайын.

Кебек. Ол не сыр, айт.

Еңлік. Бүгін сені осы жерде тосып тұрғанымда Есен келіп қалды, соны тез жөнелту үшін үш күннен соң осы араға кел, жауап беремін деп жіберіп едім. Сыртыңнан жау істейтін қылықты істеп едім. Сонымды түбінде кешіресің.

Кебек. Оқа емес, Еңлікжан! Сенің көңілің менде екеніне күмәнім жоқ енді, кәне болдың ба?

Еңлік (*оңі бұзылып*). Болдым. Бірақ әке-шешемнің қолынан аттандырып, құтты орнына қондыратын баласы едім. Керек десе оң батасын алмай да кетіп барам. Туған ел, өскен жеріме қоштасып, бір-екі ауыз өлең айтып кетейін, аял қыл..

Кебек. Айт, Еңлікжан, сенің өлеңіңнен менің жалығатын күнім жоқ. (*Аз тым-тырыс*.)

Еңлік (Әнмен):

Көп заман байқамаппын кетіпті өтіп,
Жас дәурен өтпес деуші ем үміт етіп.
Ата-анам кеше ғана алдында боп,
Бұл күнде жар таңдаппын бойым жетіп.

Ата-анам! Ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім.
Болсам да шұбар жылан іштен шықтым,
Карғамас, сілемес деп сеніп кеттім.

Ағайын! Мен қимаймын аймағымды,
Жүдеттім санасыз қыз аруағыңды
Таңдырып Арғын, Найман өсегіне,
Күшейттім құрық беріп жау жағыңды.

Туған ел, амандасам жас-кәріңе,
Бірге өскен құрбы-құрдас дос бәріңе,
Жарасқан әзіл-сауық, аға-жеңгем,
Аласың не деп мені естеріңе?!

Өскен жер, кош есен бол, хан Шыңғысым,
Өзгермей құт сақтасын жазы-қысын.
Шүйгін шөп, мол суда өсіп мал кіндігі,
Молайсын ел байлығы көрмей қысым.

Аман бол, найза шоқы тоғайлы өзен,
Өрістеп қой асатын тұмсық кезең,
Бөрлі мен батыр шыққан Қарауылым!
Ен дала көркі болып жалғыз безен.

Бауырыңа қос өзенің талмай ақсын,
Палпан ши көл қурағын іздеп тапсын.
Аралап Мұсақұл мен Жидебайды,
Пішендік көгалдарға суын жапсын.

Акадыр Шүйгінсумен алыс Орда!
Амандық мен айтамын кетер жолда.
Ақ дала, кара бөктер, қатар таулар,
Аман бол үймелеген оң мен солда.

Жылы сай, тас қорамен сен де аман бол,
Ескектеп оннан соққан жел де аман бол.
Мал басым берекеңде өніп-өскен.
Қара жұрт қоқырсыған қор да аман бол.

Қашқын қыз болдым тастап сендердің
Аруак сонда-дағы демеушім сен.
Тең-теңін, тезек қабын іздейтұғын,
Жаңылма өз-өзімен дегеніңнен.

(Кебекке жақындап, құшақтасып кетіп бара жатып.)

Білмеймін қандай асу жолда жатыр,
Құз ба екен, қия ма екен таңдай татыр.

(Ойын бөлмесінен шығып бара жатады.)

Сиынып аруақ пен бір құдайға
Ұстадым етегінен, баста батыр!

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ ШЫМЫЛДЫҚ

Бірінші көрініс

Қабекеңнің ауылының сырты. Дала көгал, алыста таулар көрінеді, ойын белмесінің бір жағынан ағаштың бұтақтары шашырап көрініп тұрады. Жаюлы ақ киіз кілем.

Б и. *(Жалғыз)*. Елімнің жағаласуы жетпеді ме? Темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей деген кейіпті батырларым кимеді ме? Тәңірдің әлі де болса олқысы бар дегені ме? Енді қандай сыбаға тартар екен? Найманды даңды судай тасқызып, бұрық-сарық еткізіп мұнда әкеле жатқан қызыл қарын жас баланың маңдайындағы соры ма? Әлде алалы жылқы, ақтылы қойдың тері ме? Найман бұл жолы келсе ашынып келеді. Білемін Матайдың талайдан Тобықтыда жүрген есесі бар. О да Найманды шүйлемей қоймас. *(Ойланып, аунақшып.)* Тағыда тебінгіден тер, қабырғадан қар жауғызам ба? Жоқ қылша мойным талша деп, бас ием бе? *(Ойланып.)* Бірақ, Найман кегі оңай емес, салмағы ауыр... Оңайшылықпен бітім таппайды. Кебек сынды батырыма қатер көп, аз ұл Тобықтыма қамқор болған ардагерім. *(Басын шайқап тоқтайды. Көбей, Кембай келеді, сәлем беріп қол ұстасып амандасады.)*

Екінші көрініс

Б и *(Көбейге)*. Жарқыным, аз ұл Тобықты аман ба? Ер азамат не күйде?

К ө б е й. Ел тыныш, ер аман, би... *(аз тым-тырыс.)* Найман кісісі ел шетіне келсе керек, бүгін осында келіп түспек дейді. Барлығы жүз қаралы кісі болса керек.

Б и (*түнеріп отырып*). Сөз ұстап келе жатқан басшысы кім екен?

К ө б е й. Басшысы қисық Еспембет, онан соңғысы Жомарт дейді. Тағы Кебек алып қашқан қыздың әмеңгері Есен деген Найманның батыры дейді. Ішінде қатты өршеленіп келе жатқан сол болса керек.

Б и. Ендеше, бітімнен дәме қылмандар, бітімі жоқ безбүйрек Еспембетті салған соң Найманның аужайын түйдім. Бұның ұстап келе жатқан екі-ақ түсті сөзі бар ғой, не Тобықтыны шөге түсіріп жығып кел, не тұрысар жерінді байлап кел деген екен. Артындағы Найман қол жиып, отыр екен ғой, одан алған хабарларың бар ма?

К ө б е й. Хабар келіп отыр. Айтқаныңыз рас. Найманның еркек кіндікті азаматы қалмасын деп жар салып жиып алып, Қартпай би тарқатпай иіріп отыр дейді.

Б и. Ендеше, белді бекем бұғаннан басқа не қалды? Елге жар салмадыңдар ма? Жиылып дайын тұрмаса болмас.

К е м б а й. Әрине, онсыз бола ма? Енді не болса да қамсыз отыруға болмайды.

К ө б е й. Кеше сол хабарды естіген соң ел-елдің басты-басты адамдарына кісі шаптырып жібердім, құлама бесін кезінде олар да жиылып қалар.

Б и. Елге көп сөзді даңқтандырмаңдар, не істесек те Найманның бетін көріп отырып істерміз, ел іші дегенім: қандай заман болса да, құлағы түріңкі отырсын дегенім.

К ө б е й. Мақұл ғой, сөздің арты неге соғатынын кім біледі? Көп ел жиылса өз құлағымен есітіп кетер, қапысыз болармыз.

Б и. Кебек ел ішінде емес қой?

К ө б е й. Ел ішінде емес.

Б и. Бұл екі елдің сөзінде көлденең ағайынның көз құлағы болса, мақұл болар еді. Арғынның өзге елінен келетін кісі бар ма екен?

К ө б е й. Кебек, Арғын ішінде сүйеу қылған бір бабам едің, деп Қараменде биге сөз салдырған екен. Мен де сәлем айтып жіберіп едім. Бүгін келеді деп отырмыз, елінен шықты деген хабары келді.

Б и. Келсін, мақұл. Әншейінде Тобықтыға тентексің деп көзін алартып, мүйіздегісі келіп тұратын көп жуанның ішіне қосылмақшы болып, көп Тобықты аруағына жау болып еді. Енді Арғын, Найман салмағы таразыға түскенде қайтер екен?!

Ағайынның аужайын байқайтын, бір кезеңге келіп тұрмыз ғой, не болса да. *(Тым-тырыс.)* Найман келетін болса тосып аларсыңдар, мен атқа мінем.

К ө б е й. Мақұл, мінсеңіз мініңіз. *(Аз тым-тырыстан соң.)* Біздің ұстайтын сөзіміздің нұсқасы не болады?

Б и. Тобықты соры ашылмаған ел ғой, қай қияға соғарын болжай алмаймын. Түбінде Найман ұстаған екі сөздің бірін біз де ұстасақ керек *(тоқтан)* әйтсе де икемге келер ме екен? Тамырын ұстап байқаңдар сөз кезегін маған қаратсаңдар. *(Көбей басын изейді.)* Мына жотасы көрінген екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз: *(тоқтан)* бірін ұстасаң елдің сағы сынады, бірін ұстасаң зықысы шығады. Аралықта не бітім болса, соған тоқтарсыңдар.

К ө б е й. Мақұл, не болса да бетіне қарай іс қылатын болдық қой. Кәне енді жүресіз бе?

Б и. Жүрейін *(Кембай, Көбей кісесін буындырады. Би шығады.)*

Үшінші көрініс

К е м б а й *(аз отырып)*. Бидің осы кетіп қалғаны лайық бола ма осы, Көбей би? Найман тізе көрдім деп шұбырып келеді, ердің құны, нардың бұлындай сөз ұстап келе жатсам, би менсінбей атқа мініп кетеді, бұнысы қай жуандық деп, осының өзін бір ұпай қылып жүрмесе.

К ө б е й. Ол сөзді сен бабына бармай айтасың.

К е м б а й. Қалайша?

К ө б е й. Найман бұл түгілі ел шауып, егер қылам десе де бидің басын кішірейте аламыз ба? Тобықты деп толымды қылып айтқанмен, сол Тобықтының басы мен белі би емес пе? Би жоқ болса, не бидің басы кішірейсе, артындағы ел неге тұрады? Ол құр дене емес пе?

К е м б а й. Уау, оның несін айтасың жарқын.

К ө б е й. Бидің басы кішірейсе, артындағы ел серкесі жоқ қойдай сергелдең болады, Найман етін сыртына түйіп шертіп келеді. Ондай серпініп келе жатқан елден әуелгі бетінде асқақ сөз көп шығады.

К е м б а й. Ие, ие, түсініп келем.

Көбей. Мұндай жерде арбасасаң бола ма? Әуелі бізбен сөйлессін, тасқыны басылып, ызғары қайтсын, ашуы саясына

келсін, біз бетін жылыта береміз, сонан соң түп қазық қып биді қойып, сөздің кілтін биге қаратармыз.

К е м б а й. Бәсе, бұ да ақыл екен, Еспенбеттен берекелі қай сөз шығар дейсің (*аз отырып*) Көбей би, Матай анау күнінде осы сөзбен бір келді ғой. Сонда не жауап беріп қайтарды би?

К ө б е й. Ондағы жауабы: Кебек болса сұңқар, Матайдың қызы тауық емес пе? Алса өзінің ежелден алатын жемін алды, ел жарылып Ертіс бұзылатын сөз емес қой, Тоқтамыс жолаушылап кетті, соза тұрындар, Матай басыла тұрсын деген.

К е м б а й. Сонда тағы бір тақпақ айтқан ба? Би немене (*аз тым-тырыстан соң*) жарықтықтың құдай кеудесіне жазған билік әшейін өлен, болып ағып тұрады-ау. Бірақ бидің алды тар ғой. Көп сөзін жұрттың көпшілігі естімейді. Ешкіммен де ағытылып сөйлеспейді.

К ө б е й. Жә, қысыр кеңесті қоя тұрайық. Біздің осы мына келе жатқан бітімшілерге тіккізген үйіміз дайын болды ма? Үй жетпей қалып жүрмесін, ондай ел сыныққа сылтау таба алмай, түймені түйе қылатын «елемейсің», «ескермейсің» деп.

К е м б а й. Жүз кісінің мөлшері деген соң, он кісіге бір үйден он үй тіккіздім, күтушілерін де, сойыстарым да қамдаттым, ол жағынан мін таға алмас.

1-ші дауыс (*алысырақтан айғайлап*). Қырамысың өзің шетімізден не жазығымыз бар саған, келмей жатып басқа, көзге төбелеп (*Билер аңырып артына қарайды.*) Қай басынғаның бұл, қоя берші, анау отырған биге барамын.

К ө б е н. Бұл немене? Шаң-шұң кімнің даусы, ашуланып бұрқырап жүрген?

К е м б а й. Осы жаңа ас басшылыққа қойған Қалдашбай ғой деймін. Наймандар келіп қалды ма? (*Тағы шаң-шұң.*)

К ө б е й. Білші барып. (*Артына қарап.*) Міне, біреу келе жатыр ғой осында.

1-ш і д а у ы с. Ал ұра ғой, тағы кәне ұршы енді көрейін. Тіпті қалай-қалай асқақтайсың өзің. Ісініп келіпсің ғой түге, биге барамын.

2-ш і д а у ы с. Бара ғой биіңе, сенің биің болса мұндағы елдің зәресі ұшар деймісің. Биіңнен қорқатын мұнда Тобықтының саяғы жоқ, Тобықтының шаңырақ төбесіне мініп келген қолы емес Найман, терезем тең елмін, неге елеп, ескермейсің түге (*Кембай баруға ыңғайланады. Қалдашбай артына қарап*

жұлқынып алдында келе жатқан Кембаймен қақтығысып қалады, беті-басы қан.)

Төртінші көрініс

К е м б а й. Мұрдар не болды саған? Немене жұлқынып жүргенің, ен далаға симай.

К ө б е й (*жарыса*). Бұ шаң-шұң не? Неғып жүрсін, түге, Найман келді ме?

Қ а л д а ш б а й (*қатты*). Келіп қырып бара жатқан жоқ па солар! Алдынан тосып алып, аттарын байлап, үйді-үйіне кіргізіп жүр едім, бір ісінген біреуі: «Үйді неге көп тікпейсің?» деп тікек-тікек етіп төбелес салғаны. Міне қып-қызыл жосадай қылып отырғаны мынау. Өстіп қоқақтатып қоямысыңдар. Тіпті жазығым болса-ау тым болмаса.

К ө б е й. Жә, өректімей-ақ қой. Айғайлап жүргенің со ма? Бас жарылса бөрік ішінде. Ішегің шықпайды, айтқандарын істеп, дауласпан, төбелеспей төбелеріңнен тік тұрып күтіндер.

Қ а л д а ш б а й. Жоғ-ау, тіпті мен төбелесейін деген пенде болса бұйырмасын.

К е м б а й. Жә, болды деді ғой енді.

К ө б е й. Бар, басыңның қанын жу да, қайтадан күт соларды. Найманға біздің қылғанымыз да аз емес. Ондайын көтермесек ел боламыз ба? Бар енді (*Қалдашбай шығады.*)

Бесінші көрініс

К ө б е й. Кембай, бұ не қылғаның, осындай салқылық бола ма? Күтушіге басты біреуді қойсаң болмады ма? (*Кейін.*) Өзің де алдында тұруыңа керек еді.

К е м б а й. Бұл уақытта келеді деп ойламадық қой; тіпті бұндай ерте келетінін кім біледі. Мен әлі де болса барайын (*Тұра келіп кете бастайды.*)

К ө б е й. Ей, бар болсын, келмей жатып шаң-шұң шығартып.

К е м б а й. Барайын, барайын енді, әлі де болса жөндетем ғой. (*Кетеді.*)

Алтыншы көрініс

К ө б е й (*жалғыз*). Бидің айтқаны рас қой, қате кетуші ме еді? Терісіне симай келгендерін сезіп отырмын. Қалдашбайда жазық

жоқ болса, сабап жүргендерін көрмейсің? Еспембеттің қылығы ғой бұл (*басын шайқап*) ел зықысын тағы да шығарады ғой.

Жетінші көрініс

Қараменде биді екі жағынан екі жігіт сүйеп ойын бөлмесіне алып шығады, қасында Қосдәулет, Матақ. Бидің қолында ақ таяғы бар, ақырын басып келе жатады.

К ө б е й (*тұра келін*). Ах, қарт бабам да жеткен екен ғой. Салаумалейкум, баба! (*Алдынан шығып, бір жағынан сүйемелдейді.*)

Қ а р а м е н д е (*тұрып*). Аз ауыл Тобықтының баласы болып, қиыр жайлап, шет қонып, жалғыз жүріп шая болған ауыл едік. Тар кезеңде кездесіп тұрмыз ғой, ала көңіл артқа қалсын, келші құшағыңа құшағымды қосайым, қарағым. (*Көбей екеуі құшақтасып көріседі, бәрі де отырады.*)

К ө б е й. Ел-жұртың амандық па, баба!

Қ а р а м е н д е. Ел әзір аман. (*Тым-тырыс.*) Істің әзіргі жоспарына қарағанда, береке бітіммен тынатын беті жоқ. Сондықтан менің де дәнекерлігім аз болар. (*Тоқтап отырып.*) Кебек тентектің екі ауыз сәлемі үшін келдім. Арғында бел қылған бір бабам тірі ғой деп, бір тентектік қылып едім деген екен. (*Тым-тырыс.*)

Сегізінші көрініс

Бір рет Найман кісілері шығады, бастықтары Қарамендемен қол ұстасып амандасады. Найман кісісі 20—30, оның артынан бірыңғай Тобықты кісілері шығады, олардың да саны сондай екі жарылып отырысады, көп халық.

К ө б е й (*сәлемдесін*). Жолдарың болсын!

Ж о м а р т. Айтсын.

К ө б е й. Найманның ер-азаматы аман ба?

Ж о м а р т. Амандық (*Үндеспей бір талай уақыт отырады.*)

К ө б е й (*Кембайға*). Мына кісілерді сусындатып асын қамдаттыңдар ма? Жолдан қажып келген шығар.

К е м б а й. Қамдаттық.

Е с п е м б е т. Жол қажыта ма? Жоқ қылығың асып, қырыс Тобықты сен қажытамысың? Қайсысы екенін қайдан білейін. Әйтеуір Найманның қажығаны айқын.

К ө б е й (*күліңкірен*). Қажыдым дегенің сөздің кезегіне айта салған бір қырын ғой, әйтпесе сен қажитын күн болған жоқ қой.

Е с п е м б е т. Тобықты құрыш болат емеспісің? Екі жүзді алмас кеспейтін. Сенің қаттылығыңа Найман қайтіп шыдасын, қайтіп қала береді.

К ө б е й. Сол Тобықтыға төтеп берем деп келіп отырсың ғой, сен де жалғыз өзің ет бауырың елжіреп жұмсап тұрсаң көреміз ғой.

Е с п е м б е т. Білмеймін, көңіл шіркін күдікті боп қапты, Тобықтының биі, құйрығын сыртқа саларда, бетіне сені ұстайды деуші еді. Майталманым деп, сенің қаншалық жұмсағаныңды біз де көрерміз. Түбінде көмейдегі көмескіні болжайтын, табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой.

К е м б а й (*күліп*). Билердің келмей жатып шалысып жатқанын кара.

К ө б е й (*Еспембетке*). Сен шырға тартарсың ғой, солай, бірақ түбір сөздің түйіні сенде көрінеді ғой, қай жаққа көшкізсең де ерік сенде. Қаттылық деген қалпың болушы еді, әлде машығым деп соныға тартамысың?

Е с п е м б е т. Сенің еліңнің сынына толып қызын алайын деп жүргенім жоқ. Тобықтының шешені мен ділмарынан алған мақтауыммен Найманның арыған итін семіртіп, аш бүйірін тойғыза алам ба? Құдай ежелден жүргізген бетіме кешірсін. (*Тым-тырыс.*)

Ж о м а р т. Бұл би қайда? Бір жаққа жолаушылап кетті ме?

К ө б е й. Жолаушылап ұзаққа кете қойған жоқ. Бір ағайын арасының сөзі болып соған шақыртып кетіп еді бүгін.

Ж о м а р т. Қашан қайтады?

К ө б е й. Осы бүгіндері қайтып қалар. Сіздердің хабарларыңды естісе көп бөгеле қоймас. (*Тым-тырыс.*)

Ж о м а р т (*аздан соң Еспембетке қарап*). Жә! Енді елде де тамам елді иіріп, мұнда келіп те ошарылып жатамыз ба? Мына келелі сөзімізге келеміз ғой деймін енді. (*Еспембет ызаланып отырады.*)

К ө б е й. Дұрыс оларыңыз, сөйлесек сөйлей отырайық. (*Еспембетке қарайды, тым-тырыс. Еспембет қамшысын тастайды.*)

Ж о м а р т. Еспембет, сөйле.

Е с п е м б е т (*ызғарланып*). Сөйлесек, мен ұзақ сөзді білмеймін. Тобықтының баласы Матай, Тобықты болып тұрған күнінде атыстың-шабыстың бұл ісің алты алашқа әшкере

болған. Тобықты шаялығыңды қылдың ба. Құлшылдығыңды білегі жуандығыңды қылдың ба? Алалы жылқы, ақтылы қойын жосылтып алдың, ата қонысынан іргесін аудардың, ел-жұртын шұбырттың. Бүгінде іргенді хан Шыңғысқа орнатып отырсың, Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргенінде, әй дер әже, қой дер қожа болған жоқ. Енді міні шарпуыңды Матайдан асырып найманға тигізіп отырсың. Жетіп отырған жесірімді бір тентегің ат көтіне салып әкетіп отыр. Ағайын ұзында өшті, қысқада кекті емессің бітім сұрап кісі салсам бақайыңнан келтірмейсің. Мына Найманда алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса, оныңды айт! Әйтпесе мен Тобықтының қоңсысы емеспін. Мынауыңа билігіңді айт. *(Тым-тырыс.)*

К ө б е й *(қамшысын тастайды, Жомарт сөз береді)*. Еспембет сөзің шын, ұзын да өшті, қысқа да кекті ағайын емеспін. Найманның елдігіне ел болып істеп отырған жаулығым болса мойныма сал, ондайлық қылығы болса, аруақ құдайға Тобықты шет болатыны шын. Матай мен Тобықтының бүлігіне бұл елдің қайсысы себеп болды. Мен оны қазбайын. Даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеп үйгенің лайықсыз болады. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда, бұл сөзің сияды. Тентектік ылғи Тобықтыдан шығады деуге болады. Бірақ сол Матаймен қалған Найман неге жауласады. Бүгінге шейін қиян-кескі болғандығы басылған жоқ. Бұған да Тобықты жазалы ма? Өткен күндегі жаулықтың бәрі үшін қай елді кінәлі қылып, қай елді ақтап шығаруға болады. Сондықтан Тобықтыны ала бөтен болып ізденіп жүріп біреуге соқтығады деп айтпа. Бүгінгі Найманмен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысын аңдамаған албырт жастардың албырттық шалалығы. Рас, тентек болса да, Тобықтының тентегі иесіз демеймін, ағайын жолымен бітисейік, билікті маған бергенің шын болса мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді туынды сөз қылғанымыздың лайығы жоқ. *(Жомарт Еспембетке сөз береді.)*

Е с п е м б е т. Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойымдағыдай асырып түсіреді деп айтқызамын. Екі елді шиеленістірмей, келісетін ұтымды жерді біледі деп айтқызамын. Сенің ойың, менің дауымды жасытпақ болса, жайдақтатып, жадағайлатпақ болсаң мен билікті айтқызбаймын. *(Қатты.)* Мен тұщы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын, шолақ байталдың құйрығындай Тобықты үкіметің асты деймін, тасқын судай кемеріңнен шалқып асып отырсың сен *(Көбейге сөз беріледі.)*

К ө б е й. Еспембет! Кеден-кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың. Мен саған ол дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Менің сөзім екі елдің сөзін ұстап, кездескен соң дәнекер болатын «қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой» деген. Жақпаса билігіңді өзің айт, сапты аяққа ас құйып сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймым. Және бұл Тобықтының азды-көптігін сарапқа салған жер емес қой, көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр. Тобықтының Найманға істеген ерлігін, үкіметін көргем жоқ. Керісуге неге керек. *(Аз тым-тырыс.)*

Е с п е м б е т. Олай болса сенің қырмызыдай талдап шығарған сөзіңе мен ере алмадым, менің билігіме Тобықты баласы тоқтайтын болсаң, өз тентегің ана Кебек, қыз атамның аруағына қастық қылған менің тентегім — екеуін де шығарып бер, мойнына арқан таққызып өлтіремін.

Ж о м а р т. Сөйле, Көбей!

К ө б е й. Еспембет! Тобықты да рулы ел, «иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар». Мына айтып отырғаның бірге бітім емес. Найман мен Тобықтының арасына, ердің құны, нардың бұлының дауын саламын, пәлесін орнатамын дегенің бұның арты атадан ұрпаққа кететін үзілмес қан кегі болғалы отыр, өшпес жаулық болғалы отыр. Одан да түбінде келісетін кезекті жерге тоқтайтын болайық. Ер қанын мойнына жүктеймін деме, бітім іздесең дүниеге тоқтасайық, берекенің шегінен шығысайық.

Е с п е м б е т. Жоқ, мен ондай емексіген сөзге иліге алмаймын. Менің кесер сөзім әлгі. Тоқтасып бауыр боламын десең, айтқаныма көнесің, көнбейтін болсаң арам алыс алашпын. «Оразаның түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер» деп. *(Қатты.)* Тобықты! Сені аялағаным жеткен, бұдан артық менен бітім іздеме. Бұл айтқаныма көнбейтін болсаң, тура шабысатын жеріңді айт! Менің қолым жасанып дайын отыр. Тобықтының жығасы жығылмайды екен ғой, жауабымды қазір бер. *(Тым-тырыс. Көбей үндемей төмен қарап отырады.)*

Ж о м а р т *(жан-жағына қарап)*. Ағайынды екі ру елдің баласы, сөздерінде әлі күнге берекенің жотасы көрінбейді, тағы сөйлейтінің бар ма? Жоқ па? *(Тым-тырыс. Тобықтылар бір-біріне қарап қысылып күбірлеседі.)*

1-ші дауыс *(Тобықты жағынан өз кісілеріне)*. Күн бұрын еңсесі түсіп неғып кетті.

Ж о м а р т. Сөйлеуші бар ма? *(Тым-тырыс.)*

1-ші дауыс. Енді бір айтқан соң сөз бітеді ғой *(Еспембеттің)* соңғы сөйлеген сөзі сөз болады ғой

2-ші дауыс. Бұларға не боп кетті (*Қобалжу, гүбір Тобықты жағында көбейеді.*)

Ж о м а р т. Жә, сөйлеуші жоқ болғаны ма? (*Қараменде басын жоғары көтеріп, қамшысын тастайды, жұрт тынады.*) Сөйле, қарт би.

Қ а р а м е н д е (*аз отырып*). Сөз айым болудан кетіп ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой. Сондықтан сөйлер, сөйлемесімді де білмей көп отырдым. Бәрің де кәдірі кетіп азған заманыңа қарай азғындап туған ұл екенсің. Туысында қапы жоқ. Бірақ бізге бұл жат дүние екен, содан байқағанымды айтайын. Азған заманның белді биі, бойлауық жылқы секілді бой бермейтін қисық болады екен, не болмаса шабуылдан сақтанам деп еп іздеген қу болады екен. Ашық кеуде, адал көңілмен ойына сөзді бүкпей, қара қылды қақ жарып сөйлейтін билердің заманы, ел көзінен бір ұшқан екен. Қазақтың баласы бірлік-берекеден айырылған екен. Туысқан араздықта сылтау таба алмай, түймедейді түйедей қылып, өсек, жәбір әрекеге белшесінен батқан екен, түбінде сырттағы кәпірдің дұшпандығы қырмас еді-ау, қазақ баласын алып жейтін осы өз ішінің алты бақан ала ауыздығы болады екен. Жас ұлғайып, сақал, шаш ағарған күнде, қайрат, ажар қайтып сұлдер құрыған күнде ел сөзінен тыйылып тыныш үйде жаттым деген күнде бір тобына кездескен екем. Туысқан ажарыңнан түңілдім. — Көрмесем деген заманым еді (*сақалын созып*) бұған жазалы мына құп-қу болған сақал мен шаш.

1-ші дауыс (*жанындағыларға*). Жарықтық қазақтың шын қамқоры-ау, шынымен күйініп отыр ғой, қайтсін.

2-ші дауыс. Шынымен депсің-ау, өзің. Қазақтың қамқасы деп неге аталды дейсің?

Қ а р а м е н д е. Екі туысқан араңа кедергі көк тікен болып отырған сөзге келсем, кешегі заманда бұл түс шайысатын іс емес еді. «Қатынды не ел шауып, егер қылып жатқан аласың, не ағанды өлтіріп жеңгенді аларсың» деген аталарыңның кешегі күнде айтқан сөзі еді. Ер жігіттің жесірін өзіндей жігіт алса, еркек болып туған ұл өз кегін өзі алуды білуші еді. Рулы ел болып, тайлы таяғы қалмай шұбырып жас жігітке қатын әпергенді көрген жоқ едік. Бұ да жаңа заманның жаңа түрі екен. (*Есен ашуланып маңайдағыларға күбірлесе бастайды.*)

Дауыс (*Наймандарға ақырындау*). Тобықтыға бұрып отыр.

Ж о м а р т. Найманның баласы тақат қыл.

Қ а р а м е н д е. Ағайын көзіңе қан толып, түгінді сыртыңа теуіп бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан

туатын ертеңгі сөзге, пәлеге көзінді салдың ба? *(Тым-тырыс, Наймандарға қарап.)* Тастап отырған сөзіңнің жеңілі: білегінің күші бар, жүрегінің түгі бар, осы отырған басшылар! Абылайдың ала туын ала аттансаң, артыңнан еретін аламаньның маңдайы бір батырың. Бір туысқан бауырыңның қанын төгемін дейсің. Ол болмаса екінші сөзің: екі елдің игі жақсысы бас қосқанында ауыздарыңнан шыққан сөздеріңе, құлағы мен көзін салып, телміріп тыныштықты тілеп отырған екі ру еңкейген кәрі, көзінің жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын, нақа қанды мойынға жүктеймін дейсің? Қай сөзіңде мақұлдық бар? Қай сөзіңде қасиет бар? Арадан жол тап, тыныштықты ойла, артыңдағы етегіңнен ұстаған еліңнің мойнындағы қарызын ұмытпа. Бізді апарып арандат, бізге жаңа жерден жау тауып әкел деп, ешқайсыңның елің де тапсырған жоқ. *(Тым-тырыс.)*

Ж о м а р т *(аздан соң).* Қазаққа қамқа болған Қарамеңде едің, баба, не айтайық, жолыңнан әлі тайған жоқ екенсің. Ұғушы құлақ болса айтылмай қалған сөз жоқ. Заманынан кеудесі асқан ел қамқоры, батагөй қарттың сөзін сенің аузыңнан есітіп отырмыз *(Наймандар риза болмаған пішін көрсетеді. Тым-тырыс.)* Жә, бидің сөзінен соң сөйлейтіндерің бар ма? *(Найман жағзы бір-біріне қарап күбірлейді. Сөйлеуші шықпайды.)*

Ж о м а р т *(Екінші рет).* Сөйлеушілерің бар ма? Жоқ сөз тоқталды деп санаймыз ба? *(Тым-тырыс. Найман тынышсызданады.)*

Е с е н *(ашулы серпінмен Еспембетке).* Найманның түгел сөзінің түбін ұстатқан белді деген бір биі сен едің. Сөйлеймісің, жоқ па?

Е с п е м б е т. Көсемсіп алдыма түсіп Жомарт туысқаның кедергі салып қойды. Енді не айтушы едім мен. Менің де би деген атым бар, ылғи кері тартып, кесір шығаратын атты мен-ақ ала берейін бе?

Е с е н *(қамшысын тастайды).* Би сөзінің құйрығы маған соқты ғой, маған рет бер.

Ж о м а р т. Сөйле олай болса, батыр Есен! *(Жұрттың бәрі Есенге қарайды, Есен мықынын таянып отырып сөйлейді.)*

Е с е н. Би сөзінің ішінде айтты ғой, шын батыр өз кегін өзі іздеп алушы еді деп. Мен ол заман әлі де болса өткен жоқ деймін. Кекшіл, намыскер батыр да өлген жоқ деймін. Мен, міне, әрісі Найманның намысын, берісі өз намысым, өз кегімді қуған Найманнан туған батырмын. Менің басыма сөз қалғанда айтатыным сол! Осы жұмыстың жолында жүргенімде кездесем Кебекті ал-

дымен жекпе-жекке шақырамын. Әділдік, ақтық күш-қуат менің жағымда болса да, өз кегімді өз қолыммен алу үшін өзге жұртқа талатпаймын. Өз қолыммен өлтіремін. Онан соң елде жиылып отырған Найман да, мұнда келіп отырған да, менің намысымды жыртып келіп отырған жоқ. Аруағының намысын жыртып отыр. Оны ешкім де сөге алмайды. Осы отырған шаршы топтың ішінде, аруағыңның намысына қызбайтын бір де бір жан бар ма? Айтсыншы кәне *(Наймандарға қарап.)* Сондықтан бөгелектейтін дәнеңе де жоқ. Найманның алғашқы айтқан сөзі сөз. Мұнда келген билердің табанында бұдыр жоқ болып тайғанаса тайғанасын. *(Қамшысымен жерді ұрып отырып.)* Бірақ ере келген. Найман алғашқы сөзді ұстайды. Мен соны ұстаймын.

Д а у ы с. Рас айтады.

Е с е н. Енді сөйлейтін ұзақ сөз жоқ. Тобықты билерімен сөйлесіп, жауабын беремін. Не тұрысатын жерін айтысады. Осы сөзге еретін Найманның кісісі тарт менің артымнан. *(Тұра келеді. Наймандар біртіндеп тұра бастайды, Жомарт, Еспембет отыр. Кейбір Наймандар соларға қарап, бір жағынан Есенге қарап зорға тұрады, ақырында бар Найман тұрады. Жомарт пен Еспембет отыр, Наймандар қозғалуға айналып, бұларды ұға алмай қарайды.)*

Е с е н *(Билерге айналып, көп Найманға)*. Жә! Тарт, не тұрыс бар *(ашулы.)* Найманның ішінде де шіріген жұмыртқа бар, білемін *(Наймандар қозғалады. Жомарт, Еспембет зорға тұрып артынан ере кетеді. Тобықты кісілері қарап қалады.)*

Тоғызыншы көрініс

Қ а р а м е н д е *(Наймандар кеткен соң басы төмен түсіп)*. Иә, сөз бітті... екінің бірі... екінің бірі..

К ө б е й *(назаланып)*. Қайтерсің енді, қолыңмен істегенді мойныңмен көтерерсің деген осы. Басынан атқуылдап отырғанынан-ақ сезіп едім.

К е м б а й. Жә! Біз бұған не айтамыз? Биге де үлкен дерт болды ғой бұл.

К ө б е й. Кімге дерт болмай отыр. Айтқанына көнсең, Тобықты сағының сынған жері де, өлген жері де осы. Көнбесек ел не болады. Найман көп. Иә, пәруәрдігер не-ай, аруағыңның бәсеңдегені ме? Ел намысының тапталғаны ма? *(Басын шайқап түнеріп отырады, би шығады.)*

Оныншы көрініс

Би (киімшең жантайып отырады). Сөйле Көбей... (Бас көтеріп, Қарамендеге қарап.) Еспембеттің сөзі Бабамның да, сенің де иығыңды түсіріп кетті ме?

К ө б е й (басын көтеріп өзге Тобықтыға). Сендер бара тұрыңдар, (Қараменде, Кембай, Матай, Көбей және Қосдәулет қалады, өзгелер шығады.) Би! Еспембет құлаш ұрып шарықтап тұр. Шағұлы жерге келетін емес.

Б и. Айтшы қане, сөзінің қысқасын.

К ө б е й. Сөзінің қысқасы: Матай мен Тобықты, сенің араларыңда қандай жаулық болса да, мен қатынасқаным жоқ. Ең аяғы аға-қарындастық айтатын құдайшылығы болса оны да айтқамын жоқ, Айтпағаным Тобықтының бәрі зорлық болды, сенікі зорлық деп айтатын болсам, саған жау секілді көрінетін болдым...

Б и (ыңыранып). Е, е (Басын изейді. Көбей дейді.)

К ө б е й. Бүгінгі күнде Матайың Матай маған шарпуыңды тигізгенің қалай? Бұның асқандық, басынғандық. Пәлен паштуан деп аяғында тіпті дәуірлеп кетті. Мен Найманнан туғаным шын болса, бұл қорлықты көріп отыра алмаймын. Не Кебек, не қызды шығарып бер, не менің қолым дайын, тұрысатын жеріңді айт дейді. Сөзге өзі қонақ бермейді. Аяғында Бабам сөйлегенде Еспембет те тоқталып еді, Найманның көпшілігі де қобалжып еді. Есен шығып, аруақты мазақтағаны үшін Кебекті шығарып беріндер. Мен жекпе-жекке шығамын дейді. Бірақ түбінде мені өлтірсе де Кебек өлтірілетін болсын дейді. Билер үндеген жоқ. Көп Найман сол сөзге еріп шығып кетті, Кебекті өлтіртем, қолдарыңнан шығарып беріндер десіп, анау жер түбінен ұстатып жіберген сөзі осы көрінеді.

Қ а р а м е н д е. Жер түбінен ұстатып жібергені рас, не ананы істе, не мынаны істе, бұл екеуінен басқаға алданба деген көрінеді.

К ө б е й. Осы екі сөзімнің қайсысына болса да байлау сөзді екі би айтсын дейді, жауапты Бабам екеуіңнен, өзіңнен естігісі келеді. (Тым-тырыс.)

Б и. Найман көп. Көптің ісі кеудемнен келмей ненің тұрысып, табандасып, шыдасайын десем, көлденеңнің сөзіне әшкере болған ісім бар. Тентектік Тобықтыда. Алмас қылыш жүзіне табан басқан қылығым бар. (Аз тым-тырыс. Сыртта дабырлаған дауыстар.)

Дауыс (сыртта). Сен бар, сен бар, айтып кел көптің сөзін. (Бір жігіт шығады.)

Он бірінші көрініс

Ж і г і т (*жүгініп отырып*). Баба, тыста тұрған ер азамат мені жіберді сіздерге: Кебек Арғыннан асқан ардагеріміз емес пе еді?! Қолымыздан оққа байлап беріп отырып, қайтып дәтіміз шыдайды. Бұдан үлкен сүйекке намыс бола ма? Біз Найманның не пәлесі болса да көтереміз. Жағасы жақұт, кіреуке жебесі жетіп жүн болғанша шыдаймыз, Кебекті бермесін дейді.

Б и (*қатты*). Мен Тобықтының намысын сатып ағарттым ба сақал мен шашты? Билігіме ара түсем деген қай бассыздық? Шық!

К ө б е й. Бар. Бұл жүйесіз жерге пышақ салған санасыздың ісі. (*Жігіт шығады.*)

Қ а р а м е н д е. Ер азаматтың бұл сөзін де еске алу керек. Тобықты жағы сынғалы отыр. Кебекті қолыңнан өлтіріп қойып бәрібір тыныш отыра алмайсың, тайғақ кешу, тар кезең осыдан артық бола ма? Даданның баласы да Кеңгірбайға өкпелі едім деп отырып қалмас. Арғын, Найман салмағы сынға салынып тұрған соң береке мен тыныштықты қанша іздегенмен отырғызса отырарсың. Төбеңе ор қазып жатса отырғанмен тыныштық табылмайды. Төгілетін қанның жүгі Найманның мойнында болады. Шексіз шыдам болмайды. Кебекті бермеу керек.

Қ о с д ә у л е т (*Қарамендеге*). Даданның баласы не қосылар еді, не қосылмас еді.

Қ а б е к е н (*сөзін бөліп кекетін*). Не қосылмас еді.

Қ о с д ә у л е т. Бірақ мезгілімен құлақтандырған ел жоқ. Біз келсек те Кебектің ғана сәлемімен келіп отырмыз. Онда дайын отырған күш жоқ. Бүгін-ертең мұндағы Тобықтыға күш қоса алмайды. Найман қолы дайын тұр. Бұл жағын да ойлау керек қой деймін.

Қ а б е к е н (*Көбейге*). Даданнан келген азамат жоқ қой?!

К ө б е й. Әзір келген кісі жоқ. Билерден басқа.

Қ а б е к е н. Қолсыз сайраған тілді қайтейін. Тіл мен жақтан мұндағы Тобықты да кенде емес қой. Өз артыңа қарамасаң басқа шығар жол жоқ.

Қ а р а м е н д е. Өзің болсаң өзіңе сен, бәрібір шық Найманның қарсысына.

Қ а б е к е н. Қыздырманың қызыл тілі ғой.

Қ а р а м е н д е (*ашуланып*). Тағы да қасқырша өз күшіңді өзің жейін деп пе едің?

Қ а б е к е ң. Даданның улы тілін ауру денеме тағы да сұқтың ба? Кезін аңдып, бауырлығыңды бұдан бұрын да сынағанмын. Елжіреген жүректі көргенім жоқ-ты.

Қ а р а м е н д е. Қайтпас тас бауыр қылған сенің осы менендігің болатын. *(Тым-тырыс.)*

К ө б е й. Билер, ескі жараны білтелемей, мына сергелдең болған елге жол табатын жөндеріңді айтсаңдаршы. *(Қабекеңе шарайды аз тым-тырыс.)*

Б и *(ашулы серпіліп)*. Менің атам Әнет бабам емес пе? Ел тыныштығы үшін нені құрбан қылмады. Атаның жолынан адасам ба? Бойымдағы күшімді өлшемей азаматты арандатып, құрулы мылтық, құрсаулы жауға талатам ба. Тартбасам багам қабыл болмайтын, сор мандайлығым тартпаған шығар. Кебекті көрсетемін... Қайтемін тыныш жатам... *(Тым-тырыс.)*

К ө б е й. Мақұл би...

К е м б а й *(Көбейге)*. Кебекті ұстап беретін болдық па? *(Екеуі шығуға ыңғайланады.)*

Б и *(Көбейге)*. Кебек аз ауыл Тобықтыға қамқа болған аруым еді, ардагерім емес пе еді. Басты кісілерді Найманмен бірге жібер, Тобықтының еліне айтар арызы болса естіп келсін. *(Түнеріп басын изейді. Кембай шығады.)*

Шымылдық

БЕСІНШІ ШЫМЫЛДЫҚ

Бірінші көрініс

Тоғай, ар жағында тау көрініп тұрады. Ойын бөлмесінің бір жақ бұрышына таман тігілген шанышпа аласа қос. Есігі ашық. Киізі екі жағына қайырылған. Қостың аузында кескен терек жатады. Ішінде Еңлік ұйықтап жатыр. Жанында құндақтаулы баласы. Перде ашылған соң біраз тым-тырыс болып тұрады, аздан соң Кебек шығып ақырын басып қостың жанына келеді. Жанында қанжар, асынған садағы, қолында найзасы бар.

К е б е к *(қостың есігіне қарап қайтып)*. Еңлік бишара біраз тыныштық алып ұйықтап жатыр екен. Ұйықтасын, ұйықтасын. Босаңғанына біраз күн болса да, әлінің аздығына қарамай, көзінің шырымын алмаушы еді. Күннен-күнге азып барады, ылғи ойлай-

тыны менің жайым. Менің көзім ілініп кетсе, басымда күзетіп отырады (*Біраз тым-тырыс. Басын шайқап.*) Күндіз-түні аң болып қашып жүрген өмір құрып қалсын. Жалғыз болсаң бір сәрі, көшерімді жел білсін, қонарымды сай білсін деп жүре берер едің. Енді олай емес, аяғыңда тұсауың жоқ болып, шарқ ұрып кезіп жүретін кез емес. Еңліктің басы былай тұрсын, оның үстіне екеуімізге бірдей масыл болып мына бір бала туып қалды (*Басын шайқап.*) Бағың ашылатын күн болар ма екен. Әлде, сорға туған сорлы болармысың? (*Біраз тым-тырыс.*) Жауы болса да, елі болса да, келетін күні болса керек еді? Әзір тыныштық, ештеңе білінбейді. Кесіктері не болар екен?.. Осындай күдігі күпті қылып бітірді. Бітістік, шырайластық дей ме? Жок? Қалқаман — Мамырша ит пен құстың талауында боламын ба? Екінің бірі... Екінің бірі... (*Еңлік оянып, басын көтеріп сөзін тыңдайды.*) Не, масайрап ойнап-күліп ел-жұртқа қайту, не (*Қанжарын сабынан ұстап, суырыңқырап жүзіне қарап.*) қан ішер қайқы болаттың қайратын сарапқа салып өлтіру... өлу...

Е н л і к. Батырым, не деп тұрсың?! Сөздерің қалай жаман?

К е б е к (*қанжарын қынына тығып жіберіп, жалт қарап*), Еңлікжан, не айттым мен? Жай бір, өлең емес пе, айтып тұрғаным?

Е н л і к. Қайдан білейін!.. (*Теріс қарап.*) Уайымын менен жасырады ғой... Жасытпайын, үрейін ұшырмайын дейді ғой (*Кебекке*), ендеше менің құлағым қакас естіген ғой (*Кебек қостың аузына барып Еңліктің жанына отырады.*) Кейде шырт ұйқыда жатсам да, ояу жүрсем де құлағымға жаман сөздер санқ етіп, естіліп қалады.

К е б е к. Өзің бір уақыт ұйықтап тынықпайсың, ұйқының шалалығы да адамды жындандырым жібермей ме? (*Бетіңе қарсы қарап отырып.*) Қалқам, осы менің сенен тілейтін тілегім: қайғырма да, налыма да, ұйқыңды да бөлмеші. Маған жау келіп жағаласқаннан да, ел болып соңыма түскеннен де, бәрінен сенің жүдеп-жадап жүргенің батады.

Е н л і к. Батыр, елеме, ескерме дегенің бәрі айтуға ғана жеңіл. Сенің етегіңнен ұстап жүргенде орға түсем бе? Жарға жығылам ба? Маған оның уайымы батпайды. Жалғыз-ақ... (*Көзіңе жас алып.*) Мынадай жапан түзде қаңғып жүрген жалғыздық батады, қапысын тауып біреу-міреу қастық қыла ма деймін...

К е б е к. Қалқам, сен осы ылғи басымызға қауіпті орнататының не? Жұрттың бәрі бізге жау деп ойлаймысың? Болса

жау Найман шығар. Болмаса біз Тобықтыға не жаздық дейсің? Бірімізді-біріміз сүйдік, ғашық болдық. Еркімізбен қосылдық. Найман мен Тобықтының шаңырағын ортасына түсіретін қылық па осы!

Еңлік. Бұныңның бәрі айтуға ғана жеңіл ғой, сүйістік қосылдық, соның не орасаны бар дейсің. Кезінде ол дұрыс еді, бірақ аяғы жаманға айналды, бұзылды ғой, мені жұбату үшін айтып отырсын ғой әшейін...

Кебек. Сенің көңіліңе осындай ой қайдан келеді. Осы неліктен уайымшыл болып жабырқап кеттің, әлде жалғызсырап жүрмісің?

Еңлік. Білмеймін, бұрын бала күнімнен осы уақытқа дейін бір жұмыстан жүрегім сескеніп қорыққан емес едім, бір қобалжу түсіп жүр.

Кебек. Мен сені мұндай жасиды деп ойламаушы едім. Елдегі ереміз деген көп азаматтың, бірталайын алып келуші едім. Болмаса, құдайдың салғанын қай жерде көрмейміз. Найман басынды қағып алам десе де елде отырар едім, осы қорқынышыңның мәнісін айтшы?

Еңлік. Батыр, назаландың ғой. Онсыз да көрер таңды көзіңмен атырып жүргеніңде, менің уайымымды қоса байлап күдіктене берерсің. Мен сорлы сезгенімді айтамын. Он шақты күн болды, мен бір жаман түс көрдім.

Кебек. Түс... *(Теріс қарап.)* Өзімнің де түсім болып еді... *(Еңлікке)* айтшы не түс көрдің?

Еңлік. Түсімде Найман мен Матайдың ер-азаматының бәрі де бір жерге жиылған екен. Қара құртша жыбырлап жер қайысқан кісі. Бөлініп-бөлініп жүрді де, бір уақытта Тобықтының аруағы жығылды. «Тобықты тізе бүкті» деп ұрандасып, айғайлағанда жер күңіренеді. Сонда не болып қалды деп, сұрастырсам: Тобықтыға жіберген кісіміз қайтты дейді. Онан басқаны айтпады. Сөйтсем, бидің үйіне Найман кісілері келіп биге оң қолыңды кесіп бересің, онан басқа жоқ депті. Түстері суық. Қабақтарынан қар жауғандай, би бермеймін, не сөйлейсің деп еді, ендеше деп бидің үстіндегі кестелі тоны мен басындағы қара сусар бөрігін жұлып алуға айналды. *(Күрсініп.)* Сонда би бар және елдің басты кісілері бар: олай болса тоқта, айтқаныңды қылайық деп, бидің үйінің босағасына Наймандарды жетелеп алып келеді. Қарасам әлгі жерде екі көр түр. Бидің даусы санқ етіп: «Мынаның біреуі

Кебектің, біреуі Еңліктің көрі білгендеріңді қыла бер» дейді. Әлгіні естігенде шошып оянып кеттім. Өңде қап-қараңғы азынаған көр. *(Тым-тырыс.)*

К е б е к. Еңлікжан, түс түлкінің боғы, ойлағаннан көрген бір нәрсе де. Әлгі жасып, уайымдап жүргенің сол ма?

Е ң л і к. *(Теріс қарап).* Өңің бұзылды ғой сенің де, саған да аян бермей жүр деймісің? Жә! Қашанғы жаси берейін, мен де сыр бермеймін енді. Өзі де қажып жүрген, көңілін босата беріп қайтейін. *(Кебекке.)* Уайымның үлкені осы еді *(тоқтап)* ойлағаннан болса болар.

К е б е к. Ойлағандікі. Тәңір сенімен менің құйып тұрған нөсерге, өшпестей жанып тұрған жалын секілді жас шағымызда болымсыздан суымыздың қайтқаны мақұл ма? Сүйегімізге мін емес пе?

Е ң л і к. Батыр, менің жынысым әйел емес пе? Менің қайратым сенікіне жете ала ма? Жасысам затыма тартқаным шығар. Әрнәрсені ойлап-ойлап келгенімде, жүйрікке бір тұмар деген сөз есіме түседі. Сонан соң жүрегіме қорқыныш ала беруші едім.

К е б е к. Еңлікжан, мен Тобықтының келімсек құлқұтанының баласы емеспін ғой, құт дарыған қордалы ауылынын, сүбелі атасының баласымын. Шығара байлап беретін шіріген жұмыртқасы болады екенмін деп титтей ойламаймын. Сондықтан ойыма алатын түк қауіпім жоқ. Ұқтың ба? Енді ол сөзді тастайық. Басқа бірдемемен көңіл көтеріп отырайық, бір ермек тапшы *(Тым-тырыс.)*

Е ң л і к. Неменені ермек қыламыз?!. Домбыранды әкеп берейін, әлде ән саламысың? Талайдан бері қарай ән салған жоқсың ғой...

К е б е к. Әкелсең әкелші бір шырқатайын.

Е ң л і к *(кетіп бара жатып артына қарап).* Жоқ шырағым, шырқатып айтуға рұқсат жоқ, баяулатып ақырын айтасың жарай ма?!

К е б е к. Ой, еститін кісі болса ести берсін, қашанғы келін болайын, бәрінен де жасып бұғып жүргенім ұят емес пе? *(Күліп.)* Әкел бар.

Е ң л і к *(домбыраны әкеле жатып).* Қарағым қалай десең де шырқатып айтқызбаймын. *(Күліп.)* Қасында отырып аузыңды бағып отырамын жарай ма? Әйтпесе сенің даусың жер

жаңғырықтырады. *(Кебектің қасына келіп домбырасын беріп, мойнына білегін артып құшақтап отырады.)*

К е б е к *(домбыраны күйлеп отырып)*. Шын шырқап айтқым келіп отыр. *(Күліп.)* Найманның біреуі көрсе, жесіріміздің жанында масайрап отырғанын қарашы деп іші бір күйсін. Өзім сонша жасығандай болып, жабығып кеткеніме қорланып жүрмін. Бір серпілейін *(Еңліктің бетінен сүйіп алады)* менен соң сен де айтасың.

Е н л і к. Жарайды. Әуелі өзің айтшы, сенің әдетің ғой, өзің айтсаң маған да қоса айтқызатын.

К е б е к *(ән салады, Еңлікке қарап)*.

Бір мен деп ата-анадан безген, сәулем,
Қоркыныш жас жүрегін езген, сәулем.
Мықты ұстап білегімнен басын байлап,
Қауіпті жапан түзді кезген, сәулем.

Кезеңде қиын-қыстау ерген, сәулем,
Бейнетті бірге жүріп көрген, сәулем.
Жалығып денем шаршап талған кезде.
Бойға күш, ойға қуат берген, сәулем.

(Еңлікті сүйеді.)

Атақ ап талай заңгер шықсам-дағы,
Дұшпанның талай туын жықсам-дағы.
Бой еріп, бір сүйсініп көрмеп едім,
Қорқақ жау айбатымнан бұқсан-дағы.
Қан жауған камалдарды бұзған күндер,
Қалдырған білек қоржын ұзақ түндер.

(Еңлікке қарап күліп.)

Бәрі де Мақпал қызға жеткен емес,
Құриды қызығынан бойды сүйер.

Е н л і к *(күліп)*. Батыр, бұл сөзің әйелден жеңілетін осалдығыңды білдіреді ғой! Осындай сөз сенің басыңа лайық па екен?

К е б е к. Тәңірі әйелден еркек жеңіледі дегеніне кім сенеді. Жеңдім десе десін, содан жеңілдім деген сөз бойыма мін болады екен деп, биттей шімірікпеймін. *(Күледі.)* Қайтесің, әйел мені қайратымен жеңдім дей ме? Ақылымен жеңдім дей ме? Сендерден жеңілгенге бақ кетпейді.

Еңлік. Ай, білмеймін. Мен де біраз өлең айтайын енді.
Кебек. Айт, айт... Айтқың келеді ғой, бірақ жеңіп кетіп жүр ме?!

Еңлік (*күліп*). Қорықпай-ақ қой (*ән салады*).

Батырым, бір-екі ауыз айтайын сөз,
Отырсың әйелменен сен көзбе-көз.
Ірікпестен сыр ұшығын түгел айттың,
Қайтесің қатаң шықса алдыннан кез.

(*Кебекке қарап күледі.*)

Бетіңнен дұшпан қорқып ырғалады,
Кәрі етпей қадалған жау құр қалады.
«Алайда аңсыраған алғыр тұйғын,
Андамай аңқып ауға шырмалады».

«Сақтықта қорлық жоқ» деп бабаң айтқан,
«Сақтансаң сақтармын» деп иең айтқан.
Үстінде екі талай тұрғаныңда,
Сырынды мақұл емес маған айтқан.

(*Әнін тоқтатып*) десем не дейсің? (*Күледі.*)

Кебек (*құшақтап сүйіп*). Сен менің осалдығымды дұшпаныма жеткізетін болсаң, тіпті арманым жоқ. Сақ бол дегенмен де түйіп тастаған шүберек емеспін ғой, жанымдай көрген жақыныма сырымды айтпасам тесіліп өлмеймін бе?

Еңлік. Рас-ау, таңертеңнен ас та ішпедің ғой, әкелейін бе?

Кебек. Әкелсең әкел... (*Еңлік кетеді, жалғыз.*) Еңлік үшін Тобықты оқ ұшына байлайтын болса, кескілеспей басылмаспын... Еңліктен мені құдай айырмаса, бауыры суық қара жер айырмаса, адам баласы айыра алмас. Өлетін болсам да, өзгеге бұйырмас денесімен денем айқасып жатар. Бұл секілді жар үшін өлетін болсам, көп өлгеннің бірі болармын. Тіпті арман етпеймін. (*Еңлік шарамен ақ әкеледі.*)

Еңлік. Ойда-жоқта ән салып, сергіп қалдық-ау.

Кебек (*Ақты қолына алып ішіп отырып*). Ән салмайтын несі бар? (*Тым-тырыс.*) Апыр-ай, осы сөздері бітетін уақыт болып еді, неғылып кісі келмей жатыр? Жәуетай бізді таба алмай адасып жүр ме?

Еңлік (*мұңданып*). Кім біледі, неғып бөгеліп жатқандарын, кылды ғой, әйтеуір. (*Күрсінеді.*)

Кебек (*Еңлікке қарап*). Сен тағы да уайымдайын деп отырсың ғой, таста оны, кел (*құшақтап қасына тартып*

отырғызып) тағы ән салайық іздеген кісі болса дауысымызды естіп тез келсін.

Еңлік. Ұялмастан тағы ән саламыз ба! Әнші батыр-ау.

Кебек. Саламыз, қосылып айтайық, бірдемені бастап жібер *(аз тым-тырыс)* қане...

(Еңлік бастайды. Кебек қосылады, қазақ өлеңімен екі ауыз ән салады. Әннің ортасында Жәуетай қос жақтан ойын бөлмесіне шығып, қарап тұрады.)

Жәуетай *(теріс қарап)*. Әттең қыршын жас, осы қалпында айналаң аман отырса, дәнеңе етпес еді-ау. Бірақ не керек *(басын шайқап)* қыршыннан қиылғалы тұрсың ғой *(Әндерін болған соң, Кебектерге қарай келіп, амандасады.)*

Еңлік. Ә, ә... Мынау екен ғой, әлдекім деп жүрегім тіксініп қалып еді. Ел-жұртың аман ба, жаным?

Жәуетай. Амандық. Өздерің есен-сау жатырсындар ма?

Кебек. Біз есен-сау жатпай қайтуші едік? Қане не болды? Жұрт не деп жатыр? Қысқасын сөйлеп, айтшы жайын.

Жәуетай. Жұрты құрсын, не береке шығар дейсің сол жұрттан, елдігі кеткен ел емес пе? Біздің Тобықты.

Кебек. Ә, ә, не боп қалды?!

Еңлік. Жарқыным, сөз аяғы бұзылды ма?!

Жәуетай. Бізге бұл арада тұруға болмайды. Қаптайды жауыздар, қанішерлер, тез кету керек бұл жерден.

Еңлік *(шошып)*. Бәсе жүрегі құрғыр осыны сезіп жүр ғой!

Кебек. Айтшы, не болды? Сөйлеші бәрін, неменеге тоқтады? Әлде, Найманның қолына бермекші болды ма? Білік айтылған соң, іс жасырудан өтеді. Бөгелме, сөйле.

Жәуетай *(қиналып)*. Айтқаның рас, батырым! Найманның қолына сендерді ұстап бермекші болды. Найман мойындарыңа арқан тағып өлтіреміз деп келе жатыр.

Еңлік. Жасаған-ай, мұндай да сұмдық болады екен, бұл не деген тасбауырлық.

Кебек *(салқын қанмен қатты)*. Бұл бүлікті кім айтты Найман ба, Кеңгірбай ма? *(Еңлік баласын құшақтап қостың жанында тұрады.)*

Жәуетай *(асығып)*. Қалқаларым! Бұл арада ұзақ сөйлесіп тұруға болмайды, кету керек, көзді жоғалту керек. Мен әдейі осы хабарды білдіріп, қашыруға келдім. Осы сөзге тоқталысымен

Найман дүрк атқа мінді, біреу хабар беріп қояды деп, олар да асығып келеді, қане сөзді қысқарталық.

К е б е к (*саспай*). Жәуетай, өзге достығыңнан бұрын, бүгінгі маған істеген достығың осы болсын бүлікті кім айтты? Тобықты оңай көнді ме осыған? Маған осыны айт, сенің сөзіңді бастан-аяқ есітемін. Тіпті қашу керек емес шығар. Қайдан білесің? Бірақ менің тілегім: шынықты айт?

Ж ә у е т а й. Кебек, ондайды айтпа, достым?

К е б е к. Дос болсаң жасырма, айт, бастан-аяқ. Мен осыны естімей қашпаймын.

Ж ә у е т а й. Билікті Еспембет айтты. Ырғағанға көнбейтін болды, Қараменде көп тартысып еді, Найман көнген жоқ. Ішінде Есен бар. (*Кебек, Еңлік жарысып.*) — Есен бе??

Ж ә у е т а й. Өзге Найман Қараменденің сөзінен соң тоқтаңқырап еді. Есен омыраулап болмады. Қалған Найманды соңынан ертіп алды.

Е н л і к. Жаратқан-ай, бұл дұшпан әлі де соңымда екен ғой.

Ж ә у е т а й. Есен Кебек пен Еңлікке деген кісілеріңді айтыңдар. Мен өзім көрген жерде жекпе-жекке шығамын деді.

К е б е к. Шын ба? (*Еңлікке*) Еңлікжан! Өзгесі не болса да мынасы жақсы екен. Сонымен жекпе-жекке шығысқан соң не қылса да арманым жоқ тіпті. Жә, сонан соң не болды?

Ж ә у е т а й. Мұнан соң билер көнді: не болушы еді...

К е б е к. Билер азаматқа сөз салмады ма?

Ж ә у е т а й. Батырым, несін жасырайын! Тобықтының сойылын соғар азаматы кісі салып, көнбесін деп еді. Сөздерін тыңдаған жоқ. Қане, енді көңілің көншіді ме? Жүр енді кетейік, кетейік тез. Көзімізді жоғалтайық, көрінбейік, аямайды дұшпан.

К е б е к (*Саспай*). Көзімізді жоғалтпаймын, кетпеймін, қашқын болып, аң болуым жеткен. Ажалды осы арада тосып аламын. Өзгеден қашсам да, Есеннен қашқаным мақұл емес.

Е н л і к, Ж ә у е т а й. Не дейсің, батыр, ойбай, қой оны!

К е б е к. Қоюға болмайды. Күтіп жүргенім осы ғана болатын, шыдамым тозған.

Ж ә у е т а й. Ойбай-ау, неге үй дейсің? Аяйды деп тұрмысың? Келе жатқан бірен-саран кісі емес. Жер қайысқан қол, төтеп бере алмайсың.

К е б е к. Төтеп бермесем өлермін. Кеңгірбайдың көңілі көншісін, Тобықтының сөзі екі болмасын. Мен бұдан былай

Кебек емеспін, шіріген жұмыртқамын. Енді менің тіршілігім не? Өлгенім не?

Еңлік (*жылап*). Сәулем-ау, неге олай дейсің? Қапыда өлген арман емес пе?

Кебек. Арманда, қапыда емес (*қатты*) мен адасып жүр екенмін. Босқа ерегіседі екем. Тобықтының ырысы шығармын. Азын-аулақ пәле үшін айтқан тоқты болып кетпеспін деуші едім. Олай болмады. Менің өлімім Тобықты баласының қабырғасын сүңгілер деуші едім. Өлтір деп ұқса, байлап би берсе, не болса да болсын деп бір толқынбай азамат қалса алданғаныңды білерсің. Бағаң қандай екеніне көзің жетер.

Жәуетай. Азаматтар қайтсын, досым. Көнбейміз ...деген сөзді — айтпай отыр ма? Бірақ бетке ұстаған жалғыз бидің билігін бұзған соң, ел қайтпй ел болады. Сынап отырған жау анау. Азамат болмаймыз деп ерегесіп атқа мініп еді, осыны айтып елдің барлық басты кісісі болып, тоқтау салып, бөгеп тастады...

Кебек. Елдің басты кісісі биге ерген соң, ер-азамат оларға ерген соң, ар жағында не қалды? Айтындаршы. Жылдан-жылға мен қашып-пысып өмір бойы аң болып, тағы болып жүргенімде, көңілдегі медеуім не болды? Тілеуімізді тілеп отырған ел ағасы билер бар дейін бе? Енді өлмей қалсам Тобықты маған ел емес, жау болады. Өлімімді тілейді.

Жәуетай. Қойшы, қалқам. Тасташы осының бәрін. Жүрші кетейік, келіп қалады. (*Арт жақтан Есен шығып найзамен Кебекке тап береді. Кебек тез айналып қағып жібереді.*)

Еңлік (*жалт қарап*). Құдай-ай, сұмдық болды ғой, мына сұм жетті ғой.

Есен (*найзасын Кебек қағып жібергенде*). Қап-қап, болмай кетті-ау (*Кебекке*) аз тұра тұр бір-екі сөз сөйлеп алайын.

Кебек (*дайын тұрып ашуланып*). Сөйлетпеймін, кел енді. Қылатыныңды қыл. Былтырғы сөзіңді ұмытқан жоқпын! Өзің де ұмытпа! Ендігі кездескенде ақ-қарамды найзаның ұшы айырсын дегенсің.

Есен (*дайын тұрып*). Батыр болсаң дегбірің қашпасын үрейлене.

Еңлік. Жазғыруын қарашы. Жүз дұшпанның артындағы кісісі жетсін деп тұр ғой. (*Талықсып отырып қалады. Жәуетай басымда отырады.*)

Кебек (*ұмтылып*). Енді күтпеймін бол!

Е с е н *(ашулы)*. Кебек! Сені мен іздеп келіп тұрмын, сен мені іздеп тауып тұрған жоксың. Менің қорықпайтынымды сонан біл, менің іздейтінім жекпе-жек. Көп Найман болса сенімен алыстырмас деп, олардан ұрланып, озып кетіп келіп тұрмын. Айтпағым осы, кәне!

К е б е к. Олай болсаң жігіт екенсің. Кел Арғын Найман берекесі бізге қарап тұрған жок. Кетсе берекесі кете берсін. Кімнің басы қазаққа ұйытқы болып тұр.

Е с е н. Сені мен менің жаратылыста жұлдызым қарсы болған. Мен сенімен өмір бойы күндес болғамын, сені жеңбей бағым ашылмайтынын білгемін. Сондықтан мен сенімен өліскелі келіп тұрмын. Кел енді еркектігінді сынайын.

К е б е к. Кел, екеуіміздің де шешеміз тапқанда еркек бала таптық деп қалжа жеді ғой. Өлген соң еркек өлімінде қан майданда өліселік. *(Бір-біріне ұмтылысады, әуелі найзамен қағысады. Аздан соң Кебектің найзасы сынады, артынан Есен қуанып ұмтылғанда Кебек оның да найзасын қиратады. Содан кейін сапыларын алып ұмтылысады, алысып жүреді.)*

Е ң л і к *(қатты)*. Е, құдай! Ақсарбас осы жерде өлтірсең де арманым жок. Тілегім сол: осы арада Кебектің жанын қалдыр, жарымның, жалғыз қуатымның. Жағаласқан жауынан мерейін үстем қыл!.. *(Жәуетай екеуі шошынып, тілеу тілеп, алыстан аңдып тұрады.)*

К е б е к *(Алысып кеп Есенді қанжарымен жасқап қағып түсіріп, ашулы)*. Жастығымды ала жатпай не бопты. *(Кеудесіне басып тұрып сапыны тығып, былғап-былғап алады.)*

Е ң л і к. Жәуетай, құдай-ай, бере көр, жасаған-ай, бере көр! *(Кебек өлтіріп болған соң)* Жасаған, жарлығыңа ризамын *(Жүгіріп келіп Кебектің мойнына асылып жылап, сүйіп-сүйіп.)* Сәулем, сәулем, жаның қалды ма? Жалғызым, медеуім.

К е б е к *(Құшақтасып сүйіп)*. Кеудемді жеген жыбыр құрттан құтылды ма? *(Есенге қарап)* Жат, сол сенің сиың. Азулы дұшпан сені ала өлген соң, тіпті арман жок.

Ж ә у е т а й *(Кебекке)*. Қалқам енді кетейік. Енді бір айтқаның болды ғой. Болшы енді.

К е б е к *(қатты)*. Енді Кебектің не бағасы бар? Неменесіне жабыса бересің. Кебектің дәурені өткен. Азаматтығының, еңбегінің елге керегі жок. Орнына қуыс құрай, заман сондай болған соң азаматтығым жоғалып, еңбек қайратым ұмытылған соң менің кісілігімнің біткені, жігіттігімнің жойылғаны. Елдің

азаматы, арысы болған дәуренімнен айырылған соң мен көретін не қызық бар. Оның үстіне мінеки сұм Найманның тағы бірін қанға былғап отырмын. Осы арада ажалды тосып алу керек дейтінім сол, еркек тоқты құрбандық. Еңлікжан. Менің сөзімді ұғып тұрсың ғой? Мақұл емес пе?

Еңлік (*баласымен Кебектің жанына келіп*). Батырым! (*Күрсініп*.) Сөзіңнің бәрі дұрыс. Бірақ сенімен менің басым болса бәрібір... жалғыз-ақ мына сорлыны қайтеміз, соры ашылмаған сорлы бейбақ осы болмай ма? (*Жылап*.) Ел бүлдірген қашқындардың баласы болып, түрткі көрмей ме? Осының қақысы үшін жалтара тұрайық.

Кебек (*бетінен сүйіп*). Қашайық деймісің сәулем, сен де?

Еңлік. Қашайық, жалтарып көрейік, ызғарлары қайтпас па екен? Тас бауырлары жібімес пе екен? Егер елді бүлдіріп бара жатса, ашуы тарамаса қолдарына барамыз, менің қайғым мынау кішкене нәрестеде.

Жәуетай. Кебекжан, қайтшы ашуыңнан. Тасташы қаттылығыңды. Солардың осы жолдан соң ызғары қайтады. Тобықты өзгереді. Кетейік деймін!

Еңлік. Батырым! Көн Жәуетайдың сөзіне. Тілеймін. Мен сорлының әлде соңғы тілегім шығар осы... Қайт райыңнан!

Кебек. Сен тілеймісің, қалқам!

Еңлік. Тілеймін, жалынамын!

Кебек. Олай болса, қаштық (*қиналып*.) Сендер дайындалындар. Мен күреңкейді әкелейін (*кетуге айналады*) біз қаштық, біз өмір бойы аң боламыз, қоянжүрек қорқақ боламыз, көрінген адам баласынан қорғанатын келін боламыз. (*Мылтығын алып кетеді*.)

Төртінші көрініс

Жәуетай. Кел, Еңлікжан, дайындайық енді, киіміңді ки, Еркешті маған бере тұр. (*Алады*.)

Еңлік. Ұйқысынан әлі оянған жоқ бейшара. Күнің не болады? Әке-шешенің сорына тудың ба? Әлде не болады?

Жәуетай. Қайғырмаңыз, түк те болмайды. Осы арадан аман-есен кетсек болды. Найман ізімізді де таба алмас.

Еңлік. Келе жатқан кісілер көп пе, құрдас-ау! Мылтықтары бар ма екен?

Ж ә у е т а й. Көбі көп қой, ол иттердің ішінде, әсіресе Еспембет деген қанішер бар (*Есенді көрсетіп.*), мынадан соңғы ызғары қайтпайтын сол. Қолында білтелі қара мылтығы бар .

Е ң л і к. Одан баскасында бар ма? Құдай-ай сақтай гөр (*Қосқа кіре береді де, дүсір естіледі. Көп кісі қосқа қарай ду жүгіреді. Дауыс естіледі*). Келді... келді... жаратқан, төбеден ұрдың ба?

Бесінші көрініс

Д а у ы с т а р. Қапта, қапта... керей, Найман! Әруақ, әруақ! (*Жүгірісіп келіп жасау тиеді. Еңлікті ұстайды, қолдарында найза, шоқпар. Тымақтарының құлағын жымырған.*)

Е с п е м б е т. Токта шуылдамандар (*Есенді көріп.*) Мынау Есен ғой, өлтіріп кеткен екен ғой?

К ө п д а у ы с. Бұл не деген сұмдық! Бауырым Есен! Ойбай бауырым ...

Ж о м а р т. Қанішер Тобықты, қанқұйлы Тобықты, тағы қылған екен ғой есеңгерірім-ай!

Е с п е м б е т. Жә, болды, шулама! (*Тоқтайды.*) Өлсе өле берсін! Онымен Найманның саны кемімейді. Оған боқ басына өл деген кісі жоқ, (*мазақ қылып*) жекпе-жекке шыққандағы тапқаны ғой. Айтатын дәнеңе де жоқ. Есен бұл күнге шейін батыр болса, енді батыр емес. Тобықтының жығылған жығасын қайта түзеген Найманның шіріген жұмыртқасы. Жылаған жасымнан садаға. Токтандар бір ауыз сөз айтпай өлекесіні жиып алыңдар. (*Тым-тырыс*). Кебек жоқ екен ғой, дабылдарыңды естіп қашып кетпесін, әлде кетіп қалды ма екен?

Ж о м а р т. Мынау қашқын қыз біледі ғой жайын айтқызыңдар осыған.

1-ш і ж і г і т (*Еңлікке*). Айт жаның барында?

Е ң л і к. Мені ұстаған соң батырымды да ұстадыңдар ғой. Мені тастап ол кетпейді, мұраттарыңа жеттіндер ғой. Құдай-ай, ең болмаса өзі аман қалар еді қашып та кетпеді-ау!

Ж і г і т. Амандық па әлі сенің іздейтінің.

2-ш і ж і г і т. Тырнақтай түйсік болсашы өзінде.

Ж і г і т. Сенің лаңың жетпеді ме, әлі де мына қызыл қанды тағы да сен төгіп отырсың, Тобықтыға қол артсам, Найманның қолы жетпейді дедің ғой. Пәлем, әлі тоқтай тұр. Батырыңның да, өзіңнің де сыбағаң мығым.

Е с п е м б е т. Жә! Қарап тұрып қапыда қалмайық, жарым-жартың іздеңдер! Бұл қыз көлгірсіп тұр алдап. Бар, жөнеліңдер,

ол қашса да әлі ұзаған жоқ. Сүзіндер осы шат-шаттың бәрін. Мә, менің мылтығымды ал біреуін. Бар! *(Бірталай жігіт кетеді. Қалғаны он шақты.)*

Ж о м а р т *(Жәуетайды көрсетіп, мазақ қылған пішінмен).* Мына біреу жігіттің бағана ант-суды ішіп-ішіп енді тұрған жерін қара *(Күліседі)* уу-уу... ой кәпір, пысық екен, қанша айтқанмен құтқарып әкетіпті ғой?!

Е с п е м б е т. Тұра тұрсын ол әлі, Кебек табылмаса сыбағасын өзіне тартқызамын *(Кебек шығады.)*

Д а у ы с т а р. А-а батыр, келдің бе ажалың айдап...

К е б е к *(Мылтығын кезеп, тұра қалады).* Келдім... Мен Еңлікжан өлген жерде өлем деген уәдем бар, сол үшін келдім... Тағы жастығымды ала өлейін бе? Ажалсыз қай Найман барсың, айтшы маған.

Е с п е м б е т *(кеудесін ашып).* Ат міне мені, Найман құрым қалса көрерміз.

Е н л і к *(жарыса).* Сәулем, атпа, ойбай тілеймін, еркек тоқты құрбандық деп еді ғой. Арғын, Найманның қалған елі қарғамасын бізді, өлсек те жазықсыз болып өлейік.

К е б е к. Дұрыс, қалқам *(Мылтықты тастап)* ал ендеше, мінеки білгендеріңді қылыңдар.

Е с п е м б е т *(жылдам барып мылтықты алып).* Жә, байландар қызбен екеуінің қолын. Не тұрыс енді.

К е б е к. Еспембет! Қылмағыңды қолымды байламай-ақ қыл, қарсылық қылсам мен бүйтіп тұрар ма едім.

Е с п е м б е т. Ол сөздің керегі жоқ — қане олай болса мойнына арқан тақ, екеуін де буындырып өлтіреміз. *(Жігіттер Еңлік пен Кебекті ұстайды.)*

Д а у ы с т а р. Өлетін жерлерің келді енді, имандарынды айт.

Ж о м а р т. Арқан әкел! Тақ мойындарына *(жұрт шулайды. Жатырлайды.)*

Е н л і к. Уа, азамат аталы елдің баласысың, жақсың бар, жаманың бар, өлтірерде үш тілек бар емес пе еді? Қыршын жасымыз қиылғалы тұр ғой. Үш-ақ түрлі тілек айтам.

Д а у ы с т а р. Керегі жоқ айтпай-ақ қойсын. Сендерде не тілек бар, ел бүлдірген қыздың не берекелі тілегі бар дейсің.

Е с п е м б е т. Жә, шуылдама! Айтсын... айт!

Е н л і к. Кебекпен арыздасайын, айырылысар жерім еді ғой. Екінші өлтірген соң екеуімізді бір жерге көміңдер *(жылап)*, үшінші бізде жазық болса да, мына сорлы нәрестеде жазық жоқ, — еді ғой. Тобықтының сүйегі еді, осыны биге тапсырыңдар. Бар тілегім осы.

Е с п е м б е т. Дұрыс, бердім тілектеріңді, арыздаса ғой ана жарыңмен.

М а т а қ (*көптің ортасына шығып, Кебекке келін*). Қарағым, еркек тоқты құрбандық деп еді, ел тыныштығы үшін өзі де басын киып жүріп еді ғой деп, елдің жақсысы мына Найманның қолына беруді ұйғарды (*жылап*) берерін берсе де би атаң жанын бергеннен кем болған жоқ, қарағым, қыршын жассың, ашуың құрыш болып ішінде кетпесін. Тобықтының еліне айтар арызың болса, маған айт, жарығым, би болып, Көбей болып мені саған жіберді, қоштасқаның осы, бізге айтар, сәлемің болса, ақырғы сөзің болса айт.

К е б е к (*салқын пішінмен*). Тобықтының баласына менің сөзім жоқ. Ендігі сөзім жетіп жүйесін босатпай-ақ қойсын. Тобықты беріктік қандылығынан таймасын (*Еспембетке*.) Менің арызым, Еспембет, сенде!..

Е с п е м б е т. Айт менде болса!..

К е б е к. Менің айтатыным: мен де Тобықтының асыл сүйегімін ғой, біздің мойнымызға арқан тағып өлтірме. Мен Еңлікпенен құшақтасып арыздасайын, сол уақта, қолыңдағы мылтықпен өзің ат. Әйтеуір өлген соң әркімнің қолынан өлмей Есенді мен де өз қолымнан қан майданда өлтірдім. Елдің айбынды биісің, сенің қолыңнан өлсем арманым жоқ (*Еңлікке*.) Еңлікжан, менің осы тілегіме сен де ризамысың.

Е н л і к. Ризамын.

Е с п е м б е т (*өзгелерге*). Олай болса, босат екеуін де, арыздассын. (*Мылтықты алып, көздеп тұрады. Еңлік, Кебек жақындасады өзгелер шетке кетеді.*)

К е б е к. Еңлікжан, жаным, аз күндік жолдастығымда артықкемді сөз айтып, көңіліңе ренжу салсам кеш, бұдан басқа не айтамын. (*Құшады.*)

Е н л і к (*жылап*). Жарығым, өзің де кеш, ақыретте көрісуге жазсын! (*Сүйіседі! Мылтық тарс етеді, екеуі де жығылады.*)

К е б е к. Жығылып бара жатып: Абыз!.. Абыз!..

М а т а қ, Ж ә у е т а й (*жылап жүгіреді*). Арысым... арысым... (*Басына барады.*)

Е с п е м б е т. Найман, іс бітті, жарты кек қайтты. Есеннің қанын тағы жоқтаймыз Тобықтыдан, тартыңдар елге. (*Жөнеледі. Матақ, Жәуетай жылап отырып қалады.*)

Ш ы м ы л д ы қ



ЕҢЛІК — КЕБЕК

**Төрт актылы, бес суретті трагедия
(Жаңадан түзелген түрі)
1943 жылғы нұсқа**



ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР

К е б е к — жас батыр.

Е н л і к — сүйген қызы.

Е с е н — батыр.

Н ы с а н А б ы з — кәрі ойшыл, ақылгөй, ақын, дана.

К е н г і р б а й — Қабекең (би).

Қ а р а м е н д е — би.

К ө б е й — ол да.

Е с п е м б е т }
Ж о м а р т } найман билері.

Ж а п а л — қойшы бала.

К е м б а й — тобықты кісісі.

М а т а қ — ол да.

Ж ә у е т а й }
Қ а л д а ш б а й } тобықты жігіттері.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Абыз мекені. Қоңыр, күнгірт үйде күнгірт сәуле. Ауыр мұңға батып Абыз отыр. Қолында қобызы. Жаңа ғана күй толғап тоқтаған.

А б ы з. «Көкей кесті», «Көкей кесті» күй не дейсің? Уа, не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей (*жымыын*) күшік!.. (*Қобызына жағын сүйеп, ыргала толғанып.*) Пак пәруәрдігәр!.. Бе-еу! (*БІңыранып, Асан қайғының күйіне үн қосып.*)

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер!

Ащы зарлы Асан сен ең, алыстан сарын қосқан Нысан мен ем...

Тұнығым ылай болды,
Уа, тұнығым ылай болды,
Қуғыншым құмай болды.
Құтылар қайран жоқ,
Сор қамар сынай болды.

(Асаниша толған)

Алданар жоқ, арман көп,
Кәрің қайтып күн көрер!
Жарастық жоқ, жалын жоқ,
Жарым қайтып күн көрер!

Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтып күн көрер!
Бәрінің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер?!

Кәрі көңіл о бір зәр. Күні еңкейіп көлеңке басқан бейуақтай. Самал желі мұздай, көк майсаны сыздай етті. Бізғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдатып ол келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды, от шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны.

Қайта сарындап, қобызды күңіrentіп кетеді. Көбей кіріп, үндемей отырады, қасында үнсіз жолдастары — ол Кембай, Матақ. Абыз сарнап отыр.

Күйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер.
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер!

(Ыңыранып, бір ырғақты сөзсіз міңгірлеп айтып кеп, аяғында.)

Елім қайтып күн көрер! *(деп тоқтайды)*. Көбеймісің, жарқыным? Аз ауыл тобықтың не күйде? Елің, ерің аман ба, ұлдарым?

К ө б е й. Ел тыныш, ер аман, баба!

К е м б а й. Күйің қалай, жақсы аға?

А б ы з. Күйдің несің айтайын. Тобына ере алмай, жырылып қалып, бір қуыс шатты мекен еткен кәрі бұғы қайтушы еді? Тек өздерің бар бол!

К ө б е й. Көптен келіп алдыңнан да өтпедік. Оң жүрміз бе, теріс боламыз ба? Анда-санда бір өсиетің тездей болушы еді, қарт баба!

А б ы з. Барыстарың қалай, шет пе еді, ел іші ме?

К ө б е й. Ел ішінің бір сөзі болып, би шақыртқан екен, соған барамыз.

А б ы з. Ел ішінің не сөзі бар, сөйлеп кет.

К ө б е й. Дәл бүгінгі белесте соны айтайын дерлік даурық жоқ, баба!

А б ы з. Ұлым, маған сөздің кешегі, бүгінгі дейтін сүрі, жасының паркы жоқ қой... Табанды би майталман шығар ма, еліне қайырым қылар ма? Текпілі батыр бәйшөгел шықты ма, бетінен жау ықты ма?

М а т а қ. Еліне еңбегі асқан ұлы кім, соны білмек қой.

К ө б е й. Айтайық, айтайық, баба, оларың бар бүгінде, жоқ емес...

А б ы з. Әлі береке десе кер кетіп, пәле десе жұлынған тоқсан сусар тон берсеңде, тоқсан қара нар берсең де бітпеймін деп басқа шауып, төске өрлеген матай бауырыңмен бітім таптың ба, табыстың ба, түге?

К ө б е й. Таптық, тындық қой, баба.

А б ы з. Қай ер қандай қамқор қайрат етті? Қайтып тыным таптырады? Ұзаққа табыстың ба, жоқ алданыш аял ма? Еміреніп ел табысты ма?

К ө б е й. Баба, матай сөзінің басы таудай болып келсе де, аяғы сиырқұйымшақтап келіп, қылдай болып кетті.

А б ы з. Не дейсің... Есе бермедім, еңсеріп ұттым дейсің бе?

К ө б е й. Басында бұрқ-сарқ етіп келген бетінде ашуы құйып тұрған нөсерге өшпес алау атып тұрған өрт еді. Бірақ біздің бидің айбыны мен айласы сол ашуын басты ғой.

А б ы з. Сол қара шал жақсы дер ем, тек жау таппай, бауыр таптырса екен еліне?

К ө б е й (*күліп*). Батыр болсаң бопсаға шыда дегендей... Ерліктің, ептің үлкені бопсаға шыдау екеніне көзіміз жетті. Жүрек қобалжымай, табан таймай, қасқайып тұрып салысуға шыдастық. Би солай сілтеді. Содан матай шырайлана бастады емес пе?

К е м б а й. Жарықтық біздің би сырттан ғой... Тобықтының асқар белі емес пе?

А б ы з. Бұл да бір анда-санда кезігер, өткел сындай жер еді. Таптың, таппадың ба, болжау қиын. Есебім озды деймісің? Есесі қалды десеңші. Ауылдастың тайы озып тұр ма әлде! Алдың тыныш дей алмадым-ау... Қасың қазақ! Қазақ халқың... Құрсауың бүтін көрsemші... Шоғырың ғана бүтін-ау... Батырың қане, ол не дейді? Бар ма бағлан?

К ө б е й. Бар ғой, баба, ер тумаса ел бола ма?

А б ы з. Аташы атын.

К ө б е й. Аты Кебек.

М а т а қ. Кебек деген ерек боп тұр.

А б ы з. А-ау, ана бір естігенім болар ма, Тоқтамыстың інісі ме?

К ө б е й. Сол, баба!

А б ы з. О кімді алды? Алыс па еді, жақын ба еді сілтегені семсерін?

К ө б е й. Тағы сол матай ғой. (*Абыз солғын қарайды.*)

М а т а қ. Алысқан соң алыс, жақын деп тұрсың ба?

К е м б а й. Е, күш атасын тындар ма! Бұл өңірдің бұдан асқан ері жоқ.

М а т а қ. Бақ берсін бақырға, тайталасар тұрғысы жоқ...

К ө б е й (*көтеріліп*). Матайдың алғашқы екпінін су сепкендей басқан да сол Кебектің бір өзінің қайраты ғой. (*Абызға.*) Матай қолын бастап келе жатқан өңшең ығай мен сығай, көкжал бөрі дәл жортуыл басы он бес батырға жалғыз өзі майдан берген. Қандай қып берген десеңші! Қиын шақта жапа-жалғыз соқтығып, жетеуін бірдей бірінің үстіне бірін ұмар-жұмар түсіріп, сегізін түре қуып кеткен... Сонда қалың қол бассыз қап, боранды түнде

қасқыр шапқан жылқыдай ықпасын ба? Кебек жаңағы қашқан сегізін бірдей тағы түсірген. Бар батырын бір батырға байлатқан қол енді қайтып ес жисын? Кебек қырық қана жігітпен бар матайды бидайықтай бүрген кеп. Сонымен жерден кумақ, қор қылмақ боп келе жатқан матай еріксіз кеп біздің бимен бітім, байлау сөйлесіп, жолға түсіп, жөнге көшетін болғаны емес пе? *(Күледі.)* Таяқ батқан соң есі кіріп қапты...

М а т а қ. «Құштарым берекең бе еді, ерекең тұр ғой қайтейін» деп, матайдың өз ішінен де сылтың айтып кеткендер бопты.

К е м б а й. Сылтың айтар, бірақ шер айтқан да болыпты ғой. Кебекке орай ер шығармасам ел болмайын десіпті. Кебектен осы кегімді әперер ер шықты деген күні өлсем арманым жоқ депті бір батыры.

М а т а қ. Анау он бестің бірі Көшен батыр екен... Сол еліне барып, кек дегеннің табынан сары ауру боп жатып, құсадан өліпті деседі.

К ө б е й. Рас, солай деседі, баба, Кебек ұлыңның туы солай шалқып тұр, бүгін аз ауыл тобықтыңның үстінде.

А б ы з *(өз-өзінен шөккендей, сырт айналғандай мұңға кеткен. Қобызына таянып қапты).*

Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтып күн көрер!
Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер...

(Көбейлер бір-біріне қарасады да, иіліп қош-қош айтып, шығып кетіседі.)

Әреке деген көк ауру, сені тыяр талқы жоқ
Ішті жеген жегінің жерге кірер қалпы жоқ,
Барар бетің батпақ сор, күн түзелер тарпы жоқ.

(Құлақ, күйіне басып.)

Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер..

Есен кіреді.

А б ы з. О, қай ұлсың?

Е с е н. Уа, баба, арғы атам Найман, бергі атам Сыбан, өз атым Есен, елім қосқан атым батыр Есен.

А б ы з. Мерейің ассын, ұлым!

Е с е н. Алдияр, дегенің келсін.

А б ы з. Ұлым, не жаймен жүрсің?

Е с е н. Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, балуан білек керек. Енді бірінен өту үшін тәңір үстем қып жаратқан талап керек. Титығымды сол құртады. Осы екеуіне де өзіңнен бата алайын деп келдім.

А б ы з (*аз кідіріп*). Ұлым, екеуіне де кеудесі қуыс пенде қосар күш болар ма. Ұрынамысың, ұрынтармысың, бір өзіңнен көрер ме екенсің. Айтып көрші мән-жөнін.

Е с е н. Баба, жылқы ішінде аладай, аз тобықтының ағасы емессің. Елімнің Абызы деп келдім. Алғаш айтқан кезеңім, алапаты асқардай батырмен күш сынаспақпын. Кездескелі ізденіп жүргенім өзіңнің іні батырың Кебек! Өшім бар сол тобықтыда. Ағам Көшен жан кемітер ер ме еді! Кебектен көрген күйіктен, құсадан өлді. Кемімес кегім бар деп, өлерде өсиет қып кетті. Аямастық антым бар. Бірақ қапыда алмаймын. Қасиетімді жоймаймын, сертім осы. Себін тигіз, бата бер! Содан қалған бір кезең жастық, албырттық кезеңім. Матай қызы жесірім інімді менсінбей кетем дейді. Ерден кетсе де, елден кетіретер мен бе едім? Бірақ қыз-қырқылжың түлкідей болғанда, мен шынымды айтайын, айласызбын. Су бүркіті саскалақ сарыдаймын, ілінбей жүр, ілгізбей жүр тау тағысы көкшулан. Шеңгеліме сол түссін. Бейлің бер, бата бер.

А б ы з. Батыр десем... белге шықпай ойда ойнақшыр бейпіл ме ең. Азамат десем ауыл үйдің тентегі ме ең? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де. Кегім десем — зықымды алған зұңғарды айтсам не етуші еді? Ашуды айтсам, Ақтабан-шұбырынды ма еді ұмытарым, тастарым. Елдігім қайда сондағы? Қусам соны қусамшы. Кесескенім Кебек болса ертсемші сол жолға, салыссамшы, жарыссамшы сол жауға қарсы сілтеген қайқы қара жолында... Елің үшін ермесе, сонда алсаңшы бар есенді. Төңірегінді торыған жатты көрмей, жағаласар жауың жақының бопты. Жарқыным, мен емес ертер серігің!

Е с е н. Болды, баба! Тоқта, баба, толас бер. Жеңілдім, жеңдің сен мені... Тек осы кебің Кебекке жетпей жүрмесін... Жеңілдім, жеңдің... жеңдің, бай-бай, сен мені! (*Деп атқып жүріп кетеді.*)

А б ы з. Әрекетте алқын зор,
Береке мұнша неге қор?
Кеселді іске керме жоқ.

Қаусырмалап қалың тор,
Халқым қайтып күн көрер!
Күн кейпінде тағы сор,
Алдым тағы қара нор,
Жапқын жүзді жақсы жок.
Асылымның бәрі бор,
Халқым қайтып күн көрер!

Кебек келеді. Ол батыр пішінді емее, сұлу сәнді бозбала. Сыпайы түрде іліп тағзым етеді. Абыз таңырқап, қызыға қарайды, күтпеген окшау жан тұр.

Мерейің биік шоқыдай,
Келіс көркін тотыдай
Қызықтырған қай ұлсың?

К е б е к. Армысың, әз аға! Асыл аға!
А б ы з. Бар бол, немен жүрсің, жарқыным?
К е б е к. Ойдағымның бірін ірікпей, барын айтсам болар,
ма екен, әз аға?

А б ы з. Айтарсың, ұлым, айтарсың. Жат айтпассың, жақсы айтарсың. Ажарыңнан аңғарам... Жауың бар ма, сопы айтшы?

К е б е к. Бірде-бірге өшім менен қасым жоқ... Жауым жок менің!

А б ы з. Бәрекелде, баламысың! Досың бар ма?

К е б е к. Өз көңлімді барласам дүниенің бәрі дос. Жарқыраған күн де дос, тұнжыраған түн де дос. Бәріне де жаным шат! Бірақ, баба, бір деп бекем ұстаған анық досым өзі жоқ... Айып қылма, әз аға. Сүйерім мен сүйсінерім мүлде көп. Сауық құрам, — ән сүйем, саят құрам — аң сүйем, жалын ұрам — жар сүйем. Қазір де міне сүйгендеймін, ынтығам. Бірақ қайда сол, кім сол өзі, кезікпедім, таппадым. Тек алдымда нәркес қана қара көз: «ізде мені, тап мені!» — деп, тұнжырап қана бір қарап, наз тастап қана бір кетеді! Кезігермін бе, табармын ба мен соны? Көрмес бұрын сүйген ем, көрермін бе сол ғана бір көз нұрын?

А б ы з (*күлімсіреп, ұққандай*). Қайтсын-ау, сыңқыл-сылтың... сылтың-сыңқыл тілейді-ау жас бейбақ! Көктемнің көркін-ай... Мамырдың бір нұр шуағы дермісің! Жасты көрсем, осылай керсемші!.. Бақ талай баршындай! Кебегім болармысың осы сен?

К е б е к. Сол баланың өзі едім, баба.

А б ы з. Қас демейсің, дос көксейсің. Сүйсінемін бұныңа. Қас іздесең, алыстан ізде. Алысқа қара қырандай.

К е б е к. Алдияр ата, ақылыңды құп тұттым!

А б ы з. Тілегенім менің де сол жолдағы талайың болсын... Бірақ жаңа нені айттың? Алдында бұлдыр сағым ішінде бұлыңдаған бір кезең боп сол тұр ғой! Соқпай өтер дей алмаймын. Не табарсың, не көрерсің сол белде? Ұшырарсың, ұшыратарсың сен оны! Ұшырамас түрің жоқ. Тек ұрынып, ұрынып қаласың-ау, балам, жан балам! Толастар күн, токтатар күш тағы жоқ. Кімге кезігерсің? Тым болмаса қылымсыған қырмызыдан сақтаншы! Тым болмаса, ең болмаса биыл ұрынбашы, бұл түрінде таппашы... Албырт көңіл тақат қоймай апкетердей түрің бар... Содан, содан қорыққан мұңым бар... Апкетер-ау еңсенді..

К е б е к. Бағымды ашсын, батаңды бер, эз аға... *(Қойнынан құндыз алып, Абыздың алдына салып.)* Ақбас құндыз алдымды ашсын, бата бер.

А б ы з.

Адалдан бер, ақтан бер!
Бәлекетін жатқа бер.
Ер маңдайын баққа бер!
Абырой асар жаққа бер!
Қара түндей қазақы
Қас ойлаған жатқа бер!
Сөнбес күндей шат көңіл
Жазығы жоқ жасқа бер!
Адал жолды аққа бер
Мерейі асқан өренім
Кебек сынды таққа бер!

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Тау іші, жартас. Әндетіп Жапал шығады, қойда жүр. Айналаға көз салады, тастан-тасқа шыға жүріп әндетеді. Қойшы әні.

Ж а п а л.

Шек-шек, шек-шек, шегенек!
Мал ішінде көбелек.
Тасты көрсең телмендеп!
Жүгіресің жебелеп!
Тынымы жоқ, тыныштық жоқ
Құртты құйрық кебенек!

(Құшырланып қайырады.)

Шек-шек, шек-шек, шегенек!
Қош-қош, қош-қош, қошақан.
Майлы құйрық момақан.
Бөрі көрсе бор кемік.
Бар буыны босаған
Тауда тарлау, ойда өлең
Тапса бойы жасаған
Қош-қош, қош-қош, қошақан!

(Биік тас басына шығады. Айналаға көз салып.)

Шыңғыс! Қара қойтас қан Шыңғыс! Онда Шыңғыс, солда Шыңғыс... Анда Шыңғыс! *(Жан-жағына қол созып.)* Анда Шыңғыс... Анда Шың... Шың? Тоқта, бұл не? Жұлындай жерден жіптіктей түгін емес, шаң бұрқ етті... Тағы, тағы! Бұрқ-бұрқ... О-о, будақ-будақ шаң шықты. Төбелес, барымта... қуғын... Тағы және шабуыл да сабуыл... Қайран Шыңғыс, күнде осындай жойқын төбе! Жортуылшы. Тентек батыр, жентектесті тағы да! Пай-пай! Шіркін, батырда да арман бар ма екен? *(Басын шайқап.)* Әй, бірақ осындай қойшыдан батыр шығушы ма еді? Жо... шығады. *(Қиялға кетіп.)* Астымда мейіздей қатқан ақ бедеу, қолымда мейіздей қатқан қара шоқпар. Ай тастай қараңғы... Жау қатты. Күндіз әлгі бір жаман қойшы бала қызыл тасқа бесінде көп бекінген. Тобықтының түстері суық, өңшең көк темірге құрсанған ығай мен сығайы... Қалың жауын көріпті. Я, ауыл шошынып тұр. Жылқышының бірі қорқып-пысып жүр... Бірталайы: «Е, қайтушы еді, Жапал бар!.. Жапал ағам бар... Жойқын Жапал батыр бар!» деп ағанды арқа тұтып жанасалап жүр. Үркер көтерілетін кез болды. Тап түн ортасы... Жылқыны қомақтап жусатқалы келе жатыр ек... Ағаң қалың жылқының тең ортасында келе жатыр еді. Ақ бедеудің құлағы қайшыланып, елең ете түсті. Сол-ақ екен «кеу-кеу-кеу-кеу, ке-еу!»— деп қалың жау қаптап қоя берді! *(Тастан секіре бере.)* Уай, немене, сонда ағаң кеп, ақ бедеуді жамбасқа салып-салып жіберіп тапап берді-ау!.. *(Өзін-өзі қамшылап, тасты бауырлап жүгіре беріп, қызып айғайлап.)* Қайт-қайт! *(Деп тап бергенде дәл бүйірдегі тастан аса бере Еңлік бұның өзіне дүрсе қоя береді.)*

Е н л і к. Ұрып таста! Ұрып таста! *(Жүгіреді.)*

Ж а п а л *(оқыс шошынып қап, жалт беріп, жата кетіп.)*
Ойбай, олда! Ағатай! *(Қырылдап қалады, даусы да шықпайды.)*

Е н л і к *(күліп, мазақтап.)* Ойбу бетім, батыр шөгелім-ай!
Барың сол-ақ па? *(Күледі.)*

Ж а п а л (*есін жинап*). Е-е, қорықты ғой деймісің, тапқан екенсің... қорқағыңды.

Е ң л і к (*күліп, мазақтан*). Е, мына тасты құшақтап жатқаның не, тасбакадай тарбиып? (*Күледі.*)

Ж а п а л. Бәрекелде, мынаң қара! Төбелес тәсілінен түк білмейтін қызды қара... Масқара!

Е ң л і к (*күліп*). Масқара... Төбелесіп қырып жатырсың ғой, тегі.

Ж а п а л. Ой, бәлі... Айбалта, сойыл тимесін деп ат жалына еңкейіп, жабыса шапқаны емее пе? (*Тұрады.*)

Е ң л і к. Ай, батырым-ай, қоянның бойын керіп қалжасынан түңіл дегендей, осы сен екеуміз батыр болмай-ақ қойсақ не етер еді?

Ж а п а л. Неге? Батырлық жаман ба?

Е ң л і к. Неге жаман болсын.

Ж а п а л. Батыр жаман ба, әлде?

Е ң л і к. Жоқ, о да жақсы...

Ж а п а л. Ендеше дәл осы өзің батыр болар ең-ау, Еңлік апа. Бірақ керегі не, мал берген жетеді де! Кетерде... (*Еңлік боп ойнан жылап.*)

Ақ көйлектің етегі төкпелі-ай,
Мен әкеме өкпелі-ай...

(*Еңлік күледі.*)

Өкпелемей қайтейін,
Бір-екі ай маған көп пе еді-ай!..

Қайран апа, кете барасың-ау жаманға...

Е ң л і к. Қимаймысың сондайға?

Ж а п а л. Жаманға қимаймын. Тек батырға ғана қияр ем... Не өзің батыр бол. Садақты қандай тартасың, жүрегің де сескенбейді. Ерсің... Не болмаса батырға, таңдап жүріп ең елден асқан батырға ти. Соған серік бол дер ем...

Е ң л і к. Жаным-ау, оны маған кім береді?

Ж а п а л. Е, жоқ па сондай. Бар ғой осы өңірде.

Е ң л і к (*кіналай қарап*). Немене тағы, Есенді айтайын деп пе ең?

Ж а п а л. Жоқ, ол емес...

Е ң л і к. Енді кім?

Ж а п а л. Бар дейді ғой талай батыр! Кебек деген елден асқан бар дейді, естімеп пе ең атағын?

Еңлік. Естіп ем, көп естіп ем. Көп мақтайды. Бірақ көріп білген емен.

Жапал. Атағына ақылы мен көркі де сай дейді. Бөлек дейді ғой, Еңлік апа!

Еңлік. Тірі болсын азамат, асыл ер!

Жапал. Бірақ тілеуін көп тілемей-ақ қой, пайда жоқ.

Еңлік. Е, неге айныдың?

Жапал. Ол бізге жат, бөтен ғой... Тобықты емес пе?

Еңлік. Ә, солай ма еді?

Солғын оймен шет кете береді. Ән айтып бара жатады. Кетеді.

Жапал сол әнге алыстан қосылып қалады.

Ата-ана әлпештеген баласымын,
Көзінің ағы менен қарасымын.
Аға жоқ, бауыр да жоқ, жалғыз басым,
Кәрілер сүйеу көрген дарасымын...

(Кеткен.)

Жапал *(тастан қарап)*. Мынау кім? Тағы келеді екен. Тауда Еңлік әні естілсе болды, қоянды қуған қасқырдай салаң ете түседі. Токтай тұр!..

Ақырын баспалап қарап, жаңағы әнді айтып, тасты айнала береді. Еңлік үніне салып айтады. Аздан соң Есен көрінеді. О да баспа қып келеді. Бірақ жүрісі сөлекет.

Есен *(тастан айналып келе жатып)*. Еңлік! Аспанда қалқып келе жатқан қос қыран... Тастан қылып етіп асқан ал қызылдың жонын шалып қалғаны, Еңлік, көрінші енді көзіме!.. *(Айналып кетеді. Жапал әндетіп баспалап қашып жүріп, көрінбей айтады.)*

Жапал. Еңсесі кетіпті... Әукесі түсіп жүр! *(Кетеді.)*

Есен *(іздеп келеді)*. Еңлік! Ойнама, Еңлік, Қашпа, жаным... Көрін менің көзіме. Бұл қайда мүлдем! Еңлік Еңлікжан, уа мен!.. *(Ән алдында кетеді. Жапал әндетіп тағы айналып шығады.)*

Жапал. Қоян қуған құтаяқтай. Барыққанша көрмесің. *(Кетеді. Есен тағы айналып шығады.)*

Есен. Уай, Еңлік деймін, қашпа менен, қашпа, жаным, қинама. Қайда ғана батып жүр, тоба! Әй, бәлем, тұра тұр... Ойнайсың ғой. Ендеше, тәңір бергені. *(Қайта бұрылады. Жапал да қайта айналады. Ән. Есен ыза бола бастайды.)* Уа, болды... болды, Еңлікжан! Көрін... көрін, ойбай, көзіме! Уау, ойбай... Қайдасың, Еңлік...

Арлы-берлі сарп ұрады. Киімін жұлып тастап ұмтылады. Жапал әндетіп шығып, киімін алып кетеді. Есен тағы шыққан, мүлде талған.

Сықыр ма бұл, ой тоба! Жын ба, сайтан ба?.. Уа, Еңлік, ойбай. *(Тап береді де тастан айнала берген Жапалды құшақтай алып.)* Айналайын, бал тәттім! Бал тәттім! *(Жапал ақыра қарайды.)* Әй, әрмен сілемді әбден қатырдың ғой, түбің түскір! Сен сүмелек неге жүрсің?

Ж а п а л. Е, қойда жүрмін...

Е с е н. А-а, қой, қойда... Рас, қойда жүрсің! Жапал, е-е қой, қойда *(Күліседі.)* Әй, жаман бала, уа бер ке... Жә, ал айт!

Ж а п а л. Нені?

Е с е н. Қызды айт деймін.

Ж а п а л. Қай қыз?

Е с е н. Ой, түбің түскір, Еңлікті айт деймін!

Ж а п а л. Еңлік?

Е с е н. Жә, ал! Өзі немене... былай? Немене... Жақсы ма?

Ж а п а л. Жақсы.

Е с е н. Мінезді ме, былай?

Ж а п а л. Мінезді.

Е с е н. Ақылды ма өзі, былай?

Ж а п а л. Ақылды

Е с е н. Ал, сонсоң ақсақ қой айдағандай немене өзің? Айт, айтсаңшы енді...

Ж а п а л. Нені?

Е с е н. Ой, түбің түскір, айтсаңшы былай... өзі немене, мінезді ме?

Ж а п а л. Білмеймін...

Е с е н. Жаманаты жоқ па, былай?

Ж а п а л. Білмейім...

Е с е н. Уа, жігіті жоқ па, былай?

Ж а п а л. Білмейім...

Е с е н. Ой, түбің түскір. Біл, ендеше соны! Анды, Ұқтың ба? Анды... Үндемей, бар жүрісін анди бер, былай!

Ж а п а л. Рас па? *(Оқыс ойнақшып.)* Ал Еңлік келеді. *(Есен қалбақтап, сасып қалады.)*

Е с е н. Ой, жаман бала, сен түбің түскір, айтпа әлгіні ол қызға... *(Еңлік келеді. Есен қызығады.)* Еңлікжан, айналайын, Еңлікжан! Қызығам!.. Қызығам-ау, қайтейін.

Еңлік. Алда, батыр-ай, солай ма едің? (Күледі.)

Есен. Солай... солай емей қайтейін... Тақатым қаны, Еңлікжан.

Еңлік (күліп). Батыр, батыр, бұ қалай... Неге мұнша бүлініп тұрсың? Бұның нең?

Есен. Еңлікжан, сынама... сынама тек... Бейілің бер, шырайың бер.

Еңлік (салқындап). Не дейсің, Есен?

Есен. Еңлікжан, сөйле... Сөйлеші маған! (Еңлік салқын, үндемейді.) Неге үндемейсің... (Түңіле бастап.) Сөйле деймін.

Еңлік. Саған айтпақ сөзім бар ма еді, не айт дейсің?

Есен (қатайып). Ерке қыз, бұл кемсіту ме, мазақ па? Найманның неше ұлын алдамақ ең. Бірақ мені алдау құр кетпейді... Мен батырмын.

Еңлік. Батырлығыңды қайтейін, аңғалсың. Алдайын деген кісіге кез келсең, елдің алдымен сені алдар.

Есен. Уа, не қыл дейсін, жөніңді айтшы осы маған.

Еңлік. Менің затым әйел, қайратыңмен жұмсатам деме, ебіңмен кел... Жөніңді өзің айт, аңғал батыр.

Есен (тағы жұмсап). Еңлікжан, сенің ісің құрулы садақ, құрсаулы жаудан қиын болды-ау осы маған. Ерден кетсең де, елден кетпе. Аталы рудың келінісің. Аруақты қорлама. Інімді менсінбесең, өзіме ти. Мен саған құштармын дедім. Не дедің сен осыныма?

Еңлік. Ата намысын қуған ұл болсаң, өз құлқыныңды қоя тұрар ең-ау!.. Тегі көрде жатқан аруақтың басын ауыртпай-ақ қойсаңшы. Одан да ініңнің намысы қайда! Ол сенің мойныңа қарыз емес пе? Мен әлі іңіңе бармаймын деген сөзді айтқаным жоқ қой. (Күліп.) Аздырып алмақпысың, осы өзің қалайсың?

Есен. Уа, доғар, доғар, сайқал қыз.

Еңлік. Е, ендеше сөйтіп жөнге кел...

Есен. Атама, атама мүлдем. Ата-анаң атастырған ініме тием десең дауым жоқ. Онда үнімнің өшкені. Ал тек бірақ көңілің оған тұрақтамаса... тынбаса... басқа жанның ортағы жоқ, сен өз Еңлігім боласың, менікісің.

Еңлік. Ондағы күнді көзің көрер. (Күліп.) Бірақ бүгінгі күнде әдепті бол, қайнаға, қайнағалық жолыңды біл... Мен үйреткенім мақұл болмас, рас емес пе? (Күледі, Жапал бірге күледі.)

Е с е н. Тоқта... Тоқтат, қыз, тіліңді (*Жапалға.*) Ой, жаман бала, жоғал! (*Еңлікке.*) Сенің жараң онсыз да маған жеткен, шанышпа, шанышпа, қыз, тағы да. Бірақ бұл жолы сен жеңдің. Амалым жоқ, артын тосам бұл сөзіңнің.

Е ң л і к. Бәсе, ер болсаң сабырлы бол сөйтіп.

Е с е н. Сабырлы бол! Алдымен сен сабырлы бол! Сен азған күні менен сабыр сұрама. Мен енді күндегі ізіңді аңдимын. Алдасаң кегім бітпейді... Осыны тоқы жадыңа. (*Жапал Есенді мазақтап, үніне салып дабыстап қалады.*)

Ж а п а л. Еңлікжан! Айналайын, Еңлікжан, уау. Еңлікжан! (*Еңлік күлің жібереді. Есен сезіп қалып атын тұрады.*) Сөйле, сөйлеші. Мал кетті ғой, Еңлікжан!

Е с е н. Ой, түбің түскір, жаман бала!

Ж а п а л. Еңлік апа, осы кісі ылғи түбің түскір дейді. Мені күбі шелек дей ме, немене?

Е с е н. Ой, әрмән, жаман бала? Ал Еңлік, мен кеттім, қош тұр! Ұмытпай тұр кебімді. (*Кетеді.*)

Е ң л і к. Қош, ұмытпаспын кебіңді... Бірақ қорқып қатын да болмаспын мен саған!

Ж а п а л. Немене, Еңлік апа, мынау өзі алам дей ме, не дейді?

Е ң л і к. Сен немене менің сырласым болайын деп пе ең?

Ж а п а л. Жоға, тек матай, сыбанда осыдан артық батырдың өзі де жоқ дегенім ғой.

Е ң л і к. Телин деп пе ең осыған? Батыр сұрадым ба мен сенен. Құтылуға ынтықпысың әлде? (*Күледі.*)

Ж а п а л. Жоқ, апатай, кетпе! Бірақ қартайғанша өзің де отырмайсың ғой. Кәрі қызда қадір де жоқ деседі ғой.

Е ң л і к. Жаманға бар деймісің?

Ж а п а л. Ойбай, оны да айтпаймын, апатай. Ел құрығандай ер шықпай-ақ қойды ғой әйтеуір. Өзі батыр, өзі көркем... Өзі думан, өзі сері, келсеңші тек біреуі...

Е ң л і к (*сүйсініп барып, жүдеңден*).

Мекенім, жерім, тауым көп...

Тауы толы тағы көп...

Көңілімде арман көп...

Айығатын шағы жоқ.

Басыбайлы Еңлікті

Арашалар бағы жоқ...

Осы кезде сахна сыртынан сарын естіледі. Дабылдатып аң қуған ба, тасырлатып жау қуған ба, сондай бір үлкен сарын. Еңлік пен Жапал елең етіседі.

Токта, бұ не?

Ж а п а л. Жау ма тағы? Бұл неткен шабуыл? *(Жүгіріп тасқа шығысады.)* Қодыға. Аңшы екен! Әне! Ана кетті!..

Е ң л і к *(садағын жұлып ап, тас басына жүгіре шыға табан тіреп тұра қап).* Тимеді оғы. Былай атсашы оны. Мә!.. *(Атып жібереді. Алыстан «атпа!» деген үн шығады.)*

Ж а п а л. Жығылды! Омақата жығылды... Әй, апатай... Өзіңнен асқан кімі бар?

Жігіт жүгіре шығады, ол Кебек.

К е б е к. Неге аттың? *(Еркекше киінген Еңлікті танымай.)* Сенбісің, бала, атып жыққан? Неге аттың?

Е ң л і к. Екі ататын сен емеспін, мырза, қодығаң болса, тағы көрсет! *(Күледі.)*

К е б е к. Қап, не дедің, сен бала? *(Қызық көріп жақындап, ойнай сөйлейді.)* Атып бер деп қашан айттым? Қуып атып келе жатқан өзім ем. Қызығын өзім көрмек ем.

Е ң л і к. Қызғанғаның қодыға болса, ол алысқа кеткен жоқ қой, жігітім. Жапал, алып келіп қодығасым байлап бер мына мырзаның жанына. *(Күледі, Жапал жүгіріп кетеді.)*

К е б е к. Мен қызылына қызықпаймын, бала... Қуғаным қызығы еді. Атқан өзің, өзің ал.

Е ң л і к. Неге? Қуған сен. Еңбек те, жол да өзіндікі. Біздікі әншейін еріккеннен сілтей салған бір шығасы оқ емес пе еді? *(Жапал қодығаны алып келеді.)*

К е б е к *(Еңлікке қайран боп қарап).* Менің алар жөнім жоқ, бала мырза... Мергендігіңе сүйсіндім, со да менің олжам болсын, өзің ал! Және арқар да жеріңнің аны еді. Өзіңде қалсын!

Ж а п а л. Тобықты екен ғой өзі!

Е ң л і к. Мырза, жүгірген аң жер иесінікі емес, жеткендікі болады да. Және біз атқа мініп найза ұстаған аға азамат емеспіз. Жалғыз түп көде мен ұрттам суға таласып матай, тобықты боп шабысатын солар ғой, сіздер ғой...

К е б е к *(қасына таңырқап жетіп кеп).* Япыр-ау, жаным, сен кімсің осы? Сөзің қалай ұрымтал еді! Жөн-жосығың, кім деймін, ә?

Ж а п а л. Өзі кім екен, өзің сұрашы!

Е ң л і к. Жөн-жосық әуелі жүргіншіден болмайтын ба еді?

К е б е к. Оның тағы тура. Алды-артымды орап, қамап болдың-ау, жарқыным. Ендеше, мен тобықты жуан-таяқ ем... Атым Кебек.

Ж а п а л. Кебек? Батыр Кебек қой, Еңлік?

К е б е к. Еңлік? Атыңа қанық ем, құрбым.

Е н л і к. Мен сізді көрмесем де білуші ем.

К е б е к. Бәсе, еркек десем ептісің, бала десем бидейсің.

Айтып сояр ақ малымнан адал екен, Еңлікке кеп кездестірген қодыға неткен құтты еді! *(Жапал қолынан алып Еңліктің алдына әкеп салып.)* Көргенге де көңілім өсті, айып етпе, жақсы құрбым!

Е н л і к. Көргеніме мен де ырзамын, батырым! Бірақ тағыларша тауда табысып тараспайық. Қадірмен күтер қонағым бол... Үйіме жүр! Мына қодығаның да дәмін сонда көрерміз... Ас иесімен тәтті болсын.

К е б е к. Сен бастасаң ермес жерім болмас менің, Еңлікжан. Ұмытпаспын бұл сәтті мен...

Е н л і к. Батыр *(күліп)*, сырда сабыр болсын да... Есіз тауда ойда жоқта оқыс кездескен қыз құрбы алабұрттар көңілді. Бірақ алдынан айтқызыған сөздің арты өкініш еді ғой!

К е б е к. Әр лебізің алтындай... Теріс айтасың деп тайталасар дәрмен жоқ. Тек айтарым: ойдағымды, мұндағымды іркерлік те жайым жоқ. Кінәлама... теріс көрсең де айтқызып ал, Еңлікжан?! Дәл осы сәт, осы кезге сүлдерім ғана жеткен десем не дерсің аңсағанға?

Е н л і к. Тағы да сабыр тілеймін батырдан. Жаман да, жат та демеймін әзірше. Бірақ үйіме жүр, қадірмен қонағым бол. *(Екеуі қозғала береді.)* Анық Кебек сен болсаң өзім де айтар жайым бар. Жүр, батыр! *(Кете беріседі. Жапал әндетіп қалады. Аздан соң Кебек, Еңлік тасты айналып қайта шығады. Сыр үстінде.)* Аз сөзіме көңіл бөл. Көрінгенге көз сүзген әлдеқандай деме, Кебек. Шынымды айтсам түсінер деп келем.

К е б е к. Әлі күнге менің көңіліме жаман ой кіргізетін сөз сөйлеген жоқсың, Еңлікжан!

Е н л і к. Олай болса менің арызымның, мұңымның ең үлкені өз басым. *(Тасты айналып кетіседі. Тым-тырыс. Жапал әндетеді. Еңлік пен Кебек тағы айналып шығады.)*

К е б е к. Шын ба, Еңлікжан? Есенмен күш сынасып бір кездесіп едім. Енді бақ сынасып тағы кездесем екен. Ол менімен таласқанда мен онымен таласпай ма екем? Сені барлап сөйлеп ем бағанадан... Көрген жерде ауған көңлім ай, күнін таптым деген жоқ па еді? Жаным, Еңлікжан, жолыңда шықсын шыбын жан.

Е н л і к. Батырым! *(Кеш бола бастаған. Жарқырап жалғыз жарық жұлдыз туады.)* Дүниеден жасырған жалғыз көңіл жа-

расын атқан таң, батқан күнмен, айықпас мұндай қосып ем. Осы бір ғана үнсіз меңіреу тасқа шер шағушы ем. Жарқырап бағым туғандай жалғыз жарық жұлдыз туыпты. Айғағым бопсың, ақ сәуле! Аз өмірде шақ тілегім бар еді. Бақытым, басшым да өзің бола гөр, жалғыз жұлдыз, жарығым.

К е б е к. Бақ жұлдызы бола гөр, бейуақтағы қоңыр аспан әсем көркі! Бақтым саған, жүр енді, жүр, Еңлікжан, үйіңе! (*Kemicedi.*)

Ж а п а л. Тілсіз тасқа күнде айтатын мұң бар еді. (*Tasqa.*) Есіттің бе әлде сен? Сен берерсің бе арман еткен арысын! Маған да, маған да бер, берсеңші енді маған да, қиғаш қасты, қолаң шашты, қиғаш қасты, қолаң шашты... (*Kemedi.*)

Шымылдық

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Сол жартас. Алыста биік тау. Алыстан ән келеді.

Е ң л і к.

Жар көрсе сүйінеді сағынған жас.
Толқытпай ауған көңіл ерікке қоймас.
Сұраймын уәдені ұстап келді ме деп,
Бауырына, жан батырым, айтшы жартас!
Батырдың бүгін еді келмек күні
Тәңірдің өтпеп пе еді күн мен түні,
Сағынып көрмегелі апта болды,
Естілші тым болмаса жалғыз үні!

Асыға ма алып ұшқан үмітім. Бар тілекпен бір сапарға бет қойдым... Жазғырармысың, бұлдыр күн? Жазығым бар ма?.. Жазығым бар ма, кінәлімін бе, әлде мен? Атам, анам, туған үйім, кеш мені. Баурыңда өскен балапан бағын тілеп ұшам деді қияға. Кінәлімін бе, кәрі тас?! Ойласаң менің мұңымды, ұқсаң керек барымды! (*Орамалын тасқа әлем қып байлайды.*) Төкпеген жас, шешпеген шер бар ма еді бауырыңда. Игілік пен сәт сәскеде келтір жалғыз арман жанымды... жалғыз тірек жарымды!.. (*Есен оқыс шығып қалады. Еңлік үлкен сұмдық көргендей, үріккен жүзбен өзіне.*) О, жасаған, бұл емес-ті тілегенім, жаратқан! Тіксінеді, сескенеді-ау жүрегім. Қалай жаман жора болды бұл келіс!? (*Есен жерде тұрып ән салады.*)

Е с е н.

Ерке қыз, елсіз тауда не қып тұрсың?
Құрбысыз жалғыз көрген көзім құрсын,
Шыңғыстың шыңында өскен тағы болып
Таста ойнап ор қояндай не қып жүрсің?
Қадалған кара көзін мөлдіресін.
Үнінді досың естіп елжіресін.
Сырнай мен жау тартатын сыбызғыдай
Белгіні кімге беріп келтіресің?

Е ң л і к.

Беретін бұл сөзіңе жауабым жоқ,
Аңдысар сеніменен көңілім жоқ.
Сақ жігіт ізді қуған сен бола ғой
Әзілдеп жала жабар дәрменім жоқ...

Е с е н (*жақындан*). Еңлік, жетті енді алдауың. Аңқау, нанғыш болғандағы сенен көрген сыйым осы ма? Не ойың бар, жөніңді айт.

Е ң л і к. Не айтқызбақшысың маған? Білгенінді өзің айт әуелі.

Е с е н. Бикеш, күлгірсіме. Мен сенің артыңнан бақпай жүрген шығармын. Аптасында осы жерге бір келесің, кімді тосып жүрсің? Айт осыны.

Е ң л і к (*күлімсіреп*). Батыр, сөзіңе сенем. Андитының рас, ол мінезің маған белгілі. Мен аптасында емес, күніне бір келемін. Көргеніңді айтшы сондағы.

Е с е н. Мен өзім бағып жүргенім жоқ.

Е ң л і к. Оның да бір тәуір екен, олай болса бағып жүрген кісіңнен көргенін сұрап кел.

Е с е н. Бұлтарма, шыныңды айт, қасыма келгенді көрген. Оны қайда тығасың.

Е ң л і к. Көрсін, тасқа талай кісі келеді, талай кісі кетеді. Оны айтсаң батырсың ғой, Шыңғыстың тауынан кісі жүргізбе! Далада жүргенде аң қуған аңшыны, жау қуған батырды, жоқ қуған жоқшыны көрдім. Қыз қуған бозбала сені де көрдім. Аңдыған кісің бәрін тізсін ендеше.

Е с е н (*наныңқырап*). Өтірік айтасың, іздеген кісің бар. (*Еңлік күледі, тым-тырыс. Қолын созып.*) Еңлікжан, шыныңды айтшы. Қинамашы, көңіліңе алған кісің болса, білдірші маған, мен жайыма жүре берейін.

Е ң л і к (*Есеннің тымағын алып, күліп*). Батыр, сабырсыз болма. Мен әйелмін ғой, сыр білдіріп кішірейме.

Е с е н (*қуанып*). Еңлікжан, ақылың асқар таудай емес пе. Айтшы осындай сөзіңді, мен сенен жеңілейін, сеніп кетейін жалғыз-ақ.

Е ң л і к. Батыр, көңіліңді орнықтыр, күдікті кетір. Үш күннен соң осы араға кел. Байлаулы жауабымды естіртемін. Әзірше қайт. Андыған кісің тағы да таңар өсекке.

Е с е н. Енді өсектің керегі жоқ. Жұрт сөзіне нанбаймын, өзіңе нандым, болады. (*Жүруге ыңғайланады. Түсін суытып.*) Еңлік, менің көңлім бір саған әбден ауған, мазағыңды көтермейді, соны ұмытпа жалғыз-ақ!

Кете бергенде Кебек шығады.

Е с е н (*Кебекке қарап, Еңлікке*). Мұның кім, Еңлік?

К е б е к. Бұ кім, Еңлік?

Е ң л і к. Әуелі жатқа жақынымды таныстырайын, мынау менің қайнағам батыр Есен.

К е б е к. Есен?

Е ң л і к. Мына жігітті аң қуып жүргенде бір көріп ем, ұмытпасам аты Кебек.

Е с е н. Кебек? Кебек?!

К е б е к. Есен?

Е ң л і к. Неге аңырып тұрсыңдар? Лайығы жоқ болса да жол мен жөнді мен айтайын ба? Жауласқан елдің ұлдары болсаң да, біріңе бірің амандықты қимайсыңдар ма?

К е б е к. Бикеш, сөзің дұрыс. Аңнан басқа жан жоқ деп келе жатқанда, ойда жоқта алдымда бір қыз, бір жігіт тұрған соң мен өнім бе, түсім бе деп таңырқан қалып ем. Біріне-бірің бөтен кісі емес екенсің. Қайда кездессеңдер де оқасы жоқ екен!

Е ң л і к. Батыр, сен не айтасын? Бұл кісі бізді көргеніне таңырқапты ғой.

Е с е н. Жұрт жаласынан жасқанбаймын! Көлденең келген көк аттыға сынататын жайым жоқ. Құдай қосқан жесірімсің, сенде не жаласы бар? Менде не ақысы бар!

К е б е к. Батырлықтың бір міні тасырлық деуші еді. Өзге өнеріңді білмеймін, тасырлығың бар көрінеді-ау!

Е с е н. Сен де тіл-жағыңа сүйеніп ұрынба бос. Қыз сынына толам десең өзің биязы бола бер. Еңлік мені сынап болған.

К е б е к (*Еңлікке қарап*). Рас айтасың! Дөң астында кездесетін келін қайнағасының сырын білетін болар. Қайнағасына да

келіннің сыры мәлім болар. Бірақ өткен-кеткенге, дос-дұспанға әйгі еткенің не? Әлде келініне ол да жаға ма екен?

Е с е н (*ашуланып*). Доғар енді сөзінді, қалай-қалай тигізесің тіліңді. Ізденіп тұрған жаумысың?

К е б е к (*саспай, қатты*). Издегенде не қыласың, өтпес жарлық, бойға қорлық! Айбыңды батыр сен болып, қашып кететін қатын мен болыппын ба? Көрсетші тағы ашуыңның артын.

Е с е н. Қысқарт! Көрейін мен соқтығатын сойыңды! Сен іздесең мен де сені көп тосқам. Шық, жекпе-жекке!

К е б е к. А-а... кел-кел. Бәсе, ер егесі еңісте! Сырлас келініңнің алдында мақтанайын деген шығарсын. (*Екеуі ыңғайланады.*) Шық, былай!

Е с е н. Мен емес шыдар мазаққа. (*Еңлік тастың үстінде.*)

Е н л і к. Әй, жігіттер, батыр болсаңдар тоқтаңдар. (*Екеуі қарайды.*) Екеуінің ортаңа әйел басыммен мен төрелік айтпсам, басқа кісі жоқ.

К е б е к (*ашуланып*). Бикеш, сен де мұның кісісісің, төрелігіңді алмаймын. Екеуімізге тең кісі болсаң айт қазір.

Е н л і к (*Кебекке*). Батыр, шараңнан аспа, сен адасатын іс болған жоқ. (*Есенге сыбырлап.*) Жел сөзге шалпысып ұрысқаныңа ренжимін, ол табалаушы дұспан. Жұртқа жаман атым жайылады. Қызғаншақтығыңды мен-ақ білейін, тоқтат ашуыңды.

К е б е к. Бикеш, оңашалап айтқан бітіміңе ырза емеспін! Айтағын болсаң екеуімізге бірдей қылып ашып айт.

Е н л і к. Мен айтсам екеуің де тентексін. Алдымен жақынымның тентектігін айтайын (*Есенге.*) Сен менің басымды қорғамақ кісі болсаң олақтық қылып тұрсың.

К е б е к. Бәсе, ақылды, дұрыс қыз болсаң, өз намысыңды өзің қорғасаңшы сөйтіп.

Е н л і к (*Есенге*). Қорғамағың мен болсам ырза емеспін бұныға. Батыр жаққан күйесінен ақтамайсың бұнымен.

Е с е н. Олай болса әзілің жарасқан батырың екен ғой, жағынам деп жаның бер. Өзіңді өзің ақтай бер. Тентегің мен бе екен сонда?

Е н л і к. Жалғыз сен тентек емессің. (*Кебекке.*) Қонақ батыр, сен де тентексің. Батырлықтың жөні бар, бір жақтағы матай қызының намысын жыртып, жөн-жосығын білмейтін жат біреумен арандасудың саған да орны жоқ.

К е б е к. Ара түскен айыбым болса, ақылыңа көнейін, амалсыз-ақ көнейін мен, мақпал қыз!

Е ң л і к. Енді екеуіңе айтарым: қастарыңнан мен кетем. Тек аңғарыңдар, батырлар, мал үшін, жер үшін талассаң да мен үшін таласпаңдар. Әрекет жетер онсыз да, менсіз де сылтау аз емес қой, табылар! Екеуің де жөніңді тап, жайларыңмен жүре бер! *(Екеуі де бақылап, аңдып қалады. Еңлік кетіп бара жатып ән салады.)*

Е ң л і к.

Шын батыр уәдесінде ұдай тұрар,
Кездесіп қира-кезік тұрған шығар.
Бой беріп сабыры мен ақылына
Уәделі сәтті тосып әлі шыдар.

Е с е н *(теріс қаран)*. Маған айтқан жұмбағы ғой. Уәделі үш күніне шыдармын.

К е б е к. Маған айтты! Кетіп қалма, тос деген.

Е с е н *(Кебекке)*. Кебек, сенімен мұндай жерде кездесем деп ойламап ем, бірақ ниетім қай жерде кездесем де шайқаспақ едім. Қыздың сөзі тоқтатып кетті.

К е б е к. Изденіп жүрсең несі бар? Тоқтаймын десең әлі де ерік өзінде. Батырдың кегін қыз билеуші ме еді?

Е с е н. Жоқ, мен қыздың сөзін мақұл көрдім.

К е б е к. Олай болса бағанадан несіне арам тер болдың, әуелі қыздан ақыл сұрап алмай?

Е с е н. Ендігі сөзім мынау. Бұл қыздың турасынан бұдан былай кездеспейік. Кездесек сол жерде оң-терісімізді найзаның ұшы, білектің күші айырсын. *(Кетуге ыңғайланады.)*

К е б е к. Мақұл, мен кездесуді тіледім ендеше.

Екеуі екі жаққа кетеді. Тым-тырыс. Тасты жағалап қойшы Жапал ән салып шығады.

Ж а п а л. Қап, кап, қапы болды-ау осы жол! Кезігіп қалды-ау кер азу Есен. Өкпелейді-ау енді Еңлік. Бұны аңды деп Есен маған тапсырғалы дәл алты ай болып еді. Содан бері аңдығаным Еңлік емес, сол Есеннің өзі боп еді. Кебектің жотасын бірде-бір шалдырмай, Еңлік сырын алдырмай келіп ем. Мұрнын тескен тайлақтай қып Есенді былай келе жатса былай бұрып салып, қаңғытып қоя беруші ем. Ылғи Еңлік көңілі өзімде деп қаңқиып. сала беруші еді Есен, бойына сенген түйедей боп!.. Тоқта, Кебек келеді екен, ашулы ма немене жалтара тұрайын бетінен...

Кетеді. Кебек шығады.

К е б е к. Тас қияға жолым жетті. Тартынам деп жеткем жоқ. Қиын белге мен бассам, сыналар жерде жұртым да тұр. Бұзарың мен сотқарың емес ем. Ала көңіл, арамдығым жоқ еді. Арамза десең не дермін, ағайын. Ешбіріне қасым жоқ. *(Ойда.)* Қайта кездесек қанжар айтпақ кесікті. Жазығым жар сүйгенім болса, бердім барды Еңлігімнің жолына. *(Еңлік шығады.)* Келші, жаным, күпті қылмай, сертіңменен келдің бе?

Е н л і к. Келдім, батыр, бар тілегім жолында. Оң сапар бер. Ақ тілекпен аттанам деп кеп тұрмын. Жасырын бітіп, жарыңмын деп жарыққа шыға көп тұрмын.

К е б е к. Алдым қабыл! Ақ тілеуің басшы болсын алдымда. Кінәлама, жазықсызбыз. Адал жолым куәсі бол, кең дүние! *(Айналаға қоштасқандай.)* Жүр, жаным!

Е н л і к *(айнала қаран)*. Кең дүние... Тар ғана бір жол тарттым, қызғаныш етпе, кең дүние. Мұндасым да сырласым ең, туған жер. Еркелеп, еркін болып кетермін деп ем. Қашқындай жасырынып барамын сенен. Әке-шешем қолынан аттандырып, құтты жеріне қондыратын баласы ем. Олардың оң батасын алмай барам. Туған ел, өскен жермен қоштасып, бір-екі ауыз үн қатайын сендерге. *(Әнмен.)*

Ата-анам, ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім.
Болсам да шұбар жылан іштен шыққан
Қарғамас, деген сенім сақтап кеттім.
Туған ел, амандасам жас-кәріңе,
Бірге өскен құрбы-құрдас дос бәріңе
Жарасқан әзіл-сауық, аға-жеңге,
Аласың мені не деп естеріңе!
Аман бол. Найман шоқы, тоғайлы өзен,
Өрістеп қой асатын тұмсық кезең.
Берлі мен батыр шыққан Қарауылым
Ен дала көркі болып жалғыз безен.
Білмеймін қандай асу жолда жатыр.
Құз ба екен, қия ма екен таңдай татыр
Сыйынып аруақ пен бір құдайға
Ұстадым етегіңнен баста, батыр!

Екеуі жөнеле береді. Жапал жүгіре шығады.

Ж а п а л. Еңлік апатай! Қайда кеттің? Жай жарастық қызығыңды бағып қорғап жүрмін деп ем... Не деп барасың... Бетінді суыққа салып па ең?

Еңлік (*тоқтан*). Менің жолым осы болды, Жапал! Бұлай болмас жөн бар ма еді?

Жапал. Ұқтым, апа. Арманыңды бірге арман етуші ем. Осыған келер-ау деп өзім де топшылаушы ем. Бірақ айтып кетсең нетуші еді?

Еңлік. Қимағаннан, қысылғаннан еді. Өзің білдің, жаным Жапал! Жалғыз... Жалғыз күңіренген екі кәрім қап барады қолыңда. Баласы бол, қасында бол!.. (*Жылап көріседі.*)

Жапал (*бірге жылап*). Қайтып қиям, апатай, іздеп барам, бауырым жоқ деме... Жолыма жанын қияр бауырым Жапал бар деп кет...

Еңлік. Қайда жүрсем біліп жүр, ұмытпай жүр Еңлігіңді. Жаксы күнде, жарқын жүзбен көрістірсін жасаған. Қош, бауырым!.. (*Кетеді. Жапал жылап қалады.*)

Шымылдық

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Кеңгірбай бидің үлкен ақ үйі — кең ордасы.

Би (*жалғыз*). Жағаласу жетпеді ме?.. Тәңірдің әлде болса олқысы бар дегені ме? Енді қандай сыбаға тартар екен. Найманды даңды судай тасқызып, бұрқ-сарқ еткізіп, мұнда әкеле жатқан Кеңгірбайдың соры ма? Әлде алалы жылқысы, ақтылы қойдың тері ме? Найман бұл жолы келсе, ашынып келеді. Білемін, матайдың талайдан тобықтыда жүрген есесі бар. О да найманды шүйелемей қоймас. (*Ойланып.*) Тағы да тебінгіден тер, қабырғадан қан жаудырам ба? Жоқ, қылша мойын талша деп бас ием бе? (*Басын шайқап тоқтайды.*)

Көбей. Кембай келелі. Амандасады.

Би (*Көбейге*). Жарқыным, аз ауыл тобықтың аман ба? Ер азамат не күйде.

Көбей. Ел тыныш, ер аман, найман кісісі ел шетіне келсе керек. Бүгін осында келіп түспек дейді. Шамасы жүз қаралы кісі болса керек.

Би (*түнеріп*). Сөз ұстап келе жатқан басшысы кім екен?

К ө б е й. Басшысы қисық Еспембет. Онан соңғы Жомарт дейді. Тағы Кебек алып қашқан қыздың әмеңгері Есек деген найманның батыры дейді. Ішінде қатты ер шеленіп келе жатқан сол болса керек.

Б и. Бітімі жоқ, безбүйрек Еспембетті салғаны ма? Найманның аужайын түйдім ғой. Артындағы елі қол жиып отыр екен ғой. Одан алған хабарларың бар ма?

К ө б е й. Хабар келіп отыр. Айтқаныңыз рас. Найманның еркек кіндікті азаматы қалмасын деп жар салып шоқтай жиылып, Қартпай би таркатпай тосып отыр дейді.

Б и. Ендеше белді бекем буғаннан басқа не қалды? Елге жар салдыңдар ма?

К ө б е й. Кеше сол хабарды естіген соң ел-елдің басты-басты адамдарына кісі шаптырып жібердім. Құлама бесін кезінде олар да келіп қалар.

Б и. Елге көп сөзді даңқтырмаңдар. Не істесекте найманның бетін көріп істерміз. Ел жи дегенім — қандай заман болса да, құлағы түріңкі отырсын.

К ө б е й. Мақұл ғой. Көп ел жиылса, өз құлағымен естіп кетер, қапысыз болармыз.

Б и. Кебек ел ішінде емес қой?

К ө б е й. Ел ішінде емес.

Б и. Бұл екі елдің сөзінде көлденең ағайынның көзқұлағы болса мақұл болар еді. Арғынның өзге елінен келетін жан бар ма екен?

К ө б е й. Кебек арғын ішінде сүйеу қылған бір бабам деп Қараменде биге сөз салдырған екен. Мен де сәлем айтып жіберіп едім. Бүгін келеді деп отырмыз. Елінен шықты деген хабар келді.

Б и. Ағайынның аужайын байқайтын бір кезеңге келіп тұрмыз ғой, не болса да... найман келетін болса тосып аларсыңдар. Мен атқа мінейін.

К ө б е й. Мақұл, мінсеңіз мініңіз. *(Тым-тырыс.)* Тек біздің ұстайтын сөзіміздің нұсқасы не болады, би?

Б и. Тобықты сори ашылмаған ел ғой, қай қияға соғарын болжай алмаймын. Мына жотасы көрінген екі сөздің екеуі де біздің елге жайсыз. *(Тоқтан.)* Бірін ұстасам елдің сағы сынады. Бірін ұстасам зықысы шығады. Амал не, аралық қандай бітім болса, соған тоқтарсыңдар.

Көбей. Мақұл, не болса да бетіне қарай іс қылатын болдық қой, кәне, енді жүресіз бе?

Б и. Жүрейін. *(Кембай, Көбей кісесін буындырады.)*

К ө б е й. Біздің осы бітімшілерге тіккізген үйіміз дайын болды ма? Үй жетпей қалып жүрмесін. Ондай ел сыныққа сылтау таба алмай, түймені түйедей қылатын. «Елемедің, ескермедің» деп.

К е м б а й. Жүз кісінің мөлшері деген соң он кісіге бір үйден, он үй тіккіздім. Күтушілерін де, сойыстарын да қамдаттым. Ол жағынан мін таба алмас.

1-ж і г і т *(алыстан айғайлап)*. Қырамысындар, өздерін шетімізден! Не жазығымыз бар саған, келмей жатып басқа, көзге төпелеп. *(Билер аңырып қарайды.)* Қай басынғаны бұл? Қоя берші, анау отырған биге барамын.

К ө б е й. Бұл немене шан-шұң? Кімнің даусы?

К е м б а й. Осы жаңа ас басшылыққа қойған Қалдашбай ғой деймін. Наймандар келіп қалды ма? *(Тағы шаң-шуң.)*

К ө б е й. Білші, барып!

К е м б а й. Мына біреу келе жатыр ғой, осында.

1-д а у ы с. Ал ұра ғой тағы, кәне ұршы енді, көрейін! Тіпті қалай-қалай асқақтайсың өзің? Ісініп келесің ғой, түге, Биге барамын.

2-д а у ы с. Бара ғой биіңе. Сенің биің болса мұндағы елдің зәресі ұшар деп пең?

Кембай баруға ыңғайланады, Қалдашбай жұлқына кіреді, беті қан. Кембай қақтығып қалады.

К ө б е й. Не болды саған? Немене жұлқынып жүргенің?

К е м б а й. Шаң-шұң не? Не қып жүрсің, түге. Найман келді ме?

Қ а л д а ш б а й *(қатты.)* Келіп, қырып бара жатқан жоқ па солар? Алдынан тосып алып, аттарын байлап, үйді-үйіне кіргізіп жүр едім. Әне бір ісінген біреуі қып-қызыл жосадай қылып отырғаны мынау. Бұл не қорлық осы?

К ө б е й. Жә, өрекімей-ақ қой! Бас жарылса бөрік ішінде, шегің шықпас. Айтқандарын істеп, дауласпай, төбелеріңнен тік тұрып күтіндер.

Қ а л д а ш б а й. Жоқ-ау, төбелесейін деген пенде болса, бұйырмасын.

К е м б а й. Жә, болды деді ғой енді.

К ө б е й. Кембай, бұл не қылғаның?!

К е м б а й. Бұл уақытта келеді деп ойламадық қой!

К ө б е й. Ей, бар болсын, келмей жатып шаң-шұң шығартып.

К е м б а й. Өзім барайын енді әлде болса да... *(Шығады.)*

К ө б е й *(жалғыз)*. Бидің айтқаны рас қой! Терісіне сыймай келгендерін естіп отырмын. Еспембеттің қылығы ғой бұл. *(Басын шайқайды.)*

Қараменде биді екі жағынан екі жігіт сүйеп алып кіреді. Қасында Қосдәулет, Матақ.

Е, қарт бабам да жеткен екен ғой. Ассалаумағалейкүм, баба! *(Бір жағынан сүйемелдеп қарсы алады.)*

Қ а р а м е н д е *(тұрып)*. Аз ауыл тобықтының баласы болып қиыр жайлап, шет қонып, жалғыз жүріп запы болған ел едің. Тосқауылдың тар кезеңінде кездесіп отырмыз ғой, ала көңіл артта қалсын. Құшағыңа құшағымды қосайын, қарағым, келші, Көбей! *(Көбей екеуі көріседі, бәрі де отырады.)* Ел-жұртың аман ба, жарқыным?

К ө б е й. Ел әзір аман, баба! *(Тым-тырыс.)*

Қ а р а м е н д е. Істің қазіргі ұсқынына қарағанда, береке бітіммен тынатын беті жоқ. Менің де дәнекерлігім аз болар. *(Тоқтап.)* Кебек тентектің екі ауыз сәлемі үшін келдім. Арғында бел қылған бір бабам тірі ғой деп, бір тентектік қылып едім деген екен.

Тым-тырыс, Найман кісілері шығады.

К ө б е й *(сәлемдесіп)*. Жолдарың болсын.

Ж о м а р т. Айтсын.

К ө б е й *(Кембайға)*. Мына кісілерді сусындатып, ас қамдатыңдар! Жолдан қажып келген шығар.

Е с п е м б е т. Жол қажыта ма, жоқ қылығың асып, қырыс тобықты, сен қажытамысың? Қайсысы екенін қайдан білейін әйтеуір найманның қажығаны айқын.

К ө б е й *(күліп)*. Қажыдым дегенің сөздің кезегіне айта салған бір қырың ғой, әйтпесе Еспембет, сен қажитын күн болған жоқ.

Еспембет. Тобықты, құрыш қара болат емеспісің екі жүзді алмас кеспейтұғын. Сенің қаттылығыңа найман қайтып шыдасын, қайтып қала берет те.

Көбей. Сол тобықтыға төтеп берем деп келіп отырсың ғой, сен де жалғыз өзің! Ет-бауырың елжіреп бара жатса көреміз ғой!

Еспембет. Білмеймін, көңіл шіркін күдікті болып қалыпты. Тобықтының биі құйрығын сыртқа саларда майталманым деп бетіне сені ұстанды деуші еді. Сенің қаншалыққа жұмсағаныңды біз де көрерміз, түбінде көмейдегі көмескіні болжайтын табаны бұдырлы би сенсің, біз үлгіні сенен аламыз ғой.

Көбей (*Еспембетке*). Сен шырға тартасың ғой солай, бірақ түбірлі сөздің түйіні сенде көрінеді ғой. Қай жаққа тартсаң да ерік өзіңде. Қаттылық деген қалпың болушы еді. Әлде машығым деп соныға тартпасаң.

Еспембет. Сенің еліңнің сынына толып, қызын алайын деп жүргенім жоқ, тобықтының шешені мен ділмарынан алған мақтанмен найманның арылған етін семіртіп, аш бүйірін тойғызам ба? Құдай ежелден жүргізген бетіме кешірсін.

Жомарт. Бұл би қайда, бір жаққа жолаушылап кеткен бе?

Көбей. Жолаушылап ұзаққа кете қойған жоқ. Бір ағайын арасының сөзі болып, соған шақыртып кетіп еді бүгін.

Жомарт. Қашан қайтады?

Көбей. Осы бүгін де қайтып қалар. Сіздердің хабарларыңызды естісе көп бөгеле қоймас. (*Тым-тырыс.*)

Жомарт (*Еспембетке*). Жә... онда да тамам елді иіріп кеттік. Мұнда да масайрап жатар күн емес! Келелі сөзге көшіңдер, билер!

Көбей. Мақұл, би Жомарт, көшейік! (*Тым-тырыс. Еспембет қамшы тастайды.*)

Жомарт. Еспембет, сөйле!

Еспембет (*ызғарланып*). Уай, тобықтының баласы, матай-тобықты болып тұрған күнінде атыстың, шабыстың араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйедей қылып бұл ісің алты алашқа әйгілі болған. Тобықты, шаялығыңды қылдың ба, білегі жуандығыңды қылдың ба? Алалы жылқы,

ақтылы қойын жосылтып алдың. Ата қонысынан іргесін аудардың. Ел-жұртты шұбырттың. Айрандай аптап, күбідей пісіп жүргенінде ай дер ажа, қой дер қожа болған жоқ. Енді, міне, шарпуыңды матайдан асырып, найманға тигізіп отырсың. Жетіп отырған жесірімді бір тентегің ат сауырына салып әкетіп отыр. Ағайын; ұзында өшті, қысқада кекті емессің. Бітім сұрап, кісі салсам бақайыңнан келтірмейсің. Мына найманға алынбай жүрген кегің, тимей жүрген есең болса оныңды айт. Әйтпесе мен тобықтының қоңсысы емеспін, мынауыңа кесігіңді айт (*Көбей қамшы тастайды.*)

Ж о м а р т. Сөйле, Көбей.

К ө б е й. Еспембет, сөзің шын. Ұзында өшті, қысқада кекті ағайын емеспін. Найманның елдігіне істеп отырған жаулығым болса, аруақ, құдайға тобықты шет болатыны шын. Матай мен тобықтының бүлігіне бұл елдің қайсысы себеп болды? Мен оны қазбаймын; даудың қарасын көбейтем деп құлындағы сақау, құнандағы тісеуді осы сөздің үстіне әкеліп үйгенің лайықсыз. Матай қой аузынан шөп алмайтын момын ел болып отырғанда бұл сөзің сияды. Тентектік ылғи тобықтыдан шығады дерсің. Бірақ сол матай мен қалған найман неге жауласады? Бүгінгі найман мен шиеленістіріп отырған сылтауды алсам, ол ел таразысын аңдамаған албырт жастардың шалалығы. Рас, тентек болса тобықтының тентегі иесіз демеймін. Ағайын жолымен бітісейік, билікті маған бергенің шын болса, мен айтайын. Жалғыз-ақ түбір сөзді түйінді сөз қылғанымыздың лайығы жоқ.

Ж о м а р т. Сөйле, Еспембет.

Е сп ем б е т. Көбей, мен билікті саған айтқызсам, өз ойдағымнан асырып түсіреді деп айтқызам. Егер есі-дертің менің дауымды жасытпақ болсаң, жайдақтап жадағайлатпақ болсаң, мен билікті айтқызбаймын. (*Қатты.*) Мен тұшқы етіме ащы таяқ тиді деп отырмын. Шолақ байталдың құйрығындай тобықты, өктемдігің асты деймін. Тасқын судай кемеріңнен асып отырсың сен (*Көбейге сөз береді.*)

К ө б е й. Еспембет, кеден кеден болды, кедергі неден болды деп отырсың, мен саған бұл дауың орайсыз деп отырғаным жоқ. Екі елдің сөзін екеуміз ұстап кездескен соң дәнекер болатын жағын қарастырайық дейім. Болмаса қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса сақа қой. Жақпаса

билігінді өзін айт. Сапты аяққа ас құйып сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын. Тағы айтарым — тобықтының азды-көптігін сарапқа салар жер емес бұл. Көп болғанда кімнің басы кімнің қанжығасында жүр еді? Тобықтының найманға істеген өрлік өктемін көргенім жоқ. Керіс неге керек? *(Тым-тырыс.)*

Е с п е м б е т. Олай болса, сенің қырмызыдай талдап шығарған сөзіңе мен ере алмадым, менің билігіме тобықты баласы тоқтайтын болсаң, өз тентегің ана Кебек, қыз — атамның аруағына қастық қылған менің тентегім, екеуін шығарып бер былай! Мойнына арқан таққызып өз қолымнан өлтіртемін. *(Тым-тырыс.)* Қазір етем осыны. Әкпел, ұстат қолыма!..

Ж о м а р т. Сөйле, Көбей.

К ө б е й. Еспембет, тобықты да рулы ел, «иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар», сенің мына айтып отырғаның береке бітім емес. Найман мен тобықтының арасына ердің құны, нардың бұлының дауын саламын деу. Мұның арты ата-ұрпаққа кететін үзілмес қан кегі болғалы отыр, ер қанын мойныңа жүктеймін деме. Бітім іздесең дүниеге тоқтасайық. Бауыр елдің арасына бұндай сұмдық сөз тастағанша би атанбай, жерге тықсамшы бұл жасымды.

Ж о м а р т. Сөйле, Еспембет.

Еспембет. Жоқ, мен ондай емексіткен сөзге еліге алмаймын. Менің кесер сөзім әлгі. Бір емес, екі таңдау тастадым. Аяғаным сол-дағы. Тоқтасып бауыр болам десең көнесің айтқаным. Көнбейтін болсаң арам алыс алашпын. Оразаның түбіне мақсым жетер, азған елдің түбіне тақсыр жетер! *(Қатты)*. Тобықты, сені аялағаным жеткен. Бұдан артық менен бітім іздеме! Бұл айтқаным көнбейтін болсаң, екінші сөзім — тағы бір берер таңдауым — тура тұрысатын жерінді айт, менің қолым жасанып дайын отыр. Тобықтының жығасы жығылмайды екен ғой бұл... көрдім, күттім, ал міне, жауабымды қазір бер! *(Тым-тырыс, Көбей үндемейді.)*

Ж о м а р т *(жан-жағына қарап)*. Ағайынды екі рулы елдің баласы, сөздеріңде әлі күнге бітім жотасы көрінбейді. Тағы сөйлейтінің бар ма? Жоқ па? *(Тым-тырыс, тобықтылар күбірлеседі.)*

1 - дауыс *(тобықтылар өз кісілеріне)*. Күн бұрын еңсесі түсіп неғып кетті?

Ж о м а р т. Сөйлеуші бар ма? *(Тым-тырыс.)*

1 - да у ы с. Енді бір айтқан соң сөз бітеді ғой. Еспембеттің соңғы сөйлеген сөзі сөз болады ғой.

2-д а у ы с. Бұларға не болып кетті.

Ж о м а р т. Жә... сөйлеуші болмағаны ма? *(Қараменде ақырын қозғала түсіп қамшысын тастайды, тым-тырыс.)*

Ж о м а р т. Сөйле, қарт би!

Қ а р а м е н д е *(аз отырып)*. Сөз ем болудан кетіп, ауыздан шыққан жел есебінде болған заман ғой. Сондықтан сөйлер, сөйлемесімді білмей көп отырдым... Бәрің де замандарыңа қарай туған ұл екенсің. Туысында қапы жоқ. Бірақ бізге жат дүние екен. Содан байқағанымды айтайын: азған заманның белді биі бойлауық жылқы секілді бой бермейтін қисық болады екен. Не еп іздеген ысқаяқ келеді екен. Ағайын ел араздыққа сылтау таба алмай, түймедейді түйседей қылып, өсек, жыбыр әрекетке белшесінен батқан екен. Жас ұлғайып, сақал, шаш ағарған күнде бір тобына кездескен екем, туысқан, ажарыңнан түңілдім. Көрмесем деген заманым еді, бұған жазалы мынау құп-қу болған сақал мен шаш та!

1 - да у ы с *(жанындағыларға)*. Жарықтық, алты арыстың қамқоры емес пе, күйініп отыр ғой, қайтсын...

2-д а у ы с. Не десін... күймей қайтсын...

Қ а р а м е н д е. Араңа кедергі болып отырған сөзге келсем: о бір заманда бұл түс шайысатын іс емес еді. Қатынды не ел шауып, егер қылып жаттан аларсың, не ағанды өлтіріп жеңгеңді аларсың деген аталарыңның кешегі айтқан сөзі еді. Ер жігіттің жесірін өзіндей жігіт алса, еркек болып туған ұл өз кегін өзі алушы еді. Рулы ел болып тайлы таяғын қалдырмай шұбырып жүріп, жас жігітке қатын әперген жоқ еді. Бұ да жаңа заманның жаңа бір түрі екен. *(Есен ашуланып күбірлейді.)*

Дауыстар *(наймандарға)*. Тобықтыға бұрып отыр. Дәл осылай! Көрерміз!

Ж о м а р т. Найманның баласы, тақат қыл!

Қ а р а м е н д е. Ағайын, көзіңе қан толып, түгінді сыртыңа теуіп бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан ертеңгі сөзге, ертеңгі бәлеге көзіңді салдың ба? Айтып отырған сөзіңнің жеңілі білегінің күші бар, жүрегінің түгі бар, осы отырған аламанның маңдай алды бір туысқан

баурының қанын төгем дейсің, немесе екі ру елдің еңкейген кәрі, еңбектеген баласының қанын төгіп жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын дейсің. Қай сөзіңде мақұлдық бар? Қай сөзіңде қасиет бар? Неңді қадір тұтайын! Қайран халқым, азғаның ба әрекемен осындай! (*Жым-жырт. Аздан соң.*) Арадан жол тап, тыныштық ойла. Артындағы етегіңнен ұстаған еліңнің мойнына артқан қарызын ойла. Бізді апарып арандат, жаңа жерден жау тауып әкел деп ешқайсыңның елің де тапсырған жоқ.

Ж о м а р т (*аздан соң*). Қазаққа қамқор болған Қараменде деп аталып едің! Ұғушы құлақ болса, айтылмай қалған сөз жоқ! Батагөй қарттың сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз. (*Наймандар ыза болған пішін білдіреді. Тым-тырыс.*) Жә, бидің сөзінен соң сөйлейтіндерің бар ма? Жоқ... сөз тоқталды деп санаймыз ба? (*Тым-тырыс.*)

Д а у ы с. Бабамнан соң кім сөйлейді?

Е с е н (*аиулы, Еспембетке*). Найманның түгел сөзінің түбін ұстаған белді деген бидің бірі сен едің! Сөйлеймісің, Еспембет, жоқ па?

Е с п е м б е т. Алдыма Жомарт туысқанын кедергі салып қойды. Не сөйлеуші едім? Менің де би деген атым бар. Ылғи кер тартып, кесір шығара беретін қарғыс атты мен-ақ ала берем бе?

Е с е н. Би сөзінің құйрығы маған соқты ғой. Ендеше, маған рет бер.

Ж о м а р т. Сөйле, олай болса, батыр Есен! (*Бәрі Есенге қарайды.*)

Е с е н. Айтты ғой сонау би, шын батыр өз кегін өзі іздеп алушы еді деп. Мен арысы найман, берісі өз кегімді қуған батырмын. Менің басыма сөз қалса, осы жолда кездесем Кебекті, ең алдымен, жекпе-жекке шақырам. Өз қолыммен өлтіремін. Онан соң елде жиылып отырған найман да, мұнда келіп отырған жиын да менің намысымды жырттып келіп отырған жоқ. Ел намысын қуып кеп отыр. Бекер ме еді, айтшы кәне? (*Наймандарға қарап.*) Іркілетін жерім жоқ. Найманның алғашқы айтқан екі сөзі сөз. Мұнда келген билердің табанында бұдыр жоқ болып тайғанаса өзі қатын болсын. Бірақ мен ұстадым ел кегін. Мына найман ерлері бірге ұстайды менімен.

Д а у ы с т а р. Рас айтады! Сөз осы!.. Сол! Сол-ақ! Со-лай-ақ!

Е с е н. Әне, болды біздің сөз. Тобықты билерімен сөйлесіп жауабын берсін. Не Кебек пен қызды бер! Болмаса тұрысатын жеріңді айт! Қайдасың осы сөзге еретін найман, тарт менің содымнан. *(Барлық найман түрегеледі. Есен билерге айналып наймандарға.)* Жә... тарт, не тұрыс бар! Найманның ішінде де шіріген жұмыртқа бар дегендер шықпасын. Көрермін мен оны да! *(Шығады. Жомарт, Еспембет іркіліп барып шығып кетеді.)*

Қараменде *(наймандар кеткен соң)*. Жә... сөз бітті... Екінің бірі... Екінің бірі...

Көбей *(назаланып)*. Қайтесің енді. Қолыңмен істегенді мойныңмен көтересің деген осы. Бастан атқуылдап отырғаннан-ақ сезіп едім.

К е м б а й. Жә... біз бұған не айтамыз! Биге де үлкен дерт болды ғой, бұл.

К ө б е й. Кімге дерт болмай отыр. Ел намысының тапталғаны ма! *(Би шығады. Көбей басын көтеріп өзгелерге.)* Сендер шыға тұрыңдар! *(Көп тобықты кетеді. Қараменде, би, Кембай, Матақ, Көбей, Қосдәулет қалады.)*

К ө б е й. Еспембет құлаш ұрып шарықтап тұр, шағулы жерге келетін емес, би!

Б и. Айтшы кәне, қәйтсең тыным табам дейді?

К ө б е й. Матай мен тобықты, сендердің араңда қандай жаулық болса да, мен қатынасқаным жоқ. Мынау тұста найманнан туғаным шын болса, бұл қорлықты көріп отыра алмаймын. Не Кебек пен қызды шығарып бер! Болмаса қолым дайын тұр, тура тұрысатын жеріңді айт дейді. Анау, жер түбінен ұстатып жіберген сөзі осы көрінеді.

Б и. Не сұмдық? Қандай қорлық күн жеттін? Қуарған қатал өлім күн! Не еріңнің қанын бер... не мынау келіп төніп тұрған қараша-қауыс үстінде, ақ қар, көк мұз алдында жөңкіліп босқан жұртыңның көз жасын төк.. Зарын бер! Осы ма еді, осындай ме ең мені тосқан қу ажал!?

К ө б е й. Екі сөзімнің қайсысына болса да байлауын би айтсын деді. Жауапты өзіңнен естігісі келеді.

Б и. Найман көп! Көптің ісі кеудемен келмей неғылсын. Табандасып шыдайын десем, көлденеңнің көзіне әшкере

болған ісім бар. Тентектік менде!.. Алмас қылыш жүзіне табан басқан қылығым бар. *(Тым-тырыс. Даладан дабырлаған дауыстар.)*

Дауыс *(далада)*. Сен бар, сен бар, айтып кел.

Ж і г і т. Баба... тыста тұрған ел-жұртың, ер-азаматың жіберді мені. Кебек арғыннан асқан ардагеріміз емес пе еді. Одан артық ұл туып па еді тобықтыдан? Кім етіп еді оның еткен еңбегін! Қолымыздан оққа байлап бергенше, қырылсақшы ел болмай! Жағасы жақыт кіреуке жebesі жетіп жүн болғанша шыдастық. Найманның не пәлесі болса да көтердік. Кебекті бермесін дейді...

Б и *(қатты)*. Мен тобықтының намысын сатып ағарттым ба, сақал, шашты. Билігіме ара түсем деген қай бассыздық! Шық!

К ө б е й. Бар, орынсыз жерге килікпе!

Жігіт шығады. Бірақ тыстағы сәл даурық бөгетті бұзып кимелей, екпіндей басып Абыз кіріп келеді. Қолында ұзын ақ таяқ, үстінде өзге қазақтан бөлек ұзын ақ кебентай. Басында ақ бөрік. Кіре бере екі биге қатты қадала, қатып қарап қалыпты.

А б ы з. Е-е-й, өңкей би! Жас кірмесе мен кірем!.. Жұрт есітпесе мен есітем кесігіңді... Баса кірдім үстіңе... Келдім қаралы қуыс шатымнан жаралы бауырымды сүйретіп!.. *(Адымдап төрге шыға береді.)*

Б и *(жақтырмай, Көбейге)*. Кім еді бұған атой берген, түге!..

А б ы з. Өзім... өзім. Тарт жалаңды жазықсыздан... Айта бер айтпақ нарқынды!.. *(Екі би Абызға қарасады да, амалсыз көнген ажар байқатады.)*

Б и. Неге келдің жел аударған қаңбақтай?!

А б ы з. Шер ыршытты шабақтай. Сездім, Кеңгірбай, сездім сұмдық салқынын.

Қара менде. Ер азаматтың әлгібір сөзінде жалын тұр ғой, елдік тұр. Тобықты сағы сынғалы отыр. Кебекті қолыңнан өлтіріп қойып бәрібір тыныш отыра алмайсың. Сені мен маған да қиын кезең болмас осындай? Дадаңның баласы да Кеңгірбайға өкпелі едім деп отырып қалмас. Шексіз шыдам жоқ. Бермеу керек Кебекті!

Б и. Уай, Көбей... Осы мына бабаңның өзінен басқа келген бар ма елінен?

К е м б а й. Өзір келген кісі жоқ. Бидің өзі ғой...

Б и. Қолсыз сайраған тілді қайтейін. Қызыл тіл мен ку жақтан бұндағы тобықты да кенде емес қой. Өз артыңа қарамасаң басқа шығар жол жоқ.

Қ а р а м е н д е. Өзің болсаң, өзіңе сен! Бәрібір шық найманның қарсысына!

Б и. Қыздырманың қызыл тілі ғой!..

Қ а р а м е н д е (*ашуланып*). Қасқырша өз күшігінді өзің жейін дедің бе?

Б и. Дадаңның улы тілін ауру денеме тағы да сұқтың ба кезін аңдып? Бауырлығыңды бұдан бұрын да сынағамын. Елжіреген жүректі көргем жоқ-ты.

К ө б е й. Билер, бұларың не? Ескі жараны білтелемей, мына сергелдең болған елге жол табатын жөндеріңді айтсаңдаршы!

А б ы з (*Қарамендеге*). Уа Қараменде, сені жұрт баба десе, мен сенен де гөрі кәрімін! Қостамаймын Кеңгірбайды құптамаймын сені де. Елің... елің жоқ па еді дадандай! Елің болса, қолың кәне? Тіпті тобың болмасын, тобырың кәне?! Не тұрысың... Не көмекке, қай керекке келдім дедің? Ер сәлемі әкелсе, ерте келмес болар ма, ер-азамат тұрғысын! Сылдыр сөзбен шығарып сап, сынайын деп кепсің ғой. Көлгір сөзбен көлденең болғың кепті ғой. Алданбаймын... алдамаймын!

Қ а р а м е н д е. Жетті... жетті тілің сүйегіме! Токтат, Абыз!..

А б ы з. Өзің айт... барыңды жиын да, тек баурыңды сүйіп айт, Кеңгірбай.

Б и. Бауыр... бауыр! Менің атам Әнет бабам емес пе еді?..

А б ы з. Не дейсің! Не деп келесің сен? Әнет бабаң, Әнет бабаң серік пе саған... бұ шақта! О-о-о!.. Сонау... сонау ма? Қалқаман — Мамыр етпек пе ең? Сұмдық. Ерінің жаны бөрінің аузына түскен сұмдық заман! Сұм заман!..

Б и (*ақырып*). Доғар тіліңді! Жоғал!

А б ы з. Сездім, Кеңгірбай, кетермін! Кетермін, сұмдық салқынын сезгеннен кетермін! Жақын елдерді екі жарып алып, жарғылап тұр тағы да! Жетісерсің сонымен би мен бек! Үздім күдер сендерден, елімнен — сонау найман елімнен сұрап алам жас жанын! Араша тілей соған барам! Соған сенем, сенем мен!

Б и. Жоғал бәрің көзімнен! (*Көбейге.*) Шығар... Шығар мынау екі қаңбақ шалыңды!.. Бар... бар, есіттім үндеріңді!.. (*Көбей, Кембай... Карамеңде мен Абызға ойысып күңкілдейді. Анау екеуі қатар тұрып екі бөлек шыға береді. Қосдәулетке.*) Шақыр. Шақырып бер маған Еспембетті!.. Еспембетті шақыр қасыма!.. (*Қосдәулет шыға жөнеледі.*)

К ө б е й (*екі шалды шығарып*). Еспембет! Еспембет!

К е м б а й. Бұларды кетіріп қасына алары кім? Еспембет пе? Би. Керек еттім жау биді... Иә, иә! Арыламын өзінен!.. Өз құлағыммен өз аузынан есітем!.. (*Сыртта Еспембет! Еспембет, Еспембет!*)» деседі.)

Б и (*Көбейлерге*). Сендер де барыңдар, оңаша... оңаша бер маған Еспембетті!..

Дауыстар: «Еспембет! Еспембет!» деседі. Көбейлер шыға беріп, есік шалқасынан ашылады. «Еспембет! Еспембет!» дескен дауыстармен қатар, қатты адымдап Еспембет кіріп келеді. Екі би үнсіз қарсы қарасып қалған.

Шымылдық

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Тау арасы. Тоғай. Аласа қос. Есігі ашық. Ішінде Еңлік ұйықтап жатыр. Жанында құндақтаулы баласы. Кебек қостың жанына келеді.

Кебек (*есіктен қарап*). Тыным алшы, аз да болса тыныштық тапшы сөйтіп, Еңлігім. Әлінің аздығына қарамай, азғантай көзім ілініп кетсе, басымда ғана отырады. Қимасым-ай, қанатым-ай, қанатым-ай, талдың-ау, талдырды-ау сенген жұртым! Аң болып, адам көзінен тығылып көрген өмір құрсын. Жалғыз болсам, бір сәрі еді ғой. Тартар едім таймас жолға, табар едім, қаза болса ер қазасын. Еңліктің өз басы болса да бір сәрі еді. Қалар ма еді жанымнан, қалысар ма еді қайратта? Екеумізге бірдей жұбаныш та өзі боп, ауыр жүк те өзі боп кішкентай бір қошақаным, балапаным жатыр мінеки. Бағың ашылатын күн болар ма — әлде сорға туған сорлымысың, бишара. Япырым-ай, елі болса да, жауы болса

да келетін уақыт болып еді, әлі де бір елес жоқ! Не деп келер?
Не десер! Екіншісі: я ұл атанып ел табам, я қанішер қайқы
болаттың қайратын сарапқа салып өлтіремін! Өлісем!..

Еңлік. Батырым, не деп тұрсың? Сөзің қалай жат еді.

Кебек. Еңлікжан, мен не айттым? Жай бір өлең емес пе?

Еңлік (*сыртқа*). Ойын менен жасырады. Жасытпайын,
үрейін ұшырмайын дейді ғой. (*Кебекке*.) Ендеше менің
құлағым қақас естіген ғой. Кейде шырты ұйқыда жатсам да,
ояу жүрсем де құлағым әлдеқандай жаман сөздер саңқ етіп
естіліп қалғандай болады.

Кебек. Өзің де бір уақыт тыным алып, тыныш
ұйықтамайсың. Соның өзі-ақ талдырмай ма! Тасташы осы,
сен ғана тасташы күдікті. Маған қалдыршы соның бәрін.
Жадырасыншы жүдеу, кейіс қабағың. Долы дүние тулап
жатсын айнала. Кетсін мұнар. Кетсін мұнар, кетсін тозан
толықсып туған айымнан! Қосыл! Қосылшы, жаным, әніме!
(*Ән салады, екеуі құшақтасып отыр.*)

Бір мен деп ата-анадан безген, сәулем.
Қорқыныш жас жүрегін езген, сәулем.
Мықты ұстап етегімнен, басын байлап,
Қауіпті жапан түзді кезген, сәулем.
Қан жауған қамалдарды бұзған күндер,
Қандырған білек құршын ұзақ түндер.
Бәрі де жан жарыма жеткен емес,
Құриды қызығына бойда сүлдер.

Еңлік. Өзге тілек тілемеймін осы құшағым жазылмай
кетсін. Айырмасын арам қол. Қуанышым, өтінетін бір-ақ
қана тілегім бар... Осы күн, осы кезбеде мені кажиды-ау,
әлсірейді-ау дей көрмеші.

Кебек. Неге айттың оны, Еңлігім. Неге үйдейсің?

Еңлік. Не сергелдең болса да, серігің болдым деп
аттанып ем. Артымда аяр нем қап еді. Бауырында, пананда
кешкен жалғыз күндік тірлігіме бұрынғы барлық ұзақ жыл-
дарымды теңемеуші ме ем. Тек мынау біраз күн... Әлсіздік,
аналық шақ...

Кебек. Айтпа... айтпа, атама оны. Бұл шағында әлсіз
деуге аузым барса, азғаным болар...

Еңлік. Болды, ендеше. Азғантай бір түйткілік қана сол
еді. Жуып-шайдың, жоқ еттің ғой бәрін, батырым. Қуанттың
ғой.

К е б е к. Соның шын болса ән салып бер.

Еңлік әдемі, мұнды ән айтады. Жәуетей шығып карап, ән тындап тұр.

Ж ә у е т е й. Екеуі ғана. Екеуден-екеу-ақ... Сонда да рулы елдей. Сүйеніскен егіз марал!.. Әттең екі бейбақ...

К е б е к (*селк етін*). Жәуетей, аман ба, жаным.

Е н л і к. Е, мынау... ел-жұртың аман ба, жаным.

Ж ә у е т е й. Ел аман, өздерің де есен-сау жатырсыңдар ма?

К е б е к. Біз есен-сау болмай не болушы едік. Кәне, не болды, жұрт не деп жатыр. Айтшы тез!

Ж ә у е т е й. Жұрты құрсын, елдігі кеткен ел емес пе біздің тобықты.

К е б е к. Не болып қалды?

Е н л і к. Жарқыным, сөз аяғы бұзылды ма?

Ж ә у е т е й. Енді бізге бұл жерде тұруға болмайды, қаптайды жауыздар. Тез бұл жерден кету керек.

Е н л і к. Бәсе, жүрегі құрғыр осыны сезген екен ғой.

К е б е к. Айтшы, не болды!? Неге тоқтады? Ұстап бермек болды ма?

Ж ә у е т е й. Ұстап бермек емес, бірақ қорғамайтын болды. Өзің ұстап ал да, өз дегенінді ет деді! Найман қаптап іздеп келеді.

Е н л і к. Жасаған-ай... Не деген тасбауырлық!

К е б е к. Бұл билікті кім айтты, найман ба, Кеңгірбай ма?

Ж ә у е т е й. Бәрін айтып тұруға болмайды. Қаптайды ғой жауыздар! Жүріндерші, жөнелейік!

К е б е к. Жәуетей, билікті кім айтты дейім? Тобықты оңай көнді ме? Айт бәрін. Әлде бізге қашу да керек емес шығар?

Ж ә у е т е й. Олай деме, досым!

К е б е к. Дос болсаң, жасырмай бәрін айт, жасқанбай-ақ. Мен осыны естімей ешқайда қашпаймын.

Ж ә у е т е й. Билікті әуелі Еспембет айтты. Тобықты көпке шейін көнбеп еді. Найман ішінде Есен деген батыр бар екен, бәле басы сол болды. Қараменде де көп таласты. Сол бидің сөзінен кейін найман тоқтағандай да болып еді бір кезек. Бірақ жаңағы Есен сөйлеп, бар найманды артынан ертіп алды. Кернеп кетті. Сонан соң би... Кеңгірбай би жаңағы жауапты айтыпты... Айтқаны құрсын жалғыз-ақ,

қара бауыр қатал би! Өз көңілімде күдік көп... сенбеймін! Еспембет оңаша сөйлесіп ап кесті. Қандай айла шешті? Қаншалық саудаға түсті сенің басың? Есіл жасым! Тас қараңғы сыр қалды. Бірақ не дермін, дегені болды, дегені болды ғой Еспембет пен Есеннің!

Еңлік. Есен! Әлі де бұл соңымда ма еді?

Кебек. Ел кісілері қара көңіл биге — Кеңгірбайға ерген соң, ер-азамат соларға берген соң, ар жағында не қалды, айтыңдаршы? Күні-түні қашып-пысып аң болып, тағы жүргенде көңілдегі медеуім не болды, кім болды айтыңдаршы?

(Есен кіреді.)

Есен. Кебек! *(Кебек екеуі тап беріседі.)* Бір-екі ауыз сөзімді айтқыз әуелі...

Кебек. Семсер жүзінде айтылған сертті ұмытқам жоқ, шық!

Есен. Кебек, батыр болсаң дегбірің қашпасын, үрейленбе!

Кебек. Шық!

Есен. Кебек, сен мені іздеп тауып тұрған жоқсың. Мен сені іздеп кеп тұрмын. Найман тобымен бірге келсем олар мені жекпе-жекте алыстырмас деп ұрланып әдейі кеп тұрмын. Менің мәнімді осыдан біл. Бар айтпағым осы ғана. Енді келсең келе бер!

Кебек. Олай болса, ер екенсің, кел. Арғын, найман берекесі екеумізге қарамай-ақ қойсын!

Есен. Сенімен туғанда жұлдызым қарсы боп туған, ағам Көшен кегі де қарыз мойнымда. Сені өлтірмей тынбақ емес көңілім! Кел бермен! *(Екеуі қатты алысып, қанжарласып жүреді. Кебек жеңіп құлатады.)*

Еңлік. Жасаған, жарлығыңа ырзамын. Жарығым, жаның аман қалды ма?

Кебек. Кеудемді жеген бір құрттан құтылайыншы тым құрса! Өліс депті ғой. Ала өлмей неге кетем?!

Жәуетей. Ал енді кетелік, болшы, жандарым!

Кебек. Жәуетей, несіне жабыса бересің сөйлеп. Кебектің дәурені кеткен, оның елге керегі жоқ. Оның орнына қуыс қурай. Қашпаймын мен, осы жерде тосып алам найманды! Дұрыс айтып тұрғам жоқ па, Еңлікжан?

Еңлік. Батырым, сені менің ғана басым болса бір сәрі (*жөргектегі баласын көрсетін*), мына сорлыны қайтеміз! Соры ашылмаған сорлы бейбақ осы болмай ма? Осының қарызы үшін кетейік, жаным!

Кебек. Шын айтасың ба, сен де тілейсің бе, қалқам?

Еңлік. Жалынамын, жаным, қайтемін!

Кебек. Олай болса дайындалыңдар. Мен атты әкелейін. Ал енді біз қашқынбыз! Өмір бойы қашқын боламыз. Қоян жүрек қорқақ боламыз! Көрінген адам баласынан тығылып, бұзып қашатын тау тағысы боламыз? Ал біз қаштық.

Жәуетей мен Еңлік дайындалады. Тас арасынан найман қолы кернеп, жинала бастайды.

Дауыс. Жау мұнда! Қапта, қапта!

Еспембет. Тоқта! Мынау Есен ғой, өлтіріп кеткен екен ғой.

Дауыс. Ойбай, бауырым....

Жомарт. Қанішер тобықты, қанқұйлы тобықты, қылған екен ғой...

Еспембет. Доғар... Есен бұл күнге дейін найманның батыры болса, қазірде тобықтының жығылған жығасын қайта тұрғызған найманның бір шіріген жұмыртқасы. Жекпе-жекке шыққанда тапқаны ғой. Жылаған көз жасымның садағасы. Бір ауыз сөз айтпастан өлексесін былай апкет. Мұны жайлап қашқан ғой Кебек.

Дауыс. Мына қатын біледі ғой, айтқызу керек осыған!

Дауыстар. Айт жаныңның барында.

Еңлік. Мені ұстағаннан кейін оны да ұстадыңдар ғой!

Еспембет. Бұл көлгірсіп тұр. Ол қашса да ұзаған жоқ. Мына шатқалды аралап шық шапшаң!

Кебек шыға келеді.

Дауыс. Ә, батыр, келдің де ажал айдап?

Кебек. Келдім. Мен Еңлігім өлген жерде өлем деген уәдем бар, сол үшін келдім. Тағы да жастығымды ала жатайын ба. Ажалсыз қай найман барсың, көрінші менің көзіме. (*Садағын кезене береді.*)

Еспембет. Ат, мына мен бар. Найман құрып қалса көремін.

Еңлік. Сәулем, атпа! Тілеймін! Арғын, найманның қалған елі қарғамасын. Өлсек те жазықсыз өлейік.

Кебек *(садағын кезеп тұрып)*. Ей, сотқар би, ұлып-ұлып табысыпсыңдар ғой бөрідей, табысарда сойған көк қасқан елдің ұлы-қызы біз болдық қой! Көк бөрі демей не дейін, қан сорпамды ішпесең көңілдерің көншімес. Лағынет болсын сендерге. Бірақ сені қарғасам да қарғамаймын сорлы елімді. Ер қадірін білер сол ел, елден шыққан не білер! Сонда менің қанымды қарғыс етіп басар сенің маңдайыңа! Мә, білгеніңді істей бер! *(Садағын тастайды.)*

Еспембет. Ол сөздің керегі жоқ! Байла!

Еңлік. Ей, азаматтар! Өлтірерде үш тілек бар емес пе? Үш-ақ түрлі тілек айтам.

Дауыстар. Керегі жоқ, тыңдамаймыз.

Еспембет. Тоқта! Айт, не тілегің бар?

Еңлік. Кебекпен арыздасайын. Екінші, өлтірген соң бір жерге көміңдер. Үшінші, соңғы тілегім: бізде жазық болса да мына бишара сорлыда жазық жоқ қой. Ата-анамда ұрпақ жоқ, зарлап өтіп еді, енді мен екеш мен де жоқпын соларға табыс етіңдер. Жетім қозы бұл зарлық зарласа солар баурында зарласын. Бар айтарым осы еді,

Еспембет. Жарайды. Босатыңдар. Қоштаса ғой жарыңмен.

Матрақ. Кебек, ел болып, Көбей болып енді мені саған жіберді, еркек тоқты құрбандық деген еді. Елге, биге айтар сөзің болса айт.

Кебек. Тобықтының баласына менің сөзім жоқ. Ендігі сөзім жетіп олардың жүйесін босатпай-ақ қойсын. Тобықты осы қаталдығынан таймасын, менің арызым, Еспембет, сенде.

Еспембет. Айт, менде болса.

Кебек. Мойныма арқан тағып өлтірме! Қорламай өлтір!

Еспембет. Босат олай болса, қызбен екеуінің қолын!

Кебек. Еңлікжан, қимасым, құштарым, кеш маған...

Еңлік. Жалғызым, өзің де кеш!..

Құшақтары айқасады. Еспембет садақпен атады. Екі жастың құшақтары жазылмай денелері айқасып түседі. Жұрт жым-жырт. Қаралы сұмдық іс бітті, енді бет-бетімен жым-жырт тарап барады. Құндақтағы баланы ешкім алмайды. Жапа-жалғыз қала береді: Сол

кезде Жапал шығады. Еңліктерге үнсіз қарап үңіліп тұр. Екі иығы дірілдеп, үнсіз жас төгіп тұрғаны білінеді. Жай жылжып балаға келеді. Бір жақтан Абыз шыққан, ақ шапанды, ақ сақалды. Өзгеше тіксініп, тұла бойын өрт шалғандай боп келеді. Бұған дейінгі қанды уақиғаның эпилогі түрінде кетеді.

Ж а п а л. *(Абызды көрмейді. Құндақтағы баланы көтеріп, бауырына алып)*. Сорлы қозым! Қошақаным! Жетпей қалған, жетім қалған, бауырым. Алдым сені бауырыма. Тастап кеткен. Елсіз, есіз далаға тастап кеткен тас бауырлар, бөрілер!

А б ы з *(бір қабат ақ шапанын шешіп, өліктердің үстіне айқара жауып)*. Аһ, заман! Құшақтарың айқасып кеткен шерменделер!

Ж а п а л *(айналып көріп, баланы көрсетіп)*. Көрші, көрші міне, қам көңіл ата! Мынаны өлсін деп аш бөріге тастаған. Осы ма еді ел деген? Көріп пе едің аямасты, ататай?

А б ы з. Ата!.. Атамын мен аңыраған! Мен ата, сен немере! Бауырыңдағы шаранасы кеппестен шырылдап қалған шөбере! Бауырым өрт, үнім зар! Бауырым өрт, бетім жас... Ата, немере, шөбереміз — үш зарлық! Ел олар емес, ел бізбіз, ұлым, жан балам! Қара тастай қатал күндер ішінде туар, келер біздей толқын-толқын ата, бала, немере... алып кетсін, жазықсыздар аттарын сақтап өтсін... ақтап өтсін арыстарым арманын... «Жадында тұт, жасыма!.. Жадында тұт, жасыма» де, ес кіргенде *(баланы нұсқап)* бауырыңа... Бүгін мен өсиет еткендей, өсиет ет сен оған, шағың жетіп өлерде! Жадында тұт, жасыма десін арғыларға, ұрпаққа. Жадында тұт, жасыма, ұлым, елім шермендем!...

Шымылдық

**ҒЫЛЫМИ
түсініктемелер**



Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармалар жинағының елу томдық толық басылымы мынадай ғылыми жүйемен баспаға дайындалды. Жазушының барлық шығармалары жазылу мерзіміне қарай хронологиялық (реттік) тәртіппен берілді. Бірнеше нұсқасы бар көркем туындылары (мысалы: «Еңлік – Кебек», «Қаракөз», «Ақын аға» т. б.) сол шығарманың алғашқы мәтіні жарық көрген кезге қарай орайластырылып ұсынылды. Өйткені әр нұсқадағы өзгешеліктер мен қысқартылған, қосылған тұстарды салыстырып қарауға жеңілдік жасау мақсаты көзделді. М. Әуезовтің көзі тірісінде жарық көрген жинақтарға енген шығармалары сол қалпында, негізгі, соңғы нұсқа ретінде жіберілді. Әуезова Л., Бөжеев М., Наурызбаев Б., Нұрқатов А., Сахариев Б., Уахатов Б., Сыздықов Қ. ғылыми түсініктерін жазып, баспаға әзірлеген шығармаларының он екі томдық жинағындағы (А., Жазушы, 1967–1969) және Әуезова Л., Әкімов Т., Досымбекова Р., Мырзахметов М., Мұқаметханов Қ., Серікқалиев З., Сыздықов К. ғылыми түсініктемелерін жазып баспаға дайындаған жиырма томдық шығармалар жинағындағы (А., Жазушы, 1979–1985) жазушының төл туындылары бастапқы қолжазбамен немесе алғашқы басылым көрген нұсқамен салыстырылып, орфографиялық, грамматикалық қателері бүгінгі күннің ережесіне сай түзетіліп ұсынылды, ғылыми түсініктемелері уақыт пен басылым талабына орай қайтадан жазылды.

Ғылыми түсініктемелер мынадай тәртіппен жазылды: әуелі шығарманың аты, содан кейін алғашқы жарияланған кезі, басылымның аты, қойған қолы, кейіннен жарық көрген басылымдары, қай басылым бойынша толық жинаққа енгізілгені, текстологиялық салыстырулардың жүргізілу рәсімі туралы мағлұмат берілді. Екінші: сол туындының жазылу тарихына қатысты жайлар мен себеп-салдарларға сипаттама, соның ішінде қозғалатын тарихи мәселелер мен пікірлерге шолу жасалды. Үшінші: әрбір нұсқадағы айырмашылықтар мен өзгертулер, қысқартулар өзара салыстырылды. Төртінші: шығарманың ішіндегі кісі аттарына, көне сөздер мен терминдерге, әртүрлі оқиғаларға, түсініксіз тұстарға, келтірілген үзінділерге түсініктеме берілді. Авторлық құқық

және ғылыми патент туралы заңның талабына сәйкес түсініктеме иелерінің аты-жөні көрсетілді.

«Ғылыми түсініктеме» бөліміне М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының алғашқы басылымының (1997–2011 жж.) 1-томында жарияланған ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі З. Ахметовтың «Әуезовтанудағы жаңа биік белес» атты алғы сөзі мен саясаттану ғылымдарының докторы И. Тасмағамбетов пен филология ғылымдарының докторы Т. Жұртбайдың «Мұхтар Омарханұлы Әуезов (1987–1961: өмірі мен шығармашылық жолы» атты кіріспе мақаласы енгізілді.

ӘУЕЗОВТАНУДАҒЫ ЖАҢА БИІК БЕЛЕС

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, XX ғасырдағы әлем әдебиетінің озық өкілдерінің қатарынан орын алған ұлы суреткер, ғұлама ғалым, публицист, ұлағатты ұстаз-педагог, аса ірі қоғам қайраткері. Оның баға жетпес әдеби мұрасы – көркем туындылары мен ғылыми зерттеу еңбектері, мақалалары – дүниежүзілік әдебиет пен мәдениетке зор үлес, асыл қазына болып қосылды.

Мұхтар Әуезовтің шығармаларын баспа жүзінде мейлінше толық жариялап, кеңінен насихаттау тарихымызды тереңдеп тану үшін, бүгінгі мәдениет пен әдебиетіміз үшін, ғылым үшін, жас ұрпаққа тәрбие беру ісін жаңа өріске шығару үшін қаншалықты маңызды екені айтпаса да түсінікті. Ұлы жазушы, ғалымның бұған дейін жарық көрген таңдамалы шығармалар жинақтарына кірмеген көптеген әңгіме, очерк, мақалаларды, ғылыми зерттеу еңбектерді – ешбірін қалдырмай түгелдей қосып және бірталай шығармалардың өңделген, түзетілген, қайта жазылған нұсқаларын, журналдық басылымдарын, сонымен қатар шығармалардың жоба-жоспарларын да қамтып, көп томдық толық жинағын академиялық басылым етіп жарыққа шығару – қаламгердің мол мұрасын барлық қырынан жан-жақты қарастырып, әдебиетке жаңа, бүгінгі көзқарастар тұрғысынан талдап-бағалануға мүмкіндік туғызатыны аян.

Бұрын жазушының шығармаларын еріксіз іріктеп басу қажет болғанын, кейбір туындыларды сол кездегі үстем идеологияның шектеуі себебінен жариялауға мүмкіндік берілмегенін ескерсек, қазір еліміз егемендік алып, өктем саясаттың қысымынан арылған заманда Мұхтар Әуезовтің өте бай, сан салалы шығармашылық мұрасын барынша толық жариялауға, кеңінен насихаттауға, тереңдеп тексеруге керекті жағдайдың бәрі де бар. Сондықтан Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық жинағын дайындап бастырып шығару күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл – сөзсіз, арнайы ғылыми зерттеулерді, байыпты текстологиялық жұмыстар жүргізуді тілейтін, бір емес бірнеше жылда атқарылатын өте күрделі, ауқымды еңбек. Бірақ бірнеше жылдар

бойы тиісті дайындық жасалып, жоба-жоспары айқындалып келе жатқан осы үлкен еңбектің дәл биыл, ұлы жазушы, ғалымның 100 жылдық мерекесі жылы басталып, алғашқы томдары ұзамай жарық көруі әбден орынды екені анық.

Мұхтар Әуезовтің таңдаулы шығармалары, әсіресе Абай туралы роман-эпопеясы қырық шақты шет тілдерге аударылып, көптеген елдердің оқырмандарының назарып өзіне аударып келеді. Жазушы шығармаларының өз туған тіліндегі басылымдары көлемі жағынан да, таралымы жағынан да ауыз толтырып айтарлықтай болған десек те, оның көзі тірісінде олар көбінесе жеке кітаптар болып қана жарық көрген еді. 4 томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы жазылу ретімен жеке-жеке де, тұтас кітап болып та жарияланды. Мұхтар Әуезовтің өзі көзімен көріп, қолымен ұстағаны – алғашқы 6 том болып 1955–1956 жылдары жарыққа шыққан шығармалар жинағы. Оның бастапқы төрт томы «Абай жолы» эпопеясының төрт кітабынан құралған, бесінші және алтыншы томдарында таңдамалы әңгімелер мен пьесалар, бірді-екілі аударма ғана қамтылған.

Нақтылы айтсақ, 5-томға әңгімелерден «Қорғансыздың күні», «Қасеннің құбылыстары», «Білекке білек», «Түркістан» солай туған», ал пьесалардан «Ендік – Кебек», «Айман – Шолпан», «Бес дос», «Шекарада», «Бекет» қамтылған.

6-томға әңгімелерден «Шатқалаң», «Құм мен асқар», «Бүркітші», «Жуандық», «Іздер», ал пьесалардан «Абай», «Қаракыпшақ Қобыланды», «Түнгі сарын», «Сын сағатта» алынған. Аудармалардан 5 және 6-томдарға енгізілгендері: «Любовь Яровая» мен «Асауға тұсау». Жинақта тек шығармалардың тексттері басылып, ешқандай түсініктеме, қосымша дерек, анықтамалар берілмеген.

Бұл жағынан алғанда да, көркем туындыларды – әңгіме, очерк, повесть, пьесаларды және ғылыми зерттеулерді, публицистикалық мақалаларды молырақ қамтуы жағынан да Мұхтар Әуезовтің 1967–1969 жылдарда жарық көрген 12 томдық шығармалар жинағын елеулі жетістік болды деп айта аламыз. Аталған жинақтан оқырман басқа белгілі шығармалармен қатар «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз», «Тас түлек» секілді пьесаларды; «Ревизор», «Отелло», «Той тарқар» секілді аудармаларды; «Адамдық негізі – әйел», «Ғылым тілі», «Қазақ оқырмандарына ашық хат», «Бүгінгі зор міндет» сияқты 1917–1920 жылдарда жазылған мақалаларды, сондай-ақ «Манас» эпосы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Қазақ ертегілері», айтыс өлеңдері жайындағы зерттеу еңбектерді оқып танысуға мүмкіндік алды. Бұл жинақтағы әр томның соңында берілген ғылыми түсініктемелерде шығармалардың жазылу тарихы, қолжазба мен кейінгі басылымдардағы айырым-өзгешелік

кандайлық екендігі жайында арнайы тексеру негізінде берілген тың деректер де құнды екенін атап айтқан жөн. Мысалы, «Түнгі сарын» пьесасының 5 актысын түгел қамтитын жоспар-жобасы, сондай-ақ «Шатқалаң» әңгімесінің жоспар-жобасы түсініктемелерде келтірілген.

1979–1985 жылдарда Мұхтар Әуезов шығармаларының бүгінге дейінгі ең толық болып келген 20 томдық жинағы басылып шықты.

Бұл жинақтың артықшылығы, алдымен бұрынғы 12 томдыққа қарағанда шығармаларды әлдеқайда мол қамтуында болса, сонымен қатар мұнда ғылыми түсініктеме, қосымша деректер беруге де көңіл қойып, әр шығарманың жазылу тарихы, жариялану барысы жайында, шығарма текстері туралы кеңінен қамтылып айтылып, оларға автор енгізген өзгерістерді көрсетіп отыруға көбірек орын берілуінде.

Мұнда «Абай» сценарийі, «Қалқаман – Мамыр» либреттосы, «Райхан» сценарийі енгізіліп, «Хан Кене» пьесасы тұңғыш рет жарияланды. Сондай-ақ «Әдебиет тарихы» 1927 жылғы бірінші басылымынан кейін арада ондаған жылдар өткенде өз оқушысымен қайта табысты. Жазушының 1932 жылы түрмеден босатылған кезде жазған «Ашық хаты» алғаш рет қазақ және орыс тілінде жарық көрді. Осы жинақтағы 1949–1953 жылдарда Мұхтар Әуезовке «ұлтшыл» деген саяси айып тағылған ауыр кездерде жазған мақалалары, хаттары, сөйлеген сөздері де сол кездегі жағдайды, жазушының жекебасының күйін түсіну үшін құнды материалдар екені анық. Аталған жинақтар Мұхтар Әуезов шығармаларын жұртшылыққа насихаттау және ғылыми зерттеу ісіне тірек болып келді. Олардың үлкен қоғамдық, танымдық, тәрбиелік мәні бар екенін әбден мойындай отырып, ұлы жазушы, ғалым, публицист Мұхтар Әуезовтің қалдырған мұрасы шексіз мол екенін, бірталай шығармаларының ондаған жылдар бойы жарық көрмей немесе қайталап басылмай келгенін айтпаса болмайды. Әрине, ертеректе және кейінгі әр жылдарда газет-журналдарда басылған, жеке басылымдарға енген шығармалары сол кездегі оқырмандардың, оның бай мұрасын арнайы тексерген әдебиетшілердің назарынан тыс қалған жоқ. Алайда көптеген шығармалардың жалпы жұртшылыққа, әсіресе шетел оқырмандарына әлі де таныс емес екені де талассыз. Шетелдерде Мұхтар Әуезов көбіне-көп ұлы жазушы, көркемсөз шебері ретінде белгілі, онда да ең таңдаулы шығармалары – «Абай жолы» эпопеясы, кейбір әңгіме, повестері мен драмалық туындылары арқылы. Ал ғұлама ғалымның зерттеу еңбектері басқа тілдерге өте аз аударылды. Абайтануды биік деңгейге көтеріп, дербес ғылым саласы етіп қалыптастырған Мұхаңның ұлы ақынға арналған, оның өмірі мен шығармашылығын кеңінен толғап баяндайтын үлкен монографиясы да әзірше қазақ тілін білетін оқырмандардың ғана қолы жететін қазына күйінде қалып келеді.

Әрине, әуезовтану саласындағы қол жеткен жетістіктер аз емес. Сонымен қатар ұлы жазушы, ғалымның мол мұрасын толық игеру үшін іске асырылуға тиісті зор міндеттердің әлі де алда тұрғаны талассыз. Әуезовтанудың көкжиегін кеңейтуге бағытталған жұмыстар туралы айтқанда, алдымен оның шығармаларын ана тілінде толық жарыққа шығару, ғылыми тексеруден өткізіп, қате, жаңылыс басылған жерлері болса түзетіп, еш қоспасыз, автордың қолынан шыққан қалпында жұртшылыққа, халық игілігіне айналдыру айырықша маңызды іс екені белгілі. Бұл жағынан қарағанда Мұхтар Әуезов шығармаларының елу томдық ғылыми толық жинағын дайындап, бастырып шығарудың үлкен мәні бар.

Елу томдық толық жинаққа енгізілген шығармалар 1917 жылдан бастап 1961 жылға дейінгі жарты ғасырға таяу уақытты қамтитындықтан және олар жанры, жанрлық тегі мен түрлері сан алуан болып келетіндіктен шығармалардың әр томдағы құрамын анықтағанда хронологиялық-жанрлық принципті ұстану, қолдану бірден-бір ұтымды, орынды екені дау туғызбаса керек. Бұл өзі әлем әдебиеті классиктерінің көп томдық толық жинақтарын шығару тәжірибесінде ең қолайлы саналып, әбден қалыптасып орныққан принцип.

Елу томдық толық жинақта қамтылатын шығармаларды жалпылай шолып қарасақ та, Мұхтар Әуезов тұлғасының асқар таудай кесек-ірілігі, шың құздары, сай-салалары мол көпқырлылығы, оның нағыз әмбебап (универсалдық типтегі) суреткер, ойшыл, ғалым, публицист, ұстаз, қоғам қайраткері екені айқын аңғарылады. Толық жинақта Мұхтар Әуезовтің әңгімелері, повестері, очерктері, комедия, трагедия, драмалары, мақалалары, зерттеу еңбектері, аударма туындылары – бәрі-бәрі бұрынғы басылымдарға қарағанда толықтырылып, барынша мол қамтылады.

Мысалы, алдымен осы бірінші том мен келесі екінші томда ерте-реkte жазылған мақалалар қатарына оннан астам туындылар жаңадан қосылмақшы (мысалы, «Жалпы жастар съезі», «Жастар съезіне ашық хат», «Қазақ қайтіп жетіледі», «Қазіргі қазақ күйі», «Қазақ әйелі», т. б.).

Мұхтар Әуезовтің 20-жылдардың басынан бастап «Абай», «Сарыарқа» секілді газеттерде басылған мақалаларында заманның аса маңызды көкейкесті мәселелерін мол білгені жіті аңғарылады және оның жас кезінен жалынды публицист, күрескер ретіндегі жарқырап көрінгенінің айқын айғағы деуімізге болса да, сол алғашқы мақалаларының өзінде-ақ жазушының «елді мәдениетке жеткізіп, ағарту, өнер-білім таратып құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп, ішінен жетілту» қажеттігін уақыттың өзі қазақ қоғамының алдына қойып отырған әлеуметтік мәні зор мақсат-

міндеттер деп түсінгенін байқай аламыз. Жоғарыда аталған мақалаларға қоса 1920–1921 жылғы ашаршылық туралы «Еңбекші казак» газетінде басылған мақаласын, жер бөлісі туралы сөйлеген сөздерін ескерсек, Мұхтар Әуезовтің ол кездегі ел тағдыры, ұлттық мүдде, жастардың келешегі жайындағы толғаныстары, ой-толғамдары бүгінгі замандағы озат идеялармен үндесетіндігі көңіл қоярлық. Елу томдық толық жинақта жазушының барлық әдеби, ғылыми, публицистикалық шығармаларымен қатар, әртүрлі мәжіліс, жиындарда сөйлеген сөздеріне, хаттарына, пікір-рецензияларына, қойын дәптеріндегі жазбаларына да орын беріледі. Және шығармалардың варианттары – өңделген, түзетілген нұсқасы, кейде шығарманың жоспар-жобасы секілді қосымша дерек, материалдар да барынша беріліп отырады.

Мысалы, бірінші томда «Еңлік – Кебектің» бұрын жарық көрген нұсқасымен қатар одан елеулі айырмасы бар екінші нұсқасы, басқа томдарда «Қаракөздің» екі нұсқасы, «Хан Кене» пьесасының қазақша екі нұсқасымен бірге орысша жазылған нұсқасы, «Қаралы сұлу» мен «Кінәшіл бойжеткен» әңгімелерінің басқаша аяқталатын варианттары берілмекші.

Тағы бір атап айтарлық нәрсе – 1950 жылы басылып бүгінге дейін қайталап жарық көрмей, оқырмандардың назарына ілінбей келген «Ақын аға» романы бұл толық жинақтан орын алмақшы. «Ақын аға» Абай туралы роман-эпопеяның үшінші кітабы ретінде жарық көріп, Абайдың ақын шәкірттері жайында 1951 жылы болған талас-тартыстар тұсында қатты сынға ұшырағандықтан, көп өзгертіліп, көп жері жаңадан жазылып, «Абай жолы» деген атпен шыққан болатын. Басында «Абай жолы» деп эпопеяның үшінші кітабы және кейінірек төртінші кітабы аталды да, онан соң барып «Абай» деген атпен шыққан бірінші және екінші кітаптар да бәрі бір тұтас эпопея саналып, «Абай жолы» деген атпен біріктірілді. «Ақын аға» 1950 жылғы басылған қалпында эпопеяның үшінші кітабының алғашқы варианты, өзгеше нұсқасы деп қаралуға әбден лайық және эпопеяның жазылу, жариялану тарихын білу үшін аса қажет.

«Абай жолы» роман-эпопеясының жазушы өзі орыс тілінде жазып шыққан тараулары да толық жинақтан орын алмақшы. Мұхтар Әуезов шығармаларының жоғарыда көрсетілгендей әртүрлі варианттары және әр томда берілетін түсініктемелер, жеке шығарманың жазылу тарихына, баспа жүзінде жарық көруіне, текстегі авторлық түзетулерге қатысты ғылыми анықтамалар ұлы қаламгердің суреткерлік тұтас тұлға-бітімін танып-білуге көмекші болумен қатар, жазушының творчестволық лабораториясын, шығармаларының текстологиясын зерттеу үшін аса құнды болары хақ.

Мұхтар Әуезовтің сарқылмас творчестволық қабілетінің орасан зор қуаттылығын, үнемі тынымсыз ізденіс үстінде жүретінін, тексті қайта қарағанда мүлде жаңа, тың көркемдік шешімдер таба білгенін, яғни оның творчестволық психологиясын, шығарманы жазуды ойға алғаннан бастап, ең соңғы нүктесін қойғанға дейінгі бүкіл творчестволық процестің барысын осындай дерек-материалдар арқылы байқап-бағдарлап, саралап, талдап тануға мол мүмкіндік туады.

Қорыта айтсақ, Мұхтар Әуезов шығармаларының осы академиялық толық жинағын дайындап, жарыққа шығару ісі ойдағыдай орындалса, оның әдебиетіміз бен мәдениетіміз үшін де, ғылым үшін де мәні зор біртұтас қомақты еңбек болып шығатыны, сүйтіп қоғамдық өміріміздегі елеулі уақиға болатыны шүбә келтірмейді.

*Зәки Ахметов,
Қазақстан Республикасы
Ұлттық ғылым академиясының
академигі, еңбек сіңірген ғылым
қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты*

1997 жыл

МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ ӘУЕЗОВ

(1897–1961: өмірі мен шығармашылық жолы)

Дүние мәдениетінің тарихына туған халқының ой-сана, рухани қабілет, парасатын бар болмысымен танытқан даналардың танымы мен тағдыры өзі тіршілік кешкен заманның топырағынан тамыр тартады. Ұлылар барлық дәуірлік, өмірбаяндық, шығармашылық қайшылықтарды басынан кеше отырып, жаратылыстың адамға сыйлаған қасиеттерін бойына сіңірген сәтте ғана замандық тұлға дәрежесіне көтеріледі. Шынайы дана – өз ұлтының қадым заманнан бергі зейін-зердесінің, түсінік-түйсігінің іріктеліп келіп ұйыған мәйегі. Ірі-ірі қоғамдық қактығыстар, танымдық тартыстар және биік нысана, үлкен мүдде-мақсаттар жеке адамның кесек қимылына жол ашып, өз мүмкіндігін толық пайдалануға ықпалын тигізеді. Даналардың өмірі халқының тағдырымен біте қайнасып, қоса құйылады. Олардың тағдырын елінен, елінің тағдырын олардан ажырату мүмкін емес.

Қазақ қауымы үшін, қазақ мәдениеті мен әдебиеті үшін Мұхтар Омарханұлы Әуезов те сондай дара да күрделі тұлға.

Егер де, әрбір данышпанның маңызын ең алдымен сол елдің дамуындағы орнымен бағаласа, онда әл-Фарабисіз, Абайсыз, Әуезовсіз ұлтымыздың рухани өмірі де, тарихы да, дүниетанымы да жетімсіреп қалар еді. Бұл – бір халықтың болашақта алыс-жақын ұлттармен және ұлыстармен терезесі тең тұрып, өмір сүруге тиісті құқынан айырылумен парапар деген сөз. Адамзатқа ортақ ірі тұлға тәрбиелемеген халықтың тарих сахнасынан ерте ме, кеш пе ысырылып қалуы заңдылық.

Мұхтар Әуезовтің даналық көркем ойының мәйегінің құнары – тек оның шығармаларындағы қат-қабат тартыс жүйесінің тоғысуында, жеке тұлға мен қоғам арасындағы көзқарас тартысында ғана емес, үш формацияны тел еміп өскен тағдырының тамырында жатыр. Әлмисақтан бергі даналардың творчестволық талқысын таразыласақ, олардың алдындағы міндеттердің көркем шешілуі – адамзаттың санасына өзгеріс әкелді. Гомер – өзінен де бұрынғы ықылым дәуірдің елестерін тарихи тұрғыдан жинақтап берді. Данте – адамның өзін-өзі тануына жол ашты. Шекспир –

кейіпкердің шартты әрекетін бұзып, өмір құбылысын өзінше қабылдап, ірі кимылдарға баруына көпір салды. Толстой – адамдардың арасындағы қарым-қатынастар арқылы тарихты көркемдік тұрғыдан сабақтады. Гете – тұлға мен қоғамның арасындағы қайшылықты саралады. Ал Мұхтар Әуезов – көркем творчествосымен қоса жеке өмірі арқылы көшпелілер әлемінің соңғы тұйыққа тірелу қасіретін, самодержавиенің отаршылдық езгісін, оның сана мен санатқа жасаған қорлығын, рухани тәуелділікті тудырған басыбайлы психологиясын, социализмнің «коммуниетік-қолонизаторлық» (С. Сәдуақасов) пиғылы мен тобырлық кекшілдігін, заманалардың төңкерісіне қоса адамның тағдырын оймен екшеп берді. Көркем шындық арқылы тарихи шындықты адамзаттың назарына ұсынды. Бұл Мұхтар Әуезовтің дүние мәдениетіне қосқан парасат пайымы. Ол шындық ұлттың тарихына айналып кетті. Мұхтардың танымы да сол ұлттың тамырынан нәр алды. Оның өмірдегі және өнердегі қадамы Абайдың қара шаңырағының табалдырығынан басталды. Ол XIX ғасырдың аяғындағы, XX ғасырдың басындағы қазақ сахарасының парасат университеті – Абай тәліміне сусындап өсті. Абайдың қыстауы Жидебай – ол үшін білім Қағбасы болды. Мұхтар үш үлкен тамыр арқылы «көкірегіне көп жұбаныш» тапты.

Бірінші тамыр: «Мұхтардың балалық шағы қазақ даласында кездесіп көрмеген, батыс елдерінде де сирек кездесетін өлең мен әнге, ертегі мен жырға, жұмбақ пен жаңылтпашқа, шежіре мен шешендіктің лұғатты сөздеріне күн-түні шомылатын творчестволық ерекше жағдайда өтті. Ол Абай ауылы, Абай айналасы – Абайдың ақын балалары, Абай аулына үсті-үстіне ағылып келіп жатқан ақындар, әншілер, домбырашы, қобызшы-күйшілер, бишілер, шешендер... Қазақ халқының қалыптасқан әдептілігі, инабаттылығы, мінезділігі, адамгершілігі – бәрі-бәрі осы ауылда Абай елегінен өтіп өңделгені де бар. Абай айналасында өрескел мінез, ерсі сөзге тыйым салынған. Бұл ауылда кітап бар, кітап оқу бар. Науаи, Низами, Омар Наям, Фирдоусилер аудармасыз, өз тілдерінде оқылады. Абай айналасында осындай жайлар болғанын Мұхтар өзі де жыр етіп айтатын еді. Сол төңіректің барлық ішкі-сыртқы бейнесі зерек баланың балғын ойына өшпестей болып орнан қалғанын сезетін едік. Абай ауылына қысы-жазы көршілес отыратын Мұхтардың атасы Әуез өзі де мұсылманша оқымысты, сандық-сандық кітап жиған адам: әл-Фараби, Әбуғали Ибн-Сина, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхаммед Қайдар Дулати, Әбілғазы Баһадүр ханның еңбектері қолға көшіріп алған күйінде сол кісіден табылады екен» (Ғабит Мүсірепов). Мұхтар соның барлығын тілі мен діні арқылы жанына сіңген көне шығыстың ғұламалық әфсаналарын, шағатай, түрік, парсы, араб тіліндегі даналардың мұрасын, ислам әлемінде ғана емес, дүние ғылымына бетбұрыс

әкелген жәдидшіл ғалымдар Мұхаммед Ғабдуку, Жалаладдин Ауғани, Шаһабуддин Маржани, Исмағил Гаспаралы іспетті тұлғалардың дүние, жалған, адам, тарих, рухани азаттық, мінез, бостандық, діни таным мен қоғам, ұлттық азаттық, түркішілдік, исламшылдық ілімдерін сіңіріп, олардың пікірлерін салыстырып, санасына сара жол іздеді. Ол жол – «Абай жолына» әкеп қосты. Индия мен Американы аралаған кезінде оның көне шығыс туралы ғұламалық ойлары мен біліміне таң қалған зиялы қауымның Мұхтар Әуезовті: «Шығыстың тірі данышпаны»¹ – деп таңдай қағуының түп тамырында оның балалық шағындағы тәлім-тәрбиесінің негізі жатыр. Мұхтар сол көшпелі замандағы ақыл-ойдың тірі көрінісіндей боп өмір сүрді.

Екінші тамыр: ол – Еуропаның ой-пікірлерінің, тарихи танымының, қоғамдық құрылымдарының, көркемдік әлемінің ықпалы. Мұхтар Монтеньнің, Жан-Жак Руссоның, Дрепердің, Бальзактің, Гетенің, Дюманың, Гюгоның, Лесеаждың, Дарвиннің, көне грек даналары Аристотель мен Сократтың парасат пайымдарымен бала жасынан танысып өсті. Абайдың ауылындағы дәстүр бойынша бұлардың ақылды пікірлері мен көркем шығармалары үнемі ауызекі әңгіме ретінде айтылып, ақсақалдардың сарасына түсіп отырған. Талқылаған, өздерінше сынап, қорытынды шығарған. Үлгі ретінде балаларға айтып отырған. Бұған негіз қалаған шырға – Абайдың дәстүрлі тағылымы еді. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Үш анық» атты пәлсафалық ғаклиясының дүниеге келуіне әсер еткен де сол Абай үлгісі. Мұхтар да сол арқылы Шопенгауэрдің атын ғана емес, ілімінің негізін де ұғынып өсті. Ол өзінің жазушылық шеберлігінің қалыптасу барысында кейіпкерлер бейнесін сомдауда, қоғамдық құбылыстардың қат-қабатын суреттеуде Бальзакқа ерекше деп қойып, оған шеберлік мектебі ретінде қарауының себебі де осында. Қызықты оқиғаларды баяндайтын романдардан гөрі Абай ауылында ойға негіз қалайтын парасатты мұралардың жоғары бағаланып, үнемі талдау мен пікір келесіне айналуы Мұхтардың да көзқарасына әсер етті. Жүрек қалауын соған қарай бейімдеді.

Үшінші тамыр – ол орыс әдебиеті еді. Соның ішінде XIX ғасырдағы Толстой, Достоевский, Тургенев, Пушкин, Лермонтов, Лесков іспетті классиктерді жанына жақын тұтты. Әсіресе, Тургеневтің сұлу да мұңлы шығармалары оның жүрегіне терең таңба салды. Өзі де сондай биік шеберліктің сатысына көтерілген тұста да ол Тургеневтің романдарын қазақ тіліне аударды. А. Пушкиннің «Евгений Онегин» романын Фадеевпен жарыса отырып, жатқа айтқаны көпке мәлім. Алты жасында Абайды көрген Мұхтардың бұл үш таным-тамыры да ұлы ақынның

¹ Гончар О. Ақыл-білімнің кені еді // Біздің Мұхтар. А., 1976. 69-б..

бейнесін оның жүрегіне мәңгі орнықтырды. Сол қуатты тамырдан күш алған таланттың өмір мектебі де сол тұлғаға деген тағзымды күшейте түсті. Қозқарасы да сол Абайдың ықпалымен қалыптасты. Алайда Абай дәстүрлерін жалғастыруға ұмтылған Мұхтар Әуезовтің алдында заман ауысып, қоғам өмірі күрт, зор өзгерістерге ұшыраған жағдайда халық тағдырын, оның келешегін, ұлттық әдебиеттің даму жылдарын жаңа тілек-талаптарға орай толғап, түсіну міндеті тұрды. Бұл үшін күрескерлік те, үлкен суреткерлік те қажет еді.

Мұхтар Әуезов қазақ қоғамының ғасырлар бойы қалыптасқан қалпын, халықтың ұлттық мінез-құлқын, тұрмыс-салтын психологиясын асқан көркемдікпен бейнелей отырып, бірнеше ғасырды қамтыған заман шындығын, тамыры тереңге кететін тарихи шындықты мейлінше нанымды, әсерлі де көркем суреттеп, сол мезгіл, уақыт аралығындағы қоғамның зәру мәселелерін көтере білді. Мұның бәрі халқымыздың ұлттық ой-санасын, интеллектуалдық, эстетикалық пайымдауларын кеңейтіп, жаңа биікке көтерді.

Мұхтар Әуезовтің жасынан әдебиетке ықыласты болғаны, көркем шығарма жазуға бейімі бар екені, әсіресе Семейде шәкірт болып алғаннан соң таныла бастайды.

Ол кезде Семей қаласы қоғамдық, әлеуметтік, ұлтаралық қарым-қатынастар тұрғысынан алғанда, бұрын көп шоғырланған шаһарлардың тұрмыс-салтында ұшыраспаған бір алуан күйді басынан кешіріп жатты. Феодализмнің де, капитализмнің де қаймағы араласым, әр тұстан төңкерісшіл, азаматшыл, ұлт-азаттық қозғалысы туралы ойдың ұшқындары шақпақтай жарқылдап қалатын. Жаһангерлік-отарлау саясаты, қазаққа тізесін батыра түсті. Бүтіндей өктемдікке құрылған ұлттық езгіге қарсы қазақ зиялылары бас көтеріп, тәуелсіздікті нысана тұтты. Діни миссионерлер қыр казактарын жаппай шоқындыруға белсене кірісіп, «Ақ шіркеуді» салды. Оған қарсы мұсылмандық қозғалыс та пайда болды. «Тарахият (прогресс) дүбірі» қыр қазағын да ойға қалдырды. Көшпелі мен отырықшы өмір салтының қайсысын таңдау керек деген пікірталасы мұқым ұлтты қамтып, қоғамдық қозғалысқа айналды. Ұлттық зиялы қауым қалыптасып, азат ел болудың жолын қарастырды. Отаршылдықтың, ең бастысы, рухани тәуелділіктің басыбайлылығынан құтылуға ұмтылды. 1913–1917 жылдың аралығында қазақ тілінде бір жарым миллион дана кітап пен мерзімдік басылым жарық көрді. Түрлі мәдени-саяси кештер ұйымдастырылды. Отар ұлттың ұлттық рухы оянған кезде өмірге араласқан Мұхтардың да көзқарасы сол тұрғыда қалыптасты. Ұлт-азаттық идеясы оның өмірлік мақсаты мен көркем ойының негізгі арқауы болып қалды. Сол ұлы мұрат оған қалам

ұстатып, көркемсөзге алып келді. Бұл жолы да таным тамыры Абайға әкеліп тіреді. 1917 жылы маусымның жетінші жұлдызы күні Абайдың қосағы Әйгерімнің отауында Мұхтардың тырнақ алды шығармасы – «Еңлік – Кебек» пьесасы сахнаға қойылды. Бұл қойылым Абайдың немересі Ақылияның Медеудің ұлы Саниязға тұрмысқа шығу тойына қарай орайластырылды. Абайдың есіміне жас шәкірт осылай құрмет көрсетті. Сөйтіп, Абайдың рухани өмірі Мұхтар арқылы жалғасын тапты. Бұл шын мәнінде нысаналы құбылыс еді. Қазақтың тұңғыш театрының сахнасы Абайдың киіз үйінде ашылды да, Мұхтар қадаған уықтың шаңырағы салтанатпен дәуірлеп, академиялық театрға айналды.

Алпарысқа, жанталасқа, жанығуға толы сол кезеңде жеке Мұхтардың, не жалғыз қазақ қауымының, не исі Ресей жұртының ғана емес, бүкіл дүниенің тағдыры шешіліп жатты. XX ғасырдың бас кезіндегідей адамзат әулеті тарихи тығырыққа тіреліп көрген емес. 1905–1921 жылдардың аралығындағы тарихи оқиғалардың жылдам дамығаны соншалық, дүние ұлтының дені мұншама зауалдың астарын түсініп те үлгермеді. Тұтанған өрт Жер шарын түгел қамтыды. Одан қазақ даласы да шет қалмады, екі ғасырға созылған Ресейдің жаһангерлік отарлау саясаты қазақ ұлтының тағдырын тұйыққа тіреді.

Дүниежүзілік соғыстың ұшқыны ой салған қазақ ұлтының рухы оянып, ұлт-азаттық көтерілістің туын көтерді. Бір аяғы феодализмде, бір аяғы капитализмде тұрған қазақ халқы тарихтың екі айырығында тұрды. Отарлаушы патша өкіметінің құлауы, демократияға бет алған уақытша өкіметтің орнауы пролетариат диктатурасына ұласты.

Көкірегінің оты бар, көзі ашық азаматтар төңкеріс толқынынан қалыс қалуды ар санады. Сахара өңірінде үлкен саяси-қоғамдық пікір алысулар жүрді. Мұндай әлеуметтік белсенділік қазақ тарихында бұрын-соңды болған емес. Әртүрлі бағыттағы мерзімдік баспасөздер жарыса шықты. Бұл ұлттық интеллигенцияның толық қалыптасқандығының айғағы еді. Соның ішінде саяси күрес тәжірибесі мол, ұлтынын мүддесі үшін ғұмырын арнаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Ғаббасов, Мағжан Жұмабаев, Отыншы Әлжанов, Халел мен Жаһанша Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мұстафа Шоқаев іспетті ұлт көсемдерінің ықпалы аса күшті болды. «Қазақ» газеті ұлттық-тәуелсіздік қозғалысының ұйтқысына айналды. 1917 жылдың 21–26 (қазіргіше 3–8 тамыз) шілдесінде Орынбор қаласында Бүкілқазақтық құрылтай ашылып, бұл құрылтайдың негізінде «Алаш» саяси партиясы мен «Алашорда» үкіметі құрылды. Оның төрағалығына Әлихан Бөкейханов сайланды. Сөйтіп, қазақ елі тұңғыш рет демократиялық бағыттағы мемлекет атанды. «Алашорда»

үкіметі – Ресейдің құрамындағы автономия ретінде өмір сүре отырып, қазақ ұлтын тәуелсіз мемлекет дәрежесіне жеткізуді көздеді. Өзінің мемлекеттік бағдарламасын да солай жасады.

Мұхтардың көзқарасы осы ұлттық ояну дәуірінде қалыптасты. ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің классиктері Шәкерім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Дөнентаев іспетті зиялы қауым «Сарыарқа» газетінің маңына топтасты. Жиырма жасар Мұхтар Әуезов күрес жолындағы өз соқпағын халықтың рухани асыл қазынасынан іздеп, болашақтың тұтқасын туған елінің мәдени маркаюымен, ғылымды игеруімен, оны бойға сіңіре білуімен байланыстырды. Қаладағы күн сайын өтіп жатқан пікірталастары, «Алаш» партиясының саяси айтыстары ой салып, іштей ширықтырып отырды. Ол бұл кезде «Алашорда» үкіметінің мақсат-мүддесін өмірлік мақсатым деп түсінді әрі оның жұмысына белсене араласты.

Мұхтар Әуезовтің қаламы ысылып, адымын ашқан басылым «Абай» – ғылыми, әдеби, шаруашылық журналы. Журнал 1918 жылы «Уақ қарыз серіктігінің» қаржысы есебінен жастарға арналып шығарылды. Яғни, ел-жұрттан оқу-ағарту, мәдениет, үгіт жұмыстарын ұйымдастыру үшін жиналған жәрдемнің нәтижесінде ашылды деген сөз. Жауапты шығарушы, яғни бас редактор Мұхтардың оқытушылар семинариясындағы сырлас досы Жүсіпбек Аймауытов болды. Ал оның орынбасары – Мұхтар. Жүсіпбек Мұхтардан жеті жас үлкен. 1916–1917 жылдары «Еңлік – Кебектен» бұрын «Рабиға», «Жебір болыс», «Қанапия – Шарбану» пьесаларын жазған. «Қазақ» газетінде алғашқы мақаласы 1913 жылы жарияланған, ысылып қалған журналист. Жүсіпбектің ықпалы Мұхтарға өте күшті еді. Оны жазуға еліктірген де, журнал қызметіне тартқан да сол адам болатын. Халық үшін жаны күйген, буырқанған жастардың рухани көсемі – «Қазақ» газеті мен оның ұйымдастырушылары Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов еді. Мағжан да, Жүсіпбек те, Мұхтар да олардың ықпалында болып, солармен қоса Сәкен Сейфуллин айтқандай «елім-айлап, жерім-айлап» егіліп, «Алаш!» деп ұрандасты. «Талап», «Жанар», «Жәрдем» жастар бірлестіктерін ұйымдастырды, сондай-ақ «Жас алаш» атты ұйым да құрмақ ниетінде жүрді. Олардың қатарында Сейіт Тоқымбаев, Әлімхан Ермеков, Даниял Ысқақов, Қази Нұрмұхамедов сынды азаматтар да болды. Бұл жылдар туралы Мұхтар: «Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып, доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім. Бұл кездерде февраль төңкерісі болған. 19-жылдың аяғында кеңес өзгерісі болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік. Содан кейінгі баспа сөзіне толығырақ араласқаным

1918 жылы «Абай» журналының шығуымен байланысты. Ондағы сөздер сырлы әдебиет емес, жалпы мақалалар, балалықтың, жастықтың әр сайға басын соққан сандалысы, далбасалығы сияқты»², – деп жазды.

Мұхтарды қоғам қайраткері санатына алып келген де сол ұлттық идея еді. Әуеліде жастық романтикамен жігерлі түрде кірісіп оқудағы құрбыларына: «Ендігі халық болуымызға ұйытқы болатын нәрсе – құрыш құрсаулы әділ, қатал билік. Ендігі хакімнің негізге құрылған заңы болмаса, жуан атаның еркі ел ішінде жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп-төстеп, қадірлі болатын болса, автономия деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтін іс болады. Бірақ мұндай күйді бұрынғы уақыт көтерсе де қазіргі уақыт кетермейді... Біз әлі шикі жұртпыз, талай өзгеріске мойын ұсынамыз. Заман еріксіз мойын ұсындырады... Бұл халды әркім ескеру керек»³ – деп қоғамдық іске араласып кетті.

Дүрбелеңі мол кезеңдегі үкімет те тұрақты болмады. Мұқым даланы қамтыған қанды қақтығыстар қазақ елін қан қақсатты. Таланға, тонауға, зорлық-зомбылыққа ұшырады. Ақтар да, қызылдар да жергілікті ұлтты алма-кезек күйзелтіп, мал-мүлкін, астығын, киім-кешегін тартып алды, қарсы шыққандарды қырып салды. «Алашорда» үкіметінің екеуімен де келісімге келуге ұмтылғанымен, оларды тоқтатуға әскери күші жетпеді. Сондықтан да ел көсемдері мен оқығандар қалайда олардың тілін тауып, ұлттың қауіпсіздігін сақтауға ұмтылды. Мұхтар да сол күйді басынан кешірді. 1919 жылы Анненковтың атты қазақтары Семей қаласын басып алып, «Алашорданың» барлық қайраткерлерін жазаға тартуға бұйрық берді. Соның ішінде Мұхтардың да аты бар еді. Астыртын әрекетке көшкен олар 1919 жылы 1 желтоқсан күні құрылған Семей губерниялық революциялық комитетінің жанынан ашылған қазақ бөліміне қызмекке кіріп, кейіннен сол бөлімді басқарды. Мұны Мұхтар Әуезов кеңес өкіметінің саясаты мен мақсатын қолдағандықтан, солардың жағына шықты – деп түсінуге әсте болмайды. Ол қалай да өз ұлтына жағымды іс-әрекеттің басында болып, соның мұң-мұқтажын өтеуге, есесін өктем жұртқа жібермеуден туған қадам еді. Әрі кеңес өкіметі де ұлт мамандарына зәру болатын. Мұны ол өзінің «Қазақ оқығандарына ашық хаты» арқылы: «Осы күнде не қылса да оқығандардың бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып бағудың ешбір себебі жоқ. Совет үкіметі үлкен жазығы

² Әуезов М. Өз жайымнан мағлұмат // «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 382-бума.

³ Әуезов М. Оқудағы құрбыларыма // Жиырма томдық шығармалар жинағы, А., 1984. 15-т. 10-б.

бар адамдарды да қатарына кіріп, пайдалы қызметімді істеймін десе – қумайды. Егер қазақ оқығандары Совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезінен қала-қалаға келіп қызметке кіруі керек. Ел шақырып отыр. Талай-талай пайдалы жұмыстар шешілуін күтіп дайын отыр. Қазақтың қамын жейтін оқыған болса, қашқаны болсын, қашпағаны болсын, қырда бос жүргеннің бәрі келуі керек»⁴, – деп түсіндірді.

Шындығында да ұлттық интеллигенцияға халық мүддесі үшін қызметке араласудан өзге амал жоқ еді. Ірі-ірі қалалардағы шоғырланған «Алашорда» үкіметінің қайраткерлері мен кеңес бағытын ұстаған ұлт өкілдері қысылтаяң кезде қазақ елінің мүддесін қорғады. Мемлекеттік құрылымның бір бұтағына айналды. Жер, шекара, автономия, мемлекеттік тіл, ғылым-білім, оқу ағарту, ұлттық әскер, ауылшаруашылық экономикасы, билік құрылымы мәселелеріне барынша күш салып, автономиялы республика дәрежесіне қол жеткізді. Бұл бодан ел үшін үлкен жетістік еді. Ұлттық мемлекеттік қайраткерлер де қалыптасып, саясат сахнасына шықты. 1921 жылы Қазақ автономиясы атқару комитетінің құрамына мүше боп сайланып, онда саяси хатшы міндетін атқарды. Үш жылдық мемлекеттік қызметте жүріп ысылған Мұхтар онда өзін толыққанды, көзқарасы қалыптасқан қайраткер ретінде көрсете білді. Большевиктер партиясының түпкі ниғылын терең сезініп, олардың «коммунистік-колонизаторлық» саясатына көзі анық жетті. Большевиктермен арадағы көзқарас алшақтығы ұлғая түсіп, ақыры 1922 жылғы тарихи оқиғаға алып келді.

«Сырлы әдебиетке кірісуді пьеса жазудан бастадым. 1918 жылдың 19-жылға қараған қысында сүзек болып ауырып, оқуды тастап, қырға шығып тұрып едім. Сонда, ең алғашқы пьесам – «Ел ағасы» деген 4 перделі драманы жаздым. Жә дегеннен пьесадан, драмадан бастаудың өзі де белден шапқан сияқты орынсыз басталған құр кеуде болатын. Бұл да көп сандырақтың бірі, берекесіз кездер еді. Сол сорлы пьесам қайда екенін осы күнге шейін білмеймін. Өзімде қарасы да қалған жоқ. Қыс бойы елде болып, жаз тағы елде болдым. Ондағы жазғаным «Бәйбіше – тоқал», – дейді М. Әуезов «Өзім жайлы мағлұматында»⁵.

«Ел ағасы» сол күйінше жоғалып кетті. Ал «Бәйбіше – тоқалдың» жолы болды. Мұхтар шығармашылығындағы көп талданбаған шығарманың бірі де осы пьеса. Дәл осы пьеса сияқты елеусіз қалған мақаланың бірі – Мұхтардың досы Даниял Кәкітайұлының

⁴ Әуезов М. Қазақ оқығандарына ашық хат // Жиырма томдық шығармалар жинағы, А., 1984. 15-т. 30-б.

⁵ «Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, 359-бума.

«Қорғансыздар» атты сын мақаласы. Мұхтар туралы ең алғашқы дербес мақала болғандықтан ғана құнды емес, көркем шығарманың әлеуметтік астары, жікшілдікті әшкерелеуде екенін айқын аңғаруымен, әсіресе құнды.

1922–1929 жылдардың аралығындағы саяси майданда қазақ ұлты өзінің дербес ұлттық-саяси ойлау жүйесінің толық қалыптасқандығын, ішкі ұлттық тәуелсіздік жолындағы қозғалыстың қандай да қоғамдық құрылыста болмасын, қашан толық тәуелсіздікке жеткенше тоқтамайтындығын танытты. Отаршыл самодержавие, жиһангерлік капитализм, социалистік кеңес өкіметі тұсында да осынау ұлт-азаттық идеясы тарихи сынақтан өтті. 1921–1922 жылғы Ресейдегі ұлттық федерация мәселесі қозғалғанда «Алашорда» қайраткерлері мен большевиктердің көсемдерінің арасында үлкен қайшылықтар туындады. Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов, Әлімхан Ермеков Ленин мен Сталинге жолықты. Сібір ревкомына қарайтын солтүстіктегі бес облысты Қазақстанның құрамына енгізуге, республиканың қазіргі тарихи шекарасын белгілеуге қолдары жетті. Ал ұлттық дербес мемлекет мәселесі жөнінен келісімге келе алмады, Ахмет Байтұрсынов ресми түрде большевиктік үкіметтің құрамынан шығатындығын мәлімдеді. Сол арқылы «Алашорда» үкіметі мен кеңес үкіметінің арасындағы саяси келісімнің бұзылғандығын ресми түрде жариялады.

Басты мәселе жер, дербес экономикалық саясат, федерация құрамынан өз еркімен бөлініп шығу құқын мойындау, дербес ұлттық-мәдени саясат, ішкі істерге араласпау келісімшарты, ұлттық әскер мен жасақ ұстау құқы, сыртқы саясаттың тәуелсіз ел ретінде жүргізілуі, мемлекеттік тіл туралы көзқарастардың үйлеспейтіндігінен кеп туды. Кеңес өкіметі бұл кезде жаппай жазалау саясатына көшіп, ұлттық қайраткерлерді қуғындай бастап еді. Мұхтар Әуезовтің төрағалық етуімен өткен қазақ қызметкерлерінің кеңесі оның кеңес өкіметіне деген көзқарасының мүлдем өзгеруіне әкеп соқты. 1921–1922 жылдары Қазақстандағы аштықтың кеңінен жайылуына себепші – кеңестік жүйенің отарлау пиғылынан туған қара ниетті шовинистік саясат екенін әшкерелей келіп, ол сол кеңесте:

«Шындығына көшсек, ашаршылық жайлаған қырдағы елдің қырылғанының жанында, қаладағы аштықтың үрейлі көріністері ойын сияқты әсер етеді. Егер де бұл аудандарды аштықтан құтқару үшін дәл қазір шұғыл түрде шешуші шара қолданбаса, онда Қазақ Республикасы қазақсыз қалады.

Көптеген аудандардағы қазақтар көптен бері тек қана көртышқанмен, тышқанмен, суырмен, тағы сол сияқты ұсақ жәндіктермен өзегін жалғауда, соның кесірінен әртүрлі жұқпалы аурулар мен індеттер

естіп-білмеген деңгейде таралып отыр. Мұның барлығы Аштарға көмек көрсету ұйымдарының қыр еліне жаны ашымайтындығын, оларға немкетті қарайтындығын көрсетеді, сондай-ақ осындай қасіретті өртті өшіруге қазақ қызметкерлерінің де бейғамдығы байқалады. Өкімет басында отырған қазақ қызметкерлері, бұл істі дәл сол күйінде қалдырып қоюға болмайтыны өз алдына, бұл – сіздер үшін қылмыс, біз бұл үшін қазақ елінің алдында, өзіміздің арымыздың алдында жауаптымыз»⁶, – деп назалана сөйледі.

Бұдан кейін Мұхтар Әуезов партиялық билетін қайтарып берді де, мемлекеттік қызметтен мүлдем бас тартты. Кейін түрме тергеушілеріне: «Еңбек тәртібін бұзғаным үшін және мүшелік жарна төлемегенім үшін партиядан шығарды»⁷, – деп түсінік берді. Әрине, бұл жай ғана сылтау еді. Осыдан бастап Мұхтар саясаттан мүлдем қол үзіп, тікелей шығармашылық жұмыспен, оқытушылықпен айналысты. Ташкенттегі Орта Азия университетіне түсті, одан кейін Ленинград университетіне ауысып, 1928 жылдың күзінде қайыра Ташкентке келіп, аспирантурада қалды әрі ұстаздық қызметін жалғастырды. Осы алты жылдың ішінде Мұхтар қазақтың классикалық үлгідегі жазушысы дәрежесіне көтерілді.

Тарих талқысы – үлкен сын. Өткенін ұмытқан, байырғы оқиғаларды санасынан шығарып, одан тағылым алмаған халықтың келешегі үмітсіз. Тарихи жадтың өшуі, өзіне-өзі сын көзбен үңіле білмейтін мардымсу – сол елдің қоғамдық дамуындағы дәрмене іздікті тудырады. Қазақ халқының кешігіңкіреп барып қозғалысқа түскен рухани түлеуі – ұлттың да рухани өміріне серпілістер әкелді. Ал сананы жаңғыртатын ықпалды күш – өнер болатын. Мұхтар сол өнердің ішіндегі ең соқталы жанры – трагедияны таңдап алды. Оның әңгімелері мен хикаяттары, пьесалары мен романдары «тарихи сарыншылдықпен» (М. Әуезов) жазылды.

1922 жылдың күзі мен 1923 жылдың жаз айларына дейін Ташкентте тұрған Мұхтар Әуезов «Шолпан» журналымен тығыз байланысының нәтижесінде «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Жас жүректер» («Үйлену»), «Заман еркесі» («Сеніп-жану»), «Кім кінәлі» атты шағын жанрдағы классикалық шығармаларын жазды. Аз уақытта мол рухани қазынаны қазақ әдебиетінің еншісіне ұсынды.

Сол жылдары «Шолпан», «Сана» журналдарының әдеби саясатын, әлеуметтік бағытын анықтап, ерекше ықпал жасаған Мұхтардың кейінгі өміріне көп қырсығын тигізіп, зықын шығарған мақаланың бірі – «Қазақ қалам қайраткерлеріне ашық хаты». Ол 1922 жылы «Шолпан» журналының № 2–3 санында жарияланды. Көлемі жағынан шағын, таза әдебиеттің мүддесін көздеген, тіпті қазақ жазушыларына өздерінің

⁶ ҚР МОА, 82-қор, 1-тізім, 42-іс, 23–24-парақтар.

⁷ ҰҚК-нің архиві. 06610-іс, 1–3-тт.

көркем шығармаларын жіберу туралы «құлаққағыс» жасаған бұл хаттың соншама дау-шар тудырып, жекебасына найзағай ойнататындай ілікке себеп тауып беруінің мәнісі және солшыл, әсіре әлеуметшілердің байбалам салуының басты себебі – сол кездегі мәдени мұраға деген көзқарастың толық қалыптаспауында еді. Түрлі үгіт-насихаттың, таптық күрестің ашық мінбесіне айналған баспасөз орындары көркем творчествоны ұмыт қалдырды. Тек қана жалаң ұрандармен жалаулата сөйлеп, қоғамдық тіршіліктегі көкейкесті мәселелерді, оның кемшіліктерін көрмеді. Рухани мұраның құнын төмендетіп, кемсіте бағаланды. Тіпті, Абайдың өзі «феодалдық-буржуазиялық идеологияның жыршысы, көсемі» (І. Қабылов) ретінде шетке қағылды. Ал төңкерістен бұрын қалам ұстағандарды 1922 жылдан бастап басқару аппаратынан, оқу-ағарту комиссариатынан ақырын-ақырын қақпайлап шығарып, жауапты қызметтерден босатты. Олардың дені Түрікстан республикасының астанасы Ташкентке жиылды. Қазақ автономиясының құрамында Ахмет Байтұрсынов сияқты аса ділгір мамандар ғана қалды. Оның өзінде Орынбордағы «қазақ институтының» мұғалімі боп істеді. ТурЦИК-тің қолдауымен таза әдеби мүддені көздеген «Шолпан», оқу-ағартуды мақсат еткен «Сана» журналы шығып тұрды. Екеуінің де әдеби бөлімін Мұхтар жүргізді. «Ақжол» газетіне де белсене араласты.

Міне, осындай толқымалы тұста туған халқының өнерге деген ықыласын өшіріп, жалаң айқаймен жүріп, жан дүниесін жалаңаштап алмауына қатты алаңдаған Мұхтар саясаттан тыс, тек көркем өнердің мұрат-жолын қуатын ел-жұрттың тарихын, мәдени жәдігерліктерін жариялайтын «Шолпан» журналы арқылы жазушыларға ашық хат жазды. Таптық күресті, теңдікті – көркем тұрғыдан жырлауды құр сүреңсіз айғайға айналдырған, идея үшін көркемдікті құрбан еткен творчество иелерінің шығармаларының жұтаңдығын сынайды. Олардың шынайы жазуын талап етеді. Баспасөздің «жалаң ұраннан» арылып, «ары-бері сандалуды» қойып, «таза әдеби бұйымға» бет бұруын тілейді, «Шолпанның» әдеби бағдарламасын солай түсіндірді. Бірақ тырнақ астынан кір іздегендер үшін Мұхтардың «таза әдебиетке» шақыруының өзі қылмыс еді. Өйткені саясаттан, қоғамнан тыс өнер болмақ емес. Ол тек кедейлердің мүддесін қорғауы тиіс. Сондықтан пролетариат мәдениетін – пролетариаттар ғана жасау керек. Қалғандары «жолбикелер». Ол «жолбикелердің» қатарына – Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Даниял Ысқақов, Жанша Досмұхамедов, Қошқе Қеменгерев қосылды.

Тағдыр мен тауқымет, махаббат пен ғадауат. Серілік пен сергелден. «Ақындық құмарлығына елтіген уыз жастар» мен зар еңіреген көшпелі Заман, Ойы екіге жарылған адамның Ақыл азабы. Есіле көсіліп шатта-

нып, егіле Жылау Мұхтар шығармаларының ішінде тек «Қаракөздің» мандайына жазылған сыбаға. Жазушының бірде-бір шығармасы дәл осындай қарама-қайшы сезімдердің шарпуына, күрделі құбылыстың қақтығысына құрылған емес. Шығармашылық тарихы ең ауыр, бұраланы мен қатпары мол, шығармашылық психология тұрғысынан алғанда да қилы-қилы сезім күйді қамтыған, жазушы мен кейіпкер ойының араласып кеткені сондай, қайсысы кімнің сөзін жеткізіп отырғанын ажыратуы қиын туынды. Көкірегінде жиылған запыранды, жан тебіренісін Сырым боп сыртқа шығарған Мұхтардың «ащы даусын» естіртіп, біресе «Арқаның қоңыр желі садақ оғына жыртылған жүрегін жалғады ма» – деп сонау елесі өшкен дәуірді; біресе «Қарауылдың аңқып ұшқан алғыр құсы Сырымдай бүгінгі жігіт қияннан таят тілей ме екен?» – деп сайранды-сауықты, біресе «домбыра күй тартпайды, жылайды» деп, біресе «бұлаң жігіт, кермарал ерке тотыны» елестетіп, көңілі алып ұшқан. Әуезовтің бұл кездегі жан дүниесінің толғағын аңғартқан да, кейін сан өкіндіріп-опындырған да, ашындырып-аялаған да – осы «Қаракөз». Әлеуметшіл сыншылдар әр сөз бен әр нокаттың арасынан жасырын сыр, емеурін іздеді. Олар үшін «Қаракөз» өткенді аңсаған зар, көшпелі әлемнің жоқтауы ғана еді. Сырымның Қаракөздің қабірі басындағы монологінен құранның уағызын естігендей болады. Кедейшіл сыншы Жұмабай Орманбайұлы: «...біздің пролетариат бағытына «Қаракөз» түгелімен қарсы жазылған, біздің пролетариат әдебиетінен орын алмауы керек»⁸ дегенді кесіп айтты.

Зады, Ахмет Байтұрсынов бастатқан қазақ зиялыларының жолын кесу 1926–1927-жылдары басталса-ақ керек. «Аса құпия» белгісі қойылған бір нұсқауда 1927 жылы 14 мамыр күні № 88 жарлықпен БКП(б) қазақ аймақтық комитеті секретариатының шешімі бойынша баспа жоспарынан А. Байтұрсыновтың «Мәдениет тарихын», Т. Шонанов пен А. Байтұрсыновтың «Оқу хрестоматиясын», М. Әуезовтің «Қазақ әдебиеті тарихы» кітабын алдырып тастайды және мұны барлық оқу ағарту комиссариаты саласындағы мекемелерге хабарлауды тапсырады.

Бұл ызғар көп ұзамай Мұхтарды қари бастады. Көп ұзамай «Қаракөз» сахнадан алынып тасталды.

Тарихи тақырыптың көкейкесті заманауилығының күші – қатты қақтығыстар арқылы адам мен ұлттың санасын оятуында. Ел өміріндегі өксікті оқиғаларды алдыға тарта отырып, творчество иесі өзінің көкірегіне толған ащы запыранды сыртқа шығарады. Трагедия арқылы жан ашуын жеткізеді. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» атты шығармаларындағы трагедиялық көріністер мен көркемдік шешімдер

⁸ Орманбайұлы Ж. Қаракөз // Жыл құсы. Орынбор, 1928. № 2.

«Мұхтардың шығармашылық көңіл күйіне айналды» (М. Әуезов)⁹. «Мен назарымды аударған болмашы оқиғаның өзін образға, өлеңге айналдыруға асықтым, сол арқылы өзіммен өзім есеп айырыстым, қоршаған әлем жөніндегі өз ұғымымды тексеріп-түзетіп, іштей үлкен қанағат таптым. Поэтикалық дарын кез келген адамнан гөрі маған аса қажет еді, өйткені менің болмысым мені біресе өрге, біресе көрге жетеледі. Сондықтан да осы уақытқа дейін менің жариялағандарым – азаптан арылуға ұмтылған үлкен құштарлық қана»¹⁰, – деп Гете айтқан творчестволық құдірет.

Мұхтарға да жазушылық талант сондай қажет болды.

Жазу – ол үшін рухани қажеттілік, ойсоқтылықтан арылудың жолы, халқының қасіретін жеткізудің көркем құралы еді.

Аса қуатты тегеуіріңге құрылған бұл шығармашылық сарын мен кесек оқиғалар «Қараш-Қараш оқиғасы», «Көксерек», «Қилы заман», «Хан Кене» арқылы көркем өрнектеліп, өнердің өзегін жалғады. Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды түспеген сүрлеу салды. Бұл шығармалар авторлық идея тұрғысынан ғана емес, көркемдігі мен тақырып жағынан да, психологиялық тәбіреністерімен де, философиялық астарлы ойымен де әлемдік деңгейдегі көркемсөздің үздік үлгісіне айналды. Ол биікке қазақ қаламгерлерінің ешқайсысы әлі көтерілген жоқ. Осы бір тасқындаған таланттың екпініне түрме тосқауыл жасады. «Ел ағасы» пьесасы мен «Сұғанақ сұр» хикаяты тергеушілердің тәртібіне түсіп, ізім-ғайым жоғалып кетті. Түрмеге қамалар алдындағы екі жылғы аңду, үш жылғы тұтқын тіршілік, содан кейінгі кезеңдегі аңду мен идеологиялық қақпайлаулар Мұхтардың шығармашылық тегеуірінің он жылғы тоқырауға ұшыратты.

Трагедиялық сарынды оқиға желісінің өзегі етіп алғанымен де, Мұхтардың 1921–1925 жылдар аралығындағы әңгімелерінде дала өмірінің романтикасы негізгі арқау болды. «Еңлік – Кебек», «Қаракөз», «Қыр әңгімелері», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы» атты шығармаларындағы оқиғалардың қоюлығына қарамастан, кейіпкерлердің көңіл күйінде, жүрек аңсарында, тарихи шындықтың көркем шындыққа ұласар шегінде, тартыстың шиеленісер тұсында салсерілік, саятқұмар сұңқар мінез, көшпелі өмірдің көңілді көріністері, қыр стихиясы іспетті қоңыр әуеннің романтикалық сарыны үнемі самал боп есіп тұрды. Кейіпкердің жан дүниесіне жұбаныш әкелетін сағынышты күйді көркемдік тәсіл ретінде қолдану басымдық танытады. Тек суреткердің ішкі түйсігінің нәтижесінде ғана көркемдік шындықтың заңдылығына жүгінген тәрізді әсер қалдырады. Бұл негізінен

⁹ Әуезов М. Ашық хат // Социалды Қазақстан. 1932. 10 маусым.

¹⁰ Гете И. В. Собр. соч.: В 10 т. М., 1975–1980. Т. 3. С. 239.

жазушының ұлттың рухани әлемін дүниеге таныту мен таныстыру мақсатынан туындаған нысаналы суреткерлік мұратынан туындады.

Әлем әдебиетінің түрлі ағымдары мен бағыттарының ықпалы қамшылаған шығармалар өзінің ұлттық сипатымен барынша толыққанды көрінді. Ол әдебиетке еліктеу арқылы келген жоқ. Бірден қат-қабаты мол көшпелі өмірдің қыртыстарын соқталы қаламгер ретінде көркем бейнеледі. Әлем әдебиетінің інжу-маржанына қосылатын бұл туындыларды өнерге таптық тұрғыдан ғана баға беруге тақыстанған сыншылар «көнені аңсаушылық», «қазақтың сал-серілерін айта отырып, кеңес өкіметіне қара бояу жағу», «қазақтың еркін өскен көшпелі дәуірін қайта орнатуды көксеу», «әсіре еуропашылдық», «француздың әдебиетіне еліктеушілік», «буржуазияшыл-ұлтшыл идеяны насихаттаушылық», «өнердің таптық сипатын жоққа шығарушылық» деп жазықсыз жазаға тартты.

Тарихи шындықты көркемдік тәсілмен реалистік тұрғыдан суреттеген «Қилы заман», «Хан Кене», «Бәйбіше-тоқал», «Қорғансыздың күні», «Жетім» шығармалары да тапшыл жазушылар мен сыншылардың көзіне сұқ боп қадалды.

1916 жылғы ұлт-азаттық күрестің қасіретін барынша қанық әрі шыннайы суреттеген «Қилы заман» романы – Мұхтар Әуезовтің суреткерлік шеберлігінің шыңы есебінде бағаланатын, мәңгілік тақырыпты қозғайтын ұлы туындыларының бірі. Ол тек осы романымен де әлем әдебиетіндегі ірі тұлғалардың бірі боп қалары сөзсіз еді.

«Хан Кене» пьесасы патшаның отарлау барысындағы қатыгездіктері мен аярлықтарын, еркін елдің бостандық үшін құрбан болған ерлерінің ершіл рухын өнер сахнасы арқылы бейнелеген. Бүкіл ғұмырын азаттық жолына арнаған Кенесары ханның отаншыл мінезі тарихи тұрғыдан сомдалған. Ұлтының тақсіретті тағдырын барынша батыл суреттеген Мұхтардың бұл шығармалары да тобырлық идеяны ұстанған кеңес сыншыларына ұнамады. Төбе шаштары тік тұрып қарсы алып, ақыры аластатып тынды.

Адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, адамгершілік пен қайырымдылықты, табиғаттың табиғи қарама-қарсылығын емеуірін арқылы бейнелеп, философиялық астармен суреттеген «Көксерек» хикаясы да қырын қабылданды. Қаншық ит пен тағы қасқырдың будандасуынан туған дүрегей Көксеректің түйсігінде сақталған жыртқыштық мінезді суреттеу арқылы Мұхтар Әуезов кедей таптың өкілдерін меңзеп отыр, олардың тегін қорлаған, ал Құрмаш бай баласы, сондықтан да қайырымды, әділетті, табиғи қаталдықтың, яғни революция барысында төгілуге тиісті қан мен құрбандықтың бірі ретінде бейнелеп

отыр. Буржуазиялық жазушыға тән символизмді өзіне құрал етіп, пролетариатқа жала жапқан, – деген айып тағылды.

Мұхтар Әуезовтің отыз жасқа дейінгі шығармаларының барлығы да тоқсаныншы жылдардың басына дейін теріс түсіндіріліп келді. Әриіе, мұндай әсіре солшыл пікірлер мен жалаң таптық талаптарға қарсы шығып: «Өнер – көркемөнердің заңдылығына бағыну тиіс. Оны таптық, идеологиялық тұрғыдан емес, тағдыр тұрғысынан жазу керек. Әйтпесе, жадағайлыққа ұрынамыз», – деген пікірді ұстанған Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қошқе Қемеңгеров, Даниял Ысқақов, Абдолла Байтасов іспетті қаламгерлер «Шолпан», «Сана», «Ақ жол» басылымдарының төңірегіне топтасып, өз пікірлерін білдірді¹¹. Мәскеу қаласында «Алқа» атты әдеби үйірме құрып, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын жасады. Ниеті мен мұраты дұрыс бұл үйірме, сол бағдарлама күйінде қалды. 1925–1929 жылдардың аралығындағы Қазақстанда «кіші октябрь» орнатпақ болған Голощекиннің кудалау, ұлттық интеллигенцияны жазалау, жаппай тәрті мен коллективтендіру науқанының кесірінен ұлттық тұлғалар түрмеге қамалып, ату жазасына кесілді, мәңгілік түрме мен жер аударылуға үкім шығарылды.

1930 жылы 16 қыркүйек күні Мұхтар Әуезов те тұтқындалды. Тергеу ісі екі жарым жылға созылды.

Ақырында Мұхтар Әуезов «Социалды Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеті арқылы қателіктерін мойындағаны туралы ашық хат жариялап барып жер аударылудан басын арашалап алып қалды.

1929–1939 жылдардың арасындағы кеңес өкіметінің жүргізген қуғындау, жазалау, идеологиялық қысымда ұстау саясаты суреткерді шығармашылық еркіндіктен айырып, көкейкесті тақырыбынан бас тартуға мәжбүр етті. Бар шындықты жасырып, тек қана жалаң насихатқа, жалған тартысқа құрылған туындыларды жазуға көңілі соқпады. Ұлт зиялыларының тағдыры туралы сөз қозғайтын «Тұман айығарда» атты романының ұлы желісін қағазға түсірді де, діттеген көркемдік деңгейден шықпайтынына көзі жеткен соң әрі қарай жазбады. Бұл оқиғаны кейін «Тартыс» пьесасына арқау етті. Алайда Қазақстан жазушыларының 1934 жылғы 8 қаңтар күнгі «Социалды Қазақстанда» жарияланған ашық хатында аталып өткеніндей «үстірттік, бытыраңқылық және жалаң үгітшілдік әдебиет майданындағы асырасілтеушілікке әкеп соқтырды, олар... қазақ әдебиетінің идеялық және сапалық тұрғыдан өсуіне кедергі келтіргендіктенде» жазушының қалам қарымына тосқауыл қойды. Сондықтан да түрмеден шыққаннан кейін өзін кеңестік қаламгер ретінде көрсетуге тырысқан «Октябрь үшін», «Үш күн». «Асыл

¹¹ ҰҚҚ-нің архиві, 066610-іс, 1–3-тт.

нәсілдер», «Тастүлектер», «Алма бағында», «Бүркітші», «Тартыс» атты шығармаларын «ширақ, әсерлі етіп суреттеуге» барынша тырысып, «сол арқылы оның революциялық идеясын... көркемдік жағынан нанымды, ішкі жан дүние құбылыстарындағы өзгерістерді дәлелді етіп тұтастай сомдап шығуды – өзінің таяу арадағы және ең үлкен міндеті деп білсе де»¹², бұл туындылар Мұхтардың көркемдік әлемінде пәлендей маңызға ие бола алмайтын, тек қана жекебасы соншама мұқтаж, кіріптар болып жүрген «кеңестік сенімді» қайта орнатуға себепкерлік жасаған орташа ғана дүниелер еді. Мұның орнын Гогольдің «Ревизор» пьесасының аудармасы толықтырды.

«Айман – Шолпан» пьесасы мен «Қасеннің құбылыстары» атты әңгімесі оның құдіретті талантының мүмкіндігін танытты.

Бірақ 1929–1939 жылдардағы қуғын-сүргіннің тауқыметін тарта жүріп, ол өзінің өмірінің басты кітабы – «Абай жолы» эпопеясына іштей аса ыждаһаттылықпен дайындалды. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағын шығарды, ақын туралы деректерді жинастырды, оның өмірбаяндық, шығармашылық жолын ғылыми тұрғыдан бір ізге түсірді. Әлем әдебиетінің түрлі жанрдағы үздік шығармаларын аударып, ғылыми жұмыспен шұғылданды. Болашақ эпопеяның алғашқы тарауы «Татьянаның қырдағы әні» деген атпен жарияланды. Осыдан бастап Мұхтар Әуезовтің қалған өмірі тек Абай бейнесін көркем бейнелеуге арналды. Бұл оның табиғи талантының барынша ашылып, дүниежүзілік деңгейге көтерілуіне жол салды.

Енді тек дерек іздестіріп қана қоймай, таза көркемдік бейнелеудің тәсілдеріне де көз тігеді. Көп шығарманың ішінен нысанаға алып, жолын ұстағаны Юрий Тыняновтың «Пушкин» романы болды. Әйгілі орыс жазушысымен кездесіп, пікір алысады. Өзінің творчестволық толғанысын айтады. Бұл кездесу 1937 жылдың март айында өтті. Сол жылы Юрий Тынянов: «Қазақтың Пушкині – Абай туралы романның авторы, аса қадірменді Мұхтар Әуезовке»¹³, – деп автограф жазып береді. Демек, бұл жылы Абай романының ойда әбден пісіп-жетілгенін көреміз. Тіпті, «Татьянаның қырдағы әні» атты тарауы жарияланып та үлгерген. Алайда 1937–1938 жылдардағы аласапыран тұсында жұмыстан еріксіз қол үзіп, сәл уақыт сабыр сақтауға мәжбүр болған. Содан отыз сегізінші жылы күзде барып тәуекелге бел бұды, 1939–1940 жылдары қолтығы жазыла жанталаса еңбек етеді. Соның аралығында Леонид Соболевпен бірігіп «Абай» трагедиясын жазады. Бірақ бұрынғыдай қаламын ұзақ суытпай, тастабандап отырды.

«Абай» трагедиясының бас айналдыратындай салтанатты табыспен

¹² Жазушылардың ашық хаты // Социалды Қазақстан. 1934. 8 қаңтар.

¹³ «Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, 1714-тізім.

өтуі Мұхтарды қазақтың бірден-бір көрнекті адамы ретінде бағалауға мәжбүр етті. Сол сәттен бастап жыл өткен сайын парасат биігіне асқан жылдамдықпен шоқтығы тез биіктеген жанартаудай боп даңқ тұғырына шығандай көтерілді.

«Абай» трагедиясы Соболев пен Әуезовтің ғана емес, орыс пен қазақ халқының да ынтымақтастығының алтын тұмарындай мәңгілік белгі қалдырды. Бұл заңды да еді. Өйткені ол ғұмыр бойы өзімен-өзі ұзақ арпалысып, бірде өшкен үміті жанғандай қуанып, бірде жалғанның түндігі жабылғандай түңіліп, қайтадан қоңыржай қалыпқа түскен шағында да көкірегін қарыған ыстық сезімді осынау асыл бейнемен өмір сүрді. Абай тұлғасының жан дүниесімен араласып кеткені сондай, онсыз тіршіліктің де мән-мағынасын елестете алмайтындай күй кешті. Ол – табиғаттың, тағдырдың, ақыл-зейіннің, түйсіктің, өмірлік және көркемдік тәжірибенің бойына сыйлаған барлық Құдірет күшін «Абай жолына» сарқа пайдаланды. Бұл эпопея арқылы халықтың тарихи зердесін қалпына келтіріп, көшпелі жұрттың тіршілігін жадында жаңғыртып, мұқым заман керуенінің көшін санасына көшіріп, үні қарлығып қалған қарт жырау даланың сырын да, мұнын да төкті.

«Абай жолы» бір ұлтты әлемге танытудың кепілдігіне жіберілген рухани елші міндетін атқарды. Француздың кемел қаламгері Луи Арагон: «Мен оның шығармаларын туған еліме таныстырушы болуды үлкен абырой санаймын. Эпикалық роман «Абай» менің ойымша, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі. Бұл роман оқушыға қызықты қиял мен ерекше ой өлкесін кездіріп, талай терең толғаныстар тудырады. Бұл шығарма кеңес әдебиеті туындыларының маңдай легінен орын алады деу аздық қылады, әлемнің басқа елдерінде де онымен тең түсетін шығарманы табу қиын»¹⁴, – деп бағалауының өзі-ақ Мұхтар Әуезовтің көркемдік әлемінің дүниежүзілік деңгейге көтерілгенін дәлелдейді.

Дегенмен де, осындай үздік шығарманың өзі жазушыға тағдыр тауқыметін де әкелді. Саяси-идеологиялық қыспақ, қисынсыз көркемдік шешімдер мен талаптар, түрлі қасақана арандату әрекеттері арқылы дүние мәдениетіне жаңалық әкелген бұл шығарманың тарихы жазушының да өмірімен тікелей астарласып жатты. Соның ішіндегі ең ауыры – түсінбеу, қасақана түсінуге тырыспаушылық еді.

«Абай» романының тағдыры 1943 жылы талқыға түсті. Басты қарауылға Құнанбай образы ілікті. Шабуылға шығушылар романда «трагедия, драма жоқ», «таптық тартыс жоқ», «шығарма ешқандай үлгіге сай келмейді, феодалдық роман», «кедей кейіпкер жоқ», «рушылдықты қоздырады», «Құнанбай – солардың көсемі!» десті. Бұларға дау айтқан жақтаушылар да байсалды, орнықты, дәлелді пікір айта алмады.

¹⁴ Арагон Л. Біздің Мұхтар. А., 1976. 123-б.

Әділін айтып, шындыққа иландырған төрелік – сол мәжілістегі Ғабит Мүсіреповтің қорытынды сөзі болды. Ол – «Абай» эпопеясы туралы бұрын-соңды айтылған барлық пікірдің ең шоқтығы биігі, ең маңыздысы болды және дәл уақытында айтылуымен де құнды. «Мақтауында қуаныш, жамандауында кейіс жоқ... сөйлеушілер де романның терең сырын, қалың шатқалдарын бойлаудың орнына, одырайып көзге көрініп тұрған шоқы төбелерін қуыңқырап кетті». Ғ. Мүсірепов сыншылардың ала өкпелігін баса отырып:

«Енді менің өз ұққандарыма келетін болсақ, «Абай» романы, ең алдымен, ең іргелі жазушымыз Мұхтардың жиырма бес жылға толған жазушылық еңбегінің негізгі қорытындысы сияқты. Әдебиеттің әр саласында, әр кезде, әр жолмен айтылып келген ойларының сарқып құйған шалқары осы «Абай» дер едім. Драмаларында, әңгімелерінде жасалып келген әр алуан образдары, елінің ой-санасын өсіруге арнаған тілектері – бәрі басын қосып осы романда әбден өңделіп, армансыз айтылған. Өткен заманның оң-терісін, үлкендігі мен болымсыздығын, қараңғысы мен жарығын, жұдырығы мен ойын, қысы мен жазын барынша толық көрсете алған роман бізде осы ғана!

Оның үстіне, өткен заман – үлкен бір дәуір, «солай болыпты ғой» деген киіз кітап – жабайы жорамалмен сырттан піше салған тон сияқты емес бұл. Бүгінгі тарих ғылымына сүйене отырып, бүгінгі әділ көзқараспен, бүгінгі жаңа қоғамның тілегіне арнап, болашақ үшін де құны түспес қазына қоры жасалған. Бұл күнге дейінгі көп шығармаларымыз:

Кел, кедей, басың қос жалшымен,
Байларды қойдай қу қамшымен,–

деген сарынның аңғарымен ғана жазылып, өткен заманның елдік сырларын, ой өрісін, ол үндерден де алатын өнеге барын аша алмай, бәрін «қарақұлақ» деп, безіп келген. Кезінде дұрыс беттің ел іргесі бекумен бірге жаңа белге шыққанын андай алмай қалып, сол сыңаржақтықпен кете бергеміз. Мұнда қазақ тілінің мамандары да болуы мүмкін, олармен қайта-қайта қайталамасаң, қазақша түсінісу қиын екенін ескеріп, жаңағы ойымды қайталай кетейін: «байларды қойдай қу қамшымен» сарынына еріп, біз арғы кезде бардың бәрін теріске сайып, безіп келдік. Халық шығармаларын жауып тастап, Абайдың өзін көп қатын алған феодал, аға сұлтан болған Құнанбайдың баласы деп, жиырма жыл бойы маңымызға жақындатпадық. Ал Мұхтардың «Абай» романы – әрі бүгінгі тілектен туған, әлі күнге дейінгі бұл жөніндегі қатемізді түзеп берген бірінші еңбек» деп кесіп айтты.

Төрелік те, кесім де осы сөз болды.

Бұл айтыс он жылға, ал «Абай жолы» эпопеясының жазылу мерзімі тура жиырма жылға созылды. Бұл аралықта жазушы өмірдің сан қилы қақтығыстары мен шығармашылық толғаныстарды басынан кешті. Жазалау саясатына, идеологиялық қысымға, тұлғаны тұқыртып ұстауға құрылған қоғамдық жүйе қаламгердің көркемдік қиялын тежеп, түрлі тосқауылдар қою арқылы жазушының бастапқы ой арнасын, оқиғаның даму барысын, романның ішкі құрылымын, тарихи тұлғаларға деген көзқарасын түбегейлі түрде өзгертуге мәжбүр етті. Сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғыстың ауыртпалығы мен қиыншылықтары және рухани талаптары романның ізін суытпай жазылуына мүмкіндік бермеді. Сондықтан да басқа жанрда қалам тербеуге тура келді.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық мұраларының, негізгі үлкен және ең өнімді саласы – драматургия болып табылады. 1917 жылғы дала сахнасында қойылған «Еңлік – Кебектен» бастап, 1958 жылы 11–18 шілде аралығында «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Дос – Бедел досқа» дейінгі 40 жылдың ішінде М. Әуезовтің қаламынан 21 пьеса жарық көрді. Соның ішінде өмір талабына орай «Намыс гвардиясы», «Сын сағатта», «Бес дос», «Қарақыпшақ Қобыланды» атты туындылар дүниеге келді. Ұлы отан соғысындағы қазақстандықтардың ерлігін суреттейтін, патриоттық рухтағы бұл шығармалар дереу сахнаға қойылып, жоғары бағаға ие болды. 1943 жылы «Еңлік – Кебек» пьесасын қайтадан өңдеді. Шекспирдің «Асауға тұсау» атты комедиясын аударды.

«Абай» романының бірінші кітабының теңірегіндегі дау-дамайға қарамастан, Мұхтар Әуезов енді екінші кітапты жазуға дайындалды. Оған барар баспалдақ ретінде «Абай» операсының либреттосын және «Райхан», «Абай әндері» фильмінің сценарийін жазды. Бұл шығармалардың негізіне «Абай» трагедиясының оқиғасы мен көркемдік шешімі өзек болды. Сондай-ақ Абай шығармаларының толық жинағын құрастырушы, «Қазақ ССР тарихының» авторы, «Қазақ әдебиеті тарихының» ғылыми жетекшісі есебінде бұларды баспаға дайындауға қатысты. 1946 жылы Ғылым академиясының толық мүшесі болып сайланды. 1946 жылы «Абай» романының екінші кітабының жеке-леген тарауларын жариялады. Ол 1947 жылы жеке кітап болып басылып шықты. 1949 жылы «Абай» дилогиясына 1 дәрежелі Сталиндік (кейіннен Мемлекеттік) сыйлық берілді. Қалам еркіндігіне ие болғандай сезінген М. Әуезов «Ақын аға» атты үшінші кітапты жазып бітірді. Міне, осыдан кейін тағы да жазушының басына қара бұлт төнді. Бұл «қызыл идеологияның» зиялы қауымды жазалауға бағытталған кезекті

қысым науқаны еді. Қысым науқанының қармағына тек М. Әуезов қана емес, көптеген өнер тұлғалары ілікті.

Алғашында мұны ғылым мен өнер, мәдениет тарихы туралы көзқарастары үшін айтылған кезекті идеологиялық науқан деп түсінген Мұхтар Әуезов рет-ретімен әрбір арандатуға жауап беруге тырысты. Кейбір пікірлерінен бас тартты, кейбір тұжырымдарын дәлелдеді. Дәлелдеп қана қоймай, қырғыздың ұлы эпосы «Манасты» қорғап сөз сөйлеп, үлкен батылдық та танытты. Қиын-қыспақты басынан кешсе де «Абай» романынан қол үзбеді. 1952 жылы «Абай» романының желісі бойынша жасалған «Абай» спектаклі тағы да бірінші дәрежелі Сталиндік (Мемлекеттік) сыйлыққа ие болды. Бұл оған бес-алты айға дейін уақытша тыныс алуға жағдай жасады. Соны пайдаланып И.С. Тургеневтің «Дворяндар ұясы» романын қазақшаға аударды. Мұның өзі тағдырдың оған тартқан үлкен сыйы мен мүмкіндігі еді.

1953 жылы тамыздың 11 күні жазушылардың «Абай» романын талқылау туралы қалалық мәжілісі өтті. Баяндаманы Т. Ахтанов, Т. Әлімқұлов жасады. Міне, бұл Мұхтар Әуезовтің және «Абай» романының ең соңғы талқысы болды. Әр қилы бағыттағы сындар айтылса да «Абай» романы қазақ әдебиетінің қорына қосылған елеулі шығарма деп бағаланды. Бұл жазушы үшін де, қазақ ұлтының рухани мәдениеті үшін де үлкен жеңіс болатын.

Шығарманың жазылу және жариялану барысындағы қиын тағдыры Мұхтар Әуезовке аса көп азап тартқызғанымен, рухани күшті қайраты мен табиғи талант қуатының нәтижесінде қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерген ұлы туындыны дүниеге әкелді. Оның жиырма жылға созылған шығармашылық өмір жолы – «Абай жолы» арқылы қорытындыланып, ұлы тұлғаға айналды.

«Абай жолы» эпопеясы арқылы Мұхтар Әуезов өзінің алдына шын мәнінде дәл осындай ұлы мақсат қойып еді. Қазақ ұлтының тұрмыстық және рухани тарихының өмірі Абай заманымен тұйықталып, енді көшпелі әлемнің көріністері жаңа сипатқа ие бола бастап еді. Өмір сүрудің өзіндік философиясын тапқан көшпелі қауым әлемдік өркениеттің құшағына кіріп, бірте-бірте соның құшағына сіңіп бара жатты. Сол көшпелі әлемнің өзімен бірге жоғалатын құбылыстарының жұмбағын барынша қайшылығымен, қасіретімен, салтанатымен Абай бейнесі арқылы ісі адамзатқа ашып беруді көздеді. Өйткені Абай замана ылауында жетіліп, ХХ ғасырға маңдайын тірегенге дейінгі көшпелілердің ақыл-ойының, рухани азап-рахаатының, салт-сана, дәстүр түзілісінің жиынтығы, көшпелілер мәдениетінің адамзат алдындағы берген есебі іспетті дана тұлға болатын. «Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім» – деп заманына өксуінің, «қалың елім, қазағым, қайран

жұртым» – деп зар үнін қосуының, «мен ішпеген у бар ма» – деп күйінуінің, «өздеріңді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді өз ыркың» – деп отаршылдыққа ұшыраған елінің тағдырына шарасыздықпен үміт үзе қарауының себебін Абайдың тағдыры мен танымы арқылы жеткізді. Ақылдың азабын шеккен Абайдың туған халқының белгісіз болашағына алаңдауының түпкі трагедиясы арқылы көшпелілердің де трагедиясын, психологиясын, салтанаты мен қасіретінің ащы да тәтті дәмін араластыра толғады.

Мәдени-рухани әлемдегі өзінің орнын, міндет-парызын тауып, соны дер шағында түсініп, шешім қабылдау – кез келген талант үшін бақыт. Сол бақытқа Мұхтар Әуезовтің қолы жетті.

Ол көркемдік шындықтың барынша шынайы әрі тамырлы шығуы үшін романның негізгі желісіндегі тартыс пен қайшылықты коллизиялық түңілдіру дәрежесіне дейінгі шыңырауды қамтитын дәуірлік қарама-қарсы күреске құрды. Әлеуметтік жанталас пен қайшылықтың тамыры дәл табылып, замандық арнаға түсуі – бүкіл эпопеяның тағдырын анықтап берді. Абай ағысқа қарсы жүзді.

Егер де оқиға Абайдың жекебасының қайшылықтары мен тұрмыстық көріністеріне, тарихи-этнографиялық оқиғаларға, дала романтикасына құрылса, онда аса қызықты баяндалған шығарма ретінде бағаланып қана қалар еді. Мұхтар Әуезов мұндай көркемдік шешімнен саналы түрде бас тартып, шығармаға философиялық, психологиялық, әлеуметтік және ұлттық астар беріп, оның мазмұнын тереңдетіп, тебіреністі танымға құрды. Сол арқылы жақсылық пен жамандықтың, жауыздық пен мейірім-қайырымның, махаббат пен гадауаттың, тәуелділік пен тәуелсіздіктің, рухани басыбайлылық пен рухани бостандықтың қадір-қасиетін заман мен заманның, адам мен адамның арасындағы тістескен тағдырлардың талқысын бейнелей отырып сомдады.

Тарихи шындықты көркемдік шындыққа бағындырды. Кейіпкерлер арасындағы тұрмыстық тартысты қоғамдық қайшылық дәрежесіне дейін жеткізді. Бұл реттен алғанда Абай бейнесі жиынтық бейне деңгейіне көтерілген. Құнанбай мен Абай бейнелерінің қоғамдық астарлы тұлғаға айналып кеткендігі сондай, олардың жекебастарының мүдделері, әкелік-балалық сезім-түйсіктері мүлдем өшіп, тек қана қарама-қарсы күштердің қақтығысы кейпінде көрінеді. Құнанбай – көшпелі феодалдық дәуір, Абай – дүние көшіне бет бұрған жаңа заман бейнесі ретінде тұспалданады.

Бұл арадағы тартыс – әке мен баланың, яғни Құнанбай мен Абайдың арасындағы, тіпті адам мен адамның арасындағы пендешілік мүдде мен көзқарас қайшылығы емес, қоғамдық коллизия.

Замана көші алға озған сайын «Абай жолының» да, оның иесінің де тұлғасы биіктей береді. Өйткені ол – бір халықтың ғана рухани еншісі емес, әлемдік көркемдік қазынаның алтын қоры. Шыңғыс Айтматовтың: «Мен мұны қазақ халқының жалпы адамзаттық көркем ой парасатының маржанына қосқан тікелей үлесі деп бағалаймын. Оған қоса, мен мұны көшпелі күн кешкен бүкіл түркі тілдес халықтардың үлесі деп есептеймін. «Абай» эпопеясы – бұл біздің көркемдік және әлеуметтік энциклопедиямыз, ол біздің ортақ мандатымыз, ол Еуроазияның ұланғайыр кеңістігінде өмір сүрген барлық заманалардың атынан – қайғы-қасірет шеккен қадым тарихты басымыздан кешіргеніміз үшін, біздің ақыл-ой жүйемізді қалыптастыру және бағалау, қымбат қазынамыздың, көркемдік және адамгершілік байлығымыздың, өзіміздің көшпелі мәдениетімізді, өзіміздің ұлы поэтикалық сөзімізді игеру жолындағы қол жеткен игіліктері үшін берген ортақ есебіміз... Дүниеде қазақ тілі мен қазақ елі барда – Мұхтар Әуезов есімі де мәңгі жасай береді»¹⁵, – деген пікірі соған толық дәлел.

Бүкіл саналы ғұмыры мен шығармашылық мақсатының ұлы жемісі – шабыт пен шамырқануды, ақыл азабы мен рахатының бақталайын қатар сезіндірген, бір ұлттың көшпелі «қоғамның энциклопедиясына айналған» (Қаныш Сәтбаев) «Абай жолы» эпопеясынан кейін Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылық өмірінде парасатты толас сәтінің орын алуы заңды да. Өмірінің соңғы қорығынды кезеңіне шыққанын өзі де сезінді және «Абай жолындай» толғақты дүниені тудыру да үлкен қуат-күшті, ақыл-ой мәйегін жинақтауды, қаламын сәл де болса суытып алуды қажетсінді. Бұл шығармашылық психологияның табиғи қажеттілігі еді. Оның үстіке эпопеяны орыс тіліне аудару жұмысы да азапты ізденісті талап етті. Сондай-ақ алты томдық шығармалар жинағын әзірлеп, бұрынғы-соңғы жазған көркем дүниелерін ой елегінен өткізіп, түзетулер енгізіп, алпыс жылдық ғұмырының жемісін қалың қауымға ұсынды. Тұңғыш рет «Абай жолы» эпопеясы бір мұқабаның ішінде толық басылып шықты. Сөйтіп, 1954 жылдан бастап Мұхтар Әуезовтің даналық парасаты салтанат құрып, оның аты үшбу әлемге тарайды. Өзінің ұлы эпопеясындағы дана кейіпкері Абайдың жүріп өткен жолы сияқты Мұхтар Әуезов те бірден-бірге сатылап көтеріліп, адамзатқа ортақ мәдени тұлғаға айналды.

1955–1961 жылдардың аралығындағы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің қайраткерлік қызметі мен шығармашылық және ғылыми ізденістері, негізінен, шартты түрде үш бағытта айқын көрінді.

¹⁵ Айтматов Ч. Слово об Ауэзове // Мухтар Ауэзов – классик советской литературы. А.: Наука, 1980. С. 31.

Бірінші: бүкіләлемдік көркем ойдың озық тұлғасы ретінде ерекше халықаралық беделге ие болды. Мұның өзі қоғамдық жұмыстарға белсене араласуды талап етті. Қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіне көтеріліп, аса маңызды мәселелерді шешуге, дүниежүзілік рухани ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес қосты. Ол 1955 және 1959 жылдары екі рет қатарынан Қазақ Республикасының Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. Сондай-ақ Кеңес Одағы Бейбітшілік қорғау комитетінің, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар беру жөніндегі комитеттің мүшесі, СССР Жазушылар Одағы басқармасының мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағы президиумының мүшесі, Азия-Африка елдерімен ынтымақтастық жөніндегі кеңестік комитеттің төрағасының орынбасары, Үнді-кеңес достығы мен мәдени байланыс қоғамының Қазақстандағы бөлімінің төрағасы міндеттерін атқарды. М. Әуезов мәдениет-өнер қайраткерлерінің құрамында 1955 жылы Индияға қырық күндік сапар шекті, ГДР жазушыларының IV құрылтайына (1955, желтоқсан), 1956 жылы Чехословакия жазушыларының құрылтайына барды. 1957 жылы тамызда Токиода өткен атом, сутегі бомбаларына тыйым салу жөніндегі III халықаралық конференцияға, 1960 жылы АҚШ-тағы кеңес жазушыларының пікір алысуына, 1961 жылы наурызда Делиде өткен III халықаралық бейбітшілік қорғау конгресіне қатысты, халықаралық мәжілістерде сөз сөйледі. Осы сапарларында қазақ ұлты мен кеңес әдебиетінің озық нұсқаларын насихаттады, әлемдік рухани ынтымақтастыққа жол салды. Сол сияқты Мұса Жалил, Расул Гамзатов, Шыңғыс Айтматов іспетті ұлы таланттардың туындыларының әділ бағаланып, Лениндік сыйлық алуына тікелей ықпал жасады. Қоғамдық қызметтің аса көп уақыт алғанына қарамастан, ол бұл салада да аса пайдалы міндетті атқарды. Түркі жұртының рухани дамуына және халықаралық деңгейде танылуына көп күш жұмсады. «Индия очерктері», «Америка эсерлері» атты сапарнамалар жазды. Мұның өзі қазақ әдебиетіндегі тосын жанр, тың тақырып болатын, Бұл жылдары М. Әуезовтің табаны жиырмаға жуық шетелдің топырағын басты. Ондағы көрген-білгендері оның көзқарасына да тиісті өзгерістер әкелді.

Екінші: 1955–1961 жылдардың арасында ғылыми-зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Академик, әдебиет институты фольклор бөлімінің меңгерушісі ретінде қазақ әдебиетінің тарихын жазуға, Абай шығармаларының толық жинағын дайындауға, халық шығармашылығын зерттеушілердің дүниежүзілік конгресін ұйымдастыруға, көркем аударма мен роман жанры туралы пікір-алысуларға қатысып, пайымды, тұжырымды пікірлер білдірді. Шығыс, батыс жазушыларының шығармашылығы мен көркемдік шеберлігі қақындағы М. Әуезовтің ғұламалық еңбектері өзінің құнын ешқашан да жоймақ емес. Әсіресе,

«Абай Құнанбаев» атты монографиясы оның ұзақ жылдардағы зерттеуінің жемісі болып табылады. «Әр жылдар ойлары» атты мақалалар жинағы қазақ әдеби-көркем ойының дамуындағы белді белес ретінде бағаланды.

Үшінші бағыт: ол көркем шығармашылық саласындағы ізденістері. 1955–1956 жылдары Мұхтар Әуезов республиканың түкпір-түкпірін жиі аралап, өмірмен етене танысты. Замандастарының тіршілік тынысын көркем шығарма арқылы бейнелеуді мақсат тұтты. Очерктер де жазды. Оңтүстік өңіріне ерекше мән беріп, кеңестік дәуір туралы қалам тербеуге бел буды. Сол арқылы өзінің көкейінде жүрген заманауи мәселелерді де жеткізгісі келді. Өз басынан кешкен тағдыр тауқыметін бейнелейтін «Дос – бедел дос» атты пьесасын жазды. Өң мен түс қатар алмасып отыратын оқиғаға құрылған бұл пьесада бір адамның өмірінің үш кезені қатар бейнеленді. Төңкерістің алғашқы жылдарындағы зиялы қауымның аумалы-төкпелі тағдыры, қиын кезеңдердегі жан күйзелісі және есейген кезіндегі ой толғанысы тосын көркемдік тәсілмен баяндалады. Алайда бұл пьеса сахналық шешімін таппады, газетке жарияланған нұсқасы бойынша қалды. Сол жылдары ұзақ дайындалған «Өскен өркен» романының деректерін жиыстырып, көркем ойға азық боларлық оқиға құрылымын екшеді. «Абай жолы» эпопеясы үшін 1959 жылы Лениндік сыйлық берілді. Енді жазушы жаңа заман тақырыбына шындап ден қойды. 1960–1961 жылдары «Өскен өркен» романының алғашқы нұсқасын машинкаға ауызекі әңгімелеу (диктовка) арқылы түсірді. Шығарманың ұзын ырғасы белгіленіп, образдар жүйесі анықталып, оқиға шарықтау шегіне жетер тұста... үзіліп қалды.

1961 жылы маусымның 27 күні Москва қаласындағы Кунцево ауруханасының операция столында ұлы жүрек соғуын тоқтатты. Оның денесі Алматы қаласындағы орталық зиратқа қойылды. Қазақстан Республикасының Министрлер Советінің қаулысымен 1951–1961 жылдардың аралығында тұрған үйі әдеби-мемориалдық мұражайға айналдырылды. Ол 1996 жылдың 2 маусымынан бастап «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы болып дербес ғылыми мекеме ретінде қайтадан құрылды. М. Әуезовтің туғанына 100 жыл толу мерекесі ЮНЕСКО-ның мерейтой жоспарына енгізілді. Бұл – М. Әуезовтің дүниежүзілік руханият саласына қосқан ерекше үлесін мойындағандық және оған көрсетілген құрмет болып табылады.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармалары дүниежүзінің 42 тіліне аударылып басылды. Оның жалпы таралымы 11 миллион данадан асады. Қазақ тілінде 12, 20 томдық шығармалар жинағы басылып шықты. 1997 жылдан бастап «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы М. Әуезовтің 50 томдық академиялық толық басылымын жүзеге асыруға

кірісті. Бұл – қазақ мәдениеті мен руханиятының тарихындағы елеулі оқиғаның бірі болары анық. Академиялық басылым – оның дүние мәдениетінің рухани мұраларының алтын қорынан алатын орнын бұдан да гөрі орнықтыра түсуге мүмкіндік береді, ұлы ғұламаның өмірі мен шығармашылық жолынан барынша мол мағлұмат жасайды, тереңдей зерттеуге жол ашады деген үміттеміз.

Данышпандардың тіршіліктегі өмірлік бейнесі өз теңдестерімен қоса елеске айналғанымен, руханияттағы бейнесі бақилық сыпат алмайды. Ол мәңгілік өзінің жаңа қырымен көрініп, тереңдегі ойдың соны қыры ашылып отырады. Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің дүниеден қайтқанын естігеннен кейін орыстың белгілі ақыны, жазушының досы, заманның талай талқысын басынан бірге кешірген Николай Тихонов: «Қайғылы хабардан кейінгі алғашқы кезде не болғанына ой жіберіп, ақыл тоқтата алмай, есім шығып жүрді – бәрі де ойда-жоқта соншалық кенет болды ғой. Мен аздап өзіме-өзім келіп, ес жия бастағанымда бәрі де өтіп кетті де, артта қалды. Адамдар біздің ғажап досымыз, біздің туысымыз Мұхтар Әуезовпен қоштасып, соңғы парыздарын ақтаған күнді мен газеттен оқып білдім. Бәрі де орнына келді, бәрі де айқын болды: өмір Ай мен Күннің үйреншікті тәртібімен бір қалыпты жылжып өтіп жатты. Бір-ақ нәрсе үйреншікті болмады, орнына келмеді. Мен күн өткен сайын осы бір адамның, өзімнің досымның, орны өгейсіп тұрғанын күштірек сезіндім. Мұхтар Омарханұлы қайтыс болды, біз әдебиетіміздің алдыңғы қатарлы адамынан, мәдениетіміздің аса көрнекті қайраткерінен, реніш-қуаныш жағынан әрқилы болғанымен, кеңес әдебиеті үшін жеңісті жол болған ұзақ та қиын творчестволық сапарды бірге кешкен жолдасымыздан айырылды. Қымбатты досымыздың орны, әсіресе қазір оның батыл дауысын, қалтқысыз қадамы, ешбір ымырашылдыққа көнбейтін ар-ожданы соншалықты қажет боп отырған шақта ерекше ойсырап тұр. Біз оны неғұрлым көбірек еске алған сайын – соғұрлым осы бір күтпеген қазаның уайымы қоюлай түседі»¹⁶ – деп жазды.

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармаларын оқыған сайын әрбір зерек ойлы азамат жазушының «соқтықпалы, соқпақсыз заманда» өмір сүргенін, тағдырдың тезі мен талқысынан жиі өтуге тура келген алаңы мен азабы мол ғұмырын, ұлы жүрегінің тынысы мен даналық көркем ойының астарын терең сөзіне отырып, Абайдың:

Өлді деуге сыя ма – ойлаңдаршы,
Өлмей-тұғын артына сөз қалдырған,–

деген жолдарын есіне алары сөзсіз.

¹⁶ Тихонов Н. Заманымыздың зор адамы // Біздің Мұхтар. А., 1976. 12-б.

Мұхтар Әуезов – қазақ ұлтының әлемдік парасат салтанаты мен ақыл-ойына үлкен үлес қосқан ұлы тұлғасы. Оның есімі қашанда қазақ елінің мәртебелі, нысаналы тұлғасы ретінде мәңгі сақталады.

*И.Н. Тасмағамбетов,
саясаттану ғылымдарының докторы,*

*Т.Қ. Жұртбай,
филология ғылымдарының докторы*

1997 жыл

«ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ МІНЕЗДЕРІ»

Бұл Мұхтар Әуезовтің баспа бетінде жарық көрген тұңғыш қаламалды мақаласы. Мақала Семей оқытушылар семинариясында өзімен бірге оқыған Жүсіпбек Аймауытовпен бірігіп жазылған. Ол «Алаш» газетінің 1917 жылғы 30 наурыздағы 16-санында жарияланды. Мақала жазушының бұдан бұрынғы жинақтарының ешқайсысына енбеген. Араб һарпінен кирилл һарпіне түсірілген көшірмесі «Лениншіл жас» газетінің 1990 жылғы 27 шілдедегі 143-санында және Шымкентте шығатын «Жібек жолы» журналының 1991 жылғы 3-санында (28 бет) жарияланды. Басылымға ұсынған – профессор Керімбек Сыздықов. М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағына «Алаш» газетіндегі нұсқасы бойынша беріліп отыр.

«Алаш» газеті 1916 жылдың 26 қарашасынан бастап 1917 жылдың шілде айына дейін Ташкент қаласындағы «Туркестанский курьер» баспаханасынан аптасына бір рет шығып тұрды. Редакторы – Көлбай Төгісов (1879–1919), шығарушысы – Мариям Төгісова (Қ. Төгісовтің әйелі). Газетте саяси-әлеуметтік, шаруашылық, мәдениет, ғылым, оқу-ағарту, әдебиет және әйел теңдігі мәселелері көтерілді. Сондай-ақ көркем шығармалар мен әдеби аудармалар да басылды. Газет тілшілерінің ішінен Б. Майлиннің, Т. Жомартбаевтың, Ж. Тілепбергеновтің, Б. Күлеевтің, Н. Құлжанованың, Шайбай Аймановтың, А. Баржақсиннің, Ж. Сейдалиннің есімдері жиі кездеседі. Бұл «Алаш» газетінің сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік өмірге белсене араласып, белгілі бір дәрежеде беделге ие болғандығын байқатады. Қос шәкірттің «қазақтың өзгеше мінездері» туралы пікір жолдауы соны растайды.

Мақаланың соңына: «Семей семинариясында оқитын Аймауытов хәм Әуезов» деп қол қойған. Бұл – екеуінің баспасөз бетінде жарық көрген тұңғыш мақаласы бола тұра, ол туралы еш жерде мағлұмат бермеген. Мысалы: 1928 жылы Смағұл Сәдуақасовқа (1900–1933) жолдаған «Анкетаға жауабында» Ж. Аймауытов: «Ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздерім – 1917 жылғы «Сарыарқада» – «Бес арыс»

(Жинақ, А., 1992. 379-бет) – десе, ал М. Әуезов: «Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді» (М. Әуезов. «Өз жайымнан мағлұмат», «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, КПП – 1. 382-папка, 7-бет) – деп көрсетеді. Ал «Сарыарқа» газеті: «1917 жылдың июнь айынан 1918 жылдың май айына дейін Семейде жетісіне бір-екі рет шығып тұрды» (Қазақ совет энциклопедиясы. А., 1977. 10 т. 36-бет). Бұған қарағанда, әрқайсысы өзінің дербес атымен жарияланған алғашқы мақалаларын көрсетуді жөн деп тапқан сияқты.

«Алаш» газеті 1916–1917 жылдары патшалық самодержавиенің тағы шайқала бастаған кезде революциялық-демократиялық бағытты ұстанған басылым болғандықтан да түрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелер туралы пікір айтысын ұйымдастырды. Соның ішінде, қазақ ұлтының даму бағыты жөнінде де әрқилы көзқарастар жарияланды. Ақпан төңкерісінен кейін Ресей империясы мен Уақытша үкімет үшін ең бір көкейкесті мәселенің бірі – Ресей құрамындағы аз ұлттардың автономия алу туралы талаптары болды. Ал аз санды ұлттардың алдындағы шешуші мәселе – қалайда өркениетті, дамыған ел қатарына қосылудың жолын анықтау еді. Екі жүз жылға созылған отарлау мен жазалау саясатының зардаптарын жоя отырып, дамудың жаңа сатысына көтерілу үшін не істеу керек деген сауалдың шешімін табу қажет болды. Міне, семинария шәкірттері Ж. Аймауытов пен М. Әуезов те сол мәселе туралы өз ойларын білдіріп, газет көтерген келелі тақырыпқа үн қосқан. Олар қазақтың ұлттық бірлігіне нұқсан келтірген басты себеп: «ұйымсыздық, күндестік, паракорлық, партия, әділетсіз билік, әйел жолының (тендігінің) сақталмауы» – деп есептейді. Ал мұндай кеселді тудырған – патшалық отарлау саясаты және оның ұлттық бірлігін жоюға бағытталған арандату әрекеттері, әкімшілік, заңдық құрылымы деген тұжырым жасайды. Уақытша өкіметтің саяси кеңдігін пайдалана отырып, рухани тәуелсіздікке қол жеткізуді ұсынады. Қос шәкірт, ендігі «жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда», отаршылдық саясаты сепкен қазақтың бойындағы кесепат мінездерді жойып, ұлтын «адамшылықтың жарық жағына сүйреуге солар міндетті» – деген тұжырым жасайды.

1. 19-бет. **«Роман, өлең, мақала жазушылар да осындай кемшіліктерді көрсетпек»** – Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтың бұл арада мегзеп отырғаны Міржақып Дулатовтың (1885–1935) «Бақытсыз Жамал», Тайыр Жомартбаевтың (1884–1937) «Қыз көрелік», Спандияр Көбеевтің (1878–1956) «Қалың мал» романдарын, Ахмет Байтұрсынұлының (1873–1937) «Қырық мысал», Мағжан Жұмабаевтың (1893–1938) «Шолпан», Ғұмар Қарашевтің (1875–1921)

«Бала тұлпар», «Аға тұлпар» атты өлеңдер жинағын және Әлихан Бөкейхановтың (1870–1938) қазақ қоғамы туралы мақалалары.

2. 19-бет. **Мәтбуғат** – мерзімді баспасөз.

3. 19-бет. **«...жүректерді қыздыруға сөз бастап отырмыз»** – бұл арада көпшілікті пікіралысуға шақырып отырмыз деген мағынаны білдіреді.

4. 19-бет. **«...қожа, молдалардың, ишандардың схоластик ғылымын таратып»** – XIX ғасырдың екінші жартысында, XX ғасырдың басында діни бағыт ұстаудың жаңа бағыты – жәдидшілер бағыты қалыптасты. Бұл мұқым мұсылман әлеміндегі таным дүниесін өзгерткен, діни қағидаларды заманға қарай бейімдеп пайдалануды, ғылыммен тереңдеп айналысуды мегзеген өркениетті қадам еді. Бұған хадимшілер, яғни ескі көзқарастағылар барынша қарсы шықты. М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың «схоластик» деп сынап отырғандары осы хадимшілер.

5. 20-бет. **«...адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті»** – мақала иелері бұл арада қазақтың отарлауға түскен бодандық кезеңін айтып отыр. Сондай-ақ 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсындағы әскери жазалау әрекеттерін де мегзейді. Ресей империясының ішіндегі ақ пен қызыл болып екіұдайға бөлініп, аласапыранның алдында тұрған аумалы кезеңді осылай бейнелеп айтқан.

6. 20-бет. **«...сол уақта өзі сурет ала алмаған бірлікке»** – бұл арада «сурет ала алмаған» деген сөз: әлі де беті, бағыты айқындалмаған, толық қалыптаспаған деген мағынаны білдіреді.

7. 20-бет. **Фітнә** – араб сөзі, бүліну, кесір келтіру, зиянды жала, бұл арада кесел деген мағынаны білдіреді.

8. 20-бет. **«бержебайшының ісіндей қадырсіз»** – орыс сөзі, баржа айдаушы, сал айдаушы, баржа – дегеннен шыққан. Қазақтар тілдің дыбыс үндестігіне байланысты баржа айдаушыларды – бержебай, бержауай деп ауызекі тілде айтқан.

9. 20-бет. **Ахлақ** – араб сөзі, мінез, тәртіп, мінез-құлық, әдеби терминдегі характер, кейіпкер психологиясы дегенді білдіреді.

10. 21-бет. **«...алтыбақандық, қазанбұзарлыққа мақтансақ мақтанайық»** – бұл арада жазушылар кекесінмен, мысқылмен сөзді ауыспалы мағынасында қолданып отыр. Яғни, алауыздығымыз бен бұзықтығымызға мақтанамыз ба дегенді білдіреді. «Алтыбақан» сөзі – ауыз бірліктің жоқтығын, «қазанбұзарлық» деген сөз – орынсыз тентектікті, мінезсіз ашуды, қырсық мінезді бейнелеп айтудан шыққан.

Т. Әкімов

«АДАМДЫҚ НЕГІЗІ – ӘЙЕЛ»

Мақала 1917–1919 жылдардың аралығында Семей қаласында шығып тұрған «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 5 қыркүйектегі 12-санында жарияланды. «Лениншіл жас» газетінің 1966 жылғы 8 маусым күнгі 11-санында кирилл һарпіне көшірілген нұсқасы басылды. Жариялаушы – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рымғали Нұрғалиев. Мақала М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының 11 томында (А.: *Жазушы*, 1969. 7–9-бб.), жиырма томдық шығармалар жинағының 15 томында (А.: *Жазушы*, 1984. 7–9-бб.) «Лениншіл жас» газетіндегі өзгертіліп, қысқарған нұсқасы бойынша басылды. Мақаланың түпнұсқасы сақталмаған. Сондықтан да жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына «Сарыарқадағы» нұсқасы бойынша берілді. Текстологиялық салыстырулар жүргізілді, қысқартылған жерлері қалпына келтірілді. Салыстыруды жүргізген – С. Жұртбаев.

Мақаланың жазылу тарихына байланысты М. Әуезов: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде (гі) «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді. Бұл анығында менің жалғыз өзімдікі емес, Тұраш (Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев – 1875–1934) екеуміздікі болатын. Негізгі пікір соныкі еді, мен соның пікірімен жаздым. Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбеков пе, біреуі мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» – дейді (*«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры. КІП – 1, 382-папка, 7-бет*).

«Сарыарқа» газеті қазақтың ұлттық интеллигенциясының рухани тұтқасы болған «Қазақ» газетінің бағытын ұстанған басылым. Ұлттық-демократиялық көзқарасты насихаттады. Қазақстанның ұлттық-аймақтық автономиялық дербестік алуын, аз санды ұлттарға

ұлттық-мәдени автономия беруін, экономикалық тәуелсіздікті, саяси-әлеуметтік көзқарастарының алшақтығына қарамастан, барлық қазақтың бір тудың астына жиылуын негізгі нысаналық бағыты етіп алды. 1917 жылғы шілденің 21–28 жұлдызы аралығында Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық құрылтайға өкіл болып қатысқан Тұрағұл Ибраев (құрылтайдың мәжілісхатында солай жазылған) «Алаш» партиясының бағдарламасымен толықтай таныс еді. Қазақтық І құрылтайдың шешімі бойынша әйел құқығы туралы мәселені мұсылмандық жолмен және қазақ дәстүрімен үйлестіре отырып реттеуді кейінге қалдырған болатын. (*Н. Мартыненко. Алашорда. Екінші басылым; Айқап, А.: 1992. 60-б.*) Осыған орай сол кездегі қазақ баспасөздерінде әйелдің халі мен есе теңдігі, құқы қақында пікіралысулар ұйымдастырылды. Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев та өзінің пікірін семинарияда оқитын шәкірт Мұхтар Әуезовпен бөліскен. Соның негізінде барып «Адамдық негізі – әйел» атты мақаланы бірігіп жазған.

Мақаладағы негізгі ой арнасы Абай Құнанбаевтың (1845–1904) «Қара сөздеріндегі» философиялық пайымдаулары мен әлеуметтік пікірлерінен өзек алған. Мұнда ұлы Абайдың «Үшінші сөзіндегі», «Жетінші сөзіндегі», «Он екінші сөзіндегі», «Отыз екінші сөзіндегі», «Отыз жетінші сөзіндегі», «Отыз сегізінші сөзіндегі» пікірлері сол заманмен үйлестіріле баяндалады. Сондай-ақ Абай ұстанған әйел теңдігі мен әйелдің бас еркіндігі туралы өмірлік қағидалары басты талдау нысанасына айналған. Мақала иелері қазақ қоғамындағы әйелдің орны туралы ой қозғап, адамзаттың даму тарихындағы әйел затының тағдыр-талайына шолу жасай келіп: «...әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал қазақ, мешел болып қалам демесең, тағліміңді, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе!» – деген тұжырым жасайды.

1. 22-бет. «**...үйлік ұйымның басын құраған – әйел**» – мұнда отбасының иелігі әйелдердің қолында болған ерте дүниедегі аналық дәуір (матриархат дәуірі) мегзеліп отыр.

2. 22-бет. «**...бұл бір ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады**» – бұл пікір Абайдың «Жетінші сөзінен», «Сегізінші сөзінен» қанаттанып, «Жиырма жетінші сөздегі»: Сократ пен Аристодимнің айтысындағы: «– Жә, олай болса, хамма махұлыққа қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тегіс тексермекке тіпті

жоқ. Хайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғына басып тік өсіп, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке лайықты һәм өзге хайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Хайуанның бірі аяғына сеніп, бірі қанатына сеніп жүр, бір өзіндей хайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, еш нәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият ол денеге лайықты келмейді» – деген пікірмен, тұжырыммен тиянақталады. Салахият – араб сөзі, қабілеттілік, мұрша, таным мөлшері деген мағынаны білдіреді. Бұл арада мақала иелері хайуани қажеттілік, яғни тек қана құлқынның құлын ойлаушылар туралы сөз етіп отыр. (Қараңыз: Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық жинағы («Жиырма жетінші сөз») А.: Жазушы, 1995. 2-т. 18-б.).

3. 22-бет. **«Бұл – инсаният, яғни адамдық жолы»** – бұл да Абайдың «Қарасөзінен» алынып, дамытылған пікір. Қараңыз: «Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды – инсанды жаратыпты» (Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы («Отыз сегізінші сөз»). А.: Жазушы, 1995. 2-т. 195-б.). Инсан – араб сөзі, адам, адам баласы. Бұл арада адамгершілік деген мағынада қолданылып отыр.

4. 22-бет. **«...Бұрынғы Толстой сықылды хақимдердің айтуында»** – Лев Николаевич Толстой (1828–1910) орыстың ұлы жазушысы, Абайдың, Шәкәрімнің, сол арқылы Мұхтар Әуезовтің көзқарасының қалыптасуына ерекше ықпал еткен көркем ой данышпаны. Хақим – араб сөзі, дүниенің сырын, жұмбағын, шешуін білген дана деген ұғымды білдіреді.

5. 22-бет. **«...Марқұм әкеміз Абайдың: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, адамның баласы – бауырың»** деген мақалы да» – Абайдың «Отыз жетінші сөзінен» алынған (Қараңыз: Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы («Отыз жетінші сөз») А.: Жазушы, 1995. 2-т. 188-б.).

6. 22-бет. **«Адамның жақсысы – адамға пайдасын тигізген»** – бұл ислам дінін ұстанушылардың қасиетті кітабы «Құран кәрімде» жазған бес парыздан кейінгі мұсылмандарға парыз ретінде айтылған уағыздың ең шын мұсылман, мұһмин (таза, пәк, білімді, адал, Алланың ең сүйікті құлы – пендесі) болудың басты шарты. «Құран кәрімнің» «Баһра» сүресінің 158-аятында: «Кімде-кім бір ізгілік жасайды екен, Алла оған дән риза және оны жақсы біледі»; «Ғимран» сүресінің 195-аятында: «Алла олардың тілектерін қабыл

етті: «Мейлі, ер болсын, мейлі, әйел болсын, қандай да бір жақсы іс қылған адамның еңбегін зая етпеймін»; «Ниса» сүресінің 85-аятында: «Кімде-кім (біреуге) шапағат жасаса, одан қайтатыны оған қайтатын несібесі болады, кім де кім жамандық жасаса, күнаһар болады»; «Исіра» сүресінің 7-аятында: «Жақсылық жасасандар оның игілігі өздеріндікі, жамандық жасасандар – оның обалы тағы өздеріндікі»; «Әнкабут» сүресінің 8-9-аятында: «Адамдарға бір ата-аналарына жақсылық жасауға бұйырдық ...Иман айтқандар мен ізгілік жасағандарды, сөз жоқ, жақсылар қатарына қосамыз»; «Жасия» сүресінің 30-аятында: «Иман айтқандарға және ізгілік жасағандарға келсек, Алла оларды өзінің рахым аясына алады. Бұл мұратқа жету деген сөз»; «Мұхаммед» сүресінің 12-аятында: «Иман айтқандарды және ізгілік жасағандарды, сөз жоқ, Алла төменде өзендер ағып жататын жәннатқа кіргізеді»; «Раһман» сүресінің 60-аятында: «Жақсы ғамал жасағандар тек жақсы сыймен жарылқанады»; «Табағун» сүресінің 17-аятында: «Ол аз жақсылықтың өзіне көп сауап жазады. Алла шүкіршілікті бағалауға өте жұмсақ (мейірімді)» – деп жазылған өсиет сөздің жиынтық мағынасы ретінде қолданылып отыр. (*Құран кәрім, А.: Жазушы, 1991. Туісті сүрелерді қараңыз*). Бұл арада Мұхтар Әуезов Абайдың «Отыз сегізінші сөзіндегі: «Құдайтағала дүниені көмәләтті шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды – әуелді досты көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында болмақ. Кімге достығың болса, достық шақырады. Ең аяғы ешкімге һас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен ия қылықпен артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ. Бұл өзін-өзі артық көрсетпек екі түрлі. Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл – адамға нұр болады. Екіншісі өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын бұзады. Үшіншісі қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек... Бұлардың емі – халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқарлық, білімі, ғылымы болсын... Ол білім, ғылымы құдайға мұхтади (сиыну, сену) болсын. Ғылым әуелі ғалами ғылымға мұхтади болсын» (*Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А.: Жазушы, 1995. 2-т. 206–207-бб.*). – деген пікірді, сондай-ақ:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй – «бауырым» – деп,

Және һақ жолы осы деп ғадалатты.
Осы үш сүю болады имани гүл,—

деген өлең шумақтарындағы инсандық нысанды ой арқауы етіп алған.

Мұхтар Әуезов пен Тұрағұл Құнанбаев осындай адамгершілік инсандарды тарқата келе, әйелді ерекше махаббатпен сүю керек, ол – парыз, қоғамның, адамгершіліктің, Алла парыз еткен өсиеттің уәжібі: «Ей, иман келтіргендер! Әйелдерге зорлық жасау және оларды мұра ретінде пайдалану сендерге жараспайды» – деген «Құран кәрімдегі» (*«Ниса» сүресі, 19-аят*) тәпсірдің мазмұнын еске салады. Сол арқылы әйел туралы ойларын адамгершілік туралы толғауға ұластырады. Бұл пікірлерін мақаланың өнбойына негізгі арқау еткен және Абайдың ғақлияларына сүйене отырып дәлелдейді.

7. 22-бет. «...**Бар дүниедегі мандай басы елдердің үш жылдай адамның көзінің жасы мен қанынан дария ағызып жатқаны мынау**» – бұл арада 1914 жылы басталған 1-дүниежүзілік соғысты айтып отыр.

8. 23-бет. «...**Әділет мархаметтің негізін былай шешеді**» – мархамет, мархабат – араб сөзі, құрмет, үлгі тұту, сыйлау, жаны ашу, жақсылық жасау. Бұл Абайдың «Отыз сегізінші сөзіндегі»: «Біз ортамызда бұл мархамат ғаделетті иманның шартынан хисап қылмаймыз»– деп басталатын философиялық тәпсірдің тұжырымы. (*Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А.: Жазушы, 1995. 2-т. 197-б.*)

9. 23-бет. «...**Сол адамның шыққан ортасы бір сурет жасап беріп, соған өзі киген тонын кигізеді**» – Бұл да Абайдың «Отыз сегізінші сөзіндегі» талдаудан тұжырымдалып баяндалған пікір. Әңгіме қоршаған орта, айнала, тәрбие, тағылым туралы болып отыр. Ол ойды Абай: «Әуелі адамның адамдығы – ақыл, ғылым деген нәрселермен. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі хауас салим (араб сөзі, өзіндік дұрыс қасиет, өзіне тән мінез-құлық. – ред.) һәм тән саулығы. Бұлар туысынан болады. Қылмыс өзгелерінің бәрі жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» – деп білдіреді. (*Сонда, 189-б.*)

10. 23-бет. «...**адам баласы бір үлгі аларда, ең әуелі шын жүрегімен сүйген кісісінен күштеп алады**» – бұл да Абайдың «Отыз сегізінші сөзінен» алынған. Онда: талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі таппайды. Басында зорлықпенен, яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана ойын аты – адам болады» – деп жазылған (*Сонда, 189-б.*)

Жоғарыдағы 9, 10 түсініктердегі ұстаз, құрбы-дос, ата-анаға деген құрмет пен махаббатты талдай келіп: «адамдықтың негізі – әйел» – деген пікір түйеді мақала иелері.

11. 23-бет. **«Және өзінің неше түрлі ауданы аз»** – білімі, танымы таяз, түсінігі аз – деген мағынада қолданылып отыр.

12. 23-бет. **«...түрсіз...»** – мағынасыз, мәнсіз деген мағынаны білдіреді.

13. 23-бет. **«...бұдан кейін әр бала қызғаншақ, өзімшіл, мақтаншақ, пайдакүнем, сұмырай мінездерді ойына артып алады»** – бұл да Абайдың жоғарыдағы «Отыз сегізінші сөзінің» еркін баяндалған түрі болып табылады. Қараңыз: «...көбінесе балаларды жасында ата-аналары қиянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады – ешбір баһра (үлгі – ред.) болмайды. Ол қиянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хатта иман иғтиқадқа (дінге ұйып сену – ред.) да қиянатпенен болады». *(Сонда, 190-б.)*.

14. 24-бет. **«...жұрт қатарына жетерлік халық болу жолында ең керекті шарт – ақ жүректі екпінді ерлер»**– мақала иелері «ақ жүректі екпінді ерлер» деп «Алаш» партиясын құрған ұлт көсемдерін мегзеп отыр.

15. 24-бет. **«...«Тарақият»** – өркениет, прогресс.

Т. Жұртбай

«ОҚУДАҒЫ ҚҰРБЫЛАРЫНА»

Мақала «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 14 қыркүйектегі санында жарияланды. Кирилл һарпіне көшірілген нұсқасы «Лениншіл жас» (кейіннен «Жас алаш») газетінің 1966 жылғы 23 маусым күнгі және «Қазақстан мұғалімі» газетінің сол күнгі сандарында Рымғали Нұрғалиевтің алғы сөзімен қайтадан басылды. Мақала жазушы шығармаларының он екі томдық жинағына енген.

М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 15 томында (*А.: Жазушы. 1984. 9–11-бб.*) жарық көрді. Толық шығармалар жинағының академиялық басылымына «Сарыарқада» шыққан алғашқы нұсқасы бойынша ұсынылып отыр. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. «Сарыарқадағы» мақаланың соңына «Мұхтар Әуезов» деп қол қойған. Семинария шәкіртінің өз замандастарына қаратыла айтылған пікірлерін редакция қызметкерлері оның «оқудағы құрбыларына» айтылған сөзі деп түсініп, мақаланың атын да үшінші жақпен қойғаны байқалады. Ал авторлық тексттің заңдылығына жүгінсек, мақаланың аты – «Оқудағы құрбыларыма» болуға тиісті еді. Немесе газетте орфографиялық қате жіберілуі де мүмкін. Өйткені ол кездегі баспалық терімдердің бәрі де татар сөздерінің орфографиясына негізделген араб һарпінің құймаларын пайдаланатын.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Ресей империясының құрамындағы аз ұлттардың арасында ұлт-азаттық рухы ерекше сыпат алды. Ұлттық тәуелсіздік пен ұлттық автономия алу мүмкіндігі туғандығына көздері жетіп, шағымды кезенді қалайда ұтымды пайдаланып қалуға тырысты. Ол үшін ұлт зиялыларының мақсат бірлігі қажет болды. Патша өкіметі құлағаннан кейін шеткергі аймақтарда анархиялық әкімшілік жүйесі орын алды. Уақытша үкіметтің, жергілікті земстволардың, солдаттардың, монархияшылардың, түрлі саяси партиялардың билігі үстемдік алды. Мысалы, Семей қаласында 1917 жылдың наурыз айында солдат депутаттардың гарнизондық жалпы жиналысы өтіп, барлық әскери биліктің өздерінің қолына көшкендігін мәлімдеді. (*ҚР МА, 15-қор, тізім, 423-іс, 62–63*)

парақ), тура сол уақытта Семей қаласы мен Семей облысы сауда кәсіпорындары қызметкерлерінің кәсіподағының құрылтайы өтіп, жарғысын бекітті. Онда оқу, кітапхана, әйел теңдігі, оқулықтар шығару, азық-түлікпен шәкірттерді қамтамасыз ету, ойын-сауық ұйымдастырып, лекциялар оқу, баспасөзге көңіл бөлу, зиялыларды іске тарту туралы қаулы қабылдады. (*ҚР МА, 15-қор, 1-тізім, 463-іс, 1-3 парақтар*). Ал 1917 жылдың көкек айының 5 күнгі Семей облыстық атқару комитетінің Семей қалалық кеңесінің шешімі бойынша нарық бағасының қымбаттауына жол бермеу, оған бақылау жасау, арақ-шарапты ішуге тыйым салу, су көліктерінің (қайық, сал, баржа, кеме) тоқтап қалуына ырық бермеу туралы пәрмен қабылданды. Бұл мәселелерден қазақ ұлты да қалыс қалмады. Мүдделі істеріне араласып отырды. Бүкілқазақтық I құрылтайдан кейін аудандар мен болыстарда «Алаш» партиясының, бөлімдері құрылды. Сондай-ақ ояздарда солдат пен шаруа одақтарының түрлі ұйымдары іске кірісті. Саяси-әлеуметтік бостандық жолындағы көзқарастар бір-бірімен қайшы келіп отырды. «Сарыарқа» газеті бай мен кедей деп бөлінбей, ұлттық тұтастықты сақтауға үндеді. Қазақ зиялыларының жікке бөлінуіне қарсы болды. «Алаш» партиясының бағытын ұстанған жастар «Бірлік», «Жас алаш», «Талап», «Жас азамат», «Заман теңдігі», «Жанар» атты ұйымдар құрды. Семейдегі «Жас алаш» қозғалысын ұйымдастырғандар: Жүсіпбек Аймауытов (1888–1931), Сейіт Тоқымбаев (1899–1921), Ахметбек Шикібаев, Мұхтар Әуезов. Олар шығу тегіне, білім дәрежесіне қарамай, барлық жастар «Алаш» партиясының маңына топталсын, отаншыл болып, алаштың мүддесіне қызмет етейік деген ұранды ұстанды. Семинария шәкірттерінің барлығы да «Алаш» жасағының құрамына сарбаз болып кірді. Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов оқыған шәкірт жастарды «Алаш» ісіне араласуға шақырып, мақалалар жазды. «Оқудағы құрбыларына» арнаған бұл мақала сол тұста жарық көрді.

1. 25-бет. **«...сол үлкенді үлкен қылып тұрған біраз ғана жиылып шоғырланған әлгі кішкене нәрсе»** – бұл арада заттың ең кішкене бөлшектері – атомның ядроларын айтып отыр. Соны мысалға келтіру арқылы ұлттық идеяның да бірлік тілеуінің бірте-бірте ұлғая беретінін мегзейді.

2. 25-бет. **«...әрбір оқығанның ақтығы, екпіні, білімі шарт»** – мұндағы «ақтығы» деген сөз – отаншылдығы, ұлттық рухының тазалығы, бостандық жолындағы адалдығы деген мағынаны білдіреді.

3. 25-бет. **«...екпінді ақжүрек болып туа қоймалық»** – мұндағы «ақжүрек» сөзі жоғарыдағы «ақтық» деген сөздің бір баламасы,

патриоттық рух, азаттық үшін күресуші қайраткер деген ұғымда қолданылып отыр. Бұл ұғым кейін кеңес белсенділерінің де қаратылып қолданылды. Сондықтан да мұның фанатик деген ауыспалы мағынасы да бар. Бұл арада – отаншыл деген нышанда айтылған.

4. 25-бет. **«...бұдан кейінгі мінез – өмір бойы мінез болып қалады емес пе?»** – «Алаш» партиясының ұлттық-саяси, экономикалық, мәдени бағдарламасын мегзеген. Соны жүзеге асыру жолында қалыптасатын ұлттық-азаттық рухын, ұлттық сананың қалыптасу, даму бағдарын жастарға үлгі тұтқандығының белгісі

5. 26-бет. **«...жаман мінездер көп. Оның бірі – карта...»** – Семей қаласында ішімдік пен құмар ойындарына тыйым салынған арнайы шешім қабылданған. М. Әуезов соны ескертіп отыр.

6. 26-бет. **«...ендігі уақыт жазғытұрғы күншуақтай жанға жайлы емес пе?»** – Патша өкіметінің құлағанын, «Алаш» автономиясын құруға мүмкіндік туғандығын емеурін еткен. Сол үшін барлық шәкірт жастарды ел көсемдерінің маңына шоғырлануға шақырады.

Т. Жұртбай

«ҚАЙСЫСЫН ҚОЛДАНАМЫЗ?»

Мақала «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 19 қазандағы 17-санында жарияланды. Соңына «Мұхтар Әуезов» деп қол қойған. Кейін М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағының 11-томында (1969 жыл, 9-10-бб.) кирилл һарпінде қайтадан көшіріліп басылды. Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағына енгізілген жоқ. Екі басылымдағы нұсқалар өзара салыстырылып, текстологиялық салыстыру жүргізілді. Қысқартылған немесе жаңсақ жазылған сөз бен сөйлемдер қалпына келтірілді.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы мұсылман елдері мен түркі халықтарының рухани-мәдени өміріндегі аса елеулі және ұлттық мәні бар көкейкесті мәселенің бірі – оқу-ағарту саласындағы ұстанатын негізгі бағыт туралы пікір таласы болды. Бірінші, қадымдық көне оқу жүйесін сақтауға барынша мүдделі болған топтағылар білім бағдарламасына ешқандай өзгеріс енгізудің қажеті жоқ деп санады. «Құран кәрім» дүниеге келгеннен кейінгі кезеңдегі жаратылыс құбылысының барлығы сол қалпында сақталуы керек деп есептеді. Ғылымның әртүрлі салаларымен айналысуға шек қойылды. Ал Жамаладдин Ауғани (1839–1897), Мұхаммед Ғабдуку (1849–1905), Шаһабуддин Маржани (1818–1889) іспетті ғұламалар мұсылмандық дүниетанымдағы жаңа бағытты насихаттады. Олар: «Құранның» Алла сөзі екендігін, Мұхаммедтің пайғамбарлығын мойындады. Алланы тану үшін, хақты білу үшін хақиқатқа жету үшін адам ғылыммен айналысуы керек. Химия, астрономия, жаратылыстану, философия, физика ілімі мектеп пен медреселерде оқылуы тиіс. Ақылмен табылған және істелген нәрсенің барлығы мансұқ етілмеуге тиіс – деген бағыт ұстанды. Ал Шаһабуддин Маржани, Исмағил Гаспаралы (1851–1914), Ахмет Байғұрсынов бастатқан ағартушылар әрбір ұлттың тілінің дыбыс үндестігі мен орфографиялық заңдылығына байланысты дербес әліппесі және жазу үлгісі болу керек – деп есептеді. И. Гаспаралы бүкіл түркі жұртының жазуы да, еміле ережесі де, оқу-ілім оқулықтарындағы ғылыми тіл де

(термин), білім беру жүйесі де бірдей болсын – деген жалпы түріктік бағдарламаны ұсынды. Сөйтіп, жәдидшілердің (жаңашылдардың) өзі түрікшілдер және ұлтшылдар болып екіге бөлінді. Қазақ зиялылары да бір тұжырымға келе алмады. Ал 1914–1918 жылдардың арасында бұған ұлттық-саяси мағына берілді. Ұлттық автономиялар мен мемлекеттер қай бағытты ұстануы тиіс? Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мұхамеджан Тынышбаев іспетті ел көсемдері әр ұлттың дербес рухани дамуын, оның ішінде өркениетке бет алған қазақ қауымының еуропалық ғылыми бағытты ұстануын жақтады. «Алаш» партиясының бағдарламасының бір тарауы осы білім мәселесіне арналып, 5 адамнан арнайы топ құрылды. Оны А. Байтұрсынов басқарды. Оқулықтар қай тілде және қандай үлгіде жазылуы керек? Міне, осы жөнінде пікір көтерген «Сарыарқа» газетіндегі талқылауға орай Мұхтар Әуезов те өзінің лебізін білдірген. Мұнда ол өзінің қай бағытты қолдайтынын ашып айтпайды. Алайда ел ағаларының, яғни алаш қайраткерлерінің ұстанған жолын қостайтынын сөз астарынан байқауға болады. Зиялы қауым екіге жарылмай, шұғыл арада: «Қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керектігін» ұсынады.

1. 27-бет. **«Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртiп керек»** – бұл арада «тәртiп» деген сөзді тура мағынасында емес, жүйе, бағдарлама, керек деген райда түсіну керек.

2. 27-бет. **«...қолға алалық деп тұрған ісіміз – оқу»** – сол кезде «Алаш» партиясы қазақ тілі мен қазақ мектептері және оқу бағдарламасы туралы арнайы комиссия құрып, дайындық жұмысын жүргізіп жатқан. М. Әуезов сол істі мегзеп отыр.

3. 27-бет. **«Ол – ғылым тілі»** – бұл арада ғылыми терминдерді қалыптастыру мәселесін қозғап отыр.

Т. Жұртбай

«ҒЫЛЫМ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 1-санында (4–5-бб.) жарияланды. М. Әуезовтің шығармалар жинағының он екі томдығына да, жиырма томдығына да кезінде кеңестік цензуралық кесірінен кіргізілмеді. Шығармаларының елу томдық толық басылымына сол журналдағы нұсқасы бойынша беріліп отыр.

«Абай» журналы 1918 жылы Семей қаласында шықты. Жиыны 13 саны жарық көрді. Ол – қазақтық тұңғыш ғылыми-көпшілік журналы. Шығарушылар – Семейдегі мұғалімдер семинариясының шәкірттері – Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов. Кейіннен қаржының тапшылығына байланысты жабылып қалған. Мұхтар Әуезов журналдың ғылыми бөліміне жетекшілік еткен. «Ғылым» – оның осы саладағы алғашқы мақаласы. Толық мағлұматты осы басылымдағы «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақалаға берілген түсініктемеден қараңыз.

Мұхтар Әуезов ғылым туралы бұл мақаласын жазбас бұрын оның арғы-бергі тарихынан, ежелгі және кейінгі дәуірлердегі қалыптасу, даму кезеңдерінен хабардар ететін еңбектермен жете танысып, өзінше пікір түйген. Басты мақсаты – ғылымның даму жолына шолу жасай отырып, оның түрлі-түрлі салаларындағы қоғамдық ойдың даму сатылары мен ғылымның жіктелу тарихын көпшілікке таныстыру. Сол арқылы бұдан кейінгі жарияланатын ғылыми-көпшілік мақалалардың арнасына желі тартуды көздеген. Шындығында да, осында айтылған ғылым салалары, оның ішінде, ғылым тілі, философия, мәдениет, дін туралы «Абай» журналының кейінгі сандарында арнайы мақалалар жарияланды.

Мұхтар Әуезов өзінің алғашқы мақалаларындағы сияқты «Ғылым» туралы пікірін де Абайдың «Қара сөздеріндегі» ойларымен ұштастыра баяндайды. Оны өзінше дамытып, сол кездің көкейкесті мәселелерімен астастыра түсіндіреді. Айтар пікірінің түп қазығына Абайдың «Он жетінші сөзіндегі» қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің айтысына, ғылымның: «– Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де

рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да бәрі сенен шығады... Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет» (*Абай. Шығ., А.: Жазушы, 1995. 2-т. 172-б.*), – деген төрелігін нысана етіп алған.

Сондай-ақ мақаланың өнбойынан Абайдың «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім, ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір – шала байқайды... ғылым-білімді көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі – мұлахаза (ойласу, пікіралысу), екіншісі – мұхафаза (сақтау, қорғау). Бұл екі қуатты зорайту жаһетінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» (*Сонда. 183–184-бб.*) деген терең танымдық пайымдауы анық көрініс береді. М. Әуезов Абайдың ғұламалық ойларын жас шағынан бастап-ақ өзінің бойына сіңірген, ақын өсиеттерін өмірлік мақсат, бағдары, қашан да жүгініп күш-қуат алар парасат қазынасы ретінде үлгі тұтқан. Мақаладағы айтылған көптеген ойлардың ақын туындыларындағы пайымдаулармен астасып жатуының себебі де сондықтан. М. Әуезов ақын ойларын өз заманының шындығымен үйлестіре келіп: «Адам құрымаса ғылым өрлей бермек, адамның түсіне кірмейтін неше түрлі ғажаптарды шығармақ. Ендігі көпшіліктің тілеуі, беті – сол ғылымның сүрлеуімен барып хақиқат тауып, қараңғы өмір жолынан құтылып, жарыққа шықпақ» – деген қорытындыға келеді.

1. 29-бет. «**Бұрынғы күндік қорек, дене тірлігі қауіпсіз сатыға мінді**» – Мұнда алғашқы қауымдық қоғамнан өтіп, кейінгі бірлескен таптық, жүйелер көрініс бере бастаған дәуір туралы айтып отыр.

2. 29-бет. «**Бұрын адам ағаш, су, тау, тасты керемет деп қана санап жүріп еді**» – бұл арада, әлі де Құдай туралы түсінік, будда, христиан, ислам діні қалыптаспаған, көп құдайға табынған кезді айтып отыр. Ескерте кететін бір жай: түркі тектес халықтар, жалғыз-ақ көк тәңіріне сенді. Ал Ұмай ана, жер, су, әйел – ісі адамзаттың қасиетті жаратушысы деп есептелінді.

3. 29-бет. «**Олардың іздегені бір ғана хақиқат**» – Сананың жетілуі әртүрлі хақиқаттарды анықтауға, танып ұғынуға ұмтылдырады. Көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі хақиқатқа берілген анықтамалар бірдей емес. Әлемнің жаратылуы мен Жаратқан ие туралы түсінік зороастра, будда, христиан, ислам діндерінде әртүрлі қисындар арқылы түсіндіріледі. Бірақ та, бұл танымдардың түпкі тамыры – Жаратушы жалғыз бір құдай бар, Алла – рас дегенге саяды. Бұл арадағы

М. Әуезовтің «хахихат» деп отырғаны болмыс философиясы, Абайдың «Отыз сегізінші сөзіндегі» хакім туралы пікірдің түйіні.

4. 30-бет. **«Ол көп соғыс, көп айла туғызып, арты бүгінгі күні мынадай сатыға шығып тұр»** – Ғылымның, адамзат тарихындағы орыны туралы философтар бір-біріне қарама-қарсы пікірлер білдіріп келді. Бірінші пікір: ғылым – адамзаттың жауы. Ол адамға тек қана қасірет әкеледі. Жаңа қаруларды ойлап табады. Табиғатты өзгертеді. Адамдардың арасына жаулық рухын себеді, – деді. Бұл пікірді француз ғұламасы Жан-Жак Руссо (1712–1778) қалыптастырды. Екінші пікір: ғылым – өркениеттің негізі. Оның әрбір жаңалығын адамгершілікке, игілікке жұмсаса пайдасы зор – деген пайым. Жәдидшілер де осы бағытты ұстанды.

5. 30-бет. **«дүниауи ғылымдар»** – бұл бүгінгі таңда қалыптасқан қоғамдық ғылымдар деген мағынаны береді.

6. 30-бет. **«Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, көрген үлгі, өнеге билейтіндігін және түзелу, бұзылу жас уақытта болатындығын тапты»** – Бұл ежелгі грек, қытай, рим философтарынан бері қисынды сөз, өткір пікір, нақыл ретінде айтылып келе жатқан уәж. Жас адамның тәрбиесіне ерекше мән берген қытай ғұламасы Кун-зы (Конфуций біздің жыл қайыруымызға дейінгі 551–479 жылдарда өмір сүрген): «Ең үлкен саясат – тәрбие» – деп бағалаған. Руссо, Монтень (1533–1592), Вольтер (1694–1778) іспетті Еуропа ғалымдары да тәрбиенің адам өміріндегі орнына ерекше мән берген. Бұл пікірді ағылшын ғалымы Ч. Дарвиннің (1809–1882) адамның тегі мен тұқымдық, сұрыпталуы туралы еңбегі тереңдете түсті. М. Әуезов психологиялық, генеалогиялық, педагогикалық мәні бар тәрбие туралы тұжырым сөзді ХХ ғасырдың басында ашылған ғылыми жаңалықтардың барлығының басын қоса айтып отыр. Ал ойды жүйелеу мен дамытудағы пікір мәйегі ретінде Абайдың «Оныншы, Он тоғызыншы, Жиырма бесінші сөздеріндегі» пайымдауларына жүгінген. Анықтамалар мен пікірлерді сөзбе-сөз алмағанымен, жоғарыдағы «Сөздердегі» пікірлердің ұзын ырғасы анық байқалады. Сондықтан да бұл сөз нақты бір адамның төл сөзі емес, жалпылама қорытылған тұжырым.

7. 31-бет. **«Америкада әуел бастағаннан іспен араластырып оқытады»** – Америкада ғылыми жаңалықтың тәжірибелік маңызына, яғни оның тигізетін нақты пайдасына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл бағыт АҚШ-тың қазірде ғылыми-оқу саясатының басты шарты болып табылады. Оның негізін қалаған Тейлор Брук (1685–1731). Ол еңбектің құнын бағалаудың жаңа әдіс-үлгісін жасады, ғылымдағы керексіз және пайдасыз зерттеулерді тоқтатып, оның тәжірибелік

маңызына көңіл бөлуді басты талап етіп қойды, мектеп пен жоғары оқу орындарының оқу басқармаларына оқу мен тәжірибені қатар жүргізуді енгізді.

8. 31-бет. **«Шын ғылым жолын түсінсе, шын көздеген мақсаты адамдық, ақтық болар еді»** – Бұл жерде автор Абайдағы ойдың жоғарыдағы түсініктегі «Сөздердегі» ойды одан әрі дамытатынын баяндаған.

*Т. Әкімов,
Т. Жұртбай*

**«БУДДА»
(Лев Толстойдан)**

Аударма «Абай» журналының 1918 жылғы 1-санында жарияланды. М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 14-томында (А.: Жазушы, 1989. 173 – 176-бб.) қайтадан басылды. Текстологиялық салыстырудан өтіп барып, осы басылымға енгізілді. Салыстырғандар – Б. Байғалиев пен С. Жұртбаев.

Бұл шығарма М. Әуезовтің аударма саласындағы алғашқы талпынысы.

«Абай» журналы – ғылыми, әдеби басылым болғандықтан да, танымдық мақалаларға ерекше көңіл бөлді. Ғылым бөліміне жетекшілік еткен М. Әуезов қазақ үшін тың тақырыпты таңдап алған. М. Әуезовтің будда ілімі тәрізді адамзат тарихына үлкен із қалдырған таным жолына көңіл бөлуі, әрине, заңды еді. Өйткені ХІХ ғасырдың аяғындағы, ХХ ғасырдың басындағы адамзат тарихындағы танымдық ұлы жаңалықтар көптеген ұлы адамдардың дүниеауи көзқарастарына өзгеріс әкелді. Солардың бірі – Абай. М. Әуезовтің айтуына қарағанда, будда ілімінің негіздерімен танысқаннан кейін Абай: «Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау», – деп өкінген екен.

Тұрағұл Абайұлының «Әкем Абай туралы» естелігінде де бұл пікірді растайтын уәж айтылады. Демек, М. Әуезовтің будда іліміне назар аударуына Абайдың осы пікірінің де әсері болған. Ғылыми-көпшілік журналдың алғашқы санына Лев Толстойдың «Будда» туралы әңгімесін аударып басқан. Мұндағы негізгі мақсаты – Абай сүйінген рухани таным жолымен қазақ оқырмандарын таныстыру.

Абай тәрізді орыстың ұлы жазушысы Л. Толстой да діни танымдар туралы бірнеше еңбек жазды. М. Әуезов аударған «Будда» әңгімесі Л. Толстойдың «Оқу өрісі» атты шығармасынан алынған. (Толстой Л.Н. *Круг чтения. 1904–1908 гг., Полное собр. соч. М., 1957. Т. 41. С. 96*).

Әңгіме еркін аударма үлгісімен тәжірмаланған. Оған мысал: түпнұсқаның бірінші абзацы былай: «Две тысячи чetyреста лет тому

назад жил в Индии царь Судходана. У него было две жены, две родные сестры, но детей ни от одной, ни от другой не было. Царь очень огорчался этим, и вдруг, когда он уже перестал надеяться, старшая жена его Майя родила сына» (*Сонда, 96-бет*).

Ал оның аудармасы төмендегідей: «Ғайса пайғамбар дүниеге келместен 5 жүз жыл бұрын Гималай тауының етегінде бір Саки деген халық тұрыпты. Патшасы Сұдхұдана деген кісі екен. Патшаның екі қатыны болыпты. Бірақ ешбірінен де бала болмады. Кәрілік алқымдап қалып, артында бала қалмайтындығы уайым болып жүрген уақытта, патшаның зор қуанышына үлкен қатыны Хасадан бір еркек бала туды».

Бұл абзацтың өзінен-ақ аударманың түп нұсқадан біраз өзгешелігі бар екендігін байқауға болады. Аудармада «Саки» деп халықтың нақты атын жазады. Ол түпнұсқада жоқ. Патшаның есімі де басқаша. Судходана емес, Сұдхұдана. Жазушы патшаның атын қазақ тіліне икемдеп жазған.

Әрі қарай Толстой: «Так прожил Сидхарта более года после женитьбы» (*Сонда, 97-бет*), – деп жазса, Мұхтар Әуезов бұл сөйлемді: «Осылайша бұл бақшаның ішінде үш жыл өмір өтті» – деп еркін аударған. Түпнұсқада «бақша» – деген сөз жоқ.

Будданың өмірлік таным жолын суреттеуде де екі нұсқаның өзара айырмашылықтары бар. Мысалы, түпнұсқада ол: «Проехав так далеко, как может вести его лошадь, он слез с нее и пустил ее, а сам, переменившись платьем с встретившимся монахом и обрезав себе волосы, пошел к браминским мудрецам-пустынникам и просил их объяснить ему то, чего он не понимал: зачем болезнь, старость и смерть и как избавиться от них. Один брамин принял его и передал ему браминское учение. Учение это было в том, что душа человеческая переселяется из одного существа в другие, что всякий человек был в прежней жизни животным и по смерти, смотря по своей жизни, переселится в высшее или низшее существо. Сидхарта понял это учение, но не принял его. Он прожил у браминов полгода и ушел от них в дремучие леса, где жили знаменитые учителя-пустынники, и прожил с ними шесть лет в посте и трудах. И он так много трудился и постился, что о нем прошла слава в народе и около него собрались ученики, и люди стали восхвалять его» (*Сонда, 99-бет*), – деп баяндалған.

Ал М. Әуезов оны: «Көп жер жүрді. Қалжыраған соң атын да қоя берді. Бір кез келген сопымен киімін ауыстырып, адамды адасқан жолдан құтқару дауасын іздеп жүре берді. Әуелі бетінде халқына ұқтырып жүрген тағлымын білу үшін быраһманидардың (бұдқа табынушылардың) данышпандарына келді. Бірақ олардың ұғуындағы

адамның жаны өлген соң хайуанға көшеді және нәфсіден тазаруға денені әртүрлі азапқа салу керек дегені Сейдхарттаға ұнамады. Бұлардан кетіп, қалың орманның ішіне барып, алты жыл тұрды. Мұнда ғұмыры ылғи оразамен, ауыр механатпен өтті. Ақырында бұ жолды да ұнатпады. Денені азапқа салып, аштық бейнетін тартып, арып-ашып, жүруге жарай алмай да қалып жүрді. Құр азаппен жанды құтқара алмаған соң, өмірін терең ойға, өкінішке жіберуге мақұл көрді. Бұл мақсаттың жолында бірталай қызмет қылған соң, атағы зорайып, жұрт ғалым деп құрметтеп, алдына көп шәкірт жиналды», – деп аударған.

Екі нұсқаны салыстыра келе бұдан басқа да мынадай айырмашылықтарды байқауға болады. Аудармада Будданың шашын кесіп тастағаны жоқ. Шаш кесу – кейбір быраһмандардың сыртқы кейпін-сықпытын білдіретін философиялық мағынасы бар астарлы сурет, М. Әуезов бұған аса көңіл бөлмесе керек. Алғашқы нұсқадағы «брамин» деген сөз аудармада «быраһмин» деп жазылған және жақшаның ішінде «бұдқа табынушылар» деп көрсетілген, ал шындығына келетін болсақ, нағыз браһман бұдқа табынбайды. Веда ғылымы бойынша, егер Құдайдың мүсінін жасап, оған жалбарынса, оның өзі сол мүсінге айналады. Сондықтан да Құдайдың өзі деп есептеледі. Алғашқы нұсқадағы адамның өмір сүру нәтижесіне байланысты: «Келесі өмірде – төменгі не болмаса жоғарғы өмірді алады» – деген сөз: «Адамның жаны өлген соң хайуанға көшеді» – деп аударылған және ойдан: «Нәфсіден тазаруға денені әртүрлі азапқа салу керек» деген ұғым қосылған. Аудармадағы бұл пікір Абайдың «Жиырма жетінші сөзіндегі», «Отыз сегізінші сөзіндегі» философиялық пайымдаудан тамыр алған (*Қараңыз: Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А.: Жазушы, 1995, 2-т. 180-б.*)

Будданың философиясын дұрыс түсінудің үлкен маңызы бар. Сондықтан да бұл өте жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Біз Будданың таным пәлсапасы туралы айтылған тұстарды қалай аударғанын білу үшін салыстыруды жөн деп таптық.

Л. Толстой түпнұсқа: «Долго он мучился, но один раз, когда он сидел под деревом и думал все о том же, ему вдруг открылось то, чего он искал: открылся путь спасения от страданий, старости и смерти. Путь спасения представился ему в четырех истинах. Первая истина была в том, что все люди подвержены страданиям. Вторая истина в том, что причина страданий – страсти. Третья истина в том, что для того, чтобы избавиться от страданий, надо уничтожить в себе страсти. Четвертая истина в том, что для того, чтобы уничтожить страсти, нужно четыре дела. Первое – пробуждение сердца: второе – очищение

мыслей; третье – освобождение себя от недоброжелательства и раздражительности; четвертое – пробуждение в себе любви не только к людям, но ко всему живому» (*Сонда, 99-бет*).

М. Әуезов, аударма: «Оңашада көп заман нәфсі жауымен алысып, бір күні ағаштың түбінде әуелгі тыныштығын бұзған ойды қуып отырғанда, адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты. Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша ғана нәрсе, уақыт бітсе күйреме, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәфсінің тілегін жоғалту керек деген Сейдхартаның үміті төрт түрлі хақиқатқа тірелді. Бірінші хақиқаты: адам баласы ғазап көрмек. Екінші хақиқаты: ғазап нәфсіден туады. Үшінші хақиқаты: адам нәфсіні жойса, ғазаптан да құтылады. Төртінші хақиқаты: нәфсіден құтылуға төрт саты бар: 1) жүректің оянуы, 2) бұзық мінезден, кекшілдіктен құтылу, 3) шұбаланудан, жаман тілектен, азадан құтылу, 4) жалғыз адамға емес, барлық жан иесіне рахымды, махаббатты болу».

М. Әуезов дененің уақытша екендігі және ол адамның зардап көруінің басты себебі екендігі туралы пікір қосқан. Мұның өзі жазушының буддизмді терең біліп, ал оның негізін қалаған Веда ілімінен хабардар болғандығын меңзейді. Адамның қасіреттен құтылу жолы – «нәфсінің тілегінен құтылу» жолын Л. Толстой «іс» (дело) деп атаса, М. Әуезов «саты» деп алады. Яғни, нәфсі тілегінен құтылу жолын ол адамның жетілу сатысы ретінде көрсетеді.

Будда: адамдардың барлығының да қайғы-қасірет шегетінін, ал оның себебі – нәфсінің тілегінен туындайтынын, сондықтан ондай пиғылдан құтылу керек екенін түсіндіре келіп, онан құтылу жолын да ұсынады. Ол жол мынадай ретпен көрсетіледі: әуелі жүректі ояту, сонан кейін ниет-ойды тазарту, мінез-құлықты түзету, сөйтіп барып, бүкіл тірі пенденің рухына рахым, махаббат сезімін сіңіру. Бұл сезімдердің шынында да, адам өміріндегі алатын маңызы ерекше. Ал Абай нәфсінің тілегінен құтылудың Будда нұсқаған төрт сатысын төрт-ақ жолмен былай деп жеткізген:

Жүректің көзі ашылса –
Хақтықтың түсер сәулесі.
Іштегі кірді қашырса –
Адамның хикмет кеудесі.

Абай бұл өлеңінде Будданың нұсқау – ережесін өте кең көлемде

бейнелеп, олардың түпкі негіздерін ашады. Мысалы: адам санасының жетілуінің бірінші сатысы – жүректің оянуын – «жүректің көзі ашылса» – деп нақтылап айтады: екінші саты – ниет-ойдың тазаруын «Хактықтың түсер сәулесі» – деп бейнелейді. Абайдың бұл сөздерінен мынаны байқауға болады. Біріншіден, Абай адам санасының толысуын Л. Толстой тәрізді «іс» ретінде қарастырмай, «саты» ретінде беріп отыр. М. Әуезовтің де мұны «саты» ретінде қолдануы сол себептен болса керек. Екіншіден, бұл алғашқы сатыдан кейінгі адамның ақыл-ой санасының толысуының келесі сатыға көтерілу нәтижесін де, себебін де білдіреді. Абай «Хақ» деп Алла тағаланы айтады. («Отыз сегізінші сөз»), яғни «жүректің көзі ашылса» адам баласына Алла тағаланың сәулесі (шапағаты) түседі. Себебі жан жүректе орналасқан. «Жүректің көзі ашылса» – жан оянып, рухани қорек іздей бастайды. Сол кезде мейірімді Алла тағала өзінің рухани сәулесін түсіріп, жанға рухани азық береді. Мұндай адам, Абай сөзімен айтқанда, «ахиреттің» ғана тілегін тілейді. Нәтижесінде, адамның ниет-ойы тазарады. Будда – Алла тағаланы жокқа шығарса, Абай оның берген ілімін тереңнен тауып, керісінше Алла тағаламен байланыстырады. Будданың екінші сатысы – адамның ниет, ақыл, ойын түзету болса, үшінші сатысы – мінез-құлықты түзету. Ол – ешкімге жамандық жасамау, қасиеттерді бойға сіңіру деген сөз. Ал мұны Абай «Іштегі кірді қашырса» ғана соған жетуге болады дейді. Себебі, рухы бай адам әрқашан да мейірімді де сабырлы.

М. Әуезовтің аудармасындағы ой тұспалдары Абайдың пікірлерімен ұштасып жатыр.

Сөйтіп, адам санасының толысуының жоғарғы, төртінші сатысына жеткенде ол тек адамға ғана емес, барлық жан иесіне рахымды, махаббатты болады. Абай мұны «Адамның хикмет кеудесі» – деп, тағы да жүрекпен байланыстырады. «Хикмет» деген сөз араб тілінде ақыл, білім, рахымдылық пен махаббаттан құралған «даналық» деген ұғымды білдіреді. Бұған қарағанда Абай Будданың ілімінен дана адам болудың жолын аңғарған тәрізді.

Бұл жол бүкіл адамзатқа ортақ. Өзінің ынта-жігерін дұрыс қалыптастырғаннан кейін адам: бірінші, рухани білім арқылы жүректің көзін ашады; екінші, ақыл-ойды тазартады; үшінші, мінез-құлықты түзетеді; төртінші ғаламдық болмыспен тұтастыққа ие болады. Бұл жол – мұсылман дініндегі сопылардың жолы; яғни, шарифат, тарихат, мағрифат, хақиқат. Ал, ол Веда іліміндегі йогтардың: карма-йога, гьяна-йога, дхьяна-йога, бхакти-йогалармен үндес келеді. Толысудың кемеліне келіп, болмыспен бірігуді буддистер – нирвана, сопылар – фанна, йогтар – самадхи – деп атайды. М. Әуезовтің

аудармасындағы өзінше баяндаудан Будданың осы таным жолын көрсететінін байқаймыз. Ол әуелі браһмандардан рухани білім алды, содан кейін йогтарға барып ақыл-ойын тәрбиелеумен (медитациямен) шұғылданды. Үшінші ретте олардан бойын аулақ салып, ну орманның ішіне кетіп, өзінің мінез-құлқын тәрбиеледі, ақырында «Буддһа», яғни болмыспен бірігіп, оның жалпы заңдылығын қабылдады.

Санскрит тілінде берілген шығыстың көне ілімі – Ведаларда Будданың жер бетіне келетіні туралы мәлімет бар. Қоғамдағы түрлі зорлық-зомбылықтың ықпалымен Веда ілімі бұрмаланып, күнәлі істер көбейгенде – адамзатты дұрыс бағытқа салу үшін Алла тағаланың бейнесі Будда түрінде көрінетіні айтылады. Оның ұстанған негізгі қағидасы – «тірі жанға жамандық жасамау», бұл санскритте «аһимса» деп аталады. Будданың барлық өсиеттері осыған әкеліп тіреледі. Ведалар ұлықсат беретін құрбандық әдісіне сүйеніп, адамдар малды көп шығындататын болғандықтан да «аһимсаны» іс жүзіне асыру үшін Будда Ведаларды мүлде теріс деп көрсетіп, жоққа шығарды. Будда сол сияқты Құдайды да, жанды да мойындамады. Ведалар бойынша, жан иелері – жаннан, яғни адамның өзіндік қасиетін орап тұрған психоэнергетикалық нәзік денеден және физикалық тұрпайы денеден тұрады. Ал Будда: «жан жоқ тек жан иелерінің физикалық және психо-энергетикалық денелері ғана бар. Жан иесі өлгеннен кейін оның нәзік және физикалық денелері ыдырап, бүкіл материалдық әлемге араласып, онымен бірігіп кетеді. Дұрыс өмір сүру үшін материалдық әлемнің заңдылығын біліп, өмірді сонымен үндестіру керек» – деп есептейді.

Будда ілімі – адамға өтпелі фаниде жеңіл өмір сүрудің жолын нұсқайды.

Буддизм – Индияның оңтүстігіндегі Шри Ланкадан бастап солтүстікте Сібірге дейінгі аралықты қамтып, батыста Еділ өзені бойына дейін тараған. Буддизм өзінен басқа ілім-танымдарды бойына оңай сіңіреді. Және оның негізгі қағидасы – исі жан иесіне жамандық жасамау болғандықтан да жер жүзіне ешқандай соғыссыз тарады. Басқа ілімдер мен діндердің әсеріне байланысты буддизм көп тармақтарға бөлінген. Оның «Махаяна» – деп аталатын тармағы Құдайды мойындап, Будданың өзін Құдайдың көрінісі деп таниды.

Веда ілімі бойынша – будда ілімі Ведалардың құлдырауын тоқтатып, адамзаттың рухани жетілуіне жол ашу үшін келген. Ведаларда рухани жетілу сатысы тармақтала талданып беріледі. Ол таным сезіп-білетін болмысты ғана мойындайтын атеистік материализмнен басталады. Екінші саты – Будданың шапағатымен келетін сезіп-білінбейтін психо-энергетикалық және физикалық денелерден

тұратын материалдық біртұтас болмысты мойындау. Үшінші саты – болмысты Құдай деп қабылдайтын имперсонализм болса, онан жоғарғы саты жан мен Құдайдың жеке тұлғалар екенін және олардың айырмашылығы барын мойындайтын персонализм. Ең жоғарғы сатысы – жаның өзінің Құдайдың бір бөлшегі екенін сезініп, Оған құлшылық жолына түсу. Абай осы жолдарды түгел көрсетіп, адамды жетілудің ең жоғарғы сатысы, құлшылық жолына шақырады.

Буддизм ілімі бойынша адамның мақсаты – материалдық әлеммен үйлесімді өмір сүру болғандықтан да, олар нәзік материалдық әлемді зерттеуде үлкен жетістіктерге жетеді. Шығыс елдеріндегі шаман, баксы-балгер тәрізді нәзік әлемдермен байланыс жасай алатын мистикалық қасиеттері бар адамдардың көп болу себебін де осы буддизмнің әсерімен түсіндіруге болады.

Л. Толстойдың «Будда» әңгімесінің М. Әуезов тәржімалаған аудармасы мен оның алғашқы нұсқасын салыстырғанда, олардың арасында көптеген айырмашылықтардың бар екендігі байқалады. Сөйлемдердің мағыналары ғана емес, сонымен бірге кейбір адам аттары да өзгертіліп алынған. Мысалы: түпнұсқада Будданың әйелінің аты көрсетілмеген, ал аудармада ол Безугар деп аталады. Мұның өзі аударма жасағанда М. Әуезовтің басқа да шығармаларды оқи отырып, өзінше пайымдау жасағанын көрсетеді. Сондай-ақ Л. Толстойдың әңгімесіндегі Шаки, Чанна, Браммин, Судходана, Харанеават деген адам аттары аудармада: Шанна, Брахман, Сейдхарта, Харане Абад – деп өзгертілген.

Шығармадағы кейбір сөздердің түсініктемесі:

1. 33-бет. **Ғайса пайғамбар** – христиан дініндегі Иисус Христос. Әуелі христиан әлемінде, артынан бүкіл дүниежүзіне тараған қазіргі жыл қайыру рәсімі осы Христостың туған күнінен басталады. Көпшілік қауымға түсінікті болу үшін М. Әуезов Будданың туған жылын «Ғайса пайғамбар дүниеге келместен 5 жүз жыл бұрын» – деп көрсеткен. Ал Л. Толстой өзінің шығармасын 1904–1908 жылдары жазған. Ол Будданың туған жылын: «Две тысячи четырёхста лет тому назад», – деп көрсетеді. Егер М. Әуезов осы сөйлемді сөзбе-сөз аударса, Л. Толстойдың бұл әңгімені қай жылы жазғанын білмеген адамға Будданың туған мезгілін анықтай алмас еді.

М. Әуезовтің Иисус Христосты Ғайса пайғамбар деп атауының себебі, ол – адамзатқа «Таурат», «Інжілден» кейін түскен «Құран» кітабында «пайғамбар» деп танылып, «Ғайса» деп аталады. Құранда оның берген білімі рас деп танылып, жоғары баға беріледі. Христиан дінінде Иисус Христосты Құдайдың ұлы деп санайды, оны Құдайдың өзімен теңестіреді. Веда ілімдерінде Құдайдың энергиясы, яғни

оның жаратқан жандары, қасиет жағынан алғанда Құдайдың өзімен бірдей, бірақ жан жағынан кішкене екені айтылады. Сондықтан олар Құдаймен бірдей, сонымен қатар Құдаймен тең емес, – деп түсіндіреді. «Отыз сегізінші сөзінде» Абай да осы пікірді білдіреді.

2. 33-бет. **Саки** – алғашқы нұсқада Шаки болып жазылған. Сақ тайпалары (индустар шак тайпалары деп атайды). Шамамен біздің эрамызға дейінгі мыңжылдықтың ортасынан біздің эрамыздың бірінші ғасырына дейін Индияның солтүстігінде, Орта Азия, Қазақстан жерін және Еділ бойын мекендеген. Индияда осы заманды «Шака эрасы» – деп атайды. Сақтардың Индия патшалығын басқарған кезі де болған. Олар кейінгі кездерде түркі тілді халықтармен араласып Сақ деген атау көптеген халықтардың жиынтығын белгілейтін болды (*Большая Советская энциклопедия. Т. 22. М., 1975. С. 502*).

3. 33-бет. **Сүдхүдана** – алғашқы нұсқада Судходана, Будданың әкесінің есімі. Санскритте Шудһа – таза деген ұғымды білдіреді. Л. Толстой ағылшынша нұсқасынан алған. Ағылшын тілінде «ш» дыбысы «с» болып жазылады.

4. 33-бет. **Мания** – Патшаның үлкен әйелі, Будданың шешесі. Мания – санскритте сағым деген мағына береді.

5. 33-бет. **Сейдхарта** – Л. Толстойда Судходана. Будданың алғашқы есімі. Санскрит бойынша – Сиддхартуа. Санскрит тілінде «х» дыбысы төмен дауысты, ол қазақтың «һ» дыбысынан да төменірек. Сондықтан да қазақша Сидһарта деп жазылуы керек. Санскритте Сиддһа – жоғары немесе рухани сатыны, ал арта – байлықты білдіреді. Сидһарта – рухани байлық деген мағынаны береді.

6. 33-бет. **Базугар** – Будданың әйелінің есімі. Л. Толстойда бұл есім көрсетілмеген.

7. 33-бет. «...**Тамаша бақша**» – буддизм әдебиетінде Будданың әкесі баласына онаша жерден қала салып, оны гүл-бақшамен көмкереді. Таңғажайып бақшада өскен жас Будда өмірдің көлеңке жақтарын көрмеуі тиіс еді. Оның себебі былай түсіндіріледі:

«После рождения ребенка мудрецы и звездочеты составили гороскоп. Царевичу суждена Providением достать такого величия и власти, каких на всей индийской земле никогда не достигал ни один царь. Однако, мальчик погибнет или изменит веру отцов, если узнает про несчастья которым подвержено все на земле» (*Светлов Э. Шакийский отшельник. АУМ. Синтез мистических учений Запада и Востока. М., 1989. № 2. С. 223*).

8. 33-бет. «**Үш жыл өмір өтті**» – 19 жасқа келгенде әкесі Сейдхартаны үйлендіріп, оны бақшаның ішіне жібереді. Яғни, үш жылдан кейін ол 22 жасқа толады.

9. 33-бет. **Шанна** – Будданың көшірі, Л. Толстойда Чанна деп көрсетіледі.

10. 33-бет. «...**Қалаға келді**» – буддизм әдебиетінде Будда өзінің тұрып жатқан бакшасынан қалаға шықты деп көрсетіледі.

11. 35-бет. «...**атына мініп жүріп кетті**» – Л. Толстойдың жазуы бойынша, бұл кезде Сейдхартаның жасы жиырмаға шығып еді.

12. 35-бет. **Быраһманидар** – Веда ілімін ұстанатын діни басшылар. Санскритте Браһмандар болып жазылады. Л. Толстойда Браминдер болып жазылған. Сейдхарта олардан Веда ілімін түсініп біледі.

13. 35-бет. **Бұдқа табынушылар** – браһмандардың барлығы бірдей бұдқа табынбайды. Веда ілімі бойынша Құдай тағала қолдан жасалған түрлі мүсіндерге кіріп, адамға өзіне құлшылық етуге мүмкіндік береді. Ал «бұдқа табыну» деп түрлі табиғатты басқаратын күштерге табынуды айтады.

14. 35-бет. «...**қалың орманның ішіне барып алты жыл тұрды**» (алғашқы нұсқада) – буддизмнің әдебиетінде бұл орман солтүстік Индиядағы Урувея деп аталады.

15. 35-бет. «...**алдына көп шәкірт жиналды**» – буддизм әдебиеті бойынша Сейдхарта браһмандардың арасында бір жыл болған соң, олардан кетіп, ну орманның арасына барады. Мұнда ол пенделік нәпсісін тыйып, өзінің тілек-құмарын ақылына толық бағындыруды үйрену үшін алты жыл мехнатты өмір кешеді. Шыдамдылығына таңырқаған адамдарының бұл өмірдің сырына жететініне сеніп, маңына жиналады. Бес шәкірт оны рухани ұстаз ретінде мойындайды. Бір күні есінен танып жүруге де жарамай қалады. Сол кезде оған жақын ауылдан бір қыз келіп, тамақ береді. Сейдхарта бұлай мақсатына жете алмайтынын білген соң, өзінің мехнатты өмірінен бас тартады. Мұны көрген бес шәкірт: «Ол өзінің алған жолынан тайған екен» – деп Бекарес деген қалаға кетіп қалады. Сейдхарта кейіннен Будда дәрежесіне жеткен соң, Бекареске барып, әлгі бесеуін қайтадан шәкірт етіп алады. Мехнатты өмірді тастаған кезде, ол 37 жаста еді.

16. 35-бет. «...**ешкім білмейтін оңаша жерге кетті**» – Сейдхарта мехнатты өмірін (оскезаны) тастаған соң, оңаша жерге барып, терең ойға (медитацияға) батады. Көрген мехнатының нәтижесінде оның жүрегі тазарып, ойға батқан кезінде (медитация) жүрегі оянып, әлемнің сыры ашылады. Сөйтіп, ол Буддалық дәрежеге көтеріледі.

17. 36-бет. «...**Нәфсіні махаббатқа жеңгізген адам надандық шынжырын үзіп, өлім азабынан құтылады**» – бұл Будда ілімінің түпкі мақсаты. Будда ілімі адамды осы өмірде бақытқа жеткізуді кездейді. Бұл ілімде бір Аллаға деген махаббат ұғымы жоқ. Егер адам бүкіл тірі жан атаулыны сүйсе, ол өзінің нәпсісін жеңеді. Ондай

адам өзін әлемнің бір бөлшегі ретінде сезінеді. Бұл дүниеден өткен соң бүкіл болмыспен бірігіп, соған сіңіп кетеді. Ол қайтадан жерге келмейтін болғандықтан, өлім азабынан құтылады.

18. 36-бет. «...**Сенімсіздіктен құтыл, хақиқатты ұғуға тырыс**» – Л. Толстойда бұл сөйлемнің: «Старайся понять истину» – деген екінші бөлігі ғана бар. Бұл нұсқау адамды үнемі ізденіске жетілуге ынталандырады. Соның ықпалымен буддистер өздерінің денесін шынықтыруда кереметтей табысқа жетеді. Олар көзге көрініп-білінетін тұрпайы әлемді ғана емес, қарапайым адамға сезілмейтін нәзік әлемді де зерттеп біледі. Мұны көне Индия, Қытай мәдениетінің дамуы тарихынан да байқауға болады.

19. 36-бет. **Быраһмандар** – осының алдында «Быраһманидар» деп жазылған.

20. 36-бет. **Будда** – алғашқы есімі Сиддһарtha Гаутама. Буддһа – санскритте «кеудесі ашылған, есті» деген мағына береді.

Будданың тууы туралы мынадай мәлімет бар: «Он родился около 563 года, близ Гималаев, на границе Непала. В Лушбини, неподалеку от города Капилавасту, и доньше сохранился памятник с надписью: “Здесь родился Возышенный”. Это подтверждает древний текст, гласящий: “Вышел из Капилавасту великий кормчий мира, отпрыск царского рода, сын Шакеев, несущий свет”» (*Светлов Э. Шакийский отшельник. АУМ. Синтез мистических учений Запада и Востока. М., 1989. № 2. С. 233*).

21. 36-бет. **Харане Абад** – Л. Толстойда Харанеавад болып жазылған. Солтүстік Индиядағы өзен аты.

22. 36-бет. **Ананда** – Будданың ең сүйікті шәкірті, патшаның тұқымы. «Ананда» санскритте «ләззат» деген ұғымды білдіреді. Иса пайғамбар бұл дүниеден өткеннен кейін оның он екі шәкірті (апостол), христостың ілімін таратқаны тәрізді, Ананда да архаттық алып, яғни бұл фәни өмірдің қызығынан толық безіп, тақуалық жолмен өзінің ұстазының ілімін таратқан.

23. 37-бет. «...**Сонан кейін көзін мәңгілікке жауып, ақырын дүниеден көшіп жүріп кетті**», – бұл сөйлем Л. Толстойда жоқ. М. Әуезовтің өзі қосқан.

Д. Омаров

«АБАЙДЫҢ ӨНЕРІ ҺӘМ ҚЫЗМЕТІ»

Бұл Мұхтар Әуезовтің абайтану саласындағы тұңғыш өмірбаяндық-шығармашылық зерттеу еңбегі. Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 2-санының 1–3 беттерінде жарияланды. Жазушы шығармаларының 12, 20 томдық жинағына енгізілмеген. 1992 жылдан бастап Семей қаласында шыға бастаған «Абай» журналының 1995 жылғы бірігіп басылған 1-2-сандарының 138–140-беттерінде кирилл һарпіне көшіріліп жарияланды... Журналға дайындаған: филология ғылымдарының докторы, профессор Арап Еспенбетов. Жазушы шығармаларының елу томдық толық басылымына алғашқы нұсқасы бойынша ұсынылып отыр. Текстологиялық салыстырулар жасап, басылымға ұсынған ғалым Бейсенбай Байғалиев.

«Абай» журналы 1918 жылы Семей қаласында «Жанар» ұйымы мен «Уаққарыз серіктігінің» қаржысымен шыға бастады. Ол ақпан – қазан айларының арасында үзбей жарияланып тұрды да қаражаттың тапшылығынан жабылып қалды. «Абай» қазақтың тұңғыш ғылыми-көпшілік, әдеби, шаруашылық басылымы болып есептеледі. Шығарушылар – Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов. Жиыны 13 саны жарық көрген. Соңғы 13-саны таралмай қалған. Журналдың атын «Абай» қоюдағы мақсат: «журнал Абайдай болсыншы» дегендік қана емес, Абайды құрметтеп, атын тарихта қалдыру» («Абай». № 1., кіріспе мақала, жазған – Жүсіпбек Аймауытов). Журналдың негізгі бағыты – әдеби-ғылыми шығармаларды жариялап, өркениетті озық нысаналарды насихаттау. Оның ішінде, ғылымға ерекше көңіл бөлінді. Ол бөлімнің жұмысын Мұхтар Әуезов жүргізіп отырды. Ол «Абай» журналының беташар санына «Ғылым», «Будда» (Л. Толстойдан) атты мақалалар жазды. Жазушының осы басылымда жарияланған мақала, зерттеулерінің барлығы шығармаларының елу томдық толық басылымына енгізіліп отыр. Ал «Абайдың» 2-санында Мұхтар Әуезовтің үш мақаласы қатарынан жарық көрген. «Абайдың өнері һәм қызметі» – «Екеу», «Қазақ ішіндегі партия неден?» – «М. Ә», «Мәдениетке қай кәсіп жуық» – «Мұхтар» деген

атпен жарияланған. Осы уақытқа дейін ғылыми айналымға түскен зерттеулердің барлығында да «Екеудің» бірі – Жүсіпбек Аймауытов делініп келді. Сөйтіп, 1918–1928 жылдардың аралығында баспасөзде «Екеу» деген бұркеншік атпен жарияланған мақалалар мен сыни еңбектердің бәрі де М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың иелігіне телінді. «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ғылыми қызметкерлері «М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресін» (*«Ғылым» баспасы, 1997 жыл, көлемі 60 баспа табақ*) дайындау барысында және шығармаларының елу томдық толық жинағын әзірлеу үстінде жүргізген он жылдық зерттеулерінің нәтижесінде «Екеу» деген атпен жарық көрген мақалалардың барлығының авторы Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов емес екендігін анықтады. Мұхтар Әуезовтің «Өз жайымнан мағлұматын» (*«Әуезов үйі» ГМО-ның қолжазба қоры, 372-бума*), Тұрағұл Құнанбаевтың «Әкем Абай туралы» естеліктерін (*К. Мұхамедханов. Абайдың ақын шәкірттері. А.: Дәуір, 1993. 1-т. 202–222-бб*). Жүсіпбек Аймауытовтың «Алаш ісіне» байланысты тергеу ісінде берген жауабын (*ҚР ҰҚК-нің архиві, 06610-іс*) өзара салыстыра келіп, «Абайдың өнері хәм қызметі», «Адамдық негізі – әйел», «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаладағы «Екеу» – Тұрағұл Құнанбаев пен Мұхтар Әуезов, ал бұдан басқа 1925 жылға дейінгі мақалалар мен сыни еңбектердегі «Екеу» – Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов, 1927 жылы тамыздың 8–9 күні «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Көркем әдебиет туралы» мақаланы жазған «Екеу» – Абдолла Байтасов пен Даниал Ысқақов екендігіне көз жеткізді. Жүсіпбек Аймауытов 1929 жылы көкек айының 24 күні тергеушілерге берген жауабында:

«Екеу» деп қол қойылған көркем әдебиет туралы мақала жөнінде. Мен оны оқыдым. Мақаланың авторлары – Байтасов Абдолла мен Ысқақов Даниал... Мақаланы мен қолжазба күйінде оқып шыққан болатынмын, оны маған Шымкент қаласына Ташкенттегі жоғары оқу орындарының, не Рабфактың студенттерінің біреуі әкеп берді. Содан бұрын мен Ташкентке бардым, Байтасовпен де, Ысқақовпен де кездестім, олар маған: «Еңбекші қазақтағы» көркем әдебиет туралы мақала жарияланғанын, олардың да сол туралы мақала жазу ойларында барын айтты. Мақала дайын болғаннан кейін оны маған көрсетуін өтіндім, мүмкін кей жерлеріне өзгеріс кіргізуім мүмкін, – дедім. Сол уәдемізге байланысты мақала менің қолыма келіп тиді, аталған студенттен Шымкентке беріп жіберіпті. Бұл 1927 жылдың қысының алғашқы жартысы болатын, мен мақалаға аздаған түзету жасадым да, баспасөзге ұсынуға болады деп кері қайырып жібердім. Мақала газетте жарияланғаннан кейін мен Әуезовпен пікірлестім, ол

мақаланы толығымен қостады», – деп түсінік береді. (*ҚР ҰҚК-нің архиві, 06610іс. 3-том. 9-бет*).

Зады, «Абайдың өнері һәм қызметі» туралы мақаланың алғашқы нұсқасын Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев қағазға түсірген, ал Мұхтар Әуезов оны журналға лайықтап редакциялық өңдеуден өткізген сияқты. Тұрағұл Құнанбаевтың деректерінің негізінде Әлихан Бөкейханов Абай туралы арнайы азанама (некролог) жазғанын және Т. Құнанбаевтың өзінің де жазушылық қабілеті барлығын ескерсек оның «Екеудің» бірі екендігіне қосымша күмән тумаса керек. Мұны, «Адамдық негізі – әйел» атты мақаладағы ой ұшығынан да байқауға болады. Сондықтан да толық шығармалар жинағының елу томдық басылымына ұсынылып отырған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаланың авторларының бірі – Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев деген қорытындыға келеміз. Ал өзге пікірлерді талдап жату – түсініктеменің міндетіне жатпайды және басылым көлемі де көтермейді.

1. 38-бет: **Абай** – Абай (Ибрагим) Құнанбаев (1845–1904), қазақтың ұлы ақыны. Мұхтар Омарханұлы Әуезов Абайды алты жасында көріп, батасын алған. Атасы Әуез Абай өлеңдерін түгелге дерлік жаттаттырып, Абайдың алдынан сынақтан өткізген. Мұхтардың рухани ұстазы. Ол Абайдың өмірі мен ақындығы туралы зерттеу жұмыстарын осы мақаладан бастады. М. Әуезов Абайдың 1922–1961 жылдар арасындағы барлық жинақтарын құрастыруға және жариялауға тікелей басшылық етті. Абай жөнінде елуден астам зерттеу мақала және «Абай Құнанбаев» атты көлемді монография жазды «Абай жолы» эпопеясы – әлемдік көркем ойға қосылған айтулы үлес болып табылады. «Абай жолы» туралы толық түсінік шығармалар жинағының елу томдық басылымының кезекті кітабында беріледі.

2. 38-бет.

«Өткен өмір – қу соқпақ,
Қыдырады талайды.
Кім алдады, кім таппақ,
Салды, соны санайды...»

Бұл Абайдың:

Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса;
Күнді уақыт қызартып,
Көкжиектен асырса;
Күңгірт көңілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуакка,

Төмен карап мұндасар,
Ой жіберіп әр жаққа,–

деп басталатын өлеңінің орта тұсы. Мақалада келтірілген:

Кім алдады, кім таппақ,–

деген жолдағы «кім таппақ» деген сөз 1995 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында:

Кім алдады, кім топпақ,–

деп берілген. (*Абай. Шығ. екі томдық толық жинағы. 2 том. 100-бет*). Бұл өлең:

Ермен шықты ит кылып,
Бидай шыққан егінге.
Жай жүргенді уерд кылып,
Тыныш өлсеңші тегінде,–

деген жолмен аяқталады.

3. 39-бет. «**Ол тараулар мынау: «Мінез түзететіндік (ахлақ)»** – тәрбиелік мәні бар үгіт-насихат, ағартушылық бағыттағы өлеңдер; «тереңнен толғайтындық (пәлсафа)» – философиялық өлеңдер; «сыншылдық (критика)» – сыншыл реалистік көзқараспен жазылған өлеңдер; «суретшілдік (художественность)» – көркем ойлы, бейнелі өлеңдер; «жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика)» – сыршыл, лирикалық өлеңдер; «ащы тілдік, ызамен күлетіндік (сатира)» – сатиралық, мысқыл, әжуамен жазылған өлеңдер; «һам керемет переводшілік» – аудармашылық қызметі, шебер аудармашы, аударма өлеңдері – деген мағынаны білдіреді. Бұл арада Абайдың көркемдік әлемі мен шеберлік қырлары туралы баға беріліп отыр.

4. 39-бет.

«Мағлұмға жаның ашып, ішің күйсін,
Харакет қыл, пайдасы елге тисін.
Көптің қамын әуелден тәңірі ойлаған,
Мей сүйгенді сүйді деп иен сүйсін».

Бұл Абайдың:

Көк тұман – алдындағы келер заман,
Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.
Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,
Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған,–

деп басталатын өлеңінен алынған үзінді. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында:

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,–

деп берілген. Мағлұм мен «мазлұм» сөзінің мағынасы бір-біріне ұқсамайды. Мазлұм – зұлымдық, ал мағлұм – белгілі, өткен жайт, ауыспалы бейнелі мағынада «жаратылыс, ғалам, өзің білетін белгілі нәрсе, яғни, Алла» – дегенді ишара етеді.

5. 39-бет.

«Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.
Міні қайда екенін біле алмассың,
Терең ойдың телміріп соңына ермей».

Бұл Абайдың: Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, – деген өлеңінің үшінші шумағы. Мақаладағы «тіршілікте көңіл бөлмей» – деген сөз Абайдың шығармаларының екі томдық толық жинағында: «тіршілікке көңіл бөлмей» – деп басылған (*Сонда, 226-бет*).

6. 39-бет.

«Әркімді заман сүйремек.
Заманды қай жан билемек.
Заманға жаман күйлемек?
Замана оны илемек».

Бұл Абайдың: Тоты құс түсті көбелек, – атты өлеңінің үшінші шумағы. Екі нұсқаның да арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Тек «Абай» журналындағы үзіндіде «күйлемектен» кейін сұрау белгісі қойылған.

7. 40-бет. «**Ондай өлеңдерінде ахлақ жолынан алыстау кететін орындары болады**» – әдептен асып, анайылау суреттейтін тұстары бар деген мағынаны білдіреді. Бұл арада «Жігіт сөзінің» екінші жартысындағы жан ләззәті мен тән ләззәті суреттелетін тұсты мегзейді.

8. 40-бет. «**...ахлаққа – хлаф**» – ахлах – араб сөзі, тәртіп, әдеп, этика деген мағынада қолданылған. «Хлаф» – ахлақ сөзінен туындаған туынды сөз, ахлаққа қарсы мағынада қолданылады.

9. 41-бет. «**Мысалы, парақор болыс туралы кекеп айтқан бір сөзі мынау:**

Кісімсіп қайда барсаң олжаға тоқ,
Шұқыма халық көзінше қарғаша бок.
Жұрт – бала, еш нәрсесін тартып алма,
Білдіртпей ептеп алсаң – залалы жоқ.

...Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез.

Бұл өлең – қазақ болысына арналған туынды емес, М. Ю. Лермонтовтан аударған:

Кайтсе жеңіл болады жұрт билемек?
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек,–

деп басталатын өлеңнің жалғасы.

10. 41-бет. **«Қараңғы түнде тау қалғып»** – Немістің ұлы ақыны Гетенің (1749–1832). «Түнгі жолаушының әні» атты өлеңі. Оны М. Ю. Лермонтов (1814–1841) «Горные вершины спят во мгле ночной» – деген атпен аударған. Абай оны 1892–1893 жылдардың мөлшерінде қазақ тіліне тәржімалаған.

11. 41-бет. **«Тұтқындағы батыр»** – поляк халқының ұлы ақыны Адам Мицкевичтің (1798–1855) өлеңі. А. Мицкевичтің 1882 жылы орыс тілінде шыққан басылымы байынша Абай 1892–1893 жылдары қазақ тіліне аударған.

12. 41-бет. **«Қиял»** – «Қанжар», М. Ю. Лермонтовтың өлеңі. Абай оны 1896 жылы қазақ тіліне аударған.

13. 41-бет. **«Жолға шықтым бір жым-жырт»** – «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», М. Ю. Лермонтовтың өлеңі, Абай оны 1898 жылы аударды.

14. 41-бет. **«Теректің сыйы»** – М. Ю. Лермонтовтың осы аттас өлеңі, Абай оны да 1898 жылы аударған.

15. 41-бет. **«Онегиннің сипаты»** – орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің (1799–1837) «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романынан жасалған еркін аударма. Абай оны 1887–1889 жылдардың арасында аударған.

16. 41-бет. **«Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін»** – Абайдың 1895 жылы жазылған «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқамын» – деп аталатын өлеңінен үзінді.

17. 41-бет. **«Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін».**

Бұл Абайдың 1888 жылы жазған «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» – деген өлеңінің бірінші шумағының үшінші-төртінші тармағы.

18. 41-бет. **«Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар»** – жоғарыдағы шумақтың бесінші-алтыншы тармағы.

19. 42-бет. **«...hәм ақындар төмен, нашар жерлерден шығып,
аталы адамдар ақындықтан жиренгендіктен еді»** – қазақ ішіндегі

төре тұқымы ақындық, күйшілік қасиеттерін жасыратын болған. «Қара көктің тұқымының бір белгісі» – ұрпағынан, арғы ата-бабасынан бері өнер қонбау болып табылады. Мырзалар мен байларда: «Құдайға шүкір, жеті атамыздан бері тұқымымыздан ақын шықпапты» – деп, өзін-өзі мақтан тұту үрдісі де болған.

20. 42-бет. **«Абай қатарлы адам шығып, жаңа түр тапқанша осы буындағы әдебиеттің беті «Абай дәуірі» деп аталады»** – Мұхтар Әуезов өзінің бұл ғылыми тұжырымын өмір-бақи дәлелдеп, ғылыми бағыт ретінде қалыптастыруға ұмтылды. Абайдың ақындық мектебі туралы зерттеулері үшін 1949–1953 жылдары саяси қуғынға да ұшырады. Сонда да М. Әуезов ол пікірінен қайтқан жоқ.

21. 42-бет. **«Пушкин айтқандай: «Өзіне мәңгілік ескерткіш орнатып кетті»**. Бұл А. С. Пушкиннің: «Я памятник себе воздвиг нерукотворный» – деген өлеңінің алғашқы жолынан алынып отыр.

22. 42-бет. **«Қапалы»** – араб сөзі, қайғылы, қасіретті, мұңлы, торыққан, үміт үзген деген мағынаны білдіреді.

23. 43-бет. **«Марқұм атамыз, қазақ халқына халықтығын жоғалтпайтын өшпес белгі орнаттың!»** – осы жолдағы «марқұм атамыздың» деген сөз Тұрағұлдың «Әкем Абай туралы» деген естелігінде сөзбе-сөз, мағыналас тұрғыда қайталанатын. Бұл «Абайдың өнері һәм қызметі» туралы мақала жазған «Екеудің» біреуі Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев екенін анық танытады.

Т. Жұртбай

«ҚАЗАҚ ІШІНДЕГІ ПАРТИЯ НЕДЕН?»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 2-санында (3–5-бб.), одан кейін профессор Керімбек Сыздықовтың ұсынуымен «Жібек жолы» журналында (1991, № 3) жарияланды. Мақаланың соңына «М.Ә.» деп қол қойған. Жазушының шығармалар жинағының ешқайсысына енбеген, Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына алғашқы жарияланым негізінде ұсынылып отыр. Текстологиялық салыстыруларды жүргізгендер – Б. Байғалиев, С. Жұртбаев.

Патшалық отарлау саясаты қазақтың мемлекеттік негізін бүтіндей құртып жіберу үшін басқару жүйесінің жаңа құрылымын бекітті. Бір тұтас ұлт үш әкімшілікке бөлінді. Олар бір-біріне өзара тәуелсіз болды. Сондай-ақ аға сұлтандық лауазымды да жойды. Ал болыстық басқармалар әр рудан құралды. Бұл – қасакана жасалған арандату әрекеті еді. Болыс сайлау тұсында руаралық араздықты қоздырып, олардың ұлттық бірлігін ыдыратуды көздеген аяр саясат еді. Ал болыстың билігінің пәрмені барымта дауын шешуге ғана жүретін. Бұл құрылым қазақ ұлтын іштен ыдыратып, елдік рухты жойды.

Қазақ ұлтының негізгі күн көрісі – мал бағу ғана еді. Олардың үлкен өндіріске араласып, кәсіпшілікпен айналысуына шек қойылды. Кәсіпшілікке байланысты білім алуға тыйым салынды. Тейлор Бруктың (1685–1731) қисынына негізделген еңбекті ұйымдастыру және өндірісті басқару туралы жүйесі қазақ арасында қолданылған жоқ. М. Әуезов халықтық кәсібі мен жұрт билеу тәртібі туралы ой қозғағанда, негізінен, осындай саяси-әлеуметтік астары бар шындықтарды әшкерелеуді басты нысана етті.

Мақаладағы басты пікір Абайдың «Үшінші», «Он бірінші», «Жиырма екінші», «Отыз үшінші» сөздеріндегі қазақ арасындағы билік, араздық, партияшылдық туралы ойларын дамыту, түсіндіру мақсатында жазылған. Абай есімі аталмағанымен де, оның ойлары кей тұстарда сөзбе-сөз келтіріліп отырған.

Мардымсыз, кәсіпке пәрмені мен дәрмені жоқ билік, аяр саясат

пен «өмір ыңғайы қазаққа партияқорлықты мінез қылып, сіңірді». Ұлы Абайдың: «Болды да партия, ел іші бүлінді» – деген сыншыл көзқарасына жүгіне отырып, М. Әуезов қырдағы елдің «алтыбақан алауыз» болып, бітпейтін, өнбейтін, арзан биліктің соңына түскенін, елдікті, ұлттық тұтастықты ұмытқанын ашына талдайды.

Ол ұрлықты, жаланы, зорлықты көбейткен партияқұмарлықтан құтылудың үш түрлі тұжырымын ұсынады: бірі – өзі күшті, әділ, оқыған, істі тез бітіретін сот сайлау. Бұл Абайдың «Үшінші сөзіндегі» би сайлау туралы пікіріне негізделген. Екінші – уақ қарыз серіктері мен лапкелерді ашу, яғни қазақты кәсіпшілікке, саудаға, қолөнерге тарту. Үшінші – жұмысшының еңбегін бағалау, өндіріс орындарына жұмысқа орналасып, айлық жалақы арқылы «еңбегін сатып» (Абай) күн көру.

1. 44-бет. **«Мал бағуды кәсіп қылған ел не қажымайтын, қайратты ер, жігерлі, жауынгер келеді (бұрынғы Орта Азиядағы көшпелі жұрттар)»** – Бұл арада, мақала иесі сол тұста Еуропа ғалымдарының арасында бөлек алған: табиғатқа жақын ұлттар өміршең келеді. Еуропа жұрты азып-тозып, өзара соғыстан құрып бітеді. Түбі азиялықтар дүниеге қожалық етеді – деген Шпенглер іспетті әлеуметшіл-философтар қалыптастырған пікірге сүйеніп отыр. Екіншіден көшпелі өмір адамды ширақтыққа, төзімділікке, ауа райының каталдығына орай шынығып өсуге мәжбүр етті. Үшіншіден: бұратана жұрттар еш нәрсеге қабілетсіз. Өзін-өзі билей алмайды. Онда мемлекеттік бірлік, жауынгерлік рух, табиғи қабілет жоқ – деген нәсілдік кемсітуге қарсы айтылған уәж.

2, 3. 44-бет. **«билеу тәртібінде қысым, қаруы көп орыс қолына тиді... қақпан көбейді»** – Бұл арада 1868 жылы жарияланған қазақтар «Екінші низам» деп атап кеткен «Жаңа Ережені» мегзеп отыр. Онда қазақ жері – патшаның меншігі деп жарияланған. Аға сұлтан сайлау жүйесі жойылған. Азаматтық, заңдық билік патшалық әкімшіліктің қолына көшкен.

4. 45-бет. **«Егер сол кедейдің ешкімге жалынбай, өз қорегін өзі тауып отыратын характері болса, оның адамшылығы бағалырақ жолда болар еді»**. – Бұл Абайдың: «Орынды характер табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды характер өзі де уайым-қайғыны азайтады» (Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А.: Ғылым, 1977. 2-т. 34-б.), – деген пікірінен туған ой.

5. 45-бет. **«Бірінде мен де бір керегіне жарамас дейсің бе деп»**. – Бұл да Абайдың «Отыз үшінші сөзіндегі» – «үйтемін, бүйтемін, қарық қыламын, мен де керектінің бірі болып қалыппын» (Сонда, 185-б.), – деген пікірінен сабақталған ой.

6. 46-бет. «Азғана адалдығы бар кісі адалдығын ұстап отыра алмайды», – Бұл да Абайдың «Үшінші сөзінен» алынған.

7. 46-бет. «**Біреуге біреу жалынышты**». – Мұнда да Абайдың «Жиырма екінші сөзіндегі» – «Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалаштығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп. Ақымақтығынан, жоқ өзі жалынып беріп жүр», – (Сонда. 175-б.) деген пікірді өзінше пайымдап жеткізіп отыр.

*Т. Әкімов,
Т. Жұртбай*

«МӘДЕНИЕТКЕ ҚАЙ КӘСІП ЖУЫҚ?»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 12-санының 9-10-беттерінде жарияланды. Соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Содан қайтып жазушының шығармалары жинақтарында да, басқа басылымдарда да жарияланбады. Мақала алғашқы басылымы негізінде М. Әуезовтің шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына енгізіліп отыр. Жинаққа ұсынған – ғалым Б. Байғалиев.

М. Әуезов бұл мақаласында кәсіптің алуан-алуан салаларын айта отырып, тағы да отырықшылық мәселесіне назар аударады. Ерте дүниеден бері қарай адамзаттың ең көп айналысып келген төрт түрлі кәсібі бар: бірінші – аңшылық, екінші – мал бағу, үшінші – егіншілік, төртінші – балықшы. Ал қазақ мал бағумен айналысады, ендігі заманда ол кәсібі тіршілік етуге қолайлы ма? Бұл кәсіппен шұғылдана берсе қазақ өнерлі, білімді, мәдениетті елдердің қатарына қосыла ала ма? Міне, М. Әуезовті осындай ойлар толғандырады.

М. Әуезов өзінің алғашқы мақалаларында ғылыми ағартушылық бағытты негізгі мақсат ретінде ұстанып, сол тақырыпқа ерекше көңіл бөлді. Халықты қалайда жаңа өмірдің ағымына, мәдениетке, өркениетке бет бұрғызу қажет, – деп білді. Ғылым жетістіктерінің қазақ арасына әлі жеткілікті тарамай отырғанын ескеріп, түсінікті тілмен ғылыми мақалалар жазды және оны қыр елінің тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра отырып баяндады. Әрбір адамның өмірі, мінез-құлқы қоршаған табиғатқа тікелей байланысты. Сол табиғат қалыптастырған пішін мен мінезді, кәсіп түрлерін ғылымға сүйене әңгімелейді. Кәсіби бейімделудің негізінде қалыптасқан психологиялық факторларға тоқталады. Қай жол, қай кәсіп, қандай ұлттық мінез өркениетті мәдениетке жылдам жеткізеді – дей келіп, көшпелі жұртқа тән мал шаруашылығының жай-күйін талдайды. Мұндай кәсіппен шұғылданған халықтың психологиясына сіңген мінез бен әбден қалыптасып қалған шаруашылық түрінің ғасырлар бойы онша өзгеріске ұшырамауы тоқырауға әкелетінін,

ғылым-білімді тез арада түсініп, меңгере қоюының қиындығына көңіл аударады. Адам баласы тұтынып жүрген кәсіптердің ішіндегі ғылым жолына ең жақыны «түрден түр табатын ұзақ өмірлі кәсіп» – отырықшылық, егіншілік екенін түрлі түйін-ойлармен дәлелдейді. Сонымен қатар ғасырлар бойы өмір сүрудің бір амалы ретінде қалыптасқан малшылығын да мүлде жоққа шығармайды.

Мақала соңында М. Әуезов: еттен өтіп сүйекке сіңіп кеткен тұрмыс қалпын, мінез-құлқын, ой-санасын өзгертіп өсіру үшін қазақ жұрты көшпенді шаруашылықты ұстана отырып, отырықшылық кәсіп түрін де меңгеру керек, әйтпесе халықты дүр сілкіндірерлік үлкен қозғалыстар ғана өзгертуі мүмкін – дегендей тұжырымға келеді.

1. 48-бет. **«Үскірген қаһары қайтпайтын суықтың асыраған баласы мен ыстық үйектің»** – Бұл жерде автор ауа райы жылы келетін оңтүстікті орысша – «югты» «үйек» деп, қолданып отыр.

2. 49-бет. «Аңшылық өміріне (Ақылбай Құнанбаев сөзі) «Бейнет ішіп, күн көрген қатер киіп...» – Бұл сөз Абайдың үлкен баласы Ақылбай Құнанбаевтың (1861–1904) «Зұлыс» поэмасындағы:

Қалың тоғай, қара үңгір, қиын жартас,
Қаскүнем хайуанаттар тұрған сиып,
Дей тұғын Кватермэн бір мерген бар,
Бейнет ішіп, күн көрген қатер киіп, –

деген шумағынан алынған.

3. 49-бет. **«Бұл мінез осы күнгі шеркес, арнауыт»** – Кавказда тұратын ұсақ ұлттар, соның ішінде адыгейлер черкес деп аталады. Қарашай-Черкес автономиялы облысы бар. Арнауыт – қазір жойылып, өзге халықтарға сіңіп кеткен аз санды түркі текті ұлыс.

4. 49-бет. **«Шеркестің осы ірі мінездері орыстың Лермонтовының ақындық шерін тарқатқан мінез...»** – М. Ю. Лермонтов (1814–1841) – орыстың ұлы ақыны, ол өзінің өлеңдері мен «Біздің заманның адамдары» – атты романында Кавказды мекендеген тау халқының өмірін шығармаларына негізгі желі етіп алды. Соның ішінде шеркестер де сондай шынайы, әсерлі шабытпен бейнеленді.

5. 50-бет. **«Себебі бұлардың рухы күшті, дүниенің сырынан жүрегіне жиылған әсер көптеген Еуропа ғалымдарының сөзі бар»** – Басылымның осы томындағы «Қазақ ішіндегі партия неден?» – деп аталатын мақалаға берілген түсініктемедегі Шпенглер туралы пікірге назар салыңыз.

6. 51-бет. **«Бұларды – ихипала (ихиофаги) дейді»** – ихтиология –

балықтар әлемін зерттейтін ғылым саласы, бұл арада тек балықпен қоректенетін тайпа, ұлыс, адамдар деген мағынаны білдіреді. Жалпы ғылыми айналымда сирек қолданылатын ұғым.

*Т. Әкімов,
Т. Жұртбай*

«ФИЛОСОФИЯ ЖАЙЫНАН»

Мұхтар Әуезовтің бұл мақаласы алғаш рет «Абай» журналының 1918 жылғы № 3 санында, 3–6-беттерінде жарияланды. Одан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томының 11–16-беттерінде басылды. Жиырма томдықтағы басылымын ғалым Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев алғашқы басылыммен салыстырды. Толық шығармалар жинағының 50 томдық академиялық басылымына сол салыстырылып түзетілген нұсқасы жіберіліп отыр.

Мақала жазылған кезде Мұхтар Омарханұлы Әуезов семинарияның соңғы курсының студенті болатын. Жас жағынан алғанда философия ғылымына қоян-қолтық араласып кете алатын кемел шақта емес. Мұхтардың әлі оқығанынан оқымағаны, көргенінен көрмегені алда еді. Бірақ сонау алдағы шырғаланы мол жолдың басын өзгелер сияқты өлеңнен емес, әлемдегі алпауыт ой ғылымы философиядан бастаған. Ол мақаланың атын «Философия жайынан» деп қойып, осы пәннің сол кездегі қадір-қасиетіне біршама шолу берген. Әрине, философия туралы әлденені айту үшін, оны білу керек. Бұл жерде ананы-мынаны айтып құтылып кетуге болмайды. Себебі, XX ғасырдың басында әлемдік философия (Батыс Еуропалық аймақты негізге алып айтсақ) белгілі бір жүйеге түсіп, жоғары оқу орындарында пән ретінде жүре бастаған. Ол кезде философияны оқытудың, негізінен, екі тәсілі қатар жүріп отырғаны мәлім. Біріншісі, кезіндегі Кант, Гегель тағы басқа ғұламалар университеттерде дәріс бергенде авторлық курстар оқыған, яғни олар өздерінің философиялық жүйесін, ой қорытындыларын лекция ретінде пайдаланған. Әрине, мұндай тәсілмен дәріс беру әркімнің қолынан келе бермейді. Сондықтан көптеген философия пәнінің доценттері мен профессорлары келе-келе жүйеге түсе бастаған философия тарихи курсын оқи бастаған. Мұхтар Әуезовтің мына мақаласына қарағанда, ол философия тарихынан білікті маманнан дәріс алып, сол кезден философия пәні оқулығымен таныс болғаны белгілі болып тұр.

Мұхтар семинарияда оқып жүрген кезде дүниені кейін дүркіреткен

«маркстік-лениндік философия» әлі де өмірге келмеген. Ол кезде К. Маркс пен Ф. Энгельстің философиялық шығармалары әлемге тарап жатқан, бірақ ол философия оқулығына енетіндей дәрежеде емес-ті. Сол кездегі оқулықтарды қарастырғанымызда К. Маркс пен Ф. Энгельсті философия ретінде емес, оларды экономикалық материализм өкілдері деп бағалаған. Бұл шындыққа келетін пікір. К. Маркс, ең алдымен, экономист-ғалым, әрине, оның Гегельдің диалектикасын (тәсіл ретінде) қолданғанын жоққа шығара алмаймыз. Алайда Мұхтар Әуезовтің мақаласында Гегель деген философтың есімі аталмаған. Бұл да тегін емес. Демек, Мұхтарға дәріс берушілердің пікірі Гегель туралы дұрыс болмағанға ұқсайды.

Мұхтар Әуезов мақаласында дін мен философия байланысы және айырмашылықтары туралы терең пікірлер білдірген. Соны рет-ретімен баяндап берейін.

Біріншіден, Мұхтар «философияны дінмен бастас ғылым» – дейді. Бұл шындық. Әңгіме сол XX ғасырдың басында да, ғасырдың соңында (бүгінгі күнде де) да осылай қойылып отыр. Философия мен дін бір емшек емген (молочные сестры) апалы-сіңлілер деген ұғымды заманымыздың аса көрнекті ғұламасы А. Швейцер де айтқан. Философия материализм, атеизм атанып қаншама діннен іргесін аулақ салғысы келгенімен, мүлдем алшақтыққа кете алмауда. Осы жай туралы Мұхтар «екеуінің іздейтін мақсаты бір түрлі» – дейді. Дәл айтылған ой. Сірә, осы мәселеде Мұхтардың ұстаздары таза білім, ақиқат жолындағы адамдар болса керек. Олай дейтінім, жиырма жастағы жігіт басына сол кезде модаға айналған атеистік әдебиеттер әсері болуы да мүмкін еді ғой. Жоқ, Мұхтар бұл әлемдік мәселеде жеңілтектікке салынбаған. Философияның да, діннің де басты объектісі – адам. Екеуі де адам туралы ақиқатқа бастайтын жолдар.

Екіншіден, Мұхтар философия мен діннің ерекшеліктерін ашып берген. «Діннің мақсұдының аймағы философияның мақсұдының аймағынан кең» – дейді мақала авторы. Және де дін дегенде ол жалғыз бір діннің өзін ғана емес, оның жалпылық мәнін айтып отыр. Әрине, діннің мақсаты кең екенінде сөз жоқ. Философия болса, негізінен, ақылға сүйенеді, ол ғылым. Ал дін болса ақылға нұр беретін жүрек туралы, біліп болмайтын, ақылмен танып болмайтын тылсым дүние туралы айтады. Сондықтан да кейбір тарихи кезеңдерде философия дінге қызметші болып қалған тұстары да баршылық. Сенім мен таным проблемасы үнемі дін мен философия арақатынасы туралы сөзге бастайды. Қандай дін болмасын сенімге негізделген, ал философияның басты ұғымы – таным. Таным адамға тек сенім емес, күдік әкеледі. Ал дін мәселесінде күдік болмауы керек. Мұхтар Әуезов: «Дін жүректі

тәрбиелейді, мінезділікке үйретеді және ерік күшін тәрбиелейді», – дейді.

Мұхтар Әуезов философияның өмір үшін аса қажеттілігін дәлелдей келіп, оны «адамның ақылын тәрбиелейтін – ғылым» деген тұжырым жасайды. Әрине, философия ғылым болған соң, ол адамның ақылына тікелей қатысты, бірақ философия тек ғылым ғана емес, одан да биік нәрсе.

Олай дейтінім Абай: «Әрбір ғалым – хақим емес, әрбір хақим – ғалым», – дегені (*Абай Құнанбаев. Алматы, 1977. 2-том. 202-б.*) ойға оралады. Абайдың хақим дегенін бүгінгі мәнде философия немесе фалсафа деп қабылдауға болады. Осы схемаға салсақ философия бір жағынан ғылым, екінші жағынан ғылымнан биік. Сондықтан Мұхтардың: «Ол күнде философия бар ғылымның қазысы болып тұрды», – дегені шындық. Философия әлі де осы ғылымдардың қазылық қасиетінен айырылған жоқ. Осы мәнде, ол дінге қызмет етпей, керісінше діни сананы меңгеруде методологиялық қызмет атқарады.

Мақаланың тағы бір құнды тұсы, Мұхтар Әуезовтің философиялық білімдерге классификация беріп, оның құрылымына талдау жасағаны. Сол заманда философияға психология енген, ал логика, философия тарихы, гносеология қазірде философиялық білім салалары деп қабылдануда. Бұл мәселелер көпшілікке негізінен түсінікті, сондықтан біз Әуезовтің: «Екінші бөлікке (ал жалпы философияны: гносеология және метафизика деп екіге бөлген – *E. F.*) кіретін дүниедегі барлықты әр жағынан қарастырып айыратын ең кең, ең ауыр – ғылым – метафизика» – дегеніне тоқталамыз.

Метафизика деген ғылым да Аристотельден бастап келеді. Оның атақты «Метафизика» деген еңбегі бар. Жалпы, Аристотель философияны метафизика деп қабылдаған. Сөзбе-сөз метафизика деген гректің физикадан кейін деген түсінігі. Метафизика ғылым ретінде нені зерттейді деген сұраққа Аристотель нақты жауап берген, оның айтуынша, метафизика себептер мен дүниенің басталуы туралы ілім. Метафизика осы мәнде ортағасырға дейін жетті. Араб тіліндегі философтар, айталық әл-Фараби, т. б. Аристотель метафизикасын осылай түсіндірді. Өзінің табиғаты жағынан фалсафа – метафизикалық философия.

Философия білім саласы ретінде толысу барысында натурфилософия (табиғат философиясы) деген сатыдан кейін, әсіресе И. Кант заманында және одан беріде метафизиканы ескі философия ретінде материализмнің бір көрінісі сияқты қабылдау басталды, себебі дүниеге диалектика өз билігін құра бастады. Мұхтар бол-

са осы түсініктер шырмауында отыр, бірақ оның метафизиканы онтологиялық мәнде қарастырғаны өте құптарлық. Біз бүгінгі күндері метафизикаға сол Аристотель айтқан мәніне қайтадан оралудамыз. Байқап отырсақ, Абайдың дүниетанымы да метафизикалық сипатта. Хакім Абай гносеология мәселелерін жоққа шығармай отырып, болмыстық онтологиялық мазмұнына, оның себептеріне мұқият зер салған. Бұл философия да Аристотельдік дәстүр. Ойлаймын, біз философияны өткен жылдары сан-саққа жүгіртіп, ақыры Аристотельге, араб фалсафасына қайта оралып келдік пе деп. Бұл мәселеде, әрине, талас көп болуы да орынды. Ал Мұхтар Әуезов мақаласындағы ойлар Аристотельдің «Метафизикасына» орай құрылған.

Кезінде орын алған философия дағдарысы туралы Мұхтардың мына пікіріне назар аударайық: «Қай ғылым болмасын әр уақытта ескіріп қалып жаңартуды керек қылып отырады. Философия да сол жолмен барып Канттан біраз кейін әртүрлі жолдарға түсті. Мұның аяғы көп керіс, талас болып, ақырында осы кейінгі уақыттарда философия қайта айналып, сол Канттың пікіріне сүйенетін болды. Ақыры Канттан бергі философия көзге түсерлік жол тауып кете алған жоқ, әр ғылымның тапқанын қорығам деп, философия өзінің жеке ғылымдығынан айырылып бірбеткей бір-ақ ғылымның жетегіне ғана кетіп қала жаздаған уақыты болды».

Осы үзіндіде де Мұхтар Әуезов Декарт пен Бэконнан басталған жаңа заман философиясының ескіріп, жаңа пайымдаулар орныға бастағанда ауызға бірден ілігетін данышпан И. Кант екенін айтып отыр. И. Кант неміс классикалық ойлау мәдениетінің жолбасшысы. И. Кант Батыс Еуропалық рационализмды мойындай келіп, оның дәрменсіздігін де көре білді. Сөйтіп ол, «Таза ақылға сын» деген еңбегінде ақылдың мүмкіндігіне жан-жақты талдау берді. Мұндай түсінік Батыс Еуропа елдері үшін жаңалық болғанымен Шығыс философиясына таңсық болмайтын. Бірақ И. Канттың кемеңгерлігі сонда, ақылдың өлшеулі екенін ол теориялық негізде дәлелдеп берді. Ақылдың болмысты тануда шектеулілігін біз Абайдың «Отыз сегізінші» сөзінен кездестіреміз. («Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды». *Сонда, 189-бет*). Абай ұғымындағы Алла тағала баршама барлықтық (яғни, болмыстың) есімі. И. Канттың философиясы шығыстың ойлау менталитетіндегі зиялы қауымға түсінікті. Мұхтар Әуезовтің де мақаласында И. Кантты қайталап айта беруі тегін емес. Ал И. Канттан кейінгі неміс философы Гегель. Мұхтар ол жөнінде ешқандай пікір білдірмеген. Сірә, оның нақтылы себептері болғанға ұқсайды. Соның бір-екеуіне тоқталайық. Гегель философиясын Россия зиялы

қауымы құшақ жая қарсы алмады. Герцен Гегель диалектикасын «революция алгебрасы», – деп айтады. Революцияға қатысты философияны либералды зиялы қауымның жаратпайтыны айдан анық. Оның үстіне Гегельдің славян халықтары туралы пікірі мүлдем теріс болған. Осының бәрі Россияда Гегель философиясын қабылдауда салқынқандылық туғызды. Ал Гегельді қолпаштаған Белинский сияқты сыншылар болды. Осы дәстүрді кейінірек большевиктер партиясы, оның көсемі Ленин әрі қарай дуылдатып ала жөнелген. Ол өзінің «Марксизмнің үш негізгі және үш құрамдас бөлімі» деген еңбегінде Гегель философиясын маркстік ілімнің қалыптасуындағы теориялық көзі деп бағалаған. Біз содан бергі уақытта Гегельді дүниеде теңдесі жоқ философ ретінде қабылдап келдік. Ал, шындығында, Гегель философиясын кезінде Шеллинг сынға алған, Людвиг Фейербах болса одан әрі кеткен. Л. Фейербах «Гегельге көзқарасым» деген еңбегінде былай дейді: «Что представляет собой диалектика, если она идет вразрез с естественным возникновением и развитием? Какую цену имеет “объективность” психологии, вообще философии, если она отмежевана от единственно категорической, императивной, коренной и основополагающей объективности, объективности телесной природы, мало того, если она окончательно потеряла с ней всякую связь, замкнувшись в субъективную сферу, не ограниченную никаким “не-я” Фихте, “вещью-в-себе” Канта, и усматривает в этой субъективности абсолютную истину, завершение духа, конечную цель философии?» (Фейербах. *История философии*. М., 1974. Т. 3. С. 387).

Гегель философиясы қайтадан «ғылыми» дәрежеде баяғы софистикаға алып келген. Осыны не Шеллинг, не Фейербах қабыл алмаған. Фейербах өзінің Гегельге деген көзқарасын қысқаша былай білдірген: «Инстинкт привел меня к Гегелю, инстинкт освободил меня от Гегеля» (Сонда. 389-б.).

Мұхтар Әуезовтің мақаласында Канттан бергі уақыттағы философия дағдарысы нақтылы айтылған. XIX ғасырда философия жеке ғылым ба, жоқ әлде әрбір жаратылыстану ғылымының жетістігіне еріп кететін ғылым ба деген дау өте пәрменді болды. Позитивистер әрбір ғылымның өз философиясы бар деген негізге сүйеніп, философияны жеке ғылым ретінде мойындаудан бас тартты. Мұхтардың «философия өзінің жеке ғылымдығынан айырылып, бірбеткей бір-ақ ғылым жетегінде ғана кетіп қала жаздаған уақыты болды», – деуі осыдан.

Осы Мұхтар көтерген философия тағдыры туралы дау әлі де сол күйінде. Әрине, жиырмасыншы жылдардан бастап Россияда

маркстік философия негіздері құрастырыла бастады, сөйтіп, өмірге диалектикалық және тарихи матеидиализм деген философия келді. Бұл кезден бастап философия табиғаттың, қоғамның және ойлаудың неғұрлым жалпы заңдылықтарын зерттейтін білім саласына айналды. XIX ғасырда бой керсеткен позитивтік философиялық бағыттарды бір сөзбен буржуазияшыл, реакцияшыл иррационализм деп атадық. Бүгінде тарихтан диалектикалық және тарихи материализм кеткенде, сол Мұхтар көтерген философиядағы дау қаз-қалпында өз шешімін күтіп тұр.

Позитивтік философиялық бағыттардан бүгінде біз бас тартпаймыз. Тіптен иррационализм деп аталатын Ницше философиясын да жоққа шығармаймыз. Философияны тек бір ұғым арқылы түсінуге әсте болмайды, оның типтері бар. Мысалы, қазір сыналып жүрген диалектикалық материализм де философияның бір типі. Ондай философия өмірде болды, оны біз қалайша жоққа шығарамыз. Кейінгі кезде, біз атакты Иассауиге қатысты суфизм (сопылық) философиясы туралы айтып жүрміз. Шынында да, сонау X ғасырдан басталған суфизм де арнайы зерттеуді, әрі оны мойындауды қажет етеді. Суфизм туралы көп еңбектенген Идрис Шах суфизмді трансценденталдық философия деп атаған, келісуге болатын пікір. Немесе араб-парсы философиясының ерекшелігі туралы айтқанда біз фалсафа туралы айтамыз. Қазір кейбіреулер философияны қазақшалап фалсафа деп жазуды ұсынуда. Бұл білместіктен туған ниет. Философия дегеніміз – Батыс Еуропалық үлгідегі ойлау жүйесі, ол фалсафа болса, ол: «Фальсафа не стала простым переводом на арабский язык античной философий, она – новый и во многих отношениях более высокий этап развития человеческой мысли» (*Игнатенко А. А. В поисках счастья. М.: Мысль, 1989. С. 244*).

Философия мен фалсафаның тегі бір сөз. Екеуі де бастауды Сократ, Платон, Аристотельдерден алған. Мәселе, екеуінің әрмен қарай таралуларында. Бұл жерде басты қызмет атқарған діни дүниетанымдар. Батыс Еуропа мәдениеті және ойлау жүйесі христиандық қағида, түсініктерге құрылған. Біз бұл жағдайды философия өрбуіндегі кемшілік деп ешқашан да айтпаймыз. Біз мәселені айқындау үшін осылай деп отырмыз. Мысалы, аса көрнекті неміс философы Гегель өзінің абсолюттік жүйесін таза христиандық негізде құрған. Сондықтан Батыс Еуропада өңделіп, құлпырып, өсіп-өнген философияны біз өзінің нақтылы орнында қолдануымыз керек. Әрине, қазіргі күні өнерде, ғылымда, білім беру саласында еуропалық дәстүр доминанттық рөлде болғандықтан, біз философияны оқып үйрену ісін өркениеттіктің басты белгісі деп түсінеміз. Онымыз өте дұрыс. Олай

болмағанда біз аса бай мәдениеттен ада болмақпыз. Мұхтардың да білу керек деп отырғаны осы Батыс Еуропа философиясы. Еуропалық мәдениетсіз біздің әлемдік өркениеттен тыс қаларымыз хақ.

Ал фалсафа дегенге келетін болсақ, жоғарыда айтылғандай, ол да адамзат баласының ойлау мәдениетіндегі жеткен биік бір жемісі. Фалсафаның аса көрнекті өкілдері әл-Кинди, ибн-Рушд, ибн-Сина, әл-Фараби т. б.

Фалсафа көне грек философтарының, әсіресе Аристотель философиясының араб-парсы, жалпы ислам мәдениетіндегі көрінісі.

Яғни, фалсафа ислам дүниетанымы ауқымында өрістегендіктен, оның Батыс Еуропалық философиядан басты ерекшелігі діни партикуляризмге байланысты екенін мойындаған жөн. Сондықтан да фалсафаның тілі, әсіресе гносеологиялық мәселелері тым нәзік. Фалсафада жаратушы – Алла тағала есімі жоққа шығарылмайды, жалпы фалсафада материалист және идеалист деген қарама-қарсылық жоқ. Фалсафа, бір жағынан, Аристотель ілімдерін тарату, түсіндіру (әл-Фарабидің екінші ұстаз атанғаны сондықтан) болса, екінші жағынан, оны ғылым ретінде дамыту. Бұл айтқандарға қоса айтар маңызды сөз, ол фалсафаның қазіргі Батыс Еуропалық философиясының қалыптасуындағы теориялық бастаудың бірі болғандығы. Оған мынадай дәлелдер бар. Еуропа тұңғыш рет Аристотель еңбектерін ибн-Рушд (Аверроэс) арқылы тани бастады. 1217–1256 жылдары Михаил Скот және Герман Немец дегендер ибн-Рушдтың Аристотельдің «Жан туралы», «Метафизика» деген еңбектеріне жасаған үлкен комментарийлерін аударды. Сол сияқты олар ибн-Рушдтың «Шешендік», «Поэтика», «Пайда болу және жетілу», «Никомаховтың этикасы» сияқты Аристотель еңбектеріне жасалған жеңіл түсініктемелерді де аударған.

Осындай істер нәтижесінде Еуропада «латындық аверроизм» деген бағыт қалыптасқан, оның негізін салған Сигер Брабантский (1282 ж. дүниеден қайтқан), ол жалған дүние, бақи ғұмыр, сенім мен таным мәселелерін қарастырған. Әрине, әсіресе сенім мен таным мәселесі христиандық іліммен сәйкес келмегендіктен, шіркеу билеушілері «латындық аверроизмге» XVII ғасырға дейін қырын қарап, оның жақтастарын қуғындап отырған.

Фалсафа идеясы Батыс Еуропадағы қайта өрлеуге (Ренессансқа) игі әсерін тигізді. Оған бір мысал Ф. Бэкон (1561–1626) өзінің «Жаңа Атлантида» деген утопистік шығармасында, бақытты өмір сүріп жатқан аралдың атын арабша Бенсалем, ал королін – Алтабин деп атаған. Фалсафаның Еуропадағы философияның бастауы болғанын ғалымдардың мойындағаны анық. Соның бірі ретінде көрнекті

арабтанушы А. А. Игнатенконың мына пікірін келтіруге болады: «Средневековые арабо-исламские философы (фалсафа деп түсінізіз – Е. F.) внесли свой творческий вклад в развитие человеческой мысли, передали эстафету дальше новым поколениям, новым философским направлениям и школам» (*Игнатенко А. А. В поисках счастья. М.: Мысль, 1989. С. 245.*)

Мұхтар философия дегеніміз, ой тәрбиесі дегенді мақаланың негізгі идеясы еткен. Сондықтан ол «философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ» – дейді. Расы сол, мақаланы жазудағы мақсат қазақ жұртшылығына ой тәрбиелейтін білім саласы философияны насихаттау. Бұл істі Мұхтар тамаша орындап шыққан, оған дәлел оның айтқан ой-пікірлері бүгінгі күні де әлі өз мағынасын жойған жоқ. Тіптен бүгін жүріп-жүріп келіп, осы Мұхтар көтерген философиялық мәселелерге жаңа заман тұрғысынан қайтадан зер салу қажеттілігі де күн тәртібінде тұрғанын мойындаған жөн.

1. 52-бет. «...**Философия жайынан**» – Мақаланың мазмұны сол кездегі барша жұртқа түсінікті болды деуге келмейді. Демек, бұл еңбек зиялы қауымға арналған. Сонымен бірге мақаланы тек «ағартушылық» сарында жазылған деуге де болмайды. Шағын еңбекте М. Әуезовтің өз түсінігі, өз көзқарасы берілген. Мақаланы мұқият оқыған әрбір адам М. Әуезовтің Батыс Еуропа философиясын біршама меңгергенін бірден аңғарады. Ол, әдетте, жазушылар мән бере бермейтін ғылымдар жүйесіне (классификациясына) ден қойған. Бұл ғалымның табысы. Мақалада айтылған ой-пікірлердің дені бүгінгі күнге дейін актуалдылығын, құндылығын жойған жоқ.

2. 52-бет. «...**адам баласының тіршілігіне нық байланысқан ғылымдар**» – бұл қазір техникалық және жаратылыстану деп аталып жүрген ғылым саласы. Және де олардың тікелей өмір сүруге қызмет атқаратын қасиеттеріне қатысты пікір қозғаған.

3. 52-бет. «...**адамның жанын тәрбиелейтін ғылым**» – бұл бұларды гуманитарлық ғылымдар дейміз, оның ішінде, психология (жан туралы), тәрбие ғылымы, әдебиет, өнер, т. б. бар.

4. 52-бет. «**Философияның басы таңдану**» – Бұл Аристотельдің «Метафизика» деген еңбегінен алынған. Салыстырыңыз. «...и теперь и прежде удивление побуждает людей философствовать, причем вначале они удивлялись тому, что непосредственно вызывало недоумение, а затем, мало-помалу продвигаясь таким образом далее, они задавались вопросами о более значительном, например о смене положения Луны, Солнца и звезд, а также о происхождении Вселенной» (*Аристотель. Соч. в 4-х томах. М., 1976. Т. 1. С. 69.*)

5. 52-бет. **Аристотель** (384–322. б. э. д.) – көне грек ойшылы, оның ілімі Шығысқа да, Батысқа да кең тараған. Діни философия өкілдері оны өз еркінше пайдаланып алып, Аристотель ілімін сан-саққа жүгірткен. Христиан әлемінде Аристотельге сүйеніп Фома Ливинский (12–25–74) жаңа діни философиялық бағытты, мұсылман ойшылдары Фараби (870–950), ибн Рушд (1126 – 98) аристотеллизмнің өзге түрі – фалсафаны дамытқан. Абай Аристотельді хакім деген. Хакімдік дегеніміз – метафизикалық философия. Абайдың философиялық пайымдауларының негізінде Аристотельдің «Метафизика» еңбегінде айтылған ойлар жатыр, олар дүниенің (жаратылыстың) басталуы және себептері туралы ілімнің негізін қалыптастырды. М. Әуезов те Аристотельге осы тұрғыдан келген.

6. 53-бет. **«Бұл терең ойдың адам баласына жолдасшылық істей бастағанына үш мың жылдай болды»** – М. Әуезов философиялық ойдың тарихын үш мың жылға созғанда, әңгімені Платон мен Аристотельден де арғы кезеңнен бастап қозғап отыр. Ол бұл арада көне үнді философиясын, көне қытай философиясын, бертінгі кезеңдегі парсы философиясындағы Заратауштраны меңзеп отыр. Бұл шындыққа сыйымды. Демек, философиялық ой – «әлемдік» деп аталып жүрген діндерден, нақты айтсақ оның пайғамбарларынан көп бұрын қалыптаса бастаған. Тіптен философиялық ой-толғаныстардан барып жаратушы идеясы айқындала бастаған.

7. 54-бет. **«Философия шыннан шынды туғызып һаман ізденетін...»** – әмманда ізденетін деген мағынада қолданылып отыр.

8. 55-бет. **«...ақыл ауданын кеңейту (познание)»** – Познание – таным деген сөз немесе ақылдың мүмкіндігі.

9. 55-бет. **«...дүниедегі шын барлықты білу (бытие)»** – Шын барлықты, яғни бытиені біз бүгінде «болмыс» – деп түсіндіріп жүрміз. Болмыс, таным сияқты философияның ең басты ұғымдары.

10. 55-бет. **Логика** – философияның бір саласы, қазақшасы «қисын».

11. 55-бет. **Гносеология** – таным туралы ілім.

12. 55-бет. **Метафизика** – туралы, негізінен, екі түсінік бар. Алғашқысы метафизиканы Аристотельдік тұрғыда баяндау. Ұлы ойшыл философияны метафизика деп түсіндірген. Ол метафизиканы себептер мен болмыстың басталуы туралы ілім деген. М. Әуезов метафизиканы осы мәнде түсіндірген. Мұнысы ғылыми танымға жақын. Метафизика туралы екінші пікір – марксистік-лениндік философиялық көзқарас. Онда метафизика тұрпайы ілім ретінде көрсетілген, тіптен оны, көбінесе диалектикаға қарама-қарсы тәсіл дейді де, метафизикалық философияны жоққа шығарады. Бұл

пікірді қуаттаушылар аз, себебі метафизика туралы мұндай көзқарас ғылымның емес идеологияның күшімен қалыптасқан. Аристотель заманында философияны «метафизика» деп атаған.

13. 55-бет. **Онтология** – болмыс туралы ілім.

14. 55-бет. **«Рациональная теология»** – Теология гректің theos – Құдай, eodos – ілім деген сөзінен шыққан, демек ол Құдай туралы ілім. Бұл барлық саяси, философиялық, ғылыми сөздіктерде бар, көпшілікке түсінікті ұғым. Мәселе теологияның алдында тұрған «рациональная» деген ұғымда. Әдетте, Құдай туралы ілімдер мистикалық сипатта болады. Бұл жерде М. Әуезов теологияның мистикадан арылған, ақыл-дәлелдерге құрылған қалпын келтірген.

15. 55-бет. **«Рациональная космология»** – Космология гректің kosmos – әлем, eodos – сөзінен құралған жиынтық ұғым. Мұнда да, әлемді ақыл мүмкіндігімен тану мақсатына орай оған «рациональная» деген тіркесті қосқан, яғни мұнда да космология ілімінің мистикалық табиғатын жоққа шығарушылық бар.

16. 55-бет. **«Рациональная психология»** – Психология – әуел баста жан туралы ғылыми ілім болып қалыптасқан. Сондықтан оның мистикалық (сезімдік) табиғаты молырақ болуы түсінікті. Бірақ тек ақылмен зерттейтін ғылым болғандықтан да, оны «рациональная психология» деп атаған.

17. 55-бет. **«Жеті данышпан»**. – Көне грек заманында өмір сүрген жеті ойшыл. Бірақ бұл «жетіге» кімдер енеді деген мәселе – даулы мәселе. Диоген Лаэртский «Атақты философтардың өмірлері, ілімдері, нақыл сөздері туралы» кітабында «жеті данышпанға» енетін мынадай төрт адам талассыз дейді, олар: Фалес, Биант, Питтак, Солон, қалған үшеуінің арасына Диоген біздің сақ бабамыз Анахарсисти де қосып жіберген. Әйгілі Плутархтың «Жеті ғұлама сауығы» деген еңбегі бар. Ондағы аты аталған жеті данышпан мыналар: – Фалес, Солон, Периандр, Питтак, Биант, Хилон, Клеобул. Сауыққа осылармен бірге Анахарсис те қатысқан.

18. 55-бет. **Фалес** – «Жеті данышпанның» бірі. Сақ Анахарсистиң досы. Милет қаласында (624–547 б. э. д.) өмір сүрген. Біз Фалесті аты тарихта белгілі болған көне дүние данышпаны деп білеміз. Фалес терең білімді болған кісі, ол математик, астроном, инженер (бүгінгі түсініктегі) болған, «милет мектебі» деп тарихта аты қалған философиялық мектепті ұйымдастырған. Фалес дүниенің негізі су деген қорытындыға келген. Ғылым үшін Фалестің маңызы – оның дүниенің негізі су дегенінде емес, бүкіл әлемнің бір тұтастығы неде деп қойған сұрағында.

19. 55-бет. **Декарт Рене** (1596–1650) – француз философы, мате-

матик, физик, физиолог. Оның басты шығармалары: «Метод туралы пайымдаулар» (1637), «Философияның бастауы» (1644). Қалыптасқан түсінік бойынша жаңа заман философиясы Декарттан басталады. Әрине, бұл Батыс еуропалық мәдениетке қатысты өлшем.

20. 55-бет. **Бэкон** – Философия тарихында екі Бэкон бар. М. Әуезовтің айтып отырғаны екіншісі, яғни ағылшын философы Фрэнсис Бэкон (1561–1626). Негізгі шығармасы «Жаңа органон» (1620). Бұл біріншіден Аристотельдің «органонына» еліктеуден туған, екіншіден, өзінің көне грек ойшылымен келіспеушілігін білдіру мақсатымен жазылған. Ол да жаңа заман ойшылы деп саналады.

21. 56-бет. **Кант Иммануил** (1724–1804) – неміс философы, ғажап терең білімді адам. Ол Батыс еуропалық ойлау жүйесіне төңкеріс жасаған ойшыл. Бірақ оның айтқан көптеген ойлары Шығыста әуелден белгілі болатын. Канттың ерлігі сонда, ол ақылдың мәні, мүмкіндігі туралы философиялық жүйе жасады. Бұл тың тақырып болатын. Рационализм (ақыл философиясы) дәуірлеп тұрғанда, ол ақылға сын айтқан.

22. 56-бет. «...**философия қайта айналып, сол Канттың пікіріне бір нығын сүйейтін болды**» – Бұл жерде Мұхтар «Назар Канту» деген толқуды айтып отыр. Философия тарихында ондай құбылыс болған.

*Ф. Есім,
философия ғылымының
докторы*

«ЯПОНИЯ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы № 4 (10–11-бб.), № 5 (14–16-бб.) сандарында жарияланды. Мақала жазушының он екі томдық (1967–1969) және жиырма томдық (1979–1985) шығармалар жинағына енгізілген жоқ. Мақаланың кирилл һарпіне көшірілген нұсқасы «Мәдениет және тұрмыс» журналының 1988 жылғы № 8-санында басылды. Ұсынған филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзахметов М. Мақала М. Әуезовтің шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына текстологиялық салыстырудан өткен алғашқы нұсқасы бойынша беріліп отыр. Салыстырғандар – Б. Байғалиев, С. Жұртбаев.

1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін патшалық самодержавиенің бодандығындағы әрбір ұлт өзіндік даму бағытын анықтап алуға ұмтылды. Бұл мәселе қазақ ұлтының алдына да қойылды. Дамудың қандай жолын таңдау керек? Міне, осы сауалға М. Әуезов те өзінше жауап іздеді. Бұл ретте ол үлгі есебінде Жапонияны мысалға алады. Көп замандар ескі жол, көне тәртіптің шырмауында қалып, дамымай қалған жапон халқы ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық төңкерістен кейін мүлдем жаңа арнаға түсті. Ұлттың болашақтағы даму бағытын ғылым мен мәдениеттің өркендетті жетістіктеріне сүйене отырып, өте ыждаһаттылықпен белгілеуінің нәтижесінде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында Еуропа мен Американың өзін таңғалдырғандай табыстарға қол жеткізді. Сөйтіп, олар экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздіктерін сақтап, дамыған мемлекеттердің қатарынан орын алды.

Ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған алаш азаматтарын келешектегі қазақ мемлекетінің дербес даму жолы қатты толғанды. Бұл туралы пікірлер сол кездегі қазақ баспасөздерінде үзбей жарияланып тұрды. Мысалы, аса көрнекті ақын, ірі ойшыл Сұлтанмахмұт Торайғыров та (1893–1920) бұл қозғалыстан шет қалған жоқ. Өркениеттен қаншама қол үзіп қалса да, ол шындап кіріссе өз халқының таяу арада үлкен табыстарға қол жеткізетініне сенді. Себебі: «Оған иек

артудың жаңа жол-жөнін іздеп әуреленіп жатпайды – салынып қалған соқпақ бар. Жапония сияқты елдердің үлгі боларлық мысалы бар. Жаңа бетбұрысқа дейін олардың өмірінде қазақтан артып тұрған еш нәрсесі жоқ болатын, қайта олардың даймиёстен – даймиёска, сёгуннан – сёгунға ауысып, көшіп отыратын жолсыздықтары қазаққа кездеспейді, ондай нәтижеге қазақ тез көтеріледі», – деп қарады Сұлтанмахмұт (*Сұлтанмахмұт Торайғыров. Екі томдық шығармалар жинағы. А.: Ғылым. 1993. 2-т. 158–162-бб.*)

Міне, осындай пікір қорытқан С. Торайғыровтың «Социализм» деп аталатын философиялық еңбегі мен М. Әуезовтің «Жапония» атты мақаласы бір мезгілде жазылып, жарыса жарияланды. Екі мақалаға айтар пікір де, қорытар тұжырым да біреу. Ол – өркениетті елден үлгі алса деген арманды тілек. Ойларының ұштасып жату себебі: С. Торайғыров пен М. Әуезов сол кезде Семей қаласында бір үйде қатар пәтер жалдап тұрған болатын. Сондықтан да олардың қатарласа қолға қалам алуы және ойларының бір жерден тоғысуы заңды еді.

Екі жазушының ынтасын бірдей аударып отырған Жапонияның бұрынғы хал-күйі, тарихи жағдайлары қандай еді? Арыға бармай-ақ Орта ғасырдан бергі кезеңдегі Жапонияның тарихына шолу жасасақ, онда да біраз жайға көз жеткіземіз. XIII ғасырдың екінші жартысында (1261) Құбылай хан Қытай мен Кореяны жаулап алғаннан кейін, Жапонияны да өзіне қаратудың жолдарын қарастыра бастайды. 1274 жылы 115 мың жасақ тиелген кеме Жапонияның жағалауына бет алды. Кескілескен шайқаста Құбылай әскері үстемдік танытады. Бірақ кенеттен күшті дауыл (тайфун) соғып, Құбылай ханның әскері кері қайтады.

Енді Құбылай мәмілегерлік жолмен ықпал етуге тырысады. Алайда жапондар елшілерді өлтіріп, Құбылай ханның бірде-бір ұсынысын қабылдамай тастайды. 1281 жылы Құбылай хан екінші рет үш жарым мың кемемен тағы да Жапонияға қарсы жорыққа атанады. Жолай соққан тайфун кезінде әскерінің жартысынан астамы суға кетіп, кері қайтуға мәжбүр болады. Бұл дауыл жапон жылнамаларында «ками-анадзе», яғни «Құдайдың құтқарушы дауылы» – деп атанып кетеді.

Бұдан кейін елде үш ғасыр бойында айта қаларлықтай сілкіністі оқиғалар бола қоймайды. Ел ішінің өз ырың-жырыңынан басқа жартылай ұйқылы-ою күйде тіршілік кешеді. XVI ғасырдың екінші жартысында ғана ел өміріне өзгерістер ене бастайды. 1552 жылы Португалияның кемесі Жапонияның оңтүстігіндегі Нагасаки қаласына тоқтайды. Осыдан кейін-ақ басқа да елдердің сауда-саттық кемелері аралдағы елге жиі қатынай бастайды. Сау-

дагерлермен бірге дүниенің христиан дінінің миссионерлері де келеді, сөйтіп, жапондықтардың арасында христиан діні тамыр жады. Олар күш көрсетіп, қорқытып: егер де жапондықтар христиан дінін қабылдасамса, онда бүкіл бір флот келіп, тас-талқандарынды шығарады – деп қоқан-лоққы жасайды. Бұл жапондықтардың ашу-ызасын тудырып, қарсы көтеріліске шығады. Христиан дінін қабылдағандарды да қырып салады. Бұған император Хидаёси Тоётоми (1536–1598) басшылық етеді, бұл қозғалысты Иэяси Токугава (1542–1616) одан әрі жалғастырады.

Ғалымдардан Жапонияға алғаш қадам басқан адам (1600 жыл) ағылшын Вильям Адамс еді. Талай ғасыр томаға тұйық жатқан елдің есігі енді ашыла бастағанда, тағы да миссионерлердің кесірінен қарым-қатынас үзіліп қалады. Алайда ішінара сенімге ие болған ғалымдардың жазбалары арқылы Жапония туралы мағлұматтар шетелдерде мәлім бола бастайды. Солардың бірі – голландықтармен ілесіп келген неміс дәрігері Энгельберт Кемпфер (XVII ғ.). Ол «Жапония тарихы», «Нагасакиден Эдоға дейін» атты еңбек жазып, еуропалықтарға бейтаныс көптеген жаңа деректерді ұсынды. Бұған Голландияның «Ост-Индия» компаниясы септестік етті. Ал Кюсю мен Хонсюді аралаған швед ғалымы С. П. Гунберг өзі болған жерлерінің картасын (1776) сызады. Ол бірнеше жыл Осакада тұрды. Сондай-ақ Исаак Титсинг (1779– 1883) өзінің жазбаларында Жапонияның табиғатын, этнографиялық салт-дәстүрін кеңінен суреттеді. Тыйым салынған нәрселерді алып кетпек болғаны үшін неміс натуралисі Зибольдт елден қуылды. Оның жазғандары Еуропада бірнеше рет қайталап басылып шықты.

Англия, Франция, Испания, Голландия сияқты елдер Жапонияны өз ықпалында ұстағысы келді. Жапония мен Қытайдың арасындағы сауда-саттық жөніндегі қарым-қатынасты пайдаланып, Жапонияны боданға айналдыруға тырысты. Ақыры Америка мен Еуропаның ірі-ірі мемлекеттері еріксіз дегендеріне көндірді. Бұл жапон отаншылдарын қатты толғандырды. Олар: тәуелсіздіктің мұндай басыбайлы күйінен құтылу үшін еуропалықтардың өз қаруын өзіне қарсы қоюға, яғни ғылыми-мәдени жетістігін игеріп, сол арқылы күресуге бел бұды. Мұны жүзеге асыру үшін екі жүз алпыс бес жыл билеген Сегундардың билігін құлатты. Токугавадан басталатын бұл билік елдің қытайдан басқа жұрттармен араласуын қатты тежеп тастап еді. 1868 жылғы «Жаңа билік» елдің басқа елдермен қарым-қатынас жасауына, ғылымды, өнерді дамытуына жол ашты. 1894 жылғы Қытаймен арадағы соғыс елдің бірлігін нығайтып, намысын оятты. Ғылым, өнер іздеген жастардың өзге елдерге баруына, сондай-ақ

үйретеміз, оқытамыз – дейтін ғалымдардың Жапонияға келуіне мүмкіндік жасалды. Мұның өзі аз жылдың ішінде-ақ игі нәтижесін берді. М. Әуезовтің Жапониядан үйренсе, жапондықтардан үлгі алса – деген ойлары осыларды оқып-білуден, толғанудан туды.

М. Әуезовтің тұжырымдауынша, қазақтың жапондардан үлгі аларлық нәрселері көп: олар қандай қиын, ауыр күндердің өзінде де өзінің даму жолын таңдап ала білді. Еуропа елдерінің басқан ізін қайталаған жоқ, соның ішінен, өздеріне қолайлысын ғана алды. «Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ өзіміздің де жақсымыз ұмыт қалмасын», – деген мақсатты басты рухани нысана етіп алды. Жапонияның бақталайын анықтап берген «Жаңалық дәуірі» басталған жылдары олар да ғалымдар мен өнер қайраткерлеріне өте мұқтаж еді. Ғылым мен мәдениетсіз елдің даму қарқыны бір адым да ілгері жылжымайтыны белгілі болатын. Сондықтан да ең алдымен осы тығырықтан шығудың жолдарын қарастырды. «Жаңа бағыттың» нәтижесінде ел басына да ғылым мен білімнің тілін білген адамдар келді. Олар Жапонияның ғылыми-мәдени дәрежесінің өркендеуіне барынша күш жұмсады; «Сыртымыз басқа жұрттармен тату, сыпайы болсын, іштен өнер-білім аса бағалы болып еркін өссін» – деген мақсатты ұстанды.

Мемлекет қайраткерлері жапондықтар ғылымның қандай саласын үйренбесін, олар елге қандай жаңалық, мінез-салттарды енгізбесін – оның бірде-біреуінің жапон ұлтына зиян келтірмеуін қадағалады, әсіресе жеткіншек ұрпақтың жүрегіне теріс мінездердің сіңіп кетпеуі жағын қатаң бақылауға алды. Өмірдің барлық салаларына да қатысты жапондықтар бұлжытпай орындауға тиісті дәстүрлі ережелер қалыптасты. Оларды дамудың биік сатысына көтерген ең ұлы күш – ұлттық мақсат бірлігі. М. Әуезов соны қазақ еліне үлгі тұтты.

1. 58-бет. «**Бұл күнде қай халық болсын тәртіпсіз...**» – бұл жерде: заңсыз ілгері дами алмайды – деген мағынада айтылып отыр.

2. 58-бет. «**...елеусіз қалыптан асып**» – отаршылдық езгіден, кемсітуден, ескерусіздіктен құтыла алмайды – деген мағынада.

3. 58-бет. «**...Жапонияның надандығын пайдаланғысы келген қомағайлығы болды**» – Жапония жағалауына 1342 жылы Португалияның, 1581 жылы Испанияның кемелері келді. Одан кейін еуропалықтар мен америкалықтар із тастады. Олардың қай-қайсысы да Жапонияны отарға айналдырғысы келді. Бұл пиғыл жапондықтардың қарсылығын туғызды да, жат елдермен емін-еркін қарым-қатынас жасауға тыйым салынды.

4. 59-бет. «**Бұған бастығы Америка болып, Еуропаның көп патшалықтары ықтиярсыз өткел беруге мойынсұндырды**» –

Жапония: өзге елдердің сауда кемелерін өз жері арқылы Қытайға өткізуден және өз еліне басқа елдің саудасын енгізуден бас тартқан болатын. Бұл шартты Америка мен Еуропа елдері бұзуға мәжбүр етті. М. Әуезов соны мезгеп отыр.

5. 59-бет. **«Бұл оқиға 1853 жылда болды»** – Осы жылдары Жапония АҚШ пен Еуропа мемлекеттерінің зорлық-зомбылығына ұшырады. Олар шетел кемелерінің кіріп-шығуына кепілдік алды, сөйтіп, шетелдік тауар айналымына араласуға жапондықтарды еріксіз көндірді. Шаруалар мен сауда-өнеркәсіп иелері, самурайлар сәгундық билікке қарсы күресті. Олар тек 1868 жылы ғана жеңіске жетті.

6. 59-бет. **«1868 жылдағы жаңалық (реставрация) дүниежүзіне келді»** – сәгундық мемлекеттік құлауы туралы айтып отыр.

7. 59-бет. **«Сиогун»** – князь, ақсүйек әулеті, төре.

8. 59-бет. **«Токугава деген тұқым 265 жыл бұл дәрежені ұстап тұрды»** – Хидаэси Тоётоми өлгеннен кейін ел билігін Иэясу Токугава алды. 1603 жылы ол өзінің әулетін «Токугава сәгун» – деп жариялады. Оның әулеті елді 1867 жылға дейін билеп тұрды.

9. 59-бет. **«Бұрын Жапонияда һәрбір тайпаны бір даймиос» биледі** – даймиос-губернатор, әкім.

10. 59-бет. **«...ілгерілеуге аяқ басқанының басы 1885 жылдан бері қарай басталды»** – 1868 жылдан кейін жаңа үкімет елде бірқатар саяси және әлеуметтік өзгерістер енгізді, 1880 жылдардың ішінде кәсіпорындарды салу жөніндегі шығынды мемлекеттің өзі көтерді. Бұл саясат буржуазия мен монархиялық мемлекет арасындағы байланысты күшейтті. Ғылымға, өнерге кең жол ашылды.

11. 60-бет. **«Жапонияның Маркиз Ито деген президенті»** – (анықталмады).

12. 60-бет. **«...ғылымға аяқ басына себеп болған Херобуоми Ито»** – (анықталмады).

13. 60-бет. **«Бұл оқиғаны 1889 жыл әкелді»** – Саяси жағдайды шиеленістірмеу үшін үкімет жұртшылыққа жеңілдік жасады, император атынан конституция жарияланды, мұнда монархтың өз хұқықтары ерекше кеңейтілді де парламенттің өкілдіктеріне шек қойылды.

14. 60-бет. **«Жапонияға 265 жылдай патшалық құрып келген тұқымның ақырғы патшасы бұл жаңалыққа көніп, өзі орнында қалды»** – Токугаваның әулеті 1868 жылы биліктен айырылғанымен императорлық құқын сақтап қалды. Ол жаңа конституцияны еріксіз мойындады.

15. 60-бет. **«1894 жылда болған Қытай-Жапон соғысы»** – Жапониядағы билеуші топтар агрессиялық саясат ұстанды. 1876

жылы Кореяға соғыс жариялап, оны әділетсіз шартқа қол қоюға мәжбүр етті. 1894 жылы шаруалар көтерілісін әскери күшпен басты. Бұдан кейін Қытайға соғыс жариялады. Сөйтіп, Қытайдың көп жерлеріне иелік жүргізді.

16. 60-бет. «**Жаналық басталғаннан-ақ Жапония жастары ғылым дүкені құрылып тұрған жақтарға ағыла бастады**» – 1868 жылдан кейінгі еркіндік саясатын айтып отыр.

17. 61-бет. «**Біз күнбатыстың жақсысын сіңіруге дайын тұруымыз керек, бірақ сонымен қатар өзіміздің жақсымыз да ұмытылмасын**» – (анықталмады.).

18. 62-бет. «**Күнбатыс халқындағы бір мінез**» – жас күндерінде адамдары зейінді, талапты болып келіп, үлкейген соң талабы азайып, зейіні солғындап, істен қала беруші еді. Жапония адамдары жас күндеріндегі күншығысқа тиісті зейінді талаптылыққа үлкейгенде күнбатыс халқының тарамыс ісшілдігін қосып алатын болады.

19. 62-бет. «**Сыртымыз басқа жұрттармен тату, сыпайы болсын, іштен тұрқы (өнер-білім) аса бағалы болып еркін өссін**» – (анықталмады.)

20. 63-бет. «**Қытай мен Жапонияның әдебиеті ерте уақытта қосылып кетті**» – жазу таңбаларының ұқсастығы – қытай мен жапондардың әдеби тілінің ортақ қалыптасуына әкеп соқтырды. Оны XIII ғасырда өмір сүрген атақты ақын Ли Бонның шығармашылық үрдісінен көруге болады. Ол Жапонияда туып өсті, ал шығармаларын қытай тілінде жазды.

21. 63-бет. «**Жапонияның кітап тілі мен сөйлейтін тілі жат**» – Жапон тілі ешқандай тілдердің тобына қосылмайды. Әдеби тілі Токио диалектісінде қалыптасқан. Бұрынғы ел билеушілері ресми тіл ретінде қытай тілін жиі қолданып, оның ықпалы соңғы уақытқа дейін сақталып келді. Жапондардың әдеби тілі мен сөйлеу тілінде алшақтық бар – дегендегі негізгі пікір осыған барып тіреледі.

22. 63-бет. «**Бұлар Будда дінін де...**» – Будда дүниежүзіне кең тараған діннің бірі. Бұл дін Үнді патшасының баласы Сидхартһа Гаутаманың (б. з. д 6-5 ғ.) есімімен байланысты. Келе-келе оны Будда деп атап кетті. Ол – күнәдан арылған, әулие деген мағынаны береді.

23. 63-бет. «**Конфуций дінін де тұтынды**» – Конфуций (б. з. д. 551–479), қытай философы. Оның ғылымының негізі – адамгершілік, адамды сүю, әділ билік. Оның ілімі, уағыздары дін ретінде де мемлекеттік заң ережесі есебінде де қолданылды.

24. 64-бет. «**...өлгеннің әруағын құрметтеу (культ предков)**» – Бұның екі мағынасы бар: біріншісі – дін, ғибадат; екіншісі – табыну. Ал жапондарда өткен әруақтарға табыну, құрметтеу басым.

25. 64-бет. **«Жапонияны көбінесе аударып бара жатқан христиан діні»** – бұл діннің елге қалай келгендігінің тарихы мақалаға берілген түсінікте айтылды.

26. 64-бет. **«Жапонияда ретті газеттер шыға бастаған уақыт 1870 жылдардың шамасында»** – Бұл ұлттық баспасөздің дәуірлеу кезеңі еді. Мысалы: «Майнити» – 1872 жылы, «Иомиури» – 1874 жылы, «Ниси Нихон симбун» – 1874 жылы, «Акита сакигака симо» – 1874 жылы, «Нихон кэйдзей» – 1876 жылы, «Асахи» – 1879 жылы шыға бастады.

27. 64-бет. **«XVIII ғасырдың басында Жапонияның ең алғашқы газеті шыққан»** – Алғашқы газет тақтай бетіне жазылған. Оны шығарушы Харунобу (1725–1770).

28. 65-бет. **«Жапония өзге жағынан онша бой салып, әдебиетке айналысуға қолы тимеген»** – (анықталмады).

Т. Әкімов

«АБАЙДАН СОҢҒЫ АҚЫНДАР»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 5-санында жарияланды. Соңына «Екеу» деп қол қойылған. М. Әуезов шығармаларының ешқандай басылымына кірмеген. Тұңғыш рет кирилл һарпінде көпшілік назарына ұсынылып отыр. Баспаға дайындаған ғалым Бейсенбай Байғалиев.

Бұл мақала «Абай» журналының 2-санында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаланың заңды жалғасы болып есептеледі. Журналды шығарушылар Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов әдебиет мәселесін жүйелі түрде қозғап, әдеби зерттеу мен көркем сын жанрын қалыптастыруға ұмтылған. Сондықтан да бұл тақырыпты тұрақты түрде қамтып, пікірлер ұйымдастырған. «Абайдан соңғы ақындар» мақаласы арқылы қазақ әдебиетінің даму тарихын кезең-кезеңге бөліп, оның көркемдік ізденістеріне баға берген. Бұл – осы салада пікір қозғаған алғашқы мақала. Сонымен қатар поэзияның теориялық тұжырымдарын негіздеген, тақырыптық, көркемдік, түрлік ерекшеліктерді талдаған әдеби бағыт пен ағымдардың ара жігін ашуға ұмтылған сыни пікір болып табылады. Мақалаға қол қойған «Екеудің» кім екендігі туралы екі түрлі жорамал бар. Анығы, екінші біреуі – Мұхтар Әуезов екендігі. Екінші адам Жүсіпбек Аймауытов па, жоқ, «Абайдың өнері һәм ақындық қызметі» атты мақаланы жазуға себепкер болған Тұрағұл Абайұлы Құнанбаев па, бұл жағын нақты кесіп айту қиын. Жүсіпбек Аймауытовтың өз шығармалары туралы жасаған тізімде бұл мақаланың аты аталмайды. Бірақ әдебиет туралы сын мақалалар жаздым деген деректер кездеседі. Мақаланың жазылу мәнеріне, сөз қолданысына, ойлау жүйесі мен мәтініне назар салсақ, Жүсіпбектің өзіне тән қолтаңбасы ішінара байқалып қалады. Сондықтан да мақаладағы «екеудің» бірі Жүсіпбек Аймауытов деген пікірге тоқталған лазым сияқты. Бұл кезде Жүсіпбектің поэзия саласында белсенді түрде еңбектеніп, «Алаштың» ән ұранын жазып, ақын ретінде танылып еді. Ал Мұхтар Әуезов те сол тұста өлең жазып, қаламының күшін байқап, ақындықтан дәме

етіп жүрген. Мұны ол өзінің «Өз жайымнан мағлұмат» атты еңбегінде және өзге де өмірбаяндық деректерінде: әдеби талпынысын өлең жазудан бастағанын, бірақ ешқайда жариялауға бермегені туралы мәліметтер бар («Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры, 382 және 659-бума). Сондықтан да екі талапкердің поэзия туралы пікір білдіруі әбден заңды.

Мақала иелері ақындық өнердің қоғамдық өмірдегі және көркем сөздегі әлеуметтік орынын анықтауға ұмтылған. Бұл ретте орыс әдебиетіндегі көркем сынның талдау тәсілдеріне, теориялық пайымдауларына жүгінген. В.Г. Белинскийдің (1811–1848), Н.А. Добролюбовтың (1836–1861), Д.И. Писаревтің (1840–1868), поэзия туралы тұжырымдары мен пайымдауларының ықпалы байқалады. Поэзияның жанрлық ерекшеліктеріне тоқталып, баға береді. Соның ішінде, қазақ ақындарының шығармашылық ізденістерін талдайды. Еуропа үлгісіндегі ақындық дәстүр мен қазақ ақындарының ақындық үлгісін салыстырады. Бұл ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясын теориялық тұрғыдан талдауға арналған бірден-бір сыни еңбек. Мақала иелері ақындық өнердің түпкі тамырын қоғамдық-әлеуметтік, ұлттық, рухани серпілістен іздейді. Қазақ елінің жан дүниесі мен көзқарасын, мұң-наласын, рухани тәуелсіздікке деген ұмтылысын оятқан «Қазақ» газетінің бағыт-бағдары қазақ ақындарының көзқарасын қалыптастыруға ерекше әсер еткендігін, соның нәтижесінде еуропалық үлгідегі ақындық мектептің нышандарының көрініс бере бастағанын, бұрынғы термелік тәсіл мен кітаби үлгінің нағыз ақындық өнердің талабына сай келе бермейтіндігін тереңдете талдай келіп, олар: «өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік, өткір сезім, қойылған сұлу сурет, кестелі, таза қысқа, анық, дәлді, нығыз тіл» – деген тұжырымға келеді. Мұндағы әрбір баға поэзияның еуропалық үрдісіне орай қалыптасқан терминдердің мағынасын береді. Ол талапқа көтерілген тек қана Абай екендігін дәлелдейді. Оның себептеріне тоқталады. Ақындық пен қарапайым қара өлеңшілдіктің арасына көркемдік жік қояды. Қазақ ақындарының шығармаларын сыни көзқараспен талдай келе, оларды тақырыптық тұрғыдан екіге бөледі: Ұлттың рухани мүддесін жырлаудан туған азаматтық, үгіт-насихаттық, ағартушылық бағыт. 2) Таза еуропалық үлгідегі ақындық бағыт. Мақала иелері халықтық дәстүрдегі суырып салма ақындар мен кітаби ақындарды бұл қатарға қоспайды. Поэзияның негізгі бағыттарына тоқтала келіп, оның түрлерін талдайды. Пейзаж, лирика, философиялық лирика, романтикалық лирика, бейнелеу шеберлігі, теңеулер мен шендестірулер, поэтикалық құрылым, еліктеу үрдісі, түрлік ізденістер, сыншылдық таным,

сатира шабыттың әсері сияқты тек қана поэзияға тән мәселелерді қамти отырып, соның қазақ әдебиетіндегі көріністерінен мысал келтіреді. Әдебиетке, оның ішінде поэзияға қойылатын басты талап – оның көркемдік нышандары мен көркемдік шындығы болуы керек деп тұжырым жасайды. Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов өздерінің осы көзқарастарын кейіннен бұдан да тереңдете білдіріп, әдебиеттегі таптық сыпат пен партиялық талап туралы жасанды «жалаң әлеуметшілдікке» қарсы пікір білдірді. 1925 жылы Мәскеу қаласында ұйымдасқан «Алқа» үйірмесінің негізгі бағыттарында олар мұны барынша ашық айтты. Мағжан Жұмабаев құрған бұл үйірменің бағыт-бағдарының қалыптасуына Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов белсене араласты. Хат арқылы өздерінің пікірлерін жолдады. «Шолпан», «Сана» журналдарына жекелеген мақалалар жазды. Сол үшін 1930–1932 жылдардың арасында түрмеге қамалып, жазаға тартылды.

1. 66-бет. **«Абайдан бұрын қазақтың мінез-қалпын суреттеп берген айна болған жоқ»** – мақала иелері бұл арада «айна» деп ұлттық поэзия әлемін бейнелей айтып отыр. Сондай-ақ Абай поэзиясы – қазақ өмірінің айнасы деген ауыспалы мағынаны да береді.

2. 66-бет. **«Абай туралы өз пікірімізді жазып едік»** – «Абай» журналының сол жылғы 2-санында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаланы мегзейді. Ол да «Екеу» деген бүркеншік атпен жарық көрген.

3. 66-бет. **«Қазір бізде өлең жазушылар көбеюіне себеп болып отырған нәрсе – бір «оянудың» барлығы»** – Мақала иелері бұл арада Міржақып Дулатовтың (1885–1935) Уфа қаласындағы «Восточная печать» баспасынан 1909 жылы және Орынбордағы «Уақыт» баспаханасынан 1911 жылы қайталап басылып шыққан, төңкеріске дейін де әлденеше басылым көрген «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағын ишара етіп отыр. Бұл кітап қазақ поэзиясындағы азаматтық рухты қалыптастырған бетбұрысты шығарма болып табылады.

4. 66-бет. **«Қазақ» газетасы** – 1913–1918 жылдың аралығында Орынбор қаласында қазақ тілінде шығып тұрған апталық басылым. 1917 жылдың шілде айынан бастап «Алаш» партиясы мен «Алашорда» халықтық кеңесінің ресми басылымы болды. Газеттің негізін қалаған қайраткерлер – Әлихан Бөкейханов (1870–1938), Ахмет Байтұрсынов (1873–1937), Міржақып Дулатов (1885–1935). Бас шығарушы – Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов. «Қазақ» газеті 1918 жылы қыркүйек айында Торғай облыстық кеңестері құрылтайының шешімі бойынша жабылды. «Қазақ» газеті ұлттық тәуелсіздік пен рухани бостандықты, дербес қазақ мемлекетін құру

нысанасын негізгі мақсат етіп қойды. Оқу-ағарту, бодандыққа қарсы күрес, елдік қасиетті қалпына келтіру, ағартушылық-демократиялық бағытты ұстау, халықтың ұлттық санасын ояту, әлеуметтік, ұлттық, діндік теңдікті сақтау, орнату, ана тілін сақтап қалу, жерді қазақ ұлтының еркін пайдалануына мүмкіндік беру, келімсектер мен босқындардың ағынын тоқтату, жерді қазақ ұлтының мәңгілік меншігі деп жариялау, оқу-білім саласындағы іс-әрекеттерге толық еркіндік беру, қазақ мүддесін қорғайтын заң шығару, кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу, еркін ойы мен пікірі үшін қудалауды, жер аударуды тоқтату, қазақ өкілдерін мемлекеттік билікке тарту және Думаға депутат етіп сайлау, ұлттық дербес дамуға мүмкіндік беру, әскери генерал-губернаторлардың орнына азаматтық басқару жүйесін енгізу қазақ жерінің тұтастығын сақтау іспетті аса зәру және көкейкесті мәселелерді көтерді. «Қазақ» газеті қазақтың ұлттық сана-сезімінің, ұлт-азаттық рухының, демократиялық нышандардың оянуы мен дамуына, жаңа қоғамдық көзқарастың қалыптасуына, қазақ елін өркениетке қарай бет бұрғызуда шешуші міндет атқарды. Қазақтың тәуелсіздікке ұмтылған ұлттық идеясы мен «Алаш» партиясының бағдарламалық негіздері, «Алашорда» халықтық кеңесінің құрылымдық жүйелері, дербес қазақ мемлекетінің бағыт-бағдары мен ішкі-сыртқы саясаты, даму жолдары туралы пайымдаулар осы газетте талқыланып, қоғамдық пікір қалыптастырды. Мұнда әдебиет пен мәдениет, ғылым мәселері де кеңінен қозғалып, үнемі сөз болып отырды. «Екеудің»: «...оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған «Қазақ» газеті. Бұл газет – халықтың саяси көзі ашылуына, «жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды» – деуінің мәні сонда. «Қазақ» газеті қазақтың әдеби тілінің қалыптасуына, жазу үлгісінің бір ізге түсуіне, ғылыми терминдердің орнығуына бірден-бір негіз қалап, үлгі көрсеткен басылым.

5. 66-бет. **«...осы күнгі өлеңшілердің»** – Мақала иелері акын деген ұғымды ерекше жоғары қойып, оны рухани тұлға ретінде бағалайды. Ондай биікке көтеріле алмаған ақындық пен әуестенушілерді жай ғана «өлеңшілер» деп қарайды. Бұл еуропалық сыни көзқарасқа негізделген пікір.

6. 67-бет. **«...көбіндегі бір мінез – халықтың мінін айтса да, жақсылыққа тартса да тірелетін қазығы – «ұлтшылдық»** – Мұндағы «ұлтшылдық» деген сөзді қазіргі қалыптасқан ұғымдағы ұлтшыл, националист деген мағынада түсінуге болмайды. Бұл арада «ұлтшылдық» деген сөз отаншыл, елін сүйген, ұлтын сүйген адам,

бодандағы елін азаттыққа жеткізуге ұмтылған азамат, ұлт-азаттық идеясын ту етіп ұстаушы ақын деген мағынада қолданылған.

7. 67-бет. **«Тегінде «ақын» бар, «өлеңші» бар** – осы мақалаға берілген бесінші түсінікті қараңыз.

8. 67-бет. **«Көбінің өлеңі – шеберлеп айтқан қара сөз»** – Бұл арада «Екеудің» негізгі мегзеп, ерекшелеп айтып отырғаны қазақтың кітаби ақындарының шығармалары, түрлі оқиғаға құрылған қисса, дастандар, үгіт насихаттық өлеңдер. Олар үлкен ақындық шеберлікті алдына мақсат етіп қоймайды. Қазақтың таным ерекшеліктеріндегі өлең құмарлықты ескере отырып, өзінің айтар ойын ұйқаспен жеткізуге ұмтылған кітаби насихатты ишара етеді.

9. 68-бет. **«Абайдың «Желсіз түнде жарық ай», «Көлеңке басын ұзартып»** – деген өлеңдеріндей бұл күнгі ақындарда өлең жоқ» – бұл арада мақала иелері адамның жан дүниесі мен табиғат суреттерін астастыра бейнелейтін табиғат лирикасына емеурін жасап отыр.

10. 68-бет. **«Бұл туралы Абайдың суретшілігіне жеткен ақын жоқ. Аңшылықты, жылдың төрт уақытын суреттеген өлеңдеріндей суретті сөздер қай ақында бар?»** – Мақала иелері бұл арада Абайдың 1882 жылы жазған «Қансонарда бүркітші шығады аңға», 1886 жылы жазған «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Жаз», 1888 жылы жазған «Қыс», «Күз», 1890 жылы жазған «Жазғытұры» атты өлеңдерін мысалға алып отыр.

11. 68-бет. **«Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілігі бары – Мағжан».**– Мағжан Жұмабаев (1893–1938), қазақтың аса көрнекті лирик ақыны, ұлт-азаттық рухын жырлаған, трагедиялық, романтикалық сарынды көңіл күйі етіп алған, символизм мен декаденттік бағытты да үрдіс еткен. Түріктік ортақ нысаны өлеңіне өзек еткен. Қызылжардағы медреседе, «Ғалия» медресесінде оқыған, Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген. Астыртын «Бірлік» жастар ұйымының қолжазба журналын шығарған. 1912 жылы Қазан қаласындағы ағайынды Каримовтардың баспаханасынан «Шолпан» атты жыр жинағы жарық көрді. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» халықтық кеңесінің мүшесі. 1923 жылы Ташкент қаласында екінші жинағы басылып шықты. 1925 жылы Мәскеу қаласында «Алқа» атты әдеби үйірме құрды, оның «Табалдырық» атты бағдарламасын жазды. 1923–1927 жылдары Мәскеу қаласындағы әдебиет институтында В.Я. Брюсовтың (1873–1924) тобында (алғашқы екі жылда) оқыды. 1929 жылы қамауға алынып, 1930 жылы он жылға түрмеге кесілді. 1936 жылы М. Горькийдің әйелі, белгілі мәдениет қайраткері, «Қызыл крест» қоғамының төрағасы Е. Пешкованың көмегімен абақтыдан

босатылды. 1937 жылы 30 желтоқсанда тағы да ұсталып, 1938 жылы 19 наурыз күні атылды.

12. 68-бет. «**Мысалы «Жолда» деген өлеңінде боранды сипаттағанда тілін жеткізе алмай: «Жел... ішін тартып оскырып» деген жерінде көңілге байланып келе жатқан суреттің түрі бұзылыңқырап кетеді**» – Бұл Мағжан Жұмабаевтың «Қысқы жолда» деп аталатын өлеңіне берілген баға. Бұл арада тілге тиек етіп алынып отырған мысал сол өлеңнің ішіндегі:

Ызғарлы жел долданып,
Екі иіннен дем алып, .
Ішін тартып оскырып,
Кейде қатты ыскырып,
Андай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапақтап,
Бірлесе сақ-сақ күледі,–

деген шумақтан алынған. (*М. Жұмабаев, Шығармалары. А.: Жазушы, 1989. 137-б.*)

13. 69-бет. «**Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт һәм Ахмет Мәметовтікі**» – 1. Мағжан Жұмабаев – осы мақалаға берілген он бірінші түсінікті қараңыз. 2. Міржақып Дулатов (1885–1935) – қазақтың аса көрнекті ақыны, ұлттық көсемсөздің негізін қалаушы, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, жазушы. Торғайдағы екі кластық қазақ-орыс училищесінде оқыған, мұғалімдер курсы бітірген. 1905 жылы Қарқаралы жәрмеңкесіндегі ұлттық қозғалысты ұйымдастырушылардың бірі. 1906 жылы қазақ конституциялық-демократиялық партиясының мүшелігіне өтті. 1911–1912 жылдары Семей қаласындағы түрмеде қамауда отырды. «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы тәркіленіп, таратуға тыйым салынды. 1910 жылы Қазан қаласында «Бақытсыз Жамал» атты романы, 1913 жылы Орынборда «Азамат» атты өлеңдер жинағы, 1915 жылы Орынборда «Терме» атты әдеби-көсемсөзден құралған кітабы жарық көрді. Шығармаларындағы басты тақырып – ұлттық бостандық рухы, елдің азат күні, тәуелсіз еркіндігі, әлеуметтік, нәсілдік, азаматтық теңдік. Ол «Алаш» партиясы мен «Алаш-орда» халықтық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің, көсемдерінің бірі, оның саяси бағдарламаларының авторы. Ұлттық жасақтың алғашқы сардары, «Алаш жасағының» саяси қолбасшысы. «Қазақ» газетінің шығарушыларының бірі. 1920–1922 жылдары Семей қаласында губкомның халық соты болды. 1922 жылдан бастап Ташкентте шығатын «Ақ жол» газетінің редакторы

міндетін атқарды. Кейіннен «Ауыл тілі», «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» атты мерзімдік баспасөздерде қызмет етті. 1928 жылы тұтқынға алынып, 1930 жылы ату жазасына кесілді. 1935 жылы 5 қазан күні Архангельскідегі Соловецкі түрмесінде қайтыс болды.

3. Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893–1920) ХХ ғасырдың басындағы аса көрнекті әлеуметшіл-сыншыл бағыттағы ақын. 1908–1910 жылдары Баянауыл қаласындағы медреседе, 1912 жылы Троицкідегі медреседе білім алған. 1914 жылдары қазақтың тұңғыш журналы «Айқапта» қызмет істеді. «Тентектің жиған шоқпары», «Тамшы» атты қолжазба жинақтары жарық көрмей жоғалып, кеткен. 1916 жылы Томскіде арнайы курста оқиды. «Кім жазықты», «Қамар сұлу», «Кедей», «Адасқан өмір», «Қала ақыны мен дала ақынының айтысы» («Айтыс») атты дастандар жазды. Философиялық-әлеуметтік мәселелер туралы мақалаларын жариялады. «Алаш» әнұранының авторы. 1920 жылы өкпе ауыруынан қайтыс болды. С. Торайғыровтың екі томдық мұрасын жиыстырып, баспаға әзірлеп кеткен Ж. Аймауытов еді.

4. Ахмет Мәметов (1895–1937) ақын, жоғары білімді дәрігер, Кеңес Одағының батыры Мәншүк Мәметованың әкесі. Орал облысының Орда ауданында туған. Төңкеріске дейін шығып тұрған «Қазақ», «Қазақстан», «Айқап» сияқты басылымдарда өлеңдері мен мақалалары жиі жарияланып тұрған. 1917 жылға дейін «Гибрат» (1912), «Кеңес» (1913) атты жинақтары жарық көрді. Аудармамен де айналысқан. 1919 жылы «Еркін қазақ», 1920 жылы «Ерік тілі» газеттерінің редакторы міндетін атқарды. «Алаш» қозғалысының қайраткерлерінің бірі. 1923–1927 жылдары Саратовтағы медицина институтында оқыды. Сол кездегі қазақ баспасөздерінде жарияланған дәрігерлік ғылым мен дәрігерлік ем туралы жүзге тарта мақалалар мен аудармалардың авторы. Осы саладағы ғылыми терминдерді қалыптастырушылардың бірі. Өлеңдері де аракідік жарияланып тұрған.

14. 69-бет. **«Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуов»** – мақала иелері бұларды «халықшыл ақындардың» қатарына жатқызады.

Ахмет Байтұрсынов (1873–1937) – қазақтың аса көрнекті ағартушы ақыны, аудармашы, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Қазақ» газетінің шығарушысы, «Алаш» партиясының, «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы ірі қоғам қайраткері. 1891–1895 жылдары Торғайдағы екі кластық орыс-қазақ училищесінде оқыған. 1896–1907 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ұстаздық еткен. 1909 жылы Семей қаласының түрмесіне қамалды. 1910–1917 жылдары Орынбор

қаласына жер аударылып, бақылауда жүрді. 1911 жылы «Маса», 1909 жылы «Қырық мысал» атты кітаптары жарық көрді. 1913–1918 жылға дейін «Қазақ» газетінің бас редакторы болды. 1917–1919 жылдардың арасында «Алаш» қозғалысын басқарды. 1919 жылдан 1920 жылға дейін Қазақ өлкесін басқару жөніндегі әскери революциялық комитеттің мүшесі, 1920 жылы Қазақ АССР-нің оқу-ағарту халық комиссары, «Ақ жол» газетінің шығарушысы, оқу-ағарту комиссариатының жанындағы академиялық орталықтың ғылыми жетекшісі, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының құрметті төрағасы қызметтерін атқарды. «Әліп-би», «Тіл құралы», «Әдебиет танытқыш», «Тілжұмсар», «Әліппе астар», «Сауат ашқыш», «Мәдениет тарихы» сияқты аса құнды ғылыми еңбектердің иесі. «23 жоқтау», «Ер Сайын» іспетті жинақтар құрастырды. Ол кеңес өкіметінің ұлттық саясатымен келіспеді, олардың «коммунистік-колонизаторлық» отарлау саясатына қарсы болды. Ол 1929 жылы түрмеге қамалып, 1930 жылы ату жазасына кесілді. Кейіннен бұл кесім жиырма бес жыл жер аударылумен алмастырылды. Кейіннен кешірім жасалды. 1937 жылы қараша айында қайтадан қамауға алынып, Алматы қаласындағы НКВД-нің түрмесінде атылды. Ахмет Байтұрсынов көркем шығармадағы өзінің «халықшыл» идеясынан бас тартпады. Ол көркем әдебиеттің қандай да түрі болмасын туған ұлты үшін қызмет істеуі ерек деп есептеді. 1929 жылғы 18 маусым күні тергеуші Саенкоға берген жауабында: «Көркем шығарма туралы мәселеге келетін болсақ, мен көркем дүниенің құндылығын оның қандай идеяны негізге алғандығымен емес, адамның жан дүниесіне, сезіміне қалай әсер етуіне байланысты бағалануы керек деген көзқарасты жақтаймын» (*ҚР ҰКК-нің архиві, 124-қор, № 3 том, 1–3 бет*), – деп көрсетті.

Шәкәрім Құдайбердиев (1858–1931) – қазақ әдебиетіндегі философиялық поэзияның негізін салған оқымысты ақын. Абай Құнанбаевтың немере інісі. «Жолсыз жаза», «Қалқаман – Мамыр» (1912), «Ләйлі – Мәжнүн» (1922), «Дубровский»; (1924), «Нартайлак – Айсұлу» (1929), «Әділ Мәрия» (хикаят), «Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ хәм ханлар шежіресі» (1911), «Қазақ айнасы», «Мұсылмандық шарты» атты шығармалардың авторы. Ш. Құдайбердиев туралы толық мәлімет осы басылымның кезекті томында беріледі.

Бекет Өтетілеуов (1883–1949) – ақын, аудармашы, ағартушы ұстаз. Екі кластық орыс-қазақ мектебін, мұғалімдер даярлайтын курсты бітірген (1907). Содан бастап өмірінің соңына дейін мұғалімдік қызметпен айналысқан. Оның «Дүние ісі ақыретке кетпес» атты жинағы 1912 жылы Қазан қаласында, «Жиған – терген» атты кітабы 1914 жылы Орынбор қаласында басылып шықты. Ол

И. А. Крыловтың (1769–1844) 15 мысалын, М.Ю. Лермонтовтың (1814–1841) «Үш бәйтерек» атты туындысын қазақ тіліне аударды. Негізінен, ағартушылық бағытты ұстанды.

15. 69-бет. **«Бұл жіктің ақыны ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе-жортақтатып, құбажондатып келетін Ғұмар Қарашев»** – Омар Қарашев (1875–1921) қазақтың көрнекті кітаби ақыны, философиялық, насихаттық, уағыздық бағытты шығармасына арқау еткен ағартушы. Араб, парсы, түрік, татар, башқұрт тілдерін жетік меңгерген ғұлама – ахун. Ол Уфа, Қазан, Орынбор қалаларындағы баспаханалардан «Қарлығаш» (1911), «Бала тұлпар» (1911), «Тумыш» (1911), «Аға тұлпар» (1914), «Тұрымтай» (1918) атты өлеңдер жинағының, «Ойға келген пікірлерім» (1910), «Өрнек» (1911), «Бәдел қажы» (1913) атты прозалық кітаптардың авторы. Ғұмар Қарашев өзінің шығармаларын. «Ғабдолла Мұштақ» деген бүркеншік атпен жариялады. Ол «Алаш» партиясының белсенді қайраткерлерінің бірі болды. 1917 жылы Уфа қаласындағы діни орталықтың қазиы етіп сайлады. Ғұмар Қарашев 1921 жылы көкектің 12 күні казак-орыстардың қолынан қаза тапты.

16. 69-бет. **А. С. Пушкин** – А. С. Пушкин (1799–1837) орыстың ұлы ақыны, Абайдың ақындық көзқарасының қалыптасуына ерекше әсер еткен. Абай арқылы ісі қазақ поэзиясының дамуына да ықпалы тиді. Оның «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романының кей тұстарын Абай қазақшаға аударды. Шәкәрім Құдайбердиев Пушкиннің «Дубровский» атты хикаятын өлеңмен қазақшаға тәржімалады.

17. 69-бет. **М. Ю. Лермонтов** – орыстың аса талантты ақыны, Абай Лермонтовтың отыздан астам өлеңін қазақшаға аударды. Мақала авторлары осы аудармалар арқылы Лермонтов қазақ поэзиясына соны тыныс, бағыт әкелді деген пікірге келеді.

18. 69-бет. **Байрон** – Джордж Ноэл Гордон Байрон (1788–1824) – ағылшынның ұлы ақыны, әдебиетке Шатобриан әкелген романтикалық асқақ сарынды қалыптастырған қуатты талант иесі. Абай Лермонтовтың аудармасы арқылы Байронның шығармасымен танысады. Ол «Еврей саздарындағы» алғашқы өлеңді қазақ тіліне еркін аударған. Байрон Пушкин мен Лермонтовқа ерекше әсер еткен. «Екеудің» тұспалы да осыған саяды.

19. 70-бет. **«Мысалы, Сүлеймен Бижановтың, Қази Нұрмұхамедовтың өлімдеріне шығарылған «Жұт», «Қайда едің» деген өлеңдері сияқты»** – Мақала иелері бұл арада ақындық ұшқырлық, тез тұтанатын сезімталдық, ақындық шабыт туралы пікір қозғайды. Міржақып Дулатовтың бойындағы отты жігер

мен қызуқандылықты жоғары бағалап, оны шынайы сезімнің жыршысы деп таниды. Өкінішке орай мақалада есімі аталатын Сүлеймен Бижанов туралы өмірбаяндық деректер қолға түспеді. «Екеудің» көрсетуіндегі «Жұт» деген өлең мүлде басқа тақырыпты қозғайды. Ал «Намыс құрбанына» (Марқұм Сүлеймен Бижанұлына бағыштаймын) – деген өлең бар. Зады, бұл өлеңдер «Жұт» деген ортақ тақырыппен баспасөзде жарияланғандықтан да мақала иелері оны тақырып ретінде көрсетсе керек. Өлеңнің мазмұны жоқтау сарынында жазылған және Сүлеймен Бижанұлының елі үшін қаза тапқаны айтылады. Соған қарағанда «Алаш жасағының» сарбаздарының бірі болса керек – деген жорамал жасауға болады. Өлең:

Сен жоғыңда бұл жалғанда,
«Жалған олқы» – дейді кім?,–

деп басталып:

Намысына тиіп еді,
Қылдың құрбан мал-жанды.
Ата-анаңды, аға-ініңмен,
Елі-жұртың, жалғанды.
Мен де жаңа білдім енді,
Бір жігіттің сымбатын.
Білдіруге келгеніңді,
Ар-намыстың кымбатын,–

деп аяқталады. Өлең мазмұнының астарына қарағанда лирикалық кейіпкердің бұл өмірден өз еркімен қоштасқаны, намысқа өртеніп өлгені нышан танытады. (*М. Дулатұлы. Шығармалары. А.: Ғылым, 1996. 1-т. 112-б.*)

20. 70-бет. **Қазы Нұрмұхамедов (1896–1918)** – Семейдегі «Алаш атты әскер жасағының» сардары. Қазы Нұрмұхамедұлы 1896 жылы Семей уезінің Еңірекей болысында туған, сүйегі – сыбан руынан. 1915 жылы Семей қаласындағы мұғалімдер семинариясына оқуға түскен. Ол осы семинарияда Жүсіпбек Аймауытовпен, Ғабдулғани (Қаныш) Сәтбаевпен, Ахметбек Сейсенбаевпен (кейіннен Шикібаев болып өзгерткен) бір сыныпта оқыған. «Алашорда» халық кеңесінің шешімі бойынша қазақ атты әскерін құру туралы шешім қабылданып, жасақтың саяси жетекшілігіне Міржақып Дулатов бекітілген болатын. М. Дулатов «Қазақ» газеті арқылы «Қайтсек жұрт боламыз?» – деп ұран тастап: «...әскеріміз болмаса, қазынамыз болмаса, біз автономия ала алмаймыз. Автономия алмасақ – жұрт бола алмаймыз. Қайтсек жұрт боламыз дегенді ойласақ, жауап біреу-ақ: әскеріміз болса ғана

жұрт боламыз!» – деп алаш жастарын жасақтың қатарына шақырды (М. Дулатұлы, *Шығармалары. А.: Ғылым. 1996. 2-т. 265-б.*). Семей мұғалімдер семинариясының шәкірттері түгел дерліктей атты әскер құрамының жасағына кіруге тілек білдірді. Қазі Нұрмұхамедұлы сол жасақтың сардарлығына сайланды. 1918 жылы 6 наурыз күні әскери жаттығу жасап жатқан кезде қызылдардың бір топ әскері жасырынып келіп, Қазыны атып өлтірді. Алаштың алғашқы құрбанын жерлеу кезінде Шәкерім Құдайбердіұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Марсеков, Жанғали қажы, Мұстақым Малдыбаев, сыныптасы Жүсіпбек Аймауытов қабірдің басында сөз сөйледі. Қазының қазасы туралы азалы мәжілістің есебі «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 14 наурыз күнгі 34-санында толықтай жарияланды. Міржақып Дулатов алаш сардарының қазасына арнап «Тұңғыш құрбан» атты өлең жазды. Ол өлең:

Мынау кім жатқан, әлеумет
Жас қабірді жамылып?
Мұнша ардақты кім еді?
Тұрсындар бәрін жабығып?
Жалғызы ма еді бұл елдің,
Құрметтейтін жабылып? –

деп басталып:

...Жас ғұмырын пида еткен,
Жар-жолдасын күйзелткен,
Алаштың адал баласы,
Армансыз өлген данасы,
Жүректен жалғыз оқ тиген,
Жаза баспай дөп тиген,
Алаштың бұл құрбаны –
Аяулы жолдас Қазы жас,
Хош, бауырым, жолдасым!
Армансыз сенің өз басың.
Қабыл болып құрбаның,
Алашты құдай оңдасын!.,–

деген жолдармен аяқталады. (М. Дулатұлы, *Шығ., А.: Ғылым, 1-том, 115–116-бб.*).

Ал «Екеудің» атап көрсетіп отырған «Қайда едің?» атты өлеңі:

Кешегі қара күндерде,
Жұлдызсыз, Айсыз түндерде,
Жол таба алмай, сенделіп,

Адасып Алаш жүргенде,
Бұл күнгі көп көсемдер,
Сұраймын, сонда қайда едің? –

деп басталады (*Сонда, 114-б.*).

Тегінде «Қайда едің?» атты бұл өлеңінде де сол Қазы Нұрмұхамедұлы қапыда қазаға ұшырап, алаштың атты жасағының көңілі жасып, түрлі жала жабылған кезеңде жазылса керек. «Екеудің» бұл жайды толық білгені анық. Сондықтан да бұл өлеңнің шығу тарихын Қазының қазасымен байланыстыруы заңды.

21. 70-бет. **«Айырылу» деген өлеңіндегі:**

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келіпсің жаным сезіп қайтып жуық.
Рахат рухына тілеп хаптан.
Хош айтып кетпес пе едім көңілім суып»,–

деген шумақ М. Дулатұлының «Шығармаларының» жинағында:

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келмесін жаным сезіп қайтып жуық,
Рахат рухына тілеп хақтың.
Қош айтып кетпес пе едім көңілім суып»,–

деп ішінара өзгеріспен басылған (*Сонда, 104-б.*). Бұл өлеңге текстологиялық салыстыру жүргізіп, талдау жасау – түсініктеменің міндетіне жатпайды. Алайда араб харпінен оқу барысында қате кеткен, өйткені «Шығармалар» жинағындағы сөздердің мағынасы бұлдырланып, түсініксізденіп тұр, – деген пікірді айта кеткіміз келеді.

22. 70-бет. **«Халықшыл ақындардың ішіндегі алдыңғы қатардағы Сәбит»** – Сәбит Дөнентаев (1894–1933) – ХХ ғасырдың басындағы қазақтың ағартушылық бағыт ұстаған көрнекті ақыны. «Уақ-түйек» атты өлеңдер жинағы 1915 жылы жарық көрді. «Сарыарқа» газетінде қызмет етті. «Бозторғай» деген өлеңінде патшалық отарлау саясатын тұспалмен әшкереледі. Мысал өлеңдері де ерекше астарымен назар аударды.

23. 71-бет. **«Марабай ақын»** – Марабай Құлбайұлы (1841–1898), жырау, ақын. Батыс Қазақстандағы Теректі аймағында туып өскен, сонда қайтыс болған. «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырларының ең көркем нұсқасы осы Марабайдан жазылып алынған. Абай да Марабайдың жыраулық өнерін өте жоғары бағалап, өзгеге үлгі тұтқан. Оның Қара Жұмырбаймен, Көкей қызбен, Базар ақынмен айтысы ғана сақталған.

24. 71-бет. **Бұхар жырау Қалқаманұлы (1668–1781)** – казак

елінің ұлы жырауы, аса көрнекті мемлекет қайраткері. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында қазақты жоңғар шапқыншылығына қарсы күреске бастаған ел данасы. Ел бірлігін сақтауға, бас бостандығын қорғап қалуға шақырған жорық жырлары, философиялық қанатты толғаулары ұлттық намысты оятып, жауынгерлерді рухтандырып отырды. Ол үш жүздің басын қосып, бір орталыққа бағынған күшті мемлекет құруды арман етті.

Т. Жұртбай

«БІРІНШІ ЖАЛПЫ ЖАСТАР СЪЕЗИ»

Хабар «Абай» журналының 1918 жылғы 6-санында жарияланды. Содан кейін қайтып баспа бетінде жарық көрген емес. Елу томдық шығармалар жинағының толық академиялық басылымына кирилл харпіне түсірілген нұсқасы енгізіліп отыр. Баспаға ұсынған ғалым Бейсенбай Байғалиев.

1918 жылдардың аралығында қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстың және түрлі саяси ағымдардың ықпалымен астыртын жастар ұйымдары құрылды. Ал 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін олардың саны күрт өсті. «Қазақ ұраны», «Еңбекшілер одағы», «Заман теңдігі», «Талап», «Жанар», «Бірлік», «Кең дала», «Жас алаш», «Жас азамат», «Жас қазақ», «Қазақ жастарының төңкеріс одағы» іспетті жастар ұйымы жұмыс істеді. Олардың ұстанған бағыттары да әртүрлі болды. Солардың ішінде 1914 жылдан бастап Омбы қаласында астыртын жағдайда жұмыс істеген «Бірлік» ұйымының ықпалы қазақ шәкірттерінің арасында ерекше зор бедел жинады. Оның құрамында Мағжан Жұмабаев (1893–1938), Смағұл Сәдуақасов (1900–1933), Сәкен Сейфуллин (1894–1938), Қошке Кемеңгеров (1896–1937), Әбдірахман Байділдин (1897–1931) іспетті Омбыда оқып жүрген жастар болды. 1917 жылғы 20–25 тамыз аралығында өткен Торғай облысы қазақтарының құрылтайында: «Жаңадан құрылған «Еркін дала» және «Бірлік» қазақ мәдени-ағарту қоғамдарының қызметін құрылтай барынша жан-жақты қолдау туралы» қаулы қабылдады. Бүкілқазақтық I құрылтайдың негізгі шешімдері Торғайдағы облыстық құрылтайдың мәжіліс хаты негізінде жасалғанын ескерсек, «Бірлік» – «Алаш» партиясы ресми мойындаған жастар ұйымы болды деп айтуға толық негіз бар. Сондықтан да, «Алашорда» үкіметінің ресми жастар одағы ретінде «Бірлік» ұйымы 1918 жылы 5–13 мамырдың арасында Омбы қаласында жалпы қазақ жастарының құрылтайын (съезін) шақырды. Мұхтар Омарханұлы Әуезов Семейдегі жастар ұйымы «Талап» пен «Жанардың» атынан сол құрылтайға өкіл боп қатысты. Құрылтайда Мұхтар Әуезов Бүкіл қазақ жастары кіндік комитетінің мүшесі болып

сайланды. Хабар құрылтайдан қайтып келгеннен кейін көпшілік қауымға мағлұмат беру үшін жазылған.

1. 73-бет. **«Бірлік» ұйымы** – 1917–1918 жылдардың арасында Омбы қаласында оқыған қазақ жастары құрған астыртын ұйым. 1918 жылдан бастап жария жұмыс істеді, 1917 жылы тамыздың 20–25 күндерінде өткен Торғай облыстық казактарының құрылтайында ресми ұйым ретінде бекітілді. 1918 жылдың мамыр айынан бастап Бүкілқазақтық жастар ұйымы болып құрылды («Алашорда» үкіметінің бағытын ұстанды). Төрағасы – Ғазиз Мурзин.

2. 73-бет. **«...жұрттың жауы – большевик билігі дәуірлеп...»** – 1918 жылы «Алашорда» үкіметі кеңес өкіметіне қарсы саясат ұстанды. «Алашорда» үкіметінің ресми жастар ұйымы ретінде «Бірліктің» мүшелері де сондай пікірде болды. Олар «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің басшыларына қысым жасап, қуғынға ұшыратты. Сотсыз ату жазасына кесті. Отыншы Әлжанов (1874–1918) іспетті қайраткерлерді большевиктер отқа өртеп (Семей облысының Мақаншы ауданында) жіберді. Ол туралы Міржақып Дулатовтың «Қазақ» газетінің 1918 жылғы 263-санында «Тағы құрбан» (Отыншы Әлжанов) деген көңіл айту мақаласы жарияланды. Онда:

«Марқұм Семей облысы, Зайсан уезіне қараған найман еді. Жасы 40-тың ішінде болса керек. Омбыда учительский семинария бітіргеннен кейін Окружной сотта бірнеше жыл переводчик болып тұрды. 1907 жыл елінің ортасындағы Көктерек қаласына барып учитель болды. Отыншының Зайсан уезіне учитель болып барған кезі 2-ші Г. дума қуылып, 3-ші июнь законы бойынша қазақ-қырғыз депутаттықтан махрұм қалып, қаһарлы үкіметтің қайта күшеюіне бет алған шағы еді. Отыншы Зайсан казактарының атынан жаңа ашылған 3-ші Г. думадағы саяси партиялар бастықтарына телеграмма беріп, қазақ халқының өгейлігін шағып, үкімет әділсіздігіне наразылық баян еткендігін сол кезде астана газеттерінде оқып едік. Сол күннен бастап Отыншы марқұм бір жағынан елінің балаларын оқытып, бір жағынан қараңғы халқына саясат жолында басшылық ете бастаған еді. Бірақ қырағы үкімет мұның ізіне шөп салып, үстінен шағымдар жүріп, 1909 жылы Отыншы Семей абақтысына жабылды. Абақтыда бірнеше ай жатқаннан кейін Отыншыны генерал-губернатор 5 жылға жер аударды. Отыншы 5 жылын Жетісу облысындағы Қытаймен шектес Лепсі қаласында өткізді. Қазақ даласының қараңғы бір түкпіріне айдалып барған Отыншы тұрған еліне тағы басшылық қылып, жол көрсетіп, өзін жақсы жағынан танытты. Отыншы 5 жыл жүргенде Еуропа соғысы, онан кейін 25-ші июньнің қанды жарлығы шығып қалған еді. Отыншы үркіген елге жоқтау айтып, көнбесе

қан төгілетініне жұрттың көзін жеткізіп, тағы да сол елге қызмет етіп қалды. Сөйтіп жүргенде бостандық туды. Оқыған, көзі ашық адамдары жоқ елге Отыншы тағы керек болып, бостандықтан кейін Отыншы Лепсі уезінде комиссарлық қызмет өтеп тұрды.

Аз жылдың ішінде Отыншы өзінің кім екенін Жетісу ішіне танытқан еді. Былтыр Жетісу облысы Отыншыны құрылтайға депутат қылып сайлады. Қыстыгүнгі Орынбордағы жалпы қазақ-қырғыз съезінде Отыншы Жетісудан Алашордаға сайланды.

Өткен июль басында мен Зайсан уезіне бардым. Сонда Отыншы марқұмнан еліне мынадай хат келді: «Елдің басына мынадай бәле туып тұрғанда, мен бұларды тастап кете алмаймын, өлсем-тірілсем де бірге көремін, менің қатын-баламды келіп алып кетіндер», – деп.

Марқұм айтқанын қылды, елді бәлеге тастап, өзі бас амандап кеткен жоқ. Алаш жолында құрбан болды! Қызықты ғұмырының көбі абақтыда, айдауда өтті, бірақ қымбатты Отыншы, алаштың көркейгенін көре алмай арманда кеттім деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас.

Топырағың торқа, жаның жанатта болсын, аяулы алаш азаматы!
Мадияр»

(М. Дулатұлы. Шығармалар. А.: Ғылым, 1996. 2-т. 260–261-бб.).

«Алашорда» үкіметі ол кезде кеңес өкіметін мойындамады және дербес автономиялы мемлекет ретінде тәуелсіз саясат жүргізді.

3. 73-бет. **«...екінші, қазақ жасының рухына ұлтшылдық сіңсе де...»** – мақала иесі бұл арада: қазақ жасының рухына отаншылдық, патриоттық, елдік сезім сіңсе де – деген пікірді білдірген. «Ұлтшылдық» деген сөз – саясатта қалыптасқан, теріс ұғым тудыратын «националист», «миллатшыл» деген қазіргі ұғымды білдірмейді.

4. 73-бет. **«...қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдарына тарады»** – «Алашорда» үкіметінің құрамында қырғыз елінің де өкілдері болған, оқу-ағарту, жастар ісі, ішкі-сыртқы саясат мәселелері екі елге ортақ шара ретінде бірге шешілген.

Т. Жұртбай

«ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫНА АШЫҚ ХАТ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 6-санында жарияланды. Содан кейін еш жерде жарияланған жоқ. Шығармалар жинағының елу томдық басылымына орай алғаш рет назарға ұсынылып отыр. Баспаға әзірлеген ғалым Бейсенбай Байғалиев. Мақаланың соңына «Мұхтар Әуезов» деп қол қойған.

1918 жылы мамыр айының 5–13 күндері аралығында Омбы қаласында Жалпы қазақ жастарының құрылтайына Мұхтар Әуезов Семей облысының атынан өкіл болып қатысты. Құрылтайда орталық атқару комитетінің мүшелігіне сайланды. Құрылтайда сөз сөйледі. (Толық мағлұматты «Бірінші жастар съезі» атты мақалаға орай берілген түсініктемеден қараңыз). «Бірлік» ұйымы ұйымдастырған құрылтайдың саяси бағыты, іс бағдармаласы, ұйымдық міндеттері, басқару құрылымдары туралы мағлұмат бере келіп, съездің қаулы-қарарларымен, шешімдермен Семей жастарын таныстыру ниетімен жазылған және оған мұны «Бірлік» ұйымы міндет етіп тапсырған.

1. 74-бет. **«Омбыда болған жастар съезі»** – 1918 жылы 5–13 мамыр аралығында өтті. «Бірлік» ұйымының ұйымдастаруымен өтті.

2. 74-бет. **«Бұл мәселе турасын айрықша ұйымдардың құлағына салуды съезд маған тапсырған соң жазып отырмын»** – М. Әуезов Жалпы қазақ жастары кіндік (орталық) комитетінің мүшесі болғандықтан да, оған бұл міндет жүктелген. «Айрықша ұйымдар» – мақала иесі бұл арада құрылтайға қатыспаған, саяси көзқарастары өзге жастар ұйымын айтып отыр.

3. 74-бет. **«Кіндік комитеті»** – орталық комитеті.

4. 74-бет. **«Бұған съездің қойған аты – «Жас азамат»** – «Жас азамат» қозғалысының қызметі ресми түрде бір жылдай ғана уақыт қайраткерлік-саяси іспен айналысты. Алайда олардың мүшелері сыртта жүріп те өз міндетін атқара берді. Мысалы, Смағұл Сәдуақасов 1920 жылы Қазақ өлкелік РКСМ одағының бюро мүшесі болып сайланды. «Жас азамат» газеті 1918–1919 жылдардың аралығында шығып

тұрды. Оның редакторы – Қошке Кемеңгеров пен Смағұл Сәдуақасов болды. Жағдайға байланысты кезек-кезек шығарып отырды.

5. 74-бет. «**Мәтбуғат**» – баспасөз.

6. 74-бет. «**Саны мағлұм ұлт...**» – аз санды ұлттар.

7. 75-бет. **Ғазиз (Абдулғазиз) Мурзин** – Троицкідегі «Үміт» жастар ұйымының жетекшісі, «Жас азамат» қазақ жастары комитетінің төрағасы. Осы ұйымның атынан «Алашорда» халық кеңесіне мүше боп сайланды. Онда қазақ автономиясын шұғыл түрде жариялауды қолдап дауыс берді. Толық өмірбаяны туралы мағлұмат қолда болмады. Негізі Жетісу өлкесінен, жоғары білімді. Ағарту саласының қызметкері.

8. 75-бет. **Г. Досымбекова** – Гүлшаһра (Гуля) Досымбекова (1903–1933) – Міржақып Дулатовтың балдызы, Ғайнижамал Дулатованың сіңлісі. Әкесі Баймұрат Досымбеков Омбы психиатрия ауруханасының бас дәрігері болған. Гүлшаһра Баймұратқызы 1917 жылы Омбының қыздар гимназиясын бітірген. Кейіннен М. Дулатовтың үйінде тұрып, Орынбордағы стенография-машинистка курсы бітірген. «Алашорда» қайраткері Ахметсафа Юсуповқа тұрмысқа шыққан. Қызылордадағы кооператив техникумында қызмет еткен. 1931 жылы А. Юсупов атылып кеткен соң әпкесі Ғайнижамал Баймұратқызына ілесіп Қырғыздың Талас ауданына барып баспаналаған. 1933 жылы бөртпе сүзектен қайтыс болған.

9. 75-бет. **Ғабдырахман Байдильдин** – Әбдірахман Байділдин, (1897–1931), «Бірлік» ұйымының мүшесі, «Жас азамат» қазақ жастары комитетінің мүшесі, журналист. 1929–1931 жылдары «Алаш ісі» бойынша тергеуге алынып, түрмеге қамалған. 1931 жылы Халел Ғаббасов, Ахметсафа Юсупов, Жүсіпбек Аймауытовпен бірге ату жазасына кесілген.

10. 75-бет. **Мұратбек Сейітов** – «Бірлік», «Жас азамат» жастар қозғалысының мүшесі. Өмірбаяны мен кейінгі тағдыры толық белгілі емес.

11. 75-бет. **Смағұл Сәдуақасов** (1900–1933) – қазақ қоғамының белгілі саяси қайраткері, жазушы, журналист. 1900 жылы Қорған облысының Полтавка селосында туған. Екі кластық орыс мектебін бітірген. Омбыдағы ауыл шаруашылығы училищесін тәмамдаған. Москвадағы транспорт инженері институтында оқыған (1928–1933). 1914–1918 жылдары «Бірлік» жастар астыртын ұйымының мүшесі болған. «Жас азамат» жастар комитетінің жауапты хатшысы, «Жас азамат» газетінің (1918–1919) жауапты шығарушысы, 1920 жылы Қазақ өлкелік РҚСМ-ның бюро мүшесі, кейіннен Оқу-ағарту халық комиссарының орынбасары, Қазақ АССР-ның Түркістандағы өкілі,

Қазақ Автономиясы атқару комитетінің хатшысы, Қазақ АССР жоспарлау комитетінің бастығының орынбасары, «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы (1924–1926), Оқу-ағарту комиссары (1925–1927), Ташкенттегі қазақ педагогикалық институтының ректоры (1928).

Т. Жұртбай

«ҒЫЛЫМ ТІЛІ» (научный термин)

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 7-санының 4–7-беттерінде жарияланды. Одан кейін жазушының он екі томдық («Жазушы», 1969, 11-том, 10–14-бб.), жиырма томдық («Жазушы», 1984, 15-том, 16–19-бб.) шығармалар жинағына кіргізілді. Екі басылымда да мақала ішінара қысқартулармен басылды. Жазушының шығармалар жинағының елу томдық басылымына алғашқы басылымымен салыстырылып, қысқарған тұстары қалпына келтіріліп жарияланып отыр. Салыстырғандар – Б. Байғалиев пен С. Жұртбаев.

Қысқартылған сөз-сөйлемдер мыналар: «Оқудан» («Абай», № 7, 4-бет), «өнерін басқа жұрттың» (4-бет), «Түріктің тілеуін тілейтін бұндай екі халықтың» (5-бет), «Жұрт» (5-бет), «Тілдері кімдікі? Түріктің бірінші университетіндегі» (6-бет), «Биылғы Омбыда болған жастар съезінде де ғылым тілін Еуропадан алуды қаулы қылып жасаған бабалары: әуелі ғылым тілдерін жеткенше қазақтың ауыз (әдеби – **ред.**) тіліне аудару керек, қазақ тіліне аударуға болмайтын тілдерге (ді) ғана Еуропадан алуға болатын (болады – **ред.**). Жастар съезінің қаулысында: қазақ тілінде шығатын журналының (қай қайсысының – **ред.**) «ғылым тілі» деген бір бөлімі болып, сол бөлімге Еуропа қолданып жүрген ғылым тілдерін әркім өзінше перевод қылып, оқушының сынына берсін, – дескен. Бұл жоба да хәркімнің есінде болсын» (7-бет).

Мақала сол тұстағы ғылыми термин мәселесіне қатысты өрбіген пікірлерге байланысты жазылды. (Бұл жөніндегі толық мағлұматты басылымның осы томындағы «Қайсысын қолданамыз?» – атты мақалаға берген түсінігін қараңыз). М. Әуезов араб тілінен енген терминдерді пайдалану керек, себебі, ілгеріде оларда үлкен ғылым, мәдениет болған баршаға артық ғылыми термин оларда қалыптасқан. Бірақ осылардың ішіндегі ең қолайлысы еуропаның ғылым термині, деген пікірге тоқтайды. Бұл бағытты Әлихан Бәкейханов пен Ахмет Байтұрсынов қолдайтын.

Бұл ретте қателесуге болмайтындығына назар аударады да, оның ғылыми тілді қалыптастыру барысындағы орыстар мен жапондар көрген қиындықты мысалға келтіреді. XIX ғасырға дейін Россияда әдеби тіл шіркеулік славян тілі болып келді. Әдеби, ғылыми еңбек те сол үрдісте жазылды. М. В. Ломоносов (1711–1765), А. Д. Кантемир (1708–1744), В. К. Тредьяковский (1703–1769) сияқты қайраткерлер де одан бойын аулақ салуға тырысқанымен, шіркеулік славян тілінің ықпалынан құтыла алмады. Ал ертеден қытай тілінің жазу үлгісін қолданып келе жатқан жапондықтарға бұл өздерінің әдеби-ғылыми тілін қалыптастыруға өлшеусіз қиындықтар туғызды. Ғылым мен мәдениет саласында олар Қытайдан көп ілгерілеп кетсе де, ескі дерттен арыла алмады.

Ол: қазақ тіліндегі оқу жүйесінің екі бағыты – шығыстық және батыстық бағытта жүріп жатқандығы да мәселенің түйінін шешуді күрделендіріп жіберді. Өйткені мұсылманша оқығандар – араб тіліндегі терминдерді, орысша оқығандар – еуропалық терминдерді қолданады. Бұларды бір арна, бір жөнге келтіру керек. Ғылым үшін арабтың тілі қазаққа үйлесімді әрі жатық көрінгенімен, IX–XV ғасыр арасында пайда болған терминдер бүгінгі күннің талабына жауап бере алмайды, қазіргі ғылымға қажетті сөздер Еуропада жасалған, көп елдер соларды қолданады. Біз де бірігіп, оқу ісін сол жолмен алып кетсек ұтылмаймыз – деген тұжырымға келеді.

1. 76-бет. «...**ғылым тілі аса қарауды көтермейтін шетін мәселе**» – бұл «аса қарау» – деген сөз – асылықпен, асығыстықпен үстірт қарауды көтермейді – деген мағынада қолданылып отыр.

2. 76-бет. «**Церковнославянский (дін кітаптарының тілі)**» – Бұл арада XIX ғасырдың басына дейін Ресейде қолданылып келген славяндық көне шіркеу тілін айтып отыр.

3. 76-бет. «**Орыс әдебиетіне негіз салушы Ломоносов**» – М.В. Ломоносов – орыстың ұлы ғалымы, ақын, жазушы, суретші, тарихшы, орыс ғылымының басында тұрған ғұлама қайраткер. Ол жаратылыстану ғылымдарын меңгерген энциклопедист ғалым. Оның ашқан жаңалықтары, бастамалары Ресей ғылымының тарихындағы үлкен табыс болып саналады. Орыстың әдеби тіл жүйесін бір арнаға түсіру үшін көп еңбек сіңірді.

4. 76-бет. **А.Д. Кантемир** – орыс ақыны, жазушы, бірнеше тілдерді меңгерген дипломат. Көне грек ақыны Анакреон мен Горацийді орыс тіліне алғаш аударған адам. Ол өзінің: «Харитон Макентиннің орыс өлеңінің құрылысы туралы досына хаты» атты еңбегінде әдеби-ғылыми тіл туралы ойларын ортаға салды. Халықтың мақал-мәтелдерін өз шығармаларында кеңінен қолданды.

5. 76-бет. **В.К. Тредьяковский** – орыс ақыны, аудармашы. Россия академиясының алғашқы академиктерінің бірі. Тіл, грамматика жөнінде зерттеулер жазған. Оның: «Орыс тілінің тазалығы туралы сөз» (1735) атты және басқа да еңбектерін Ломоносов жоғары бағалады.

6. 76-бет. «**Қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады**» – басылымның осы томындағы «Жапония» атты мақаланың түсінігін қараңыз.

7. 77-бет. «**Өз оқуын өзінікі қылып әкете алмағандықтан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр**» – осы томдағы «Жапония» атты мақаланың түсінігін қараңыз.

8. 77-бет. «**Пантюркизм**», «**панисламизм**» – түрік, ислам идеясын барлық мәселеден жоғары қоятын ғылыми бағыт. Бұл ұғым ХІХ ғасырдың аяғында, ағылшын, Ресей отарлаушыларына қарсы ұлттық рухты, бірлікті күшейту мақсатынан барып туындаған. «Пан» – ерекше, жоғары деген мағынаны береді.

9. 77-бет. «**Дін туысқандығы**» – тілдерінің негізі бір болғанымен, ұстанған діні бөліп тұратын не тілі басқа, діні бір халықтардың арасындағы байланысты айтады. Діні бір жұрттың бірлігі күшті келеді дегенге саяды. Мақала иесінің: «Біріне-бірін иілтіп, мейірлендіріп отыратын дін» деуі сондықтан.

Т. Әкімов

«ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 8-санында (6–8-беттер) жарияланды. Содан қайтып жазушы шығармаларының жинақтарында да, өзге басылымдарда да жарық көрген жоқ. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына ғалым Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаевтың дайындаулары бойынша ұсынылып отыр.

Мұхтар Әуезовтің бұл мақаласы үлкен ой, терең толғаныспен жазылған. Әйел теңдігіне, оның алуан мәселелеріне қатысты пікірлер сол кездегі мерзімді баспасөздерде жиі-жиі жарияланып тұрды; әйелдің қоғамдағы орны туралы Мюллер Лиер (1857–1916), Морган Льюис Генри (1818–1891), Август Бебель (1840–1913), Эдуард Карпентьер (1844–1929) сияқты көптеген ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Осы тұста әйелдер қозғалысының ірі қайраткерлері индонезиялық Р. А. Картинидің (1879–1904), түрік жазушысы Халида ханымның (1883–1940), американдық Вудсмол Фрэнсистиң (1885–1954), ресейлік А. М. Коллонтайдың (1872–1954) пікірлері ерекше ықылас аударып, қоғамдық ойды қозғады. Бұлардың іс-әрекеттерінен хабары мол М. Әуезовті қазақ әйелінің жай-күйі қатты толғандырды. Шағын мақаланың астарында үлкен саяси-әлеуметтік, философиялық мәселелер тұрды.

Әйелдің қоғамдағы орны, құқықтық теңдігі туралы пікір, таным, көзқарас таластары ешқашан толас тапқан емес. Барлық заманда да әйел құқығын қорғаушылары мен оның қарсыластары үнемі екі дай болып айтысып келді. Әйел теңдігін қорғаушылар: әйел теңдігінің мәселесі шешілмей адамзат аяғын тең баса алмайды, үнемі ақсаумен болады. Ол жөнделмей адамзат қоғамы жөнделіп кетеді деу қиын. Әйел болсын, еркек болсын табиғаттың заңдылығын бұзбауы керек, олар бірін-бірі кемсітпей, ұдайы түсіністікпен тіршілік етуі тиіс – деген уәж айтты. Осы пікірді нысана етіп ұстанған Мұхтар Әуезов әйелдің бағының жанбауына, сорының ашылмауына себепкер болған дінн сенім-нанымдарды мысалға ала отырып, соның кесірін түсіндіріп береді. Қоғамды жетілдіріп мәдениетке бастайтын да, оны

тежеп тоздыратын да – әйел деп қарайды. Оған өткен тарихтағы өзге ұлттар бастан кешкен жайларды емеурінмен меңзейді.

Көне кітаптар мен ежелгі ойшылдардың еңбектерінің барлығында да әйелдің «сыбағасы» мен міндеті туралы егжей-тегжейлі баяндалды. Мысалы: көне «Библияда» (Ветхий завет) – әйелдерге қарата: «Сенің білетінің еріне бағыну, оның дегенін істеу ғана, өйткені ол – сенің қожаң» (3, 16); «Әйел әкесі мен шешесін қалдырып ерінің қарамағына өтуі керек (2, 24), – деп жазылған. Ежелгі замандағы еврейлер әйелді қоғамның мүшесі дел санамады да, оларды ешқандай іс-шараларға қатыстырмады. Ерімен қосылған күні адалдығы жоқ болып шықса, онда оны масқаралап, ұрып-соғып қуып жіберетін болған. Соған қарамай еврейлер балаларын әкесінің емес, шешесінің аты-жөнімен атады. Неемин кітабында: бір священниктің ұлы Варзелий деген тұқымның қызына үйленгендігін, кейін одан туған балалар да Варзелий деп атанғандығы жөнінде баяндалады (63), ал «Тальмудта»: «Егер қызың өсіп бой жетсе, құлыңның бірін азат ет те соған күйеуге бер» деп жазылған. Оның: «Өніңдер, өсіндер» деген өсиетіне қарсы XIX ғасырда мальтузаияшылар қозғалысы пайда болды. Олар: халықтың көбеюі – қайыршылықты, жұмыссыздықты туғызады – деді. Бұл Мальтустың (1766–1834) теориясы болатын. Көне үндінің «Ману» заңында: «Әйелдер құмарлықты арттырып, ниетті бұзады, сондықтан да ең жақын, туыс деген әйелмен де оңаша қалуға, қатар отыруға болмайды» деп жазылған. Ал әйелге ең жақсы көзқарасты дейтін Будда дінінің сүрелерінде: «Әйел – күнға батудың себепшісі, жүзінен періштелік көрінгенмен, оның жаны жын-періге ұқсайды» деген сөздер бар.

Ерте дүниедегі еврей еркектері күнде таңертең ұйқыдан оянғанда құдайға: «О, бұл дүниені жаратқан иесі, мені әйел етіп жаратпағаныңа мың да бір шүкір» – десе, олардың әйелдері: «Өз қалауыңмен осылай жаратқаныңа шүкір» – дейді екен, Платон да (б. з. б. 42–347) құдайға сегіз нәрсе үшін, соның ішінде бірінші – бұл дүниеге құл болмай, өз еркі өзіндегі еркін адам болып келгендігіне, екіншісі – әйел емес, еркек болып жаратылғандығына риза болыпты.

Әйелдер барлық заманда, барлық жерде мүсәпір күй кешпеген. Олардың қоғамда беделді орын алған кездері де ұшырасады. Дегенмен көптеген ойшылдар: құлдықтың пайда болуынан бұрын әйелдер құлдыққа душар болған – деп санайды, Юлий Цезарьдың (102–44) патшалық құрған дәуіріндегі грек тарихшысы Диодор (90–21) Ніл бойында жұмыс істеп жүрген кілең әйел құлдарды көргендігін таңдана жазады.

Осындай әйел тағдыры туралы тарих белесінен мол хабардар М. Әуезов өзінің мақаласын: «Қазақ жұртының бойында әйел халі

үлкен жараның бірі. Бұл мәселе – қазақ емес, бар мұсылман дүниесінде шіріп жатқан үлкен дерттің бірі еді. Әсіресе түрікте, иранда болған «гарем» деген сөзбен бастайды. Гаремнің не екенін «Мың бір түнді» оқыған әрбір адам жақсы біледі: ел билеуші халифтер мен сұлтандар, хандар мен бектер сарайларында басы бос сұлу әйелдерді өздерінің сарайларында сырт көзден жасырып ұстады. Олар еркімен күйеуге тиіп, сүйгенімен көңіл қосып кете алмайды, билігі қожайындарының еркінде – солардың айтқандарын орындайды, көңілдерін көтереді. Ерте дүниедегі Грецияда мұндайларды гетералар деп атады, «гетеризм» деген сөз содан шықты. Гетерлер шеттен әкелінген әйел құлдар, Фрина есімді гетер Гиперидтің (б. з. б. IV– III ғғ.) көңілдесі болды, «Гетер» деген сөзді осы әйелдің есімімен байланыстырып айтады. Заманының Афродиті атанған гетер қыз Пракситель – Эпикурдің (341–270); сұлу да, көрікті Аспазия – Периклдің (490–329); Археанасса – Платонның сүйкімді сүйіктісі атанды. Бұл жөнінде атақты шешен Демосфен (384–322) Неераға қарсы сөйлеген сөзінде: «Бізде әйелді – балаға, үй ішіне бас-көз болу үшін алады, ал махаббаттың шөлін басу үшін көңілдері ұстайды», – деген. Көңілдері арты тәнін сатуға ұласты. Бұған тыйым салу үшін Солон (427–341) «әйелдер үйін» ашуға жарлық берді. Оның бұл заңы кезінде ақындардың шабытын оятып, мадақ жырларын жаздырды.

Платон өзінің «Мемлекет» деп аталатын еңбегінде әйелдің әлеуметтік теңдігі мәселесіне арнайы тоқталды. Ол: әйел мен еркек тең, бірақ қоғам өміріндегі еркектің орны бөлекше – деген баға берді. Фукидид (460–400): «Әйелдер барынша мадақталуға лайық, бірақ үйден тыс жерде оның ешқандай жақсы-жаман деген аты шықпау керек» – десе, тағы бірде ол: «Әйел – теңіздің дауылы, оттың жалыны, тау суының тасқыны сияқты қауіпті; оларды ойлап тапқан құдай үлкен қателік жасағанын білді ме екен», – депті.

Латындардың әртүрлі руларынан құралған Рим халқы өздерін квиридтер деп атады. Олардың бұлай аталуына себепкер болған – әйелдер. Өз елінде әйелдер аз болғандықтан римдіктер көрші сабин руларының әйелдерін алып қашып келіп, соларға үйленді. Сөйтіп, бірте-бірте жан басын көбейтті, ал аралас некеден туғандарды квиридтер деп атады. Дәл осы кезеңде Римде әйелдердің әлеуметтік орыны еркектерден жоғары тұрды. Біздің заманымызға дейінгі 234 жылы туған билеуші Катон: «О баста әйелдерге мұндай еркіндік берілмесе, мұншалықты аласапыран тумас еді», – деп барып, ол 195 жылы әйелдердің емін-еркін жүріп-тұрысына, некенің бұзылуына тыйым салды. Өйткені олар Римді құмарлықтың ұясына айналды-

рып жіберді. Бала туу азайды, сондықтан император Август біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасырдың 16-жылында бала тапқандарға сыйлық белгіледі, мұрагерлікке баласы барлар ғана ие болатын болды. Рим тарихшысы Плутарх (46–128): «Римдіктер мұрагер үшін емес, мұраға ие болу үшін үйленетін болды», – дегенді кекесінмен айтты (Плутарх. Застольные беседы. Л.: Наука, 1990). Ал христиан жазушысы Ориген Александрийский (185–255): осы некені эзәзіл құмарлықтың қоздырушысы деп бағалап, өзін-өзі өтек етті.

Орта ғасырда христиан монастырьларында зинақорлық қатты өршіп кетті: мол байлық, жұмыссыздық дін иелері мен монахтардың жүгенсіз кетуіне итермеледі. Ұлы Карл 802 жылы монастырьларды екіге бөлді. 1414 жылы Констан соборының бір өзінде жеңіл жүріспен айналысатын тақуа әйелдердің саны 1500-ге жеткені әлгі тыйымның онша нәтиже бермегендігін көрсетеді. Фома Аквинский (1227–1274) бейім әйелдерді тез өсіп, қаулап шыға келетін арам шөпке тенеді.

Мартин Лютер (1483–1546) христиан әлемінде ғасырлар бойы арылмай келе жатқан «қасаңдық ағымына» реформа жасап, өзінің 95 тармақтан тұратын ережесін жазды. Ол: христиан дінін «жанды азаптан құтқарудың бірден-бір жолы» деп жариялады, католик шіркеуінің негізгі догматтары мен құрылысын жоққа шығарды, қоғамда дін иелерінің үстемдік жүргізуіне қарсы болды. «Әйел мен еркек бірінсіз-бірінің өмір сүруі, адамға күнделікті тамақ қандай қажет болса, бұлар да бір-біріне сондай қажет», – деді.

Ерте дүниеде: «Әйелдер елі, әйелдер патшалығы» атанған Жапония әйелдерінің кейінгі халі қандай? III ғасырда әйел патша Дзингу Кореяны қоса бөледі. X–XI ғасырларда мемлекеттік заңдарды әйелдер жасады, сондықтан ақындар әйелді қоғамды біріктірудің ұйытқысы, іргетасы деп жырға қосты. Ал кейінгі замандарда жапондарда: «Еркек бар болмысымен, әйел – езуімен ғана күледі», «Әйел – бұрын да тыным көрмеген болса, енді бүгін де, ертең де тыным көрмейді» деген сияқты мақалдар пайда болды.

М. Әуезов бұдан бұрын осы Жапония туралы жазған мақаласында оның табысын, көтерілген биігін үлгі етумен қатар әйелдерінің де бойында бар инабаттылықты, зиялылықты, тазалықты, отаншылдықты үлгі еткісі келді. Ал көптеген ғалымдар, дін қайраткерлері әйел бойындағы жақсы қасиет, ерекшеліктерді көргісі де, мойындағысы да келмеді. Шопенгауэр (1788–1860) сияқты Чезаре Ломброзо да (1836–1909) әйелге төсекқұмарлық тұрғысынан ғана қарап, оның тең дәрежелілігін мойындамады. «Абай жолын» жазу тұсында М. Әуезов осы Ломброзонның таным-көзқарастарына айрықша орын берді.

Шопенгауэр мен Ломброзоның жолын ұстаушы Бишоф, Бонд, Маршан, Рециус, Гроссер сияқты ғалымдар олардың миларын өлшеу арқылы еркектерге қарағанда мүмкіндіктерінің көп төмендігін дәлелдемек болды. Дарвин олардың мұндай тұжырымды еркек-әйелдің дене бітісіне, салмағына қарай жасамағандығын айтып, теріске шығарады. Сонда орта есеппен алғанда еркектің миы – 1388, әйелдікі – 1252 грамм болыпты. Атақты ғалым Жорж Кювьенің (1769–1832) миы – 1830 грамм, Байронда (1788–1824) – 1808, ұлы математик Гаусста – 1492, Вильгельм Лейбнице – 1300 грамм, тіпті нормадағыдан төмен болыпты. Осымен айналысатын көптеген мамандар мидың аз-көптігі мәселені шешпейді – дегенді айтады. Бишоф әдеттегі өлген жұмысшының миын алып өлшегенде 2222 грамм, тіпті, жындылар мен есі ауысқандардың миының көп болатындығын дәлелдеген.

Осы мақала жазылған кезде Ресейде «бір стақан су теориясы» деген ағым кең тарады. Олар: «Шөл қандыру үшін бір стақан су жетеді, ләззаттың шөлін де солай тез қандыруға болады» – деп қарады. Бұл теорияны жақтаушылардың бірі – Коллонтай болды.

Әйел мәселесіне ислам қалай қарады дегенге келсек «Құран кәрімде» де, «Хадистерде» де терең мағыналы байыпты сөздер айтылады. Мұхаммед пайғамбар: «Мемлекеттің негізі – әйел, ол гүлденсе – мемлекет гүлденеді, ол күйресе – мемлекет күйрейді» – дейді. Құранның «Ясин» сүресінің 36-аятында: «Субханәлләзи халақал әзуажа куллаһа мимма тумбитул арда уа мин анфусикум уа мимма ла иағмалун» – деп, әр нәрсенің жұп-жұбымен жаратылғандығын айтады және бұл ойды «Зухруф» сүресінің 12, «Зарият» сүресінің 49-аятында тереңдете түседі. М. Әуезовтің әйел туралы алғашқы мақаласының «Адамдық негізі – әйел» – деп аталуы да, ондағы: «Қазақ, мешел болып қалам демесең тағлымыңды, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе» – деген түйіндеулерінің Мұхаммед пайғамбар ойларымен үндесіп жатқандығы анық байқалады.

Қазақта: «Жақсы әйел – жаман еркекті адам етеді, жақсы еркек – жаман әйелді адам ете алмайды», «Алтын басты әйелден – бақа басты еркек артық» деген сөздер бар. Мұндай ойды апостол Петр мен Павел да айтыпты: «Жаман еркек – ең керемет деген әйелден абзал», «Еркек – құдайдың, әйел – еркектің қызметшісі» – дейді. Қазақ ананы (әйелді) елге де, жерге де теңейді, «Алып – анадан туады», «Қыз жоқ жерде қызық жоқ» – деген сияқты мақал-мәтелдері мен шешендік сөздерінде әсем де, әсерлі толғаулары көп кездеседі. Ал егер мұсылман халықтарының ішінде әйелді еркін ұстаған кім десе,

сөз жоқ қазақты айтуға болады. Қазақ әйелі ойын-той, ас-жиын, өзге де бас қосуларды былай қойғанда, келелі-келелі кеңестерге қатысып, ой-пікірлерімен көріне алған. Көңілге қаяу түсірерлік көлеңкелі жақтары осы ғасырдың басында көптеген ойлы азаматтарға қозғау салды. Әйел халі бұрын «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамыр» сияқты ел арасына кеңінен мәлім жыр-дастан, қиссаларда көрініс тапқан болса, 1910 жылы басылыш шыққан Міржақып Дулатовтың (1885–1935) «Бақытсыз Жамалынан» бастап романдар желісінің арқауы болды, 1912 жылы Тайыр Жомартбаевтың (1884–1937) «Қыз көрелік», Спандияр Көбеевтің (1878–1958) «Қалың мал», 1914 жылы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың (1893–1920) «Қамар сұлу» деп аталатын романдары жарық көрді. Бұлардың бәрінде де теңіне қосыла алмаған әйел тағдыры сөз болады. М. Әуезовтің көзіне «әйел халі үлкен аурулы жараның бірі» болып көрінуі де осы сияқты шындықтарға барып тіреледі.

Надандық салмағын, шынында да, алдымен әйел көтереді: теңіне емес, көп әйелдің бірі болып бару, әменгерлік, тағы-тағылар кейінгі кездерде қыз-келіншектердің арасында қашып кетушілікті көбейтті. Ал М. Әуезов мақаласынан көрініс тапқан әрбір ойдың астарынан осындай-осындай үлкен тарихтық сыр шындығы суыртпақталады. Арғы-берігіні көп оқып, көп білуі, хабардар болып отыруы осы мақаланы жазуға итермеледі. Әлемдік деңгейде айтылып, қозғалып келген әйел теңдігі мәселесінен қазақ әйелінің де сырт қалмайтындығын ұғынды. Ол өзінің ойын: «Әйел түзелмей – мәдениет көркеймейтініне, әйелдің халін түзетпей – қазақтың басына бақыт орнамайтынына әркімнің көзі жетер. Енді қайтсек әйел халі түзеледі, соны ғана еске алу керек» – деп қорытындылайды және әйелдің бойындағы инабаттылық пен намысты, төзімділікті, ізеттілікті өзінің «Қорғансыздың күні», «Қаралы сұлу», «Кінәшіл бойжеткен» сияқты психологиялық әңгімелері мен «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз» атты туындыларына желі етіп алды.

1. 81-бет. «**Әсіресе түрікте, иранда болған «Гарем»** – Бұл жөнінде түсініктің бас жағында айтылды.

2. 81-бет. «**сарғайып отырған қайғылы күйін айтып зарлаған жүректі өртерлік шешендік сөздері бүгінде артта қалып, куәлік беріп отыр**» – гарем жөнінде Шығыстың көптеген ақындарының жыр-дастандарында егжей-тегжейлі суреттелді: әсіресе, «Мың бір түндегі» гаремдердің ішінен шыққан небір ақылды әйелдер өздерінің білімімен, шешендігімен үлкен ғұлама ғалымдарды да, халифтарды да таң қалдырды.

3. 81-бет. «**Тарахиат**» – Прогресс, өркениет.

4. 83-бет. «**Мысқылдап жетуді (эволюцияны) иман қылған боламыз**» – дамудың біртіндеп енуін айтып отыр.

5, 6. 83-бет. «**Революция, реформа**» – рухани даму, жетілу деген мағынада.

Т. Әкімов

«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ КҮЙІ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 9-санында жарияланды. Соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Жазушының бұдан бұрынғы жинақтарының ешқайсысына енбеген. «Абай» журналындағы нұсқа бойынша кирилл харпіне түсіріп, шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына ұсынған ғалым – Бейсенбай Байғалиев.

Қалыптасқан тарихи-саяси жағдайға байланысты 1917–1918 жылдардың аралығында қазақ елі дамудың жаңа сатысына көтерілудің алдында тұрды. Үкімет басына биліктің қандай бір түрі келсе де қазақ ұлты бұрынғыша бұйығы, томаға тұйық, дәуірлі кезеңдерден қалыс қалатын ауасыз кеңістікте өмір сүре алмайтыны анық еді. Ұлттық сана, тәуелсіздікке ұмтылған рух, жекебастың бостандығына деген азаматтық намыс, мәдениет пен ғылымға деген құштарлық оянды. Ұлттық саяси партия қалыптасты, автономиялық мемлекет жарияланды, біртұтас ұлттық даму бағдарламасы жасалды. Билік тізгіні бодан елдің өз қолына тиді. Мұның барлығы да қазақ өміріне серпіліс пен сілкініс туғызатын тарихи маңызы зор оқиғалар болатын. Алайда қалың бұхара күткендегідей саяси-азаматтық белсенділік таныта алмады, етекбастылықтан, ұсақ кикілжіңнен, малдың күйін күйттеуден арылмады. «Алаш» партиясы мен «Алашорда» халықтық кеңесінің құрылуының бір жылдық мүшеліне орай жазылған «Қазіргі қазақ күйі» атты бұл мақалада сол енжарлықтың себептері бас-басына жекелей талданды. Бұрынғы жария етілген «Ғылым», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Жапония», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқудағы құрбыларына», «Қазақ әйелі» атты мақалаларындағы айтылған пікірлерді тағы да таразыға салып, ел-жұрттың азаматтық белсенділік танытуын қайталап ескертеді. Ресейдің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайы аумалы-төкпелі күйге түсіп, нілдей бұзылып тұрған. Қазақ жұрты қалайда ретін тауып осындай өтпелі кезеңде автономиялық дербестікке қол жеткізіп қалуы тиіс еді. Уақытша үкіметтің пәрмені азайып, қаулысы көбейіп, дәрегейі ыдырай бастады. Большевиктердің өкімет билігіне келу мүмкіндігі молайды.

Қазақ зиялылары мен «Алаш» қайраткерлері «қызыл террордың» қазақ еліне жақсылық әкелмейтінін болжай білді. Бірақ ұлттық күрес майданында қалың қауым енжарлық танытты. Бұл оларды кәдімгідей алаңдатты. Сондықтан да М. Әуезовтің: «Қасындағы іргелі көршісі қандай саясатты қолданып отыр, достығы қандай, дұшпандығы қандай екенін білмесе, өз ішінде жұрт едім-ау деп ояну, сілкіну болмаса, онда не тіршілік, не жұрттық болады?» – деп намысқа тие сөйлеуі орынды болатын.

Қазақ елі дамудың қай жолын таңдайды? Жапонияның бағыты дұрыс па, Түркияның түркішілдік нысанасы қолайлы ма, Ресейдің ішіндегі қандай саяси күшке иек артқан дұрыс? Социалистік идеяның өзі де ұлтшылдық пен шовинистік пиғылдардың жетегінде кетіп, отарлау жүйесінің жаңа түрінің қалыптасуына жол ашты емес пе. Ендеше, одан не үміт, не қайыр? Сондықтан да ұлттық тұтастық, азаматтық қажыр-қайрат, саяси көрегендік керек? Оны жүзеге асыратын партия да, қайраткерлер де бар. Тек соның маңына топтаса білу қажет. Қазақ оқығандарының ұлтшыл, әлеуметшіл болып екіге бөлінуі елдік қасиетті сақтап қалуға үлкен нұқсан келтіреді. Сондықтан да «оқыған басшылар қазақтың азуына себеп болған шетін мінездерден сақ болып, өзінің ақылмен құрған бір негізін темірқазық қылу керек». Міне, М. Әуезовке қалам алдырған көкейкесті мәселе осы еді. Дәл сол кездегі қазақ ішіндегі саяси хал-ахуал шындығында да алаңдатарлық жағдайда болатын. Оның бұл күдігі кейін шындыққа айналды. Қазақ қайраткерлері екіге жарылып, қарама-қарсы майданда тұрып, бір-біріне бетпе-бет келді, яғни ұлттық тұтастыққа қол жеткізе алмады. Соның нәтижесінде, азаматтық соғысты басынан кешірді.

1. 85-бет. **«Біздің жұртта осы айтқан көрбалалық болды»** – «көрбалалық» деген бұл арада саяси көрсоқырлық, таяздық, енжарлық, самарқаулық болды – деген мағынаны білдіреді.

2. 85-бет. **«...һешкімді кінәләп уақыт өткізу керек емес»** – «һешкімді» деген сөз бұл арада – кім-кімді, бірімізді-біріміз, біреуді-біреу кінәләп, уақыт өткізудің қажеті жоқ – деген мағынада қолданылып отыр.

3. 85-бет. **«Қазақ өз басшысының етегінен мықтап ұстап, білімді көсемін ақ батасын беріп аттандырып, соның тілегіне алты алаш болып алақанын жайып тілек қосып, дұғада отыр»** – мақала иесінің мезгеп отырғаны мынау: 1917 жылы, 5–13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында Бүкілқазақтық құрылтай өтіп, онда «Алашорда» үкіметін жариялады. Құрылтайды ұйымдастырғандар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Сағындық Досжанов және Міржақып Дулатов. Құрылтайда «Алашорда»

үкіметінің бағдарламасы талқыланып, көшілік дауыспен бекітілді. Онда Бақыткерей Құлманов төрағалық етті. «Алашорда» халық кеңесінің төрағалығына Әлихан Бөкейханов, Бақыткерей Құлманов, Айдархан Тұрлыбаев үшеуі дауысқа түсті. 40 дауыс алған Әлихан Бөкейханов «Алашорданың» көсемі болып сайланды. Құран ұстап ант берді. Артынан салауат оқылды. М. Әуезов өзінің мақаласында осы рәсімді еске салып отыр.

4. 85-бет. **«Оқыған азамат жұрт қалпының тезі»** – зиялы қауым, яғни интеллигенция ұлттың тәрбиешісі, түзетушісі, жол көрсетушісі – деген мағына береді.

5. 85-бет. **«Мысалы, Жапония әуелгі сиогун, даймпостар билеп, ел басының надандығын парыз қылып тұтынып отырғанда»** – басылымның осы томындағы «Жапония» атты мақалаға берілген түсінікті оқыңыз.

6. 86-бет. **«...Жапонияға сол үлгілерді жайып, белді бір патшалық қылып әкетіп отыр»** – «Жапония» мақаласына берілген түсінікті қараныз.

7. 86-бет. **«...оқыған жастар шығып, патшасын түсіріп, жаңалықтарды кіргізіп, бұл уақытта түрікті қандай қылып отыр»** – Түркиядағы сұлтандық билікті жойып, конституциялық мемлекет орнату мақсатымен 1889 жылы «Бірлік және тарихият (прогресс)» деп аталатын жас түріктердің құпия ұйымы құрылды. 1908 жылы жас түріктер қарулы көтеріліс ұйымдастырды. Олар сұлтан Абдул-Хамит екіншіні биліктен ысырып, конституцияны қалпына келтіріп, парламентті шақыруға мәжбүр етті. Түрік рухын оятты. М. Әуезов жас түріктердің осы қозғалысын мысалға келтіріп отыр.

8. 86-бет. **«...орыстың оқыған азаматы ...жанын отқа салып, зарлап, кітап жазып, сөз сөйлеп, асылып, атылып, айдалып, 20–30 жыл тұтқында отырып, өмірдің рахатын, қызығын далаға тастап қызмет қылды»** – М. Әуезов бұл арада орыс мұжықтарының басыбайлы құлдығына қарсы күресіп, крепостниктік правоны жою үшін күрескен А.Н. Радищев (1749–1802) бастаған орыс зиялыларын айтып отыр. Радищевтің «Петербургтен Москваға саяхат» атты кітабы Ресей азаматтарының намысын оятты. Бұл 1825 жылғы декабристердің қозғалысына ұласты. Олардың бесеуі дарға асылды, қалғандары мәңгілік каторғаға жер аударылды. XIX ғасырдың екінші жартысында М.В. Петрашевскийдің (1821–1866) астыртын үйірмесіне қатысушылар өлім жазасына кесіліп, мәңгілік жазаға тартылды. Н.Г. Чернышевский (1828–1889) азаматтық дарға асу жазасы арқылы маскараланып, өмірлік каторғаға жіберілді. Мақалада қашан Николай II патша тақтан кеткенге дейінгі күрес жолын үлгі тұтып отыр.

9. 86-бет. «Достоевский: «Орыс шек білмейді, бір құласа басы жерге жеткенше құлайды, көтеріліп алса – тағы сондай екпінді болады», – деген» – Ф. М. Достоевский (1821–1881) орыстың ұлы жазушысы. Ол өзінің шығармаларында «кішкентай адамның» тағдырын әлеуметтік трагедия тұрғысынан бейнеледі. 1849 жылы Петрашевскийдің астыртын ұйымына қатысқаны үшін өлім жазасына кесілді. Кейін жер аударылды. Ол 1854–1859 жылдары Семей қаласында тұрды. «Жазушының күнделігі» атты еңбегінде Ресейдің қоғамдық құрылысы мен орыс психологиясындағы драматизмдік қатыгездіктің себептерін ашына жазды. Бұл мәселені ол өзінің хаттарында да тереңдете талдады. Көркем шығармаларындағы кейіпкерлерді момындар мен қатыгездер деп екі топқа бөлді. Оқиғаны идеялар күресіне құрды.

10. 86-бет. «...Англия, Германия... азаматтары әншейінде социалист болып жүрсе де, Германия, Англияның амандығын бәрінен артық жоғары ұстап, социализмді тастап, ұлтшылдықтың барып тұрған жері шовинизмге шығып кетті» – бұл арада М. Әуезов ұлтшыл және кеңесшіл топ болып екіге жарылған қазақ оқығандарына ой салу үшін аталған елдердің әлеуметшіл көсемдерінің ұлттық мүддені идеядан да жоғары қойғандығын мысалға келтіріп отыр. Дүниежүзін бөліп ал да билей бер – деген отарлау саясатын қолдап, Англия мен Германияның үстемдік билігін жүргізуін жақтаған ағылшын жұмысшыларының лейбористік партиясы мен Германияның социал-демократиялық партиясы «социал-шовинистік бағыт ұстады» (ҚСЭ. А.: 1973. 3-т. 254-б.). Олар соғыс несиелерін жақтап, отанды қорғауға шақырып, үстемдікті сақтап қалуға ұмтылды. Мысалы, К. Каутский (1854–1938) «зорлық теориясы мен социал-дарвинизм идеяларын қолдай отырып ...соғыс басталғаннан кейін ...социал-шовинистермен одактасуды жақтады» (ҚСЭ. А.: 1974. 5-т. 310-б.). Мақала авторы осыларды тілге тиек ете келіп, ұлт оқығандарын таптық, идеологиялық жікке бөлінбей, ұлттық мүдденің айналасына топтасуға шақырады.

Т. Жұртбай

«ҚАЗАҚ ҚАШАН ЖЕТІЛЕДІ?»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 9-санында жарияланған. Жазушының бұдан бұрын жарық көрген он екі, жиырма томдық шығармалар жинағының ешқайсысына да енгізілмеген. Журналдағы алғашқы нұсқасы бойынша М. Әуезов шығармаларының елу томдық толық басылымына кіргізіліп отыр. Мақаланың соңына «Мұхтар» деп қол қойған. Баспаға әзірлеген ғалым – Бейсенбай Байғалиев.

«Қазақ қашан жетіледі» атты бұл мақаланың жазылу мерзімі де, тақырып аясы да, жазушының алдына қойған шығармашылық мақсаты да «Абай» журналының дәл осы санында жарияланған «Қазіргі қазақ күйі» деген көсемсөзбен тікелей үйлесіп жатыр. Басылымның алдыңғы беттеріне орналасқан «Қазіргі қазақ күйінде» сол кезеңде қалыптасқан тарихи жағдайға талдау жасалып, жан-жақты баға беріліп, дамудың қилы-қилы жолдары сараланады. Ал «Қазақ қашан жетіледі» жазушының жеке басының сол оқиғаға деген көзқарасы баяндалған. Алғашқы мақалада саяси-әлеуметтік, ұлттық-рухани пікір басым болса, екінші мақалада ішкі жан дүние толғанысы басым. Зады, жұртшылықтың назарын өздері көтеріп отырған мәселеге барынша ынталы көңіл күймен араласуы үшін бір санға жарыстырып берген сияқты. Сондай-ақ екінші мақалада әр ұлттың қоғамдағы орнын анықтайтын ішкі-сыртқы алғышарттарға ғылыми баға беру жағы басым. Табиғат пен адамның, қоғам мен ұлттың, ұлт пен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты тілге тиек ете отырып, ұлттың дүниетанымына, психологиясына, өмір сүру тәсіліне әсер ететін сыртқы құбылыстарды саралайды. Бұдан ілгерідегі мақалаларында үгіт-насихаттық, ағартушылық, отаншылдық сыпат басым болатын. Ол мақсат өзін-өзін ақтайтын еді. Ал азамат ретінде ондағы алдыға қойылған міндеттердің бір жылда жүзеге аса қоймайтынын мойындап, ішінара ертеңгі күнге күдіктене қарайды. Ол өзінің бұл ойын: «Тек мен уайымшыл (скептик, пессимист) болайын, менің мұным тек сарыуайым болып, қазақ

тез жетілсін, бірақ тез жетіле алмайды, оған кейінгі себептерді көрсетемін», – деп тереңдете түседі.

Мақаладағы негізгі ой түйіндері мынаған саяды:

Бірінші: адамның өмір суру тәсілін сол өзі отырған жердегі табиғи жағдай анықтайды. Оған жер, су, өсімдік, орман-тоғай, аң-құстың көп-аздығы, ауа райы тікелей әсер етеді. Адамның мінезі де сол тіршілік көзіне байланысты қалыптасады. Қазақтың жері кең әрі қуан. Егіншіліктен көрі мал шаруашылығына қолайлы. Сондықтан да жұрт бытыраңқы орналасқан. Демек, отырықшылыққа бет бұруы қиын. Егер де күшпен, еріктен тыс қоныстандырса ел күйзеліске ұшырауы мүмкін. Ал шоғырланбаған жұрт мәдениетке, ғылымға тез иек сүйей алмайды. Шабандық танытады.

Екінші: өркениетке тез қадам басуы үшін сол ұлттың ішіндегі экономикалық, кәсіптік, мәдени байланыс үнемі қозғалыста болуы шарт. Сол халықтың рухани топтасқан ортасы болуы тиіс. Қазынаны қорландыратын тұрақты табыс көзі де шешуші міндет атқарады. Қазақта мұндай қарым-қатынас жоқ. Малдың төлімен мемлекетті қаржымен, әскермен, ғылыми құрал-жабдықтармен қамтамасыз ете алмайсың.

Үшінші: сол мемлекетпен шекаралас елдердің достығы мен дұшпандық ниеті, даму дәрежесі, шекаралық бөліктері, алыс аймақтармен алыс-беріс жасауға мүмкіндік беретін жол қатынасы қандай? Қазақ елінің көршілері қазаққа ешқашанда достық ниет танытқан емес. Үнемі әскери қоқан-лоққы көрсетіп, қырып-жоюмен келеді. Теңізге шығатын жол жоқ. Шекараның барлығы табиғи бөгеттермен қоршалмаған. Қытай мен Азия елдерінің өзі де сенімсіз, мешеу қалған. Бұған қарсы тұрарлық шама қазақта жоқ.

Төртінші: сол ұлттың экономикасын көтеретін фабрика, заводтар қазақтың қолында емес. Өз бетінше өнім шығаруға дәрменсіз. Сауда дамымаған. Айырбас пен алыпсатарлық қана бар. Мұнымен алға баспайды.

Бесінші: осы кемшіліктерді тез арада түзеп, жолға салатындай ғылыми-мәдени орталықтар жоқ. Бұған қол жеткенше әлі де біраз уақыт қажет. Ол үшін мектеп пен оқу орындарын ретке келтіру керек.

Алтыншы: санаға сіңіп қалған психологиялық бөгеттерді жеңе білу шарт. Қадым мен жәдиттік бағыттардың арасындағы күрес, ескі наным мен таным, ру мен жікшілдік іспетті ішкі кеселдер де кесірін тигізеді.

Жетінші: жоғарыдағы мәселелердің барлығын шешу үшін сол ұлттың дербес мемлекеттік құрылымы мен саяси, азаматтық азаттығы қамтамасыз етілуі тиіс. Қазақ автономиясының мәселесі

толық шешілген жоқ, Ресейдегі көп үкіметтің бірі мойындайды, бірі мойындамайды. Сыртқы жаудан қорғайтын тұрақты қарулы әскер де жоқ. «Ішке – айбар, сыртқа – қорған болатын ғаскерсіз қай жұрт болсын, жұрттығын сақтап, ілгері баса алмайды».

«Міні, осы жоғарғы айтылған себептерді дәлел кылып, қазақ жақын арада жұрт қатарына кіре қояды деген пікірді асығыс көремін» деп пікір қорытады Мұхтар Әуезов.

Мақала иесі бұл пікірді «қазіргі қазақ күйінің» самарқау қалпына ашынғандықтан ел-жұртты шамырқандыру, намыстандыру үшін жазылған шығармашылық тәсіл деп те қарауға болады.

1. 88-бет. **«...үмітшіл болдырғыштар (оптимист) ғой деп ойлаймын»** – «үмітшіл болдырғыштар» деген сөз – ертеңіне үмітпен қарайтындар, болашаққа сенетіндер, келешекке үмітпен қарайтындар деген мағына білдіреді.

2. 88-бет. **«Тек мен не уайымшыл (скептик, пессимист) болайын»** – ертеңгі күннен үміт үзген, болашақтан түңілген, жақсылыққа сенбейтін адам мен ғана болайын деген мағынада қолданылып отыр.

3. 88-бет. **«...табиғаттың һәм түрлі шарттары, орысша (физическая природа)** – әртүрлі табиғи жағдайлар, яғни жер, су, орман-тоғай, тау, ойпат, ауа райы әсер етеді деген мағынаны береді.

4. 88-бет. **«Ғайлы»** – пейілі, пиғылы, мақсаты, көңілі.

5. 88-бет. **«жәми сергектігі»** – жәми – араб сөзі, бірлесу, қоғам, одақ құру, бұл арада жамағат сергектігі, яғни көпшіліктің рухы, іскерлігі деген мағынада қолданылған.

6. 88-бет. **«Аһлағы»** – мінезі, мінез-құлқы.

7. 89-бет. **«...жерінің шектері (граница)»** – шекарасы.

8. 89-бет. **«Оңтүстік жағы Түркістан өлкесі болмаса, көбі қоңыр үйекте»** – көбі қоңыржай белдеуде.

9. 89-бет. **«...мұжық шұбарлап келе жатқаны болмаса»** – қазақ жеріне қоныс аударған келімсектерге немесе переселендерге құнарлы қыстаулар мен егінге қолайлы қара топырақты жерлер кесіп берілді. Мақала иесі соны астарлай мегзейді.

10. 90-бет. **«...уақ қарыз серіктігін, ұйым дүкендерін аш»** – Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін тоқырап, жүдеп-жадап кеткен елдің хал-ахуалын жақсарту үшін Уақытша үкімет халыққа есімі өте аз мөлшерде несие беру туралы шешім шығарды. Оларды әр жердегі жергілікті басқару мекемесі – земстволар реттеп отырды. Бірлесіп дүкен ашуға мүрсат берілді. Қазақтар мұны «уақ қарыз серіктігі» деп атады. «Алашорда» үкіметі де бұл шараны қолдап, қазақтарды несиеге қаржы алуға үгіттеді. Оның пайдасын түсіндірді.

11. 90-бет. **«...партияны таста»** – рушылдықты, жікшілдікті таста.

12. 90-бет. «...діни фанатизм» – діни соқыр сенім, қадымдық жол.

13. 90-бет. «...дінге байлағанын қойғызғанша, жаңа оқу харам, жаңа мұғалім кәпір дегенін тоқтатқанша» – ХІХ ғасырдың аяғында, ХХ ғасырдың басында білім берудің ескіше және жаңаша бағыты қалыптасып, бұл екі бағыттың арасында үлкен келіспеушілік болды. Жәдидтер қозғалысы дінді заманның ағымына қарай бейімдеп, әр ұлттың тілдік заңына үйлестіре білім беруді, ғылымның барлық салаларын оқытуды, еуропалық ғылымды игеруді жақтады. Мақала иесі осы жәдидшілердің ұстанған жолын үлгі етіп отыр. харам – араб сөзі, арам, бұл арада дінсіздікке бастайтын білім – дегенді білдіреді.

14. 90-бет. «Автономия алу мәселесі ...байлаулы деуге болады» – «Алашорда» халықтық кеңесі жариялаған Қазақ автономиясын Ресейдің уақытша өкіметі мойындамады, олар аз ұлттардың дербес мемлекет ретінде өмір сүруіне қарсы болды. Бұл арада автономия мәселесі әлі шешілген жоқ – деген мағынаны білдіреді.

15. 91-бет. «Россияда неше түрлі хұкмет туып отыр» – 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін бұрынғы Россия империясының құрамындағы бодан ұлттардың біразы өздерін тәуелсіз мемлекетпіз деп жариялады. Мысалы, Башқұртстан жеке ұлттық үкіметін құрды. Ресейдің өзінде Кеңес өкіметі, Колчак үкіметі қатар билік жүргізді. Автономия мәселесін Кеңес өкіметі де кешеуілдете берді. Мақала иесі сол жағдайды емеуірін етеді.

16. 91-бет. «Северный Американский Соед. Штат» – Солтүстік Америка Құрама Штаттары.

17. 91-бет. «Қырғын көріп жатқан Жетісу елінің жансебіл ерлігі бұған дәлел» – 1916 жылы Жетісуда болған ұлт-азаттық көтерілісі тұсында қазақтар патшаның жазалау әскерлерімен бетпе-бет келіп соғысып, ұлттық намысты қорғай білді. Көтеріліс жеңіліске ұшырап, 1 миллиондай адам босқынға ұшыраса да, елдік рухын сақтап қалды. М. Әуезов сол оқиғаны айтып отыр. 1918 жылы Семей қаласында шетелге ауып кеткен Жетісу қазақтарына көмек ұйымы құрылды. Төрағасы – Әлихан Бөкейханов, қор басқармасы – Міржақып Дулатов, жауапты хатшысы – Мұхтар Әуезов болды. Кейіннен Албан көтерілісі туралы М. Әуезов «Қилы заман» атты көркем шығарма жазды. Ал Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов 1918 жылдың көкек айының екінші жартысында шетелге ауып кеткен қазақтарды елге қайтару үшін келісім жүргізу мақсатымен Шәуешек қаласына барып қайтты.

Т. Жұртбай

«МӘДЕНИЕТ ҺӘМ ҰЛТ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы № 10 санында (1–5-беттер) жарық көрді. Содан кейін ешқайда басылған емес. Жазушының шығармалар жинағының 50 томдық толық басылымына журналдағы нұсқасы бойынша ұсынылып отыр. Жинаққа дайындаған – Б. Байғалиев.

Мәдениет – адамдардың материалдық және рухани еңбек саласындағы қол жеткізген табыстары мен жетістіктерінің жиынтығы. Ежелгі дәуірдің философтары мәдениетті табиғатпен, моральмен бірлікте қарастырды. Бертінгі ортағасырлық дәуірде «мәдениет теологиясы» деген танымдық ұғым пайда болды. Бұл – рухани таным жаратушымен байланыстырылып қарастырылады деген мағынаны береді. Кейіннен Жан-Жак Руссо (1712–1778), Гельвеций (1715–1771), Шеллинг (1775–1854) іспетті ғұламалар мәдениетті теологиядан (діни танымнан) бөліп алуға тырысты. Шеллинг жеке ұлттық мәдениет пен жалпы адамзат мәдениетін, тарихи біртұтас мәселе деп қарады.

Мәдениет – алғашында адамның табиғатқа ықпал етудің, табиғатты өзіне бағындырудың, көздеген мақсатына жетудің құралы болды. XIX ғасырда тарихшылар мен этнографтар мәдениеттің тарихтағы алатын орнына ерекше көңіл бөлді. Соның нәтижесінде «Мәдениет тарихы» деген пән қалыптасты. Мәдениеттің материалдық және рухани байлықтарды жасаудағы алатын орны әртүрлі кереғар пікір туғызды. Мысалы, мәдениетті тек қана салтанаттың, мейрамның баламасы (синоним) ретінде қараған көзқарас та болды. Мысалы, қазіргі заман мәдениеті философиясының негізін салушылардың бірі Шпенглер (1880–1936) дамудың біртұтас заңдылығын мойындамады. Оның мәдениет пен өркениет арасындағы қарама-қайшылық туралы идеясы – әртүрлі мәдениет бір-біріне әсер етпейді, олар дербес дамиды деген тұжырымға негізделді. Мәдениеттің қоғамды дамытудағы ықпалы ерекше. Алайда өркениет биік сатыға көтерілген сайын, оның адамзатқа тигізетін зияны да көп. «Соғыс қаруларының жетілуі оған дәлел» – деген пікірді ұстанып, оны сынға алып, өкпе артқан

оқымыстылар да болды. Соның бірі осы мақалада аты аталатын XVIII ғасырдағы француздың данышпан утописі, ағартушысы, философ жазушысы Руссо. Ол «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығуы мен негіздері жөніндегі пайымдаулар» деген еңбегінде жоғарыдағы пікірді дәлелдеуге тырысты.

Меншік пен жекеменшіктік әлеуметтік теңсіздікті тудырады деген пікірді алғаш рет Жан-Жак Руссо айтты. Оның пайымдауынша, меншік мемлекеттік меншікті тудырып, саяси-әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді, сөйтіп мемлекеттік үстемдікті қалыптастырады. Егер де ортақ қоғамдық мемлекет орнатып, жоғарғы билікті халық қолына алса ғана ол толық тәуелсіздікке ие болады. Азаматтық ерліктің, еркіндік пен нағыз адамгершіліктің биікке көтерілуіне қызмет еткен мәдениет қана – мәдениет, әйтпесе ол жауыздық пен зұлымдықтың ұясына айналады, барлық қасірет сол мәдениеттің өзінен тарайды – деп пайымдады. Оған мәдениеттің алдыңғы түрі емес, үнемі соңғы түрі басым түсіп жатқан сияқты болып көрінді де тұрды.

Жан-Жак Руссоның мұндай пайымдауларына М. Әуезов қосылмайды, қарсы пікір білдіреді, оның тұжырымдарының дұрыс еместігін сездіре кетеді.

Ол мәдениеттің тарихтағы орны идеалистік-метафизикалық, диалектикалық-материалистік тұрғыдан да қарастырылды. Сондай-ақ «бұқаралық мәдениет» деген ұғымды ұстанушылар да болды. Олар «мәдениетті» бұқара халықтың тұтыну қабілетімен өлшеді, мұның астарында әлеуметтік кемсітушілік бар еді. Адамның табиғатын өзгертіп, оны мәдениетке жеткізетін еңбекті мойындамау – мәдениеттің дамып өркендеуіне кедергі келтірді. Мәдениетін жөнге келтіре білген халықтар ілгері өркениетке қол жеткізді. Мәдениетке сүйенген Еуропа мемлекеттері он жылдың ішінде адам таң қаларлық жетістіктерге жетті. Аспан үсті, жер асты, су беті олардың тәжірибе мекеніне айналды. Бірақ «әлі де болса адамшылық негізі қалыптанбаған», жақсылық жаңалықтарының жаманшылыққа ұштасып кетіп жатқан жерлері бар. Сол жаманшылықтың бірі – соғыс. Ол миллиондаған адамдардың өмірін қиып, миллиардтаған сом қаржыны шығындап отыр. Руссо шошынған мәдениет – осындай «мәдениет» – деген ой қорытады.

Бұл пікірін қазақ өміріне байланыстыра келіп, М. Әуезов: «Жаз жайлау, күз күзеу, қыс қыстауы бар қазақты алсақ, бұның жерінде қыс қоңыр жайлы болса, қыс та, жаз да мал аяқ астынан жем алып, иесінен ешбір еңбек сұрамайды. Осындай күйде тұрған адам шаруама түр қосайыншы», – деп тұрмысы турасынан ешбіреуі ойламайды. Осымен қазіргіден 200–300 жыл бұрын мал баққан қазақты алсақ та

шаруасы бұл күнгісімен бір-ақ түрде, тұрмысы бір-ақ қалыпта. Ақыл, білім, өнері, мәдениеті ұйқысын бұзбай, әуелгі күйінде отыр» – дейді де, назарын тағы да Еуропаға аударады, оны үлгі етеді.

Сондай-ақ адамзат тарихындағы мәдени танымның жаңадан нышан танытып, күш алған социализм туралы да пікір қозғайды. Мәдениеті «ортақ ұлттың сыпаты жоқ, тек әлеуметтік мақсат бірлігі ғана бар», жаңа бір ғана жалаудың астына топтасқан «мәдениетті» – социализм ғылымы мен эсперанто тіліне байланыстырды. Бұл екеуінің де түпкі тамыры бір еді. Онда масондық идея жатқан. Бұл ойын М. Әуезов: «бабы келмеген жұртқа социализм не сый көрсететінін Россия халі көрсетіп отыр», – деп төңкеріс жасалған елдің соншалықты үлгі аларлықтай жағдайда бола бермейтіндігіне мегзейді.

Эсперанто – бүкіл халықтарға ортақ боларлық жасанды тіл. Оның негізгі сөздік қоры – үндіеуропа мен роман тілдерінің көпшілікке таныс сөздерінен жасалды. Сөздердің негізі түбірден тұрады, қосымшалар сұрыпталып қана алынады. Мұндағы 28 әріп латын графикасының фонетикалық принципімен жазылады. Бұл тілді қолдаушылар да, қарсылар да болды. Ескерте кетерлік бір жай, эсперантоның түп тамыры XVIII ғасырда пайда болған, мистикалық салтты ұстанатын діни-философиялық құпия қоғамда жатыр. Олар өздерінің массондық негізгі мақсаты – адамгершілік тәсіл тәрбиені жетілдіру деп түсіндіреді. Саясатта реакцияшыл көзқарастарды жақтайды.

М. Әуезов: мәдениетті елдердің басты нысанасы – «ой ауданын кеңейтіп», әлемді адам ақылына бағындыру. Бірақ ғалымдар тапқан таңғажайып жаңалықтардың өзіне әрбір ғұлама өзінше баға берді. Мысалы: «Эйфель мұнарасы кезінде талайларды таңдандырып, тамсандырды. Бірақ мұндай ескерткіштің жасалуы Лев Толстойды таңдандыра да, таңғалдыра да қоймады, қайта «ақылдылықтың емес, ақымақтықтың жемісі» – деп мансұқ етті. Руссо секілді Толстой да өзгешелеу көзқараста болды – деп келіп мәдениет туралы пікірлердің әрқилы тұжырымдарымен таныстырады.

Мақаланы жазудағы мақсаты XX ғасырдың басында рухани оянуға бет алған туған халқына ең алдымен керегі – тәуелсіздік, одан кейін – мәдениет, ғылым-білім екендігіне назар аудару.

1. 92-бет. **«Күнбатыс Еуропадағы 7 шаршы шақырым жерге 5 миллион халық сығылысып отырған елді алайық»** – Бельгия мен Швейцарияның жер көлемі шағын, халқы да соған шамалас келеді. Осылардың біреуін айтқан болу керек.

2. 93-бет. **«Мәдениет – ылғи дүниежүзіндегі ақтықтың ғана**

ұйытқысы болмады» – Ақтық сөзі тазалық, адалдық, отаншылдық деген мағынаны білдіреді.

3. 93-бет. **Жан-Жак Руссо** – осы мақалаға берілген түсініктемені қараңыз.

4. 93-бет. **«Дүниенің өз беті қисық болған соң, маған не жолмен өкпелесін»** – дейді (анықталмады).

5. 95-бет. **«1915 жылы Америка мен Францияның екі инженері, бірі – Америкада, бірі – Францияда Эйфел мұнарасының басында отырып сөз сөйлесіпті»** – (анықталмады.)

6. 95-бет. **«...күндізгі Күнді, түндегі Ай, жұлдызды мезгілімен керекті жарығын беріп әлпештеп, керекті Күн аспан жарығын толтырып тұрсын деп жаратты – деуші еді»** – Бұл ұғым шамандарда кең тараған.

7. 95-бет. **«Еркелік, қожалық, махаббат, тіршілік адам үшін – деуші еді»** – Бұл буддизм ілімінің негізі Абайдың «Отыз сегізінші» сөзіндегі пікірді дамытып отыр (*Абай. Шығ. 2 томдық толық жинағы. А.: Жазушы, 1955. 2-т. 189–210-бб.*).

8. 95-бет. **«Қазіргі хақиқатты тауып отырған ғылым, мәдениет бұл екі нанымды да мансұқ қылып, теріске шығарып отыр»** – Тірі табиғаттың өсіп-өнуі жайындағы наным-сенімдерді жоққа шығарған Дарвиннің эволюциялық теориясы. Бұл ілімнің негізін салушы ағылшынның табиғат зерттеушісі Чарлз Роберт Дарвин (1809–1882).

9. 95-бет. **«Сол жұлдыздардың һәрбірінің маңында әлденеше жерлер бар деседі»** – Сол кезде астрономия ғылымына енді ғана белгілі бола бастаған Күн мен жұлдыздар жүйесі, планеталардың серіктері, оларда тіршіліктің болуы мүмкін деген болжалдар туралы айтып отыр.

10. 96-бет. **«Ол мақсаттарды көздеп отырған – социализм»** – Бұл арада М. Әуезов социализмнің: өндіріс-құрал жабдықтары қоғамдық меншікке өтеді. Адамды адам қанау жойылады. Халықтың әл-ауқаты көтеріледі, қоғам – әрбір адамның жан-жақты дамуына сай қызмет етеді – деген принциптерін мегзеп отыр.

11. 96-бет. **«Эсперанто тілі»** – осы мақаладағы түсінікті оқыңыз.

12. 97-бет. **«Осы соғысып жатқан Еуропа патшалықтарында болады»** – Бірінші дүниежүзілік соғысқа (1914–1918) қатысқан Австрия–Германия блогын және Англия, Франция, Россия коалициясын айтып отыр.

13. 97-бет. **«Еуропа жұртынан кеміп отырған елу миллион адам»** – 1914 жылы сербтер Австро-Венгрия тағының мұрагері Франц-Фердинандты өлтірді. Осы оқиға бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына себеп болды. Бұл соғысқа 33 мемлекет қатысты.

14. 97-бет. «**Соғысқан патшалықтан шығып отырған екі жүз миллиард шығыны өз бетіне**» – 1919 жылы соғыстың аяқталғаны жөнінде бітімшартқа қол қойылды. Германияның едәуір жерлері бөлініп, Франция, Бельгия, Польшаға берілді. Түркия едәуір жерінен айырылды. Австро-Венгриядан, Чехословакия, Венгрия, Австрия сияқты дербес мемлекеттер бөлініп шықты. Австро-Венгрияның біраз бөлігі қайта құрылған Польша мен Югославия мемлекеттерінің құрамына кірді. Қаржы шығыны да осы тұста белгілі болды.

15. 97-бет. «**Зеңбіректер, тсебиспелиндер, қайықтар, газдар**» – Қару-жарақтың мұндай жетілдірілген түрлерін Германия соғыс кезінде пайдаланды. Англия, Франция, Россия қару-жарак тұрғысынан алғанда өздерінің әлсіздігін танытты.

16. 97-бет. «**Социализмнің ұясы болатын жұрт осыны айта ма?**» – Сөз төңкерістен кейінгі Ресей үкіметі туралы болып отыр.

Т. Әкімов

«ЗЕМСТВО ҺӘМ КООПЕРАТИВ ҚАУЫМДАРЫ»

Мақала «Абай» журналының 1918 жылғы 10-санында жарияланды. Содан кейін қайтып ешқайда басылмаған. Жазушының шығармаларының елу томдық толық басылымына ғалым Бейсенбай Байғалиевтің дайындауымен кіргізіліп отыр. «Абай» журналындағы мақаланың соңына «Мұхтар» деп қол қойған.

1914–1918 жылдардың аралығындағы бірінші дүниежүзілік соғыс пен Ресей империясының ішіндегі азаматтық соғыс халық шаруашылығын қатты күйзеліске ұшыратып, ашаршылық жағдайына алып келді. Ірі өндіріс орындары жабылып, күн көріс қамы қиындап кетті. Әсіресе, ауыл шаруашылығы қатты зардап шекті. Патша тақтан түсіп, уақытша үкімет орнаған соң, жергілікті басқару мекемелері халық тұрмысын жақсартуды, қаржы-қаражат, ақша айналымы, ғылым-білім, денсаулық сақтау мәселесін бір ыңғайға түсіру үшін әр жерде земство – жергілікті басқару мекемесін құрды. Бұл бұрыннан Ресей мемлекетінде (елу жылдан бері) қолданылып келе жатқан, шаруашылықты басқару тәжірибесі жинақталған ұжымдық билік құрылымы болатын. 1913 жылы шілде айының аяғында Орынбор губерниялық земствосы құрылды. Мұның қазақ елі үшін де үлкен әлеуметтік мәні бар еді. Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің тамыз айындағы кезекті санында жарияланған «Земство» атты мақаласында: «Земство мекемелеріне... халық өзіне залал келтірмейтін, пайда келтірерлік адамдарын сайлайды... Земство қолында болатын халықтың тіршілігіне нағыз керекті жұмыстар. Ондай жұмыстар мынау: әуелі... ақшаның билігі земствода болады. Земство әр жылға жұртқа керек жұмысқа смета жасайды, оны раскладкамен бөліп, үлестіреді, жиылған ақшаны орын-орнынша халыққа керек жұмысқа жұмсайды. Орынсыз халықтан тиын алынбайды, алған тиын пайдасыз жоғалмайды. Земствоға берген тиыннан жұрт сомдық пайда көреді... Екінші: халықтың оқу жұмысы земствода болады... Қырдың оқу жайындағы қолайсыз кемшіліктерін толықтырарлық нәрсе – земство. Үшінші: земствоның, көбірек илтифат ететін жұмысы

– халықтың денсаулығы... Әуелі – аурудың халыққа жайылмасына тәртіпті амал жасайды, екінші, ауырған адамның орны жайлы, емдеусіз ешкім қалмасқа тырысады. ... Қандай жұмыстар земствоның қолында болатынын қысқалап-қысқалап айтып, жанап өтеміз. Егін шықпағанда ел астықтан, пішеннен тарықпас үшін кеңнен толғап, келесінің қамы үшін іс қылатын земство. Егін егу, сауда істеу, онан басқа неше түрлі кәсіп қылушыларға көмекші болатын земство... Мал жұтқа шалдықса, малың отқа шалдықса, жылу сұратып телміртпей, шығынды сезгізбей, өндіріп беретін земство. Бұлардан басқа пайдалы істері толып жатыр», – деп жазды. (*Байтұрсынов А. Ақ жол. А.: Жалын, 1991. 126–128-бб.*)

«Қазақ» газетінің маңына топтасқан ұлт көсемдері қазақты кәсіпшілікке тарту үшін земствоға мүше боп кіруге шақырды және үнемі ол туралы түсініктер беріп отырды. 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанның губерния, уезд орталықтарында земство басқармалары құрылып, жергілікті әкімшілікті өз қолдарына алды. Орыс және қазақ земство комитеттері жеке-жеке билік жүргізді. Олар саяси күреске белсене араласпай, тек қана шаруашылық мәселелерімен шұғылдануға ұмтылды. Бұған уақытша үкімет те, Колчак үкіметі де, кеңес өкіметі де, «Алашорда» үкіметі де мүдделі болды. Мұхтар Әуезовтің: «Ел қамына еңбек қылу бұл уақытта екі жікке бөлінді. Бірі... ел қылып қалқитам дейтін саяси қамқорлардың қызметі. Екінші: елдің мұңын ұғып, мұқтажын толтырып, елмен қол ұстасып, еңбекке түсіндіріп, шаруасын, оқуын, өнерін түзеп, іштей жетілтем дейтін земство, кооперативтер жұмысы» – деп атап көрсетуі де сондықтан. 1917–1918 жылдардағы «Алашорда» үкіметінің земство туралы ұстанған бағытын Міржақып Дулатовтың «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 252-санында жарияланған «Земство жайы» атты мақаласындағы: «Қазір біздің облыстарымызда земство ашылып жатыр, кешікпей волостной, уезной һәм обласной земский управолары сайланып, халықтың шаруасын... билігін қолына алғалы тұр. Земствоның істемейтін ісі жоқ, келтірмейтін пайдасы жоқ. Бірақ жалпы жұрт земствоның не нәрсе екенін жақсы білмесе, қандай пайда келтіретінін түсініп іске кіріспесе, земстводан көңілдегідей пайда болмайды, халық бұрынғысынан артық ілгері баспайды. Соның үшін осы бастан земствоның не нәрсе екенін һәм оның қандай пайда келтіретінін жалпы жұртқа түсіндіру қажет» – деген пікірінен толық аңғарылады. (*М. Дулатұлы. Шығармалары. А.: Ғылым, 1996. 2-т. 257-б.*)

Міне, Мұхтар Әуезов ұлт көсемінің сол тапсырмасының үдесінен шыққандай болып земство туралы пікір қозғап, оның қазақ үшін

қандай пайда әкелетінін және оны жүзеге асырудың жолдарын түсіндіріп беруді осы мақаласы арқылы мақсат еткен. Бұл кезде Семей қаласындағы земство жұмысы ерекше жанданып, іске қызу кірісіп жатқан кез еді. Соның нәтижесінде Семей уездік және қалалық кәсіпшілер одағы құрылып, жарғысы бекітіліп, шаруашылық жұмыстарын өзінің қолына алып еді. Қазақ земство комитетін Халел Ғаббасов басқарды. Земствоның оқу-ағарту, баспасөз бағдарламасына орайластыра отырып Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов «Жанар» жастар ұйымы мен «Уақ қарыз серіктігін» құрып, соның қаражатын пайдаланып, «Абай» журналын шығарды.

Мақалада көтерілген басты мәселенің бірі – уақ қарыз серіктігінің қызметін тиімді пайдалану, соның несие көмегіне сүйеніп кәсіпшілікпен айналысу. «Уақ қарыз серіктігі» Ресейде бұрыннан тамыр жайып қалған мемлекеттік ақша айналым жүйесі. Ахмет Байтұрсыновтың анықтамасына жүгінсек: «Уақ қарыз серіктігі» дегеніміз – серіктескен адамдардың қажетін шығаруға (өтеуге – **Т. Ж.**) қарызға ақша беріп тұратын серіктік. Шаруасы бар, кәсібі бар адамдардың көбі-ақ қарызданбай тұрмайды... Уақ қарыз серіктігінің түп мақсаты – серіктескен адамдарға керекті кезінде машақатсыз, оңай жолмен, жеңіл өсіммен қарыз беріп тұрмақ. Ол қарызға берілетін ақша азық-түлік, киім-кешек һәм онан басқа сол сияқты шығыны бар да, өнімі жоқ қажеттерге емес, шыққан ақшадан өнім болатын іске беріледі. Мысалы, егін саларда ...көлігі, ...кұралы, ...шашатын тұқымы, хабары кем боп тұрса, ...қысқасы, шығарған ақшасын өтерлік іс ия кәсіпке беріледі. Уақ қарыз серіктігін ашып, бастау үшін әуелгі кезде 20–30 адам керек. Ол адамдардың әрқайсысы өз алдына шаруасы ия кәсібі бар адамдар болуы тиіс, жасы 21-ден кем болмайды... Іс басталып, жүріп кету үшін қазына мыңнан (сомнан – **Т. Ж.**) бастап, үш мыңға (сомға – **Т. Ж.**) шейін қарыз береді... Бұл ұзын сроқты (13 жылдық) қарыз сомына алты тиын өсіммен беріледі. Ол өсім жыл аяғында, декабрьде төленіп отырады» (*Байтұрсынов А. Ақ жол. А.: Жалын, 1991. 233–235-бб.*)

Дүннежүзілік және азаматтық соғыс тауар айналымын тоқтатып, ақшаның құнын түсіруге, азық-түлік тапшылығының пайда болуына әкеп соқтырды. Сондықтан да земство мен уақ қарыз серіктіктері бұл күйзелістен шығу үшін өнім бермейтін сауда түрлерімен, айырбаспен айналысу үшін ұжымдық шеркет (кооператив) ұйымдастыруды мақұлдады. «Алашорда» үкіметі мұны дамыта түсіп, қазақты сауда ісіне тартуды ойластырды. М. Әуезовтің: «Земство мен кооперативтер егіз нәрселер» – деуі де сондықтан. Земствоның өзінде қаражат тапшы. Уақ қарыз-серіктігіне сүйенуге болмайды, ақша құнсызданып ба-

рады. Енді бұл екеуінің орнын сауда-саттық шеркеттері алмастыруға тиісті болды. Сөйтіп, земстволардың жанынан кооперативтер ашылды. Олар алыс-берістің барлық түрлерімен шұғылданды. Шаруашылықтар мен адамдарды күйзелістен құтқарудың бірден-бір жолы осы елі. Оларға тұтынушылар қоғамы, земстволар, уақ қарыз серіктіктері бақылау жасап, заттың бағасын реттеп отырды. «Земство һәм кооператив қауымдары» атты мақала тіршілікті түзеудің жаңа амал-тәсілін қазақтарға түсіндіру үшін жазылды. Нәтижеге жеткен адамдардың ісін үлгі тұтты.

1. 98-бет. «...земство, кооперативтер жұмысы» – осы мақалаға берілген түсіндірмені оқыңыз.

2. 98-бет. «...Россияның Земствосы мен кооперативтері ... автономияларын алып, өз алдына хукіметтерін шығарып отыр» – земствоның жарғысы бойынша әрбір губерниялық, облыстық, қалалық земстволар өзінің қаржы-қарыз, іс-әрекет саясатын дербес жүргізген. Құрылтайшылар мен сайлаушылардың шешіміне ғана бағынған. Үкіметке бағынбаған.

3. 98-бет. «Орыстың ұлтшыл таптары... Россия осындай облыстар автономиясынан құрылсын дейді» – Уақытша үкімет пен кеңес өкіметі республикалық, ұлттық деңгейдегі земство ұйымын құруға қарсы болды. Олар: ұлттық белгіге қарап құрылған земстволар мен уақ қарыз серіктіктері, кооперативтер экономикалық жағынан күшейіп, мемлекеттің қарауынан шығып кеткеннен кейін жеке-жеке мемлекетке бөлініп кетуі мүмкін деп қауіптенді. Сондықтан да оларды үнемі мемлекеттің қатаң бақылауына алды. Ерік бермеді.

4. 99-бет. «больница салу» – аурухана, емхана салу.

5. 99-бет. «Бұл ұйымдар жұрттың ғазиз атасы мен анасы» – ғазиз – араб сөзі, адал, аяулы, шын сүйген қамқоры деген мағына береді.

6. 99-бет. «Пұлды елден алым қылып алуға болар еді» – алым-салықты айтып отыр.

7. 99-бет. Алаш қаласы – қазіргі Семей қаласы, «Алашорда» халық кеңесінің 1917 жылғы желтоқсандағы Бүкілқазақтық екінші құрылтайындағы шешімін неғұрлым тез жүзеге асыру үшін «Алашорданың» батыс және шығыс бөлімшесі құрылған болатын. Шығыс бөлімшесінің орталығы Семей қаласы болды. Семейдің Сарыарқа жағына орналасқан бөлігін Алаш қаласы деп жариялады. Қазір Жаңа Семей деп аталады.

8. 99-бет. «...әрі сортысы жаман болады» – сорты, сапасы жаман болады дегенді білдіреді.

9. 99-бет. «...айырбас жасау үшін ол жақтың шөлдеп отырған

нәрсесі қазақтың шикі малы екен» – шикізаты, тауары керек екен деген ұғымда қолданылып отыр.

10. 100-бет. **«...күншығысқа кісі жіберіп отыр»** – 1918 жылы көкек айында Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсынов, Райымжан Марсеков бастатқан «Алашорда» қайраткерлері Қытайдың шекарадағы қаласы Шәуешекке барып, сауда қарым-қатынасын жасау туралы келісім жүргізген.

11. 100-бет. **«частный саудагер»** – жеке саудагер, земство мен уақ қарыз серіктігінің, кооперативтің мүшесі емес дегенді білдіреді.

12. 100-бет. **«һарқашан потребительный обществолар»** – тұтынушылар қоғамы. Сатылған бұйымның бағасын бақылап, реттеп отыру үшін әрбір қалада осындай қоғамдар құрылды. Оның мүшелері жарна төлеп тұрды.

13. 100-бет. **«Закуп сбыть»** – барлық бұйымдар мен шикізатты бір араға жиып, оның бағасын белгілеп, қайда жіберетінін шешетін, кімнен, қайдан не алу керектігін реттейтін сауда мекемесі. Ол алпауыттық сипатта әрекет етті.

14. 101-бет. **«Инструктор»** – нұсқаушы, сауда қызметкері. Бұл арада земство мен уақ қарыз серіктігінің, кооперативтің саудасын ұйымдастырушы деген ұғымда қолданылып отыр.

Т. Жұртбай

«ЕСКЕРУ КЕРЕК»

Мақала Қызылжар қаласында 1918–1919 жылдары шығып тұрған «Жас азамат» газетінің 1918 жылғы 15 қазандағы 7–8-сандарында жарияланды. Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 11-томында (А., 1969. 14–17-бб.) жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томында (А., 1984. 23–27-бб.) қайталап басылды. М. Әуезовтің шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына «Жас азаматтағы» алғашқы нұсқасы бойынша ұсынылып отыр.

1917 жылғы ақпан төңкерісі Ресей империясының бодандығында өмір сүрген отар ұлттардың азаттық рухын оятты. Қазақ елінің оқыған зиялылары да «Алаш» ұлттық саяси партиясын құрып, дербес автономия алу үшін күресті. Бұл қозғалысқа жастар да белсене араласты. 1917–1920 жылдардың арасында Қазақстанда құрылған жастар ұйымының саны жиырмадан асты. Соның ішіндегі астыртын күрес тәжірибесін жинақтаған, 1914 жылдан бастап Омбы қаласында жұмыс істей бастаған ұйым – «Бірлік» болатын. Оған С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, Қ. Кемеңгеров, М. Жұмабаев, Ғ. Мурзин, Г. Досымбекова, А. Байділдин, т. б. мүше болды. «Алашорда» халық кеңесі «Бірлік» ұйымының бағдарын қолдады. 1918 жылы 5–11 мамыр арасында жалпы қазақ жастарының бірінші құрылтайы өтті. Оны ұйымдастырған осы «Бірлік» ұйымы еді. Құрылтайдың шешімі бойынша «Бірлік» ұйымы – «Жас азамат» болып өзгеріп, бүкілқазақтық жастар ұйымы деп жарияланды. «Жас азамат» атты газет шығаруды қолға алды. Мұхтар Әуезов осы құрылтайға Семей жастарының өкілі ретінде қатысып, сөз сөйледі. «Жас азаматтың» орталық комитетінің мүшесі боп сайланды. «Ескеру керек» деген мақаласы сол құрылтайда сөйлеген сөзінің кеңейтілген нұсқасы еді.

Жастар құрылтайында ағымдағы саяси қозғалыстарға баға берілді. Қазақ қоғамының даму бағыты талқыланды. Өкілдердің пікірі екіге бөлінді. Бірі – «Алашорданың» ұлттық-тәуелсіздік бағытын қостап, дамудың жапондық жолымен жүру керек – дегенді нысана етіп ұстанды. Екінші топ – большевиктік әлеуметтік теңдікті

желеу ете отырып, социализмнің бағытын жақтады. Өкілдердің барлығы да әлеуметтік теңдіктің болу керектігін, ұлттық даму жолын таңдағанда тектік және рулық жікке бөлінбейтін, біртұтас ұлттық қоғам құруға мүмкіндік беретін ұлттық даму жолын таңдау қажеттігін айтты. «Жас азамат» ұйымы мен «Жас азамат» газеті осы идеяны негізгі нысана етіп алды. Мұхтар Әуезов те осы пікірді ұстанды. Оны мақаланың мазмұнынан анық байқауға болады. Дәл осы рухта жазылған Қошқе Кемеңгеровтің «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» атты «Жас азаматтың» 1918 жылғы 30 шілде күнгі 1-санында жарияланып еді. Мұхтар сол пікірді қостап отыр.

Жастардың құрылтайында: қазақ ұлтының оқығандарының екіге бөлінуін қатты сынға алды және социализмнің идеясына мойынсына отырып, оны қазақ еліне жат деп бағалады. Мысалы, Қ. Кемеңгеров: «Біздің қазақ оқығандарынан да әсер де, ездік те, халықшыл да, республикан да, тағы басқалары шықты. Партияның азғыны – большевик партиясына кіргендер де болды. Күні кеше ұлтым деп жүргендер жалпы социализмге атсалысып, коммунист болып кетті. Орыс не күйге түссе – қазақ та сол күйге түседі... Жиырмасыншы ғасырдың социализмі (жалпы дүниенің ақыл, сезімі ер жетпегендіктен) адамшылықты, мәдениетті, ұлтшылдықты қорытатындарға большевик тәжірибесі көрсетіп отыр. Адамзаттың жайын нәпсісі жоғалмай, социализм таңы атпайтынына иман келтіру керек... Түбінде, қазақтан капиталистер шыққанда, фабрик-зауыт көбейгенде, тұрмыстың өзін де тап-тапқа бөлер, оған шейін социализм күйін күйлемей-ақ тұра тұрайық» – деген пікір білдірді. (*Кемеңгерұлы Қ. Таңдамалы. А.: Қазақстан, 1996. 151-б.*) «Ескеру керек» мақаласында М. Әуезов те осы тұжырымды қостап: «Қазақтың қазіргі қалпында жұрт еңбекті, еңбексізге бөлініп, біреу – еңбек жеуші, біреу – жегізуші болып әлі айқындалып шыққан жоқ. Біздің жұртта: біреу – табанын жер тесіп, маңдайын күн тесіп, арқасын ауыр жүк тесіп жүргенде, біреу – байлықтың, дүниенің алғы рахатына көміліп отырған жоқ. Бұл мәдениетті жұрттың ауруы. Біз мұндай аурумен ауыра алатын күйге жеткеміз жоқ. Осы себептен бізден социализм әзір алыс. Бізде бұл күнде адамшылық алдында жүзі жарқын, иман жүзді социализм емес, басқа түрі, бықсыған ескіден жиылған бір дерт бар. Ол – ата, ру-тап бөлісі», – деп жазады.

Демек, Бүкілқазақтық жастар құрылтайы: қазақ қоғамына социализм орнатудың қажеттігі жоқ. Оған еліміз дайын емес. Мұны тандасaq – ұлтымыз бай, кедей боп екіге бөлінеді. Екіншіден, халық сөзсіз апатқа ұшырайды – деген мәмілеге келген. Қазақ қоғамы әлеуметтік теңдікке негізделген, біртұтас ұлттық бірлікті сақтап:

«Жапонияның жолымен жүріп, бірлік-берекеден айырылмай, ұлтшылдықты сақтау керек. «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» – деген аталарымыздың алтын мақалын естерімізден шығармайық» – деп бәтуаласқан (*Қеменгерұлы Қ. сонда, 151-б.*). М. Әуезов те: «Ендігі халық болуымызға ұйытқы болатын нәрсе – құрыш құрсаулы әділ, қатал билік. Ендігі хакімнің алдында нашар да, жуан да теңшілікте болып, белгілі негізге құрылған закон болмаса, жуан атаның еркі ел ішіне жүрмеуі керек. Әлі де жуан ата билеп, төстеп, қадірлі болатын болса – автономия деген, бөлектік дегеннің бәрі де сырты бүтін, іші түтіннің ісі болады... Биылғы жастар съезінің қаулысындағы: Николай заманында іс басына мінгендер, енді ел ішіндегі кісілікке сайланбасын – деген қаулы осы негізге тірелетін. Бұл халды әркім де ескеру керек» – деп түйіндейді пікірін.

Бұған қарап, М. Әуезов өзінің «Ескеру керек» атты бұл мақаласын «Жас азамат» жастар ұйымы мен «Жас азамат» газетінің ұстанған бағытын қолдап, соған пікір білдіру үшін жазған деуге толық негіз бар.

1. 102-бет. **«...қазақ даласын әлденеше ұказ сайқалдап шықты»** – бұл арада қазақ даласына билік жүргізу жөніндегі 1822 және 1868 жылдардағы патша жарлығын айтып отыр. Ол жарлықты қазақтар «Бірінші низам», «Екінші низам» – деп атаған. Низам – ереже, заң.

2. 104-бет. **«...қай жерде болсын әреке»** – айтыс-тартыс, берекесіздік, алауыздық.

3. 104-бет. **«Мен закон қуаты қолымда тұрған кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды – деген кісінің тілін кесер едім»** – Абайдың «Отыз жетінші сөзінен алынған (*Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. А.: Жазушы, 1996. 2-т. 188-б.*). Түпнұсқа: «Мен егер» – деп басталады. Мақалада «егер» деген сөз түсіп қалған.

4. 105-бет. **«Хакімнің»** – әкімнің.

5. 106-бет. **«Биылғы жастар съезінің қаулысындағы»** – 1918 жылы 5–13 мамыр аралығында Омбы қаласында өткен Жалпы қазақ жастарының құрылтайын айтып отыр. Толық мағлұматты осы басылымдағы «Жастар ұйымдарына ашық хат», «Бірінші жалпы жастар съезі» атты мақалаларға берілген түсініктен қараңыз.

Т. Әкімов

«ОҚУ ІСІ»

Мұхтар Әуезовтің бұл мақаласы «Абай» журналының 1918 жылғы 11-санының 2–3-беттерінде жарияланды. Мақаланың соңына «Мұхтар» деп қол қойған. М. Әуезовтің он екі томдық басылымына енбеген, жиырма томдық шығармалар жинағының 15-томында (*А.: Жазушы, 1984. 19–23-бб.*) едәуір қысқартулармен басылды. Екі басылымдағы нұсқалар текстологиялық салыстырудан өтті. Қысқартылған тұстары қалпына келтіріліп, жазушының шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына ұсынылып отыр. Текстологиялық салыстыруды жүргізгендер – Б. Байғалиев пен С. Жұртбаев.

Жиырма томдықтағы басылымға енбей қалған текстер: «Бұл күнгі біздің үстіміздегі заман алып ұшқан ұшы-қиыры жоқ көп қаулының заманы. Барлық Россиядағы һәртүрлі ұйымның канцеляры, шығып отырған газет-журналдардың беті толған мұң-мұқтажы, бар жұртты қарық қылып жатқан неше түрлі қаулы. Жұрт басшылары Россияның ішіндегі жыртық-тесік, кем-кетігі парызы жоқ қаулымен тығындап-ақ жатыр. Жалғыз-ақ бүгінгі тіршілігінің корегін бер деп жаланған елдің алдабайға жаратпай дікілдеп отырғаны болмаса, қаулы иесі, бұқара бір нәрсені тілек қылғанда саясатты сылтау қылады. Бұқара басшысы бір нәрсені тілек қылса күйсіздігін сылтау қылып, қыңырлыққа салады. Осымен орыс басшысы мен бұқарасының арасындағы береке түлкі мен тырнаның қонақ асындай күйде тұр.

«Саясатың құрысын» деп екі құлағына мақта тығып алған орыс бұқарасы Россияның ішіндегі өзгерістің бәріне жайымен қарап: «Бірің өл де, бірің қал» – деп үйінде отыр. Бұл осы күндегі орыс басындағы күй.

Құдайға шүкір, біздің бұқарамыз әзір бұл күйден аман. Біздің еліміз орысты елдіктен айырып бара жатқан берекесіздікке: «Бізден аулақ, таздың үйіне бар» – деп, ел болатығұнының белгісін көрсетіп, талпынып отыр. Бірақ жалпақ Россияның қаулыдан асып іске аяқ баса алмай жүрген ауруы бізді де ала тастап кетіп отырған жоқ. Рас,

оқығанының аздығына, күшіміздің шағындығына қарағанда, саясат деген нәрсе біздей жұрттың бар күшін басқа жаққа бұрғызбайтын батпандаған ауыр жүк екені шын. Бірақ жауырды жаба тоқығанмен елдің негізі ірге теуіп нығая алмайды» (*Абай. 1918. № 11. 3-б.*). «Саясат өзге жолға оқығанның күшін бөлгізбесе де, оқу жолына мойын бұрғызбауы зор қиянат» (15-бет).

Мақалада көтеріп отырған мәселенің ең негізгісі – ұлт мектептерін ашып, онда оқытудың заманына лайықталған бағдарламасын жасау. (Оқу-ағарту жүйесіндегі көзқарастар туралы толық мағлұматты осы басылымдағы «Қайсысын қолданамыз?» атты мақалаға берілген түсініктен қараңыз. – Ред.).

Қазақ арасындағы мұсылманша оқығандардың көпшілігінің буындары қатайып, жаңа оқу жүйесіне онша икемділік танытпады. Сондықтан да оларды арнайы курстардан өткізіп тұру қажеттілігі туды. М. Әуезов те ғылыми ағарту саласындағы оқу жүйесінің Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов тағы да басқалар ұстанған еуропалық бағытын қолдады. Ол оқыту ісіндегі сол тұстарда кездесіп отырған қиындықтардан құтылудың мынадай жолдарын ұсынды: бірінші – оқытудың бағдарламасын жасап, оқу құралдарын жетілдіру және басқа қызметтерде жүрген оқытуға икемі бар зиялыларды осы іске тарту, мектеп бітіргендерді жоғары оқу орындарына жіберу; екінші – басқа сала бойынша білім алғандар мен мұсылманша оқығандарға арнап арнайы курстар ашу, үшінші – кітаптар мен газет-журналдарды көмекші құрал ретінде пайдалану, кітапханалар мен театр (үлгілі ойын) үйірмелерін ашу.

Мұхтар Әуезовтің өзі де Семейдің оқытушылар семинариясында оқып жүрген жылдарында (1916–1917) Шаған болысының Молдабай ауылында, кейін «Абай жолы» эпопеясының ең көркем, ең әсерлі бейнелерінің біріне айналған Тоғжан ұзатылған елде бала оқытты, сол кезде Молдабайдың Мұсатайы бөрінің бөлтірігін асырап, оған қасқыр алғызбақ болады, бірақ бөлтірік есейген соң қорадағы малға шауып, қозы бағып жүрген баланы талайды. Бұл оқиға кейін М. Әуезовтің «Көксерек» атты шығармасына арқау болды.

Өзінің бұл ұсынысында ол театр (үлгілі ойын) туралы айтып отыр. М. Әуезовтің өзі 1917 жылы «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып, Ойқұдықта отырған Абай аулында киіз үйде сахнада қою арқылы өзгеге үлгі көрсеткен еді. Осындай-осындай сауық кештерден басталған ойын үлгілері Семейдегі «Жанар», «Ес – Аймақ» деп аталатын драмалық труппаға жалғасты. Қазақ өнерінің белгілі шеберлері Әміре Қашаубаев (1888–1934), Иса Байзақов (1900–1946), Жұмат

Шанин (1892–1938), Қали Байжанов (1877–1966), Жүсіпбек Елебеков (1904–1977) өздерінің өнер жолдарын осы труппадан бастады.

1. 108-бет. **«Оқу ісін басқаратын облыстық, уездік земстволар бар»** – Земство деген алғаш Россияда 1864 жылы енгізілген жергілікті басқару, мекемелендіру жүйесі. Бұл құрылым самодержавиенің отарлау саясатын жүзеге асыруға қызмет етті. Уақытша үкіметтің тұсында – 1917–1918 жылдары жергілікті билік осы земстволардың қолында болды.

2. 108-бет. **«5 кісілік оқу комиссиясы бар»** – 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынбор қаласында өткен Бүкілқазақтық құрылтайдағы «Алашорда» кеңесінің шешімі бойынша бүкіл қазақ мектептеріне ортақ: «Оқулықтарды құрастыру комиссиясының құрамы бекітілді. Олар: 1. Ахмет Байтұрсынов. 2. Мағжан Жұмабаев, 3. Елдес Омаров. 4. Биыхмет Сәрсенов және 5. Телжан Шонанов» (*ҚР МА. 170-ерекше қор, 1-тізім, 1-іс, 1-4-б.*). М. Әуезов мақалада осы комиссияны айтып отыр. Ахмет Байтұрсынов (1873–1937) – «Алаш» партиясының, «Алашорда» халықтық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің ұлттық көсемі, қазақ мектептері мен жоғары оқу орындарына арналған ұлттық бағдарламаны жасаушы, қазақ тілі ғылымының негізін қалаушы, грамматика, емле, орфография заңдылықтарын ашып, ғылыми атауларды қалыптастырған, түркітану ғылымындағы жаңашыл ірі тұлға. «Әліппе», «Тіл құралы». 1-бөлім. «Фонетика», «Тіл құралы». 2-бөлім. «Морфология», «Тіл құралы. 3-бөлім. Синтаксис», «Әдебиет танытқыш», «Баяншы», методикалық жазбалар, «Тіл жұмсар, 1-бөлім. Практикалық грамматика», «Тіл жұмсар, 2-бөлім. Практикалық грамматика», «Оқу құрал»; балалар әліппесі, «Әліппе – астар»; әліппеге методикалық нұсқау, «Қырық мысал», «Маса» атты еңбектердің авторы.

Мағжан Жұмабаев (1893–1938) – ХХ ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген, қазақтың поэзиясына еуропалық үрдіс-дәстүрді енгізген ұлы ақын. «Шолпан», «Өлеңдер», «Батыр Баян», «Қойлыбайдың қобызы», «Қорқыт», «Тоқсанның тобы», «Шолпанның күнәсі» атты көркем шығармалардың, «Педагогика» оқулығының авторы.

Елдес Омаров (1892–1937) – Қостанай уезінің 13 аулында туған. 1911 жылы Орынбордағы қазақ мұғалімдер мектебін бітірген. 1911–1916 жылдары ауылда мұғалім болған. 1916–1919 жылдары «Алаш» қозғалысына белсене қатысты, «Алашорданың» оқу-ағарту жөніндегі үкімет комиссиясының мүшесі, «Алаш» атты әскерінің саяси жетекшісі, 1920–1927 жылдардың арасында Қазақ АССР оқу ағарту комиссариатында істеді, Қазақ педагогикалық институтында

сабақ берді. 1927–1930 жылдардың арасында «Алашорда» үкіметінің мүшесі ретінде түрмеге камалып, 10 жылға кесіледі. Өмірінің соңында бостандыққа шығып, Қазақ университетінде, медицина институтында дәріс берді. 1937 жылы 1 желтоқсан күні ұсталады. Физика, геометрия, есеп, математика ілімі саласындағы қазақша терминдерді қалыптастырған, алғашқы оқулықтарды жазған ғалым-педагог. Сондай-ақ саясат, ұлт мәселесі, ғылым туралы мақалалардың авторы.

Биахмет Сәрсенов (1885–1921) – бұрынғы Семей уезі Нарын болысында (қазіргі Ақсуат ауданында) туған. 1909 жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірген. «Алашорда» халық кеңесінің оқулықтар жөніндегі комиссиясының мүшесі, «Сарыарқа» газетінде «Автономия кеңесі», «Біріккен елде береке», «Азық-түлік», т. б. мақалалары жарияланған. Кеңес өкіметі орнаған соң оқу-ағарту комиссариатының бірінші орынбасары (төрағасы А. Байтұрсынов) болып қызмет істеген. 1921 жылы Орынбор қаласында 17 шілде күні оба ауруынан қайтыс болған. Ол туралы көңіл айтулар сол кездегі баспасөздерде жарияланды.

Телжан Омаров (1894–1938) – Ол қазақ оқу-ағарту саласындағы алғашқы қайраткерлердің бірі, А. Байтұрсыновтың серіктес шәкірті. Қазақ тілінің емлесі, тіл дамыту, оқыту әдістемесі туралы еңбектерін жазған. «Қазақ жер мәселесі тарихы» (1926) атты зерттеу еңбегінің авторы.

3. 108-бет. **«Біз де жыртық-тесігімізді қаулының»** – Уақытша үкіметтің іске асырылмай қалған пәрменсіз қаулылары туралы айтып отыр.

4. 108-бет. **«Қазіргі оқу жолындағы бірінші мақсатымыз ұлт мектептерін ашу (национализация школ)»** – Бұл арада М. Әуезов «Алаш» партиясының 1917 жылы 21 қараша күні «Қазақ» газетінде жарияланған саяси бағдарламасын мегзеп отыр. Бағдарламаның 9-бабында: «Халық ағарту ісі жалпыға бірдей ортақ болуы тиіс. Барлық оқу орындарындағы дәріс тегін өтілуі тиіс. Бастауыш мектептердегі сабақ ана тілінде жүргізілуі керек. Қазақтардың дербес орта және жоғары оқу орындары университеттік сатыға дейінгі болуы тиіс. Мектептер дербес өмір сүруі керек, үкімет мектептің ішкі істеріне араласпауы керек. Барлық мұғалімдер мен профессорлар сайланып қойылады. Жергілікті жерлердегі сабақтар арнайы там үйде өтуі керек», – деп жазылған. (*ҚР МА, 170-ерекше қор, 1-мізім, 1-іс, 4-бет*).

5. 108-бет. **«Бастауыш мектептерде оқытатын қазақ әдебиеті мен есептен басқа пәндердің бірде-бірінің қазақ тілінде кітабы жоқ»** – Ахмет Байтұрсыновтың 1917 жылғы төңкеріске дейінгі

жарық көрген бастауыш мектептерге арналған «Әліппе», «Есеп» оқулықтарын айтып отыр.

6. 108-бет. **«Әлде кешегі «Мұхтасар» оқыған»** – «Мұхтасар» мұсылман мектептері мен медреселерінің, жоғары басқышында оқылатын оқулық. Оған дейін «Иман шарт», «Әптиек», «Қырық хадис», «Шүритиссалат», «Фихкайдани», «Тағлимүссалат», «Тұхфатул-мүлк», «Наху-сарф», «Бидан» сияқты оқу сатыларынан өтуі тиіс.

7. 109-бет. **«Тәрбие ғылымын (педагогика) оқып көрмегендер»** – мақала иесі бұл арада қазақ мектептеріндегі дәріс оқытудың ортақ әдістемелік-методикалық жүйесінің жасалмағандығын айтып отыр. Россия мен шығыстық бағыттағы оқу жүйесінің тәсілдері мен оқылатын пәндерінің арасында үлкен айырмашылықтар бар болатын. Соны бір жүйеге түсіруді ұсынады.

8. 109-бет. **«Оқыту ісінің жолымен (дидактический методпен)»** – ол кезде қазақ мектептеріне арналған қосымша оқу құралдары мен ортақ бағдарлама жоқ болатын. Мақалада: әрбір пәнді бір-бірімен сабақтастыра жүргізу, сол пәннің толық негізін түсіндіру, ғылыми тіл (термин) мен теориялық түсініктерді, түрлі ережелердің анықтауын бір ізге түсіру мәселелері қозғалады.

9. 109-бет. **«Міне, курстар халі осы»** – Бұл арада Россия оқу жүйесіне негізделген мектептер мен гимназияларда, семинарияларда оқыған және Бұқара, Самарқан, Стамбул, т. б. қалаларда шығыстық оқу сатысы бойынша білім алып келген мұғалімдердің басын қосып, оларды ортақ оқу бағдарламасымен таныстыру үшін ашылған үш айлық курстың қызметін талдап, пікір білдіріп отыр.

10. 110-бет. **«Оқу бөліміндегі бес кісілік оқу комиссиясы»** – Бұл туралы осы мақаладағы 3-түсініктемені қараңыз.

11. 110-бет. **1) Халыққа қысқаша, лекция... газет-журналдар оқып түсіндірудің жөні, 2) ел арасында кітапхана ашудың жөні, 3) театр (үлгілі ойын)»** – арнайы оқу құралдарымен қосымша құралдар тапшы болғандықтан да М. Әуезов халықтың оқу білімге деген ықыласын аудару үшін және мәдениеттің түрлі саласынан хабардар етіп, көпшілікке түсіндіру үшін дәріс жүргізу барысында осындай мәдени-ағарту жұмысын қоса жүргізуді ұсынады. М. Әуезовтің өзі де бұл мәселеге ерекше көңіл бөліп, соның жүзеге асуына ұйытқы болды. Мысалы, Семей қаласындағы қызметкерлер, мұғалімдер, педтехникумның жоғары курсына оқитын студент-жастар «Қазақтың мәдени-ағарту үйірмесін» құрды. Соның негізінде қатысушылар «Жанар», «Ес- Аймақ» деп аталатын «ойын-сауық», «ойын» үйірмелерін ашты.

12. 111-бет. **«...биылғы жазда Томскінің губернский зем-**

ствосы ашып, студенттер һәм басқа неше түрлі халық ішіне барып қызмет қыламын деген адамдар оқып шықты» – «Алаш» партиясының оқу-ағарту жөніндегі бағдарламасына байланысты және әртүрлі салада білім алып шыққан мамандарды оқу құралдарын жазып, мектептерде сабақ беруге ыңғайлап (мысалы, химия, биология, физика, астрономия, анатомия, т. б. пәндер бойынша), ортақ бағдарлама жасап, пәндерді өзара үйлестіру үшін үш айлық курстар ашу ісі қолға алынды. Орынбор, Омбы, Түмен, Троицкі, Қазан қалаларындағы қазақ оқығандары мен шәкірттері үшін осындай курс 1918 жылы Томскі қаласында ашылды. Сол кездегі аумалы-төкпелі саяси жағдай мен азамат соғысының кесірінен курс өз жұмысын одан әрі жалғастыра алмады. Мұндай курстар кейін Семей, Орынбор, Ташкент қалаларында ашылды.

*Т. Жұртбай,
Т. Әкімов*

«ӨЛІП ТАУСЫЛУ ҚАУП»

Мақала 1918 жылғы «Абай» журналының 12-санында жарияланды. Одан кейін ғалым Бейсенбай Байғалиев 1992 жылдан бастап қайта шыға бастаған «Абай» журналының 1992 жылғы 4-санында (134-36-бет) қайта бастырды. Журнал бұған дейін осы тақырыпты қозғайтын Жүсіпбек Аймауытұлының бас мақаласын, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Шын бактың айнасы» және Мәннен Тұрғанбаевтың «Ұлтшылдық» туралы пікірлері мен Міржақып Дулатұлының «Алашқа» деген мақаласын жариялаған болатын. М. Әуезовтің осы мақаласы алғашқы басылымымен салыстырылып, толық шығармалар жинағының елу томдық басылымына алғаш рет енгізіліп отыр. Бұл мақаладан жазушының екі түрлі көзқарасы: бірінші – отаршылдық жүйеге қарсы; екінші – шоқындыру және орыстандыру саясатының бұратана ұлттарға тигізген рухани кесір-кесепаты бұрын Еуропаға белгісіз болып келген жерлерді отарлау жүйесі XV ғасырда басталды, ал кейінгі ғасырларда ол асқан қомағайлықпен, қатыгездікпен жүргізілді. Мысалы, испандар мен португалдар Оңтүстік Америкадағы өзіндік мәдениеті бар үндіс мемлекеттерін түбірімен жойып жіберді. Ағылшындар мен француздар да өздерінің отарлап алған жерлеріне соның кебін кигізді. Россия империясы да бұл іске құныға кірісті: қырып-жою, қорлау, кемсіту, зорлық-зомбылық көрсету жағынан олардан асып түспесе осалдық, босандық танытқан жоқ. Америкадағы үндістер қалай қудаланса, қандай қатыгездік пен қырғынға ұшыраса Аляскі тұрғындарына жасаған Ресейдің тазалау әрекеттері тура дәл сондай жантүршігерлік сипатта болды. Сібірдегі қаншама аз санды ұлттарды ұлттық қасиетінен айырып, жоқ етіп жіберді: зорлап шоқындырды, аты-жөндеріне дейін өзгерттірді. XX ғасырдың басында Россия қоластына қараған 200-ден астам ұлттан отаршылдық пен түп-тұқиянымен жою саясатының кесірінен 100-ден аса ұлт жойылып кетті. Қазақ халқы да 1731 жылы Ресей империясының бодандық ноктасын басына киді. Анна Ивановнаға жазылған Әбілқайыр ханның астыртын хаты мен

шоқынған көпес А. И. Тевкелев жазған жалған хат (Әбілқайыр ақ қағазға мөрін басқан) қазақ елін 260 жылға созылған басыбайлылыққа алып келді. Егер де қол қойылған болса, исі қазақ ұлты Ресейге өз еркімен қосылса онда ұлт-азаттық көтерілісі мен Қазақстанның қалған бөліктерінің Россия қол астына қарау кезеңі жүз елу жылға созылмас еді. Мұнда отарлау саясатынан басқа еш нәрсе жоқ.

Отарлау жүйесінің басты мақсаты – бодан елдерді әскери, саяси, экономикалық және рухани кіріптарлыққа ұшырату, түптің түбінде ұлттық санасы мен рухын өшіріп, мүлдем жойып жіберу. Осындай күйді басынан кешіп, құрып-бітуге айналған ұлтының басындағы қасіретті сезінген М. Әуезов осы мақаланы ашына отырып жазуға мәжбүр болған. Мақалада М. Әуезов: империялық отарлау саясатының кесірінен қазақтар туған жерінен ысырылып, тұрмысқа, өмір сүруге, мал жайылымына қолайсыз қуық түкпірлерге қуылды. Келімсектерге (орыс мұжықтары мен шаруаларға) бос жерлер емес, қазақтардың жайлы қоныстары тартып әперілді. Осыған душар болған солтүстіктегі аз ұлттар бұрынғыдай балығын, аңын аулап еркін тіршілік етуден қалды, қажып-талды. Мұң басты, өмірлері қысқарды, ақыры азая-азая ұлттық қасиетінің қайда қалғанын білмей де қалды. Орыс патшалығының қоластындағы сол бір ұлттар дінінен, дәстүр-салтынан айырылып, азып-тозып кетті. Дәл сондай халге жетпегенмен қазақтың да жақсы қоныс, жақсы жайлауларынан айырылуы жылдан-жылға үдеп, ұлғайып барады. Сөйте-сөйте әлгілердің кебін киетіні хақ; бұларды елемей, бұларды ескермей, бұларды түсінбей ұлтты жарға жығу болып табылар еді, ол кешірілместей күнә болар еді – деген пікірді қозғады.

Мұның барлығы қазақ ұлтының арасына табиғи қауіп-қатер туғызды. Ашаршылық пен жұтты және өзге де табиғи шығындарды есептемегеннің өзінде, бейбіт отырған аймақтардағы өлімнің мөлшері өлшеусіз көбейіп кетті. М. Әуезов: «Арасында ауруы жоқ, әрі өсімтал мұжықтың өсімі мұндайлық шабан болғанда не өсімтал емес, әрі арасынан ауру арылмайтын қазақ халқы өліп таусылады деуге әбден болады» – деп қауіп білдірсе, оны дәлелсіз пікір деуге болмайтын. Шындықтың өзі соны мойындататын.

Мейлі, қандай империя болмасын, бағынышты елді бөтен ниет ойлатпай, бөтен тілек тілетпей бұғаулап ұстауға тырысады. Сол бұғауға маталып, рухани тұрғыдан тұншығып өлуге сәл-сәл қалған қазақ жұртын осындай тығырықтан шығарудың жолдарын қарастыру – ел қамқорымын дейтін әрбір азаматтың парызы, әрбір зиялының үлкен міндеті, азаматтығымыз үшін сын. Ес жиып, шара қолданбаса өсім азайып, өлім көбейе береді, ол үшін отырықшылыққа

көшу мәселесінің саясаты анықталып, жөн-жобасы шешілуі тиіс. Өйткені отырықшылыққа көшкен елдердің хал-жағдайлары көшіп-қонушыларға карағанда тәуірірек. Олар егіншілікке, ұсақ кәсіпшілікке сүйеніп, тұрмысын түзейді – деген ұсыныс айтты жазушы.

Бұл мақалада шоқындыру мәселесіне де ерекше тоқталды. Бұл нысана кейін «Абай жолы» эпопеясында үлкен оқиға арқауына айналды. Оны романның үшінші кітабындағы ақын басындағы жай-күйлермен байланыстыра суреттеді. Қарамолда сиязына келген генерал-губернатор шоқындыру, орыстандыру саясатын қыр еліндегі бедел-ықпалы күшті Абайдың араласуымен жүргізбек болды. Генерал-губернатор христиан дінін, соның ішінде, оның православиелік бағытын барынша мақтап, көтермелеп сөйлейді. Қазақ даласы сияқты Россияның қарамағына жататын Сібірдің бұратана елдері өз діндерін тастап, шоқынұға бет бұрғандарын, Якут облысы мен Батыс Сібір губернияларында, Барабын, Минуссин татарлары арасында миссионерлердің үлкен үгіттік істер жүргізгенін, мысалға, Қазанда Н. И. Ильминский (1822–1892), Омскіде А. Е. Алекторов (1861–1918), Түркістанда Н. П. Остроумовтар «ізгілікті іс атқарғандары үшін» ең жоғарғы мәртебеліден алғыс алғандарын әңгімелеп өтеді. Және христиандықты қабылдағандар ислам дініндегілерге карағанда тез өсетінін, бақытқа тез кенелетінін баяндады. М. Әуезов бұл пікірді генерал-губернатордың аузымен баяндау арқылы орыс империясы мен діни миссионерлердің, түпкі пиғылын әшкерелеп берді. Кеңестік идеология тұсында бұдан өзге жол жоқ еді.

Ой түйіні: халықтың түрлі түрлі аураларға шалдығып таусылмасы үшін мұқтаждың көптігін, күштің аздығын, саясаттың тұсау болар себептерін сылтау етпей осылардан құтылудың жолын іздестіру керек – дегенге саяды.

1. 112-бет. **«Өзгеден шоқтығы асып, ісі өркендеп», «тасы өрге домалаған кез»** – «тасы өрге домалаған» деп қазақ елінің бодандыққа ұшырағанға дейінгі бір тыныштығы мол кездерді мегзейді.

2. 112-бет. **«Ері мойнына кетіп, жұртшылығымен қоштасуға айналған кезі»** – Бұл арада қазақ ұлты тәуелсіздіктен айырылып, біржола отар елге айналған заманды айтып отыр.

3. 112-бет. **«Бір мақсат – бір жұртты жем қылу»** – сөз отарлау жүйесі мен отаршылдық жазалау саясаты туралы болып отыр.

4. 112-бет. **«екіншісі – елдіктен айырылмау, өзгеге жем болмау»** – бұл арада елдікті қалпына келтіру жолындағы Сырым Датов (1712–1802), Кенесары Қасымов (1802–1847), Махамбет Өтемісов (1804–1846) бастаған ұлт-азаттық көтерілістері меззеліп отыр.

5. 113-бет. **«мәдениеттің алғашқы кірісі ауыртпалықтан баста-**

лады дейді» – бұл арада: отарлаушы мемлекеттердің идеологтерінің: біз бұратана елге мәдениет әкелдік. Сендер оны түсінбей отырсыңдар. Сондықтан да жазалау саясатын қолданып отырмыз. Мәдениетке тура жолды өздерің қиындатып отырсыңдар – деген үгіт-насихатты мегзеп отыр.

6, 7, 8, 9. 113-бет. **«орыс патшалығының ішінде самоед, остяк, чукча, камчадал»** – бұлар Сібірді мекендеген аз ұлттар. Қазір жан саны барынша азайып, құрып кетудің аз ғана алдында тұр.

Т. Әкімов

«ҚАЗАҚ ОҚЫҒАНДАРЫНА АШЫҚ ХАТ»

Мақала Семей губерниялық «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 5 ақпан күнгі 15-санында жарияланды. Жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 11-томында (1969. 17–20-бб.), шығармаларының жиырма томдық басылымының 15-томында (1984. 27–30-бб.) жарық көрді. Шығармалар жинағының елу томдық толық жинағына «Қазақ тіліндегі» нұсқасымен салыстырылып, текстологиялық саралаудан өтіп барып енгізіліп отыр. Салыстырғандар Бейсенбай Байғалиев пен Сұңқар Жұртбаев. Мақалаға «Мұхтар» деп қол қойған.

«Қазақ оқығандарына ашық хат» атты бұл мақаланың жазылу тарихы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің жекебасының, көзқарасының, қоғамдық қызметінің күллі тағдырын анықтап берген тарихи оқиғалармен тікелей байланысты. Сондықтан да 1918 жылдың аяғы мен 1919 жылдың қараша айына дейінгі қазақ даласындағы, оның ішінде, Мұхтардың шығармашылық және қоғамдық қайраткерлігіне ықпал жасаған «Алашорда» үкіметінің айналасындағы аласапыранды жайларға жалпылама болса да түсінік бере кетуге тура келеді. Өйткені 1917–1919 жылға дейінгі өзінің барлық мақалаларын «Алашорда» жүргізген саясатты халыққа түсіндіру үшін жазған М. Әуезовтің кенеттен Кеңес өкіметін жақтап, қазақ оқығандарын қызметке шақыруы түсініксіздік тудыратыны анық. Егер де сол кездегі азамат соғысы жағдайындағы тарихи оқиғалардың дамуына сәл ғана шолу жасасақ, оның бұлай пікір білдіруінің астарында үлкен мән жатқанып байқаймыз. Сонымен қатар 1919 жылы М. Әуезовтің баспасөзден неге қол үзіп кеткендігі де айқындала түседі.

1918 жылдың жаз айларынан бастап Ресейдегі азаматтық соғыс майданында елеулі өзгерістер байқалды. Уақытша үкіметтің ықпалы әлсіреп, әскери күші бытырай бастады. Сібірдегі Колчак үкіметі де биліктің тізгінінен айырылып, тек өзінің атын ғана сақтап қалды. Қазақ даласындағы жаппай анархиялық қозғалыстарды реттеп, бір орталыққа бағындыру мақсаты да орындалмады. Қазақ

зиялыларының өзі екіге бөлініп, бірі – «Алашорданы», екіншісі – кеңес өкіметін қолдады. Қалайда тәуелсіздікке қол жеткізу үшін «Алашорда» халық кеңесі қай үкімет Қазақ автономиясын қолдаса, сол өкіметпен одақ құру туралы шешім қабылдады. Соның ішінде, қарулы әскерімен қазақ даласын қанға батыруға дайын тұрған Колчакпен келісімге келуді бірінші міндет етіп қойды. Алайда Сібір үкіметі қазаққа автономия берілмейді деп кесіп айтты. Ал аз ғана қазақ атты әскерінің күші большевиктермен де, ақ гвардияшылармен де ашық майданға шығуға жетпейтін. Мұны түсінген Башқұрт Автономиялы Республикасының басшылары мен «Алашорда» үкіметінің көсемдері өзара келісім жасап, Кеңес өкіметімен мәмілеге келуге бет бұрды. Бұл туралы Башқұрт Автономиясының төрағасы Заки Уалиди Тоған өзінің 1969 жылы Стамбұлда жарияланған «Естеліктерінде» 1918 жылдың соңғы кезіндегі саяси хал-ахуал жөнінде:

«Біз Ермолаевқада тұрған кезімізде, желтоқсанның бірінші жартысында өткен, кейіннен біздің күрес майданымыздың өзгеруіне тікелей әсер еткен үш оқиғаны есіме түсіре кеткім келеді. Бірішісі: тұтқындағы түрік офицері Киязим-бей Ташкент қаласындағы үндістандық либерал-демократ, ағылшындардың дұшпаны – Мавляви Баракатолламен байланыс жасап тұратын... Олар Башқұрт үкіметіне хат жазып, Кеңес өкіметімен келісімге келуге шақырыпты... Мұндай тиянақты мәліметтер біз үшін жаңалық еді, сондықтан да Кеңес өкіметімен келіссөзді бастаудың аса қажет екендігіне біздің біраз серіктеріміздің көзін жеткізді. Екінші оқиға – менің адмирал Колчактың және француз генералы Жанненнің атаман Дутовқа жолдаған хаттарымен танысуым еді... Ол қағазда Башқұртстан мен Қазақстанның әскерін шұғыл түрде таратып, мені және басқа да башқұрт қайраткерлерін әскери дала сотына беру туралы үзілді-кесілді бұйрық беріпті... Үшінші оқиға – «Алашорданың» өкілдерінің келуі. Солармен қоса қазақтардың атынан Ғазымбек Бірімжанов пен жазушы Мұхтар Әуезов келді. Олар да Колчак пен одақтастардың ұлттық әскер мен ұлттық үкімет құруға қарсы әрекет жасағандығының салдарынан кеңес өкіметімен келісім жасауға мәжбүр болыпты. Кейіннен Ғазымбек Германияға келіп, сонда білім алды, ал Отанына қайтып оралғаннан кейін зауалға ұшырады. Мұхтар Әуезов көрнекті Кеңес жазушысы болды, 60 жасқа толған мерейтойы кеңінен аталып өтті. Қазақстан Ғылым академиясының академиктігіне сайланды. Ол 1961 жылы дүниеден қайтты», – деп еске алды (*Заки Уалиди Тоған. Хатиралар. Стамбул, 1969. 941–242-бб.*).

Мұхтар Әуезов соның алдында ғана Омбы қаласындағы «Бірлік» жастар ұйымының Бүкілқазақтық құрылтайына қатысып, оның

орталық комитетінің мүшелігіне сайланған еді. «Алашорданың» шығыс бөлімшесінің жастар ұйымын басқаратын. 1918 жылдың күзінде каражат жағдайының қиындауына байланысты «Абай» журналы өзінің шығуын тоқтатты. Біресе қызылдардың, біресе ақтардың ойранына түскен Семей қаласы соғыс майданына айналды. Анненков пен Дутовтың, Семеновтың әскерлері қазақ даласын қанға бояды. Большевиктердің қырғыны одан да асып түсті. Осы кезде «Алашорда» үкіметінің тапсырмасымен Ахмет Байтұрсынов Кеңес өкіметімен келісім жасауға Мәскеуге аттанды. Бұл келісім ұзаққа созылды. Одан басқа қазақты қырғыннан құтқарудың жолы қалмағанын түсінген А. Байтұрсынов Лениннің өзімен кездесіп, барлық жағдайды талқыға салды. 1919 жылы 4 көкек күні ВЦИК-тің Президиумы: «На основании Постановления Всероссийского Центрального Комитета от 4 апреля 1919 г. Президиум ВЦИК предлагает: Киргизскому (Казахскому) и Сибирскому революционному комитетам и Челябинскому губисполкому широко оповестить население о вышеупомянутом постановлении ВЦИК и разъяснить, что Президиум ВЦИК находит своевременным допустить бывших членов Правительства «Алаш-Орда» к советской работе и категорически запрещает преследование за прошлую их деятельность» (*ҚР МА 14-қор, 3-тізім, 4-іс, 11-бет. Мазмұны мен стилін толық сақтау үшін текстті түпнұсқа бойынша бердік*) – деген қаулы қабылдады.

Сол қаулының нәтижесі әрі сенімнің белгісі ретінде 1919 жылдың 24 июлінде Ахмет Байтұрсыновқа Лениннің қолымен: «Халық Комиссарлар Советінің 1919 жылғы 24 июль күнгі мәжілісі қаулы етеді: Ахмет Байтұрсынов жолдас қазақ өлкесін басқаратын Әскери-революциялық комитеттің мүшесі боп бекітілсін.

Халық Комиссарлар Советінің председателі Совет секретары» деген мандат береді (*ЦГАОР СССР. 130-қор, 3 тізім, 378-парақ, 53-парақ*).

Ал 1920 жылы 15 апрельде қазақ өлкелік Әскери революциялық комитетінің органы «Известия Киргизского края» газетінде Ахмет Байтұрсыновтың «Ашық хаты» басылды. Хаттың алдына әскери-революциялық комитеттің атынан «В.-М. Т»-ның (Түсіндірменің авторының нақ есімін таба алмадық – **Т. Ж.**) түсінігі берілді. Біз сол кездегі әскери-саяси жағдайдан, большевиктердің «Алашорда» қайраткерлеріне ұстанған бағытын хабар беру үшін түсінікті де, ашық хатты да толық келтіреміз.

«Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!»

«Известия Киргизского края».
№ 16. Бейсембі. 15 апрель. 1920 ж.

Қазақ Өлкелік Әскери-революциялық
комитеттің органы.

Күн сайын шығады. Ред. адр. Конт.
Оренб. Совет № 10. тел. № 3271.

Ерікті халықтардың еркін одағы жасасын!

Ж. Ахмет Байтұрсыновтың мәлімдемесі

Біз төменде Қазақ өлкелік Ревкомының және Бүкілроссиялық Орталық Атқару комитетінің мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың Россия Коммунистік партиясына мүше боп кіруі туралы өтінішін жариялап отырмыз.

«Ж. Ахмет Байтұрсыновты мұқым дала біледі. Өз халқының көсемі, қазақ халқының аса ірі қоғам қайраткері және әдебиетшісі болған бұл есім әрбір қазаққа жақсы таныс.

Соңғы ондаған жылдардың ішіндегі қазақ халқының қоғамдық ойының дамуындағы барлық саяси қозғалыс Байтұрсыновтың есімімен тікелей байланысты. Ол бейбіт ұлтшыл либерализмнен бастап Октябрь революциясы мен Совет өкіметін тануға дейінгі саяси дамудың сатысының бәрінен де өтті. Ол ұзақ толқудан және өзімен-өзі күресуден кейін қазақ ұлтшылдығын тастап, халықаралық коммунизм жағына шықты.

Бұл біздің партиямыздың аса ірі жеңісі және қазақ арасындағы біздің ықпалымыздың үздік үлгісі. Совет өкіметі қазақтардың арасына күштеп енгізілуде, бұл арада коммунизм мен социализмге мүлде орын жоқ, деп сендіретін адамдар да болды, әлі де бар. Біз үнемі қазақтардың оны мойындауға дайындығы әлсіз деп ойлап келдік, бірақ та, оларды құрып кетуден құтқаратын бірден-бір жол Совет өкіметі біздің партиямыздың ықпалының өсіп келе жатқанына және қазақтар арасындағы коммунизмнің күн сайын қанат жайып келе жатқанына – оның аса ірі идеялық қарсыластарының бірінің өз жолынан тайып, біздің қатарымызға кіруі ең үлкен дәлел бола алады.

Бір кездегі ұлтшылдарына құбыжық боп көрінетін большевиктер партиясына Байтұрсыновтың ашықтан ашық кіруі – қазақтардың мұқым ұлтшылдық қозғалысындағы ірі бетбұрысты байқататын, қазақ халқының ғасырлар бойғы тоналу мен езгіден құтылатын жолы – ұлтшылдықта, өз ошағының күйбеңін күнттеуде емес, керісінше коммунистік партияның туы астында күресіп жүрген пролетариатпен толықтай сіңісіп кетуде екендігін түсінгендігінің озық үлгісі.

Әрбір қазақ Байтұрсыновтың хатындағы әр сөзді ынта қойып оқысын, Байтұрсыновтың коммунистер туралы пікірін әрбір қазақ,

тіпті жауларымыздың бізді халықтың көзіне тонаушы, зорлықшы және бұзақы ретінде суреттеуіне сеніп, әлі де үрейлене қарайтын көптеген басқа қазақтар да білсін.

Коммунист-большевиктерге Байтұрсыновтың да дәл осылай қарап, олардан қорқып, Совет өкіметіне ашық қарсы шыққан кезі болған. Бірақ та көп ұзамай өз халқы үшін іздеген шындықты, бостандық пен әділеттілікті Колчак пен орыс буржуазиясынан таба алмайтынына оның көзі жетті, шындық Совет өкіметінде екенін көріп, өзі де сол жаққа шықты. Бұл арада ол коммунистермен жақын танысып, біліс болды және өзінің жазғанындай езілген халыққа толық бостандықты тек коммунистер ғана бере алатынына іс жүзінде иланды. Міне, енді ол қазақтың еңбекші халқын осы партияның программасының туы астында біріктіру үшін коммунистік партияның қатарына өтті.

Қазақ коммунистерінің қатары тағы да бір аса ірі күрескермен толықты. Бұл – толқып жүргендерге, бәрінен де бұрын, қазақ халқының арасындағы коммунистік ықпалдың күшеюін халыққа қатер төнді деп есептейтіндерге үлгі болуы тиіс. Біз өз жауларымыздың көзін тек күшпен ғана жоймаймыз, керісінше идеямыз арқылы көбірек жаулап аламыз. Байтұрсынов ж. Коммунистік партияның қатарына кіруі, оның қазақ арасындағы үлкен идеялық жеңісі болып табылады.

В. М. Т.».

«Бүкіл қазақ даласының көсемі» – революцияның ең бір жанкешті кезеңінде, әртүрлі саяси және қарулы күштер кеңес анталай қоршап тұрғанда және қазақ даласы Колчактың, Анненковтың, Дутовтың, Семеновтың қанды шеңгелінде жатқан тұста шарасыздықтан қабылдады. Бұл – барлық өмірлік мақсатын, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан саяси-әлеуметтік платформасын, халқының азаттығын аңсаған арманының орындалу жолын да, өзіне сенген ел-жұрттың да тағдырын тезге салу екенін білетін. Он алтыншы жылғы самодержавиелік жазалау саясатынан қатты зардап шеккен ел үшін дәл сол кезеңде дұрыс жолды табудың өмірлік мәні бар-тын. Бірі – Колчактың, бірі – Анненковтың, бірі – Дутовтың қолындағы көкпарға айналып бара жатқанын аңғарып, Ахмет Байтұрсынов олардың бетін Кеңес өкіметіне бұрды. Оны «нағыз еңбек демократиясы» деп «мойындап».

«Орынбор Р. К. П (большевиктер) комитетіне ғасырлар бойғы қанауда болған қазақ халқын азат етудің жолдарын ұзақ уақыт іздестіре келіп, мен төмендегідей шешім қабылдадым:

1. Адамзаттың барлық езгіге ұшыраған бөлігімен, яғни әлемдік революциямен, әлемдік федерациямен бірге азаттық алғанда ғана қазақ халқы бақытқа бөленеді.

2. Оны – өзінің алдына таптар мен ұлттарды толықтай азат етуді мақсат етіп қойған, ішінара ісімен де жүзеге асырып жатқан большевиктердің интернационалдық коммунистік партиясынан басқа ешкім де істей алмайды.

3. Нағыз еңбек демократиясына жетудің қажетті сатысы – адамзаттың еңбекші табының, яғни пролетариаттар мен орташа пролетариаттардың саяси және экономикалық толық билігі мағынасындағы диктатурасы болып табылады.

4. Бір ғана жағдайда, егер де адамзаттың еңбекші табының ұйымдасқан аса үлкен тобы саналы түрде қолдаса ғана, бұл диктатура орнығады және барлық адамзаттың мүддесі үшін қызмет істей алады, сондықтан да осы программаның туы астына қазақ халқының да бірігуі қажет.

5. Р. К. П.-ның ұлттық қарым-қатынастар саласындағы программасын, сондай-ақ ұлттардың бөлінуі туралы дискуссияның қорытындысындағы жолдас Лениннің ұлттардың бөлінуіне көзқарасын және шығыс халықтарының арасындағы жұмыс туралы айтылған Р. К. П. Орталық Комитеттің тактикалық тұжырымдарын дұрыс қолданып, оны жүзеге асырса, езілген ұлт ретіндегі қазақ халқының мүддесін толық қанағаттандырады.

Жоғарыдағы айтқан пікіріме сәйкес, мен Россия коммунистік большевиктер партиясы қатарына кіруге, оның жалпы программасын жүзеге асыруға, ішінара шығыс мәселелеріне іспен көмектесуге бекіндім, сондықтан да комитеттен мені Р. К. П. мүшелігіне қабылдауды өтінемін.

Ахмет Байтұрсынов 4 апрель. 1920 жыл – деп мәлімдеме жасады (Сонда).

Жай ғана қызыл ол бұл шешімнің оңайшылықпен орындалмайтынын, сол үшін күресетінін де ашық айтады. «...Лениннің ұлттардың бөлінуіне көзқарасын және шығыс халықтарының арасындағы жұмыс туралы айтылған Р. К. П. Орталық комитетінің тактикалық тұжырымдарын дұрыс қолданып, оны жүзеге асырса ғана, езілген ұлт ретіндегі қазақ халқының мүддесін қанағаттандыратынын» ерекше ескертеді. «Алашорда» үкіметінің көсемінің мұндай шешімімен Мұхтар Әуезов те хабардар болатын. Ол 1918–1919 жылдың қысын ауылында өткізді. Өзі қыстай сүзекпен ауырды. Сол жылы атасы Әуез бен Абайдың жамағаты Әйгерім қайтыс болды. Мұның барлығы да жан ауыртатын іс еді. Сол жылы қыста пьесасын жазды. Ахмет Байтұрсыновтың мәлімдемесі мен ВЦИК-тің кешірімі жарияланған соң ол Семей қаласына қайтып келді. Әлімхан Ермеков екеуі

астыртын қазақ комитетін басқарды. Бұл комитет шағымы келген сәтте большевиктермен де, ақ гвардияшылармен де келісімге келіп, қазақтың мүддесін қорғады. Анненковтың бандысынан қарапайым халықты құтқару үшін алдын ала шара қолданды, олардың жүретін жолдарын қыр еліне ескертіп, хабар беріп отырды. Астыртын ұйым большевиктердің әккері Семейге кіргенде олармен «Алашорданың» атынан келісім жүргізді. Соның нәтижесінде 1919 жылдың 18 желтоқсаны күні Семей облыстық революциялық комитеті «Алашорда» үкіметінің революциялық комитетін ресми түрде мойындады. Бұл туралы құжаттың түпнұсқасында:

«Протокол № 3. Заседания облревкома 18 декабря 1919 года, в 7 час. вечера, присутствовали: члены ревкома Скиба, Большаков, Бобра, Неворотов, члены горсовнархоза т. Соломоденка, члены Сем-го уревкома тт. Усанов и Зетошкин. Члены «Алашорды» тт. Ермеков, Ауэзов, Дюсебаев.

Председательствует Скиба, секретарствует Неворотов.

Слушали: 1). Вопросы о создании городского Алашского ревкома или Алашского совнархоза.

Постановили: Создать ревком гор. Алаша, причем тт. киргизы – жители гор. Алаш должны выдвинуть одну кандидатуру в члены Ревкома. Алашский ревком непосредственно подчинен обревкому» (*Семей облыстық мемлекеттік архиві, 72-қор, 21-іс, 2-тізім, 4-бет*), – деп жазылған. Сөйтіп, Мұхтар Әуезов: «1919 жылдың желтоқсанынан бастап 1920 жылдың қарашасына дейін Семей облыстық ревкомның қазақ бөлімшесінің меңгерушісі» (*ҚР МА, 1778-қор, 3-тізім, 42-іс, 10-бет*) болып істеді. Большевиктер партиясының қатарына өтті. Сол кездегі қызметі туралы 1931 жылы 16 мамыр күнгі ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабында: 1919 жылдың қараша айынан бастап қана Қолчакқа қарсы астыртын ұйымның жұмысына араластым. Семей қаласындағы кеңестік төңкеріс жүзеге асқан алғашқы күннен бастап мекеме жұмысын жөнге қоюға, кеңес өкіметінің мүддесі үшін Семей қаласының оқушы қазақ жастары мен жұмысшыларын төңкеріс ісіне тартуға құлшына кірістім. Қоғамдық қызметімнің жол басы болғандықтан да, мен ол кезде жаныммен беріліп, шын көңіліммен, аса зор үмітпен, жас адамға тән қызығушылықпен қызмет еттім. Бірақ та өмірлік тәжірибесі аз жас қызметкерге тән балаңдыққа байланысты, оның үстіне артта қалған ұлттық ортадан шыққандықтан да және өзінің идеясы үшін табанды түрде күресетін саяси дәстүрдің үлгісі болмағандықтан да еркімді көңіл күйіме жеңдірдім. Сол тұста кеңінен тараған өткен дәуірдің өктемдігінен – отаршылдық пиғылынан арыла

алмаған жергілікті партия қызметкерлерінің әрекеті менің көңілімді суытып, әптігімді басты. Отаршылдық пиғыл біздің, оның ішінде, менің ішімдегі ұлттық намысымызды қоздырды, бірақ ол жоспарлы түрде (ұлтшылдықты ешқашан да өмірлік мақсат етіп көрген емеспін) қалыптасқан ұлтшылдық емес, тек көңіл күйдің әсері ғана болатын. Бұл сезімнің билеп алғаны сондай, бұдан әрі менің партия қатарында қалуыма мүмкіндік бермеді. Көңілдің жетегіне еріп өмір сүріп, өзінді сынайтын нағыз шағымды істі таппағандықтан да бұдан әрі партия қатарында қалуым мүмкін емес деп шештім. Сол кезде ұлтшылдық бағыт ұстағаным және партиялық тәртіпті бұзғаным үшін Қазақстан өлкелік комитеті мені партиядан шығарды, – деп жазды (*ҚР ҰҚК-нің архиві, 2370-тергеу ісі*).

Облыстық ревкомның тапсыруы бонынша М. Әуезов «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы міндетін де атқарды. Міне, осы кезде қазақ бөлімшесінің алдында тұрған міндеттерді халыққа жеткізу үшін ара-тұра мақала жазып тұрды. Сондай ең басты мәселенің бірі – маман қызметкерлердің тапшылығы еді. Мұхтар Әуезов «Қазақ оқығандарына ашық хат» жаза отырып, оларды Кеңес өкіметінің ісіне араласуға шақырады. Ол өз пікірін: «Осы күнде не қылса да оқығанның бәрі де барын салып еңбек қылып, осы өкіметті сендіру керек. Сонымен бүгінгі мекеме атаулыда бос қалып жүрген қазақтардың мұң-мұқтажын орындау керек. Қашып-бұғудың ешбір себебі жоқ. Қазақ оқығанының совет өкіметіне істеген ешбір (кейбір – **Т. Ж.**) жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп, пайдалы қызметімді істеймін десе, қумайды. Егер қазақ оқығандары совет өкіметінің қабағынан қорқып қашса, айтатын сөзіміз осы: оқығанның қайсысы болса да азғантай пайда келтіре аларлығы болса, тезінен қала-қалаға келіп қызметке кіруі керек. Ел шақырып отыр», – қорытады.

1. 117-бет. **«Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр»** – кеңес өкіметінің орнағанын айтып отыр.

2. 117-бет. **«Мақшар»** – қиямет қайым, ақыр заман орнаған күн.

3. 117-бет. **«...кешегі күндегі істеген қаталдық жауыздығынан ары қысылып айдап отыр»** – 1916 жылғы қазақты қырғынға ұшыратқаны мегзеледі.

4. 117-бет. **«Жә!...қазақтардың неше қилы замандағы басшысы, оқығандары қайда? Неден қашып жүр?»** – Колчак үкіметі мен атаман Анненков қазақ оқығандарын жаппай жою туралы нұсқау бергендіктен, зиялылар қалалы жерден бас сауғалап, қырға кетіп қалған болатын. Мақала иесі соларды қалаға шақырып, қызметке араласуын тілейді.

5.118-бет. «...сол үкіметтің жауының бәрі тік көтеріліп, совет өкіметінің қатарына кіріп отыр» – бұл арада Кеңес өкіметімен келісімге келіп, басшы қызметтерде жүрген Ахмет Байтұрсынов сияқты «Алашорда» қайраткерлерін айтып отыр. ВЦИК-тің кешірімін ескертіп, олардың жазаға тартылмайтынын құлағдар еткен.

Т. Жұртбай

«БҮГІНГІ ЗОР МІНДЕТ»

Мақала тұңғыш рет Семей облыстық «Қазақ тілі» газетінің 1920 жылғы 31 желтоқсанындағы 112-санында жарияланды. Кейін «Қазақстан мұғалімі» газетінің 1967 жылғы 28 қыркүйектегі 39-санында, жазушы шығармаларының он екі томдығы (11-том, 20–23-бб.) мен жиырма томдығында (15-том, 30–33-бб.) басылды.

Мұхтар Әуезов 1919 жылдың желтоқсанынан бастап 1921 жылдың қазан айына дейін Семей губерниялық ревкомында басшылық қызметтер атқарды және осында шығып тұрған «Қазақ тілі» газетінің жауапты редакторы болды. Сол жылдары жазушы қызмет бабына қатысты шаруашылық, оқу, мәдениет, мемлекет мәселелері туралы газетке мақалалар жариялап тұрды.

1920 жылдың тамыз айында Қазақ автономиялық республикасы ресми түрде жарияланды. Мемлекет ісіне араласатын білікті, тәжірибелі, оқыған мамандар жетіспеді. Бұл басқару ісіне көптеген қиыншылықтар туғызды. Жаңа отау тіккен елдің алғашқы қадамындағы істеріне сын айтушылар да, күдікпен сенімсіздік білдірушілер де болды. Мақала авторы «елдің қамын жегіш пысықтарды» үкімет басынан өткеріп жатқан қиыншылықтар мен кемшіліктерге көлденең сыншы болмай, халықтық іс-шараларға белсене араласып, атсалысуға шақырды.

Жаңа бағыт, жаңа құрылысқа бет алған елге аса қажет мәселенің бірі – оқу ісі. Екіншісі – көпшілікті қойып, отырықшылыққа айналу, үшіншісі – қолөнер кәсібін меңгеру.

Жазушы мәдениетке қол жеткізудің үлкен бір жолы осы үшеуі деп қарайды. Ел қамын ойлайтын азаматтар бұл іске шын көңілмен жұмылып кіріссе, оның нәтиже берерлік мүмкіндігінің мол екендігін баса айтып: «Қазіргідей шаруа жүзінде күйзеулік болып, елдің қоғамдық көп тілегі орындалуға жол болмай тұрғанда, елдің қамын шын жейтін азаматтар мың тілектің бірі орындалатын болса да, соған еңбегін салмаушы ма еді?! Төс табандап тартып, соң да болса

жемісін елге жегізем демеуші ме еді?» – деп ер-азаматтарды іскерлікке шақырады.

1. 121-бет. **«Көп жұрт бұл өкімет өнімді іс істей алмады дейді»** – «Бұл өкімет» – деп отырғаны, қазақтың автономиялы республикасы.

2. 121-бет. **«Ол – бәріміздің басымыздағы саяси халдің салмағынан туып отырған бір ауыртпалық шығар»** – Сол тұстағы қазақ зиялылары мен оқығандары, негізінен, екі бағытты ұстанды. Социалистік құрылыстың жақтаушылары, «Алашорда» үкіметінің қайраткерлеріне сенімсіздікпен қарады. Оларды қызметтен шеттетуге, жауапты орындарға жолатпауға тырысты. Сол нәрсе үшін оларды ұлтшыл деп айыптауға дайын тұрды. «Саяси хал» – деп отырғаны осы.

3. 122-бет. **«Ол істердің бірі деп менің айтатыным – оқу жұмысы»** – бұдан бұрынғы мақалаларында да оқу ісі мәселесіне арнайы тоқталған болатын. Енді сол ұсыныстарының жүзеге асыруын мегзеп отыр.

4. 122-бет. **«Бұған дәлел – орыс, қазақ, бай, кедей, жас, кәрінің арасындағы надандықты құртуға істеліп отырған қызметтер (ликвидация безграмотности)»** – мұсылманша оқығандарға және сауаты төмендеу адамдарға курстар ашып, жаңа оқу жүйесіне баулу, жаппай сауаттандыру туралы ой қозғайды.

5. 122-бет. **«Енді болыс ішінен» – болыстық** – 1822 жылғы қазақтарды басқару туралы «Жаңа нызам» бекіткен билік құрылымы. Ол 1868 жылғы «Далалық Ережеге» – Екінші Низамға сәйкес өзгеріске ұшырады. Жалпы, болыстық құрылым 1925 жылға дейін сақталды.

6. 122-бет. **«Старшын ішінен мектеп саламыз деген кісілер болса»** – старшын – патшалық үкімет ресми түрде бекіткен биліктің орташа буыны. Олар ел арасындағы ірі билер мен үкіметтің тірегі саналды.

Т. Әкімов

«ЕҢЛІК – КЕБЕК» (Тарихи түсінік)

«Еңлік – Кебек» оқиғасы XVIII ғасырдың үшінші ширегінде, дәлірек топшылағанда, 1770–1780 жылдардың аралығында Шыңғыс тауының алқабындағы Бөкенші өзенінің бойы мен Кіші Орда тауының балақ сілемінде өткен. Еңлік пен Кебектің зираты Ералы жазығының төскей басындағы төбеде. Алғашында қорымтас, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап сандықша бейіт күйінде сақталып келген. 1972 жылы олардың басына мәрмәр құлпытас орнатылды.

Еңлік пен Кебек оқиғасы туралы алғашқы мағлұмат баспасөз бетінде 1892 жылы «Дала уалаяты газетінің» 29, 31, 32, 34–40 сандарында «Қазақтың естерінен кетпей жүрген бір сөз» (Еңлік – Кебек) деген атпен жарияланды. Соңына «Ұмытылған» деген бүркеншік ат қойған. Мұны жазған Абай Құнанбаев деген пікір-болжам бар. Ал «Ұмытылған» деген бүркеншік атты Шәкерім Құдайбердіұлы пайдаланған болатын. Алғашқы пікірді білдіруші жазушы, ғалым Мұхтар Мағауин (*Ғасырлар бедері, А.: Жазушы, 1991. 350–364-бб.*). Кейіннен 1900 жылы тағы да сол «Дала уалаяты газетінің» 45–50 сандарында «Қазақ турасынан хикая» деген атпен жарияланды. Онда «Природа и люди» журналынан алынғандығы көрсетілген. Батыр – Сергелі, абыз – Келдей, қыз – Қанлық деп жазылған. Оқиға өзегі бірдей. Кейіннен Шәкерім Құдайбердіұлы «Жолсыз жаза, яки кез болған бір іс» атты дастан жазды (*Семей қаласы, «Жәрдем» баспасы 1912 жыл*). Сондай-ақ Мағауия Абайұлы Құнанбаев та «Еңлік – Кебек» атты дастан жазған. Шәкерім бұл оқиғаның «1780 жыл шамасында, осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс», – деп түсінік береді.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1917 жылғы Ойқұдықта қойылған пьесасының негізіне Шәкерімнің «Жолсыз жаза» атты дастанындағы үлгіні желі етіп алды. Пьесаның көркемдік талабына орай, оқиға желісі сәл өзгерді, жаңадан кісі аттары ойдан қосылды. Тарихи шындықтың жүлгесін сақтау үшін бұл оқиғаға қатыссыз тарихи

тұлғаларды кейіпкер етіп алды. Шығарманың жазылу тарихынан толық мағлұмат беру үшін «Еңлік – Кебек» оқиғасына кеңірек тоқталуды мақсұд еттік.

I

Атақты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» заманында жоңғар шапқыншыларынан ығысқан Қазақ елінің дені Сырдың бойын сағалайды. Сарыарқа иен қалады. «Елім-ай» әнінің зары сахараны мұңлы қоштасумен мүлгіткен тұс. Жау тосқауылға ұшырап, беті қайтқан соң оңтүстікке иірілген жұрт ежелгі атамекеніне қарай түріле көшті. Тобықты тайпасы ол кезде Қаратауды мекен етіпті. «Қалқаман – Мамыр» оқиғасы Шиелідегі «Байбураның төбесінде» өткен. «Әнет баба – Қазығұрттың басында көшке ере алмай, жұртта қалған-мыс». Кеңгір өзенінде – Кеңгірбай, Ырғыз өзенінде – Ырғызбай дүниеге келген. Жоңғарлықтарды өкшелей қуған жұрт өзіне жол-жөнекей ұнаған жеріне қоныстанған.

Қырылған соң қалмақтар жаман сасқан,
Нор-Жайсаң, Шәуешектен аса қашқан.
Атақоныс Арқаны босатып ап,
Қазақ келіп қалмақтың орнын басқан,
Қалмақты шабысуға Мамай келген.
Босап қалған Шыңғысты көзі көрген.
Барған соң жеті Момын баласына,
«Хан Шыңғыс босады» – деп хабар берген¹.

Тобықтының биі Қараменде мен батыр Бақай Мамай сәлемінен соң өзі елімен Ертісті өрлеп барып, жоғары ағысына мекен етуді көздейді. Арып-ашып елдің басын қосып, жинақтала тұтас көшкенше бірнеше жыл өтеді. Алайда олардан он-он бес жыл бұрын келген қалың найман мен он екі абақ керей Қара Ертісті қапталдай жайғасады. Салмақты, саны көп елді ығыстыру қиын. Сондықтан да Шыңғыстаудың етегін баса, сыбан мен матайдың арасына сыналай тұрақ тебеді. Бақай батырдың найзасын ұстаған – Мамай, Қараменденің ізін басқан – Кеңгірбай. Сол екеуі қол күші, ақыл-айласымен екі жағын кезек қағыстырып, қонысын кеңейте береді. Кеңгірбай:

Кейде жау боп матаймен, кейде бітіп,
Есі-дерті Шыңғыста, айтпайды ойын².

¹ *Шәкәрім*. Шығармалары. А.: Жазушы, 1988. 293-б.

² Сонда, 294-б.

Ығыса-ығыса сыбан Үлкен Орданың, матай Шыңғыстың сыртына іркіледі. Жер дауы, жесір дауы өршиді.

Мұның соңы Бақай мен сыбан Маян батырдың жекпе-жегімен ұштасады. Екеуі де қаза табады. Бұған аға балалары ара түсіп, Құндызды өзенінің жағасында бір-біріне лап қоюға дайын тұрған екі жақтың қолын өзара қырқысудан арашалап, бітім жасайды. Орда мен Шыңғыстың арасындағы Маян батырдың жазығын Мамай Көкше тайпасына береді. (Маян жазығы, Маян тауы – әлі де солай аталады – **Т. Ж.**). Сондай қыспаққа шыдамай Қараменде би:

Басында Сырдан шығып Орда келдік,
Табан тіреп жүре алмай зорға келдік.
Құл алдынан құрулы талқы деген,
Бұл жаққа бақытқа емес, сорға келдік,–

деп, ел арасында бедел алып келе жатқан Кеңгірбайға өкінішін білдіріпті.

Халық арасындағы шежіре сөзде: «Маян батырдың әкесі – Қожан, ол Байғозының баласы. Байғозы – Мәмбетейден тарайды. «Бақай батыр – жуантаяқ» – дейді. Ескі әңгімелер мен аңыздарды, жер аттарының шығу тарихын екшей келіп, бұл пікірді пайдаланбадық. Бақанастың желкесіндегі тау – Маян тауы матайдың батырының атына қойылған деген пікірді Абайдың күтушісі Қатпа ақсақал айтыпты. Біз соған жүгіндік.

Осы оқиғадан соң тобықты мен матай арасындағы қыжыл үдей-үдей жаулыққа ұласады. Билер өзара жең ұшынан жалғасып тіл табысса да реті келгенде өштікті қайта қоздырып отырады. Кеңгірбай бел алып, күш-қайратымен, шешен тілімен, өткір мінезімен ел тізгінін өзі ұстайды. Үлкен жиын-тойда, билер кеңесінде Қарамендені ығыстыра береді. Исі орта жүз жиналған бір мәжіліске жиналып жатқан Қарамендеге бұтағы кесілген, кептірілген тобылғыны Кеңгірбай бөтен кісі арқылы сәлемдемеге жібереді. Тобылғыны ұзақ ұстап отырып Қараменде: «Іс бітті, татулық дәмі үзілді. Мен деген Дадан баласы көшін ыңғайлап, дайын отырсын. Мына тобылғы арқылы: «Сен қартайдың, суалдың. Өрісің тар. Кезек менікі. Мына жиынға мен барамын. Қу қақбас үйде отыр», – дейді Кеңгірбай. Енді елдік жоқ» – депті. Содан екі бидің арасында жарықшақ түсіп, барған сайын ұлғая береді.

Арбасып, ырғасқан егес мынадай тұспал айтыспен аяқталыпты. Қарамендеге қарасты Бұқты деген адамның бір үйір жылқысын Кеңгірбайдың ығында жүрген Жұмағұл барымталап, арты үлкен дауға

ұласады. Кеңгірбай ұзын арқан, кең тұсау салып, жасы үлкендігін сылтауратып, бар билікті Қарамендеге қалдырып:

Шын болса – желдеген тайы шығар,
Өтірік болса – қазақтың баяғы жала жапқан
жайы шығар.

Батыр айғақ, бай шүгелі болмаған даудың жайы,
Қалай болатынын Қараменде өзі айтсын,–

депті. Іле жұмсаған кісілері Байқара мен Кенбайға қарап, Қараменденің берер жауабын және оған қарсы не айту керектігін үйретіп жіберіпті. Оның айтқандарының бәрі дәл келіпті. Қараменде: «Бұл билікті Кеңгірбай маған бүтіндей берген жоқ, құйрығын ғана ұстатып отыр. Өздерің көп сырлас болдыңдар.

Құйрығын ұстап мал берсе,
Қолыма тиді деменіз.
Алақанын жаймай ас берсе,
Асатты ғой деменіз,–

деп Құттыбай шешен айтқан ғой. Мені қыстамай өзі айтсын.

Қоңырды қағу кімге жөн,
Өмірді қағу кімге жөн.

Осымды Кеңгірбайға жеткіз, деп Қараменде тоқтапты. Сонда «дәл осы сөзді айтқанда былай де» – деген Кеңгірбайдың «сәлемін» Кенбай: «Соңғы сөзді Қабекеме айтпаймын. Айтпақшы Әнет бабамның (Кеңгірбайды ел-жұрт Қабан деп атаған. – **Т. Ж.**) Қазыбекке берген батасы қалай. Ұмытып қалыппын. Соны сұрай келші деп еді, Қабекең» – дейді сөз арасында. Сонда Қараменде «ә» деп басын көтеріп алыпты:

– Е, мен адасып отыр екемін ғой. Мынау Кенбайжанның емес, Кеңгірбайшаның жауласқан жатқа айтқан сөзі ғой.

«Көбік ауыз бокты көнбес,
Көк ауру маза бермес».

Кеңгірбай сөзі осы болса, бұл ара қоныстықтан қалыпты. Сәлем де Қабанға. Бес тайдың құнын салауатқа кештім. Ол – қоныс алсын, мен – өріс алайын. Күндердің күнінде – көрісерге күн жақсы. Алыстан іздемесің, кезек астындағы көк қақтан табар. Әнет бабамның сөзі мынау:

Қазақ жолы – қанағат,
О да жолдан адаспас.
Қасаңдау емі – шарығат,

Оған ешкім таласпас.
Жұртым, іргенді көтер³,–

деп іргесін Кеңгірбайдан аулақ салып, Балқаш көлінің жағасына беттей көшіпті.

Ел билеген екі бидің арасындағы араздықты, яғни өмірлік шындықты Мұхтар Әуезов те пьесасында қағыс қалдырмайды. Оны көркемдік шындыққа айналдырып, тартыс желісін күшейтеді. Шәкәрімнің поэмасында Қараменде оқиғаға қатыспайды. Ал Мұхтар «Еңлік–Кебек» қасіреті рулық бақталастықтың кесірінен болғанын үстемелей көрсету үшін Кеңгірбай мен Қарамендені бір-біріне қарама-қарсы қояды. Қос ғашықты наймандардың қолына беруді Қараменде сүйекке түскен таңбаға балайды. Кеңгірбай оны жақтырмайды:

«Қ а б е к е н. Қыздырманың қызыл тілі ғой.

Қ а р а м е н д е (*аиуланьт*). Тағы да қасқырша өз күшігінді өзің жейін деп пе едің?

Қ а б е к е н. Даданның улы тілін ауру денеме тағы да сұқтың ба? Көзін аңдап, бауырлығыңды бұдан бұрын да сынағанмын. Елжіреген жүректі көргенім жоқ-ты.

Қ а р а м е н д е. Қайтпас тас бауыр қылған сенің осы мен-менділігің болатын (*тым-тырыс*)»⁴.

Қабырғалы, қарулы жұртын екіге бөліп, қол күші әлсіреген Кеңгірбай матаймен бітімге келуге ұмтылады. Ел арасында өзара аңдысқан мысық тыныштық орнайды. Қабекең (Кеңгірбай) ол тілегіне жетеді де.

Екі ел бітті сөйлесіп жазға салым,
Қайтарысып барымта алған малын⁵.

Міне, дәл осы кезде «Еңлік – Кебек» оқиғасы бұрқ ете қалды. Тобықтының өз ішіндегі алауыздықты «ата жаулары» пайдалана қоймақ болады. Мұхтар Әуезов: «Шыңғыстың бұрынғы иесі матай болады. Сол матайды Кеңгірбай тұсында тобықты ру басылары алғаш ірге тепкен жерінен тайдырмақ болды. Бұның арты көп шабуыл болған. Қазақ оқушысының көпшілігіне мәлім болған «Еңлік – Кебек» оқиғасы дәл осы алғашқы талас-тартыстың кезін көрсетуші еді. Ол заманда ел билеген бектер өз үстемдігін жүргізу үшін ру-руды бір-біріне айдап сала берген»⁶, – деп түсініктеме береді.

³ Әуезов М. Әдебиет тарихы. А.: Ана тілі, 1991. 190-б.

⁴ «Еңлік – Кебек» пьесасындағы үзінділер осы басылым бойынша алынды.

⁵ Шәкәрім. Шығармалары. А.: Жазушы, 1988. 303-б.

⁶ Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. А.: Жазушы, 1984. 15-том, 242-б.

Кесек мінезді, айлалы, феодалдық салт-дәстүрді қатты ұстаған Кеңгірбай би өз руларының арасында беделді, өмірі екі айтпайтын каталдығымен аты шыққан. Сырт жұртқа тырнағы қатты батқан.

Бір-бір елдің тағдыр тізгінін қолдарына ұстаған Қараменде мен Кеңгірбай туралы аңыз әңгіме, оқшау сөздер сала-сала. Бұл екі бидің өмір жолына Мұхтар да әр кезде шолу жасап, жиі-жиі оралып отырған. Біз де сан рет қайырыла тілге тиек етеміз. Сондықтан да бұл арада олардың тек «Еңлік – Кебекке» қатысты иірім-қайырымымен шектелеміз.

Ал Нысан абыз кім? Өмірде болған адам ба?

Иә, Нысан есімді абыз XVIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Ол «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның» қайғы-қасіретін, халықтың азып-тозып барып, қайта ел боп құрылған қуанышын көрген. Жаугершіліктен іркіттей іріген жұрттың сүттей ұйып келе жатқан тұсында кез болған «Жолсыз жазаны» алдын ала болжап, зар запыранын төгеді. Еңлік пен Кебектің жазмыштан «пешенесіне жазылған» ажал үкімін ол шынымен қобыз сарна-ту арқылы болжап білді ме? Кебектің бал аштырып, болашағын болжатқаны рас па?

Көшпелі өмір тұрмысында абыз қандай әлеуметтік-рухани орын алды, ол жағын кесіп-пішіп, үзілді-кесілді тұжырым жасау қиын. Ел басқару, рулы елді бітімдестіру, жер, жесір дауын шешу – бидің құзырына қараған. Дұшпаннан қорғану – батырдың парызы. Жұртты жұбатып-уату, еңсесін сөзбен сергіту – жыраудың тілінің ұшында. Дін – молданың қолында. Сонда абыз кімнің мүддесін қорғайды? Әрине, халықтың. Бірақ бұл Мұхтар Әуезовтің 1943 жылғы қайыра жазған «Еңлік – Кебек» пьесасындағы Нысан абыз образынан соңғы қалыптасқан ұғым. Одан бұрын абызды халық қорғаны ретінде бейнелеген, мейлі ауыз әдебиетінде, мейлі жазба әдебиетінде болсын, шығарма жоқ. Тек, ішінара, қолына аса таяқ ұстаған, ақ сақалы кеудесін жапқан баба кейіпкерлердің түсінде аян береді. Ал дін уағызы күшейе түскен XIX ғасырдың екінші жартысындағы хиссаларда ол образ Қызыр пайғамбарға ауысқан. Соған қарағанда абыздың бойында ерекше бір көріпкелдік, болжағыштық қасиет болу керек сияқты. Қазақтың жауырыншы, жұлдызшы, тәуіп, баксы ұғымдарының басын қосқан, оның үстіне ақындық қасиеті бар тұлғаны абыз деп таныған іспетті.

Ал Нысан абыз өмір сүрген жоңғар шапқыншылығы тұсында соғыста жүрген ұлының, бауырының, қосағының, ағасының, әкесінің, тіпті мұқым қазақ жасағының амандығын тілеп, бал аштырып, әр нәрсені ырым ету – барынша кең тарады. Әскер жорыққа

шығар алдында қобызды күңіреніте тартып «аруағын қоздырып», шамырқандырып, аттанарда бата беретін де осы абыз. Абыздың тегі – шамандық дәстүрден қалған сияқты. Келе-келе қазақ тұрмысына бейімделіп, өзгеше әлеуметтік маңызға көтерілген тәрізді. Осы шамандық-абыздық дәстүрді зерттеген М. Б. Кенин-Лопсонның «Ту-валар (ұранхай) шамандарының фольклоры мен сарындық дәстүрі»⁷ атты еңбегінде «Қара суды теріс ағызғандарды» – азар, арғыз деп атайтындығын, олар шындығында да асқан тәуіптік; көріпкел қасиетке ие екендігін дәлелдейді. Ұранхайлардың өзіне тиесілі үлкен руын Әмір-сана Абылай ханның қол астына бергенін ескерсек, азар, арғыз – абыз арасындағы дыбыстық ұқсастықты ғана емес, салттық-сарындық ұқсастықтарды аңғару қиынға соқпайды. Тіпті, азарлардың иесін шақырған сарынын қазақ дианаларының сөзімен салыстырғанда, мағыналық, образдық үндестіктер кездесті. Арғы тарихты қозғамағанның өзінде, мұқым түркі мен қазақ халқының шежіресін жазған ғұлама тарихшы Шәкәрімнің, ісі пайғамбар әулетінің аруағын қозғап «Мұсылманның шартын» жазған қажы Шәкәрімнің; дүниенің пайда болу қақында «Үш анықты» жазған философ Шәкәрімнің:

Ол кезде балгер болған Нысан абыз,
Шын дәулескер бақсының өзі нағыз.
Жын айта ма, кім білсін, шын айта ма,
Айтқаны келеді деп қылады аңыз⁸, –

деп жорта, байыбына бармай жазуы мүмкін емес.

Сол сияқты «Қазақтың естерінен кетпей жүрген бір сөз» («Еңлік – Кебек») атты 1892 жылғы «Дала уалаяты газетінде» (№ 29, 31, 34–40) жарияланған аңызнамада да Абыз – сәуегей ретінде баяндалады. Бұл мақаланы жазған Абай деген де пікір бар. Онда Кебектің бойына толған күш-қуат шыдатпай: «Абыз, яғни білімді, сәуегей Нысан дегенге жөнеледі, өзінің қандай болатынын сұрауға. Бұл Нысан Шыңғыс тауын мекен қылады екен.

Нысан көп сөйлемейтін, түсі суық, қарт кісі екен. Өзінің түсінің суықтығынан, бал ашып қобызыменен ойнағанда ешкім шыдай алмай қашып кетеді екен. Қобызды тыңдағандардың көздеріне жас келіп отырады екен. Бұл күнде олардай қобызшы жоқ. Бұрынғы қобызшылар қайда, есіткен кісілерді ерітіп жіберуші еді. Қазақтардың осы күнгі бақсылары бұрынғыдан қалған бір мұрасы, сонда да бұрынғыдай

⁷ Кенин-Лопсон М.Б. Обрядовая практика и фольклор тувинского шаманства. Новосибирск: Наука, 1987. С. 14.

⁸ Шәкәрім. Шығармалары. А.: Жазушы, 1988. 294-б.

емес) – деп мінездеме беріледі. Барлық нұсқаның мазмұны бірдей. Мұның өзі өмірлік шындыққа жетелейді.

Қалайда, абыздың о бастағы көшпелі қоғамдағы әлеуметтік орны шамандық сенімнің ой-санадан көшпей тұрған кезіндегі салт-санасына байланысты қалыптасқан. Отқа май құю, мәйіт қойылған үйге жеті шырақ жағып қою рәсімі әлі де ұмытыла қойған жоқ. Қазір, абыз ұғымын біз сәл басқаша түсінеміз. Ондай ұғымның қалыптасуына аса қатты ықпал жасаған Мұхтардың «Еңлік – Кебек» трагедиясындағы әдеби образ – Нысан абыз.

Егерде, 1922 жылғы нұсқаға иек артсақ, ондағы Нысан абыз тура Шәкәрімнің суреттегеніндей көріпкел» бақсы бейнесінде берілген. Оны шымылдық ашылған беттегі мына сахналық ремаркадан-ақ байқаймыз.

БІРІНШІ ШЫМЫЛДЫҚ

(Абыздың үйі, үй ішінде көзге түсерлік қызылды, жасылды нәрселер көп емес, жалғыз-ақ Абыздың жертөлесінің тұсында тұтулы кілем, жайылған алаша бар, босағада ілулі жіп шідер, қара үзеңгісі бар биік қасты қоқан ер, қыстырулы сойыл, айбалта, шашақты найза, шоқпар, үлкен қара кебеже, бір екі қап құрт, төсектің тұсында ілулі қобыз, бір сапы)».

Мұның барлығы да жұпыны, баласы жоқ кемпір-шалдың тұрмысына лайық жабдықтар сияқты. Жаугершілік заманына тән «шашақты найза», қыстырулы сойыл, шоқпар, айбалта да тұр. Тек қобыз ғана бақсылықтың құралы. Ал прозалық нұсқада абыздың бақсылық қасиеті ашық айтылған. Онда:

«Кебек батыр Нысанның лашық үйіне аяңдап келіп, жақындап тұра қалды дейді. Сонда лашық үйден сарнап шыққан қобыздың үні батыр көкірегін қақ жарып, құлағы сүйсініп тыңдағысы келді де тұрды дейді. Көңіліне әр нәрсені түсіріп сонан соң қобыздың үні басылды» дейді. Кебек қозғалмастан тыңдап отыр екен.

Бір уақытта біреу:

«Кебек батыр, неге отырсың түспей, өзіңнің неге келгеніңді ұмыттың ба? – дейді. Кебек кім екенін білгеніне таң қалып, жақын келіп, атын белдеуге байлай салып, үйге кірді»⁹, – делініп, Нысан Кебектің бұған келетінін, оның аты-жөнін әулиелікпен күні бұрын біліп отырады.

Ол жұпыны ғана лашықта тұрады. Бұған қарағанда Мұхтар сол он жетінші жылдың өзінде Нысан абыздың образына әлеуметтік салмақ

⁹ Асыл мұра. А.: Жазушы, 1970. 30-б.

салғысы келген. Ол белгілі дәрежеде рулық намысты қорғайтын тұлға. Шәкәрімнің дастанында абыздың әйелі Таңшолпан жоқ. Ал Мұхтар Таңшолпанның көрген түсі арқылы образдың өзін болашақ қанды оқиғаға дайындайды. Бұл пьесада Нысан образы тобықтының батагөйі, қасиетті көріпкелі.

Бірінші көрініс

А б ы з (*жалғыз*). Жаратқанның жарлығына ризамын, аз ауыл тобықтының алақанына салған батагөйі қылды. Сақал шашым ағарғанда тұғырымнан тайғам жоқ. Қан – қара, би – төре, батыр – бағлан әлі де болса алдымнан етеді. Оң батама ынтық болады (*Көтеріліп, саспай*). Келе жатқан күндегі көмескіні болжасам да болатынына сенеді. Иеннің сәуегей қарты адастырмайтынын біледі (*тоқтап*). Ел бастаған қабырғалы билерім, қол бастаған батырларым, асқар белдерім оң батамды алған жолы жарға жығылған емес, жаратқаным сансыз шүкір етемін. Олар бастағалы Тобықтының жығасы жығылған жоқ. Мерейі үстем болып, тастаған тасы өрге домалап келеді. Қайратын қара тауға меңзеген талай жауы тізесін бүгіп жеңіліп отыр).

К е б е к т е: «Ендігі жас дәуренімді сұлу жар алып, соның қызығымен өткізем десем, сәуегей қария не дейді?– деп іштей Нысанның сөзіне тіксіне қарайды. Шәкәрімде де Кебек іштей сезік алады. Қара сөзбен баяндалған хикаяда мүлдем басқа. Кебек – күшқайраты асып-тасқан, жастықтың буына бусынған бағлан батыр. Нысан абыз – тек сәуегей ғана. Біз үшін ең қымбаты – өмірлік шындық. Соны нақты көз алдына елестету үшін «Абай жазған еді», – делінетін хикаядан үзінді келтіреміз.

«Сонда түсі суық қарт, Кебек амандасқанша шыдамай һәм айтатын сөзін де айттырмай, батырға қарап тұрып айтты дейді:

– Мен бұрыннан, сен Кебек батыр келетініңді біліп едім, айтқандарын айтайын, – депті. Сонда батыр құлағын салып, айтсын деп тұра қалғанда, Нысан да айта алмай тоқтаңқырап тұрып сөйледі дейді.

– Уә, Кебек батыр, пірлердің айтқаны саған қуанышты бола ма, қалай айтсам да тыңдаймысың,– деді дейді.

Сонда Кебек батыр айтты дейді:

– Әдейі менің келген жұмысым осы, қандай болса да естімей кетпеймін, мені не болса да қорқытпайды, қайда жүрсек те өлеміз, ажалдан құтылмаймыз, енді осы күнгі көңілдегі қайғыдан қайтып құтыламыз? – деді дейді.

Сонда Абыз Нысан айтты дейді:

– Бірталай жыл өте, ерлік қыларсың, қайратынды көрсетерсің, халық сені құрметтей де бастар, сені қуат қылар, өзіңнің қайғың да кетер, бірақ жасыңда дүниеден өтерсің, ең қызық көріп бақытты болатын уақытыңда о дүниеге көшерсің, дос-дұшпаныңа қор болып өтерсің, жалғаншы болмайын – деп, қайтадан қобызын алып ойнай бастады дейді.

Сонда қарт Нысан түрі бір кіріп – бір қашып ойнап отырғанда, батыр, екі көзін алмай қарап отырды дейді.

Бір уақытта Нысанның аузынан көбігі ағып, қобызы қолынан түсе, есі ауып жығылды. Әр-беріден соң есін жиып, айтты дейді:

– Менің айтқаным рас екен, бір заман болар, біздің таулардың бір жартасында, қатты ағын судың басында, орман ағаштың ішінде бір қызға ұшырайсың. Сол қызды осы күнде мен көріп тұрмын: ұзын бойлы, ақ киіктей, шашы қарғаның қанатындай қара, маңдайы жазық, көзі қара һәм өткір, осы қызды қатындыққа алып, оның себебінен жоғарғы айтқандай болып өлесің. Енді, батырым, осымен бар, аз жылдың ішінде қимылдап қайратынды көрсет. Мен демалайын, – деді дейді.

Кебек Нысанға ақысына сүр ет беріп, қайтыпты. Айтқандарынан ешбір қорықпай жай үйіне қайтыпты, сол уақытта көңіліне әртүрлі ой түсіп, көңілі босап ақырын ілбіп отырды дейді. Сонда Кебектің көңіліндегі қасірет кетіп, көкірегі ашылғандай болды дейді. Маңайына қараса биік жартас, қалың орман ағаш һәм сарқырап ағып жатқан бұлақ дейді.

Сонда Кебек батыр ойлайды: Менің ғұмырым да осы дүниеменен бірдей-ау, – деп. – Мына жартас болса, бір қалыппен тұратын дүние, самсап тұрған орман өткен ғұмырға ұқсас, ағып жатқан су – өтіп бара жатқан ғұмыр ғой – деп. – Жастықта адам ой ойлаушы болады ғой»¹⁰.

Демек, Нысанның бақсылығын үш нұсқа да мойындайды. Біз де күмән келтірмейміз.

Ал тарихқа жүгінсек, тобықты арасында Нысан атты абыздың болғаны рас. Туған, өлген жылы белгісіз. Ел арасында там-тұмдап әңгіме айтылғанмен, оның барлығы «Еңлік – Кебектің» оқиғасына әкеп тірейді.

Шәкәрімнің шежіресінде: «Тобықтының екі баласы – Ерес-тек, Дәулетек. Бұл Дәулетек бір аста жуан таяқ ұстап, ошақ басын қорығаннан жуантаяқ атанып, нәсілі де сол атпен аталды. Ол Дәулетектің үш баласы – Байқара, Байшора, Жиеншора. Бұл Жиеншора оқымысты кісі болған соң «хофат» дейміз деп, тілі келмей абыз

¹⁰ Сонда. 30–31-бб.

атанды»¹¹ – деп жазылған. Нысан абыз осы Жиеншораның баласы деген сөз бар. Кейбір қариялар: Нысан абыздың аты – Жиеншора. Нысаналы болған соң, Нысан деп атап кеткен дейді. Тобықтылардың шежіресінде де, ел әңгімелерінде де өзге сөз айтылмайды. Жорамал болуы мүмкін. Анық сақталғаны Нысанның қыстауы – Кеңгірбайдың кешенінен отыз шақырымдай, Шұнай тауының балақ бауырында. Айналасы шилеуіт, қақты көл бар. Зираты – Қыдыр қыратының етегінде, қыстауынан 10–15 шақырымдай, Ақтанбұлақтың басында. Қазіргі «Медеу» мекен-жайының шеті. Бұлақтың айналасы сазданып, зираттар езіліп, құлай бастаған соң 1987 жылы Нысан абыздың сүйегі қазып алынып, қыраттың төбесіне қойылып, мазар орнатылды. Арғы-бергі заманның әңгімесіне қанық Бергіс Төлеубеков абыздың қабірін ашқанда солардың ішінде болған.

Бергіс Төлеубеков: «Нысан абыздың зираты мүлдем езіліп, топыраққа сіңіп кететіндей болған соң, ел-жұрт жиылып, құрғақтау жерге ауыстыруға сөз байласты. Бәрімізді әртүрлі күдік биледі. Ғасырлар бойы қалың қауым кие тұтып, ақ байлап келген мүрденің ішінде не бар, не жоқ, оның барлығы құр дақпырт, аңыз боп шықса қайтеміз, деген қауіп те орынды еді. Жер бетінен бір жарым метрдей төмендеп қазған соң күректің басы жұмсақ нәрсеге тиді. Содан кейін баппен, шым-шымдап бетін аршыдық. Өлгі жұп-жұмсақ нәрсеміз – жібек шүберек екен. Зады күн сәулесі мен ауа өтпесе керек. Шірімепті. Күрек тиген жер сөгіліп кеткен. Сол шүберекпен мәйітті ораған. Топырақты қолымызбен сыпырып отырып, мәйіттің аяғынан бастап тазарттық. Бас сүйегі жерге жабысып қалыпты. Аяқ, қол, білек сүйектері ұзын. Саусағы салалы, қобыздың қыл ішегін баса-баса шорланып кеткені анық білінеді. Қабірдің бүйірі қуыс екен. Одан ораулы шүберек шықты. Ашқанымызда ол қобыздың қабы екен. Қобыздың өзі шіріп кетіпті, жіңішке қыл ішегі ғана сақталыпты. Ұзындау ағаштың шіріндісі шалынды, ол – асатаяғы-ау деймін. Мәйітті ақыретке қайтадан орап бұрынғы бейітінен жүз метрдей жоғары, қыр басына қойдық. Ақ кірпіш пен мәрмәрден өрілген мазар тұрғыздық. Күдігіміз жоққа шықты Нысан абыздың осында жерленгеніне көзіміз енді анық жетті»¹², – дейді.

Абыздың мазары Еңлік – Кебектің қыстауының ортасындағы Қыдырдың сілемінде. Қазір оның іргесіне дейін үй салынып, көптің көз алдында мен мұндалап тұр.

Ақтанбұлақтың көзі бітеліп, сазға айналды. Соның желкесінде

¹¹ Жұлдыз. 1977. № 2.

¹² «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қоры. Автордың қолжазба қатырасы, 657-бума.

үңірейіп кішкене шұқыр жатыр. Ол – екі жүз жыл бойы Нысан абыздың денесін бұлдірмей сақтаған зираттың орны.

Жаңа жер-бесігің жайлы болғай, Нысан абыз.

Ендігі кезек – Еңлік пен Кебектікі. Оларға үкім айтқан билердің қысқаша дерегі жоғарыдағыдай. Тек Көбей туралы мәлімет аз. Руы – Жүзбенбет. Пысық, тілі майда, Кеңгірбайдан кейінгі сөз түйінің ұстайтын шешен би осы.

Ал осы қос мұңлық кім еді?

II

Оқиға өткен мезгіл – 1775–1780 жылдардың шамасы. Тобықты мен Матай тайпасы жер үшін таласып, кісі өліп, бірі құныкер, бірі жығынды болып тұрған аласапыран шақ. Сыртқа шықпаса да «ата жаулықтары» басылмай, демігіп, қыжыл көбейе түскен. Елді біресе татуластырып, біресе өшіктірген Кеңгірбай мен Еспенбеттің (Бұл арада Еспенбетті шартты түрде алып отырмыз. Оның себебі мақаланың соңында айтылады. – **Т. Ж.**) уақытша ішінен тыншыған кезі. Тоқтамыс батырдың атақ-беделі кеңінен тараған тұс. Кебек оның жамағайын інісі. «Жолсыз жаза» дастанында Кебекті:

Ту тіккен тобықтының қол басшысы,
Жуантаяқ. Тоқтамыс деген кісі.
Жамағайын жақыны сол кісінің,
Бар екен Кебек деген бір інісі.
Ол Кебек мықты болған жас басынан,
Тоқан да тастамайды өз қасынан.
«Жасы бала болса да – жаны отты» деп,
Артық көрген не сабаз жолдасынан.
Он бесінде Кебектің аты шықты,
Атты, жаяу бәріне бірдей мықты.
Көзі өткір, қара торы жігіт екен,
Орта бойлы, тапалдау кең иықты¹³,–

деп таныстырады.

Барлық нұсқадағы мағлұматтарды екшей келіп, пікірді қорыта айтсақ: «Кебек – «Жауға батым, жақынға әдепті, кішіні – іні, үлкенді – ағалап» тұратын инабатты жігіт. Үйленген» Ал «Дала уалаятындағы» әңгімеде Кебектің Еңліктен бұрын алған әйелі болған, одан тараған ұрпақ бар. Ол әйелді жасынан көрмей айттырғандықтан да Кебек менсінбейді. Ерте суынған. Алайда Шәкәрім де, Мағауия

¹³ Шәкәрім. Шығармалары. А.: Жазушы, 1988. 294-б.

да, Мұхтар да о жағын қозғамайды. Кебектің ағасы Тоқтамыс жоңғар шапқыншылығымен арадағы соңғы шайқасқа аттанған. Мамай да сонда. Ауылда қарттар мен жас жігіттер, әйел мен балалар қалған. Өйткені елу жыл қырғын көрген халықтың мүлдем құрып кетпеуі үшін жоңғарлардың кері шегінген кезінен бастап, Абылай хан үйленбеген не соңында ұрпақ жоқ жалғыз жігіттерді шайқасқа қатыстырмау туралы жарлық шығарған. Бала сүйген соң ғана жасаққа алған. Кебек те сол себепті Тоқтамысқа ілеспей ауылда қалған. Тоқтамыстың зираты Еңлік пен Кебек кездесетін Қақпақ жартастың шығысындағы Қыдыр жазығындағы дөңнің үстінде. Екі арасы – он шақырымға жуық. Жуантаяқтың ежелгі қонысы – Қыдыр қырқасы. Кейін Құнанбай тұсында Машанға қарай ығысқан. Сол кездің өлшемімен алғанда Еңлік пен Кебектің аулының арасы – ат шаптырым жер. Жоңғар Алатауы жоңғарлардан толық тазартылмағандықтан да, матайлар Шыңғысты жиектей қоныстанған. Әлі Ешкіөлместің бауырына да, Қалбаттың қалтарысына да көшпеген. Ауыртпалықтан арқасы жаңа босаған елдің ендігі уайымы – қыстау мен жайлау. Малдың өрісі. Батырлар мен ақыл тоқтатқан ер азамат жау өтіне аттанғанда арттағы елдің дауын билер бейбіт шешіп, ру араздығын қоздырмауға міндетті. Хан Абылайдың жарлығы солай. Бірақ ел тентексіз болмайды. Нысан абыздың да күңіреніп «береке» іздеуі сондықтан. Шәкәрім мен Мағауия бұл жағдайға тоқталмайды.

«Кез болсаң да ұзамай тез боларсың» деп Нысан абыз топшылағандай Ханның биігіне шығып, түлкі қуып жүрген Кебек боранда адасып жүріп Еңліктің үйіне келеді. Соған қарағанда олар қыстың бас кезіндегі қансонарда кездескен. Еңліктің ол кездегі мекені – Шыңғыстың етегі. Шәкәрім қыстауының етек жағы. Туып-өскен қонысы Қодардың қара жартасының маңы. Қоштасу әнінде айтылатын Найзашоқы, Қарауылтөбе, Бөрілі, Шыңғыс – Еңліктің жайлауы; Балпан, Ши, Мұсақұл, Жидебай – пішендік жері. Әкесінің руы матай. Дәулетті адам. Жасында батыр болған. Пьесадағыдай кедей де, қол қайраты жоқ әлсіз де емес. Тек кәрілік мүжіген. Еңліктің шешесі найманның ішіндегі Қаракерей Байжігіт табы, «ер Қабанбайдың жиені». Дәл сол кезде Абылай ханның бас батыры Жайылдағы жоңғармен болған соңғы соғысты басқарып жүрген. Қай жағынан алса да Еңлік қорғансыз емес.

Екеуінің де сенген адамы жау өтінде жүр. Сондықтан да ажалға араша түсетін күйінді адамдары жоқ болғандықтан да ат құйрығына байланып кетті деген тұжырымға илануға да, иланбауға да болады. Мүмкін, Қабанбай мен Тоқтамыс оқиғаны ушықтырмай тыйып тастауы да. Хан жарлығына қарсы келмейтіні анық. Ол үшін Абылай сөзі – бұйрық. Мәселе – ауылда қалған билердің сұңғыла Қараменде

дәл басып айтқан «менмендігінде» және бозбалалардың (матай жағы) жалған намысшыл кеудесоқтығында. Екіншіден, буыршынға бұйда салған Еңліктің өжет шешімінде. Иә, Еңліктің өзі ажалға бет түзеген.

Арманда кетіп, қыршынынан қиылған ару ажалды емес, бақытын іздеп, қара жартастың түбіне келген. Нақты оқиға былай.

Кебек қансонарда Хан шыңының басына шығып қырдың қырмызы түлкісіне бүркіт салады. Боран басталып, құсын әзер табады. Содан Қахан (қазіргі Бөкенші) өзенін бойлай, Шыңғысты бөктерлей жүріп, Қара жартастағы Еңліктің үйіне, киіз үйіне түнемеге жетеді. Еңлік әкесі мен шешесі және қойшы бала (Мұхтарда – Жапал) төртеуі ғана. «Қарсақ жон ғып» құрт ұсынады. Еңліктің ер жігітке көңілі толады. Кебек атына бұрыннан қанық екен. Өз төсегін қонаққа береді. Әкешесі ұйқыға кеткенде шерлі қыз жігітті оятып, мұңын Кебекке айтады: бесікте айттырған күйеуі – «күнге де тәжім ететін ынжық», бет-аузын әжім басқан әрі көсе, «түнде болса ұйқыдан бас алмайтын, күндіз ескі жұрттан асық іздейтін» ақылсыз, әрі саусағы молтақ бишара біреу екен. Сондықтан да Кебекке: «Мен татысам, жігітің маған татыр» – деп, ғұмырлық жар етуіне тілек білдіреді. Әрбір үшінші күн – Қақпақ қара тастың түбінде кездесіп, уаз кешеді. Кебектің:

Соғысқа сылтау таппай отырғанда,
Бүлдірмелік матай мен тобықтыны¹⁴, –

деген қаупін қыз сөзі сейілтіп жібереді.

Қызықпен қыс өтеді. Екі ел бәтуаға келеді. Еңлік жүкті болады. «Босансам өз қолыңда босанайын» – деп, Кебекпен Орда тауына қашып кетеді. Бұл хабарды қойшы бала қыз әкесіне айтады. Қызының кіммен кеткенін білмей дағдарған Ақанға руластарының бірі ілулі түлкіні кім бергенін сұрайды. Кебектің сыйлаған олжасы боп шығады. Істің басы ашылып, тобықтыға сұрау салады. Олар шындығында да қыздан хабарсыз еді. Білмейміз деседі. Ерегеспен ел барымтаға шығады. Сол кезде Көбей Кеңгірбай биге барады. Еңлікті алып қашқан Кебек екенін біліп тұрып, бәтуаласудан бас тартады. Тоқтамыстың келуін күтеді. Арада бір жарым ай өтеді. Одан кейін тағы да үш ай бойы еш мәміле ұсынбаған тобықтылардың бұл үнсіздігін матайлар қорлыққа, басынғандыққа санап, өре түрегеледі. Оларға сыбандар қосылады. Енді екеуін де ұстап беруін талап етеді. Әңгіме үлгісіндегі нұсқада Еңліктің айттырған жері – керей. Матайлар тауы шағылғасын сол керейге барады. Олар, «Еңлікті жіберген қыздың әкесі» – деп әлек салады. Екі елдің өзара өштік барымтасы басталады.

¹⁴ Сонда, 301-б.

Міне, Кеңгірбай бидің қателігі осы арада. Ол мына оқиғаның түп төркінін, жақсылыққа әкелмейтінін біле тұрып, үш рет сұрау салған матайды жауапсыз қалдырады. «Ал істейтініңді істеп ал» – деген ишара, қысас бұл. Және мәмілеге шақырған елді қорлау. Өзінің «менмендігін» жеңе алмаған Қабекең – Кеңгірбай би бұл жолы «жеңілсе, енді барар руы жоқ» екендігін кеш сезіп, «көрсетемін қайтемін, тыныш жатам» – деп қос ғашыққа ара түспейді.

Прозалық нұсқада: «Кеңгірбай Кебектің беделінен сескеніп, оны қасақана ұстап береді дейді. Сонда бүтін Тобықтыдан шыққан төбе би Кеңгірбай айыптыларды матайға жаза салу үшін беруді тілеп, Тоқтамыс би жоқта қылықты қылды дейді.

Өзінің басына қасірет түскенде ақылды кісі де ақымақ болып кетеді. Кебекте қасірет көбейді дейді. Бұлар үшін барымталасып, көп ағайын-туғандары өлді. Бірақ бір ғапыл болған жері – өзі халыққа құрметті болған соң Кеңгірбай жамандық қылады деп ойламайды.

Қар еріп, жаз шықты дейді. Ағаш, ормандар, жерлер гүлдеп, бәйшешектер атып, дүние адам қарағандай тамылжып, көңілді рахаттандырып тұрды дейді.

Сонда Кеңгірбай жүз тобықты, жүз матайды жиып, Ақшоқының басына шығып, айып қылған Кебекті, Еңлік сұлуды, жаңа туған баласын алып келіп, тергеу қылды дейді. Сонда матайлар айыптыларды қолымызға бер, өлтіреміз деп, дау қылды дейді. Кеңгірбай сыртынан Кебекке болысса да, ішінен Кебекті өлтіргенін тура көреді дейді, халық оған ауып кетпесін деп»¹⁵. Ақыры қос ғашық Ералы жазығы мен Таймақ көлінің арасындағы төбенің топырағын томпитып тынады.

Кебекті жар қылуға бекінген де, алып қашуға мәжбүр еткен де, екі елдің бәтуасын бұзуға себепші боп, от тастаған да Еңлік мұңлық. Әрине, оған жігіттің мәрттігі де қосылды. Шындық осы.

Өнердің өз шындығы бар. Мұхтар соған жүгінген. Қойшы баланы әңгімеде Еңліктің інісі – Жапалға айналдырады. Еңліктің мыртық әрі ынжық күйеуін «өлтіреді» де, оның орнына батыр Есен образын ойдан қосып, әмеңгер етеді. Сонымен Еңліктің «жазықсыз жазықты» болуын ақтап алады. Есенді Кебекке өлтірту арқылы қарсы жақтың өшпенділігін арттырып, кешпейтін кекке ұластырады. Сөйтіп, трагедиялық оқиғаны сахнаға лайықтап, шиеленістіре түседі. Матай жағының өктемдігін өсіре түсу үшін бұл оқиғаға еш қатысы жоқ Еспенбетті қосады. Ол да сахараның Кеңгірбай дәрежелес көкжалы, Абылай ханның күзет, барлау жағын басқарған, аты аңызға айналған сыбанның батыр биі. Атақты Ақтамберді жыраудың немере інісі еді.

¹⁵ Асыл мұра. А.: Жазушы, 1970. 39-б.

Еңліктің нағашы жұртындағы азулы адам сол болатын. Ірі тұлғалы билер айтысын айдындандырып көрсету үшін алған. Әйтпесе, ол кезде Еспенбет Абылайдың тапсырмасымен Ташкентте елшілікте жүрген. Ал Еңліктің айттырылған жері керей еді. Еңлік керейдің жесірі. Матайға, яғни Есенге де, Еспенбетке де қатысы жоқ. Ал пьесадағы тартыс – Кеңгірбай, Көбей мен Еспенбеттің арасында ширғады. Есен мен Еспенбеттің қатты екпіні Кеңгірбайды да сескендіреді. Ақыры өзі ренжітіп жіберген Қарамендені ара ағайындылыққа шақырады. Көбейді бітімге жұмсайды. Жаулық өрті тұтанып, өшіруге иелік бермейтінін аңғарған соң, жасырын сыпайы жіберіп, екі жасты ұстап бермек боп, құпия сөз байласады.

Мағауия:

Тобықтыда сол күнде Кеңгірбай би,
Қыз қайнынан астыртын алыпты сый.
Айтады «қыз қайнына бітім жерде,
Әуелі ұстап алып қызыңды тый».
...Қылжырлықтан атандың биім «Қабан»,
Қабан түбі доңыз ғой, білсең надан.
Үлкен билік алдында сөйлесермін,
Жазасы не болады бидің арам¹⁶, –

деп күйінішпен жырлайды. Пьесада: «Би (Көбейлерге): Сендер де барыңдар, оңаша... оңаша бер маған Еспенбетті» делінеді. Бұл көркемдік шындық. Еңлік пен Кебек Кіші Орданың алқымындағы Ұйтасқа паналайды. Ол ғашықтардың кабірінің басынан алты-жеті шақырымдай жерде. Екі жағы – бұлақ, жықпыл-жықпылы мол, қалтарыстағы үңгір тас. Қазір – үңгірдің үсті құлап, жадағайланып қалған. Бұлақтың көзі бітелген. Жартастың кескіні сақталған. Екеуі сол арада жатып билердің үкімін күтті. Үміттені күтіпті. Істің насырға шауып бара жатқанын естісе де, Кебек басқа жаққа қашып кетуді ар санапты. Кеңгірбай өзінен елу жыл бұрын аталас ағасы Көкенайдың Қалқаман мен Мамырға қолданған жазасын ұсынды. Кебекті өзі жазаға тартпайды, бірақ қорғамайды да. Екі ғашық мекендеген ұйтасты нұсқап жіберіп, Еспенбетті таң қараңғысында Ұйтастың үстінен түсірді.

Қыспақта қалғанын байқаған Кебек Қозыкүреңге қарғып мініп, Еңлікті артына міңгестіреді де, атын жартастан тік секірте қашады. Еңлік салмағына ие бола алмай аттан жығылып қалады. «Өлсек – бірге өлеміз» деген анттымды бұзбаймын деп, Кебек жау қолына өзі кеп түседі. Екеуін Ащысудың бойына алып келеді де, бірі таспен ұрып

¹⁶ Мұхамедханұлы Қ. Абайдың ақын шәкірттері. А.: Дәуір, 1993. 167-б.

өлтірмек болады, екіншісі дарға асқысы келеді. Ақырында аттың құйрығына байлап, Ералы жазығында сүйретіп өлтіреді. Пьесада Кебек арқанмен сүйретпей, атып өлтіруін тілек ретінде айтады. Ол тілегі орындалады. Әрине, бұл Мұхтардың сахнада ойнауға қолайлы болуы үшін «ойлап тапқан амалы». Олардың артында Ермек атты сәби қалады. Мағауия дастаны былай аяқталады.

Балаға ешбір пенде қарамапты,
Тобықты неткен жандар діні қатты.
Шеткі Ақшоқы басында бесігімен,
Деседі бір күн бойы жылап жатты¹⁷.

Ал пьесада: «Жапал (Абызды көрмейді. Құндақтаған баланы баурына алып): Сорлы қозым! Қошақаным! Жетпей қалған, жетпей қалған бауырым. Алдым сені баурыма. Таптап кеткен. Елсіз иесіз далаға тастап кеткен тас бауырлар, бөрілер!.. Осы ма еді ел деген? – деп шерлі зар төгеді.

Бұл ешқандай да әсірелеу емес, қадым замандағы қатыгез заңның өмірлік шындығы болатын.

Сол бір қасіретті зауал күні Еңлік пен Кебекті Ералы жазығының шығысындағы Шұбар төбеге жерлепті. Ол – маң жазықтың ортасындағы бәйге, той, жиын өткізілетін, жамбы тігілетін ойынсауық орны болатын. Енді махаббат құрбандарының мазары орнады. Жыл өткесін тастан қалқа тұрғызады. Атақты Біржан сал Абай аулына қонаққа келгенде, Ақшоқидан осында әдейі ат басын бұрып, мінәжат етіпті (Екі арасы – 10–15 шақырым). «Орда тауында отыратын әйгілі тас қалау шебері Рыскелді дегеннің Мамай батырға зират тұрғызғанын естіп, Біржан оны шақырып алып, Еңлік – Кебектің басына белгі тұрғызуды тапсырады. Рыскелді Еңлік – Кебектің қабірін қайта сандықтап, құйма кірпіштен шағын мұнара тұрғызған. Қабір сандықшасының тұрқы тұтас, құбыла жақ басы екі айыр болған. Бұл қабірдегі екі адамды білдірген ишара болса керек. Кейін мұнара құлап, ізі қалған»¹⁸.

III

Қашанда өмірлік шындықтан гөрі көркемдік шындықтың өмірі ұзақ, оның үстіне Мұхтар Әуезов сияқты ұлы талант иесінің қаламынан суырылып шыққан дүние көңілінде күдік қалдырмайды, қапысыз сендіреді. Тарихи туындылардағы әсерді үстеп, оқиғаны

¹⁷ Сонда, 169-б.

¹⁸ Қазақ совет энциклопедиясы. А.: 1974. 4-т. 154-б.

ширату үшін алынған көркемдік тұспалдардың сол күйінде қабылданатыны сондай, кейде жазықсыз адамдардың ұрпақтардан қарғыс естуіне тура келген. Мысалы, «Моцарт пен Сальериді» жазғанда А. С. Пушкин ұлы композитордың өлімінің қасіретін барынша қайғылы көрсету үшін оған замандасы Сальериге у бергізеді. «Әр Моцарттың өз Сальері бар» – деген нақыл дүниежүзіне тарап кетті. Сальери – қызғаншақ, ең жексұрын тұлғаның біріне айналды. Ал өмірдегі Сальери мүлдем басқа, мейірім-қайырымы мол, Моцарттың шығармаларын оркестрге түсіріп, оны насихаттаушының бірі болған. Тұңғыш рет балалар оркестрін құрған. Моцарттың іздеусіз қалған мүрдесін тауып, оны арулап жерлеген. Бірақ ұлы композитордың жастай қыршынынан қиылуының себебін іздегендер оның ең жақын тілеулесіне күйе жаққан...

Сальеридің адалдығы туралы зерттеулер бар, алайда Пушкиннің трагедиясы жыл сайын басылып, миллиондаған тиражбен тарайды. Оны оқыған адамның өзге шындыққа сенуі де қиын. Тіпті, сенбейді де. «Шындықтың жолы ауыр» дейтіні де сондықтан. Оған біздің де көзіміз жетті.

Дәл осындай тәуекелге Әуезов те барған. Ондай қадам жасамасқа амалы да қалмаған. Яғни, көркем шындығы дәлелді әрі әсерлі шығуы үшін Кеңгірбай мен Көбейді дегеніне көндіретіндей өктем сөйлеп, қос ғашықты қатыгез жазаға тартатындай қатал да беделді қарсылас – жағымсыз кейіпкер керек болды. Драматургияның жанрлық ерекшелігі, сахна шарты – соны талап етті. Пьесадан бұрын көпшілікке таралған төрт нұсқада матай жағының сөзін ұстап, билердің келесіне түскен адам мынау еді деген нақты кісінің аты аталмаған. Жалпылама бүкіл руды құныкер етіп көрсетеді. Ал Мұхтарға қалайда сол қалың тобырдың арасынан біреуін іріктеп алып, оны «пәленше» деп ат қоюы қажеттігі туды. Онсыз пьеса толыққанды шықпайды, тартыс та солғындайды, тек аңыздың жаңғырығы ретінде қалады. Міне, осы арада ойына Еспенбет оралады. Мұны өзі тапты ма, жоқ, ескі шежіреге, көшпелілер тарихына, билердің айтысына қанық Тұрағұл айтты ма, оны дәлелдеу мүмкін емес енді. Дегенмен де, сахнадағы билердің айтысын, олардың келеге түскен кезіндегі іс-әрекетін, ортаға қамшы тастап барып кезегін алатынын, ара бидің өзін қалай ұстау керек екендігін, тіпті олардың сөздері мен психологиялық дайындығын Мұхтарға айтып отырып жаздырған Тұрағұл екенін ескерсек, оның өзі де ағайын арасындағы дау-шарға қатты араласып, төрелік жасап жүрген билердің бірі екенін назарға ілсек, Еспенбеттің есімін атаған да сол деп күмәнсіз сенуге болады. Оның мәнісі былай.

Еңлік пен Кебектің заманында матай, сыбан руларының ішіндегі еңселісі, ел аузындағы «от ауызды, орақ тілдісі» кім болды? Ақтанберді жырау қартайған және үнемі жау өтінде жүрді. Ақтайлақ бидің дәурені кейіндеу, Ырғызбай мен Өскенбайдың тұсында дәуірледі. Матайлар болса Еңлік – Кебек оқиғасы өткен соң іле-шала жаудан босаған Жоңғар Алатауына көшкендіктен, олар туралы мәліметтері аз. Еңлік «нағашым» деген Қабанбайды кірістіруге қисыны келмейді. Бүкіл қазақ қолының қолбасшысы, Абылайдың бас батыры ру арасындағы бимен тәжікеге түспейді. Керісінше жорықтан оралған соң артта қалған бала-шағаның шырқын бұзғаны үшін, екі жақтың биіне, оның ішінде бес ай бойы дауды шешпей жатып алғаны үшін Кеңгірбайды да жазаға тартады. Кеңгірбай патша әскерінің қолына түскенде арашаламайды. Тоқтамыс – өзінің қол астындағы батырларының бірі. Енді кім болуы мүмкін. Көкжал Барақ батырдың жұрты шалғай. Сондықтан да іргесі жапсарлас әрі Еңліктің нағашысы сыбан, оның ішінде сыбанның бәйбішесінен туған Жарасқұл деген атадан тарайтын Еспенбетке тоқталады. Жас мөлшері де келеді, шешендігі де, өжеттігі де бар.

Сондай-ақ Есенді де Мұхтар пьесаға ойдан қосады. Еспенбет билермен келеге түскенде, Кебекпен күш сынасатын батыр да қажет. Еңліктің туған інісі болмағанымен, дастандарда оның үйіндегі қойшы бала екі-үш жерде айтылады. Шәкәрім:

Еңлік, Кебек кеткен соң, таң тағы атты.
Күн шыққанша кемпір-шал тұрмай жатты.
Қойшы Еңлікті таба алмай іздеп-іздеп,
«Қызың қашып кетті» деп шалды оятты.
Шал жылап, әлі келді екі көзге,
Қолынан не келеді одан өзге.
Қойшы барып еліне хабар айтып,
Матай келді жиылып осы сөзге¹⁹, –

деп суреттейді. Ал «Дала уалаяты газетіндегі» әңгіме бойынша: «Жолыға-жолыға болған соң, Кебек батыр аң аулай осы жаққа келе беретін болып, ақырында қыздың ағасымен тамыр болыпты»²⁰. Сол қойшы бала немесе қыздың ағасы пьесада Еңліктің жанашыр бауыры ретінде сахнаға шығады. Нағында, «әмеңгері – Есен, қойшы бала Жапал – бауыры еді» деген дерек жоқ. Есен атты батыр тарихи жырларда, аңыз-әңгімелерде кездеспейді. Абай жазды дейтін прозалық нұсқада – қыздың әмеңгері керей елі. Онда: «Сонан соң

¹⁹ Шәкәрім. Шығармалары. А.: Жазушы, 1988. 304-б.

²⁰ Асыл мұра. А.: Жазушы, 1970. 32-б.

матайлар көмек сұрап, қыздың бұрынғы берген жері керейге барыпты. Сөйтіп, екі жылдай барымталасып, әлденеше кісілер өліп, ақырында билер арқылы бітім қылмақшы болады»²¹, – деп жазылған. Демек, Есен – Мұхтардың қиялының жемісі. Ал Еспенбет – халық арасында аңызға айналған, Абылайдың жасағын басқарған, «Ақтабан шұбырындының» жеңіспен аяқталуына ерекше үлес қосқан батыр. Тапқырлығы, өжеттігі үшін Абылай хан мен Қазыбек би оған «Адақ» деген ат береді. Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Адақ батыр – осы Еспенбет. Дулат жырау Бабатай ұлының «Еспенбет» дастанының өзекті тұлғасы. Халық үшін жанын найза ұшына ілген сабаздың тосыннан қатыгез өз ұрпағын өзі өлімге қиған «қыңыр би» ретінде көрінуі – қиянат. Оның есімі қарғысқа емес, алғысқа лайық. Және шабындыдан олжаға түскен қызға бостандық берген бірден-бір батыр да – Еспенбет. Демек, көркем шындық қанша құнды болғанмен де, өмірлік шындыққа да обал жасамай, ер Еспенбеттің нағыз болмыс-бітімін ашып, «жаман аты» шыққан сабаздың «жақсы атын» өзіне қайырып беру парыз және шындықты біле тұрып, қиянатты көре тұрып үндемеу – қиянат.

Қиянат қана емес – қылмыс. «Платон менің – досым, бірақ шындық одан да қымбат» дейді емес пе. Сонда Абылай ханның жорығымен «Адақ» деп ат берілген, Дулат жырау:

Ер Еспенбет кешегі,
Ерекше еді деседі,
Тіл біткеннің шешені,
Үлгі айтса көшелі,
Жауға шапса көсемі, –

деп жырлаған Еспенбет кім еді?

Әрине, Еспенбеттің бүкіл өмірін қаттап, қағазға түсіру мүмкін емес. Оның үстіне «Ақтабан шұбырынды» боп, «Алқакөлдің» жағасына «қайың сауып» жүріп сұлай жығылған жаугершілік тұсында дүниеге келген сәбидің туған жерін, жылын анықтау да құр қиялдың бос дәмесіне жатады. Дегенмен де аңыз-жырдағы, ел аузындағы әңгімелердің ауалына, ол қатысқан соғыстардың болған мерзіміне қарап топшылауға, жорамал жасауға болады. Сол жорамалдың сорабын білтелесек, Еспенбет 1740 жылдың арғы-бергі жағында дүниеге келген. Себебі, ол «Шаған соғысына» қатысқанда және «Оқжетпестің – Оқжетпес аталған», «Маржан қыздың» оқиғасы кезінде жиырманың жуан ішіндегі жігіт. Ал Шаған соғысы 1760–1764 жылдардың арасында болған. Бұл, жоңғарлықтардың ең соңғы шаб-

²¹ Сонда, сол бетте.

уылы кезіндегі шайқас. Екіншіден: Дулаттың «Еспенбет» атты дастанында Еспенбет он төртке толғанда немере ағасы Ақтанберді жырау қартайыңқырап, шау тартып қалған. Ақтанберді жырау 1675–1768 жылдары өмір сүрген. Қаратаудың бойында дүниеге келген. Демек, Еспенбеттің де сол маңда не Ақмоладағы Еспенбет көлінің жағасында тууы мүмкін. «У ішең руыңмен» дейтін ол заманның салтына сөйкес Еспенбеттің аулының да Ақтанберді жыраудың қасында көшіп-қонып жүргені анық. Әкесі де батыр, тым жас кезінде шайқаста қаза табады. Шешесі төркін жұрты уақты сағалайды. Дулат:

Нағашысы – уақта,
Ер Қосайдай ер өткен.
Жетім қалып Еспенбет,
Қолында соның ер жеткен,
Он төрт жасқа келгенде,
Еспенбеттей еріңнін,
Туған ел ойын тербеткен, –

дейді.

Ол кезде, Ер Қосай тоқсан жаста, тұғырдан әбден түскен шағы екен. «Еспенбеттің шешесі Ер Қосайға немере». Жиенін өте қадірлеп, еркелетіп өсіреді. Соғыс өнеріне жаттықтырады. Әсіресе, садақты ерен тартатын мерген екен. «Күндердің бір күнінде Еспенбет бие ағытып жатқанда желінің басына келіп, ақбөрте құлынды көреді. Құлын құйрығын көкке шаншып, желіні үш айналады да, содан соң енесінің белінен үш мәрте арлы-берлі секіріп түседі. Содан Еспенбеттен ес кетіп, түнде қылышын қайрап, сүңгісін безеп шығады. Таң ата желінің басына барып Ақбөртеңі көріп отырып:

Ақбөрте мініп астыма,
Айқара тоқым салсам деп,
Алмас қылыш асынып,
Ақ найза қолға алсам деп,
Тоғыз түрлі топшығы,
Жеңсіз берен кисем деп,
Сары садақ іліп беліне,
Айғайлап жауға кірсем деп,
Бәрін айт та, бірін айт,
Туған елге жетсем деп.
Өмірім болса еліме,
Адал еңбек етсем деп, –

ойлайды.

Ер Қосай «көп шөбересінің ішінде ерекше тілек тілеген» шөбересінің жабығып жүргенін байқап:

Шыныңды айтшы, шөберем,
Сұлу сүйгің келе ме?
Сұңқарша сүйгің келе ме?
Айбынды ала ту алып,
Жауға тигің келе ме, –

деп сұрайды. Сонда Еспенбет:

Сөйлесем ата сырымды,
Туған елді көкседім,
Жат елде, арманда өскенім,
Лайық па, жан ата?
Іргеде елім тұрғанда,
Жат елде өмір кешкенім.
Көзіме емес сыртымнан,
Сан естіді құлағым,
«Сыбан бала» дескенін,–

деп бата сұрайды.

Жанына батқан уайымын түсінген Ер Қосай: «Еліңе де барарсың, тірі болсаң еліңнің керегіне жарарсың. Дос та – еліңнен, жау да – еліңнен, алды-артыңа қарарсың. Күндестік те – еліңнен, тілдестік те еліңнен: өсіру де – еліңнен, өшіру де – еліңнен, бақыт – елден қонады, дәулет те – елден болады. Еліменен ер жетіп, емендей өсіп толады. Елсізде өскен демесін, елден таңдап сұлу ал. Ақ отау тігіп басыңа, төрт түлік малдан еншінді ал. Топтан таңдап тұлпар мін, күлтелі құйрық, сұйық жал. «Жолын қыл» – деп баланың, қарт атаң жасын төкпей ме? Қарт тілеуі қабыл боп, қанына құрық екпей ме? Сопайып барса қу басың, Ақтанберді, Қабанбай, өкпелеп мені сөкпей ме? – деп тілегін қосады.

Еспенбет мал да, сұлу да алмайды, бөрте тайды сұрайды. Ер Қосай жиен шөбересінің ер қаруын түгендеп беріп, өрістегі тайды көріп, риза боп, шығарып салады.

Нағашысы Ер Қосайдың айтқанындай: «Тай мініп келді» деген ағайынның табасына қалады. Өзгеден кем санап, көзтүрткі қылады. Үш жыл бозөкпе боп күн кешеді. Еспенбет он жетіге толып, бөрте бесті шыққанда Көксаланың бойында Сатымқұл биге ас беріп, төрт арыс түгел шақырылады. Бөрте бәйгеден бірінші келеді. Бәйгеге тігілген жүз тайлақты бозбала сыбанның қолбасшысы Ақтанбердіге апарып, бес сыбанға тең бөліп береді. Сөйтіп, Еспенбеттен бөртенің даңқы бұрын шығады. Сол тұста Қабанбай батыр жар салып, келе

жатқан жоңғар әскеріне қарсы соғысуға (бұл – 1760 жылдардағы Шардағы шайқас болса керек) қол жияды. Сыбанның жасағына Ақтанберді қолбасшы, Сапбастай кеңесші болады. Топтың алдына елуден асқан, «алты жүз рет соғысқа кірген» жоңғар батыры шығып, жекпе-жекке шақырады. Қазақтың сегіз батырын өлтіреді. Енді Ақтанбердінің өзі шығуға ұмтылғанда Еспенбет жетіп барып, кезегін бұған беруді сұрайды. Қатты жарақаттанса да жоңғардың батырын жеңіп, қарақасқа атын жетекке алып келеді. «Арқар таңы атқанда» Қабанбай батыр жауға шабуыл жасап, жеңіске жетеді. Еспенбеттің ер атағы осы шайқаста шығады. Содан бастап:

Өле-өлгенше ел болды,
Еспенбеттің арманы.
Өзімен бірге жасады,
Астындағы тарланы.

Шынында да, Еспенбеттің бұдан кейінгі өмірі ат жалында, түйенің қомында, ел үшін еңіреп өтеді. Ақтанбердінің орнына сыбанның қолын, одан Қабанбайдың садақшылар жасағын басқарды. Шағандағы шайқастың кезінде Абылайдың күзет жасағының қолбасшысы болады. Жаугершілік кезінде туған Еспенбет өмірін жорықта аяқтайды. Ол «Ақтабан шұбырынды» аяқталған соң Абылайдың қасында жасақ басы болып қалады да, хан сарайымен бірге Түркістанға келеді. Ал Ақтанберді бастатқан өзге туыстары Аягөзде қалады. 1766 жылы Ташкент маңында Қоқан ханы Ирдана бекпен болған соғысқа қатысып, қатты жарақаттанады. Абылай 1780 жылы күзде Ташкенттің түбінде («Абылай» дастанында Самарқанда) қайтыс болады. Еспенбет те ұзақ жасамаған. Нақты жылын анықтау қиын. Анығы ұрыста қаза тапқан. Зираты Ташкент маңында. Еспенбеттің ұрпақтары бар. Аягөздегі «Мыңбұлақ» аулында тұрады.

Еспенбет туралы тарихи аңыздар көп. Оны таратушының бірі – батырға немере туыс боп келетін Дулат жырау Бабағайұлы. Бабағай – Еспенбеттің немере інісі. Дулат 1802 жылы туып, 1874 жылы дүниеден қайтқан. Заманы Еспенбетке жақын болғандықтан да көп деректі естіп-білген. Әсіресе Қабанбай батыр туралы әңгімелердің ішінде Еспенбет жиі айтылады. Бірақ та, Қабанбайдың соңғы соғысында ол аталмайды. Бұл – Еспенбеттің хан жасағымен бірге Түркістанда жүргенін дәлелдейді. Сондықтан да Еңлік пен Кебектің оқиғасы кезінде Кеңгірбай мен Еспенбеттің келеге түсуі мүмкін емес. Ол жау жағадан алғанда ауылда қалатын батағөй билердің қатарына жатпайды деуіміздің себебі сол.

IV

Халық арасында Кебектің баласы Ермек жайлы дастан бар. Онда жиенін нағашысы жасырып алып кетіп, ер жеткізіп тәрбиелейді. Кейін ол әкесі мен шешесінің кегін алуға бекінгені баяндалады. Бұл поэма рулық мақсатты дәріптеу тұрғысында жазылған. Оқиға тартысы өмірлік те, көркемдік те шындыққа жат. Бірақ Ермектің тірі қалғаны да, нағашы жұртының бауырында өсіп-жетілгені де шындық. Одан ұрпақ та бар.

Өзінің сүйікті досы туралы жазған соңғы мақаласында халқымыздың ғұлама жазушысы Ғабит Мүсірепов: «Мұхтар жиырма жаста. Абай аулынан басқа университет әлі ашқан жоқ. Дарын серпінін ондау үшін мұның да өз орны бар. Сол жиырма жасында қазақ драматургиясының көш басшысы, ата-анасы болып қалған «Еңлік – Кебек» 1917 жылы киіз үйде ойналды... Содан бері алпыс жыл бойында (мақала 1977 жылы жазылған – Т. Ж.), керісінше бала-лап, бұтарланып көркемөнер сахнасына әлі күнге әсерін тигізіп келеді. (Композитор Ғазиза Жұбанова «Еңлік – Кебек» операсы, «Қарғама жалғызды» әні). 1925 жылы қазақ театрының шымылдығын Еңлік пен Кебек ашты. «Еңлік – Кебек» алғаш сахнаға шыққан қазақтың ұл-қыздарының өсуіне де аз жәрдем еткен жоқ... Осы сырт шолудың өзінен-ақ мен екі қорытынды жасаймын: «Еңлік – Кебек» трагедиясы қазақ драматургиясының көш басы болса, Мұхтар өзі қазақтың бас драматургі, ұмытылмас ұстаз демекпін. Мұхтар драматургиясы қазақ халқының елеулі дәуірлерін түгел қамтыған», – деп жазды.

Бір ғана «Еңлік – Кебектің» халқымыздың рухани өміріндегі алған орнының қандай зор екендігін Ғабит Мүсіреповтің осы пікірі анықтап береді. Одан асырып айтам деп талаптану – әдепсіздіктің белгісі.

Бір сүйініші, «Еңлік – Кебек» пьесасы Әйгерімнің отауында бір-ақ рет қойылса да, сонымен бұл спектакльдің қан тамырының соғысы тоқтап қалмаған. Зерек, әдебиетке әуес, өнерге құмар сауықшыл жастар пьесаның өзін жаттап, кейіпкерлердің рөлін бөліп-бөліп алып, көңілді отырыстарда, ойын-сауық кешінде, серуенде, алтыбақан тепкен түндерде «Еңлік – Кебектің» әр жерінен үзіндіні дала «сахнасына» шығарып, жаңғыртып отырды. Тіпті, Мұхтардың өзі Шыңғыс төңірегінде аң аулағанда, демалыс сәттерінде өзі Кебек болып, басқаларды ойынға араластырып, өзінше шағын спектакль қояды екен. Ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан да сонау жиырмасыншы жылдардың ортасында Мұхтармен бірге Шыңғыс өңірін аралаған сапарын еске алып: «Мұхаң Еңлік пен Кебектің өлген жеріне апарып, «Еңлік – Кебектегі» билердің шешуін сахнаға шығарып

көрсетті. Еңлік болып ойнаған – Қатпа Қорамжанов. Кебек болып өзі шықты»²², – дейді.

Қазақ даласына театр өнері осындай жолмен келіп, ешқандай режиссерсіз, сахнасыз-ақ халық жүрегінен берік орын алды.

Талант тұсауы, міне, осылай кесілді.

Т. Жұртбай

²² Жұлдыз. 1977. № 9.

«ЕҢЛІК – КЕБЕК»

(Түсінік: жазылу және қойылым тарихы)

«Еңлік – Кебек» алғаш рет 1922 жылы Орынбор қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Одан кейін жазушының 1956 жылғы 5 томдық шығармалар жинағының бесінші томында (Қазақтың көркем әдебиет баспасы, 1956, 153–195-беттер) «1957 жылғы «Қазақ пьесалары» деп аталатын кітапта (3–54-беттер), 1969 жылы жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 8-томында (5–49-беттер), жиырма томдық шығармалар жинағының 9-томында (5–49-беттер) басылды. «Еңлік – Кебек» И. Сельвинскийдің аудармасымен орыс тілінде 1958 жылы «Театр» журналында шықты. Таңдамалы шығармаларының Москвада шыққан 5 томдығының 4-томында (1975, 165–205-беттер) басылды. Шығармалар жинағының елу томдық толық басылымына 1922 жылғы және 1943 жылғы нұсқалары жіберіліп отыр.

Бүгінгі мәдениетіміздің үлкен арнасы – қазақтың ұлттық театр өнері мен драматургиясының дүниеге келуі, профессионалдык үлгіде қалыптасуы мен дамуы Мұхтар Әуезовтің есімімен тығыз байланысты. Ол тұңғыш театрдың шығармашылық өміріне ұзақ жылдар бойы араласып, негізгі репертуар қорын жасады, оның бағыт-бағдарын анықтаған драматург. Қазақ драматургиясының тұңғыштарының бірі – «Еңлік – Кебектен» бастап, М. Әуезовтің барлық пьесалары сахнаға қойылып, ұлттық театрдың әр кезеңдегі даму белестерін айқындады.

Семейде тұңғыш сахналық өнердің тууына 1890 жылы ұйымдастырылған «Музыка мен драмалық өнер әуесқойларының қоғамы» себеп болған. Бұл – отызға тарта тұрақты әуесқойлардың басын қосып, арнайы уставпен жұмыс істеген шығармашылық ұйым. Мұның сахнасында шағын пьесалар, интермедиялармен бірге әдеби-музыкалық кештер де жиі өткізіліп тұрған. Міне, Семейде осылай алғашқы әуесқойлық театрдың негізі қаланып, тұрақты өнерпаздардың өнер көрсетуі қаланың мәдени өміріне үлкен өзгерістер енгізе бастайды.

XX ғасырдың басында ашыла бастаған түрлі оқу орындарының

мұғалімдері мен оқушы жастары осы қоғамның тәжірибесіне сүйеніп, театр өнерін жандандыра түседі. 1913–1914 жылдары қаладағы қазақ, татар мұғалімдері мен оқушы жастар «Шығыс кеші» деген атпен ойын-сауық ұйымдастырып отырған. Осы ойын-сауықтарға мұғалімдер семинариясының студенттерімен бірге қалалық бес класты училище оқушылары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтбаев, т. б талантты жастар қатысқан. Ол кездердегі мұндай рухани жұмыстарды ұйымдастырып, қазақ жастарын өнерге тартып баулыған семинария мұғалімдері – Нұрғали Құлжанов, Нәзипа Құлжанова, ақын Тайыр Жомартбаевтар еді.

М. Әуезов Семейде оқып жүрген кезінде сондағы барлық ойын-сауықтар мен түрлі театр кештерін көріп танысады, кейін Ж. Аймауытовпен бірге соларды ұйымдастырушылардың біріне айналады. Осындай қызық ойын-сауықтың бірі 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына байланысты өткізілген әдеби-этнографиялық музыкалық кеш. Мұның сақталып қалған бағдарламасына қарағанда, кеште Абайдың өмірбаяны оқылып, жеке шығармалары мен ағартушылық қызметі баяндалған. М. Әуезов Абай туралы тұңғыш ресми сөзді осында естіді. Сонымен бірге, ауылдағы түрлі жиындарда, ас пен тойларда, жәрмеңкелерде ғана айтылатын Абай өлеңдері мен әндерін Әлмағамбет Қапсаламов, Мұқа Әзілханов, Қали Бекбергенов, Қайықбай Айнағұлов сияқты сол кездегі белгілі өнерпаздардың орындауында сахнадан тыңдайды. Түптеп келгенде, бұл ұлы ақын шығармасының Еуропа үлгісіндегі концертте тұңғыш орындалуы. Мұнан кейінгі жылдардағы ойын-сауық кештерін Ж. Аймауытов пен М. Әуезов әлгі әнші-күйшілердің қатынасуымен үнемі ұйымдастырып отырған. Бұл кештің аса табысты өткенін айта келіп: «Абайдың өлеңі айтылады... деген хабарды естіп, қаладағы, қырдағы қазақтың көбіне билет жетпей қалды»,– деп жазған «Айқап» журналы.

Мұнан кейін Семейде 1915 жылы 13 ақпанда өткізілген үлкен ойын-сауықта М. Әуезов ұйымдастырушылардың бірі ретінде қатысады. Сахнаға қоятын пьеса болмағандықтан Ж. Аймауытов әйгілі «Біржан – Сара» айтысын сахнаға бейімдеген. Бұл – театрлық өнердің сол уақыттағы бар мүмкіншілігін толық пайдаланып, жинақты да қызғылықты көркем қойылған ойын.

Ойынның екінші жартысында концерт берілген. М. Әуезов осының басы-қасында болып, дайындығына араласып отырған. Семей театрының тарихына байланысты басылған мақала-естелік жарияланыпты. Сондай М. Әуезов туралы: «Ол кезде Мұхтар 17–18 жастар шамасында болатын. Жүсіпбек пен Қанышта Семейде оқушы

еді. Үшеуі де тұңғыш қазақ ойынын дайындауға аянбай кірісті. Мұхтар ән салып, өлең айтпағанмен, ойынның бағдарламасын жасауға, әсіресе Абай елінен Әлмағамбет әншіні ойынға қатыстыруға көп еңбек етіп, театр сахнасын әзірлеуге көмектесті», – депті. Мұндай ойын-сауықтарға, халық жырларын сахнаға бейімдеуге, кейде екі ақынның айтысын ұйымдастырып көрсетуге М. Әуезов жиі араласатын. Оның үстіне қаланың мәдени орындарында үнемі көрсетіліп отыратын орыс театры мен татар труппасының спектакльдеріне қазақтың сауыққой жастары үзбей барып тұрған. Мұның өзі театр өнерінің алғашқы көшін тартқан қазақ жастарына үлкен өнегетәжірибе еді. Бұған ойын-сауықтардың сол кездегі сақталған бірліжарым бағдарламалары дәлел. Әсіресе қазақ пен татар жастары бірігіп өткізетін «Шығыс кештері» дәстүрге айналып, қалада профессионал театр ұйымдастырылғанға дейін үзілмеген. Міне, осындай ойын-сауықтың 1917 жылы М. Әуезовтің «Еңлік – Кебекті» жазып, ауыл сахнасына шығаруына ықпал жасағаны талас тудырмаса керек. Трагедияның бұл нұсқасының қандай екенін ешкім білмейді, қолжазба бізге жеткен жоқ. Әдебиет тарихына, драматургия, театр мәселелеріне байланысты жазылған барлық ғылыми еңбектерде пьеса туралы нақты сөз сол жарияланған 1922 жылғы нұсқасынан басталады. Бұл – пьесаның түзетіліп, өңделіп, шын мәнісіндегі драматургия заңдылығына жауап беретін көркемдікке көтерілген екінші нұсқасы 1921 жылдың мамырында «Ес-аймақ» труппасының сахнасына Жүсіпбек Аймауытовтың режиссурасымен қойылған. Осы қойылымнан кейін «Тарихи әңгіме, ескі қазақ тұрмысынан 3 перделі, 5 суретті «Қайғылы хал» трагедиясы жеке кітап болып, Орынборда басылып шықты.

М. Әуезовтің он екі томдық шығармалар жинағының сегізінші кітабында берілген түсініктерде «М. О. Әуезов жазған «Еңлік – Кебектің» алғашқысы көркем интермедия түрінде 1917 жылы тіркестіріліп қатар тіккен қос киіз үйде Абай аулында қойылды» – деген мәлімет берілген. 1917 жылы жазылған нұсқаны 1922 жылы басылған деп айтуға болмайтын сияқты. Демек, 1921 жылы қойылған спектакльдің бағдарламасында «Мұхтар Әуезовтің екінші рет түзетіліп басылған» деген жазу бар. Бұл – автордың өзі тікелей араласып, труппаның шығармашылығына режиссерлік кеңес, түрлі әдеби жұмыстарын атқарып жүрген кезі. Олай болса, 1917 жыл мен 1922 жылы басылып шыққан «Еңлік – Кебектің» арасында айтарлықтай айырма бары ақиқат. Аз ғана өзгерістер, әдеби редакциялаулар мен кейбір қысқартулар пьесаның негізін өзгерте қоймас. Ал жоғарыдағы «көркем интермедия» деген пікірмен тіпті келісуге болмайды.

Өйткені интермедия спектакль үзілістерінде, акт аралықтарында ойналатын шағын, күлкілі, әрі көбіне екі адамның арасындағы диалогке құрылатын шығарма. Бұл терминнің де, интермедияның да «Еңлік – Кебекке» ешқандай қатысы жоқ, оғаш айтылған пікір.

М. Әуезов өзінің романында осы Еңлік – Кебек оқиғасына соқпай кетпейді. Және бұл оқиғаның дастан болып жырлануы Абай айналасына байланысты. Поэма жазушыға жастайынан таныс, сондықтан пьесаның алғашқы поэмаға көбірек ұқсауы да ықтимал. Тіпті поэманың сахнаға бейімделген түрі (инсценировка) болуы да ғажап емес. Кейін қайта-қайта сахнаға қою тұсында, әрі жас автордың театр мен драматургия жайындағы білімінің, ой-өрісінің, мәдениетінің кеңейіп өсу шағында пьесаны қайта өңдеп жазуы, сөйтіп баспаға ұсынуы да ықтимал. Қалай дегенмен де пьесаның 1922 жылғы нұсқасы 1917 жылғыны қайталап бастыру емес.

«Еңлік – Кебектің» алғашқы нұсқасын 1917 жылдың жазында Шыңғыс бөктеріндегі Ойқұдық жайлауында демалысқа келгенде қояды. Пьесадағы Еңлік, Қалампыр мен Таңшолпан рөлдерін де жігіттер ойнаған. Тұңғыш спектакль бірін-біріне тіркестіріп тігілген киіз үйдің ішінде қойылды. Бірі сахна, екіншісі залы іспеттес. Үйдің босағасына қойылған сандықтың ішіндегі сыбыршының (автордың өзі) сөзін естімей, кейде орындаушылар өз бетінше импровизациямен сөз құрастырып, ойынның шырқын бұзбай алып шыққан көрінеді. Спектакльді автордың өзі жүргізген. Міне, осы тұңғыш «сахналық» қойылымынан бастап, «Еңлік – Кебекке» автор әр кез қайта оралып, көркем-идеялық мазмұнын саралай түскен.

«Еңлік – Кебектің» 1921 жылғы қойылымының режиссерлік жұмысын Жүсіпбек Аймауытов жүргізген. Группаның сахнасына біраз спектакльдер қойып, тәжірибесі қалыптасып, ой-өрісі кеңейген оған бұл қойылым ешқандай қиындыққа түспесе керек. Професионал театр құрылмай тұрып бұл не қылған режиссура деп таң қалатындар табылар. Тантанатын ештеме жоқ, бұл дерекке сүйеніп айтылған пікір.

20-жылдары батыс, орыс классиктерінің шығармаларын аударумен де айналысқан Ж. Аймауытов, Гоголь мен Островскийдің орыс театры режиссурасы жайында жазғандарын оқып танысқандарын аңғаруға болады. «Ревизорды» қазақшалаған ол ұлы Гогольдің шығармаларымен бірге, оның актер шеберлігі мен режиссура, Щепкинге жазған хаттарындағы ойларына қанықтығы өз пьесасына жазған авторлық түсіндірмелерден көрініп тұр. Мұндағы пьесаны қалай қою жайындағы айтқандары – нағыз режиссура.

Ол болашақ спектакльдің жекелеген сахналарымен бірге, оның

пластикалық шешімінің эскизін тайға таңба басқандай сызып беріп отыр. Әр көріністің сахналық бейнелеу үлгісін, міндет-мақсатын, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын, бүгінгі тілмен айтқанда, мизансценаларына дейін анықтаған. Нақты мысалға жүгінейік: «Есік алдында ел қазақтары аулағырақ отырсын, көпшілігі сол жақта болсын, оң жақ ашығырақ тұрсын. Алдыңғы ретте келбетті екі зор ақсақал, оларға таяу жақсы киімді, жуан қарынды үш бай, оған тетелес орташа киімді би, ауылнай сықылдылар орын алсын. Төменгі жақта жаман тымақты жалба киімді кедейлер, орыс, қазақ киімдерін араластыра киген мұғалімдер, жастар, жай жігіттер отырсын. Ақсақалдар жақ, есікке тақаулау тамақ жейтіндей қақырынып, алқа-котан сала отырса да, төменгі жақтағылар ұйлығып, үйме-үйме отырғаны жөн. Төменгі жақтағылар бастары еңкейіп, кейбіреулері насыбай атысып, жөтеліп, түкірініп отырғанда, ақсақалдар сақалдарын сипап, шалқайып маңғазданып отырғаны жөн. Кейбіреулер төмен қарап, кейбіреулер ақсақал, байлардың аузына қарап, сөз тыңдағаны жөн». Байыптап қарасак, мына келтірілген мысалдан авторлық шынайы режиссураны көреміз. Сахнада көпшілік көріністеріне белгілі бір мағына беріп, оны көркем шешу – сөз болып отырған кезең түгіл, қазір де қиын шаруа. Ж. Аймауытов көпшілік қатысатын сахнаға саяси астар беріп, кейіпкерлердің әлеуметтік сипатын дәл анықтап отыр.

Автор болмысын көз алдында «ойнатып», кейіпкерлердің әрекетін дәл бағдарлаған. Бұл – пьесаны сахнаға қоятын адамға да, оны ойнайтын талапкерлерге де таптырмайтын «режиссерлік жазба», тіпті режиссерлік нұсқа десе де болғандай. М. Әуезов те сол кезеңде режиссурамен айналысқанын замандастары жазып қалдырған естеліктер мен аға буын актерлердің сөздерінен белгілі.

«Еңлік – Кебек» осындай сауатты режиссерлік тәсілмен қойылып, аса табысты өткенін оған қатысқан кәрі көздердің аузынан суы құрып әңгімелегендерін кезінде хатқа түсіріп алған едік. Спектакльде Жапал рөлін ойнаған Мұханның педтехникумдағы ескі достарының бірі – Ғалиакбар Төребаев (кейін Семей театрының актері, режиссері болған – **Б.Қ.**) қойылымның көркем шыққанын, әрі оның М. Әуезов пен Ж. Аймауытов бірге ойласып толғаған, жарасымды шығармалық ынтымақтарының нәтижесі деп бағалаған.

Қойылымда Еңлік рөлін Фарида Кәрімова, Кебекті – Ахмет Әуезов, Абыз бен Кеңгірбай рөлін Төреш Оспанов, Есенді Смағұл Әмзин, Еспенбет пен Жапалды – Ғалиакбар Төребаев, Қарамендені – Латиф Әшкеев, Көбейді – Ағынбай деген кісі ойнаған. Спектакль бағдарламасында пьеса кейіпкерлерінің әрқайсысына қысқаша мінездеме берілген. Үнемі бірігіп өткізетін қазақтатар «Шығыс

кештеріндегі» бағдармалардан «Билер шайқасы» деген атпен берілген үзіндіні жиі кездестіреміз.

Пьеса жеке кітап болып басылып шыққаннан кейін Қазақстанның көптеген қалаларындағы труппалар мен көркем үйірмелердің репертуарларынан тұрақты орын алады. Орынбордағы сондай бір қойылымда қазақ театрының болашақ актерлері – Елубай Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Рахым Асылбековтермен бірге Сәбит Мұқанов та рөл ойнаған жайында хабар бар.

Қорыта келгенде, қазақ топырағындағы тұңғыш драмалық труппалардың өмірге келіп, ұлттық сахналық өнеріміздің дамуына ерекше ықпал еткен М. Әуезовтің драматургиясы мен ұйымдастырушылық жұмысының орны бөлек. Ол шығармашылық қаламдас досы, өнердің тұңғыш шебері Ж. Аймауытовпен ұлттық драматургияның негізін салып, еліміздегі театр өнерінің көшін тартты.

Мемлекеттік театрдың сахнасына трагедия 1926 жылы 10 қаңтарда Серке Қожамқұловтың режиссурасымен қойылған. Алғашында пьесаның 3-ші актісі ғана «Билер шайқасы» деген атпен көрсетіліп, артынан концерт берілген. Алғашқы спектакль партия конференциясына келген қонақтарға көрсетілген. Қаңтардың 20-қарай трагедия толық дайындалып, тұтас қойылым болып көрсетілген. Театрды ұйымдастырушылардың трагедияның үшінші актісін ғана қоюының бір сыры бар. Рөлдерді ойнаушылардың көбісі пьесамен бұрыннан таныс, театрға келмей тұрғанда талай ойнап ысылған көрініс. Оның үстіне пьесадағы тартыстың шиыршық атып, шарықтау шегіне көтерілетін, әрі өте ықшам, етек-жеңі жинақы, көрермендерді бірден баурап алатын көрініс. Театр сыншысы Қ. Қуандықов: «Айтыстың режиссура тілемейтін түр-сипатын іштей керемет сезініп, суретін көз алдына елестетіп отырған ел арасынан келген актерлерге бұл сахнаны ойнау қиындық тудырмаған»¹ дегені әбден дұрыс. Бұл жолы трагедияның бір актісі көрсетілгенімен, кейін ол тұтас көрсетілді. Сондықтан әңгіме бір актілі үзінді емес, тұтас қойылым жайында болмақ.

Спектакльге қатысушылар мен режиссер Серке Қожамқұлов пьесадағы суреттелген болмысты төңкеріске дейінгі қазақтың өмір-тіршілігі деп түсінген. Және әрбір орындаушы өз кейіпкерінің бейнелік баламасын өздері білетін тұрмыс ортасынан іздеген. Олар ескі қазақ өмірін, ел ішіндегі ру талас-тартыстарын, барымта, жер дауы, жесір дауы сияқты, т. б. феодалдық заманның толып жатқан

¹ Қуандықов Қ. Тұңғыш ұлт театры. А., 1969. 32-б.

әлеуметтік қайшылықтарын, тұрмыс-салтын, дәуірін жақсы білген. Өздері бейнелейтін кейіпкерлердің кескін-келбетіне де бұрыннан қанық, өздері талай кезіккен ескі таныстары іспеттес. Мұның үстіне театрдың негізін салушылар шын мәніндегі талант иелері, халық өнерінің қайталанбас шеберлері, жүре актер болған емес, туа актер болып жаралғандар. Сахналық өнердің басты құралы сөз десек, олар оның парқын, мән-мағынасын, астарын, ішкі сырын, қысқасы, сөз өнерін толық меңгерген шеберлер .

Орындаушылық өнердің мықты құралы – импровизация әдісіне тұңғыш актерлеріміз шетінен жетік. Ал импровизация өнерін туғызған Италияның ренессанс дәуіріндегі Кодедия дель арте театры өз елінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл Еуропа театрларының профессионалдық тұрғыдан қалыптасуына тікелей ықпал өткеніне тарих куә. Сондықтан импровизация өнерін меңгерген актер сахна шығармашылығының негізгі заңы–әрекеттің толассыз дамуын қамтамасыз ететіні, яғни бүгінгі терминмен айтқанда сахналық қатынас (общение) принциптерін бекітетіні өзінен-өзі түсінікті жай. Халық өнерінен сусындаған алғашқы актерлеріміз сондағы халықтық, реалистік дәстүрді дамытып, оған өздерінің бойындағы ерекше таланттың, жалындылығын шабытын, театрға, сахнаға деген ыстық сезімін, сүйіспеншілігін құйды. Міне, осының барлығы алғашқы актерлерімізге салғаннан ірі рөлдерді меңгеріп кетуге шығармалық ықпал жасады, шабытын тасытты. «Еңлік – Кебек» спектакліндегі орындаушылық жетістіктер осы жолмен келген.

Тұңғыш театрда алғашқы режиссерлік жұмыстарды жүргізген С. Қожамқұлов, Қ. Жандарбеков, Е. Өмірзақов, Қ. Қуанышбаевтың режиссурасы авторлық ремарканың деңгейінен аспады. Пьесаның көркем-идеялық мазмұнын терең түсінуден туатын күрделі режиссерлік шешімдер ол кезде, әрине, болған жоқ. Мұнда да алғашқы режиссер-қоюшы өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйенеді, көрген-білгенін екшеп, соның ұтымды белгілерін пайдаланудың жолын қарастырған. Ескі қазақ аулының көріністерін, әлеуметтік сипаттарын сахнаға сол күйінде шығаруға ұмтылған. Қойылымдағы билер сахнасы осылай жасалған. Сахнаның төріне кереге құрылып, киіз үйдің ішкі көрінісін сипаттайтын шымылдық тартылған. Жерге текемет, көрпе төселген. Сахнаның екі жағын ала айтысқа түскен екі рудың билері жайғасқан. Ортада Жомарт би. Олардың сыртында жауласқан екі елдің сойыл соғар жігіттері арасында әрқайсысы өз билерінің әрекетін қостайтын қимыл-қозғалыс жасап, кейде дауыс шығарып қостап отырған. Режиссер сахналық қозғалыс жүйелерін, көркемдік әдістерін көмекке келтіре алмағанымен, сөз жүйесін таба-

ды. Режиссер автор ремаркаларын толық орындап, пьесаны тұрмыс-салттық бағытта шешкен.

Билер бейнелерінен Еспембетті ойнаған С. Қожамқұловты сол кезде жазылған мақалаларда өз рөлін дұрыс атқарғандардың қатарына қосады. Өзінің артистік тарихында аса көрнекті орын алған Еспембет рөлімен Серке тұңғыш рет 1922 жылы Орынборда беттескен.

Сонан бері сүйікті рөлімен талай рет көрермен алдына шықты. Ол Кеңгірбайдың «Ендеше, бітімнен дәме қылмандар, бітімі жоқ без бүйрек Еспембетті салған соң найманның аужайын түйдім...» – деген сөзінің астарын терең ұғынды. Еспембет әрекетінің өзекті желісін дәл осылай тапқан актер бұдан әрі кейіпкердің тәкаппарлығын іздестірді, сөйтіп ол жасаған Еспембет бейнесі ел арасына мінезінің қаталдығымен, айтқанынан қайтпайтын қайсарлығымен қырсық би келбетінде танылды. Оның үніндегі өктемдік, ширақ қимылы, ызғарлы жүзі, түксиген қабағы, дырау камшысын сығымдап ұстап, қарсыласына төне қарауы – қыңыр Еспембеттің сахналық кескінін айқындай түсетін актерлік бояулар.

Қысқасы, үлкен дарын иелері өзінің репертуарында ұзақ жыл сақталған рөлдерін қалыптасып қалған бір машықпен ойнамайды. Өзімен жарты ғасыр бірге жасасып келген рөлін С. Қожамқұлов пьесаның әр жаңа қойылымында тереңдетіп, жаңа көркемдік сипаттармен көркейтіп, сомдап, сахналық бейнелеудің кемеліне жеткізіп отырған.

Еспембетпен айтысқа түсетін қарсы би Көбей рөлі Сейфолла Байғожиннің орындауында «сырты бүтін, іші түтін», табан тіреп айқасуға дәрмені жоқ, бірақ намысын қолдан бермейтін, өзінше ақылына қулығы сай, майдалап отырып майын тамызатын, әр сөзін асықша иіріп алатын майталмандықтан нышаны бар. С. Байғожиннің ойыны айтыстың астарын ашуға бағытталған.

Солай болғанмен де бұл сахнада өтетін оқиғаның әлеуметтік сыр-сипатын орындаушылар толық ашып жеткізе алған жоқ. Әр актер рөлінің дұрыс шығуын қадағалағанда тұтас актінің идеялық бағыты, әр бидің әлеуметтік сипатын анықтауға келгенде орындаушы да, режиссер де айтыстың сырт көрінісін қызықтап кеткен сияқты. Бірақ бұл әлеуметтік бағыт пьесаның өзінде әлі айқын емес еді. Тұңғыш спектакльдегі билер сахнасы акын-драматург Ә. Тәжібаевтың сөзімен айтқанда «...ру тартысы деген қазақтың ұлттық өзгешелігі, тіпті ол шешендік мектебі күнәсіз ділмардың әншейін ғана сөз жарыстыратын орны сияқты көрінетін» дәрежеден ұзап кетпеген.

Кебектің рөлін алғашқы ойнаған К. Оңғарбаев театрда ұзақ тұрақтамаған. Бұл рөлді көп ұзамай Қалибек Қуанышбаев атқарған.

Сонымен бірге, ол қойылымда Қарамендені де қоса ойнаған. Актер жетіспегендіктен бір адамның екі рөл ойнауы ол кездегі театр жұмысында жиі кездесіп тұратын құбылыс. С.Қожамқұлов Еспембетпен бірге, Еңліктің әкесі – Ақанның, Қ. Қуанышбаев Кебек рөлін ойнаған.

Кебек – Қуанышбаев батыр емес, саят құрған аңшы, күн батып қалғасын Ақанның үйіне амалсыз қонған қонақ, онан таң атқанша Еңлікпен махаббат қылын шерткен сыпайы, байсалды жігіт болып көрінеді. Әрекеттің бәрі қимылсыз өткендіктен, бұл көріністе Кебек пең Еңліктің сыр шертіп, сөз байласуы қазақтың ескі өміріндегі екі жастың құпия ғашықтық салтына құрылған, сызылған сыпайылық, асқан әдептілік, мінсіз нәзіктік жүрек лүпілімен астасып жатыр.

Кейбір сахналарда айтылатын ән мен өлең спектакльге поэтикалық саз, ұлттық бояу, ерекше көркемдік сипат берген. Еңлік пен Кебектің алғашқы кездесу сахнасының аяғы өлеңмен бітіп, келесі жаңа көріністің тағы да әнмен басталуы – қойылымның осы ерекшеліктерінің белгісі.

Сол сияқты Еңлік, Кебек, Есендер арасындағы алғашқы жүздесулерде сартылдаған найза қағысулар немесе арыстанша айбат шегіп, жұлқынып тұрған батырлық қимыл-қозғалыс сезілмейді. Керісінше бірін-бірі жұмбақтап, өлеңмен қағысады. Бұл да спектакльдің поэтикалық атмосферасын көтеріп, махаббат желісін күшейткен.

Кебекті Еңлік шығарып салғаннан кейін автор ремаркасында: «Есен кіріп, домбыра тартып, күйлеп отырады, Еңлік кіреді, Есен ән салады», – дейді.

Е с е н:

Ару ең ата-анаңды мақтандырған
Мен едім кеше сені сақтандырған.

(көзінің қырымен қарап)

Бүккен сыр ашылатын жер болды ма!
Ерке қыз, қонағың кім аттандырған?

Еңлік *(Домбыра алып ән шырқайды)*.

Ата-анам еркелеткен баласымын,
Көзінің ағы менен қарасымын.
Қонағын үйге келген кім күтеді
Алдымда аға-інім жоқ дарасымын,–

осылай жалғасып кете береді. Кейіпкерлер аузындағы осы өлең жолдары тұңғыш спектакльде қатты драмалық тартыс, трагедиялық қақтығыстан гөрі, ән мен өлең арқылы берілетін ілігіс-кескінге көп көңіл бөлгені көрініп тұр. Қойылым оқиғасының дамуына қарай өлең жолдары көбейе түседі. Тіпті Еңлік пен Кебек өмірінің соңғы тынысында, Еспембеттің ажал оғына байланардың алдында олар бірін-бірі әнмен ұғысып, әнмен жұбатады. Тылсым дүниеге, бейбіт өмірге құштарлығын әнмен жеткізеді. Сондықтан Қ.Қуанышбаев Кебек бойынан сегіз қырлы, бір сырлы жас жігітке лайық, көркі көз тартатын әдемі белгі-сипаттар іздестірген. Және өзі бұрын ауылдағы той-думанның, жас-желеңнің сәні болған сауықшыл, сымбатты, бітімі кесек келген Қ. Қуанышбаев Кебек рөліне сай келген.

Кебекпен бақталас Есен рөлін дене бітімі Қ. Қуанышбаев тектес, ажарлы, зор денелі, ұзын бойлы, труппаның белді актерлерінің бірі – Абылқай Абдуллиннің ойнауынан спектакль көп ұтқан. Ол кезде сахналық шарттылық дегенді әлі біле қоймаған режиссер міндетін атқарушылар рөлге актер таңдағанда, ең алдымен, сыртқы болмыс-бітіміне ерекше көңіл аударатын-ды. Бұл да кейіпкер бейнесін қалыптауда қажетті шарттың бірі. Актердің ойынында ата жолын қуған кекшіл батырдан гөрі, қызға таласқан, намыс пен қызғаншақтық бойын бірдей билеген, кейде оғаш мінез танытқан жас жігіттің бейнесін елестеткен. Ол Еңлікті көрген жерде қызыл шалған қырандай қомданып, қимылы шапшан, қызға құлап түсетін, ойын тұспалдамай, бір сәт ойланбай айтып салатын аңғалдық та танытқан. Асылы, А.Абдуллиннің актерлік өнеріндегі ерекшелігі – ол ойнаған рөлінен кейіпкердің ұнамды белгілерін көп қарастырған, жас қаһармандардың бойына лайықты сахналық бейнелеу тәсілдерін жүйелі түрде қолдана білген. А. Абдуллиннің кейде Есенді қойып, Кебек рөліне ауысып отыруы да осыған дәлел сияқты. Сол уақыттағы сын-пікірлерде актерлік өнердің биік бағалануы және замандастарының бүгінге дейін ауыздарынан тастамаулары, оның алғашқы ірі таланттардың бірегейі болмаса да бірі болғанын көрсетеді.

Еңлік рөлін алғашқы орындағандар – Ш. Әлібекова мен Д. Оңғарбаева. Бірінші актрисаның әншілік өнері басым болған, Еңлік әндерін шебер орындауы – қойылымға өте әсерлі, әрі оған лирикалық әдемі саз берген. Екінші орындаушы өзінің актерлік өнерінің ерекшелігіне қарай жас арудың драмалық көңіл күйін ашуға көбірек көңіл бөлген. Екі актрисаның екеуі де Еңлік бойынан сұлу сымбаттылықты, жұмсақ мінезділікті, қыз бойына тән нәзіктікті баса көрсеткен.

Бұлардан кейін Еңлік рөлін ойнаған Жанбике Шанина. Баспасөзде жарияланған сында жетістіктерімен бірге, оған ескертпе жасап, кейіпкер бейнесіне лайықты сахналық әрекет табуды ұсынған.

Спектакльдің әр қойылымында ірі табысқа жетіп, мақталып жүрген рөлдер – Елубай Өмірзақовтың Абызы мен Әміре Қашаубаевтың Жапалы.

Сахнадағы Абыз Е. Өмірзақовтың орындауында бірде «ел бастаған» қабырғалы билерінің, қол бастаған батырларының мерейі үстем болғанына іштей қуанып отырса, енді бірде қылқобyzын сарнатып, жын шақырған бақсыны танытқан. Қазақтың көне өмірін көрсеткен пьесалардағы бақсы-балгерлердің, диуаналардың, есі қисық жарымжан адамдардың сахналық бейнелерін жасауда Е. Өмірзақов шеберлігінде шек жоқ. Актер өнерінің мол қырын танытқан мұндай рөлдерді меңгерудегі оның бейнелеу тәсілдері алуан түрлі. Оның қимыл-қозғалыстары, бай мимика мен пластикасы, сахналық сөздің нақышын келтіріп айтатын асқан шеберлігі, керек жерінде домбыраға қосылып әндетіп жіберуі, импровизация әдісін толық меңгеруі – Елубай Өмірзақовты салғаннан жарқ еткізіп, халықтың сүйікті өнерпазына айналдырды. Актердің табиғи дарынын, барар жолы мен келешегін алғашқы аяқ алысынан бұлжытпай танытын қырағы көз Мұхтар Әуезов: «Елубай қызуқанды, ащы мысқыл иесі, ішінде сахна өнерінің қайнар көзі бар, жанды, отты ойыншы. Шынымен бабына келтіретін рөл болса, Елубайдың іштен тасып шығатын қызуы өте мол. Мұнда өмір екпіні, өнер аты тіпті күшті сияқты. Сондықтан залды баурап, билеп, бағындырып алатын албастысы барға ұқсайды», – деп Е. Өмірзақовтың актерлік өнер ерекшелігін әдемі де дәл сипаттаған.

Спектакльдің идеялық арнасы – Кебек пен Еңліктің махаббат, бас бостандығы жолындағы күресі деп ұқсақ, солардың арманына дем беруші, болашағына болысушы, үн қосқан мұндасы, сырын шерткен сырласы – Жапал. Ол жезтаңдай әнші Әміре Қашаубаевтың орындауында өзін ақынша сезінген арманшыл, қиялы қияға шапқан, зерек көңілді бала жігіттің кескінін берген. Пьесаның осы нұсқасында Жапал аузымен айтылатын Еңліктің де, Жапалдың да әндері Әміре Қашаубаевтың шебер орындауында өте әсерлі шыққан Ал Жапалдың өзімен-өзі сөйлесетін тамаша монологтері, Есенге айтылатын кекесін-әжуалары, әзіл-оспақтары пьесаның бұл нұсқасында әлі жоқ болатын.

Тұңғыш спектакль көптеген кемшіліктеріне қарамастан, ұжымның алғашқы аяқ алысын танытқан, М. Әуезовтің «Шүйінші, қазақ театры туыпты!» – деп жар сала айтқан жалынды сөзінің көркемдік куәгері іспеттес. Қойылымның идеялық бағыт-бағдарын

саралап, көркемдік белгілерін екшейтін өз деңгейіне көтерілген режиссураның балаңдығына қарамастан, алғашқы сыннан сүрінбей өтті. Бұл жетістік – табиғи дарынды актерлер өнері мен пьесаның көркемдік қуатына байланысты еді. Спектакльдің сахнада ұзақ аялдап, театрмен бірге жасасуы – трагедияның сол ерекше көркемдік құдіретінде. Міне, ауыз әдебиетінің асылынан қорытылып құйылған «Еңлік – Кебек» қазақ сахнасының тұңғыш шамшырағындай жарқырап, заман ағымымен ұласа келген драматургияның туғанын жарияласа, «Еңлік – Кебек» спектаклі ұлттық топырақта өнердің жаңа түрі – театрдың дүниеге келгенін жариялап, сахналық өнердің көшін тартты.

Трагедияны 1933 жылы сахнаға шығарған режиссер М. Г. Насонов қазақ ұлтының тарихы, салт-дәстүрімен таныс емес-ті. Өзінің режиссерлік пайымдауларын жүзеге асыруда актерлердің, әсіресе М. Әуезовтің мол көмегіне сүйенді. Пьесаны жолма-жол орысшаға аударып берумен бірге толық талдау жасап, репетицияларға қатысқан, дәлірек айтқанда, екінші режиссер міндетіне сай қызмет атқарған. М. Г. Насонов өзіне етене таныс МХАТ мектебінің үлгісін ұстанып, орындаушылардың өз рөлдерінің психологиялық һәм элеуметтік сипаттарының ашылуына, қойылымның ансамбльдік тұтастығына көңіл бөлген. Десек те, бұрынғы нұсқасынан көп алшақ кетпеген. Бір-екі ғана рөлдер болмаса, спектакльге қатысқан актерлер де бұрынғы ойындарын жалғастырған. Тұрмыс-салттық, этнографиялық дәлдікпен суреттеу сол қалпында сақталған. Спектакльдің бұл өзіндік кескін келбетіне сахналық декорациясын, жасауларын жасаған суретші А. Зверевтің қолданған конструктивизмі үйлесім таппаған.

Бұл қойылымның табысы – Еңлік пен Кебектің рөлдерін ойнаған Күләш Байсейітова мен Қанабек Байсейітов ойындары. Бірін-бірі ұнатқан екі жастың махаббаты драмалық ішкі көңіл күй арпалыстарымен бірге, ән-өлең арқылы толығып, лирикалық бояумен көмкерілген. Екі орындаушының тамаша әншілік қабілеті қойылымның поэтикалық сазын көтеріп, халық өнерінің көркемдік қуатын тағы да көрермен алдында дәлелдеп шықты. Трагедияның бұл нұсқасына ептеген әдеби өңдеулер мен түзетулер енгізілгенімен, қойылымға ықпал ететіндей драматургиялық өзгерістерге ұшыраған жоқ. Еңлік пен Кебек арасындағы қарым-қатынас сахналары тұтастай әнге, кезектесіп айтатын өлең-диалогтерге құрылуы сонан. Қысқасы, табиғи дарын мен әншілік өнер екі орындаушы жасаған бейнелерді даралық көркем биікке көтерген. Кейін бұл екі шебер музыка театрына ауысқанда Еңлік пен Кебек рөлін А. Абдуллин мен

Ж. Өгізбаев орындаған. Бұлардың қызу қанды ойындары баспасөзде жоғары бағаланған.

30-жылдардың орта тұсынан бастап, «Еңлік – Кебек» Семей, Шымкент, Қарағанды, Жамбыл театрларының сахнасына қойылып, репертуарда тұрақты орын алған. Семей сахнасына қойылған спектакльдің режиссері, кезінде қазақ театрының директоры болған Беков Орынбек автормен бірге пьесаға бірталай өңдеулер жүргізген.

«Еңлік – Кебекті» 1944 жылы сахнаға қойған режиссер Асқар Тоқпанов трагедияны өңдеп, оның идеялық-көркемдік мазмұнын тереңдетіп, авторға ой салғандардың бірі көрінеді. Мұның алдында «Абай» трагедиясын қойғанда үлкен жетістікке жеткен режиссер ұлы жазушымен достық қарым-қатынаста болғаны мәлім. М. Әуезовпен пьеса жайында еркін пікір алысып отырып, ол өзінің ойын: «Шәкәрімде, Мағауияда, өзіңіздің екі нұсқаңызда да «Еңлік – Кебектегі» Абыз бақсы, көріпкел. Осы нысан Абызды халықтың қамқонілі ету қажет. Өлімді «Көкейкесті» күйімен жеңген Қорқыт, еліне жерұйық іздей желмая етумен әлемді кезген Асан қайғының мүрагері еткен жөн»² – деп, түйіндейді.

А. Тоқпановтың жазуына қарағанда, автор өзі де қайта қарап, мол өзгерістер енгізіп жатқан өңдеулеріне режиссер пікірі түрткі болған сияқты. Қалай десек те, пьесаның бүгінгі сахналарға қойылып жүрген ең соңғы, көркем идеялық мазмұны әбден пісіп жетілген, классикалық деңгейге көтерілген нұсқасы. Шекспир трагедияларының биігіне жеткен үлгісі.

Режиссер А. Тоқпанов өзінің ой-тұжырымын актерлер ойыны арқылы толық жүзеге асыра алмағанымен, трагедияның көркемдік табиғатын терең танығанын жоғарыдағы кітабына жазғанынан аңғаруға болады. Ол пьесаның жазылу тарихын тұтас қамтып, Еңлік – Кебек оқиғасын дастан етіп жырлаған Шәкәрім Құдайбердіұлының нұсқасын салыстыра жан-жақты қарастырған. Режиссер, ең алдымен, шығарманың сахналық әлеуметтік ауқымын кеңейтіп, барлық әрекетті халық трагедиясы деген идеяға құруға ұмтылған. Феодалдық рушылдыққа бөлініп, мемлекеттік бірлік-тұтастығы жоқ, алты бақан алауыздық жегідей жеген заманның қайғылы қайшылығын, трагедиялық мұң-жайын ашуды мақсат тұтқан. Қандай пьеса қойса да, ең алдымен, тарихи шындықты танудан бастайтын режиссер, бұл жолы да сол дәстүрлі жолынан таймаған. Режиссердің өз сөзімен айтқанда: «Бұрынғы бақсы Нысан Абыз қам көңіл, еліммен алысқан Қорқыт ата күйімен сырласқан Асан Қайғыға алыстан үн қосқан,

² Тоқпанов А. Инкәр дүние (режиссердің ой-толғамдары). А.: Жалын, 1991. 186-б.

дүние сөзінен кеткен, ел қамын жеген, халық мұңының жоқшысы, саналы, ойшыл ақынға айналған»³.

Бұл рөлді ойнаған Қ. Бадыров өмір болмысына ойшыл-философ тұрғыдан қарайтын Абыздың әлемін таныған. Ел ішіне бүлік әкелетін би-батырлармен кездесетін сахналарда актердің кейде ішкі қуат, қызуқандылыққа баруы да ақталған. Әйтсе де асқан шеберлігімен қайта құйылып шыққан дара тұлға өзінің шынайы сахналық байламын сарқып болған жоқ.

Жоғарыда ескерткеніміздей трагедияның әлеуметтік ауқымының кеңеюінің бір сипаты – бітіспес айтыс айқасына түскен билер сахнасы бұрынғыдай киіз үйдің ішінде емес, далада, көк майса төбенің бауырында, қазақтың ескі дәстүрімен табиғат ананың төсінде өткен. Жалпы қай театрдың қойылымында болсын, осы билер сахнасына қатысатын актерлер де, оны ұйымдастыратын режиссер де ерекше бір шабытпен кірісіп, көрерменнің ықыласын бірден аударып алатын театрлық көріктік беріп отырған.

Режиссер жазбасына қарағанда, спектакльді романтикалық стильде қоюды максат тұтқан. Соған қарай ол трагедия оқиғасының өрістеу тұсында «музыканың үнін көтеріңкі екпінмен беру» тәсілін де қолданған. Бірақ мұның барлығы романтикалық шешімге сырттай ғана дәнекер болатын компоненттер ғой. Бұл бағыттың актерлер ойынында салтанат құруы басты шарт, актер ойынына, соның сахналық түсінігі (трактовка) мен кимыл-әрекетке байланысты. Қойылымның орталық кейіпкері – Кебектің рөлін орындаған К. Қармысов туралы А. Токпанов: «Ішкі дүниесі бай, көкірегін керген романтикалық күш-қуаты мол, жалын атқан батыр жоқтың қасы болды» десе, екінші құрамдағы – «Ж. Өгізбаев Кебектің әсем кимыл, сұлу жүріс, сыпайыгершілігін бере алмады» – деген анықтамаларынан кейін мұнан романтикалық стиль іздеу қисынсыз сияқты.

Өздерінің актер шеберлігі даралықтарына қарай Еңлік рөліндегі Ж. Жалмұхамедова трагедия жағына көбірек көңіл аударса, театр училищесінің 3-курс студенті. Б. Римова өмірге құштар жанның жігерлілігі мен өжеттілігін баса көрсеткен.

Бұл қойылымда да қаталдығымен, басқаның сөзін елемейтін, елге қыңыр-қисықтығымен аты жайылған Еспембет С. Қожамқұловтың бейнелеуінде ірі сахналық табысқа айналған. Сондай-ақ ата жолына берік, намысын қолдан бермеу жолында не бір сойқан әрекетке баратын, аңғал да бейқамдау, сөзге орашолақ батырдың бейнесін М. Сыздықов шынайы жасаған. Әдеби нұсқасы біраз өңдеуге түскен

³ Сонда, 191-б.

Жапал труппаның талантты да күлдіргі актері С. Телғараевтың пайымдауында төңірегін қоршаған әлемге бала көңілімен шаттана қарайтын, ақындық шабытпен қиял шалқарында шарықтаған қойшы баланың нәзік жан дүниесі суреттелген.

Жинақтап айтқанда, бұл спектакль бұрынғыларына карағанда мүлде басқаша, трагедияның тың әдеби нұсқасынан туған ізденіс.

Ұзақ жылғы үзілістен кейін 1957 жылы сахнаға қайта қойылған «Еңлік – Кебек» трагедиясы ұлттық классикалық шығарманы меңгеру жолындағы театрдың ірі табысы. Және бұл қойылым пьесаның әбден жөнделіп, өңделген соңғы нұсқасы. Спектакльді қойған аса тәжірибелі режиссер М. И. Гольдблат пен Қ. Қуанышбаев. Бұрын тұрмыс-салттық музыкалы драма үлгісінде қойылып келсе, бұл жолы романтикалық трагедия тұрғыдан шешіліп, әрі шынайы тарихи сипаттама тапқан. Сахнада өтетін оқиға аңыз емес, қазақ халқының басынан кешкен тарихи кезеңі, бостандық жолындағы күресі болып бейнеленген. Автордың осы жарқын идеясы, гуманистік ойы, бүгінгі көрермен қауымға айтары – қойылымда барынша айқын ашылған. Мұндағы трагедиялық күй, романтикалық серпін, кейіпкерлер характері – пьесаның жоғары көркемдік биігіне лайық бейнелеу тапқан.

Спектакльдің көркемдік-идеялық мазмұндылығы, терең мағына, философиялық ой, тың бағыт, ең алдымен, Абыз бейнесі арқылы ашылған. Бұл трагедияның «бойына құйылған жаңа қан, терең қуат сияқты». Және Абыз рөлін қазақтың табиғи дарынды актері Қалибек Қуанышбаевтың орындауы – автордың көркемдік мақсаты сахнада толық жүзеге асып, спектакльдің өзіндік стилистикасы анықталған. Елдің тыныштығын, халықтың камын ойлаған Абыздың трагедиялық толғауы қойылымның лейтмотиві іспеттес. Оның қобызға қосып өз заманының шерін толғауы спектакльдің басталуы болғанымен, қарт ойының жалғасындай әсер қалдырады. Демек, актердің сахнадағы әрбір қимылы көкірегіне шер болып қатқан мұнын, ел басына тағы төніп тұрған қасіретті қайғыны ұқтырғандай. Кебек келгенге дейінгі Абыз – Қуанышбаев әбден түнеріп алған, түсі суық, сұп-сұр, ел камын ойлаған атаның жүзінен үрейқорқыныш есіп тұр. Еліне, халқына төніп тұрған қауіп-қатер әбден бойын билеп, бар болмысымен сол уайымға құлап түскен. Еліне тыныштық, халқына бейбіт өмір, адам баласына бақыт қана тілейтін жанның психологиялық күйі актер ойынында тамаша суреттеу тапқан. Басқа орындаушылар да өздерінің шығармалық шама-шарқына, актерлік даралықтарына қарай Абыз бейнесін әркім өзінше жасап келді. Қ. Бадыров, Ш. Мусиннің ізденістерімен бірге, Н. Жантөриннің қызық эксперименті де бар. Облыс сахналарын-

да да Абыз ролін шығармалық мүмкіншіліктеріне қарай дұрыс меңгергендер де кездеседі. Бірақ Абыз бейнесі Қ. Қуанышбаев орындауындағы көтерілген биікке, философиялық тереңдікке әлі жеткен жоқ. Ол жасаған сахналық характер актерлік жетістіктердің әлемдік үлгілерінің қатарынан орын алады.

Спектакльде Абыз ойын әрі қарай жалғастырып, мұнына үн қосып, балалық балғын болмысымен шынайы көркемдік шешім тапқан сахналық характер – Жапал. Мұның бойындағы көп өзгерістерді толық түсінген талантты актер – Таңат Жайлыбеков рөлді жеңіл меңгерген. Ол Жапалдың қайталанбас бейнесін жасаған Сейфолла Телғараевтың тәжірибесіне сүйене отырып, өз тарапынан мол ізденген. Енді осылардан кейін келген жас актер Есболған Жайсаңбаев ойыны да тартымды шыққан.

Трагедиядағы шытырман оқиғаның ортасынан көрінетін Есен жаңа қойылымдағы жас актер Ыдырыс Ноғайбаевтың аса ірі табысы. Оның орындау ерекшелігі – мұнан бұрынғы қойылған спектакльдегі Мәнтай Сыздықов жасаған керемет сахналық дүниені қайталамай, Есен тұлғасынан тың бояу, соны сипаттар табуында. Оның характерінен туындайтын аңғалдық, ақ көңіл сенгіштік, кейде намыс отынан тұтанатын алаңғасарлық мінез, қызба қимылмен бірге, Жапалға айтатын «Ой, түбің түскір», «Былай», «Бәсе, қалай өзі», немесе Еңлікті іздегенде «Айналайынды» т. б. сөздердің шебер айтылуы, астарының ашылуы, даңғазға күлкі – бәрі де актер ойынында шынайы бейнелеу тапқан. Оның үстіне Ы. Ноғайбаевтың зор дауысы, батырға лайық кесек дене бітімі де Есен тұлғасына келісті келген.

Махаббат, бақталастық, намыс жыртысудың қанды айқасқа ұласатын тұсында Есенге қарама-қарсы алынған Кебек бейнесі қойылымда шынайы шешім тапқан. Нұрмұхан Жантөриннің орындауында ол келбеті келіскен бейбіт өмір, кіршіксіз махаббат үшін жаралған жан кейпінде көрінеді. Ол барынша сыпайы, қимыл-әрекеті де салмақты, нәзік, өмірге ойлана қарайтын, үлкен алдында әдепті, күш сынасып, найза қағысатын, сотқарлыққа бармайтын адам болып суреттелуі – бұл спектакльдің жаңалылығы. Актердің күмбірлеген дауысы, ару алдындағы ізеттілігі, сүйкімді көркімен жаныңа жылылық ұялатуы – жас батыр бейнесіне лирикалық сипат берген.

Еңлік ролін ойнаған – Бикен Римова мен Шолпан Жандарбекова. Екі талантты актриса өнер ерекшеліктеріне қарай ару бейнесінен өздеріне пайым, шеберліктеріне жақын сипат-белгілеріне молырақ көңіл бөлген. Бұл спектакльде ұзақ жыл бойы бір-ақ актер орындап келе жатқан рөл бар. Ол Серке Қожамқұлов ойнайтын Еспембет. Авторлық өңдеулерден кейін пьесаның тұрмыс-салттық жайлардан

арылып, трагедиялық мазмұны тереңдеуі мен романтикалық биікке көтерілуі – актер ойынының ой-жүйесіне өзгеріс енгізіп отырады. Бұл қойылымда сөз мәніне барынша көңіл аударған. Әр сөз актер аузынан асықтай иіріліп, оның ерекше айтылу сырын табады. Бірде салмақты бастап, баяу жылжып келіп, өктем аяқталса, енді бірде дауыс жоғары, көтеріңкі шығып, күш көрсету, сескендіру үнімен аяқталады. Мұндай тұста сөз келте қайырылып, жарқ еткен жалаңаш үкім атой салады. Сөздің ішкі қуаты, онан туатын қимыл-әрекеті, психологиялық толғаныстары актер ойының негізгі желісі.

Бұл спектакльде жаңаша байлам, жаңаша сахналық шешім тапқан – Көбей бидің рөлі. Ұжымның талантты актерлерінің бірі – Қалкен Әділшінов бұрынғы қойылымдардағы Қ. Қуанышбаев тәжірибесіне сүйенумен бірге, кейіпкер бейнесінің соны қырларын, тың бояуларын іздестірген. Көбей – актердің суреттеуінде дөңгелек жүзді, сымбатты да ажарлы, сырттай сыпайы, жүріс-тұрысы салмақты, билікті асықпай, әрі әр сөзін ойланып айтатын байсалды, талай сайыста ысылған шешен би болып көрінген.

Билер сахнасындағы қысқа көріністердегі – Кеңгірбай, Қарамеңде, Жомарт билердің рөлдеріндегі Е. Өмірзақов, Ғ. Ғалиев, Р. Сәлменов, А. Нұрбеков, А. Толыбаевтардың әр кездердегі ойындарында өткен заман өміріндегі әлеуметтік талас-тартыстың сипаты танылды.

Спектакльдің сахналық архитектуроникасы, оқиғалар алмасуы, даму ырғағы сәтті табылған және автор стилистикасы толық сақталған. Сонымен бірге режиссура жұмысына Қ. Қуанышбаевтың тікелей араласуы – спектакльде тарихи және көркемдік шындықтың бірлік тауып, шынайы суреттелуіне септігі тиген. Сондықтан тұрмыс-салттық бояу мен шарттылық үлгісі қойылымда бірін-бірі толықтырып, сахналық қисын тапқан. Алғашқы және орта буын актерлерінің сөз мәнеріне жетіктігі де спектакль сапасының басты шарттарының біріне айналған.

«Еңлік – Кебек» трагедиясының қойылымын театр тарихынан іздегенде солардың ішіндегі көркемдік шоқтығы биігі осы спектакльдің 1958 жылы Москвада өткен Қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігінде әйгілі Кіші театрдың сахнасында қойылған нұсқасы болды. Әрине, қойылымның Москвада жоғары бағаланып, табысты өтуі, ең алдымен, оның көркемдік сапасына байланысты еді.

«ЕҢЛІК – КЕБЕК»

1922 жылғы нұсқасында:

3 перделі, 5 суретті трагедия

(Қайғылы хал)

Тарихи әңгіме ескі қазақ тұрмысынан.

1922 жыл.

1943 жылғы нұсқасында: 4 актілі, 5 суретті трагедия. Жаңадан түзеген түрі.

1922 жылғы нұсқасында негізгі кейіпкерлері 17, әрқайсысына жеке-жеке мінездеме берілген. Мәселен, Абыз – Әйел ардақтаған сәуегей қария. Құрметті жан. 80 жаста. Кеңгірбай – (Қабекен) Тобықтының қабырғалы, айдынды биі. Ел ішінде өте қадірлі, сөзі қабыл болатын дуалы ауыз, 60 жаста. Жомарт – Найманның елшілері, ашулы. Айтқан сөзінен қайтпайтын.

1943 жылғы нұсқада 13 кейіпкер бар. Нысан абыздан басқа кейіпкерлерге мінездеме берілмеген. Абыздың алдына Нысан қосылып, енді «кәрі ойшыл, ақылгөй ақын дана» деген авторлық анықтама берілген.

1922 жылғы нұсқасында «Сөз басы. Ардақты оқушы!» деп басталатын автордың оқырман қауымға арнаған бір жарым беттік сөзі бар. 20–30-жылдардағы спектакльдің алдында бір орындаушы оқып беріп отырған. Трагедияны сынаушылар кезінде осы беташарды бетке ұстағаны белгілі. Драматургияның заңдылығына қарай пьесадағы оқиғаны көрермен қауымның қабылдауына ұсынатын авторлық түсіндірменің қажеті жоқтығын ескерген жазушы мұны 1943 ж. нұсқасынан мүлде алып тастайды.

Трагедияның 1932–1933 жылдарғы маусымда қазақ драма театрының сахнасына қойылу тұсында жүргізілген өңдеулер мен редакциялаулар пьесаның идеялық бағытының сараланып, көркемдік дәрежесінің көтерілуінің бастамасы болатын. Сол кездегі айтылған сын-пікірлермен бірге, авторға ой салып, шығарманы өңдеуге тікелей араласқан театр директоры, қазақ драматургиясының сол кездегі күрделі мәселелерімен көбірек шұғылданған, аракідік режиссурамен де айналысқан Орынбек Беков еді. 1935 жылы. Семей театрына ауысқанда оның алғашқы қойған спектаклі осы «Еңлік – Кебек». Пьесаның идеялық мазмұнын дұрыс ұққан режиссер автормен алғашқы түзетуде ескерілмеген жайларына қайта оралғанын айта келіп: «...бұл жолы бұрынғыдан да... кеңірек өзгерістер енгіздік. Екі жолғы өзгерістер мен өңдеулерімізде (басында да, бұл жолы да мен қатыстым) негізгі мақсат, әрине, біреу-ақ. Ол мынау: пьесаның біздің идеямызға жатпайтын кемшілігін түзеу». (О. Беков. Бірінші белең. Екпінді, 1936. 30 қаңтар).

«Сахнадан көрмей, пьеса жайында пікір айтуға болмайды» деп, А.П. Чехов бекерге жазбаса керек. Мұнан трагедиядағы өзгерістердің

барлығының сахнаға қойылу тұсында жүргізілгенін көреміз. Осыған қарағанда, автор трагедияны өндеп жөндеуді әр қойылым үстінде жүргізіп отырғанын аңғару қиын емес. Қойылым сайынғы осындай өзгертулер мен өндеулер ақыры пьесаның 1943 жылғы нұсқасын дүниеге келтірді. Осы кезеңге дейінгі қойылымдардың барлығында да Абыз қазіргідей философ, ақын сипатты тұлға емес-ті. Және пьесаның кемшіліктері де осы Абыз бен билер бейнелеріне байланысты болатын. 70-жылдары жүргізілген ірі әдебиеттану зерттеулерде «Еңлік – Кебектің» барлық нұсқалары салыстырылып, ғылыми байсалды пайымдаулар берілген. Қ. Қуандықовтың («*Ұлт театры*» 1969. 30–52 беттер), Р. Нұрғалиевтің («*Трагедия табиғаты*». 1968, 16–57 беттер), Ә. Тәжібаевтың («*Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы*». 1971. 54–74 беттер), А. Токпановтың («*Бүгінгі күнге дейін*». 1976. 48–71 беттер) кітаптарында трагедия мен оның негізінде қойылған спектакльдер талданып, зерттелген.

Пьесаның 30-жылдардағы қойылымында текстерін қысқартып, кейбір көріністерінің ықшамдалуына қарамастан, түпкі әрекет-мақсаты көп өзгеріске ұшырамай, алғашқы белгі-бедерінен айнымаған Абыз бейнесі. Трагедияның 1922 жылғы нұсқасының шымылдығы Абыздың өзімен өзі тілдесіп, «ел бастаған» қабырғалы билерін, қол бастаған батырларының мерейі үстем болғанына іштей қуанып, «тобықтының жығасының жығылмай, тастаған тасы өрге домалай» беруден басқа арманы жоқ батагөй қарт болып бейнеленген. Сонымен бірге ол қобызын сарнатып, жағы тынбай жын шақырған бақсының өзі. Әйелі Таңшолпанмен екеуінің арасындағы отбасының әңгімесі, Көбейлер келетін сахнадағы ұзақ та әрекетсіз, бос көріністерге ұласады. Мұндағы оқиғаның барлығы да тұрмыс-салттық үлгіде трагедияға дейінгі аңыз бен поэмадағы дәстүрі шеңберінен шығып кетпеген. Және Абыз әрекеті шектеулі, пьеса тартысының шиеленісуіне тигізетін ықпалы да мардымсыз, әрі оқиға желісіне қосылмай, өзінше оқшау қалған.

Драматургиялық тәжірибесі молайып, сахналық өнердің сырын терең ұққан, білім мен ой-өрісі марқайған М. Әуезов трагедияның кемшіліктерін бұрыннан сезіп, көптен өзінше дайындалып жүрген сәтінде оның тын нұсқасын жасауға кіріседі. Және оны Абыз бейнесін түбірімен өзгертуден бастаған. Бұл туралы драматургияны зерттеуші ғалым Р. Нұрғалиев: «Алғашқы нұсқадағы Абыз бірінші суретте төбе көрсетіп, одан әрі оқиғадан үзіліп қалып қойса, 1943 жылғы нұсқада Абыз трагедияның идеялық нық беріктілігін, конфликт кесектігін ұстап тұрған тұлға. Бұл жағынан алғанда, 1943 жылғы нұсқада Абызға берілген идеялық, эстетикалық салмақ Еңлік пен Кебек

мойнындағы жүктен де ауырырақ»– деген қорытынды жасайды. (Р. Нұрғалиев. *Трагедия табиғаты. А.: Жазушы, 1968. 47-бет*).

Пьесаның 1943 жылғы нұсқасының да шымылдығы Абыздың монологінен басталады. Бұл, енді философиялық мазмұнға құрылған, Асан қайғыша толғанған, ел-жұртының қамын ойлаған дананың үні.

Абыз – «Көкей кесті » «Көкей кесті» күй, не дейсің? Уа, не қыл дейсің? Тынбаған көңіл, талмаған көкей, Кәрі серік арманды ойым не дейсің, не дейсің сен көкей (*суық жымыит*) күшік... (*Қобзыңа жағын сүйеп, ыргала толғанып.*) Паки пәруэрдiгәр.. Бе-еу! (*Ыңыранып Асан қайғының күйіне үн қосып*).

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер!
Аяғы жоқ, қолы жоқ,
Жылан қайтып күн көрер!

Көрермен қауымды бірден баурап алатын өлең-монолог тылсым тірліктің құпиясына, трагедиялық қайғыға жетелегендей біртүрлі мұңды да үрейлі. Толғанысын әрі қарай жалғастырып:

Ащы зарлы Асан сен ең
Алыстан сарын қосқан Нысан мен ем...
Тұнығым ылай болды,
Оу, тұнығым ылай болды.
Қуғыншым құмай болды.
Құтылар қайран жоқ,
Сор құмар сыңай болды.

(*Асанша толған*)

Алданар жоқ, арман көп
Кәрің қайтып күн көрер!
Жарастық жоқ, жалын жоқ,
Жарым қайтып күн көрер!
Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтып күн көрер!
Бәріңнің де нәрің жоқ
Елім қайтып күн көрер?!

Тағы да өзімен-өзі іштей арпалысып, бір сәт қоршаған табиғатпен сырласқандай: «Кәрі көңіл о бір зәр. Күн еңкейіп көлеңке басқан

бейуақтай. Самал желді мұздай, көк майсаны сыздай етті. Ызғар сезген бойым бар. Панасыз ел баладай... Аспанда қара бұлт ақ бұлтпен шарпысып, телегей ойнап дауылдатып ол келеді. Соны білмей бұл бала тас ошақтың басында от шашып ойнайды. От шашып ойнайды. Қамыққан қамқор қаны... Бек буынған бағлан батыр қаны». Нысан – Абыз ойын неше саққа жүгірткен бұл монологтің философиялық мән-мағынасы тереңде жатыр. Адам тірлігінде кездесетін келеңсіз жайттарды табиғат өзгерістерімен салыстырып, дүлей күшке қарсы шарасыздық, әділетсіздікке тосқауыл боларлықтың жоқтығы ойға еріксіз оралады. Аспандағы қара, ақ бұлттардың шарпысуы – табиғаттың қолайсыз кезеңін еске салумен бірге, әлеуметтік қоғам өміріндегі аламан айқастың, бітіспес даудың суреті іспеттес. Осындайда «панасыз елдің баладай» қорғансыз да тынымсыз тірлігі елестейді көз алдына. Күңіреніп, қобыз сарынымен қайта үн қосқан Абыз:

Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтып күн көрер.
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтып күн көрер! –

деген монолог-өлең жолдары трагедия жүгін ауырлатып, қайғылы үнін тереңдете түседі. Абыздың бұл келтірілген монологтері бұрынғы нұсқада жоқ, автордың жанр табиғатын терең ұғынудан тамаша ойластырып жасаған керемет көрініс. Бұл – трагедияға ерекше көркемдік, идеялық тереңдік, драмалық тартыс желісін ширата түсетін тапқырлық. Мұнан кейінгі оқиғаның дамуы осы монологтердің астарынан өрбиді.

Абызға Көбейлер келіп жолығатын сахнада да бірталай өзгерістер бар. Мұндағы оқиғаға араласатын кейіпкерлер сөздері ықшамдалып, ішкі драматизммен күшейтілген. Авторлық ремаркалар да қысқартылып, кейіпкер көңіл күйін ашатындары ғана қалған. Алғашында Көбей сөзін құп көрген Абыз, көңіліне қонбағанын қабылдамайды. «Не дейсің... Есе бермедім, еңсеріп ұттым дейсің бе?» деген, т. б. мысқыл аралас ащы сөз – жауаптарынан кейін үнсіз қалады. Тобықтының мерейін үстем еткен биі мен Кебектің батырлығын көтере сөйлеген Көбейден кейін Абыз мүлдем түңіліп, көңілсіз күй кешеді. Тап осы арадағы авторлық ремарка рөлді ойнайтын актерге де, сахналық атмосфераны дұрыс сезінуге де дәл берілген – «өз-өзінен шөккендей, сырт айналғандай мұңға кеткен. Қобызына таянып қапты» түсіндірменің орны бөлек.

Мұнан кейінгі Абыздың:

Барары жоқ, байлау жоқ,
Ерім қайтып күн көрер!
Бәріңнің де нәрің жоқ,
Елім қайтып күн көрер!—

деген монологінде бұлардан да түңілген жанның жан айқайы көрінеді. Бұл, әлгі Көбейлер тобына, ел тізгінін ұстаған билерге, ел қамын жеген естілерге айтылған аталы сөз.

Баба алдында асыра сілтеген сөзінің қисынсыздығы мен парықсыздығын сезген Көбейлер иіліп, сахнадан үн-түнсіз шығып кеткеннен кейінгі Абыздың: қалың мұңға батып:

Әреке деген көк ауру, сені тыяр талқы жоқ
Ішті жеген жегінің, жерге кірер қалпы жоқ.
Барар бетің батпақ сор, күн түзелер тарпы жоқ,—

деген өкініш-өксікпен айтылған монолог-өлең жолдарында үлкен трагедиялық қайғы, ел басына түскен сұрапыл қасіреттің айықпас таңбасындай сезіледі.

Мұнан кейінгі Абыз бен Есен сахнасында да әжептәуір өзгерістер енгізілген. Диалог-монологтер редакцияланып, кейбіреулері қайта құрылса, енді біреулері етек-жеңі жинақталып, ішкі драматизмі күшейтілген. Авторлық ремаркалар бірер жерде болмаса, түгел алынып тасталған. Бір мысал.

1922 жылғы нұсқада:

Е с е н. Салаумаликум, баба!

А б ы з (*басын жоғары көтеріп*). Әлиқсәлем! Уа, қай ұлсың?

Е с е н (*Абыздың қасына отырып*). Баба! Арғы атам Найман, бергі атам Сыбан, өз атым Есен. Ел қосқан атым батыр Есен (*Абыз ел жайын сұрап амандасады*.)

1943 жылғы нұсқада:

Қысқартылған.

А б ы з. О, қай ұлсың?

Е с е н. Уа, баба, арғы атам Найман, бергі атам Сыбан, өз атым Есен, ел қосқан атым батыр Есен.

Келген шаруам: әлемде екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, палуан білек керек. Бірінен өту үшін тәңірім үстем қылып жаратқан талай керек. Ақыл, айла керек. Осының екеуіне де өзіңнен бата алайын деп келіп едім.

А б ы з (*аз тым-тырыстан соң*)

Ұлым, екеуіне де кеудесі қуыс пенде беретін тін көмек жоқ екен. Өз өнеріңе сенерсің, әйтсе де айт жөнін.

Е с е н. Баба, айтайын: алғашқы айтқан кезегім: қайраты тең батырмен күшімді сынасайын деп жүрмін. Кездескелі ізденіп жүргенім өзіңнің батырың – Кебек! Екінші кезек: жастық, алыптымның кезегі Матай қызы жесірім, інімді менсінбей кетем дейді. Ерден кетсе де елден кетіргім келмейді. Жігіттігімді сынағалы тұрмын.

А б ы з. Батыр! Қайратың адам дұшпаны арыстанға біткен қайратпен тең екен.

Төңірегіңді түріп жүрген кәсірді көрмей, іздеген жауың мұсылман баласы болса, алты алаштың баласын көрмей, тапқан жауың туысқаның болса, өрісің ұзақ болмас.

Кер заманға кез болып, кері кеткен елдің кер тартқан тентегі шығарсың. Басқа айтар сөз жоқ.

А б ы з. Мерейің ассын, ұлым!

Е с е н. Алдияр, дегенің келсін.

А б ы з. Ұлым, не жаймен жүрсің?

Е с е н. Алдымда бәсеке деген екі тосқауыл кезең тұр. Бірінен өту үшін түгі шыққан жүрек, палуан білек керек. Енді бірінен өту үшін тәңір үстем қып жаратқан талап керек. Титығымды сол құртады... Осы екеуіне өзіңнен бата алайын деп келдім...

Абыз (*аз кідіріп*). Ұлым, екеуіне де кеудесі қуыс бенде қосар күш болар ма. Ұрынамысың, ұрынтармысың, бір өзіңнен көрер ме екенсің. Айтып көрші мән-жөнін...

Е с е н. Баба, жылқы ішінде аладай, аз Тобықтының ағасы емессің... Елімнің Абызы деп келдім. Алғаш айтқан кезеңім алапаты асқардай батырмен күш сынаспақпын. Кездескелі ізденіп жүргенім өзіңнің іні батырың Кебек! Өшім бар сол Тобықтыда. Ағам Көшен жан кемітер ер ме еді!

Кебектен көрген күйіктен, құсадан өлді. «Кемімес кегім бар» деп өлерде өсиет кып кетті. Аямастық антым бар... Бірақ қапыда қалмаймын... Қасиетімді жоймаймын, сертім осы. Себің тигіз, бата бер! Содан қалған бір кезең жастық, албырттық кезеңім. Матай қызы жесірім інімді менсінбей кетем дейді. Ерден кетсе де елден кетіретер мен бе едім? Бірақ қыз-қырқылжың түлкідей болғанда, мен шынымды айтайын, айласызбын... Сүбүркіті саскалақ сарыдаймын, ілінбей жүр, ілгізбей жүр тау тағысы көк шулан... Шеңгеліме сол түссін... Бейлің бер, бата бер.

Е с е н. Баба, мен сенен жеңілдім. Жалғыз-ақ Тобықтының баласы осы ақылыңды естімеген болып жүрмесін. Қош, Баба (*тәкаппарланып басып шығады*).

А б ы з. Қош ұлым, түзу беттеген жолыңда бетіңнен жарылғасын (*Есен шығады*).

А б ы з. Батыр десем ... белге шыкпай ойда ойнақшыр бейпіл ме ең. Азамат десем, ауыл үйдің тентегі ме ең? Мақтамаймын Кебекті, құптамаймын сені де. Кегім десем – зықымды алған зұңғарды айтсам не етуші еді? Ашуды айтсам ақтабан шұбырынды ма еді ұмытарым, тастарым. Елдігім қайда сондағы?.. Қусам соны қусамшы. Кесекенім Кебек болса ертсемші сол жолға, салыссамшы, жарыссамшы сол жауға қарсы сілтеген Қайқы қара жолында. Елің үшін ермесе сонда алсаңшы бар есеңді.

Төңірегінді торыған жатты көрмей, жағаласар жауың жақының бопты... Жарқыным, мен емес ертер серігің!..

Е с е н. Болды, баба!.. Токта, баба, толас бер. Жеңілдім, жеңдің сен мені. Тек осы кебің Кебекке жетпей жүрмесін... Жеңілдім, жеңдің... жеңдің, бай-бай сен мені! (*Есен атқын жүріп кетеді*).

Келтірілген осы салыстырмалы сахнадан 1943 жылғы нұсқада Абыз бен Есен бейнелерінің іріленіп, көркемдік шоқтығы биіктеп, ауыздарынан шыққан сөздер астарлы да мағыналы, толассыз ойға, философиялық толғанысқа құрылған. Бұрынғы нұсқадағы бір сөйлеммен берілген кейбір әлсіз диалогтер мазмұн жағынан да, драматургиялық ауқымдылығы жағынан да толығып, кейіпкерлердің даралық сипатын тереңдете түскен. Бұл өзгерістердің тағы бір драматургиялық ұтысы – трагедия тартысының ширап, әлеуметтік сипатының айқындала түсуінде. Абыздың әрекеті тұтасымен осыған бағытталған.

Ә. Тәжібаевтың сөзімен айтқанда – «...ақын тілінде сөйлейтін данышпан философ. Бұл ру намысы, ру тартысы дегеннен әлдеқайда биік көтерілген, енді берісі қазақ қамы, арғысы бүкіл адам қамын ойлауға айналған, ел атасы, халық қамқоры». (*Жоғарыдағы аталған кітап, 63-бет*).

Абыз бен Кебектің кездесуінде де өзгерістер бірден көзге ұрып тұр. 1943 жылғы нұсқада Кебек сахнаға драматургиялық дайындықпен шығады Оның сырт пішіні мен бет-әлпетінен иманжүзділіктің, жылылықтың нышанын таныған Абыз, қызыға қарап:

Мерейің биік шоқыдай,
Келіс көркің тотыдай
Қызықтырған қай ұлсың? –

деп салған жерден қызыға қараған оның бейнесі басқаша реңге енеді. Ал трагедияның әрекетіне осы арадан енетін Кебек бейнесінің көркемдік тұрпаты тіпті бөлек. Оның аузына автор салған сөз-монологтің көркемдік қуаты мол, іштей тасып шыққан ішкі драматизмге толы. Зерттеуші Р. Нұрғалиев жоғарыдағы кітабында: «Әуезов

халық аңызындағы балгердің батырға бал ашып беру деталін әуелгі қалпынан байытып, өте әсерлі көрініске айналдырған. Кебектің шешен, асқақ монологі осы ретте айтылып, жан дүниесі сарайы ашылады.

Бұл монолог қара сөзбен жазылған өлең, төгіліп тұрған поэзия. Ұйқас тудырған, сыртқы жылтырақ, бояу, тенеумен долбарланған дүниеден іргесі шалғай, биік рухты жан қуатын, алабұртқан көңілдің қырық құйын қалпын бере алатын ішкі ағысты, ішкі тереңдікті құнттап тұрған нағыз поэзия», – деп бағалаған (50-бет).

Бұрынғы нұсқасында Абыздың Кебекке берген батасының текстісі жоқ. Репликада: «Абыз қазақша ұзақтау бір батаны сартылдатып сөйлеп, бата береді» – деген. Ал 1943 жылғы нұсқада:

Адалдан бер, ақтан бер!
Бәлекетін жатқа бер.
Ер маңдайын баққа бер,
Абырой асар жаққа бер.
Қара түндей қазаны,
Қас ойлаған жатқа бер.
Сөнбес түндей шат көңіл,
Жазығы жоқ жасқа бер.
Адал жолды аққа бер
Мерейі асқан өренім,
Кебек сынды таққа бер.

Халық дәстүріндегі үлкеннің өзінен кейінгіге тілек айтып, бата беру салтын автор мұнда ұтымды пайдаланған.

Пьесаның алғашқы нұсқасында Еңліктің әке-шешесі Ақан мен Қалампыр көрсетілген. Кебектің Еңлікпен тұңғыш кездесуі осы үйде өтеді. Бұл үйге оқта-текте Есен де келіп кетіп тұрады. Трагедияның бүтін бір актісін алып жатқан осы көріністің атқаратын драматургиялық қызметі бірін-бірі ұнатқан екі жасты кездестіру ғана. Ал Ақан мен Қалампырдың «әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып», құдайдан тілеген ұл баланың жоқтығын қозғайтын мұңға толы шерлі сырлары, Кебектің Найманның шапқыншыларын тосып алып, айқасқандары туралы айтқан ұзын-сонар әңгімесі, тағы басқа, от басы, ошақ қасы, үй ішінің сөздері пьеса оқиғасын немесе оның көркемдік сапасын толықтыратын жайлар емес. Осы көрініс сол уақыттағы спектакльдерде әрекет желісін әлсіретіп, оқиға баяу да сылбыр өткен. «Еңбекші қазақ» газетінде 1928 жылғы 18 наурыздағы жарияланған рецензиядағы: «...Уақыттың көпшілігін кеңесумен...» өткізеді деген пікір осыдан туған болу керек. Мұны сезген автор

пьесаның 1943 жылғы нұсқасында бұл пердені алып тастап, Ендік пен Кебектің кездесуін тау ішінде көрсетеді.

Драматургтің, қайта өңдеп жөндеуінен көркемдік шоқтығы биік, шынайы даралыққа жеткен Жапалдын бейнесі. Бұрынғы нұсқада ол пьесаның оқиға желісіне драмалық ықпалы мардымсыз, косалқы ғана қызмет атқаратын дәрежеде болатын. Ол айтатын 22 жол өлеңнің бірде-бірі оның әрекетінен туындап, характер ерекшелігін ашпайтын. 1943 ж. нұсқасында тағы мұны қысқартып тастайды.

Оның орнына берілген мына:

Шек-шек, шек-шек, шегенек,
Мал ішінде көбелек
Тасты көрсең телмеңдеп
Жүгіресің жебелеп.
Тынымы жоқ, тыныштық жоқ
Құртты құйрық кебенек!

(Құшырланып, қайырып)

Шек-шек, шек-шек, шегенек!
Қош-қош, қош-қош, қошақан,
Майлы құйрық момақан.
Бөрі көрсе бор кемік
Бар буыны босаған.
Тауда тарлау, ойда өлең
Тапса бойы жасаған
Қош-қош, қош-қош, қошақан! –

деген өлең жолдары Жапал бейнесіне бірден тіке тартылған жол сәтімен табылған. Және трагедия екінші суретінің шымылдығын осылай ашу – оқиға желісіне оқыстық берумен көрерменді қызықтырып әкететін тәсіл. Тәтті қиялмен қанаттанып, арманға шомған Жапалдың әрекеті оның ойы мен бойына шақталып алынған. Тау аралап қой жайған баланың өзімен-өзі болатын сахна айнала әлемде етіп жатқан құбылыспен байланысты суреттелуі – оның тұлғасын әрлендіре түскен. Оған автор берген ремаркасында:

Шыңғыс! Қара қойтас қан Шыңғыс! Оң да Шыңғыс. Сол да Шыңғыс... Анда Шыңғыс. *(Жан-жағына қол созып.)* Анда Шыңғыс... Анда Шың... Шаң... Токта, Бұл не? Жұлындай жерден жіптіктей түтін емес, шаң бұрқ етті!.. Тағы. Тағы! Бұрқ-бұрқ... О-о, будақ-будақ шаң шықты. Төбелес, барымта... Қуғын... Тағы және шабуыл да сабуыл...

Қайран Шыңғыс, күнде осындай жойқан төбе. Жортуылшы. Тентек батыр, жентектесті тағы да! Пай-пай! Шіркін батырда да арман бар ма екен?.. деп созылатын қойшы баланың ұзақ монологінде сол замандағы қазақ даласының әлеуметтік құбылыстары жанды сурет болып танбаланған.

Ал Еңлікпен өтетін көріністерде Жапал бейнесі басқа қырыннан жарқырай түседі. Оның әрбір сөзі мен әрекетінен жайма-шуақ күлкі есіп тұрады. Ал Есенмен кезігетін жерлерде Жапал сөздерінің астары мен әрекеті басқа рең алып, ажуа-мысқылға ойысады. Оның «...Еңлік әні естілсе болды, қоянды қуған қасқырдай салаң ете түседі...», енді бірде «Қоян қуған құтаяқтай» деп Есенді күлкіге, онан әрі қарай аңғал батырдың сөзге орашолақтығын ащы мысқылға айналдыру көріністері 1943 жылғы нұсқаға енгізілген тың сахна.

Бұрынғы нұсқадағы Еңлік пен Кебектің алғашқы кездесуін автор қысқартып, драматургиялық тартысты күшейту мақсатымен Еңлік пен Есенді алдымен жолықтырады.

1922 жылға нұсқа:

Дауыс

Жар көрсе сүйінеді сағынған жас,
Толқытпай оған көңіл ерікке қоймас.
Сұраймын уәде ұстап келді ме деп,
Бауырына жан батырым айтшы, жартас.

(тым-тырыс)

Дауыс

Жауап жоқ. Меңіреу жартас мұңға батқан.
Дыбыс жоқ, дүние жым-жырт тастай қатқан,
Қуанту, суалту да өз қолыңда

(Ойын бөлмесінен шығады)

Асықтық! Қиын дерттің жастай тартқан.

(Тастың жан-жағын таңданып жүріп қарайды)

Батырдын бүгін еді келмек күні,
Тәңірдің өтпеп пе еді күн мен түні,
Сағынып көрмегелі апта болды,
Естілші тым болмаса жалғыз үні...

(Тым-тырыс, жартастың басына шығады. Ақ көйлек, қара кемзалы бар, белі қыналған, басына үкі таққан үлкен камшат бөркі бар,

колында бүктеулі қара шапан, күнбатысқа көзін салып қарап, бір колымен мықынын таянып, ән салады). Мұнан кейін Еңлік 12 жол өлең айтып бола бергенде Есен шығады. Осы көрініс 1943 жылғы нұсқада былай берілген:

Еңлік:

Жар көрсе сүйінеді сағынған жас,
Толқытпай ауған көңіл ерікке қоймас
Сұраймын уәдені ұстап келді ме деп,
Бауырына жан батырым айтшы, жартас!
Батырдың бүгін еді келмек күні,
Тәңірдің өтпеп пе еді күн мен түні,
Сағынып көрмегелі апта болды
Естілші тым болмаса жалғыз үні!..

Кебектің уәделі күнін күтіп, сағынышпен айтатын бұрынғы нұсқадағы өленің 24 жолдан 8 жолға түсіріп, пьесаны қоятын театрға еркіндік беру мақсатымен ремаркаларды да алып тастаған. Мұның бәрі трагедия оқиғасының толассыз дамуына, әрі тартыстың шиелене түсуіне мол септігін тигізіп тұр. Спектакльдің ырғақ-екпінін, тынысын анықтайтын сахналық күй бұл. Мұнан кейінгі Еңліктің қара сөзбен берілген монологі әлгі өлең мазмұнынан туындайтын атмосфераны қоюлатып, оны көңіл күйі толғанысына түсіреді. Алып ұшқан жүрегі бір қиястықты сезгендей, үміті бұлдыр, жолы жіңішке тағдырынан торыққан, алдағы өмір асуынан іштей шошынған арудың бойын билеген сезім арпалысын автор асқан шеберлікпен жеткізеді. Есенмен кездесердегі Еңліктің психологиялық толғаныс сәті бұл.

Бұрынғы нұсқасының өзінде келісті шыққан осы кездесу сахнасында драматург үңіле қарап, шынайы талғампаздық танытады, нүкте, үтіріне дейін қайта қойып шыққан.

Пьесаның екі нұсқасында да Еңлік пен Есен өлеңмен қақтығысатыны белгілі. Еңлік өлеңнің:

Үй-жайым жат болмаса саған мәлім,
Білесің әкемнің де бойында әлін.
Мал көздеп шаруаны басқармасам,
Ата-анам кім сақтайды қолда азын? –

деген соңғы төрт жолы 1943 жылғы нұсқада қысқартылған.

Енді бірер қара сөзбен берілген диалогтерді салыстырып көрейік:

1922 жылғы нұсқа:

Еңлік (күлімсіреп).

Батыр сөзіне сенемін (басын изеп). Андитының рас, ол мінезің маған белгілі, мен аптасында емес, күніне бір келемін, тіпті құдайдың құтты күні осы тауда жүремін. Не қыл дейсің? Көргеніңді айтшы сондағы.

1943 жылғы нұсқа:

Еңлік (күлімсіреп). Батыр,

сөзіңе сенем. Андитының рас, ол мінезің маған белгілі. Мен аптасына емес, күніне бір келемін. Көргеніңді айтшы сондағы.

Мұнда автор «тіпті құдайдың құтты күні осы тауда жүремін. Не қыл дейсің?» деген сөздерді қысқартып, диалогтің ішкі мазмұнын күшейткен.

Есен. Мен өзім бағып жүргем жоқ, бойыма мін болатын нәрсені білемін, андисың деп түйремей-ақ қой! Бағып жүрген кісі менен басқа, сол айтты.

Еңлік. Оның да бір тәуір екен. Олай болса сол бағып жүрген кісіңнен көргенін сұрап кел? (Күліп.) Бет алды байланысқаныңның жөні бар ма?

Есен (найзасымен жерді түйіп). Бұлтарма, шыныңды айт. Қасыңа келген кісіні көрген, оны қайда тығасың.

Есен. Мен өзім бағып жүргенім жоқ.

Еңлік. Оның да бір тәуір екен, олай болса бағып жүрген кісіңнен көргенін сұрап кел.

Есен. Бұлтарма, шыныңды айт, қасыңа келгенді көрген. Оны қайда тығасың.

Есен монологінің ұзақтығы мен шұбалыңқылығын сезген автор, оның мінезіне сай келетін жауабын бір сөйлеммен тұжырымдаған.

Еңлік сөзі де қысқарылып, бір сөйлеммен шектелген. Бұл өңдеулерде диалогтердің ішкі қуаты күшейіп, сахнадан айтуға ыңғайластырылған. Қысқа қайырылған ремарканың қажет еместігін де аңғарған драматург оларды тіпті алып тастаған.

1922 жылғы нұсқада:

Еңлік диалогтерінің соңғы екі сөйлемі – «Қызды қуған боз баласын да көрдім. Аңдыған кісің бұны да көрген шығар, не қыл дейсің.

«Сені де» деп сөзді қадап айтуы, Еңліктің Есенмен айтыс-тартыстағы дәлелін айқындай түскен. Соңғы диалогтегі Еңлік сөзін нақтылап, оның әйел жайындағы ойының жинақталуынан әрекет шұбалаңқылығы жойылған.

Еңлік (*Есеннің тымағын алып, қолымен төбесін басып тұрып күліп қарар*).

Батыр, сабырсыз болма, менде жат ой бар деп киналма. Мен әйелмін ғой, маған сыр білдіріп кішірейме. Сенімсіздік қылып, ұсаққа да сатылма.

Есен (*қуанып күлімсіреп Еңлікке қарар*).

Еңлікжан, ақылын асқар таудай емес пе? Айтшы осындай сөзіңді, көрсетші жылы шырайыңды, көңілімдегі бар күмәнімді кетірші, мен сенен жеңілейін. Бір жағы шынымды айтайын, қорқамын сенен. Ай-лалы әйелден қиын қамал жоқ екеніне көз жетті.

Еңліктің жылы шырайынан «марқайып қалған» Есеннің қуанышын білдіретін сөздері де қысқартылып, диалог өте жинақты берілген. Мұндай жөндеулер мен редакциялаулар пьесаның өн бойына жүргізілген.

Кебек пен Есеннің алғашқы кездесу сахнасында да бірталай диалогтер жөнделіп, кейбіреулері қайта жазылған.

1943 жылғы нұсқада:

Еңлік. Қыз қуған бозбала сені де көрдім. Аңдыған кісің бәрін тізсін ендеше.

Еңлік (*Есеннің тымағын алып, күліп*).

Батыр, сабырсыз болма. Мен әйелмін ғой, сыр білдіріп кішірейме.

Есен (*қуанып*).

Еңлікжан, ақылың асқар таудай емес пе. Айтшы осындай сөзіңді, мен сенен жеңілейін. Сеніп кетейін жалғыз-ақ.

1922 жылғы нұсқада:

К е б е к (*ашуланьт*). Батырлықтың бір міні тасырлық деуші еді. Өзге өнеріңді білмеймін, тасырлығың бар көрінеді. Бірақ екеуіміз қан майданда кездесіп тұрғанымыз жоқ. Екеуіміздің де сыншымыз – әйел затының жанында тұрмыз. Сөзіне азырақ не болу керек емес пе екен?

Е с е н. Сен де тіл-жағыңа сүйеніп ұрыншақтық қылмай-ақ қой, сен кірісетін сөз жоқ. Еңлік мені сынап болған.

1943 жылғы нұсқада:

К е б е к. Батырлықтың бір міні тасырлық деуші еді. Өзге өнеріңді білмеймін, тасырлығың бар көрінеді-ау!

Е с е н. Сен де тіл-жағыңа сүйеніп ұрынба бос. Қыз сынына толам десең өзің биязы бола бер. Еңлік мені сынап болған.

Екі батырдың арасындағы қақтығыстың шиеленісті өтуі – трагедия тартысын ширата түсетіні ақиқат. Әрекеттің толассыз бір тыныспен дамуын көздеген автор бес сөйлемнен тұратын Кебек диалогін қысқартып алғашқы екеуін қалдырады. Және оның аяғын «ау» деген одағаймен аяқтауы – сахна заңдылығын іштей сезінуден туған.

Есеннің сөзінің редакциялануы да егестің ішкі дамуы екпінін үдете түсуінің үстіне, диалогке мысқылдық сипат берген. Найза қағысар сәтке автор оларды осылай тартыстың қисынды жүйесімен жеткізеді.

Е с е н. Сенімен езіп тұрар жайым жоқ. Іздесең мен де сені іздегенмін. Шық жекпе-жекке.

Е с е н. Қысқарт! Көрейін мен соқтығатын сойынды! Сен іздесең мен де сені көп тосқам. Шық, жекпе-жекке!

Өзінің жаңа редакциясында Есен монологі оның даңғой мінезіне, мақтаншақ әрекетіне қарай қайта өңделген. Мәселе, мұнда сөйлемнің ұзын-қысқалығында емес, сахналық өткірлігінде. Келте қайырылған ызалы монологтер сахналық атмосфераны қыздыра түседі, отқа май күйғандай.

Білек күштеріне жүгініскен батырларға ара түскен Еңлікке Кебектің қыз алдындағы ұстамдылығын, байсалды жігітке тән сыпайылығын танытатын мына:

«Ара түскен айыбым болса ақылыңа көнейін, амалсыз-ақ көнейін мен, мақпал қыз!» – деген диалог 1943 жылғы нұсқаға жаңадан енгізілген.

Еңлік пен Кебектің сөз байласып, ақ тілекпен аттанар тұсы бұрынғы нұсқада пьесаның үлкен бір сахнасын алып жатса, 1943 жылғы нұсқада өңдеу-қысқартулардан кейін бас-аяғы балғадай жинақталып берілген. Абыз батасынан кейін Кебектің екі ойлы болып, өзімен-өзі сөйлесетін үлкен монологінен бастап, Еңлікті сынамақ болғандағы көрініс тұтасымен қысқартылған. Бірін-бірі сүйген екі жастың махаббат жайы бірер диалогтермен тұжырымдалған.

Еңліктің ата-ана, туған жерімен қоштасу өлеңі бұрынғы нұсқада 45 жол болса, кейінгі нұсқада 16 жолға түсірілген. Мұның өзін ұзақсынған театрлар сахнадан жартысын ғана айтқызып жүр. Халық поэзиясының дәстүрімен берілген бұл өлең аса мұнды, шерлі жас сұлудың қимастық сезіміне бөленген. Махаббат бостандығын ту етіп көтерген ару өлеңінің сахнадан орындалуына театр ерекше көңіл бөліп келгені мәлім.

Осы сахнада бірталай орын берілген Жапалдың айтатын өлеңі тұтас қысқартылып, тауда жалғыз өз-өзімен сырласатын ұзақ монологі өңделіп, қайта жазылған. 1943 жылғы нұсқаға драматург Жапалдың махаббат сапарына аттанып бара жатқан Еңлікті қимай, жылап қоштасатынын суреттейтін шағын көрініс енгізген. Мұндағы оның әрекетінде күлкі емес, керісінше туған апасындай болып кеткен жанмен қимай айырылысу, көз жасына булығып жегімсіреп қалған қойшы баланың қайғы-қасіреті басым.

Трагедияны үшінші актісі екі нұсқада да бидің (Кеңгірбай) монологінен басталғанымен, редакцияланып, өңделген. Бұрынғы нұсқадағы Кебекті ауызға алатын жері мұнда қысқартылып, Найманның қыспағына түскен уайым, трагедиялық толғаныс үстінде. Мұнан әрі қарай да пьеса әрекеті бірлі-жарым сөздердің қысқаруы мен тыңнан қосылуы болмаса, негізінен, Кеңгірбай бимен өтетін көріністе өзгеріс жоқ. Бидің Наймандарды тоспай, бетпе-бет жүздесуден тайсақтағанын, Көбей мен Кембайдың, екеуара пікірлесетін шағын сахна қысқартылып, әрі қарай әрекет бірден екі жақтың айтыс сахнасына ойысады.

Көбей ойын үстемелеп жеткізу мақсатымен, автор соңғы нұсқада «сен» деген сөздің қасына «Еспенбет» есімін қосып, әрі диалогтің аяғына леп белгісін қою арқылы екі бидің де сөзіне үдетпе екпін берген. Кішкентай ғана деталь, бірақ сахна әрекетіне өзінше ықпал ететін аса қажет деталь.

Көбей мен Еспенбет сөз айқасына кірісіп кеткенде, Кембайдың «Билердің келмей жатып шалысып жатқанын қара» – деген қақпа сөзі қысқартылған. Екі бидің әрекетіне еркіндік берген драматург бөтен сөзді артық көрген. Немесе Көбейдің «Қай жаққа көшсең де ерік сен-

де» – дегенін соңғы нұсқада – «Қай жаққа тартсаң да ерік өзіңде» – деп айтылып жатқан ойдың жүйесіне қарай тауып жөнделген.

Найманмен болатын тартыстың аса жайсыздығын алдын ала болжап, жонын сыртқа салып, ел сөзін ұстаған бидің тасада қалу саясатын 1943 жылғы нұсқада драматург үлкен шеберлікпен ашқан.

1922 жылғы нұсқада:

Ж о м а р т (*аздан соң Еспембетке қарап*). Жә! Енді елде де тамам елді иіріп, мұнда келіп те ұшарылып жатамыз ба? Мына келелі сөзімізге келеміз ғой деймін енді. (*Еспембет ызаланып отырады.*)

К ө б е й. Дұрыс оларыңыз, сөйлесек сөйлей отырайық (*Еспембетке қарайды, тым-тырыс Еспембет қамшысын тастайды*).

1943 жылғы нұсқада:

Ж о м а р т. Бұ би қайда, бір жаққа жолаушылап кеткен бе?

К ө б е й. Жолаушылап ұзаққа кете қойған жоқ. Бір ағайын арасының сөзі болып, соған шақыртып кетіп еді бүгін.

Ж о м а р т. Қашан қайтады?

К ө б е й. Осы бүгін де қайтып қалар. Сіздердің хабарларыңызды есітсе көп бөгеле қоймас (*тым-тырыс*).

Ж о м а р т (*Еспембетке*). Жә... онда да тамам елді иіріп кеттік. Мұнда да масайрап жатар күн емес. Келелі сөзге көшіндер, билер.

К ө б е й. Мақұл, би Жомарт, көшейік (*тым-тырыс. Еспембет қамшы тастайды*).

Ж о м а р т. Еспембет, сөйле.

Осылай Тобықты жағы түлкі бұлаңға салып, даудың бетін жұмсартуға ұмтылғанымен, әккі Еспембет ежелгі керітартпа қисықтығына басады. Бұл – трагедия тартысының шарықтау тұсы. Халықтық дәстүрге негізделген билер сахнасы ұлттық болмысымен де, көркемдік сипатымен де керемет шешім тапқан және қазақтан

басқа елдің драматургиясында кездеспейтін жалқылығының үстіне, бейнелеу шеберлігі жағынан да үлгі тұтарлық тамаша табыс. Ел билігін ұстап келген билердің алма-кезек айтатын жүйелі де шешен сөздері, ой жүйіктігі мен тереңдігі автордың ауыз әдебиетінің мол қазынасынан тамыр тартуы – суреткерлік ізденістің үлгі тұтарлық өрнегі. Мұнда махаббат бостандығына бел байлаған Еңлік пен Кебектің тағдырынан туындаған тартыс жауласқан екі ру арасындағы бітеу жара болып келген арғы-бергіні қазбалау – есе қайтару бітіспес дауға, қанды қақтығысқа ұласады.

Тартысқа түскен билердің бәрі де сөзге шешен, тілі өткір, ойы жүйелі, ал оны айтып жеткізуге келгенде әрқайсысы өзінің даралығымен, қайталанбас әрекетімен көрінген.

Артындағы қарулы қолына сүйенген, әрі жаратылысынан безбүйрек, қатал Еспембет сөзі өктем, қатыгез заманның қанды жоралғысын көлденең тартады. Ол сөз жарысында қызған сайын өршелене түседі. «Шолақ байталдың құйрығындай Тобықты...» деп көтеріле сөйлейтін тұсынан әрі қарай қанды қырғынның көрінісі елестегендей.

Еспембеттің темірдей тегеуіріне шыдап, айқасқа қаймықпай кірiскен Көбей алыстан орағытып, суырыла шыққан шешендігімен, қарсыласының әрекеті мен ойын іштей бағып отыратын өзіндік айла-тәсілі мол би. Еспембеттің: «...Тобықтының биі құйрығын сыртқа саларда майталманым деп сені ұстайды деуші еді. ...Түбінде көмейдегі көмескіні болжайтын табаны бұдырлы би сенсің. Біз үлгіні сенен аламыз ғой» – деген сөзінде Көбейдің сахналық портреті көрініс бергендей.

Сахнада бірер рет көрініп, әрекетке көп араласа бермейтін Кеңгірбайдың бейнесі пьесада суреттеу дәлдігімен дараланған. Қулығы мен зұлымдығына құрық бойламайтын би Еспембетпен оңаша сөйлескенде Еңлік пен Кебекті құрбандыққа шалып жүре береді. Іштегі сырын ақтара бермей, жұрт көзіне түспей-ақ не бір сұмдық шешімге баратын өз заманының озбыры.

Ел тыныштығын ойлап, әділ сөзін ешкімнен жасқанбай, сабыр-салмақпен, жұрттың көңіл-ықыласын бірден өзіне аударып алған Қараменде бейнесі трагедияда тұтас шыққан тұлға. Оның бас-аяғы үш монологінің соңғысында: «Ағайын, көзіңе қан толып, түгіңді сыртыңа теуіп бүгінгі сөзге осынша түйіліп отырсың. Осының артынан туатын ертеңгі сөзге, ертеңгі бәлеге көзіңді салдың ба? Айтып отырған сөзіңнің жеңілі: білегінің күші бар, жүрегінің түгі бар, осы отырған аламанның маңдай алды бағланы бір туысқан бауырыңның қанын төгемін дейсің. Немесе екі ру елдің еңкейген кәрі, еңбектеген

баласының қанын төгіп, жасын ағызамын дейсің. Ел шырқын бұзамын дейсің. Қай сөзінде мақұлдық бар? Қай сөзінде қасиет бар? Неңді қадір тұтайын! Қайран халқым, азғаның ба әрекетпен осындай! (*Жым-жырт. Аздан соң.*) Арадан жол тап, тыныштық ойла. Артындағы етегіңнен ұстаған еліңнің мойнына артқан қарызын ойла. Бізді апарып арандат, жаңа жерден жау тауып әкел деп ешқайсыңның елің де тапсырған жоқ» – деген монологінде бүгінгі күннің үн-ұраны бар. Кешегі тоталитарлық идеология тұсында автордың көп шығармаларында ашып та айқын айта алмай кеткен гуманистік идеясы жатыр мұнда.

Жомарт бидің аузымен берілген. «Қазаққа қамқор болған. Қараменде деп аталып едің! Батагөй қарттың, сөзін сенің аузыңнан естіп отырмыз» – деген сөзінен Қараменде бидің ел арасындағы жақсы атағы мен қамқорлығы аңғарылғандай.

Трагедия туралы кейбір зерттеулерде осы Қараменде туралы жаңсақтыққа барып, оны қаралау әділдік емес, дерексіз солақай пікір. Өзеуреген Еспембет пен залым Кеңгірбайдың бетін қайтаратын соққыны берген ел ағасы атанған осы Қараменде ғой. Кеңгірбаймен сілкінісіндегі оның: «Қасқырша өз күшігіңді өзің жейін дедің бе?» – деген сүйектен өтетін сөзінің өзі не тұрады! Автор оны еш жерде қараламайды. Абыздан кейін ел қамын ойлаған Қараменде М. Әуезовтің пьесасында қара қылды қақ жарған әділдігімен, терең ақыл-ойымен суреттелген.

Қараменденің драматургиялық әрекетін талдап, шын тұрпатын тап басып таныған Ә. Тәжібаев: «Мінеки, ақыл-парасат үстіне «көкей кесті» күйдей ағып тұрған ақын жырындай естілетін ата сөзі осы» – деген ғылыми түйіндеуі орынды пікір.

Тұтас алғанда үшінші актіде үлкен өзгеріс жоқ. Соңында билер дауы біткеннен кейін, бұрынғы нұсқаларында жоқ Абызды автор 1943 жылғы нұсқасында қайтадан әрекетке араластырады. Ол бірден Кеңгірбайға шүйіліп: «Е-е-й, өңкей би! Жас кірмесе мен кірем!.. Жұрт есітпесе мен есітем кесігіңді... Баса кірдім үстіңе...» деп өктем басталып, әрі қарай мұнан да отты сөздермен жалғасатын Абыздың 3–4 монологтерінде елі мен азаматы, халқы үшін күйінген философиялық-әлеуметтік сарындағы толғанысы трагедияның идеялық көкжиегін барынша кеңейте түседі.

Төртінші актіде екі нұсқаның да оқиға желісі бірдей, бірақ кейіпкерлер әрекеті мен сөздері қысқартылып әбден ықшамдалған, диалогтер өңделіп редакцияланған. Әсіресе Еңлік пен Кебектің сахнасы бұрынғы нұсқасындағы шұбалаңқылығы мен ұзақтығынан арылып, бас-аяғы екі беттің көлеміне жинақталған. Сол сияқты,

оларға Жәуетай келіп хабар әкелетін көрініс те ықшамдалып берілген. Бұрынғы нұсқасында Есен сахнаға шықпайды. Жұрттан бұрын жетіп, шамасы Кебекпен жекпе-жекте мерт болған Есен өлігінің үстінен шыққан Наймандардың «ой-бауырымдап» улап-шуласуымен бітетін бұл қысқа көрініс. Соңғы 1943 жылғы нұсқасында драматург өзгеріс енгізіп, Кебек пен Есенді бетпе-бет кездестіретін қысқа сахна берген. Бір-бірін көрген жерден-ақ бір-екі ауыз сөз сілкісінен кейін айкаса түскен қанды қағыста Кебек жеңіске жетеді.

1943 жылғы соңғы нұсқада арманда кеткен екі ғазиз жанның қасында шырылдап жатқан бейбақтың үстіне автор Абыз бен Жапалды шығарып, шығарма шымылдығын жабады. Сөйтіп, Абыз трагедия шымылдығын «Көкей кесті» күйімен өзі ашып, соңында болашақты меңзеген шерімен жабады. Оның финалдағы: «Ата!.. Атамын мен аңыраған! Мен ата. Сен немере! Баурындағы шаранасы кеппестен шырқырап қалған шөбере! Бауырым өрт, үнім зар!.. Бауырым өрт, бетім жас... Ата, немере, шөбереміз үш зарлық! Ел ол емес, ел біз, ұлым, жан балам! Қара тастай қатал күндер ішінде туар, келер біздей толқын-толқын ата, бала, немере... алып кетсін жазықсыздар аттарын, сақтап өссін... ақтап өтсін арыстарым арманын... Жадында тұт жасыма!.. «Жадында тұт жасыма» де ес кіргенде (*баланы нұсқап*) бауырыңа... Бүгін мен өсиет еткендей, өсиет ет сен оған, шағың жетіп өлерде! Жадында тұт, жасыма десін арғыларға, ұрпаққа. Жадында тұт, жасыма, ұлым, елім, шермендем!..» – тамаша монолог – ұлы драматургтің үлкен шығарманы үлкен оймен, асқан тапқырлықпен аяқтай білудің үлгісі. Трагедияның көркемдік өміршендігі, оптимистік рухы, идеялық қуаты осы халық данасының келер ұрпаққа үміт, сенім артуымен астасып жатыр. Соның айғағы – бүгінгі қазақ елінің ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігі.

Б. Құндақбаев,
өнертану ғылымдарының
докторы, профессор

МАЗМҰНЫ

<i>У. Қалижанов. Әуезовке жол</i>	3
I. МАҚАЛАЛАР	17
Қазақтың өзгеше мінездері	19
Адамдық негізі – әйел.....	22
Оқудағы құрбыларына.....	25
Қайсысын қолданамыз?.....	27
Ғылым	29
Будда (перевод Толстойдан).....	33
Абайдың өнері һәм қызметі	38
Қазақ ішіндегі партия неден?.....	44
Мәдениетке қай кәсіп жуық?.....	48
Философия жайынан	52
Япония.....	58
Абайдан соңғы ақындар	66
Бірінші жалпы жастар съезі.....	73
Жастар ұйымдарына ашық хат	74
Ғылым тілі (научный термин).....	76
Қазақ әйелі.....	81
Қазіргі қазақ күйі	85
Қазақ қашан жетіледі?	88
Мәдениет һәм ұлт.....	92
Земство һәм кооператив қауымдары	98
Ескеру керек	102
Оқу ісі.....	107
Өліп таусылу қаупі.....	112
Қазақ оқығандарына ашық хат	117
Бүгінгі зор міндет.....	121
II. ПЬЕСАЛАР	125
Еңлік – Кебек.....	127
Еңлік – Кебек.....	193
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	235
<i>З. Ахметов. Әуезовтанудағы жаңа биік белес</i>	239
<i>И. Тасмағамбетов, Т. Жұртбай. Мұхтар Омарханұлы Әуезов</i>	245

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

1-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 24,36.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 350.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-143-2



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 4 3 2